84(5Қаз)6
Т 16

СӘЙДІЛ ТАЛЖАНОВ

ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

2

САЙДІЛ

ТАЛЖАНОВ

3 ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

екінші том

“Ер-Дәулет"
Астана
2008

ББК 84 (Каз) 7-44
Т 16

Редакция алқасы:
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері
ӘбіШ Кекілбай,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Мырзатай Жолдасбеков,
жазушы, этнограф-ғалым
Ақселеу Сейдімбек,
Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Рымғали Нұрғалиев,
ғалым, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Қойшығара Салғараұлы.

Талжанов С.
II том. 3 томдық шығармалар жинағы.
Т [16] /Құрастыр. Е. Кажыбек-Астана: Ер-Дәулет 2008. - 400 бет

ISBN 9965-436-52-5

Филология ғылымдарының докторы, аудармашы Сәйділ Талжановтың 3 томдық шығармалар жинағының II томына тіл мен әдебиет және аударманың теориясы жайындағы сүбелі зерттеулері, сондай-ақ, бағзы заманның даналығынан сыр шертетін, дүние жүзіне кең тараған «Кәлилә мен Димнә» атты көне үнді ертегісі енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

4204000000
Т---------- [2008]
00 (05) -08

ББК 84 (Каз) 7-44

ISBN 9965-436-52-5

©Талжанов С. 2008
© “Ер-Дәулет”, 2008

БІРІНШІ БӨЛІМ

АУДАРМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КІРІСПЕ

Көз жеткісіз көне заманда, карым-катынас бүгінгідей етек алып жайылмаған кезеңде, талай-талай ұқсас ойлар, толғаныс-тебіренулер, тіпті біріне-бірі сырттай ұқсап кететін жеке-жеке сөздер де болған. Бірақ, осылардың бәрі бір елде туып, бөгде елдерге содан таралмаған тәрізді. Ең әуелі осы жәйттің басын аша кетелік. Кейде некен-саяқ сырттай ұқсастықты ұшыратсақ-ақ болғаны «Ия, мынау жат жұрттың ұғымы, мұны пәленшеден түгенше алып пайдаланған екен...» деп шамалаймыз. Тіпті мұндай «долбарлаудың» кейбір орашолақ үлгілері өткен заманда орыс халқының зерттеушілерінде де болған ғой. Мысалы, орыс филологиясының көрнекті қайраткері Ф.И.Буслаев орыс халқының ауыз әдебиетіндегі толғаулардың біразын көне ертектерден іздеген, кейбірін ежелгі санскритке апарып теліген, бұл бағытты «Мифологиялық школа» деп атайды; кезінде Ф.И.Буслаевтың осы сыңаржақ пікірін жеріне жеткізе сынап, мансұқ еткен аты- шулы сыншыларымыз Н.Г.Чернышевский[1] мен Н.А.Добролюбов[2] еді. Баяғыда, 1858 жылы А.Вельтман деген ғалымның «Тарихи халық аңыздарының жинағы» («Свод исторических народных преданий») атты кітабына да Н.А.Добролюбов рецензия жазған-ды: «АВельтман мырзаның филологиялық әдістері оның өзі ашқан мынадай тіл заңдарына тиянақталады, - дейді. Мысалы:

1. Бір тілден екінші тілге көшкенде әрбір дауысты дыбыс кез келген дыбысқа ауыса береді.
2. Сондай-ақ әрбір дауыссыз дыбыс та толып жатқан дауыссыз дыбыстардың біреуіне ауыса салады.
3. Әрбір сөздің ішіндегі дауысты, дауыссыз дыбыс та, әріп те, тіпті бүтін буын да әдемі естілуі үшін түсіп те қалуы кәдік, немесе жаңадан қосылып та кетуі мүмкін.
4. Дауыстылардың дауыссыздарға айналуы да немесе керісінше көшуі де ықтимал», - бұдан әрі ол: V ғасырда болған гунның қолбасшысы Аттиланы «Киевтің ұлы князі - орыс халқының патшасы» етіп шығарады, өйткені, ескі латын тілінде «гун» деген сөз «huni» (хуни) болып жазылса, оны А.Вельтман

---

[1] *Н.Г. Чернышевский. О. полемических красотах. «Современник», 1854, №9 (бұдан кейін «Современник» журналының 1861 жылы, 6-7 сандарында беріледі).*

[2] *Н.А. Добролюбов. Собр. Соч., т. I. М.-Л., 1961, с. 79, 555.*

«chuni» (куни) сонсоң «chueni» (куени) етіп орыс тіліне таяп әкеледі де, бұл енді «Кыяне», былай айтқанда «киевляне», ендеше бұлар Киев қаласының тұрғындары»[3], - деп түйеді.

Бұл сияқты пікірлер А.Вельтманнан бұрын да, соң да болған тәрізді.

Мысалы, 1853 жылы Санкт-Петербургте «Отечественные записки» атты журналдың 7-санында шыққан «О родстве языка славянского с санскритским» деген мақаласында ғалым А.Гильфердинг орыс тілінде айтылатын «амбар» дейтін сөзді санскриттің «ambarjami (амбариами) сөзінен шығарыпты. Орыс тіліндегі «якшаться» деген сөзді санкскриттің «jakch» (якш) сөзінен апарып тудырған екен.

А.Гильфердингтің осы бір шұғыл байламына қарсы шығып, өз мезгілінің сыншы-ғалымы Н.Г.Чернышевский былай депті: «Амбара» он (А. Гильфердинг), производит (стр. 13) от санскритского (ambarjame» - коплю, собираю. Но амбар (правильнее анбар) чисто арабское слово, перешедшее к нам от татар, подобно словам сходного значения: «казна» и «сундук».

«Якшаться» которое отмечено в «Областном словаре» как вологодское, но которое употребляется на всем востоке России, производит он от санскритского «jaksh» - чтит (стр. 39), оно происходит от татарского «якши» - «хороший»[4].

Біз де Н.Г.Чернышевскийдің осы пікіріне түгел қосыламыз. Алайда Н.Г.Чернышевскийдің «анбарды» араб сөзі деуі жаңсақ айтылған, бұл сөздің түбірі «анбар» - «амбар», «албар» парсы мен түркі тілдеріне ортақ болса керек.

Зерттеуде дәлелсіз долбарлау орын алуға тиісті емес. Олай деуімізге басқа да себеп бар.

1963 жылы «Ғалымның көзімен» («Глазами ученого») деген кітап шықты, көлемі - 737 бет. Осы кітапқа сайдың тасындай өңшең ірі ғалымдар ат салысқан. Соның ішінде В.А.Амбарцумян, А.П.Виноградов,А.Н.Несмеянов, В.Г.Фесенковтар бар. Айтылмыш еңбектің кіріспе сөзін совет ғалымы, СССР Ғылым академиясының бұрынғы президенті, атақты академик А.Н.Несмеянов жазыпты. Сонда: «Бұл кітапты жазу үшін ғалым авторларды сұрыптап, таңдап-ақ алдық, сонда да болса осы еңбек мүлде мінсіз дей алмаймыз. Өйткені, катынасқан

[3] *Н.А.Добролюбов. Собр.соч.,,т.II. М., 1962, с. 335-339 (см.ст. «Атилла и Русь IУ и У века»)*
[4] *И.Г.Чернышевский. Полн.собр.соч. в 115-ти т., т.II. М., 1949, с. 202*

авторлардың көпшілігі ғылымды өз қолымен жасаушылар еді, бірақ сол ғылымның құнарлы маңызын жұртқа жайып түсіндіруге төселмеген адамдар болатын. Ендеше, ешбір кемшілігі жоқ мұнтаздай кітапты мүлде жазбай қойғаннан көрі, азды-көпті міні бар кітапты ара-тұра жазып шығарған анағұрлым артық», деген екен осы күнгі ағылшын ғалымы химик К.К.Ингольд. Ендеше, соның ойын біздің де медеу еткеніміз мақұл,»[5] - депті академик А.Н.Несмеянов.

* * *

Өткен тарихи ұзақ сапарында қазақ халқы талай елді, талай жерді көргені хақ. Осылардың шытырман іздері қазақтың тілінде, ауыз әдебиетінде, әдеби мұраларында көрініп қалады.

Халықаралық ауыс-түйіс тоқсан түрлі, оның ішкі байланысын бірден ұғуына қою да оңай емес. Өйткені тарихи фактілер әр дәуірден ауысып, бірте-бірте құбылып жаңара беруі де, сондай-ақ заман ағысына сәйкес көнере беруі де - өмір заңы.

Біздің бүгінгі атом заманында аспан алакандай, жер тебінгідей болды. Ел арасының шалғайлығы сонау көне замандағы мағынасын өзгертті. «Алты айшылық жолды алты басатын» — ақындар арман еткен Тайбуырылдардың жүйрік жүрісі реактивтік самолеттің шаңына да ілесе алмай қалды. Дүние жүзі қоян-қолтық алысып, ойларын бетпе-бет ортаға салысты. Бұл жәйт ежелгі дүниеде болмаған еді. Сондықтан ол заманның ауыс-түйістері бүгінгінің өлшеміне сыймайды. Солай бола тұрса да, дүниенің төрт бұрышында сол кездерде түрған, не тарихи, не географиялық, не діни байланысы жоқ елдердің аузында да біріне-бірі ұқсас ойлар айтылған екен, міне осының себебі неде? деген сұраққа жауап беруге беттеп отырмыз.

Әрине, ой ауысуының халықаралық процесі өте шытырман, әсіресе әлеуметтік көрініс көзге анық елестету киын. Бір елдің екінші елге ететін әсері қарапайым зат емес, ол өте шимай-шатпақ, бұрандаған тоғыз жолдың торабы.

Г.Н. Потанин «Европаның орта ғасырлық эпостарында шығыстың сарындары бар» [6] атты еңбегінде: «Қазақтың бірталай ертегілерінің ертедегі дүние танумен байланысты туғандығын көрсетті», [7] - деген болатын». (М.Әуезов)

[5] *Глазами ученного (от земли до галактики, к ядру атома, от атома до молекулы, до организма). М, 1963, с.9.*

[6] *Г.Н.Потанин. Восточные мотивы в средневековом западно-европейском эпосе. М., 1899.*

[7] *Қазақ ертегілері. Алматы. 1957, IX бетінде (осы кітапқа М.О.Әуезов пен Е.Ысмайылов жазған кіріспе сөзін қараңыз)*

Біздің осы арада айтарымыз Г.Н. Потаниндей ғалым айтқан ойдың дұрыс, бұрысын шешуде емес, тек қана ауыс-түйістің әр елде, әр дәуірде болғанын, оның әлі де бола беретінін дәлелдеуде, сонда да болса күйіну, сүйіну тәрізді дерексіз толғаныстар: жақыны өлгенде жылау, бала туғанда қуану, ашуланғанда қамшы сілтесіп, төбелесу әр адам басынан кешеді, заманына сай өзгеріске ұшырап дамуы да ықтимал, неше алуан саққа жүгіріп құбылуы да мүмкін. Алайда, қаншама сырттай ұқсас болғанымен бұларды ауысудың нәтижесі деп ұғыну мүмкін емес.

Өмір шындығы жұрттың бәріне бірдей, бірақ оны әр халық өзінше ұғынады, өзінше атайды. Өзінің күнде көріп отырған жағдайларына, саяси-экономикалық бағытына, табиғат көріністеріне байланыстыра толғайды. «Бір елдің әдебиетін бізге жеке адамның табиғаты, сол халықтың мінез-құлқы түсіндірмейді. Тек сол елдің өткен тарихы мен әлеуметтік құрылысы ғана айқындап ұғындыра алады... адамның рухы жасап шығарған туындыны да, сондай-ақ, төңіректегі тірі табиғаттың туындысын да тек сол қоршап тұрған орта түсіндіретіні даусыз»,[8] - деген Г.В. Плеханов.

Дәл осы арада оқушылардың есіне сала кету артық болмас, ұқсас ойлар әр елде бір мезгілде тууы да шарт емес, себебі, бір саяси-экономикалық жағдайды бір ел басынан ерте кешірсе, екінші елде ол дәуір басқа кезде туатыны көпке мәлім. Мысалы, патриархалды-рушылдық дәуір бір елдің басынан осыдан екі мың жыл бұрын өтеді де, екінші ел сол рушылдық дәуірге кейін келіп жетеді. Көне тарихта айтылған аңыздар осы күнге дейін айтылып келеді, бірақ олар кейбір жерде етек алып отырса, ал екінші бір елде марғаулап кейін калғанын байқаймыз. Осының бәрі белгілі елдің мәдени жетілуіне, не мешеулігіне байланысты болса керек-ті.

Эпостық туындыларда айтылатын пікірлердің ұқсастығына да тоқталайық. Олар, шын мәнінде ауыздан ауызға көшіп жүрген қысқа-қысқа мысалдардан, ұсақ ертегілерден, келте қайрылатын анекдоттардан, өткір афоризмдерден әлдеқайда соң шыққан.

Заты, әрбір халық балаң дәуірден рухани марка дәуірге қарай беттегенде ғана өзінің ұлттық дербестігін, өз қолы өз аузына жетуін көксейтін тәрізді. Міне, осы кезде олар шетелдік жаудан, табиғаттың мылқау күшінен қорғайтын қаһарлы батыр - қайсар басшыны іздейтін сияқты. Ендеше батырлар жыры - эпостар дәл

[8] *Г.В.Плеханов. Письма без адреса. М., 1956, с. 40-41.*

осы өскелең мезгілде туатын сияқты. Мысалы, үстіміздегі жыл санаудан екі мың төрт жүз жыл бұрын ежелгі «Қос өзен» («Тигр» мен «Евфрат») бойында Шумер елі дәуір сүреді. Гульгамеш атты батырдың жыры сол кезде туыпты. Осы Гульгамештен мың жыл кейін Грецияда «Илиада» мен «Одиссеялар» жырланады. Индияның «Махабхаратасы», «Скандинавияның «Аға Эддасы», Осетияның «Нарты» деген эпосы, Германияның «Нибелунги» мен «Фауст» тәрізді эпостары, оғыз елі мен қазақ халқына ортақ «Дадам Қорқыты», қырғыздың «Манасы», қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғындары» тарих бетіне шықты. Осылардың бәрі де өз заманында әр халықтың конкрет дүниесінен, қиялының жалғасуынан туады. Әр жұрттың нанымы, творчестволық шарықтауы өз әлінше осылай үздіксіз ұласа беретіндей межені көрсетеді.

Мифология мен халықтың ауыз әдебиеті өзара тығыз байланысады, алайда, әр елде, әр алуан күй шертіледі. Өйткені, мезгіліне сай, жеріне, табиғатына қарай құбылып, түлеп отырады. Халық ойының өсіп-өрбу сатысы оның рухани ұғымына сай ілгері қадам басады немесе мешеулеп кейін қалады. Бәрін де саяси- экономикалық жағдай (орта) билейді.

Ғалым Ф.И.Буслаевтың айтуынша: «Ертеде коне санскрит тілінде жерді сиыр магынасында ұғып, оны өгіз - го (гау-деген сөз) деп атаған. Орыс тілінде: говядина-сиыр еті, неміс тілінде - Gow (гау), гот тілінде - gobi (гови), казак тілінде - ау-кау (кейде аухау деп те) болып айтылған. Скандинавия тілінде сиырдың жалқы аты «Audhumba» (аудхумба) суы өте мол, дымқыл, сыз деген мағынада[9] (қазақша «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» Орысша «Мать - сыра земля» тәрізді).

Қазақ халкының ескі ұғымында «Жер - көк өгіздің мүйізінде, көк өгіз - теңіздегі жайынның (балықтың) үстінде тұрады» деуі де осыған ұқсас тәрізді, сонда да бұларды ауысып келген деуге тиянақты дәлел таба алмаймыз.

Қазақ елінде мынандай мысал бар: «Шаңырақта асулы тұрған етке аузы жетпей мысықтың мысы құриды», сонда ол: «Өзі жасық, өзі сасық, осы етті кім жесін!» - деп, менсінбей жүріп кетеді».

«Біржан-Сараның» айтысында:

[9] *Ф.И.Буслаев.Соч. по археологии и истории искусств, т. II. СПб., 1910, с. 20.*

Қарны ашқан кеселі бар еркек мысық,
Сасық дер аузы жетпей майдан жеріп, -

деп келеді. Бұл екеуінің айтайын деген түпкі түйіні - бір. Оларда қазақ халқының өз өмірінде бар заттар, солардың аттары, мысалы: мысық, ет, май, шаңырақ тәрізділер пайдаланылады.

Ежелгі грек, көне латын елдерінде «Түлкі мен жүзім» атты мысал бар. Мұны үстіміздегі дәуірден алты жүз жыл бұрын Эзоп[10] жазады, бірінші ғасырда Федр, екінші ғасырда Бабрий қайталайды. Ол мысалында биік ағаштың басында өскен жүзімге түлкінің бойы жетпейді, бірақ өзінің мешелдігін білдіргісі келмей: «Әй, қойшы, соны, әлі жетіліп піспеген, көк екен», - деп қомсынады. Эзоп мысалының өзін келтірелік: «Биік ағаштың басында өсіп, енді ғана жетіліп келе жатқан жүзімді көреді де, түлкінің құмарлығы қозады, жеп рахаттанғысы келеді. Қанша әлекке түсіп ұмтылса да, бойы жетпейді. Қатты назаланады, бірақ білдіргісі келмей, кейін кетіп бара жатып: «Әй, қойшы, бұл жүзім өзі әлі піспеген екен, менің жегім келмей тұр»[11], - дейді.

Сөйтіп, бұл келтірілгендердің біреуінде - «мысық пен ет, май, шаңырақ» айтылса, екіншісінде - «түлкі мен жүзім, ағаш» сөз болады. Мағынасы бірдей, бәрі де өздерінің қолы жетпейтінін, әлсіз мегежіндігін мойнына алмай, түлкі мен мысық екеуі де бір ауыздан жүзім мен етті, майды айыптайды.

Біздің ауыз әдебиетімізде «Айдаһарлы Құдайберлі» деген әңгіме ұшырайды. Сонда: «Құдайберлінің жылқысын айдаһар күзетеді. Екеуі жан қияр дос екен, мұны тірі жан білмейді. Күндерде бір күн Құдайберлінің үйіне қонақ келеді. Осы қарбаласта байдың жалғыз ұлы сойыс әкелгелі жылқыға аттанады. Айдаһар жалғыз досы Құдайберліден басқа ешкімді танымайды екен. Досының жылқысына өзінен өзгені жолатпауға уәде берген айдаһар (жылан) баланы жұтып қояды. Дәл осы мезгілде Құдайберлі де келіп қалады. Досының қаһарынан қорқып, айдаһар ініне кіре бастайды, баласының жазым болғанын сол арада сезіп, ашу қысқан әке айдаһардың құйрығын шауып тастайды. Біраздан кейін айдаһар інінен басын қылтитып Құдайберліге тіл қатады: «досым, енді айрылысалық, балаң есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал құйрығым есіме түскенде мен де кешіре алмаспын», - дейді.

Басни Эзопа (Пер. Bern. Ст. И комментарии М.Л.Гаспарова). М., 1968, стр. 68; Федр, Бабрий. Басни. М., 1962, стр. 39 и 98.

Эзоповы басни. СПб., 1820, стр. 234. Бұл мысал И.А.Крыловта да бар. «Лисица и виноград» аталады (И.А.Крылов. Соч. В 2-х т., 1.М., 1956, с. 155).

Міне, тап осындай «Шаруа мен жылан» атты мысал Эзопта бар. Үстіміздегі дәуірден VI ғасыр бұрын болған Эзоп, екінші ғасырда болған Бабрий да тап осылай толғайды, үстіміздегі дәуірдің үшінші ғасырында «Кәлилә мен Димнада», «Патша мен Фанза құс» деген әңгіме бар. Сонда патшаның баласы Фанзаның балапанын өлтіреді, өштескен анасы (Фанза) патша баласының көзін шығарып жібереді. Сөйтіп, Фанза құс биік таудың басына барып қонақтайды. Патша кегін алу үшін құлық жасайды, үйіне қайта-қайта шақырады, Фанза көнбейді: «Мен сенімен енді достаса алмаспын, өйткені балаңның көзін шығарғаным есіңе түскенде, сен кешіре алмассың, ал балапанымның жазықсыз қаза тапқаны есіме түскенде мен де кешіре алмаспын»,[12] - дейді.

Мұндай ұғым үйлестігі әр елде кездеседі. Өмірдегі қайшылықты жұрттың бәрі көреді. Кекетері жоқ болса, келемеж қайдан туады? Халықтың басынан кешкен тағдыр тарих бетіне түседі де, бәріне сол куә болады. Тап қоғамы дүние жүзіне ортақ, ал мысал, мысқылдар соның айнасы. Өйткені өмір ізі осы айнадан анық көрініп тұрады.

Ойымызды түйіп, түсіндіре түсу үшін тағы бір мысал келтірейік. «Филогелос» атты жинақта 263 анекдот жазылыпты. Соның бас кейіпкері Педант әкесіне айтады: «Баяғыдан бері менің шешеммен бірге ұйықтайсыз, мен бір ауыз сөзге келіп, наразылық білдірмедім, ал мен сіздің шешеңізбен бір түнеді деп, неге осынша тулап ашу шақырасыз»[13], - дейді.

Дәл осы әңгіме қазақ елінің әр өңірінде айтылып жүр. Әрбір қуақы сықақкойдың аузынан тарап кеткен. Осындай ұсақ-түйек нәрселерді әкелу үшін қазақтар сонау Грецияға барып қайтты деу ойға сияр ма екен?

Қысқарта айтқанда, мұндай ұқсас нәрселердің бәрі де әрбір елде өз бетінше туа беретін сияқты. Өмір бар жерде толғану бар. Бәрін түгел ауысу деп ұғып, аудармаға тели беру теріс тәрізді.

«Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық», - «умный враг, лучше глупого друга» дейтін қазақ елінде мәтел бар. Орыс халқында да айтылады, тіпті қай елде осы жоқ дейсіз?! Мына мәтелді Хиджраның 412 жылы, христиан жыл санауы бойынша 1021 жылы Кей-Кабус айтқан екен: «С неразумным никогда не дружи, ибо неразумный друг из дружбы сделает то, чего сто разумных врагов из вражды не сделают»,[14] — депті.

---

[12] *«Кэлиламен Димнэ». Алматы, 1962, 227-бет (Аударған - С.Талжанов).*

[13] *Федр, Бабрий. Басни. М., 1962, 139.*

[14] *«Кабус-Наме», изд. 2-е. М, 1958, (Пер.ст. и примеч. Член-корр. АН СССР Е.Э.Бертельса).*

Ұсақ мысалдар, мақал-мәтелдер жәйлі жаза берсек сөз таусылмас еді, олар өте кең тараған ғой. Сөйтсе де енді бір мысал келтіре кетейлік.

Мадагаскар аралында мәлғаш деген ел бар, сол елде Махаки мен Кутуфеци атты қулар болған. Бір күні екеуі далада тамақ пісіреді. Әлгі дәмді бірінен-бірі қызғанады да: «ең әуелі төсекке жатып ұйықталық, қайсымыз жақсы түс көрсек, осы тағамды сол жейтін болсын», - деп уәделеседі. Бір мезгілде түрегеліп Кутуфеци түс жорытады: «Мен түсімде ақбоз атқа мініп аспанға ұшыппын, неше алуан керемет қызықтарды көріп, сайран соғыппын», дегенде Махаки оның сөзін бөліп: «Рас айтасың досым, мен түсімде ұшып бара жатқан сені көріп едім. Қызықтарға белшеңнен батып аспанда жүр екенсің, содан соң осы бір болмашы тамаққа бола қайта айналып келе қоймас дедім де жеп қойдым, ояна келсем өзің осында екенсің»,[15] - депті. Мұндай мысал Қазақстанның әр жерінде осы күнге дейін бар. Мадагаскар аралындағы мәлгештерді аты-шулы саяхатшы Марко Поло болмаса, қазақтар түсінде де көрген жоқ.

Дүниенің төрт бұрышындағы елдердің өмірді тануы өз тұрмысына байланысты. Мадагаскар аралындағы мәлгештер: «ешкіде жұмыртқа жоқ» десе, қазақтар «жылқыда өт жоқ» дейді, орыс халқында «ақ қарға жоқ» деседі екен. Осы толғаныстар түгел рас, бірақ мал баққан елдердің (қазақтар мен мәлгештер) кейіпкерлері «малдар» болады да, аңшылық дәуірін басынан кешірген елде «құстар» тілге тиек болады.

Сөйтіп, ұқсас нәрселердің бәрі де сол әрбір елде, өз заманына сай туа бермек. Өмір бар жерде толғану бар. Ұқсастың бәрі аударма емес.

Эпостардын шығуы, таралуы жөнінде бірер сөз

Үстіміздегі дәуірден екі мың төрт жүз жыл бұрын «Қос өзенде» (Тигр мен Евфрат өзендерінің бойында) шумер елі, одан алты жүз жыл кейін аккада халқы өмір сүріпті. Шумер тілі түрік тектес, ал аккада көне самит (еврей) тілінде сөйлепті-міс деген пікір бұрын да, қазірде айтылып жүр.

«Шумер елінің мәдениеті мен Мысыр (Египет) мәдениеті қатар шыққан, бірақ бұлардың өзара байланысы жоқ» дегенді академик

[15] *Сказки Мадагаскара. М., с. (Пер. С франц., предисл. И коммент. Ю.С.Родмон. под ред. Е.М.Мелетинского).*

В.В.Струве ілгеріде-ақ айтқан екен, ал шумерден алты жүз жыл кейін келіп, қос өзен бойына аккада елі орныққан, Ассирия мен Вавилония тілдері аккада (семит) тілінің егіз тумасы»[16].

Шумер тілі үстіміздегі дәуірден екі мың екі жүз жыл бұрын өлген тіл, ал тарих бетіне одан кейін келген аккада тілінде шумерден қалған элементтердің бар екені мәлім.

«Шумер тілі осы күнгі жер бетіндегі тілдердің бәрінен де белек, тек қана жалғанылып өзгеруіне (агглютинативтік түріне) қарағанда бұл тілдің құрылысы түркі тілдеріне ұқсайды»[17] - деген ғалым Д.Г.Редер.

Көне шумер елінің ұғымында адам топырақтан жаратылады, өлсе тағы топыраққа айналады-мыс. Қазақ елінде де: «адам ата топырақтан жаралған» дейтін ұғым бар. Ол тілде Күнді құдай деп ұққан және оның аты «Шамаш» екен, араб тіліндегі «шәмсі» (Күн) сөзінің осымен байланысы болуы әбден ықтимал.

Шумерден шыққан Гильгамештің әкесі адам - Лугальбан да, шешесі құдай әйел - Нинсун екен, сонда да бұл (Гильгамеш) толық «құдай» бола алмайды. Сондықтан ол да өлуге тиіс екен. Ол өлімнен қашып құтылғысы келіпті де, аспан астын көп жыл кезіпті. Ақырында мәңгі өлмейтін бабасына - Утнапиштимге өлмеудің амалын сұрап барыпты-мыс. Сонда: «Өлімнен қашып құтылам деуің бекер екен. Дүниеде мәңгі тұратын тиянақты еш нәрсе жоқ. Өзіңе белгілі, біз неше алуан үйлер саламыз, есіктерін мықтап құлыптаймыз! Әкеміздің қалған мал-мүлікті бөліп аламыз, сөйтіп, тіршілігімізді мәңгілікке бейімдеп, қымтап алғандай боламыз. Бірақ, жылдар өткен сайын бәрі де көнеріп, өзгере бермек. Түпсіз терең дарияның суалғаны тәрізді, тіпті, біздің жүрегімізде лапылдап жанып тұрған дүшпанды жек көрудің лаулаған оты да бірте-бірте сөне бастайды. Ұшы-қиыры жоқ еңбектің әлегімен адам шаршап ұйықтап кетеді, ал ұйқының өзі де өлім, оның үстіне, өлім дегенің де ұзақ ұйқы ғой, ендеше осы сен де сол өлімнен қалай қашып құтылмақсың»[18], - депті Гильгамеш батырдың әзіз бабасы Утнапиштим.

Осы уақиғадан барып, шумер тілінде «Гильгамеш», венгер-мадьяр тілінде «Гильгаміс» атты қисса (эпос) жырланған. Қиссаның басты кейіпкері Гильгамеш өлімнен қашады, сонда да ажалдан құтыла алмай, жүз жиырма алты жасында дүние салады.

[16] *Д.Г.Редер. Мифы и легенды древнего Двуречья. М., 1965, с. 10-11.*
[17] *Бұл да сонда.*
[18] *Сонда, 95-96 беттер.*

Міне, сондай қисса «Кітаб-и дадам Қорқыт» оғыз, қазақ (түркі) тілінде IX ғасырда, яғни үш мың үш жүз жыл өткеннен кейін барып туады, ал IX ғасырда түстік Германия қиссасы (поэма) етіп жазған Германияның үшінші ақыны Иоган-Вольфганг Гете еді.

Сонау баяғы заманда жарық көрген осы хикаялардың негізгі ойы біреу-ақ, бәрі де өлімнен ат-тонын ала қашады. Әрине, ажалдан қашу адамзаттың еншісіне тиген ортақ ұғым. Жан иесінің өлгісі келмейді, мұны ешкімнен үйренбейді, «қарызға» да алып пайдаланбаса керек.

«Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін қазақ аузында жүрген мәтел баяғыда көні қурап қалған Гильгамеш эпосынан алынбаса керек. Бұл одан көп кейін туған «Кітаб-и дадам Қоркыт» қой, жалпы көп елдеріне ортақ уакиға. Академик В.В.Бартольдтың айтуынша: «Бұл көне түрік поэмасы «Кітаб-и Деде Куркут» қазақтың «Әулие Қорқыт» деген поэмасымен байланысты, өйткені оның моласы Сырдарияның төменгі жағында тұр, ол жер X ғасырда оғыз елінің астанасы болған екен»[19]. Орта ғасырдағы оғыз халқының тұқымы осы күнгі түркімендерде де Қорқыт аңызының бар екенін В.В.Бартольдке Л.Г.Тумановский айтыпты. Қазақ сахарасында жүріп естіген қазақ ертегісін В.В.Вельяминов-Зернов жазып алған[20].

В.М.Жирмунский де Қорқыт жөніндегі қазақ ертегісі мен оғыз эпосын салыстырып еңбек жариялаған болатын[21].

Академик В.В.Бартольд ойын қорыта келіп: «түрікмен мен қазақ ертегісінің түп негізі бір, бұл Қорқыт әңгімесі қазақтарға сол заманда Сырдарияның төменгі жағын мекендеген елдерден ауысып барды»[22], - дегенді айтады.

Айта кететін енді бір жәйт бар, мысалы: «қазақша «Батырлар жыры» деп аталатын эпостық поэмалар ерте заманнан бері халық арасында ірге тепкен, көбінің қай ғасырда пайда болғаны белгісіз, атадан балаға, ұрпақтан ұрпакка беріліп, замандар бойы ауызша сақталынып, ақыры біздің дәуірімізге жетіп отыр»[23]. Әрине, «Батырлар жыры» ертегілерден, ұсақ мысалдардан, сан ғасыр бойы ауызша айтылып келе жатқан мақал-мәтелдерден көп

---

[19] *В. В Бартольд. Соч., т. 5, с. 236-237.*
[20] *В.В.Вельяминов-Зернов. Памятник с арабско-татарскою надписью в Башкирии, с. 283.*
[21] *В.М.Жирмунский. Огузский георический эпос, стр. 158-174.*
[22] *В.В.Бартольд. Соч., т.5, с.237.*
[23] *«Батырлар жыры», 1-том, Алматы, 1963 (Қ.Жұмалиев пен М.Габдуллин жазған алғы сөз), 5-бет.*

кейін туған жанр. Бұлар - әрбір халықтың, ұлттың, ұлыс-рудың өз алдына дербес отыруын тілеген кезеңде, шетелдік жаулардан қорғайтын батырларды - ерлерді көксеген дәуірде туатын қиялдардың жемісі. Кей кезде «Батырлар жырында» ұшырайтын оқырманның ойына қона коймайтын қияли іс-әрекет, өрескел жағдайлар болады. Мысалы, Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар тәрізді батырлар отқа салсаң күймейді, суға салсаң батпайды, атылған оқ өтпейді, қапыда өліп кетпейді, ұстасқан жауын жеңбей тынбайды. Солардың тілеуін тілеп үйде отырған адал арулары, нәзік сұлулары: қыз Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Назымдар шетінен сәуегей, түп-түгел арманнан туған әйелдер кейпінде көрінеді. Бәрі де Одиссеяның сүйген жары Пенелопадан кем түспейді.

Мінген аттары да қиялдан туған Пегас - «көңілден жүйрік, Көкдөнен», бұлар аспанға ұшатын тұлпарлар, аттағанда Парнас пен Бұланай тауларын бұйым көрмейді. Қазіргі самолеттер де олардың жүрісіне шақ келе алмайтындай етіп жырлайды. Ол аттар - батырлардың сенімді достары, қысылшаң жағдайда тіл бітіп, ақыл айтып, жөн сілтеп жүреді.

Мысалы, Қобыланды батырдың астына мінген Тайбуырылын суреттегенде:

Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді.
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...
Күдердің қара дөңінен
Бесінде өтті дөңінен...
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау...
Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысылып
Бес жүз құлаш жазылды, -

деп толғайды.

Осылай шауып Қобыланды қырық күншілік жерге (Қазанға) бір күнде келеді. Келе сала апақ-сапақта Қызылбас (парсы)

елінің Сырлы Қазанын жалғыз өзі шауып алады. Артынша ол Қазан батырды, Көбіктіні, Көгала атты Біршімбайды - бәрін де қырып-жояды. Сөйтіп, сыртқы жаудан құтылып, Қыпшақ елінде ынтымақ-бірлік орнайды. Қобыланды мен Құртқадан Бөкенбай батыр туып, ол да Қызылбастың Шошай деген ерін өлтіреді. Ал, Көбіктінің қызы Қарлығадан Киікбай батыр туып, бұл да Қыпшақ халқына тұтқа болады:

Қарлығадан ұл туар,
Ұлының аты Киікбай...
Киікбай атқа мінгенде
Көп Қыпшаққа күн туар,
Қызылбасқа түн туар[24], -

дейді көне жырау.

«Қай елдің эпосы болсын, белгілі бір тарихи уақиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күннің не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі эпостарының бастылары, ерте замандағы патриархалдық-рулық құрылыс кезінде: Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Керей замандарында, өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін күрескен адамдардың істерін ерлікке айналдырған тәрізді»[25], - дейді Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллин. Әйтсе де «Батырлар жырында» кездесетін жағдайлар, осылардың өздері тұсында болған уақиғаны жырлауы да мүмкін, ал кейбіреуінде бұрынғы өткен талас-тартыстарды қайта өңдеп беруі де ықтимал. Мұндай жәйттер ауыз әдебиетінде бола береді.

Н.А.Добролюбов орыс эпостарымен байланысты анахронизм туралы: «Орыстың батырлық эпостары ерте заманда, көп құдайға табынып жүрген кезде-ақ туған. Бертін келе олар ұмытыла бастаған. Бірақ орыс жеріне татар басқыншыларының шабуыл жасаған кезінде халық ертедегі батырлық жырларын, ерлік салтын еске ала отырып, жырларды қайтадан жөндеген. Ертедегі жырларды жаңаша жырлаған, оған соңғы кездегі уақиғаларды қосқан. Сөйтіп, осы негізде батырлық жырлар шығарған, бұл жырларды ертедегі және соңғы кезде болған уақиғалар араласып кетіп те, отырады»[26], - дейді.

[24] *«Батырлар жыры», 1-том. Алматы, 1963, 21-22 беттер.*
[25] *Бұл да сонда, 7-бет.*
[26] *Сонда, 10-бет.*

«Батырлар жырларының» бәрінде де ел тілегі жатады. Мысалы, «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларының түпкі ойы өз Отанын басқа елдердің шабуылынан қорғау болады... Қандай қиыншылықты болсын батырлар жеңіп шығады. Оларды алмақ болған сыртқы жаулар да, аяғынан шалмақ болған ішкі пасық дұшпандар да апатқа ұшырайды...

YII ғасырға дейінгі құба құмның-арасында бытырап жүрген, ру-руға бөлініп, өзара қидаласқан араб елінің басы қосылды да, халифалық орнады. Енді арабтар өзімен көрші отыртан Иран (парсы) елімен жауласты. Талай-талай үргін-сүргін соғыстар жүрді. Осы кезде арабтар Әзірет-Әліні батыр етіп жырлады. Оған құдайдың өзі астына мінетін Дүлдүл деген атты, зұлфыхар[27] деген қылышты аспаннан тастапты-мыс. Әзірет-Әлінің бойы қырық кез, көлденеңі таты қырық кез екен, қолындағы зұлфықар қылышы жауына сілтегенде 200 кез ұзарады екен деп мадақтайды.

«Заркүм», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлі» атты жырларды оқып отырғанда, көңілге сыймайтын неше алуан теңеулер ұшырайды, бәрінде де арабтан шыққан батырлар қырып-жойып жүреді. Жердің астында да, үстінде де ешкімге бой бермейді.

«... Древние народы переживали свою предысторию в воображении, в мифологии»[28], — деп К.Маркс пен Ф.Энгельс айтқан болатын.

«Грек ақыны Гомер жазған «Илиада» мен Одиссея» жырлары, үнді елінің «Махабхаратасы» тағы басқалар, бәрі де жазушылардың қиял-арманынан туындаған, елдікті-бірлікті көксеген өскелең дәуірде ежелгі ауыз әдебиеті - ертектерден, мақал-мәтелдерден, мысалдардан кейінірек пайда болған дүниелер.

Индияда екі үлкен поэма бар, соның бірі «Рамаяна», екіншісі «Махабхарата». Эпикалық поэма «Рамаяна» туралы 1844 жылы француз тарихшысы Мишле жазған екен.

Француз тарихшысы Мишленің осы сөзін келтіреді де, әрі қарай Джавахарлал Неру: «Рамаяна» күллі халық сүйетін эпикалық ұлы поэма болса да, мына «Махабхарата» одан әлдеқайда артық, ол - дүние жүзіндегі ұлы кітаптардың бірі... Мөлшерлеп айтқанда «Махабхаратада» суреттелген ұлы соғыс біздің жыл санауымыздан 19 ғасыр (бір мың тоғыз жүз жыл) бұрын болған екен»[29], - дейді.

---

[27] *Зұлфықар - жұлын тұтаны бөліп түсетін қылыш, мұны ӘзіретӘліге (қызының күйеуіне) Мұхаммет өзі сыйлаған.*

[28] *К.Маркс и Ф.Энгельс. Соч., т.I, изд. 2-е, 1954, с.419.*

[29] *Джавахарлал Неру. Открытие Индии. М., 1955, с.108-110 (бұл кітапты ағылшын ылінен орысшаға: В.В.Исакович, Д.Э.Кунинан, Н.С.Кливанская, В.Н.Поповтар аударған).*

Ал, халқымыздың ірі ғалымы Шоқан Уәлиханов қазақ эпостарының жасалу мезгілін XIV-XVI ғасыр Алтынорда дәуірімен байланыстырады: «Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайлы ауыз әдебиеттерінің бір түрі - батырлар туралы жырлар. Бұл жырлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIV ғасырдың ақырында, XV-XVI ғасырларда жасалған сияқты»[30], - дейді.

Әрине, ғалымның бұл пікірі біраз эпостарға дәл келсе де, мына «Қобыланды», «Алпамыс» атты жырларға жақын болмаса керек. Өйткені қызылбас елінен шыққан батырлар - Көбікті, Қазан, Біршімбай, Шошайлар біздің ойымызша сонау соғдиян заманын мегзейтіндей. Ал, соғдияндардың (ирандықтардың) Орта Азияға келіп мемлекет құруы, сол мемлекеттің құрамында: «Қаңлы, Үйсін, Қыпшақ руларының болуы осы күнгі жыл санауымыздан әлдеқайда бұрын. Оның үстіне Орта Азияға келіп соғдияндар Мараканд қаласын орталық етіп, Зарафшан өлкесінде мемлекет құрып тұрған, бертін келе түрік қағанатына да кірген. Осындай аударыспақ дәуірде алыспай, шабыспай бейбітшілікпен билігін орната қоюы көңілге қонбаса керек-ті. Ендеше, бұл «Қобыланды батыр» жыры сол кездің жемісі, сол кездің талас-тартысын жырлаған сияқты: оның үстіне кейінгі уақиғалардың жамалып- жасқалуы да мүмкін.

«Батырлар жырында»кездесетін кісі аттарының (ономастикасы) аталуы тарихи айғақ емес тәрізді. Қобыландының баласы батыр Бөгенбай[31] мен Қанжығалы Бөгенбай батырдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды, алайда аттары ұқсас екені даусыз.

«1726 жылы Сарысудың батыс беті, Бұланты өзенінің бойында Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қазақ қолы қалмақтарға[32] қарсы соғыс ашып, үлкен жеңіске ие болғаны[33] мәлім.

Ендеше, екі заманда болған екі батырдың аты ұқсас болуы - екеуін бір кісі деп ұғуға тиянақты дәлел бола алмаса керек-ті.

Оның үстіне, «Қобыланды» жырында: кейде баба түкті шашты әзіз, кейде ғайып Ерем[34] қырық шілтендер[34] қатысады. Заты, бұлар ертедегі көп құдайға, берідегі ислам дініне қатар нанудың салдары

---

[30] *«Батырлар жыры», 1 том. Алматы, 1962, 8-бет.*

[31] *Қалмақ пен қызылбас деген сөздер осы жылдары бір мағынада қолданылады.*

[32] *«Батырлар жыры», I том, 9-бет.*

[33] ***Ерем*** *- қыздың аты. Сол сұлу қызға арналып. Иранда аспалы бақша салынған. Оны «Ерем бағы», кейде «Иран бақ» деп қателесіп те қолданады*

[34] *Қырық шілтен (чіһіл – қырық, тән дор)-дос.*

болуы ықтимал. Сондықтан да мұнда отқа табыну (шаманизм) дінінен де, тәңірге (аспанға) табынудан да қалған элементтер, ислам дінінің де күшті әсері бар екені байқалады.

Қазақтың көне ауыз әдебиетінде дүние жүзілік туындылардың да нұсқалары ұшырайды. Мысалы, Ескендір Зұлқарнайын заманында болған Шығыс елінің қыздары — Амазонкалар, біздің жырлардағы Қарлыға, Нарқыз атты әйел бейнелері бірінен-бірі алыс емес тәрізді. Неміс ертегісі «Нибелунгидегі» Кремхильда мен Скандинавияда туған «Аға Эдда» жырында ұшырайтын гудрундер-бәрі де бірін-бірі толықтыратын әйелден шыққан батыр бейнелер. Бұлардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін екенін, сонсоң қайсысы қай дәуірде, қай ортада туғанын біз, әрине, кейінірек айтпақпыз. Бұл арада тек сырттай ұқсастықтарына, жыраулардың суреттеу тәсіліне ғана тоқтала кеттік.

Қазақ халқының үлкен байлығы - ауыз әдебиетін мұқият жинап, бізге әкеп ұмыттырмай тапсырып кеткен орыс ғалымдары: Н.Г.Потанин, В.В.Радлов. А.В.Васильев және қазақ ғалымы Ә.Диваевтардың еңбектерінің маңызы зор.

Бір елден екінші елге ауысу мәселесін зерттегенде, сыртқы ұқсастық еш нәрсеге бекеуіл емес, тұрақты тиянақ бола алмаса керек. Өйткені ұқсастықтардың бәрі белгілі бір жерден шығып тармайды. Олар әр дәуірде, әр елде өзінше дербес туатын сияқты. Заты, сол кезеңде заман ұқсастығын ескерген жөн болар. Мысалы, ескі патриархалдық-рушылдық заманы, сонан соң феодализм сияқты саяси-экономикалық замандар өз жемісін егеді. Мұндай заманаларды біреу ерте, біреу кеш басынан өткізгені тарихтан белгілі.

Мысалы, ғалым М.И. Стеблин-Каменский көне Скандинавиянын «Аға Эдда»[35] («Старшая Эдда») атты қиссасын Германия жұртының «Нибелунги» деген қисасымен салыстырады. Сонда: «Аға Эдда» гунның қолбасшысы Аттила Гудруннің (өз әйелінің) екі ағасын — Гуннара мен Хегниді өлтіреді, осы ағаларының кегін қайтару үшін Гудрун күйеуі Аттиланы өлтіріпті. Ал, «Нибелунгиде» Кремхильда өзінің екі ағасын құрбандыққа шалады, өйткені олар мұның күйеуі Зигфридті өлтірсе керек. «Олай болса, — дейді Стеблин-Каменский, «Аға Эдда» мына «Нибелунгиден» бұрын шыққан, өйткені екі ағасы үшін күйеуін

өлтіру ру дәуірінің қағидасы, ал күйеуі (Зигфрид) үшін ағаларын өлтіру феодализм заманының ережесі, мұнда туысқаннан күйеу ыстық.

---

[35] *«Старшая Эдда» - древнесиландские песни о богах и героях. М., 1963, с. 246 (пер. А.И.Корсуна. редакция, вст. Ст. И коммент. М.И.Стеблин-Каменского).*

Сондықтан «Нибелунги» кейінірек пайда болған екен»[36], - деп түйеді. Бізде осы пікірге қосыламыз, әрбір шығармаға әр заман өз таңбасын баспай қоймайды. Адамды дәуір билейді[37].

Қазақ тілінде айтылып жүрген талай мақал-мәтелдер, нақыл сөздер бар. Мысалы, «Атасы басқа аттан түс», «Түбі бірге түтпейді, айғыры бірге кетпейді» т.б. Зерттеп отырсақ, соның көбі мәдениеті марқа елдердің де аузында жүр, алайда қазір оларда ру дәуірі мүлде жоқ. Оның үстіне, ежелгі мысыр, грек, латын елдерінен осы тәрізді әңгімелерді қазақ халқы алды, немесе керісінше, олар қазақтан алып пайдаланды деуге ауыз бармайды.

Өмір шындығы жұрттың бәріне бірдей... «Аспан астында жаңалық жоқ» деу мен «баяғы жартас - бір жартас» дегендердің ойы ұқсас болса да, бір-бірінен аударма емес-ау, сірә!

Өмір көрінісін ұғыну әр халықта бар, бірінен бірі үлгі алуы да ежелден келе жатқан қағида. Бірақ, грек еліндегі Гомер поэмалары: «Илиада» мен «Одиссея», үнді жұртының «Махабхаратасы», «Скандинавияның «Аға Эддасы», финнің «Колеваласы», осетиннің «Нарты» эпосы, қазақ халқының «Ер Төстіктей» ертегілері, «Қобыланды», «Алпамыстай» батырлар жыры, қырғыздың «Манас» пен «Семетей» жырлары бәрі де өз заманында халық қиялынан туған шығармалар. Кейбір толғауларының сырттай ұқсастығы бола тұрса да, бұлардың арасында ауыс-түйіс жоққа тән.

Гоммер поэмасында Одессея жалғыз көзді жалмауыз-циклоптың үңгіріне кіреді. Құтыла алмасын біліп, айла жасайды, қойдың терісін жамылып, қашып шығады. Қазақ халқының дәл осындай «Сары мерген» (немесе «Сұр мерген») атты ертегісінде де басты кейіпкер жолдастарымен бірге жалғыз көзді дәудің үңгіріне кіреді. Содан қойдың терісін жамылып құтылады. Байқап отырсаңыз заманы ғана баска, ішкі мазмұны бірдей, тек қана атаулары бөлек: грекше-циклоп, қазақша - дәу, бұлардың ұқсастығы да бар: екеуінің де көзі - жалғыз, екеуі де - жалмауыз. Біздің жыл санауымыздан мың жыл бұрынғы Гомер заманындағы грек елімен қазақтың қоныстас болуы неғайбыл: егер бұл көшпелі

---

36 Сонда, 246-бет.

37 «Аға Эдда» - IУ ғасырда туған ежелгі гун елінің жыры. Сюжетінің көп жері, Атілдің (Атилланың) түс көруі, оның қолынан сұңқарының ұшып кетуі т.б. «Манас» жырына өте ұқсас.

тақырып десек, түркі елдеріне сол кездерде тараған болса, онда өзбек, түрікменнің ауыз әдебиетінде де «Сары мерген» ертегісі толғанар еді ғой. Мұндай деректі әзірге таба алмадық, тегі оларда басқаша аталған болар.

Халықаралық байланысты зерттегенде, осы сияқты ұқсастықтың кездесуі талай ойға түрткі болады. Әрине, оларды сұрыптау жөн. Әрбір ұғым, кейбір ой қай елде, қай дәуірде шыққан, сонан соң ол қандай жолдар арқылы көшіп келген, міне осы жағын қадағалау қажет.

Бұл біз бұл еңбекте қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы рухани өсу, өркендеу сатысында болған ауыс-түйіс мәселесін зерттедік. Ол үшін әуелі классикалық ежелгі Шығыс мәдениетінің әдеби әсерін Мысыр (Египет), грек-рим елдерінен жазба нұсқалар арқылы ауысқан элементтерді шола отырып, парсы, монғол, араб елдерінің, солар арқылы тараған талай дүниелерді де қарастыруымызға тура келді.

Тағы айта кетелік, ауысудың екі түрлі; соның бірі - ауызша ауысу, ал екіншісі жазба түрінде жайылады, бұған айшылық алыстық та кедергі жасай алмайды. Осы мәселелерді негізгі арқау етіп алдық. Оның үстіне қазақ халқының тілі, әдебиеті, мәдениеті дамып, қалыптасуында аударманың да күрделі мәні бар екені хақ. Бұл жұмыста осы жағына да назар аударылды.

Бірінші тарау

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАСҚА КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН ӘДЕБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫСЫ

1. Қазақ әдебиетінің иранмен байланысы

Қазақтың көне ауыз әдебиетіне шетел әдебиетінің, әсіресе иран тілінде жазылған әдебиеттің әсері мол тәрізді. Мысалы, қазақ еліне көп жайылған ертегілер, қиссалар толып жатыр. Тіпті көлемді-көлемді батырлар жырларын ақтарып көрсек те, неше алуан ескі ұғымдар, неше түрлі теңеулер айтылады: «Шаһмаран», «Сал-сал», «Зарқұм», «Қараман» [1], «Қатыран», «Иран-Ғайып» қиссалары шетелде болған оқиғаларды баяндаса, ал мына беріде жарияланған «Қобыланды», «Ер Төстік», «Алпамыс» тәрізді өзіміздің төл дүниеміз - батырлар жырлары да бөгде елдердің сан қилы іс-әрекеттерін шертеді. Әрине, бұлардың бәрі де өздерінен бұрын болған көз жеткісіз көне заманды жырлай отырып, өз дәуіріндегі жағдайларды да қамтып, үстемелеп, кеңейтіп береді. Сондықтан да бүгінгі зерттеушілерге бұл жәйт өте ауыр тиеді.

Бұларда айтылатын діни көзқарастар мұсылман дінінен бұрын екені анық байқалады. Табиғаттың жойқын күшіне табынған балаң дәуір, соның тақсіретінен құтылудың амалын іздегендік сезіледі. Біздің болжауымызша ескі зороастризм діні, шамандық сенім (тәңірге, аспанға табыну кезеңі) - бәрі астасып отырады. Кейініректе жазып шығарған авторлардың қосымшасы - мұсылмандық ұғымдар да сыналанып қосақтала береді[2].

Қазақ елінің «Ер Төстіктей» ертегісі ауыздан ауызға көшіп, сонау атам заманнан келе жатыр, ал соғдиян жұртының әсері арқылы бізге тараған - кейініректе қисса болып шыққан «Шаһмарандағы» жер астында жылан патшалығынд акездесетін ғажайып тамашалар - бәрі де «Ер Төстікте» айтылады. Қай ғасырда пайда болғанын тап басып, дәл айту қиын, алайда ауыз әдебиетінің ертегісі «Ер Төстік» мұсылман діні тараған

[1] *Қараман -қанарман деген сөз*

[2] *Ч.Ч.Валиханов. Собр. Соч. В 5-ти т., т.1, Алма-Ата, 1961.*

дәуірден әлдеқайда бұрын, өте ерте күннің еркесі сияқтанады. Ер Төстіктің алмайтын қамалы, жеңбейтін жауы жоқ, ол

- Кенжекейдей сәуегей дана әйелдің жары. Шалқұйрықтай тұлпардың иесі; ол - аспанға қарап, жаббар Аллаға жалынып, жалғыз құдайға сыйынып, бәрі де бір хақтың жазған ісі деп, «Кәләм шәрифтің», («Құранның») пайғамбардың күші деп, қол қусырып отырмайды. Бәрі өз қолында, тек өзіне ғана сенеді. Ер Төстіктің тау соғары да, жел аяғы да, көл жұтқышы да, қиырдан еститін тыңшысы да, қысылшаң жағдай туа қалса, темір сарайды быт-шыт етіп бұзып шығатын, тіл бітіп ақыл беретін, айшылықты алты басатын тұлпары да, бәрі-бәрі де өз қасында.

Бұл ертегі ертеде өткен Алып-тегінді («Афрасиябты») еске түсіреді. Бүкіл Иранды ұзақ жыл ойрандап, Тұранға тұяғын тигізіп, қадам бастырмай қойған Алып-тегін ел есінде қалса керек-ті. Алып-тегін - Тұран елінің ертегі ханы, мұны «Шахнамеде» Фирдосуи жырлаған-ды.

Ауыз әдебиетіндегі ертегілерден, мақал-мәтелдерден кейін шыққан батырлар жырын окып отырсақ, мұнда да неше түрлі жәйттердің, қилы-қилы замандардың іздері көрінеді. Мысалы, «Қобыланды батырда»:

Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты.
Жөн білмеген шер шықты...

дейтін жолдар ұшырайды (осындағы Қызылбастың Қазаны

- Иранның Ғазан ханы), ол 1727 жылдары Кавказ еліне шабуыл жасаған хан, бұған қарсы күресушілердің қатарында қыпшақтар болып, асқан ерліктер көрсеткенін Грузия тарихшылары атап көрсетеді[1] - дейді Қажым Жұмалиев пен Мәлік Ғабдуллин. Осындағы шер деген сөз парсыша - арыстан мәнінде. Қазақта Ғали-шер, Ғали-арыстан қатар айтылады. Ал, казіргі Шерғалы, Серғали, Шермұқамбет, Шернияз т.б. бәрінде де шер, сер дегендер арыстан мәнінде.

Енді бір жерінде:

Бәдік пенен той басқа,
Ешкі менен қой баска, -

[1] *«Батырлар жыры», 1 том, 8-бет.*

деген айтылады, осындағы бірінші жолдың мағынасы: жаманшылық пен жақсылық - екеуі екі басқа деп тұр, ал бәд

- парсыша жаман мәнінде. Осы күні де қазақта бәдік жігіт
- оңбаған, ақымақ жігіт деген ұғым береді. Кей кезде той-домалақ үстінде де бәдік[1] өлеңдер айтылады.

Әрі қарай:

Әпзам-зәмнің суындай...
Қаузы, қаусар суындай...
Асфаһанның жәуһарі...
Қойқаптың тауы, тасы да,

дейтін теңеулер ұшырайды. Осындағы - әп (паре, аб-су), зәм- зәм таму (судың тамуы, тамшысы), (кейбіреулер: зәм-зәм - тоқта-тоқта деген сөз деп қарайды). Меккедегі құдықтың аты

- зәм-зәм; хауыз - қаузы - қара су, бұл парсы тілінде де, өзбек тілінде де айтылады. Кәусар - кеусер арабта таусылмайтын көп, орыста - обильный дегенге келеді. Бұл кеусер жұмақтағы өзеннің суы, орыста «Воды Лета» болады. Асфаһан - Испаған шәһәрі, жәуһәр - гауһар тас - бриллиант.

Ілияс Жансүгіровтің «Күй» деген поэмасында:

Бақсы ойнап күңірентсе де қобыз үнін,
Қойқаптан козғаса да Қорқыт жырын.
Боз інген боталамай болды бедеу,
Шашты ашпай құмалақшы «қырық бірін»[2], -

деген жолдардағы «Қойқап» парсыша «Куһи каф» - Қап тауы мәнінде айтылған болуы керек. Ол «Алпамыста» «Қойқаптың тауы», «Қап тауының тауы» болып шыққан. Ал І.Жансүгіров бұл екі сөздің мағынасын дәл ұққан тәрізді. Осы жырларда ұшырайтын сан алуан жеке-жеке сөздер бар, неше түрлі дін ұғымының да іздері байқалады. Мысалы:

Жарылқаушы құдірет,
Қызылбас басқа, біз үмбет, -

дегенде «біз Мұхамметтің үмбетіміз, құдайдың өз жолындамыз,

[1] *Бәдік - қазақтың ескі әдет-ғұрпында ауырған малды емдеу, малдың ауруының «иесін» алдау, арбау, қуу үшін айтылатын салт өлеңі. «Бәдік» кейінгі кезде ойын-сауықта қалжың, күлкі үшін де айтылып жүр. («Батырлар жыры», 45-бет)*

[2] *Ілияс Жансүгіров. Шығармалар. Алматы, 1958, 324-бет.*

ал қызылбастар бөтен, олар кәпір» дейді. Ілгерідегі кезде иран мен араб елі көп жауласқан, ақырында ирандықтар мұсылман дінін күшпен қабылдағанын мегзейді. Бұл екі ел көп уақыт шайқасып, тек VIII ғасырда ғана бас қосып, Багдадта араб-парсы мемлекеті құрылғанын сөз етеді. Иранда бұрын орын теуіп келген Ahура Маздах атты құдайдың діні әлсіреп, ісләм дінінің күшейгенін баяндайды. X-XI ғасырларда Ираннан гөрі Орта Азияда мұсылман діні күшті болған екен. Тіпті ирандықтар ісләм дінін «Бұхара-и Шәрифтен» алған тәрізді.

Кейде мынандай түсініксіз сөйлем келеді:

«- Лалайлама лух» деп

Бәлем қалмақ сұлады.

Осы «лалайлама лух» деу Тибет дінінің сілемі сияқты. Көне Тибеттің патшасы - Құдайдың сүйген құлы «Далайлама» атанған, бұл бесіктегі баланың патша сайлануы, оның тәрбиешісі (орынбасары) «Даша лама» болатын. Осы жерде Алпамыс батыр аттан құлатқан «қалмақ» өз патшасына - сыйынып жатса керек-ті.

Заты, қазақ халқының батырлары бір беткей емес, жан-жағынан жау қамағанда, әрбіреуі әр тұсқа шапқан тәрізді. Мысалы, Қобыланды батысқа бет алып, ирандықтармен соғысса, Алпамыс Шығыс жақты күйретіп жатқандай. Авторлары өз ойларынан шығарса да, елін жаудан қорғаушы бағыттарын баяндағандай, Ер Тарғынның бет алысы бұлардан тағы бөлек тұрады.

Бұл батырлардың бәрі де өз ұлысын, мекенін жақындағы жаулардан қорғайды. Сондықтан қарақыпшақ Қобыланды батыстан келе жатқан қызылбастарға (ирандықтарға) қарсы шабады. Өйткені қалың қыпшақ ол кезде Сырдарияның сол жиегінде тұрса керек, ал Қоңырат ұлысы Сырдың шығысын жайлайды.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырында:

Ертіс басы қара дің жерге кетті,
Бейне теңіз дейтұғын көлге кетті, -

деген жолдардағы «Ертіс басы қара дің жерге кетті» деуі Аякөздің Шығыска қарай беттеуі тәрізді, мына бейне теңіз дейтұғын көлі - Байкал болмас па? Ал, Доржи Банзаров жазған «Черная вера» («Қара дін») - дейтін «шаманизм» атты

бурят-монғол діндес елге барғанын нұсқап тұр ма немесе сол мезгілде қара тастан салған дөңгелек үйлер болған, соларды «Қара дің» деп атаған, бұл - VIII ғасырда түркі елдерінде «дің, діңгек» болып атанған дегенді академик Әлкей Марғұлан айтады. Қайсысы болса да осы батырдың сонау бурят-монғол елдеріне, күн шығысқа баруы айқын.

Ескерте кетелік, бұл батырлардың ең үлкені Алпамыс (Алып-Мамыш), ол түркі - оғыз заманы: екіншісі - Уақ руынан шыққан Ер Көкше, Ер Қосайдың әкесі - Қамбар батыр, қырғыз елінің Манас батырымен замандас болса керек-ті. Үшіншісі Қобыланды - ноғайлы жыры, қазақ халқының да өз мүлкі.

Бір кезде көне түркі тілінде жазылған «Сайқали» атты кітап болған. Мұны «Кітабы Сайқали» деп атайтын. Кейде «Вафотнами пайғамбар» (Пайғамбардың өлімі жөніндегі уақиға) десетін. Оны тәжік тілінде молда Хусейн Воиз әл Қашифи жазған. Тәжік тілінен өзбекке Сайқали аударған[1]. Кітаптың бір тарауы «Кербаланың шөлі» еді. Бұл «Кербала» Ирандағы Хорасан өлкесі, сол кезеңде бұл Хорасан өлкесін Әбу Мүсілім билеген. Уақиғаның басы - Көпе (Куфа) шәһәрінде екі баласы мен Цбу Мүсілімнің өлімінен қозғалады. Олардың өлімін жоқтап Меккеден 75 кісі ертіп, Құсайын шығады (Қасен, Құсайын - Мұхамметтің туған қызы Бибі-Фатима мен Әзірет- Әлінің балалары).

Бұлар келіп бір көлдің басында Жәзит (орысша Иездигерд) әскерімен соғысады. Әскер басшысы Омар Сағит көлді қоршап алып, бұларға су бермейді, сондықтан сусынсыз қаңырығы түтеп 75 кісі шәйт болады-мыс.

Осы хабарды естіп, Әзірет-Әлінің екінші әйелінен туған Мұхаммет-Әнепия (Испағанның патшасы) Испаған шәһәрінен қалың қол ертіп келеді. Сонда Жәзит әскерінің басшысы Омар Сағит кездескенде, Мұхаммет-Әнепия оған өзін таныстырып:

...Мұхаммет бу Ханифа білсең атым
Жәһән-хайуанға мағлұм сыфатым, -

депті-мыс. Сайқалидың көп сөздері бүгінгі қазақ жастарына түсініксіз де болар, бірақ онда айтылатын уақиғаның ұзын-ырғасы дұрыс, Құсайын мен Мұхаммет-Әнепия Әзірет-Әлінің балалары, парсы елін Мұхаммет дініне кіргізген Әзірет-Әлінің

[1] *Джуманияз Шарипов. Из истории перевода в Узбекстане (дореволюционный период). Автореф. Докт. Дисс. Ташкент, 1968, с. 31.*

әулеті. Сондықтан да парсы елінің басым көпшілігі Әзірет-Әліге табынады. Соны пайғамбар тұтады. Бұларды шиға (шеит) қауымындағылар деп атайды. Бұл кітап - тарихи уакиғаға құрылған хикая. Бұрын арабта дәурен сүрген Үммия әулеті құрып, парсыда Сасани патшалығы құлап, ақырында VIII ғасыр Бағдадта екі елдің бас қосуына, парсының араб дінін қабылдауына мұрындық болған алғашқы соғысты айтады, оны «Сайқалида» «Кербаланың шөлі» деп атайды.

Осы көне жырларда араб-парсы сөздері көп кездеседі. Оның өзіндік себептері бар. Мұсылман дінін кабылдаған түркі елдері, соның ішінде қазақтар да оның алфавитін де кабылдады[1].

Араб-парсы тілдерінен кірген элементтер эпостарда жиі ұшырасады:

1. Сабаз (парсы, шahбаз) - герой;
2. Дарбаза (парсы, Заруаза) - қақпа;
3. Абжылан (паре. аб-су)-су-жылан; кейбір зерттеушілер осылай айтатын, ал енді бізде «абжыландай» - деген өте қу, залым мәнінде. Парсыша-моржылан. Осы абжылан-су жылан болса, онда зәрін шашып тұрмаса керек. Сондықтан абжылан

- улы жылан деген - Орхон-Енесей жазуында ұшырайтын түркі сөзі болуы да кәдік. Біз ойласу үшін келтірдік. Өйткені:

Бір қыз кетіп барады,
Алтынды қамшы қолға алып,
Абжыландай толғанып.

«Омбыны алдық деген хабар келген соң, төңкеріс дұшпандары апжыланша ысқырып шықты» (С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу») дегендер айтылады. Кейбір зерттеушілер абжылан - су жылан, аб-парсының су дегені деп түсіндіреді[2]. Біздіңше бұл су жылан емес, улы жылан деп түркі сөздерінің тіркесінен жасалған. Якут тілінде аба, ап - у ащы дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры: сиқыр, тылсым, арбау, жадылау, бас айналдыру (Пекарскийдің «Сөздігін» қараңыз). Алтайда

- оп - екіжүзділік (Радлов, «Опыт словаря...» томдарын қараңыз). Көне түркі тілдерінде ап - аң аулау (Маловтың «Көне монғол, қырғыз, жазба ескерткіштерінде»), ол уу, ув-сөздері

[1] *Н.К.Димитриев. Строй тюркских языков. М., 1962, с. 194.*
[2] *Т.Жәркешева. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі, Алматы, 1960.*

қырғыз, қарақалпақ, ноғай тілдерінде қазақ тіліндегі у деген ұғымды білдіреді. Сонда бұл сөз аб, ав, ап, ов, ув, уу деген фонетикалық өзгерістермен кездеседі.[1] Абжылан дегеннің бірінші компоненті аб, әп (у, сиқыр, тылсым), екінші сыңары - жағымсыз кейіпті бейнелеуде колданылатын жылан сөзі. Сонда абжылан сөзінің мағынасы «арбайтын сиқырлы жылан болғаны»[2], - дейді тіл маманы А. Махмұтов.

Пушайман (паре. Пұшайман) - іш пысу.

Мәрт (паре. Мәрд - адам) - бізде мырза, жомарт, береген мәнінде.

Нәмәрт (парс. Адам емес) - бізде - нәмәрт, нәмұрт - деп Ибраһим пайғамбарды отқа өртеп өлтірген рақымсыз патша Нәмрутті (орысша Немродты) айтады, сондықтан оны (Нәмрутті) құдай қатты жазаға тартып, құлағынан маса (сонаны) кіргізіп, миын шақтырып өлтірген екен, - дседі.

Бидархак (парс.-бей), би - сөз алды қосымша (орысша - нет, не); дар - есік; хақ - арабта құдай табалдырығын (есігін) аттай алмау мәнінде. Бидархак - құдайдың есігінсіз деген ұғымда. Парсының осы би-бей сөзі қазақтың төл сөзінің алдына да қосылып бисағат болып та айтылады екен, бұл (бисағат) «Батырлар жырларында) (1 том, 622-бет) - сәтсіз (сағатсыз) деген мағынада қолданылған.

Жад, жат (парс. Яд - еске алу) - жатқа айту.

Шарафат (паре.) - қамқор.

Гамкүн, гамкин (ар.ғамгин) - кам көңіл.

Сайқал (парс.әдемі, сұлу) - алдағыш, қу, оңғақ; жезөкше; парсы тілінде:

Самархан сайқали руй зәмин әст,
Бухара куати ислөм дин әст, -

дейтін өлең бар, бұл арада Самаркан жер бетінің (руй-рой- бет жүз), зәмин - (жер) сұлуы (сайқалы). Бұқара ісләм дінінің қуаты - тірегі, - деп тұр. Қазақ тілінде сайқалдың (сұлудың) мәнісі мүлде өзгеріп қолданылады.

Әдебиеттен тілді бөле қарау «ала қойды бөле қырқу» тәрізді ғой. Бұл екеуі бірінсіз бірі күн көре алмаса керек.

---

[1] *«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966, 17-бет.*

[2] *Саади. Гулистан. М., 1957, с. 299.*

Сондықтан да біз әдеби әсерді айтқанда, тілге тіреліп, ал тіл қорын зерттегенде, әдеби туындыларға сілтеп отырамыз. Осы еңбегімізде иран елімен қазақ халқының әдеби қарым-қатысы, соған сәйкес қиссалардың ұласуын да сөз еттік. Қазақтың ертегі, ескі қиссаларында Иран елінің әдеби әсері аз емес екенін дәлелдеуге тырыстық. Алайда монғол шапқыншылары көп мұраны өртеп, көзін жойып жібергені ғажап емес.

2. Қазақ әдебиетінін монғолмен ауыс-түйісі

Монғол әдебиеті мен қазақ әдебиетінің ауыс-түйіс процесі жайлы айтарымыз мынау. Монғол шабуылына дейінгі бұл ауыс-түйіс, негізінен, бізге жетпей жойылып кетуі мүмкін. Оған тарихта болып өткен қуғын-сүргін шапқыншылықтар кесірі тимей қойған жоқ. Екіншіден - көшпелі монғол, қазақ елдері көне мұраларын сақтай алмауы да ықтимал. Алайда, жіті зерттеп отырсақ, қазақ ертегілерінде шаман дінінен келген азын-аулақ теңеулердің кездесуі, ауыз әдебиет үлгілерінде толғаулардың бары даусыз. Сондай-ақ қазақ әдет-ғұрпындағы қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана тәрізді той-домалақтарда (сыңсу, отқа май құю, жоқтау) айтылатын өлең-жырлар ортақ екені белгілі.

Оның үстіне қазақтарда өлген әруақтарды құрметтеу салты осы күнге дейін сақталған. Мұсылмандар өлген әулиелерін қандай қастерлесе, қазақтарда аруақтарды сондай қадірлейді. Бір іске беттегенде, жолдары болып шықса, оны әруақтардың қолдауы деп ұғынады[1], - дейді Шоқан Уәлиханов.

«Монғолдарға келіп қайтқан Еуропа саяхатшылары [2] да бұл әдет-ғұрыптың кумандар мен монғолдарға ортақ екенін дәлелдейді. Бұларды әкеліп қырғыздардьщ әдет-ғұрыпымен салыстырсақ толып жатқан ұқсастықтарды да табатынымыз даусыз», - дегенді Шоқан Уәлиханов тағы пысықтайды.

Жапа-тармағай бәрін тізе бермей-ақ, монғолдар мен қазақ нанымында, ырымында неше алуан ортақ уакиғалардың, аныз-ертек, әңгімелердің сақталып келгенін анықтау үшін солардың бір-екеуіне тоқтала кетелік.

[1] *Ш.Ш. Уәлиханов. Бес томдьщ шыгармалар жинагы, I том. Алматы, 1961, 473-711-беттер.*

[2] *Еуропа саяхатшылары – деп Шоқан Карпини мен Рубриктi айтып отыр.*

«Сойған малдың кәрі жілігін үйіне сақтайды, өйткені сол кәрі жілік малды ұрыдан, қасқырдан қорғайды деп ұғады қазақтар», - дейді Шоқан Уәлиханов, - ал осыны профессор Н.И. Ильминский «малды өлім-жітімнен қорғайды, - деп қате түсініпті[1], - дей келіп Гамбоевтың[2] айтуынша, бұл сүйекті (кәрі жілікті) монғолдар да үйінде сақтайды екен. Сонда осы сүйек қолына құрық (үркрүк) ұстаған бақташы бейнесінде көрінеді екен.

Сондай-ақ, қазақтардың ұғымы бойынша да кәрі (қары) жілік ұры мен қасқырдың көзіне мал бағып жүрген адам болып көрінеді. Мысалы, ескі бір ертекте мынадай уақиға шертіледі: «Ұрылар бір байдың малын бірнеше күн торып, ала алмай қояды. Бұлардың көзіне малды бағып жүрген, қолдарына сойыл, құрық ұстаған бақташылар көрінеді, солардан қорқып малға тие алмай, діңкелері құриды. Осы байдың әйелі мен қызынан баска ешкімі жоқ, ұлдары да, құлдары да болмаған кісі, ендеше бұл кереметтің мәнісін білу үшін ұрылар бір күні әлгі байдың үйіне қонаққа келеді. Бұларды бай қой сойып, әбден күтеді. Сонда әлгі келген қонақтар өздерінің ұры екенін ашық айтады да, «Сіздің қандай кереметіңіз бар?» - деп сұрайды. Менің ешбір кереметім жоқ, тек әкем өлерінде бір өсиет айтып еді: «Балам, саған бір өсиет айтам, соны орындасаң, ылғи бай боласың, қанша қой сойсаң, соның кәрі (қары) жілігін далаға тастама, оны есіктің маңдайшасына немесе шаңырақка іліп қой», - деп еді. Сол өсиетін бұлжытпай орындап келем, сондықтан, құдайға шүкір, қорадағы қойымнан жалғыз қозымды да не қасқыр жеп немесе ұры алып кеткен емес», - дейді. Осы әңгімені естігеннен кейін ұрылар үйдің ішін айнала қараса, түндегі байдың малын күзетіп жүрген бақташылардың саны, мына үйдегі кәрі жіліктердің санымен бірдей екен»[3].

Аспанға (көк, тәңірге), күн мен айға, жұлдыздарға табыну, табиғаттағы неше алуан құбылыстан қорқып, құрбан шалу - бәрі де қазақ пен монғол еліне ортақ болып келеді.

---

[1] *Н.И.Ильминский. Древний обычай распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов. «Известия Восточного отделения археологического общества», 1860. Вып.5.*

[2] *Галсан Гамбоев. «Алтан (Алтын) Тобчи» монғол шежіресі (СПб., 1858); Его же. О древних монголских обычаях, суевериях, описанных у Плано Карпини. СПб., 1859.*

[3] *Ш.Уәлиханов, Аталған кітаптың 485-бетінде.*

«Монғолдар, - дейді тарихшы Рашиддин, - күннің күркіреуінен қатты қорқады. Оны көктің (көк тәңірінің) ашулануы деп есептейді екен. Ал қырғыздар (қазақтар) күннің күркіреуінен құдайдың ашулы (каһарлы) дауысы, мына жай оты (молния) оны шайтандарды қырып-жоятын садағының оғы деп ұғады,[1] - дейді Шоқан Уәлиханов.

Қазақ халқында аспандағы жұлдыздарға қойылған аттар өте қызық, бәрін де жердегі тіршілікпен байланыстырады. Мысалы, Темірқазық (Полярная звезда) - аспанға қағылған қазықтай көрінеді, оның төңірегіндегі екі жарық жұлдызды әлгі қазыққа арқандалып, соны айналып жүрген екі ат: Ақбозат пен Көкбозат деп атайды. Жетіқарақшы (Большая Медведица) - өлген жеті ұрының жаны аспанға жұлдыз болып орналасқан. Жетіқарақшы Үркердің қызын ұрлапты-мыс, сондықтан Үркер үнемі Жетіқарақшыға қарай төне беретін көрінеді, заты, ана ұрланған қызын босатып алу ойында болса керек, - дееді.

«Осы әңгіме (ертегі) өте көне заманда болса керек, өйткені монғолдар Жетіқарақшыны - «Жеті қарт» деп атайды, оған арнап құрбан шалады (мал сояды), қымыз, сүт береді. Мұны «Книга о молитве и жертвоприношения звездам и богам» атты қолжазбасында Доржи Банзаров айтады, «Жеті қарттың» қажеттігі жөнінде қысқа ертек келтіреді. Осы ертектің қазақ ертегісімен ұқсастығы жоқ па екен?»[2] -дейді Шоқан Уәлиханов.

Ендеше, халықтың ескі әдет-ғұрпында да сан-алуан уақиғаның ізі сақталады екен. Тізе берсек , тағы да көптеген толғаныстарды келтіруге болар еді.

Қазақ елі келін түскенде отқа май құйып, лаулатып жағады. «Бұл - отты құдай деп табынып, сол отқа сыйынудан туған ғұрып, шаманизмнен қалған дәстүр», - десе Ш. Уәлиханов, ал, «отқа табыну монғолдарға түріктер арқылы Иранннан келген»[3], - деп Доржи Банзаров Шоқаннан бұрын топшылаған екен. Ендеше, Шоқан Уәлиханов мына Д.Банзаровқа сүйеніп, қателескен тәрізді. Себебі, отқа табыну діні монғолдарда көз жеткісіз көне дүниеде, адамзат әлі табиғаттан тыс тұрған күш бар деп ұғынбаған дәуірде тууы мүмкін[4].

---

[1] *Сонда, 480-бет*

[2] *Сонда, 479-бет.*

[3] *Доржи Банзаров. Собр. Соч., 1955, с. 72 (Ответ. Редактор-доктор филолог, наук Г.Д. Санжеев). «Бұл кітапты «Черная вера» или шаманство у монголов» деген атпен Г.Н. Потанин бастырған екен).*

[4] *Ш. Уәлиханов. Аталған кітаптың 711-бетінде.*

Ғалым Г.Н.Румянцев те: «түріктің, монгол, буряттың отқа табынуы өте ескі дін, сондықтан тек Иран әсері деу де өте қиын, әрине, ықпалы да бар шығар»[1], - деп ескертіп өтеді.

Ауыз әдебиетінде, ертегі, аңыздарда сақталған монғол мен қазақ еліне бірдей ортақ толғаныстарды одан әрі жалғастыра беруге болады. Бірақ әзірге осымен шектелмекпіз.

3. Қазақ әдебиетінің арабпен байланысы

Халықаралық әдеби ауыс-түйісті айтпас бұрын ең әуелі сол жағдайдың өсіп өркендеуіне себепкер болған тарихи және діни карым-қатыс мәселелерге тоқтала кетелік.

Тарихи қарым-катыс. Көне тарихтың бетін ашсаң, көп нәрсеге куә болғандаймыз. Мысалы, арабтар Иран елін VIII ғасырда өзіне қаратты. Сол мезгілде араб елінде Үммия патшалығы (Оммейядская династия) құлады да, Персияда Сасани патшалығы (Сасанидская династия) жойылды. Екеуі бірігіп Аббасид династиясы (патшалығы) Ирактa (Бағдадта) құрылды. Аббасид династиясының алғашқы халифасы Харун әл-Рашидтің ата-бабасы Саффах (750) болды. Саффах - араб, ал оның бас уәзірі Ғаббас Бармеки - парсы еді. Мұны араб- парсы бас қосқан династиясы (Объединенная арабо-персидская династия) деп атады.

Араб елінің үстемдік алып, дәуірлеген кезі Харун әл- Рашидтен (Х-ғасырдан) басталады да, соңынан оның баласы Момун тұсында шарықтайды. Арабтың «Мың бір түн» атты ертегісі осы кезден кейін тарайды, өйткені Харун әл-Рашид осы ертегіде көп айтылады.

Араб дінінің, әдебиетінің, мәдениетінің парсыға қаулап кіргені де осы кезде еді.

Харун-әл-Рашид (786-809 жылдарда) халифа (император) атанды, оның баласы Момун да (813-838 жылдары) халифа болды, ол әкесі бастаған мәдениетті әрі қарай күшейтті. Арабтағы Дар-әл-Хикматтың құрылысын (ғылым ордасын) аяқтап бітірді де, ол орынды Хорезмнен - Қаңлы - Қыпшақтан барған Мухаммед бин Муса әл-Хорезмиге басқартты. Әлгі Хорезми есептін ондық жүйесін сонда іске асырды. Оған дейін колданылып келген латын, есеп таңбасын колайсыз деп тауып, араб цифрын ұсынды. Алгебраны (арабша-әл-жебрәні) дұрыс жолға қойды.

[1] *Д Банзаров. Аталған еңбегі, 265-бет.*

Алғаш рет жер меридианын өлшеп шыққан адам да сол Хорезми. Әбу Райхан әл-Бирунидің айтуынша - Зейнетті Шам (Дамшық) шәһәрінің жанындағы құдықтың түбіне түскен сәуле аркылы анықтап, Багдад пен құдықтың арасына «бұрыш» жасап, жер меридианын өлшеген екен. Осы күнгі анықталған меридиан есебінен, бар болғаны, 11 километрдей айырмасы бар тәрізді. Хорезмиден кейін оның жерлестері - Отырар қасындағы қыстақтан шыққан екі Жауһари де сол Дар-әл-Хикматте қызмет еткен.

Дүние жүзілік ғалымдардың Екінші Ұстазы - Әбу Насыр әл-Фараби де осы ғылым ордасына көп жыл басшылық көрсеткен, ол: «Ұлы ұстазым (Аристотель - Бірінші ұстаз) ұлы денені сомдап жасапты да, оған жан бітіре алмапты. Мен сол сом денете қан жүргізіп, жан бітірдім», - деген екен.

Момун халифаның мұрагері Мұттасим өз жеріндегі арабтардың бас көтеруінен қауіптеніп, Орта Азия түріктерінен -Хорезмдік, Қаңлы, Қыпшақтардан елу мың әскерді 834 жылы жалдап алыпты. Осылардың бастықтары да өздерінен болыпты. Олардың қолбасшысы Әмир-ұл-Әмре атанып, әскери билікті, бертін келе бүкіл билікті де, өз қолдарына алыпты. Өздері ана тілінде - түрікше сөйлеген, Бағдадта өмір бойы тұрып қалған екен. Түрік тілін арабқа апарған да осылар[1], - деседі.

«Момун халифаның інісі әл-Мутасим (833-842) халифаның әскері кілең түріктер еді, әл-Мутасимнің ұлы әл-Мутаваккиль (847-861) түрік солдаттарынан құтылғысы келді, бірақ оны түрік әскер басшылары өлтіріп тынды, бұдан кейін арабтың төрт халифасын таққа отырғызғандар да, соңынан құлатқандар да осы түріктер екен.

Мұхтадир халифа (908-932) бар билікті әскер басшысына берді, бұдан қырық жыл өткен соң (945 жылы) Әмір әл-Әмір атанған - Ахмед (Бүид әулетінен шыққан кісі) сұлтан деген өте жоғары атаққа ие болды», - дегенді айтады тарихшы Р.Ю. Виппер.

Діни әсер. Мұсылман діні Бағдадтан Шығысқа қарай, Орта Азияға бет алды. Отырарда туған әлемге аян Екінші ұстаз -Әбу Насыр әл-Фараби, Хорезмнен шыққан Әбу Райхан әл-Бируни, Бұхарада өмір сүрген Әбу Ғали ибн Сина - бәрі де өздерінің ғылыми еңбектерін араб тілінде жазған-ды. Ендеше, мұсылман дінінің етек алып жайылуына осылар себеп болған тәрізді.

[1] *Стенли Лэн Пуль. Мусульманские династии. СПб., 1899.*

Оның үстіне «ісләм діні Орта Азияға қару-жарақты әскери шабуыл арқылы тараған жоқ»[1],-дейді академик В. В.Бартольд. Осы пікір орынды тәрізді. Бертін келе Орта Азияның басқа ғалымдары да араб тілін қабылдайды. М.Қашқари да, Юсуф Хас Хаджип те осы жолды тұтынады. Хорезм, Бұхар, Отырар, Тараз, Қашқар қалалары мұсылман дінін X-XI ғасырларда өте мықты ұстады. Сол дәуірде әмірін жүргізген Караханидтер де, Саманидтер де ісләм дінін тұтынды. X ғасырда Бұлғар елі (чуваш, башқұрт, татар елдері) мұсылман дінін қабылдады.

Сөйтіп Сарыарқадағы көшпелі қазақтарға ісләм діні екі жақтан келді, біреуі -Хорезм, Бұхара, Отырар, Тараз, Түркістан болса, екіншісі - Қазан, Уфа болды.

Сарыарқадағы болған саяси-экономикалық жағдайды да айта кетелік: XVIII ғасырда Абылай хандық құрды (ол 1781 жылға дейін еді. Түркістанда қайтыс болып, хожа Ахмет Яссауидің мұнарасына қойылды). 1781 жылдан 1821 жылға дейін оның баласы Уәли хан болды, бұл Уәли Шоқан Уәлихановтың үлкен әкесі. Шыңғыс содан туған (әжесі Айғаным - Уәлидің тоқалы). Россияның патшасы Павел тұсында Уәлиге қарсы сенімсіздік туып, Қарқаралыдағы Бөкейді көтеру керек десті, бұл 1810- 1818 жылдары еді, бірақ Уәли 1821 жылы өлді. Уәли өлгеннен кейін 1822 жылы хандық мүлде құрыды, «Устав о Сибирских киргизах» деген заң шықты да, аға сұлтандар пайда болды. Бұрынғы «хан өтірік айтпайды, хан жарлығы қайтпайды», - деп ханды қолпаштайтын ережелер өз күшін жоя бастады.

Батыс Еуропа мәдениеті орыс елі арқылы келіп, өз әсерін жая бастады. Сауда-саттық жүрді, жәрмеңкелер ашылды, бірақ орта ғасырлық ескі тіршіліктің қаймағы бірден бұзыла қоймады.

Заты, бұл кезде монғолдық салт, шаманизм (Көк тәңірге табыну) діні басым сияқтанды. «Қырғыз (қазақ) ұлыстары Мухаммед дінінде жоқ, ескі шаман дінін қолданатын түріктерге таяу. Мұсылман діні бұларға әлі сіңбеген, ісләм дінінің ішкі мәнісін жетік білмейді», - дейді В.В.Радлов 1870 жылы шыққан түрік ұлыстарындағы халық әдебиеті жөнінде жинап бастырған кітабында. Осы пікірді Шоқан Уәлихановтың бұрынырақ айтып кеткенін жоғарыда ескерткенбіз.

Сарыарқадағы көшпелі қазақ елдерінің мән-жайын үңіле зерттеген В.В.Радлов пен Ш.Уәлиханов сынды ғалымдардың

[1] *Р.Ю.Виппер. История средних веков. М., 1947, с. 132.*

айтқандары дұрыс, өйткені: ісләм діні арқа қазақтарына дүркін- дүркін келіп кірді. Тарихи шындыққа жүгінсек, мұсылман діні Арқаға ең алғаш X ғасырда дешті қыпшақ, оғыз заманында кірді. Бұл кезде оңтүстіктегі караханидтер әулеті мен батыс жақтағы оғыз, қыпшақ сұлтандары ісләм дінінің іргесін берік ұстады. Екінші рет күшейген кезі Берке мен Өзбек[1] ханның тұсы. Үшінші күшеюі - Қасым ханның кезі (1523 жылы қайтыс болған хан). Ол Әз-Жәнібек ханның баласы. Жошының (Хорезмдегі) Ақордасын билеген; қазақ, ноғайлы, қарақалпақ, қырғыздардың басын қосқан. Сырдарияның төменгі жақ өлкесін, Қаратауды, Сайрам, Талас пен Шуды өз балаларына бөліп беріп, өзі Қараталда (Сығанақ шәһәрінің жанында) тұрған.

Сарыарқада XIX ғасырдың екінші жартысына қарай орта ғасырлық феодализмнің іргесі ыдырай бастады. Россияда 1861 жылғы басы байлылықты жою лебі Аркаға да жетті. Оңтүстікте болса, Сырдария, Жетісу өлкелерінде тұрған қазақ халықтарында бұрыннан орын тепкен Хорезм, Бұхара, Қоқан, Самарқан хандықтарының ықпалы әлі зор еді.

1868 жылы Россияда «жаңа заң» шығып, Сібір қазақтарын билеу саясаты өзгерді. Бұрынғы аз да болса Таяу Шығыс дәстүрімен ел билеген хан, қазы, сұлтандардың беделі түсті, олардың орындарына болыс, тілмаш, жандарал, майор тәрізді жаңа ұлықтар көбейді. Сөйтіп, Россия әсері күшейді. Мұны:

Патша жұртын қанады,
Байлар жөргем санады.
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сыйларың.
Кінәзді көрдің піріңдей,
Тілмәшті көрдің жеңгеңдей, -

деп жырлады ақындар.

1861 жылы басы байлылықтан Россияның құтылуы — бұл алғашқы шара еді, алайда көпке дейін әлгі «азаттық» алған шаруалардың да көсегесі көгере қоймады. Сондықтан олар шұбырып жер ауды. Олардың алғашқы тобы Сарыарқаға сол кезеңде жетті. Осы тұста Орта Азияда адамды адам сатқан «құл базары» одан әрі жалғасып жатты. Мысалы, қалмақ

[1] *Б.Д.Греков, «А.Б.Якубский, Золотая Орда и ее падение». М. – Л., с. 64 и 67, 90-93; Ш.Ш.Уәлиханов. Аталған еңбегі, 629-бет.*

елінің Толыбай сыншысынан туған Көбенді Жанкелді би Түркістанның «құл базарынан» екі түйе беріп, сатып әкелген екен. Жанкелді - Арқадағы Нұра мен Сарысу өзендерінің арасында қоныс тепкен адам. Ол кісі бұдан 150 жылдай бұрын дүние салды. Күншығыстан - Мысыр, Шам, Афиналар арқылы араб-парсы елдерінен келген бұл құл сатушылық Орта Азияға жеткенмен, ондай «құл базары» Батыс елінде дәл осы кезеңде жоқ еді.

Осыдан былай Сарыаркаға сауда-саттық жайылды, мал- мүлік базарға түсті. Жәрменке ашылды, базар парқын ақша биледі. Қысқасы, капитализм элементтері айқын елес берді. Бұрын, натуральды шаруа жағдайында «берген-мырза емес, алған-мырза» десетін ел, енді сауда-саттық араласқанда «берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз», - деп толғады. Әрбір заманның белгілері тіл қорында, әдеби толғауларда үнемі осылай сақталатын із қалып отырады. Бұл жаңғыру әсері орыс елінен келді. Бұрынғы ескі әдет-ғұрпы өзгеріске ұшырап, қазақ халқы бір табан ілгері басты.

Ақ патша ұлықтарын жіберіп, миссионерлерін жұмсап, қазақ еліне отарлау саясатын қауырт жүргізіп жатқанда, Бұхара, Хиуа хандары да олардан қалыспай, мұсылман дінінің уағызшыларын лек-легімен қазақ даласына аттандырып отырды.

Орта Азияның осы қылығын сезген орыс патшашылдары қазақ тіліне «Інжілді» де аудартты, бірақ одан православие діні қазақ еліне аса дарыған жоқ. Өйткені «шын орыс халқы әуелден де діндар халық емес», - деп В.Г.Белинский айтқандай, негізінде біздің қазақ еліне де дінге құмарлық қашан да тамырын жая бермеген тәрізді.

Осындай аласапыран дәуірде Қазан, Уфа діндарлары да өз үлесін алудан аянбады, көшпелі арқа қазақтарына ісләм дінін үйрету үшін татар, башқұрт молдалары келіп оқытты, олардың медреселері төрт жерде ашылды: Қазанда - «Мұхаммедия» медіресесі, Уфада -«Ғалия», Троицкіде - «Расулия», Орынборда -«Хусаиния» медреселері ісләм дінін уағыздады. Бұл медіреселерде оқыған азаматтар революциядан кейінгі - өткен 1930 жылдарға дейін қызмет істеп жүрді. Хайредден Болғанбаев, Құдайберген Жұбанов (Орынбордағы ~ «Хусаинияда»), Мұхаметжан Сералин (Троицкідегі «Расулияда») - Бейімбет Майлин, Жағыпар Сұлтанбеков Уфадағы «Ғалияда» оқығандар.

Осындай екі ұдай дәуірде екі әсердің ортасында тұрған қазақ елі екі жағынан да рухани нәр алды. Біреулері орысша оқуға кірісті де, екіншілері мұсылманша оқып «терең» молда болуға беттеді. Біразы Москва, Петербург барып, орысша оқып жүрсе, енді біразы Бұхара, Хиуа, Ташкентке барып оқыды, ар жағынан Меккеге тәуеп етіп, әзірет сұлтанға - Түркістандағы хожа Ахмет Яссауидің мұнарасына кіріп, пірге қол тапсырып, «қажы», «бірәдәр» атанып келіп жүрді.

Қараңғы халықты билеп-төстеуге осы екі бағыт та қызмет етті. Осының бәрін біз араб дінінің, араб тілінің қазақ еліне қалай келгенін, жолда қандай кедергілерге кездескенін баяндау үшін айтып өттік.

Енді мақсатты мәселеміз араб діні арқылы оның әдебиетінің қалай жайылуын, нендей із қалдырғанын баяндайық.

Араб діні Иранға, одан өтіп Орта Азияға жайыла бастады. Бір заманда араб елі қожалық құрды да, ең әуелі мұсылман дініне киргізудің бар амалын істеді. Мұндай күшті әдісті шығыстан келген Шыңғыс та, орыс патшасы да істей алған жоқ, сондықтан араб дінінің әсері өз дәуірінде өте терең із қалдырды. Өйткені ол дін қазақ еліне ертеден келіп орнықты. Ал Сарыарқада жатқан көшпелі қазақтарға, әрине, кенжелеп жетті, онда да араб дінінің әсері тікелей келген жоқ, ол өзбек, татар, башқұрт елдері арқылы ауысты. Топы тақияларын киіп ноғай молдалары келді, сәлделерін салып, есектеріне мініп өзбектер де жетті. Ташкент, Бұхара, Хиуа, Самарқантқа барып, оқуды «таусып» қайтқан қазақ молдалары да бастарына сәлде салып, ауыл-ауылға бөлініп, қазақ балаларын дінге үйретіп, оқытып жатты. «Ағузы» әр жерде тартылды, айқай-шу көбейді. Үндемей ішінен окитын бір пенде табылмады. Еш нәрсенің мәнісін ешкім түсіне де алған жоқ. Алайда, тым-тырыс жатқан ауылға «жаңалық» кірді.

Арабтың «Мың бір түн» ертегісі ерте жайылды. Қазақ фольклорында сол ертегіден алынған көп толғаулар бар.

«Зарқұм», «Дариға қыз», Мүғыраж», «Әбу-Шахма», «Жүсіп-Зылиқа», «Мұхаммедия», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларының, «Тақ Сүлеймен», «Қызыр-Ілияс» атты ертектердің түп негізі араб әдебиетінен келген. Олай дейтін себебіміз: «Зарқұм» киссасында Мұхаммет пайғамбардың соғысып, жеңуі, Әзірет- Әлінің батырлығы мадақталады.

«Әбу-Шахма» киссасында, Әзірет Омар халифаның[1] жалғыз баласы Әбу-Шахма Құддысқа (Иерусалимге) барып, шарап ішіп, шатасады. Бұл қылығы мұсылман дініне қайшы келетіндіктен, әділ Омар халифа туған баласы Әбу-Шахмаға жүз қамшы дүре салдырып, өлтіреді. Бұл:

Жатқызды қара жерге туған айды,
Ұруға Әфлахұн құл бата алмайды.
Қамшымен біразырақ ұрып еді,
Шырқырап ғазіз Сұлтан жата алмайды, -

деп суреттеледі. Әділ Омар халифа бұйырған жүз қамшының сексен бесінде Әбу Шахма өледі, сонда: «қалған 15 қамшыны қайда салу керек? - деген сұраққа Омар халифа - өлік денесіне салу (ұру) керек?» - депті. Омардың әділдігі осылай дәріптеледі.

«Дариға-қыз» киссасында Әзірет-Әлінің мықтылығы әңгімеленеді. Балуан қыз Дариғаның Әзірет-Әлімен 15 күндей үздіксіз күрескені, ақырында Мұхаммет пайғамбардың әруағына сыйынып, Әзірет-Әлінің оны жығып тынғаны, соның арқасында қызға үйленгені баяндалады. Дариғаның шарты да өзін жеңіп шыққан кісіге тию екен. Ең алғашында, Мұхамметтің осы күреске Әзірет-Әліні жібергісі келмеуі айтылады. Заты, туған қызы - Бибі Фатиманың үстіне тағы әйел алуына қарсы болса керек, сонда:

Алладан Дүлдүл деген ат алғанмын,
Өзіңнен он жасымда бата алғанмын.
Барма деп меселімді қайтарсың,
Алланың арыстаны[2] атанғанмын, -

деген салмақты да салқын желеу айтады Әзірет-Әлі. Сондықтан Мұхаммет амалсыз рұқсат береді, өйткені пайғамбардың өзінің де осы кезде төрт (Қадиша, Айша, Қапса, Зейнеп) әйелі бар екен. Дариғаны Әзірет-Әлі алады да, біраз бірге тұрады. Дариға екі қабат қалады, онан туған баланың атын Мәді-

[1] Бұл Омар – араб еліндегі үшінші халифа, соның біріншісі Мұхаметтің өзі, екіншісі Әбубәкір (екә жыл) халифа болады, үшіншісі – Омар 10 жыл халифа болған адам.

[2] Арыстан деуі – Иран тілінде шер-арыстан деген сөз. Әли шер – Әли арыстан мағынасында (Саади. Гулистан. М. –Л., 1957, с. 30).

Мәһди (немесе Шахмардан - адамзаттың патшасы д.м.) қояды. Жеті жасқа толғанда, Мәді әкесін іздеп жүріп, оқыс кездеседі. Осы бала Әзірет-Әлінің басқа балаларының бәрін қыран-жапқандай етіп жығады. Сонда намыстанып, онымен Әзірет- Әлі өзі күреседі. Күресіп жүріп Мәді өзінің бабасы Мұхаммет пен әкесі Әзірет-Әліге сыйынады да, көтеріп әкетеді. Екеуі бірін-бірі осы арада таниды. Әкесіне қол тигізгені үшін бала қатты ұялып, тұра қашады. Құтыла алмасын біліп, жер астына түсіп кетеді. Сонымен бұлардың бәрінде де Мұхаммет пайғамбар, оның әулеті дәріптеледі.

«Мұғыраж» (Жеті қат көк» д.м.) атты қиссада Мұхамметтің жеті қат көктің үстінде отырған құдайға барғаны сөз болады. Мұны төрт періште пыраққа (қазір «пырақ» дейміз) мінгізіп апарыпты-мыс. Сонда барып қайтуы - сонша тез. Мұхаммет орнынан түрегелгенде, шапанының етегі қағып кетіп, ожаудағы су ақтарылады, ал қайта оралғанда, сол ожаудың ішіндегі су әлі түгел төгіліп бітпепті-міс. Мұхаммет сол күннен бастап пайғамбар (иранша: пайғам-хабар, бәр - әкелуші) атанған екен.

«Кербаланың шөлі» («Сайқалда» да кездеседі) атты поэма бар, мұнда Хұсайынның (Әзірет-Әлінің баласы, Мұхамметтің жиені). 75 кісімен бірге Жәзит[1]әскерінен өлуі (шәһит болуы) әңгімеленеді, мұның алдында Әбу-Мүсілімнің екі баласымен бірге Көпе (Куфа) шәһәрінде жазықсыз қазаға ұшырауы толғанады. Ақыр соңында Исфаған (Асфаһән) шәһәрінен керкуданға (носоргқа) мініп келіп, Мұхаммет Ханафия (қазақша Әнепия Әзірет-Әлінің бір баласы, Исфаған шәһәрінің сол кездегі патшасы) өлген ағасы Хұсайынның кегін алады, Омар-Сағитты жекпе-жекте өлтіреді. Сонда:

«Мұхаммет бу Ханифа білсең атым,
Жәһән, хайуанға мағлұм сыфатым», —

деп, қарсы алдында тұрған Омар-Сағитты көздеп атады, табан астында көзін жояды. Қолбасшы Омар-Сағиттың әмірімен Хұсайынды бауыздаған Шымырға қарап Мұхаммет-Әнепия (Ханапия) лағнат оқиды, төрт көз итке айналдырып жібереді.

[1] *Жәзит – мұны жыраулар бұзық адам етіп көрсетеді, дұрысында мұсылманнан шыққан алғашқы философ-ғалым. Ол 680 жылы өлген, Мағауяның баласы, 3 жыл халифа болған.*

«Зарқұм» қиссасы да, «Мұхаммедия» атты кітап та, - бәрі сол ісләм дінін уағыздаудың сарынымен шыққан толғаныстар. Бұл тәрізді қисса, кітаптарды айта берсек, таусылмас еді.

XIX ғасырдың аяқ шенінде жазылған казактың төл шығармаларында да араб дінінің әсері тайға таңба басқандай анық көрініп тұрады. Қазақ ауылындағы инабатты діндар адамдар да сөйлеген сөздеріне арабтан, құраннан үзінділер қосарлап айтпаса, сөзінің сәні кірмейтіндей дағдыға айналады.

Әуелі аят-хадіс сөздің басы,
Қосарлы бәйітсәмал келді арасы, -

деп, данышпан Абай тауып айтқан. Осы өлеңде айтылған «аят- хадіс», «бәйітсамал» бәрі де ел түсіне бермейтін сөздер.

«Ләйлі - Мәжнүн» атты поэма да - шығыстікі. «Ромео мен Джульеттадай» қайғылы уақиға дүние жүзінде жоқ», деп Батыс елдері баяғыда-ақ айтқан болатын. Мұны мәңгіге шегендеп берген Уильям Шекспир (XVI ғасыр) еді.

Әрине, Шығыс елі «Ромео мен Джульеттаны» XIX ғасырға дейін білген де жоқ, оның «Ләйлі — Мәжнүн» атты өз әңгімесі ежелден (VII ғасырдан) келе жатыр, «Ромео мен Джульетта» Батыс еліне кең тарады, бірақ Шығысқа «Ләйлі - Мәжнүннің» тарауынан көп төмен еді, «О, Ләйле» деген сөзбен басталмайтын өлең, жыр кемде-кем.

XI ғасырдың орта шенінде Иран елінен шыққан жолаушы Насир-и Хисрау: «Ләйлі - Мәжнүн» жөніндегі әңгіме өте-мөте қызық[1], - деген екен. Арабиядағы Танфа қаласының жанында бір заманда Ләйлі тұрған, ал кейін бұзылып қалған қорғанды маған бәдәуилер көрсетті, - дейді ол.

«Ләйлі мен Мәжнүн» туралы тұңғыш жазылған дастан азербайжан ақыны Ілияс Низамидікі (XII ғасырда). Орта Азияда Әлішер Науаидікі (XV ғасырда), ал араб тілінде XII ғасырға дейін «Ләйлі-Мәжнүн» жөнінде дастан жазылған жоқ[2], - дейді академик И.Ю.Крачковский.

Өзінің «Араб әдебиетіндегі «Ләйлі -Мәжнүн» атты повестің көне тарихы» деген көлемді еңбегінде И.Ю.Крачковский осы әңгіменің VII ғасырда бәдәуилердің Әмір руынан шыққанын

[1] *Насири-Хасрау. Сафар-намэ. М. – Л., 1933, с. 173.*
[2] *И.Ю.Крачковский. Избр. Соч., т.II. М.-Л., 1966, с. 588.*

дәлелдейді. Оны Мәжнүн атты ақын жазды дегенді айтады[1]. «VII ғасырда атақты Қайыс ақын - Мәжнүн атанған екен», - дейді совет дәуіріндегі иранист Е.Э.Бертельс (1890-1951).

Осы «Ләйлі-Мәжнүн» уақиғасы қазақ халқының аузында ертеден бар. Өзіміздің төл шығармаларымызға да әсерін тигізген. Мысалы, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» қиссасындағы сияқты - Ләйлінің әкесі де жетімге қызын бермейді. Баян сұлуды да Қарабай басқа біреуге ұзатпақ болады. Ләйлі мен Баянның көретін күндері - бір. Олар өліп тынады.

М.Сералиннің «Гүлқашима» атты поэмасында да қосыла алмай арманда кеткен ғашықтың сарыны бар. Тіпті Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз» атты пьесасында (алғашқы вариантында) «Ләйлі -Мәжнүннің» ізі айқын көрінеді. Өйткені Ләйлі мен Мәжнүн де немере туыстар. Қаракөз бен Сырым да сондай немере туыс болатын, бірақ осылардың бәрі де, сарындас болғанымен, көшірме емес.

«Жүсіп-Зылиха» қисассы да араб діні арқылы тарады. Бұл «Жүсіп-Зылиха» құранда да, «Тәуретте де» (Библияда да) айтылады, бізге сол құран арқылы келген. Шынында да, Жүсіп «Тәуретте» (Библияда) Мұса дінінің кітабында бар, сонан арабқа келіп, Мұхамметтен бұрынғы пайғамбардың бірі атанады. Жүсіптің әкесі «Тәуретте» Иаков деп атайды. Осы қиссада Жүсіпті ағалары құлдыққа сатып жібереді де, әкесі Жақыпқа: «Жүсіпті қасқыр жеп кетті», деп хабарлайды, ешкінің қанына малынған Жүсіптің көйлегін көрсетеді. Туған баласы Жүсіпті жоқтап жылаумен Жақыптың көзі соқыр болады. Артынан әлгі қасқырға тіл бітіп, ағаларын әшкерлейді, өзінің жемегенін айтып, өтірігін шығарады. Осы уақиғаның түп қазығы - «Тәурет», одан құранға кірген де, бізге содан алынып, қисса болып қазақшаға шыққан.

«Тақ Сүлеймен» ертегісі де - «Тәуретте» айтылатын патша Соломон туралы. Мұны да араб елі Мұхамметтің алдындағы пайғамбардың бірі деп ұғады.

Қазақта «Қызыр - Ілияс» жөнінде ертек бар, осындағы Қызыр мен Ілияс-екі атау. Соның бірі Қызыр-жолаушылардың жәрдемшісі, ал Ілияс - теңізде кемелер қарық болғандарға көмек беретін пайғамбар, ол орыстардағы Николо Морской тәрізді. Осылардың бәрі де - арабтан немесе Мұса дінінен келгендер.

«Мұхаммедияны» («Кітаби Мұхаммедия») Стамбулдан шыққан Челеби Мұхаммед деген кісі 1855 жылы жазған екен.

Бұл кітапта басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед

[1] *Сонда, 583-632-беттер.*

пайғамбардың әулеті мен зау-заты түгел мақталады. Осы кітаптың үшінші бетінде:

Мәгер күнләр бір күн әмри тағдыр,
Отырмыштым Кәлибулиде сырра.
Кәлибулиниң ол ғашықлариндең,
Дірілдилер келіп хатыма тұрра, -

деген өлең бар. Мұның қазақша мәнісі:

Күндерде бір күн тағдырдың әмірімен,
Кәлибулиде (қаланың аты) жасырын отыр едім.
Кәлибулидің қызғылықты әйелдерінен
Біразы келіп, қасыма тізіліп қалды, -

деген екен (Челеби — Мұхаммед осы кітабында көрген түсін баяндайды)[1].

Молдалардан да мұны түсінетіндері кемде-кем еді. Бертін келе Ғабдолла Тоқайдың мұсылман дініне қарсы жазылған «Сулы қадімше» («Ескіше» д.м.) атты өлеңінен соң ғана түсінікті болды. Ғабдолла Тоқай да осы өлеңінде өз түсін айтады. «Мұхаммедияны» келемеждейді.

Мәгер күнләр де бір күн әмри трактир,
Отырмыштым ки бір пивнойда сирра:
Қолыми сілтедім фани жиһ әнден.
Ауызда - папирос, алдымда - сирра,
Трактирларының ол ғашықларындән
Тізілдиләр келіп хатыма тұрра[2], -

дейді. Заты, Тоқайдың түсінде ұжмаққа аттанатын мекені осы арақхана болса керек. Дінді бұдан күшті келемеждеген шығыс халықтарында ешкім болмаған шығар.

Қазақ халқына араб әдебиетінің неше түрлі жолмен келгені - даусыз шындық, соның ішінде орыс тілі арқылы да кіргені

[1] *«Кітаби Мұхаммедия» (Челеби Мұхаммед) 1227 жыл деп көрсетеді. Мұхаммед дінінің жыл санауы – Мұхаммет пайғамбардың арабша «Хиджра» деп атайды. Ал «Хиджра» Иса пайғамбар дінінің жыл санауынан 582 жыл кейін.*

[2] *Ғабдулла Тоқай. Күңел жәмешліре. Қазан, 1926, 100-бет.*

бар. Орыс халқының араб елін зерттеуі XIX ғасырдың басында өрістеді. Мысалы, 1603 жылы патриарх Иов жазған әңгімеде «Июдеи же и Еллины, Скифы же и Латыня», «Аравития и Бессермены»[1] дегендер айтылады. Осындағы «иодеи» деп отырғаны палестиналық еврейлер, «еллины» — гректер, «скифы» — қыпшақтар, «латыня» — латын елдері, «аравития» — арабтар, «бессормены» — «басұрмандар» деуі өзгертіліп айтылған «мұсылмандар» дегені еді.

Академик И.Ю.Крачковскийдің айтуынша Россияда арабистика (араб тану ғылымы) В.В.Розеннен (1849-1908) басталады. В.В.Розен әлемге аян Н.Я.Марр, В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, П.К.Коковцов сынды ғалымдардың сүйікті ұстазы екен[2].

Бұлардан бұрын да бөгде тілдер арқылы арабтан орыс тіліне кірген сөздер болтан. Мысалы Н.А.Аристов пен П.М.Мелиоранский сынды ғалымдар «Арбат» сөзін (Москвадағы қонақ үйдің атын) XIII-XIV ғасырларда Алтынорда қыпшақтары арқылы орыс тіліне кірді дегенді айтады. Ал миткаль (кездеменің бір түрі), кандалы (кісен) украинша кайданы делініп, одан барып, орыс тіліне сіңеді. Ал, кездеменің тағы бір түрі французша муар аталады, бірақ москвалық русьтерде «мухояр» деген сөз шығыстан баяғыда келіп кіргенін ұмытып кетіпті де, француздың жаңағы муар дегенін қолданыпты. Ендеше: «Россияға араб элементі Алтынорда кезінде кірді де, бері келе француз, неміс мәдениетінің әсері арқылы қайта келеді. Расына келсек, орыс тіліне ертеде кірген арабтың ежелгі мухаяры ғой»[3], - дейді И.Ю.Крачковский.

Сөйтіп, бір тілден екінші тілге көшіп, онда өзгертіліп айтылып, артынан ескі орнынан алыстап кететін, кейде тіпті, төркіні танымайтын халге жететін сөздер, сөйлемдер, шығармалар болады. Бұлар шу дегенде шеттен келсе де, тілге үйіріліп, сіңіседі де, соңынан сол халықтың байырғы сөздері болып кете барады. Оларды арнайы зерттегенде ғана төркінін тауып, айтып жүреді. Мысалы, Москвадағы «Арбат» мейманханасын, оның төркіні «Алтынорда» саудагерлерінің «аялдамасы» еді деп, осы күнгі жұртшылыққа ұқтыру қиын.

---

[1] *И.Ю.Крачковский. Избр соч., т.У. М., 1958, с. 13.*

[2] *Аталған кітаптың 9-бетіндегі эпиграфты қараңыз.*

[3] *Сонда, 14-бет.*

Бұл тәрізді жеке сөздер былай тұрсын, тіпті күрделі шығармалар да, неше түрлі нақылдар мен ғылыми трактаттар да араб елінен шығып, басқа халықтарға мол тараған, соның ішінде орыс халқына да түсі-түрін өзгертіп келіп, байырғы өз мүлкіне айналып кеткендері аз емес. Мысалы, «христиан дінінің алғашқы кезеңінде Киевтік Русь еліне «Варлам мен Иосаф туралы повесть» атты шығарма келген, бұл әңгіме Будда өмірінің бір тарауы еді, ол Индиядан шығып, пехлевилік Иран тілі арқылы VIII ғасырда арабқа аударылған, соңынан грузин тіліне көшіп, христиан дініне бейімделген. XI ғасырдағы грек аудармасы, өзінен бұрынырақ жайылып кеткен славян тіліндегі туындыға тиянақтайтын еді. Осындағы біраз нақылдар - ілгеріде бұлғар тілінде болғаны мәлім. 1182 жылы Кирилл Туровский ежелден белгілі орыс тілінің байырғы материалы есебінде өз әңгімесіне өзек етіп алған. XIII-XIV ғасырларда мұның аудармасы Русь еліне қолжазба күйінде тараса керек-ті. 1681 жылы осы повесть Москвадағы «Жоғарғы типографияда» («Верхняя типография») С.Ушаковтың гравюрасымен басылып шықты. Ал акын Симеон Полоцкий осы басылуына өзінің өлеңін - «Иосафтың сахараға кіруі» деген монологын қосып жіберген. Артынан, 1708 жылдарда Бірінші Петрдің қарындасы - Наталья Алексеевнаның театрында «Варлам мен Иософ» жөніндегі пьеса қойылған. Бұл тіпті XVIII ғасырда да әлденеше рет көшіріліп, талай-талай өзгеріске ұшыраған повесть. Сөйтіп, дүние жүзіне араб аудармасы арқылы тараған шығыстың гүлі бөгде ауа райына кездесіп, өзінің ежелгі кейпін өзгерткен екен[1], - деп толғайды академик И.Ю.Крачковский.

Арабтың бір сөзі әр заманда әр елден келіп, не Батыстан, немесе Шығыстан енеді де, өзінің көне қалпын өзгертіп, неше алуан саққа жүгіреді. Әредік сөздер былай тұрсын, тарихи өзекті ескерткіштер де осындай күйге ұшырайды. Ал енді XVIII ғасырда «Данышпан Пильпайдың мысалдары» деген кітап француз тілінен орыс тіліне аударылған, бірақ мұның москвалық Русь еліне ежелден мәлім «Стефанит пен Ихнилат» екенін (баяғы «Кәлилә мен Димнә» екенін) оқырман жұртшылықтың бірде-біреуі ұғына алмай қалған[2], - дейді тағы И.Ю. Крачковский.

Айта берсек мұндай «қозы қоспай» адасулар толып жатады. Тіпті, беріде «еврей тілінде шыққан «Логика Авиасафа»

[1] *И.Ю.Крачковский. Аталған еңбек, 25-26-беттер.*
[2] *Сонда, 26-бет.*

деген кітаптағы «Авиасаф» есімінің Әбу Насыр екенін ұғып, атақты Шығыс тану ғалымы П.К.Коковцов мұның әлемге әйгілі X ғасырдың философы Әбу Насыр әл-Фараби екенін ашқан болатын»[1], - дейді ол. Сонда ғалым П.К.Коковцов еврей тілінде «р» дыбысының жоқтығынан «Әбу-Насыр» — «Авиосаф» атанды деп топшылайды. «Араб әдебиетін, араб тілін зерттеуге шұғылдану Россияда Петр заманында да болды. 1722 жылы Еділ өзенін жағалап, Петр Персияға жорыққа аттанды, сонда Еділ бойында ойранға ұшыраған бұлғарлар (шуваш, башқұрт, татарлар) моласына араб, татар, армян тілінде жазылған ескерткіш сөздерін көшіртіп алып, елу шақтысын орысшаға аудартқан еді. Осы тапсырманы орындағандар Ахуан Қадырмамет Сүйіншәлиев пен Юсуп Ижбулатов және армян адамы Иван Васильев еді»[2], — дейді И.Ю.Крачковский.

Бұған қарағанда араб мәдениетін зерттеу орыс халқында, әсіресе, бірінші Петрге қандай мақсатпен керек болғаны айқындала түседі. Заты, көршілес екі халық бірін-бірі анық біліп отыруы керек екенін байқатады.

Қалайда араб әдебиетінің зерттелуі орыс тілінде XVIII ғасырдың өзінде де бірталай сатыға жеткен тәрізді. Ол заманда дұрыс түсінгендер де, теріс баққандар да болса керек. Мысалы, Г.Кер (1692-1740) деген аудармашы-ғалым 1724 жылы араб цифрларының Индиядан келгенін дәлелдепті, ғылым тарихында оның осындай дұрыс айтылған пікірі өзшен көп кейін бағаланыпты да қабылданыпты. Ол ғалым

- Г. Кер өлерінің алдында (1735 жылдар шамасында) Абу-л- Еазының «Родословное древнетюрк» деген кітабын шағатай тілінен аударады. Ғылым академиясының конференциясында
- Самарканд обсерваториясында жасалған Мұхаммед Тарағай Ұлықбектің астрономиялық кестесін латын тілінде оқып шыққан екен[3]. Сонымен қатар, 1769 жылы «Поденщица» атты Василий Тузов шығарған сатиралық журналда араб, парсы, түрік, татар сөздерін орыс тілімен салыстырған мақаланы да ұшыраттық, сонда арабтың харам сөзі орысша храм, қажы
- ханжа болып кетеді. Бұлардың мүмкін, алыс та болса ауыс- түйісі бар да шығар. Ал енді арабтың есім деген сөзіндегі с

[1] *Сонда, 28-бет.*

[2] *Сонда, 32-бет.*

[3] *Бұлда сонда.*

әрпі бертін келе түсіп қалып, орысша имь болып, соңынан имяға айналған деуі өте сорақты байлам[1], - дейді академик И.Ю.Крачковский.

Қорыта айтқанда, араб әдебиетін, тілін зерттеу дүние жүзіндегі елдердің бәрінде, соның ішінде, орыс халқында да болған. Оның үстіне араб әдебиетіне орыс халды сын көзімен қарап, қажетін алып, керексізін тастайды, әйтеуір терең зерттеп, түбегейлі ұғынуға тырысады.

Біздің қазақ елі араб халқымен қоян-қолтық алысып, көзбе-көз сөйлесіп, көрші отырысып көрген емес. Қазақтар араб әдебиетін өзгелерден үйренді, араб тілін бітеудей қабылдады. Арабтың «алгебра, алкоголь, зенит, химия (алхимия), адмирал, изафет, магазин» деген сөздерін біз орыс сөздері деп келдік[2], өйткені оларды орыс тілі арқылы білуіміз де рас болатын.

Қазақ халқына көп жайылған, ауыздан ауызға тараған «Қорлан» өлеңіндегі:

Құранда бір аят бар - Хазірет Ясин,
Кім жаман болсын дейді жар жолдасын.
Тақтайда ләуһіл - махфуз жазбаған соң,
Ей, құрбым, оның несін қайғырасың?! -

құран (парсыда: фурқан «ақты қарадан айыру» д.м.) қазақтағы парқы, фарықы - айырмасы деген сөздермен түбірлес тәрізді. Аят, хазірет, ясни, ләуһіл, махфуз деген сөздерді айтушы да, тыңдаушы да түсінбейді және ойдың кілті де оларға тірелмейді, бұлар тек бос сөздер тәрізденіп жүре береді.

Әуелі аят, хадіс сөздің басы,
Қосалық бәйітсымал келді арасы, -

деп Абай біліп айтқан ғой.

Бері келе қазақ елінен араб әдебиетін, дінін терең зерттеген, жете білуге тырысқан оқымысты адамдар шықты. Олар араб еліне барып, Мекке мен Мәдинеге тәуеп етіп, қажы болып қайтып жүрді. «Ләйлі - Мәжнүн» поэмасы аударылды.

---

[1] *И.Ю.Крачковский. 5-том., 49-бет.*

[2] *Л.З.Рустамов. Арабско-иранское заимствование в казахском языке. Автореф. Канд. Дис. Алма-Ата, 1963, с. 4; Р.В.Виппер. История средних веков. М., 1947, с. 130.*

Ол 1923 жылы «Шолпан» журналына басылды[1]. Ол кезеңде қазақ тілінде жазылған поэмалар болды. «Мұңлы Мэриям», «Бақытсыз Жамалдар» жайылды. Араб тілінен, әдебиетінен хабары жоқ, оріс тіліне, әдебиетіне бейім авторлар, әлгі поэмалардағы махаббат сарынын европалық ұғымға шендестірді. Дәлірек айтсақ, «Бақытсыз Жамалда» (күйкілеу берілсе де) Л.Н.Толстой әңгімелерінің кейбір ырғақтары сезіліп тұрады. Л.Н.Толстойдың бір әңгімесінде мойына қызыл орамал байлаған қыз боранда ығып өледі, сонда бірнеше күн соққан боран толастап ашылады да, бір бұтаның басына ілініп қалған қызыл орамал табылады.

Бұл әңгіме оқырманды толғантады. Қыздың өлгенін өз тұсынан ойлап табуға баулиды. Ал «Бақытсыз Жамалдың» бетін бірнеше күн соққан боран да жасыра алмайды, жолаушылар үстінен шығады. Әрине, авторға да, оқырманға да бұл өте жеңіл, бәрі даяр, ойланып жатудьщ қажеті болмайды.

«Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында ұшырайтын махаббат ырғақтары қазақ халқының төл әдебиетінде біраз орын тепті.

Қорыта айтқанда, казақ әдебиеті екі елден нәр алды, аға буындары араб, кейінгілері өзекті Европа әдебиетіне - орыс әдебиетіне бет бұрды. Осы кейінгі бағыт күшейді де, араб әсері ығыса түсті. Сонда да болса ілгеріде орын тепкен араб әдебиетінен нәр алу аз болған жоқ. Алайда, араб әдебиетінің әсері бізден гөрі Орта Азияда - өзбек елінде күшті сақталды.

Біріншіден, баяғыда Күтәйбе иба Мүсілім 705-715 жылдары Хорасаннан келіп, Бұхараны, одан Самарқантты алды, бірақ Андижан, Фергана, Қоқанд уәлаяттарын түргеш ханы Сұлухан араб басқыншыларынан қорғап қалды, ол Шашты да (Тәшкенді де) арабқа бермеді. Сұлуханның ордасы Суябта («Су жап») Шу алаңында Таразда болатын. Х ғасырға дейін араб діні Сырдариядан бері аса алмағандай, өйткені «арабтар ол кезде шабылуға шықпады, ылғи қорғаныста болды, тіпті Шу өзеніне таянған да жоқ[2], - дейді В.В.Бартольд. Сұлуханды 748 жылы арабтар өлтірді, оны араб, парсылар «Әбу Мазақым» («бұзақылардың әкесі) деп атаушы еді.

Себебі саманидтер тұсында да, караханидтер дәуірінен кейін де араб тілі әдеби тіл болды. Өзбек ана тілінің өз правосын

[1] *Мұны Ташкентке алып келіп жариялатқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов еді.*
[2] *В.В. Бартольд. Соч., т. V, с. 45.*

алуы Ақсақ Темір билеген кезде еді. «Іс қағаздары, көпшілік алдында сөйлейтін сөздер тек қана түркі тілінде болсын! Арабша жазған немесе сөйлеген адамның басы сол тұрған, отырған жерінде алынсын!»[1] - деп, жарлық жариялады Темір. Сөйсе де өзбек тілінде ілгеріде орын тепкен араб-парсы тілдерінің әсері көп болуы заңды.

Түрікпен халқының жағдайы мүлде басқа. Ол көшпелі ел еді. Сондықтан бері келгенше, Махтум Кули мен Молла Кеминеден басқа сауатты азаматтары да некен-саяқ болып келді. Қырғыз елі осы күнгі мекеніне кешірек келгендей.

Алтай өңіріндегі ісләм дінінде жоқ түркілердің тілінде араб-парсыдан барған 25-ақ сөздің болуы да осыған айғақ. Оның өзінде де араб-парсы керуендері апарды ма, жоқ, мына көрші отырған ісләм дініндегі түркі елдері жеткізді ме, әлі күнге анықтала коймаған.

Екіншіден, Шыңғыстың немересі Бати (орысша - Бату) хан шабылуға кіріскенде, 1241 жылы монғолдың қаһарынан қорыққан Алтынорда қыпшақтары (половцы) Венгрияға жер ауыпты. Венгрия королі оларды жақсы қарсы алып, Паннони өңірінде көшіп-қонып жүруіне рұқсат еткен. Венгрия королінің бұл қылығына ашуланып, Бати мынадай хат жіберген. «Сен менің құлдарымды - «кумандарымды (қыпшақтарды) қол астыңа алып сақтап отырсың... Бұйырамын саған, оларды асырап-сақтама, солар үшін мен жау болып жүрмейін саған! Есіңде болсын, сенен гөрі қашып құтылу кумандарға оңай, олар да үй де, күй де жоқ, шатырға паналап көшіп кете алады, ал сенің мекен-жайың, салған сарайың, қалаларың бар, ендеше менің тегеурінді білегімнен құтыла қою өзіңе қиын тиер»[2], - деп ескерткен екен.

Ендеше, бір елге екінші ел тиісіп, өзіне қаратып алуға келгенде тырнақты алдымен қалаларға, орнықты мекені бар елдерге салатын сияқты. Сондықтан көшпелі түрікпен, қарақалпақ, қырғыздардан бұрын Хиуа (Хорезм), Бұхара, Самарқант, Ташкент (ескі Шаш-кент), Отырар, Түркістан, Тараз тәрізді қалалары бар елдерді бұрынырақ келіп қамау заңды. Бұған тарихтың өзі - айғақ. Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғысхан бағыттары да осыны дәлелдейді.

---

[1] *Арминий (немесе Герман) Вамбери. Очерки Средней Азии. М., с. 111.*

[2] *Г.А.Федоров-Давыдов. Курганы, идолы, Монеты. М., 1968, с. 87-88; В.В.Бартольд. Соч. Т.У. М., 1968, с. 511*

X ғасырдың басында (921) Еділ бойындағы Бұлғар еліш (татар, башқұрттар) Бағдадтың халифасы Мұхтадирге Абдул, ибн Башту (лақап аты Хазарин) елші боп барады. Ол - Бұлғар ханы Әлмұсадан (Алмуш) хат апарды. Сол хатта: «Мұсылман дінін қабылдаймын, сондықтан ісләм дінін уағыздайтын мешітте құтпа (дұға) оқитын ғұламалар жіберуіңді өтінемін

- деп жазған Әлмұса, осы хатқа Мұхтадир халифа қаты риза болған. Өйткені, Әлмұса тәрізді мықты хан арқылы терістікте жатқан Сырдария бойындағы ешкімге бағынбайтын оғыздарды, жауынгер халық - русьтерді өз аузына қаратып алуды көздейді.

Мұхтадир халифа 921 жылы 21 июнь күні Әлмұсаға елі жібереді. Оқымысты араб Ахмед ибн-Фалдан осы елшін хатшысы болып кетті. Олар Бағдадтан шығып, Бұхара, Хорезі Үстірттегі оғыз ұлыстары, жауынгер печенегтер (қыпшақта арқылы Еділ бойындағы Әлмұса хандығының астанасына - Бұлғарға 922 жылы әрең жетті[1].

Әлмұса ханның қол астындағы Суварлардың біраз мұсылман дініне кіруге көнбей көше жөнеледі де, бары Кама өзенінің жиегіндегі Елабұға (Алабұға) қаласына, оған жақын тұрған Сайтан қаласына барып орнығады (заты осылар шуваштар болса керек-ті). Әлмұса ханның тұсында шуваштардың Кереметь деген сарайы болыпты. Оларды қазір жер бетінде бірде-бірі жоқ. Бұларды жердің астына тауып алып, зерттеп, дәлелдеп жүрген Г.А.Федоров-Давыдов тәрізді археолог-ғалымдар.

Сөйтіп, осы ғылым табыстары тиянақталған болса, ара әдебиетінің, дінінің, қай елде, қай жерде күшті болғані оның негізгі себептері айқындала түсер еді. Бұлғар еліні сапына шуваштарды қоспауымыз В.В.Бартольдтің пікіріне қосылуымыздан. Оның айтуынша: орыс халқы 1551 жыл шуваштарды дінсіз ел (язычник) деп таныған екен. Екіншіден шуваштарда мұсылман елдерінен ауысқан сөздер бар, бірақ бөгде мағынада қолданылады, мысалы, қасқырға әмірі жүргізетін құдайды (пихампар) (паре, пайғамбар - пророк өлген кісінің жанын «киремет» (араб, қарамат - чудо) де айтады. Осыларды тіл маманы ғалым Н.И.Ашмарин келтіреді «Егер шуваштар Еділ бойындағы бұлғарларға жататын болса; онда қала тұрғындары болар еді, ол қалада тұрып мынадай

[1] *В.В.Бартольд. Аталған кітаптың 510-бетінде.*

сөздерді ата-бабаларынан үйренген болса, онда осылайша теріс бағып, жабайылыққа айналмас еді, мұсылман елінде мұндай тағылықты ұшырату мүмкін емес. Ендеше осы күнгі шуваштар қала тұрғындары емес, ағаш ішінде өсіп, өнген, қаладағы мұсылман мәдениеті бойына дарымаған халықтар»[1] - дейді академик В.В.Бартольд.

Қыпшақтарды Батыс европалықтар куман деп атайды, ал кейде «половецтер - печенегтер» деп атаған. Қалайда Әлмұсаның X ғасырда мұсылман дінін қабылдауы анық. Ол кездегі қыпшақтардың күшті болуы да даусыз. Мысалы, XI ғасырда Византия ғалымы Феофилатк Болгарский: «Печенегтердің шабуылы жайдың оғындай, ал олардың қашып құтылуы ауыр және жеңіл: ауырлығы сол - олардың олжасы көп, жеңілдігі сол - қашуы жылдам. Тарпа бас салғанда үнемі, ешбір із-түзін, хабарын білдірмейді, ал қашқан мезетте кейінгі жұрттың естіп-білуіне мүмкіндік бермейді. Негізінде - олар бөгде елдерді ойранға ұшыратады, ал өзінде мекен жоқ... Бейбіт өмір оларға бақытсыздық, ал соғысуға немесе біреуді кескілеуге ыңғайлы жағдай туа қалса, қуанғаннан «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» болады. Пәленің ең үлкені сол, олардың (қыпшақ, куман, половец, печенегтердің) көптігі көктемде быжынаған арадан да анағұрлым астам, олардың мың немесе неше он мыңдаған әскері барын әлі де ешкім біле алмайды»[2]- деп жазады.

Ендеше бір елді екінші ел аузына қаратқанда, ең алдымен ірі қалалары бар, тұрақты отырған елге көз салады. Арабтар да жолшыбай үстіртте көшіп жүрген гуаздарға (оғыздарға - түрікмендерге) аялдамай, Еділ бойындағы Бұлғар, Сувар қалаларына өтіп кетуі - осыған дәлел. Башқұрт деген сөз: башы (бас) және құрты - (қасқыр) деген сөздерден құралған. Академик В.В.Бартольд та осылай түсіндіреді. Ендеше башқұрттың «бас қасқыр» - атануы да сол ерте отырықшы ел болып, үлкен қалалар, қорғандар салып, мықты бекінуінде ме, қалай деген ойға келеміз.

Ал ендігі айтарымыз, бір елді екінші ел шауып-шаншып билегенде, қылыштың жүзі, мылтықтың дүмімен билеу орашолақтық тәрізді, артында терең із қалдыра алмаса керек.

«Монғол шапқыншылығы монғол елінің тағдырынан гөрі түрік халқының көркею жағдайына көп әсер етті. Монғолияның

[1] *Сонда, 510-бет.*
[2] *Г.А.Федоров-Давыдов. Курганы, идолы, монеты. М., 1968, с. 48.*

батысында құрылған монғол мемлекетінің тілі бірте-бірте түрік тіліне айналды. Шыңғыс хан патшалығына зор-зор үш мемлекет бағынды, соның бірі - Орта Азияда, екіншісі -түстік Россияда, үшіншісі - Персияда болды: монғол дәуірінде осы мемлекеттердің әсері - түрік руларынан, ұлыстарынан, бүтін халықтарынан құралды да - бәрі де монғол атанды»[1], - дейді академик В.В.Бартольд.

Осыған қосымша тағы бір тиянақты пікірді ұсынып көрелік. Мысалы, орыс халқының басына 240 жылдай әңгір-таяқ ойнатқан монғолдар еді. Соған қарамай, олар орыс тілінде ешбір із калдырмады: «Екі ғасыр бойы татар (монғол) шапқыншылығы зар илетсе де, біздің ата-бабамыз орыс құдайына өз тілінде дұға оқыды. Өр көкірек, озбыр, жауыз әкімдерді өз тілінде қарғап-сілеп, біріне-бірі өздерінің мұң-мүддесін өз тілінде шертті»[2], - деп А.С.Пушкин тауып айтқан болатын.

Бұлғар, татар, башқұрт тарихтарын революциядан бұрын да татар тілінде зерттеген ғалымдар болған, келешек буын олардың еңбектерін де пайдалануы қажет. Олар - Ғайнулла Ахмеров[3], Г.Баттал[4], Ибрагим Хальфин бин Исхақтар[5] еді.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша тағы бір дәлел келтірелік: «Арабы, турки, татары, моголы, последовательно завоевавшие Индию быстро ассимилировались с коренным населением»[6], - дейді К.Маркс.

Осы күнге дейін қазақ халқы туралы әрбір ғалымдар әр жағдайда неше пікірді айтқанымен, қазақ халқының ұзақ ғасырлық тарихын түбегейлі зерттеп, арнайы айтылған қорытынды тұжырым әлі аз. Сондықтан осы зерттеу еңбегімізде, әліміздің келгенінше, тарихтың ұзын бойында казақ халқы қандай елдермен карым-қатынас, әдебиетінде, тілінде қандай іздер қалғанын айтып өтуді парыз көрдік. Сөйтіп, табыстарға жетіп, үдере өсіп келе жатқан бағдарын баяндап келеміз.

Тілді халық жасайды, тіл мамандары сол халық тілінің нормаларын жіліктеп, заңдылығын ашады, ал әдебиетшілер

[1] *В.В. Бартольд. Аталған еңбектер, 211-бет.*
[2] *А.С.Пушкин. Собр. Соч., т.У, СПб., 1887, с.20.*
[3] *Гайнулла Ахмеров. Болгар тарихы. Қазан, 1912.*
[4] *Г.Баттал. Татар тарихы. Қазан. 1917.*
[5] *Н.А.Баскаковў Введение в изучение тюрских языков. М., 1962, с.16.*
[6] *К.Маркс и Ф.Энгельс. Избранные произведения, т. I. М., 1955. С. 311.*

сол халық тілінде мәңгі өлмес еңбектерін жазып қалдырады. Бәрінің де батынатыны - халық тілі. Ал халық тілінде өткен өмірдің тарихи таңбасы тұрады. Марксизм-ленинизм классиктерінің идеялары да осыған саяды[1].

Біз тіл мен әдебиетті бірінен-бірін ажырата қарамаймыз. Екеуінің түп қазығы бір.

Араб тілі мен әдебиеті қазақ еліне қай жақтан келгені айтылды. Екі ұдай соққан лептің тарихи беті ашылғандай болды.

Араб тілінен басқа елдерге ауысқан жеке сөздерді зерттегенде, көзге оқшау көрінетін жәйттер бар. Мысалы, араб пен парсы тілдерінде жүрген ортақ сөздердің жігін айыру қиын. Бұл пікірді бізден бұрын да талай ғалымдар айтқан. Өйткені, мың жыл бұрын, былай айтқанда VIII ғасырда, парсылар араб дініне кіре бастады. Парсыда мұсылман дінінің екі саласы (сектасы) қазірде де бар. Соның бірі - суниттер. Бұлар Мұхамметке табынады, ал шеиттер Әзірет-Әліге (Әлиге) бағынады. Екеуі де мұсылман дінінде. Олай болса араб тілін, дінін Орта Азия елдеріне парсылар әкелуі де мүмкін, ал кейініректе - Әбу-Мүсілім, ибн Кутейба тұсында, Хорасан, Мары, Бұхара, Самаркант шәһәрлері күшейген заманда ісләм дінін ирандықтар «Бұхара-и шәрифтен» («Священная Бухара») қайыра алуы да ғажап емес, өйткені Меккеден кейінгі мұсылман дінінің тұрлаулы орталығы «Бұхара-и шәриф» болғаны анық. Сондықтан да орта Азияға ісләм дінін таратушылар: - караханидтер, семанидтер, Махмуд Еазнауи, оғыз сұлтандары мен Хорезм шахтары болғаны да өтірік емес.

Сонда да кейбір парсы сөздері сонау соғдиандар (бұлар Орта Азияға үстіміздегі дәуірден әлдеқайда бұрын келген ғой) тұсында келген тәрізді.

Түбегейлі айтарымыз, қазақ елі араб дінін қаусыра меңгермеген, іші-тысына түгел жете түсінбеген ел. Тек сырттай дарыған. Қазақ елі тек жеке сөздерін бітеудей алып пайдаланған сияқты. Түсініксіз араб дінінен гөрі, қала тіршілігіне, мешіт-михрабтарға бейімделген мұсылман дінінен гөрі, ежелгі көшпелі тұрмысқа жақырынақ тұрған, табиғат құбылысына лайықталған шаманизм (тәңірге табыну) діні өз күшін сақтағандай.

[1] *К.Маркс и Ф.Энгельс. Соч. Т. XXVII, с. 88.*

Қазақтар («құдай сөзі» атанған төрт кітапты да біледі: «Зенд - Авестаны») көне иран тілінде жазылған Зороастра дінінің кітабын «Забур» деп атайды. Еврей тілінде жазылған Мұса дінінің кітабын «Библияны» («Тәурет») деседі. Христиан дінінің Иса пайғамбардың атымен шыққан «Евангелия» кітабын «Інжіл» дейді. Ал ең соңғы Иса дінінен 622 жыл кейін шыққан араб тілінде пайда болған дін кітабын - «Құран» деп ұғады. Кейде құранды «Кәләм шәриф» («Әулие сөзі») деп те атайды. Бірін-бірімен салыстырып, сын көзімен қарап зерттеген де емес. Ендеше, қазақ халқы шын мағынасында діндар-фанатик ел болмауы да осыдан шығар. Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радловтар айтқан болжамдар да осы жағдайларды тиянақтаса керек-ті.

Екінші тарау

ҚАЗАҚТАРДЫҢ БӨГДЕ ХАЛЫҚТАРМЕН ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫСЫ

1. Қазақ пен иран тілдерінің байланысы

Әрбір халық тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамында толып жатқан сөздер бар. Осы сөздердің шығуы - белгілі ұғыммен байланысты және ол ойдың жемісі. Тіл ойдың формасы болғандықтан да, алдымен ой туып, адам одан соң сөйлей бастайды. Қай елдің болса да сөздік қоры біртіндеп дамиды. Тілдің баюына, сөз қоры шеңберінің кеңеюіне көрші елмен жасасатын қарым-қатынастың да мәні зор сияқты. Орыс тілі де бөгде елдермен көршілес отыруы, алыс-беріс жасауы арқылы байыды. «Мысалы, - дейді В.Г.Белинский, - мына «сфера, эфир, гений» деген сөздерді қарапайым халық өзара сөйлескенде қолданбайды, сондықтан оқымысты адамдардан естігенде де, олар ұғынбайды»[1], - дейді. Өйткені бұл сөздер біріншіден бөгде тілден келіп кірген болса, екіншіден олар әлі жалпы халықтық сипатталмаған еді.

Сондай-ақ дүние жүзіндегі ел-елдерде жоқ ұғымдар да болады. Батыс Европаның географиялық жағдайында дала, сахара, степь деген мағына жок болғандықтан, ол француз тіліне stepre болып орыс тілінен ауысады.

Кейде керісінше жағдай болады, ұлт тілі өсіп ержете бастағанда, сол ұлттың ілгергі қауымындағы азаматтары жаңадан жаңғыртып, өз тілінің қорынан алып, әдемі сөздер шығарады, бұлар (бұл сөздер) шет тілден кірген сөздерден әлдеқайда безбендірек те келеді, өз тілінде нығыз орын тебеді. Мысалы, профессор В.К.Тредиаковский (1703-1769) орыс тіліне предмет деген сөзді енгізсе, тарихшы Н.М.Карамзин (1766-1826) промышленность деген сөзді, ал профессор-физик М.Т.Павлов (1793-1840) проявление деген сөзді кіргізген,

Өзінің көп ғасырлық тіршілігінде қазақ халқы талай елмен қанаттаса көрші отырып, дәмдес, тұздас болған, артынан бөгде елдермен кездесіп, бұрынғы көршілерінен алыстаған да кездері жоқ емес. Көне замандағы көп уақиғаның айғағындай

[1] *В.Г.Белинский. Полн.Собр.соч., түII. М., стр. 580.*

біздің тілімізде, әдебиетімізде сақталып келген біраз куәліктер де бар. Тарихи дәйектемелерге сүйене отырып, осындай көршілестіктен туған жәйттердің бастарын аша кетелік.

Ең әуелі әңгімені ертеде соғдиан елімен көршілес болған дәуірден, сол кезден қалған іздерді шолудан басталық.

Соғдиан (иран) тілінен ауысқан жеке сөздер-ұғымдар жөнінде

Бір елдің мәдениеті екінші елге сөз ауысуы, сол сөзбен бірге ұғым ауысуы арқылы тарайды, сондықтан біз жеке сөздерге тоқталалық. Біздің түркі тілдеріне бөгде елдерден сөз ауысуы жайында пікір айтқан ғалымдарымыз үнемі араб тілінен қозғайды. Жалпы жұртшылыққа мәлім сегізінші-тоғызыншы ғасырларда ислам діні етек алып жайылды: шығыс елдерінің бірталайына дін арқылы әмірін жүргізді: Бұл — рас, бірақ одан бұрын да халықтар мен тайпалар араласқаны айдан анық.

Академик В.В.Радлов: «Алтай мен Енесей төңірегін жайлайтын азғана түркі ұлыстары бар, олардын тілі мен әдет-ғұрпына Мұхаммет мәдениетінің әсері дарымағаны байқалады», - деген еді. Бұл пікірді академик А.Н. Самойлович қолдамады. Ол 1928 жылы жазған «Следы влияния исламской культуры на турецкие племена Алтайско-Саянского района»[1] атты мақаласында Алтай мен Енесей бойындағы түріктердің тіліне кірген араб-иран (парсы) сөздерінің тізімін береді. Барлығы - 25 сөз. Соның он бірі арабтікі, он екісі парсынікі, ал қалған екеуі араб пен парсыға ортақ сөздер. Сонда:

1. Aqbl[2] - араб. Ғақыл - образ мышления, характер, поведения, нрав (қаз. ақыл).
2. Esep - араб, ху ab — мнение, намерение; телеут диалектісінде - число, счет (қаз. есеп).
3. Qalig араб. Xaliq - народ, население (қаз. халық).
4. Xat араб, xat - письмо (қаз.хат).
5. Xabar араб, xabar- молва, сведение, известие, весть, (қаз. хабар).
6. qymat (кимат) - араб. Dymmat - ценный, дорогой (қаз. қымбат).

[1] *«Культура и письменность Востока» деген журналдың 1928 жылғы санын, 142-бетін қараңыз.*

[2] *Акад. А.Н.самойлович келтірген сөздердің жазылуын (транскрипциясын) сол қатында алдық.*

7. Taam (таам) - араб, ta am - пища, вкус (қаз. тағам) редко употреблямая форма дәм, часто употребляемая форма (пища, вкус, отсюда - дәм же - ешь пищу), дәмді тамақ (иногда тағам
- вкусная пища).

8. Sabby. Sambn араб. Sabun (сабун) - мыло (қаз. сабын).

9. Cozt араб cart (шарт) - божба, клятва, присяга; (каз. шарт
- договор, условие).

Ю.Раа араб. Baha (baha) - цена (қаз. бәhе, баға), (отсюда бәсі, бағасы, бәһәсі - его цена).

Алтай мен Енесей бойындағы «Мұхаммет дінінде жоқ» түркі тілдерінде де ісләм дінінің әсері болмағанмен, тілінің ықпалы тигенін осы келтірген тізімнен анық байқауға болады. Ендеше, Орта Азияға ертерек келіп, иран мәдениетін жайған ирандықтар әсерін тереңіректен іздеу керек болар дегенге келеді А.Н. Самойлович жоғарғы еңбегінде.

Ағылшын ғалымы Лаугрдің пікірінше иран тілінің монгол тіліне тигізген әсері әлдеқайда бұрын белгілі екен. Сонда монғолдың xormust (хормусд) деген есімі ираннның Ormusd дегенінен алынған. Бұл Авеста кітабында келетін Ahuramazdah (Ахурамазда) дейтін құдай атына байланысты шыққанын бір кезде Шмидт дәлелдепті. Мұны Лауфер тағы ескерте кетеді. Радловтың «Proben der volkliteratur die turkischen Stammevolp XI» - дейтін кітабының беташарында Шифнер: Саянның «Kurbustu» (курбусту) дейтін есімін де әлгі ираннның ormusd дегеніне апарып телиді. Академик А.Н.Самойловичтің пікірі де мұнымен ұштасады. Ол Алтай мен Енесей өңіріндегі түркі тілдерінен иран тілінің көптен бері сақталып қалған сөздерін табады, Мысалы:

1. Ar (ар) - паре, һәр, каждый (қаз. әр). Бұл «әр» қазақ тілінде жеке айтылмай, үнемі екінші бір сөзбен қосақталып: әр адам, әр кез т.б. болып айтылады.

2. Ес (еш); паре, һиш - отрицание - не, ни (қаз. еш.). Бұл да: ешкім, еш адам т.т. болып қолданылады. Ал «еңбегім еш болды», «ештен де кеш жақсы» болып тұрақты тіркес қалпында еш сөзінің дара тұруы - кальки фразеологизм болып қалыптасудың жемісі.

3. Orozo (орозо) - апрс. ruvza (руза) - пост (қаз. ораза.), парсы руз - день (күн). Қаз. «отыз күн ораза».

4. Qaras (қағас); паре. Koras (кәғас) - писчая бумага (қазақша қағаз).

5. Tərəzi (tərəzi); парс, taraza (тараза) - весы (қаз. таразы).

6. Tucman (тушман) - парс. Dusman (душман) - враг (қаз. душман, дуспан, душпан).

7. Salbbr (сабыр) — парс. Caluar (шалуар) — шаровары, штаны (қаз. шалбар).

8. Pajram (пайрам) — парс, bojram (байрам) — праздник (қаз. мейрам).

9. Paca (пажа) - парс. Padijca (падиша) қаз. патша.

10. Pazar (пазар) парс. Bazar (базар) - рынок, базар[1].

Академик А.Н.Самойловичтің жоғарыда айтылған пікірін қолдап, зерттеуші ғалым Е.Г.Кагаров 1934 жылы: «Алтай шамандарының (бақсы-балгерлерінің) ұғымынша құдай үшке бөлінеді, біреуі жердің астында, екіншісі үстінде, үшіншісі аспанда тұрады екен», - дейді.

Ендеше, иран тілінің әсері географиялық жағдайы жақын тұрған түркі тілдеріне ғана тиіп қоймай, тіпті қиыр терістікке — Сібір халықтарының тіліне де әсер еткені байқалады. Академик А.Н.Самойлович: «Ислəм дінінің шекара шеті Обь өзеніне тіреледі. Сібірдегі мұсылман-татар патшалығының көлемі де XV - XVI ғасырларда сол өзеннің жағасынан әрі аспаған»,-дей келіп, енді бұл шектің шығыс жағын мекендейтін «Мұхаммет дінінде жок», түрік халықтарына ислəм мəдениеті «керуен саудасы» («караванная торговля») арқылы да тарауы мүмкін», - деп түйеді. Алайда, біз ғалымның бұл пікіріне қосыла алмаймыз, өйкені ондай әсер көршілес отырған бөгде елдер арқылы да баруы мүмкін ғой. Мысалы, иранның анбар (склад) сөзі орыс халқының тіліне ең әуелі амбар болып кірген. Осы амбар орыс тілінен ауысқанда Орталық Қазақстан аудандарына албар болып сіңген. Оның өзінің тарихы бар. А.Гильфердинг деген зерттеуші бұл сөзді (амбарды) орыс тіліне санскриттен келді деген. Оған қарсы Н.Г.Чернышевский бұл амбар емес, анбар таза араб сөзі деп түйген-ді. Кейбір ғалымдар бұл сөзді ескі қыпшақ тілінен орыс тіліне ауысты деседі. Осы екі сөздің мағыналық айырмасы да бар, орыста амбар жабық қора, ал қазақта албар — төбесі ашық қора.

Араб тілінің хавлі - қора мағынасында айтылатын сөзі Батыс Қазақстан аудандарында аула болып кеткен. Оңтүстік

[1] *А.Н. Самойлович келтірген сөздердің бәрін тізе бермей, қазақ тілінде орын тепкендеріне тоқтадық.*

қазақтарының сөйлеу тілінде әлі күнге дейін әуелі болып айтылады. Өзбек тілінде сол көне түрі толық сақталып айтылады.

Олай болса, ісләм мәдениеті тек қана «керуен саудасы» арқылы тарады деу ғылыми дәлелсіз болып шығады. Өйткені керуен саудасы қысқа мерзімді, сондықтан ол мұндай үлкен әсер етудің тиянақты тірегі бола алмайды. Ендеше, өзбек, татар, қазақ тәрізді мұсылман діниндегі көрші елдер тілдерінің өзара әсері екендігіне шүбә болмасқа керек. Ал Сібірді жайлайтын ісләм дінінде жоқ түркі тілдеріне келсек, онда оларға татар, қазақ тілдерінің әсері болмауы мүмкін емес. Өйткені олар көптен көрші отыр ғой.

Иран тілінің осынша Қиыр Шығысқа тамырын жаюына осылар тәрізді діни, тарихи жағдайлар себеп болған тәрізді. Мұсылман діні, әдебиеті арқылы қазақ тіліне арабтың бүтін сөздері ауысқан, жалғау-жұрнақтары сіңбеген. Ал, бұған қарағанда иран тілі әсерінің орны өзгешелеу тәрізді. Бұған күні бүгін тілімізде бар бірсыпыра жалғау-жұрнақтар (аффикс), префикстер мысал болады. Бұлай болуының бірінші себебі: «көне соғдиандар Орта Азияда - Зерафшан, Қашкар, Амудария өзендерінің бойларын мекендеген халық. Соғдиандардың орталығы - Маракан да, осы күнгі Самаркан қасындағы Афрасиаб қаласы болыпты.

Соғдиандар біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырдың аяқ шеніндегі Ираның Дарий атты патшасынан қалған «Бехистун» жазуында да ұшырайды. Соғдиандар мемлекеті Орта Азияда құрылған көне Бактрия Хорезм мемлекеттерімен қатар шыққан екен. Соғдиандарды IV ғасырда Ескендір Зұлқарнайын шауып алыпты. Үшінші ғасырда соғдиандар грек - Бактрия мемлекетінің сапына кіреді. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы екінші ғасырда Кангха (Қаңлы) патшалығына қосылады. Үстіміздегі дәуірдің VI ғасырында соғдиандар түрік қағанатына кіреді. Согдиандар Жетісуда ірі- ірі қалалар салады. Олар Иран, Қытай, Византия елдерімен сауда қарым-қатынасын жасайды. Соғдиандардың керуен саудасы Лобнорға дейін барады. Орта Азияны арабтар VIII ғасырдың бас кезінде жаулап алады да, согдиандар өздерінің дербес мемлекеттігінен ада-күде айырылады»[1], - дейді тарих.

Иран тілінде сөйлейтін, сол нәсілден шыққан согдиандар Орта Азия халықтары тіліне, соның ішіндегі қазақ тіліне де

[1] *Советтік Үлкен Энциклопедия, 39-т., 544-546-беттер.*

әсерін мол тигізуі, ол елдің Орта Азияға ерте келуінен деп ұғамыз. Араб тілі VIII ғасырда ислəм дінін арқалай кіріп, ықпалын қолма-қол жүргізуге қимыл жасады. Бұрыннан көрші иран тілінің әсері шетке ығысты, бірақ қазақ тіліне сіңіп кеткен иран сөздері орын тауып, қалып қоюы сөзсіз.

Қазіргі шуваш тілін зерттеуші ғалым М.Р.Федотовтың пікірінше: «мұсылман шығысындағы елдермен Бұлғар мемлекеті (осы күнгі қазан татары мен башқұрт, шуваштарды айтып отыр) қызу қарым-қатыс жасады. Араб, парсы саудагерлері, сонымен қатар мұсылман діндарлары (миссионерлері), Бұлғар, Сувар тәрізді Еділ бойындағы ірі калаларда жиі-жиі болып жүрді. Багдад халифасы əл-Мұхтадир жіберген елшілерге ілесіп 921-922 жылдарда араб жазушысы Ахмет ибн-Фалдан немесе Фазлан Бұлғар патшасы Əлмұсаға келіп қайтты. Бағдадта туған ибн-Хаукаль да X ғасырдың орта шенінде немесе екінші жарымында болды. Гренада қаласынан шыққан испаниялық араб Абдуль Хамит əл-Гарнати XII ғасырда бірнеше рет Еділ бойын аралады. Сондықтан ол тілде (шуваш тілінде) араб-парсы сөздері 250 шамалы-ақ екен, соның ішінде араб сөздері екі есе көп»[1], - дейді.

Шуваш тілімен салыстырғанда, қазақ тілінің географиялық жағдайы ерекше, олардың жер аумағы қиыс жатыр, екіншіден шуваштар алғашқы дəуірінде шаман дінінде болып, артынан христиан дініне ауысқан. Ендеше, ерте кездегі əсер көнеріп, кейінгі əсер бел алады, бұның ықпалы тілде де анық көрінеді.

Осы пікірлеріміздің дəлелі есепті ираннан қазақ тіліне кірген біраз сөздерге тоқталалық. Ең əуелі қазақ тіліндегі сөздерді келтіріп, сонсоң иран сөздерін жақша ішінде көрсетелік. Осының бəрін де орыс графикасына негізделген қазіргі жазуымызбен беруді дұрыс көрдік.

Абырой - аброй, əбүйір (парсыда абруй - честь, репутация); қазақта - абыройы ашылды деген бар. Оның үстіне мұның қазақ тіліне аударылған «бетінің суын бес төкті» деген калька да бар. Бұл сөйлем парсы тілінен тура аударылған. Мұндағы: аб-су, руй//рой-бет, жүз деген сөздерге балама.

Ас (парс. Аш.) - пища, кушанье (парс. Ашхана) столовая, аспаз (парс. Ашпаз) - повар. Бұл сөзде жұрнак түр, паз (парс.)

[1] *М.Р.Федотов. Обарабских и персидских заимствованиях в чувашском языке. (Сб.: «Вопросы чувашского языкознания и литературоведения». «Ученые записки», вып. XXVI. Чебоксары, 1963).*

Бұл мағынаны-мамандықты білдіретін жұрнақ.

Әбдәсте. Бұл: әб > аб және дәст<даст деген екі сөзден біріккен.

«Қобыланды» жырында:

Қарындасың Қарлығаш,
Әбдестесі қарында,
Бес кесесі қолында, -

дегенде сулық орамал мәнінде айтылып тұр.

Өзбек, тәжік тілдерінде әбдаста - құман деген сөз. Түрік- татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінде: абдаст-дәрет алу, дәрет алатын құман (Будагов. Ср. сл. тур-тат. Нар.);

В.В.Радлов та осы мағынада көрсетеді (Радлов. Опыт сл., I- IV). Даст. Сөзі қазақ тілінде: дәс орамал (бет орамал) болып та айтылады. «Қазаққа қара сөзге дес бермедім» (Абай) дейтін өлең жолындағы «дес» те «қол бермедім», «қол қусырмадым, теңдік бермедім» деген ұғымда[1],

Әбілһаят, әбілһаят суы, әбілһаят бұлағы.

Бұл екі сөздің бірігуінен жасалған: 1) аб-су (парсы тілінде);

2) һаят (арабша - парсыша) - өмір, тіршілік.

Бәйшешек, балауса гүл балдырғандай
Қаратып шырайына талдырғандай.
Суындай әбілһаят шөлдеп ішкен.
Лебізі сусыныңды қандырғандай.

(І.Жансүгіров)

Дүрбі (парсы тілінде дүр - алыс, жырақ, аулақ)[2]. Мысалы, «аз дүр дидам әрең-әрең» дейтін сөйлем бар, мұның мәнісі: «алыстан әрең-әрең көретінмін». Осындағы аз немесе зи болып та айтылады, шығыс септіктің жалғауы «Тауана буад, һәр ки дана буад, зи даниши діл пир бәрна буад» (зи даниши данышпандықтан - аз даниши десе де бәрі бір шығыс жалғауын көрсетеді), ендеше, дүр алыс, ал бин - дидан (көру, қарау) — осы шактағы формасы. Сондықтан парсы тілінде Дүрбин - алыстан көретін (бинокль).

[1] *«Қазақ тілінің қысқаша этимологичлық сөздігі». Алматы, 1966, 16-17-беттер.*

[2] *Сонда, 69-70-беттер.*

Жексен (парс. Йексан — бірдей, бір тегіс). Жермен-жексен қылды. Мұндағы: йек < йак — бір, бірдей: сан — ұқсас деген («Этимологиялық сөздіктің» 86-87-беттерінде).

Дегдар (парсы-тиг-дар: тиг-тегі, түбі; дар-бар; тегі бар), дегдар адам; дегдар тұқым,

Ділгер (паре. Діл - гир: дил - жүрек, гир - алу - обиженный, печальный, жаждущий чего-либо). Тұзға ділгерміз. Қазақша ділгер - асыға күту, аңсау мағынасында екені даусыз.

Ділмәрд (паре. Діл-жүрек, мәрд - адам) - жүректі адам, ал тәжікше діл-мәрд - жүректі адам - храбрый, мужественный; человек с сердцем. Қазақша тілмәр шешен (красноречивый) деген мәнде айтылады.

Бұл жердегі діл дегенді қазақтың тілімен, ал мәр қазақтың жұрнағы қазы-мыр дегендегі мыр,-мір десек бұл ғылыми дәлелсіз болар еді. Мәр-ді парсының мор[1] (жылан) дегенімен байланысты қарауға болар еді. Өткір тілді, улы тілді адамға айтылады ғой. «Тілі мірдің оғындай» дегендегі мір — әмір сөзінен шыққан тәрізді.

Дәдеге (парс. Ду-екі, қос; төг-етек; дутаг - қос етек
— двухподольность); кигіз үйдің сыртқы үзігінің етегіне
— туырлықпен астасатын жеріне оюлап төрт бұрышты киіз тігеді, бұлар дәдеге атанады, осы дәдегелер үйге көрік береді, сыртынан қарағанда көздің жауын алады, ал дәдеге жапсырған үзіктің етегі - қос етек болып тұрады.

Айбарлы ақ ордада
Әшекейлі дәдеге, -

деген жолдар Дулат ақында да кездеседі.

Душар (паре. Ду-чар; ду-екі, чор-төрт) душарласу, кездесу. Зау-зат (паре). Зау (zahy) - екіқабат немесе босанған әйел мағынасында айтылады, зад - бала, нәресте, балапан мәнісін білдіреді («Этимологиялық сөздіктің» 99-бетінде).

«Қыз Жібек» жырында:

Атаңа нәлет қарақшы,
Құдай сені қарғасын,
Үрім-бұтақ, зау-затың,
Мендей болып зарласын.

[1] *Қазақта «Шахмаран» атты қисса бар. Мұның «Жылан патшасы» екенінде дау жоқ (парс. Шах – патша, мор – жылан).*

Кептер (парс. Көптер - кәбуптәр) - голубь, (қазақ совет әдебиетінің атасы Сәкен Сейфуллин жазған «Көкшетау» поэмасындағы «кептер кебі» - кептердің әңгімесі (повествование голубя) деген мағынаны береді. Гәп > кеп - әнгіме, сөз. Осы арадағы гәп > кеп - парсыдан тәжік, өзбек тілдері арқылы бізге келгені хақ.

Қас - қас батыр, қас сұлу, қаса сұлу. Осы жердегі қас, қаса сөздері өте, нағыз мәнінде, арнайы ерекше деген сыпатты да береді.

Қар - аппақ, бүркіт - қара, түлкі - қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға, -

дейтін Абай жолдарындағы қаса, өте, нағыз, ерекше деген мағына береді. Парсы-тәжік тілдерінде - хасс: 1) ерекше, арнайы; 2) ерекше қасиетті. Арабта - хас - ерекше, арнайы; Өзбекте - хоса - асыл тұқымды; хоса тұлпар - асыл тұқымды арғымақ; тәжікте - хоса - ерекше, ерекше қасиетті («Этимологиялық сөздікте»).

Қор (парс. Хор) - презренный, низкий, ничтожный; тат. - хур итеу - оскорблять, наносить оскорбление (обиду); удмурт
- кур карыны - оскорбить, огорчить; шувашта хур - поручение; обида, отсюда - хурту, хур ету - наносить оскорбление, обиду; қазақта: «еркектің қоры - күлегеш» деп келеді. Қор ету, қор тұту, қор қылу, қорлау - оскорбить.

Құштар (парс. Хостар - желающий). Мұнда хост - воля, желание дегенге келеді, ал ар - жұрнақ. Шувашта хастар
- усердный, рвение. Қазақта құштар болу - сильно желать, усердно стремиться, разжигать страсть.

Лепес «Жақсы лепес - жарым ырыс» (макал). Осы жерде араб-парсы тілдеріндегі «ләфз>лебіз дегенмен түбірлес. Бірақ академик Ф.Е.Корш казақ тіліндегі «лепес» сөзі «ләфз» (лебіз) сөзінен шығуы мүмкін емес, өйткені с дыбысы мен з дыбыстарының алмасуы бұл тілде кездеспейді. Сондықтан бұл лепес араб-парсы тілдеріндегі дем, леп, («тыныс»), нәфес сөзінің өзгерген түрі болу керек дейді[1]. Расында, бөтен тіл сөздердегі н мен л дыбыстарының алмасуы жиі ұшырайды. Мысалы, қазақта нәпсі, ләпсі болып айтыла береді.

[1] *Ф.Е.Корш. ОРЯС, т. II, кн. I, 1906, с. 283.*

hәр дайым мәрәуәд нәфеси,
Чун нигах микүнәм нәмәнд бәси.

(Саади. «Гүлстан»)

Мұндағы нәфәс тыныс мағынасында.

Меңдуана-улы, ащы шөп. Қазақтар тісі ауырғанда басады. Өзбекте - банг девона; ұйғырда - бәнги дивана; парсыда, тәжікте - «банги девона» екі сөз. 1. Банг: а) үнді қарасорасы - конопля; б) осы өсімдіктен алынатын наркотиктің түрі: 2. Девона (парс.) есуас д.м.; қазақта: диуана - есерсоқ, есуас (ел ақтаған қайыршы). Банг дегеннен мең болу, одан: меңіреу, мең-зең, меңдеу сияқты түбірлес сөздер[1] келіп шыққан.

Наурыз айы - март айы (паре, Нау-жаңа; руз - күн). Бұл 21 наурыз (день иранского нового года). Шувашта - нурас (месяц); қазақта: наурызнама - 22 наурызда болатын жаңа жыл тойы наурыз коже т.б.

Нұқсан (парс. Нешан; нәгс — кемістік, кемшілік, зиян), Қазақта. нұқсан келтіру — зиянын тигізу, зиян келтіру[2].

Нысана (парс. Нешан, нешане; орыс тілінде мишень болып келген). Көздеп ататын нүкте: мақсат, алға қойған міндет айрықша белгі: таңба.

Пайғамбар (парс, пайғамбар — хабар әкелуші).

Пара (парс, пара) - кусок, част, разорванный, порванный, взятка. «Пара-пара болды» дегендегі пара сөзі де осымен түбірлес. «Бұл елдің сөз танымас бір парасы» (Абай).

Парақор (парс. Пара - хор; мұндағы хор - алу) пара алғыш Сырнай (парс. Сур-най: сур-той; най-сыбызғы). «Сарнап жылау» да осымен түбірлес болуы ықтимал.

Тауан (парс. Тауана) - сила; тауаны қайту, немесе тауы қайту (тауы шағылу мәнісінде). Парсы-тәжікте: «тауана буад, hар ки дана буәд, аз (зи) даниші діл-пир бәрне буад» (кім дана болса, сол күшті (куатты), дана болғандықтан, шалдың жүрегі бала (қозы) болады. Осындағы - тауана біздің тауан тау дегендерімізге сай келеді.

Ұстаз, ұстат (парс. Устад) - учитель; наставник. Түрікте - ұста; татарда - оста, удмуртта - усто, шувашта - аста (мастер). «Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға» (Абай).

Шабата (парс. Чеботан - тостые сапоги), татарда - чабата; башқұртта - сабата; қарақалпақта - шабата; шувашта -

[1] *«Қазақтың қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1968, 145-бет.*
[2] *Сонда, 152-бет.*

джапата (лапаты). Сөйтіп орыс пен украиндықтардағы чеботы четен сөздердің төркіні коне түркі тілдеріне барып тіреледі.

Шебер (парс. Зибар - украшение, убранство, убор, наряд). Монтолда - цебер; татарда - чибер (красивый); өзбекте - чевар (ловкий, искусный); марийде - чевер «красивый, красный, румяный); удмуртта - чевер (красный); шувашта - чипер (красивый, нарядный, искусный); қазақта - шебер (искусный мастер) т.б.

Ширек (парс. Чаһарйәк немесе чар-йак) одна четвертая, четверть. Удмуртта - черык (четверть), шувашта - черек, қазақта - ширек, ширек шай т.б.

Шапыраш (парс. Чап-раст; чап - левая сторана, раст прямой; правый, правильный, верный). Татарда - чапрыш (криврй); түрікше - джапраз (знак отличия, перевязь, надеваемая наискосок, через плечо); шувашта - чапрос (косой, кривой); қазақша - шапыраш (косоглазый).

Шілтер (парс. Чеһелтар. Бұл да: чеһел тар деген екі сөзден біріккен шашақ, тор коз). Татарда челтер (сетка, кружева, тюль); шувашта чентер (кружева, узор); қазақта шілтер (тюль).

Бұл сияқты тұтас келген түбір сөздердің тізімін одан әрі жалғастыра беруге болар еді.

Сөйтіп, бұл келтірілген азын-аулақ мысалдар қазақ пен иран елдерінің ерте кезде араласқанын, сондықтан да жеке сөздер, ұғымдар - ауысқанын дәлелдейді. Түркі қазақ тілдерінен иранға, парсыға ауысқан сөздердің тізімін беруге болар еді. Бірақ осы еңбекте ол біздің міндетімізге жатпайды.

Соғдиан (иран) тілінен келген префикстер мен жұрнақтар жайлы

Бұл тақырыпты сөз етушілер әсіресе соңғы 10-15 жыл ішінде жиі кездеседі [1] біз бұны 40 жыл бұрын арнайы сөз етіп, мақала [2] жариялағандықтан бұл арада одан әрі жалғастыруды дұрыс көрдік.

---

[1] *Ю.Абдуалиев. Фонетика-морфологические особенности ташкентского говора казахского языка. Автореф. Канд. Дисс. Алма-Ата, 1967; Л.З. Рустемов. Арабско-иранское заимствование. (Автореф. Кан. Дисс.). Алма-Ата, 1963.*

[2] *С.Талжанов. К вопросу о влиянии персидского языка на казахский («Тіл мәселелері», 2-кітап. Алматы, 1936).*

а) Префикстер

Бұл салада ең алдымен айтарымыз қазақ тілі ерекшелігінде бұрын болмаған, бірақ қазір қолданылып жүрген префикстер (бей, би, бе, нә) жайлы. Әрине бұрынғы кезде бұлар қазаққа белгілі түбірлермен бірге ауысты да, бері келе төл сөздермен бірге қолданылатындай халге келді. Мысалы, иран (парсы) тіліндегі түбір сөздермен бірге ауысқандарға мына төмендегі сөздер жатады.

Бейшара (би-шара - беспомощный, бедняга), қазақша - шарасыз; амалы жоқ д.м. қолданылады.

Беймаза - (безвкусный, беспокойный, надоедливый), қазақша — мазасыз, маза бермейтін деген мағынада айтылады.

Бейтап (беспокойный). Жүрегім бейтап (серпе мое беспокоится). Әкесі - бейтап (әкесі ауырыңқырап жатыр д.м.).

Бекер (парс. Бей-қор - без дела) - бездельник, напрасно; неправда, ложь.

Осы сөз алды косымшалар (префикстер) ең әуелде иранның түбір сөздерімен бірге келіп, кейініректе қазақтың төл сөзімен де қолданыла беретіндігіне мысал келтірелік: «бейбастақ (запущенный, недисциплинированный) - жөнсіз.

Бейбіт - бейбет, бетсіз, бағытсыз мағынасында: - безликий, без направления, беспечный, безнадзорный, мирный). Бейбіт жылқы (безнадзорный, без табунщиков табун лошадей). Бейбіт ел (беспечное, безнадзорное население, население без обороны, без караула: мирное население).

Бейбауырмал - без родственников (бауырмал - любящий родственников). Ең алғаш 20-жылдарда қазақ тіліне интернационал — бейбауырмал болып қате аударылған кезі де болып еді. Кейін ол сөз қолданудан түсіп қалды. Мұндай жағдай өзге тілдерде де кездеседі. Мысалы, галоши деген сөз бір кезде орыс тіліне мокроступ деп аударылған болатын. Бірақ оны орыс тілі қабылдамады. Галоши сөзі мықтап орын теуіп қала барды.

Парсы тілінің нә және -хақ (нә - отрицание, хақ - честный, правый) дегендерінен қазақ тілінде нахақ (без вины виноватый) сөзі келіп шықты. Осы амалмен нә тұғры нәтура — дұрыс емес дегендер, одан барып накұрыс (ақымақ мағынасында айтылатын накұрыс) қалыптасты.

Сөйтіп, мұның бәрі агглютинативтік (жалғамалы) топқа кіретін қазақ тіліне сөз алды қосымшалар (префикстер) тобын енгізіп оның морфологиялық құрылымын жаңартты.

ә) Жұрнақтар

Бұл агглютинативті жүйеде поспозитив сақтайды. Енді соларға тоқталалық.

-паз. Бұл парсыда мамандықты көрсетеді: һонәрпаз (өнерпаз) - талантливый, даровитый, искусный мастер; құмарпаз (парсы - арабта) - азартный. Бұл жұрнақтың қазақтың төл жұрнақтарынан түбегейлі өзгешелігі бар. Ол өздері қосылатын сөздердің жуан, жіңішкелігіне қарамай, мысалы, сұрампаз (сұрағыш, сұрамшақ), алымпаз (алғыш), жемпаз (жегіш, бірақ жалмауыз емес), жүрімпаз екі мағынада:

1) жүрімпаз ат - ходовая лошадь - мұнда тура мағынасы да;

2) жүрімпаз жігіт дегенде ауыспалы мәнде де қолданылады. Берімпаз - мырза есебінде, келімпаз (завсегда-тай - часто посещающий).

-қор (парс. Хор - ішіп, жеу). Парақор, шайқор, дүниеқор (дүние араб пен парсы тіліне ортақ сөз); шаруақор, жемқор, қымызқор, тілеуқор т.б. да осы тәсілмен одан әлі жалғасып жасала береді.

Иранннан келді деп отырған осы хор (қор) жұрнағы ең әуелде дүние-хор, пара-хор болып тұтас келуі де кәдік, оның үстіне қазақ тілінің өзінде де кор-көр, кар-кер, кыр-кір жұрнақтарының бар екені белгілі.

Проф. Ғ.Мұсабаевтың айтуынша бөгде тілден жұрнақ-жалғау ауыспайды, тек жұрнақты сөздер тұтас түбір есепті ғана ауысады[1]. Біз бұны, негізінен, дұрыс дей отырсақ та, оған түгелдей қосыла алмайтын сияқтымыз, өйткені әлгі жұрнақтардың артынан парсының -паз жұрнағының орнына өзіміздің байырғы: -ғыш, -гіш, -шақ, -шек жұрнақтарымыз жарысып, орын ауысып қолданыла береді. Жемпаз деген же- гім, келімпаз деген кел-гіш, сондай-ақ сөйлемпаз - сөйле-гіш болып, өзара синонимдік топ құруы тіл ерекшелігін, табиғатын дұрыс тануға итермелейді.

Ал, казақтың өз төл сөздеріне -қор жұрнағы қосылып, қымызқор, жалақор т.б. айта беруге әбден болады.

---

[1] *Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966, 130-134-беттер.*

Қошқар (қошақанмен түбірлес) сөзіндегі қар жұрнағы жайлы пікірге қосылуға болады.

Ғ.Мұсабаев -қар жұрнағының қолданылуын төрт салаға бөледі. Соның бірі:

1. Қош-қар сөзіндегі қар сөзін ар-лан сөзіндегі - ар дегенмен байланыстырып қарайды. Сонда - қар-ар дегеннен жасалды, деп проф. Құдайберген Жұбановтың пікіріне қосылады.

2. Жон-ғар, жон-\қар - алғашқы сыңары - жон, соңғысы
- қар (снег).

3. Сот-қар. Мұның сот дегенін сод, сой (сойқан дегенде) содыр дегендермен байланыстырады. Соңғысы қар былайша айтқанда, бұзық деген ұғымдағы дербес сөз деп түйді. «Еркектің қоры, әйелдің қары - күлегеш» деген мақалдағы
- қар, ғар сөздері осыған жатқызылады.

4. Кереқар дегеннің де түбірі мен жұрнағы айқын көрініп тұр. Кере -етістік түбірінен жасалған көсемше де, қар - қолдың қары, көне замандағы ұзындық өлшеу единицасы»[1] - дейді Ғ.Мұсабаев.

-кер,-гер (парс.-гер). Зергер (паре. Зәргәр), дәрігер (паре, дәругәр).

Бұл жұрнақ мына тәрізді қазақ сөздеріне де қосылып, туынды түбір сөздер жасайды.

Іскер, жұмыскер, табыскер, желіскер, міністер, желісқор (рысақ).

Бұл аффикстің о бастағы негізі ұяң дауыссыз дыбысынан басталады. Кер болып, қатаң дауыссыздан басталған варианты қазақ тілінің ілгерінді дыбыс ықпалының әсерінен. Солай болса да мұндай буын үндестігі орын тебе алмаған. Ол аффикстің төркіні бөтен тілдік екенін осының өзі де аңғартады.

Әрине, қазақтың байырғы тілінде де -қар, -кер, -ғар, - гер, -қыр, -кіп, -ғыр, -гір жұрнақтары бар. Бұлар: құдай ат-қыр, тұқымы құр-ғыр, біл-гір, өт-кір, т.т. болып, әрі буын, әрі дыбыс үндестігі негізінде қосылып қолданылады.

-кеш (паре. Кәш - гарбокәш), қазақша - арбакеш, кірекеш (ар. парс, плата за наем) - извозчик, обозчик.

Тақымкеш - шабандоз мағынасында.

-уар, -уәр жұрнағы. Мәдуәр (парс, үмідуар - надеющийся, настойчиво просящий у кого-либо, попрошайка). Қазақша мідуар болу еміпіп сұрау; үміттену. Жануар деген де осы амалмен жасалған туынды түбір сөз. Бұлардан басқа да сөзуар т.б. мысалдар келтіруге болады.

[1] *Аталған кітаптың 132-133-беттерін қараңыз.*

Жоғарыда көрсетілген сөз алды қосымшалар (префикстер) мен жұрнактар қазақ тіліне ерте келіп кірген деуге болады. Бұған, біріншіден, бұл елдердің көршілес отыруы себеп болса, екіншіден, сауда-саттық арқылы, сондай-ақ олармен аралас өзбек, түркімендермен де қазақ елінің өзара қарым-қатысы кашан да із қалдырып отырған хақ. Оның үстіне ғасырлар бойы Бұхара мен Самарканд тәрізді Орта Азияның ірі қалаларына барып, медреселерде оқып, білім алып қайтқан қазақтың ұлама молдаларының да себебі тимеді деуге болмайды. Сұлтандар мен ханзадалар аркылы да келуі ғажап емес.

Сол кездердегі медреселерде оқылатын ілім-білім көбінесе, парсы (тәжік) тілінде жүргендігі де тарихи ақикат.

Молдалардың өздері үйреніп келгендері былай тұрсын, олар арқалап әкелген кітаптардың да басым көпшілігі парсы тілінде болатын. Орта Азиядағы парсы әдебиетінің әсері X- XV ғасырларда өте күшейді, бұған бірінші қарсы шыққан Мир-Әли-Шер Навои болды. X-XIV ғасырларда қыпшақ-қазақ тілінің парсы тіліне де әсері тимей қойған жоқ.

Сол заманда қазақ халқына парсы әдебиеті арқылы келген өлең шумақтары да аз болған жоқ. Әрине оның бәріне халық түсіне бермейтін. Мысалы, «Шәмсі, Қамар» атты қиссаны алайық.

Шәмші, Қамар сықылды дәптер бану,
Кісі қайда зарлықта сіздей тану (дану)...
Ahy көз, шырын сөзлі абзал-инсан,
Мен саған ғашық болдым жан ой ділдан...
Жаныма, әй ғашық жар, бол mehірбан...

Осындағы шәмші (араб. Шәмсі - күн), қамар (араб, -ай), дәптер (паре. Духтар - қыз - дочь), мәртебелі (госпожа), дану (парс, дано, дана, данышпан дегендегі), ahy (араб, ақбөкен, киш), шырын сөзлі (тәтті сөзді), абзал инсан (асыл адам), Ділдан (парс. Жан мен жүректен деп тұр); mehірбан (паре, мейірбан, мейірімді жаны ашығыш). Міне, осылардың ішінде мағыналары түсініктілерімен катар, түсініксіз қолданылуы жағынан етене сіңіп кеткен сөздер де аз емес. Қазақ арасына көп тараған адам аттарының басым көпшілігі жөнінде осыны айтуға болады[1].

[1] *Т.Жанұзақов. Қазақ есімддерінің тарихы. Алматы, 1971.*

Мұндай өлеңдер (әндер) қазақ өлкесінің бар өңірінде де кездесе беруі мүмкін. Кейбіреулері белгілі жерлерде ғана орын тепкен.

Өзінің соңғы еңбектерінің бірінде көрнекті тюрколог проф. Н.А.Баскаков: «Еділ мен Жайық» бойындағы түркі халықтары екі ұлыстың әсерін алған, соның бірі бұлғарлар (шуваштар), екіншісі қыпшақтар (татар, башқұрттар), - дейді. Ғалымның бұл пікірі Еділ мен Жайық өзендерінің бойындағы әсерлер жайында болса, мына Орта Азиядағы түркі халықтары жөніндегі: «...өзбек, ұйғыр, қазақ, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз халықтары төрт этногенездік топтан құралады: соның біріншісі - қарлұқтар (өзбектер, ұйғырлар); екіншісі - қыпшақтар (қазақтар, қарақалпақтар), үшіншісі - оғыздар (түрікмендер), төртіншісі - кыпшак-қырғыздар (қырғыздар). Міне осы халықтар - ежелгі субстарттар (Иран) әртүрлі шеңберде әсер жасады., ал кейініректе араб-парсы, орыс тілінің әсері тиді»,[1] - дейді Н.А.Баскаков. Ол осы сөзінде иран тілінің ежелгі субстарт екенін ескертіп айтуы орынды. Мұны - ертеден қарым-қатыста болды, сөз ауысып отырды деп түсінген жөн. Алайда, араб тілінің әсерін парсыдан бұрын атауы көптен қалыптасып қалған дәстүрді ұстануынан тәрізді. Біздің ойымызша, парсы тілінің әсері қазақ тіліне арабтан бұрын келуі де дау тудырмайтын сияқты. Көне соғдиан тілі тәжік тіліне орын берді. Тәжік немесе тәзік деген халықты ең әуелде араб деп ұқты, терістік Аравиядағы тай[2] ұлысынан шыққан елге балады[3].

«Түрік әдебиеті түп-түгел мұсылман әдебиетінен үлгі алды, әсіресе, парсы үлгілерінен нәр алды»,[4] - дейді академик В.В.Бартольд. Иранннан келген мұсылмандарды түрік пен монғолдар сауда мен мәдениеттің өкілдері есебінде таныған екен. Бір кезде саудагер деген сөзбен синоним болып сарт, сартақ, сартауыл сөздері де Индияға дейін жетеді. Соңынан көшпелі түрік пен монғолдар отырықшы ирандықтарды сарт деп атады. Осыдан барып сартақтай атты монғол ертегісі туды. Сартақтай сөзі екі сөзден тұрады: біріншісі, сартақ - арық, бөгет деген мағынада да, екіншісі, тай - еркек деген мағынада.

---

[1] *Сб., «Языки народов СССР», т.2. М., 1961, с.10.*

[2] *Атымтай жомарт осы ұлыстың адамы. Хотем деген кісі тай руынан шыққан екен. Хотем Тайский қазақша Атымтай блып кеткен*

[3] *Сб. «Языки народов СССР», т. 2. М., 1961.*

[4] *В.В.Бартольд. Соч., т. II. М., 1963, с. 127.*

Сол заманда арыққа бөгет жасайтын еркектерді тай деп атаған екен[1].

Тұжыра айтсақ, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ тайпаларының тіліне арабтардан бұрын әсер еткен соғдиан тілі. Ал, соғдиандардың ирандықтар екені шүбә тудырмайды.

Біздің дәуірден бұрынғы 170 жылдар кезінде соғдиандар Канг (қазақша қаңлы) мемлекетіне қосылған. Бірінші ғасырда Кушан патшалығына кіреді. Кушанның астанасы Зерафшан бойында болыпты. Кушания дәуірлеген кезде бұрынғы Мараканд қаласы әлсіреп, кері кетеді.

Біздің заманның VI ғасырында соғдиандар түрік қағанатына кіреді. Соғдиандар Иран, Византия мемлекеттерімен қарым-қатыс жасайды. Мұның сауда керуендері Қашғариядағы Лоб- Норға дейін барады.

Қазақ халқының кейбір ұлыстарының соғдиян елімен бірге болуын дәлелдейтін басқа да деректер бар:

«Сак пен Усунь ұлыстары Жетісу бойында мың жылдай (біздің жыл санауымыздан VII ғасыр бұрын және үстіміздегі заманның V ғасырына дейін) дәурен сүрген екен».

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Сак пен Усунь (үйсін) бір ұлыс, бір тектен таралған, екі түрлі атанған ұлыс көрінеді. Бұл жөнінде:

«Мүмкін, көне нұсқадағы «сә» ұлысы, мына «Аристей, Геродот тарихындағы «ииедон» және (географ) Птоломейде кездесетін «исседон» - бәрі бір сөз - бағя «у-сунь» (үйсін) деген бір ұлыстың түрлі-түрлі айтылып жүрген аты болу керек»[2], - дейді археолог ғалым К.А.Акишев.

Ендеше, сақтар мен үйсіндер бірге өсіп, біте қайнаған түркі тұқымдас елдер деп түйеді ол. Ал, шығыстану ғалымы И.С.Брагинский: «сақтар мен соғдиандар - тәжіктердің арғы атасы. Фирдоусидің «Шах-намесінде» айтылатын «Рүстем- Дастан» батыр жыры солардан қалған»,[3] - дейді.

Бұл арада біз сақ деген сөздің этимологиясын ашып берейік деп отырғамыз жоқ. Бұл үзіндіні сол заманда үйсін ұлысының болғанына көз жеткізу ниетімен алдық. Үйсін ұлысы түркі тектес ел екеніне дау жоқ. Ендеше, сонау соғдиан елімен коян-

[1] *В.Бартольд. Соч., т. 6. М., 1966, стр. 187.*
[2] *К.А.Акишев, Г.А.Кушаев. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963, с. 3-4.*
[3] *Фирдоуси. Шах-наме. М., 1957, с. 12.*

қолтық араласып келе жатқан үйсін ұлысы, ал қазір Ұлы жүз сапына кіретін үйсіндердің арғы тегі екені шек келтірмесе керек.

VIII ғасырдың бас кезінде Орта Азияны арабтар кеп шабады да, соғдиандар мемлекеті өз әмірін де, ықпалын да әлсіретеді. Бірақ, көне соғдиан елінің феодалдық дәстүрін арабтар із-түзсіз жоя алмады. Соғдиандар өнері Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы елдерге әлі де болса әсерін тигізе береді. Бұл тәжік пен өзбектердің феодалдық өнеркәсібінен айқын танылады.[1]

Иран тілінің әсері соғдиандар арқылы қазақ тіліне арабтардан бұрын әсер етті деуіміздің үлкен тірегі осы және басқа[2] тарихи мәліметтерге сүйенуден туып отыр.

2. Қазақ пен монғол тілдерінің байланысы

Біз бұл тақырыпты араб тілінің әсерінен баяндап отырмыз. Мұның да өзіндік себептері бар. Орыс тіліндегі деректерде араб мәдениетінің әсері парсыдан да бұрын аталып келгені баршамызға мәлім. Бірақ біз дағдыға айналған бұл дәстүрді сақтамадық. Оның себебін де айттық, ғылыми дәлелдеген де тәріздіміз.

Үнемі «араб-парсы әсері», «араб-парсы әдебиеті» дегендер тұрақты тіркес есепті орын тепті. Мұның себебін біз тарихшылардың кейбіреуі қазақ халқын кейін қалыптасқан өте жас ел деп ұғынуынан туса керек деп шамалаймыз.

Қазақтардың бүгінгі сапында жүрген Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Ысты, Қыпшақ, Арғын, Найман, Алшын, Керей, Уақ тағысын тағы ұлыстардың атамзаманнан бері тарих көшінен қалмай келе жатқанын ескермейтін тәрізді. Қазақтардың ата тегі көне дүниеден келе жатқандығы - қазір дау тудырмайтын шешілген проблема. Тек қазақ ұлты болып, бас қосуы, -бұл өз алдына бөлек нәрсе. Сондықтан тарихи деректерге сүйене отырып, біз хронологиялық ретті негізге ала, монғол мен қазақ елінің ескі ұлыстары арасында болған қарым-қатынасты айтпай кете алмадық. Заты, біз бұл монғол мәселесін ираннан

---

[1] *Б.Г.Гафуров. История таджикского народа в кратком изложении, изд. 1, 2-ое, 1962 (бұл автордың пікірі де осыған саяды).*

[2] *С.П.Толстов. Древняя культура Узбекистана. Ташкент, 1943; В.В. Бартольд. История Туркестана. Ташкент, 1922; БСЭ, т. 39, с. 544-546.*

(соғдиан, парсыдан) да бұрын баяндауымыз қажет еді, бірақ ғылыми бағдар мен пікір таластардан біз де аса алмай отырмыз.

Монғол мен түрік тілдерінің ара қатынасы біраз зерттелген де тәрізді. Бұл жөнінде ең алғаш еңбек жазған швед ғалымы Филип Иухан Страленберг[1]. Ол кісі XVIII ғасырда «Das Nord und ostlicke Theel von Eurupa und Asia» атты кітап шығарды. Неміс тіліндегі бұл еңбек (орысша аты: «Северная и Восточная часть Европы и Азии» делінеді). 1730 жылы Стокгольмде жарияланған. Мұнда түрік пен монғол тілі татар[2]санатына кіреді және олар өзара туыс тілдер екені дәлелденеді.

Ф.И.Страленбергтен кейінгі ғалымдардың бірталайы-ақ түрік пен монғол тілінің бір түбірден шыққанын айтады. Алтай төңірегінде өмір сүрген елдер ілгері заманда бір тілде сөйлеп, бері келе енші алысып, бөлінген деседі. Бұл пікірді жақтайтындр [3] М.Расянен, В.Шотт, Г.Винклер, В.Банд, Ю. Немет тағы басқалар.

Түрік пен монғол тілдерінің байланысы жөнінде шетелдік ғалымдардың пікірін толығырақ қамту үшін Г.Н.Рамстедтің «Введение в алтайское языкознание» атты кітабындағы проф. Н.А.Баскаков жазған беташарға жүгінген жөн.

Орал - Алтай тілдерінің туыстығы жөнінде монғол мен түрік және маньчжур мен тұңғыс тілдерінің ұқсастығын (лексикалық, грамматикалық жағынан да) зерттей келіп, бұл тілдердің түп негізі бір «ататіл» (праязык) деп ұйғарады. Академик В.Я.Владимирцовтың айтуынша,: «Түрік пен тұңғыс тілдерін монғол тілімен туыс дейтініміздің себебі бар, өйткені бұлар көне заманда бір тілде сөйлеп, бері келе әртүрлі жағдайда өсіп-өркендесе керек. [4] Ендеше бәрінің түбі алтайлық «ата-тіл»», - деп қорытады.

---

[1] *И.Страленберг – Полтавада тұтқында болған швед офицері. Сібірде ұзақ уақыт тұрған адам (қара: Н.А.Баскаков. Введение и изучение тюркских языков. М., 1962, стр. 131.*

[2] *«Татар» деген сөздің мәнісі мұнда бүгінгі ұғымнан кеңірек алынған. Монғолды да татар деп атайды.*

[3] W.Schott. «Versuch uber die tataschen sprshtn». Berlin 1836; G Winkler Uralaltaishen Volker unl sprahen. Berlin 1884; Ero же: «Das Uralaltaichen und Seine gruppen. Berlin 1886; W. Band. Uralaltaishen forschenden. Leipzig, 1890; J.Nemet. Az Urali es atorokngelvek osi kapksolkte «Nulk turomonui Sozlemenzsk-47, Bulapest.

[4] *В.Я. Владимирцов. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Л., 1929, с. 45.*

Монғол мен түркі тілдерінің туыстығын Г.Д.Сандеев, Н.А.Баскаков, Ц.Д.Номинханов тағы басқа ғалымдар да жақтайды. Шоқан Уәлиханов та бұлардан әлдеқайда бұрын: «Түрік пен монғол тілдерінің туыстығын қазір көптеген ғалымдар мойындап отыр»,[1] - деп жазған-ды. «Қырғыз, қазақтар шаманды - багши (бақсы) деп атайды, ал монғолша багш — ұстаз, мұғалім; ұйғырша — бағш — хат танитындар, түрікменше ақын-жырауларды атайды» [2], - деген болатын. Қазақ шешен десе, монғолдар сэсэн-сэцэн[3] дейді. Оның үстіне Сүпітай мен Көкжал Жебе тәрізді Шыңғыстың батырлары ең алғаш қыпшақтарға келгенде: «Сендер бізге қарсы болмаңдар, біз тіліміз бір, дініміз бір елміз», - дегенді айтыпты деседі. Бұл пікір: П.Пельо, В.В.Бартольд, В.Г.Василевский сияқты ірі ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Қазақ тілі маманы Ғ.Мұсабаев өзінің «Современный казахский язык» (лексика) атты еңбегінде қазақ-монғол тілдеріндегі ұқсас сөздердің тізімін береді. Олар қазақша: абдыра, алтын, аян, байсал, баянды, аймақ, баран, үдере, қарыз, сарын, қар, дөнежін, дулыға, жасақ, аңсағай, талқы.

Сөйтіп, бұлардың монғол тіліндегі: абдара, алтин, аян, байцал, баян, аймаг, баран, елдер, гарз, сарин, гар, донжин, дуулга, анцгай, талкин дегендермен салыстырады.

Одан әрі Ғ.Мұсабаев: ем (монғ. Эм), ем-ші (эм-ч), ем-ші-лік (эм-чу-ул), ем-де-мек (эм-чу-ул-лэх), көк (хох - түркіменше, азербайжанша — гөк), көгермек (хохрех), құр (хуур), құрай (хуурай) құрамақ (хуурах) сөздерін салыстыра тізеді. Сонымен бұл ғалымның айтуынша: 1. Монғол мен қазақ тілінің грамматикалық құрылысы ұқсас; 2. Негізгі сөздік қоры және сөздердің өзгеру түрі үқсас; 3. Түбірден жаңғырған сөздерді тудыратын жұрнақтар ұқсас. (...ендеше, - дейді ол, — осы фактылардың бәрі қазақ пен монгол тілдерінің бірінен- біріне ауысуы емес, бұлар ежелден туысқан халықтар»[4] - деп түйеді.

Филология ғылымының докторы К.Аханов [5] қазақ пен монгол тілдерінің ұқсастығын осы тәрізді төрт салада көрсетеді.

---

[1] *Ч.Валиханов. Соч., СПб., 1904, с. 179-180.*

[2] *Бұл да сол кітаптың 324-бетінде.*

[3] *Сол кітаптың 229-бетінде.*

[4] *«Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1954, 59-бет.*

[5] *К.Аханов. Қачақ тілі лексикасының мәселелері. Алматы, 1956, 65-66 -беттер.*

Қазақ пен монғол тілдерінің лексикалық тұрғыдағы ұқсастығын Ц.Д.Номинханов арнайы зерттеді[1].

Тарихшы ғалым М.Ақынжанов та: «Түркі-монғол тектес халықтар ежелден бірімен-бірі қоныстас, шаруашылығы бір тұрпатты, тілдері жақын халықтар екені даусыз»,[2] - деп есептейді.

Атақты маман Г.Д.Санжеев те түрік-монғол тілдерінің туыс екенін мойындай отырып,[3] бірақ бұл туыстық кейінгі замандар жемісі деген тұжырым жасайды. Осы пікірді одан бұрын Н. Поппе де айтқан-ды. Ол: «Түркі тілдерінің жақындығы, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан барып туса керек, бұрынғы кездегі бөлек-бөлек халықтар кейініректе көшпелі федолдық мемлекет құрған соң араласып, ауыс-түйіс жасаған, бірінен-бірі аяқ-табақ алып пайдаланған болуы керек. Түркі, монғол, тұңғыс туыстығы, атын атап айтқанда, дәл осындай жақындасудан болған, бұлардың тілдері осы кезбен салыстырғанда ілгеріде ұқсастығы аз болуы кәдік»,[4] - депті.

«Монғол мен түрік тілінің туыстығы - әлі талас мәселе. Алтайлық «ататілдің» болуы жорамалдау ғана»,[5] - дейді тағы Г.Д. Санжеев.

Л.Лигети мен И.Бенцинг т.б. ғалымдар да алтай тілдерінің туыстығы жөнінде өз пікірлерін айтады. Бұның көбі әзірге топшылаулар (гипотеза), алда тағы да талай ізденіс-зерттеулер болатындығына күмән жоқ.

Монгол тілінің маманы Ц.Д.Номинхановтың кейбір дау ыссыз дыбыстардың орын ау ыстыруы жөнінде жазғандарын арнайы атап кету қажет болады. Сонда:

Қазақша:	Монғолша:	Орысша:
М-мұрындық	б-бурунтаг	палочка продеваемая через хрящи под ноздрями верблюда для управления

[1] *Ц.Д.Номинханов. Термины родства в тюрко-монгольских языках. В сб., вопросы истории и диалектологии казахского языка», вып. I. Алма-Ата, 1958.*

[2] *М.Ақынжанов. Қазақ тегі туралы. Алматы, 1957, 11-бет.*

[3] *Г.Д.Санжеев К. Тюрко-монгольской лингвистической проблеме «Тр. Московского института востоковедения», сб. 4. 1947, с. 69.*

[4] *Н.Поппе. Академик Владимирцов (1884-1931). См. Сб.: (Революция и письменность. М., 1932, № 1-2.*

[5] *Г.Д.Санжеев. Аты аталған еңбектің 17-бетінде.*

ж-желін жал	д-делен д- дэл	вымя грива
й-айғыр	д-аджирга	жеребец
з-өгіз(өкір)	р-ухер	ВОЛ
з-егіз	р-ехир	близнецы
төˉ-тыңда	ч-чингна	слушай
т-тіке	ч-чике	прямо

[1]Осы ауыспалы кестеден кейін Ц.Д.Номинханов: «Түркі мен монғол тіліне ортақ фонетикалық (дыбыстық) заң бұл тілдердің бірге туысуының айғағы»,[2] - деп қорытынды жасайды.

Қазақ тілі маманы Ш.Ш.Сарыбаев өзінің (К вопросу о монгольско-казахских языковых связях» деген мақаласында бұл тілдерді:«Қазақ-монғол тілдерінің лексикалық, грамматикалық ара қатынасын және кейбір сөздердің этимологиялық мағынасын тағайындау үшін ғана зерттедім»,[3] - дейді.

Бұл автордың бір дыбыстың екінші дыбысқа ауысуы жайлы айтқан пікірі ойға қонымды. Сонда ол:

Қазақша:	Монғолша:	Орысша:
Ж-жиеншар	з-зээнцер	правнук
У-төлеу х-төлех		платит
Д-дала	т-тала	степь, поле
Б-кебек	в-хевег	отрубь, шелух
Қ-құймақ	х-хүймаг	блины
У-тауыс	г-тогос	павлин
Ш-шешек[4]	ц-цэцэг	бутон
Ш-шүмек	ч-чөмег	трубчатые кости
Қ-құнан	г-гунан	жеребенок трех лет[5]

Қазақ тілінің өзінде де й мен д дыбыстары орын ауысады, мысалы, аяқ – азақ-адақ; Н.А.Баскаков. Введение и изучение тюркских языков.
М., 1962, с. 117.

[2] *Ц.Д.Номиханов. Аталған еңбектің 147-беті.*

[3] *Ш.Сарыбаев. Аталған мақаласы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты жинақтың 2-шығуында. Алматы, 1960.*

Осы арада қазақша «шешек ату» деген мағынада айтып отыр. Ал шешектің (оспа) өзі де мына гүл бәйшешекпен сабақтас деп танимыз.

[5] *Ш.Сарыбаев көрсеткен тізімдегі жалқы буыннан тұратын сөздерді алмадық.*

деген тәрізді мысалдар келтіреді. Айта кетелік, осы салыстырмалы тізім Н.А.Баскаковтың «Алтай тілі» атты еңбегінде де бар. Мына мақаласын жазарда Ш.Ш.Сарыбаев оны өзінің пайдаланғанын нақты көрсетіп өтеді. Бізде сондықтан ескермей кете алмадық.

Қазақ тілінде баяғыдан бері айтылып келе жатқан қос сөздер мен тұрақты тіркестер бар. Солардың ішінде біз үшін сынарлары мәнсіздері де кездеседі. Мысалы, абысын-ажын, ем-дом, тоқты-торым, телегей-теңіз, некен-саяқ, үрім-бұтақ, өрен-жаран, аты-шулы, үйлі-баранды, ұлан-байтақ, шеру- тарту, дән ырза, бірдің кесірі мыңға, мыңдікі түменге, бала- шаға т.б.

Міне осылардың бір жақ түсініксіз сыңарын іздей келгенде, монғол тіліне тірелетін тәрізді. Сонда: ажын, дом, торым, телегей т.б. талдайық. Ажын (қаз. абысын) монғолша інісінің әйелі ағасының әйеліне ажин болады екен. Сонда абысын- ажын боп тұрған екі сөз бір ұғым береді екен. Көне заманда ажын сөзі қазақта да абысын орнына жүруі кәдік.

Қазақ тіліндегі ем-дом деген қос сөздің алғашқысы түсінікті. Ол ем болып жеке де айтылады. Ал домның мәнісін монғол тілінен табамыз. Қырғыз ғалымы Б.Орузбаеваның айтуынша, монғол тілінде дом - дәрі (лекарство) екен. «Монғолша- орысша сөздікте» ем-дом емдеу шарасы (целебное лекарство) деп түсіндірілген.

Қазақша тоқты-торым дегеннің де екінші компоненті түсініксіз. Ал монғолша тором тайлақ, мәнісінде екен [1] . Махмуд Қашғаридің «Девониінде» тоқты-торым - козы, ұсақ мал деп берілген.

Телегей-теңіз деген қос сөздегі телегейді Н. Поппе: монғолша «delekei» - айдай әлем, дүние (вселенная, мир) мағынасында, қазақша толағай, телегей. Жапон тілінде телегей-теңіз д.м., ал академик В.Владимирцовтің түсіндіруінше delekei (далекей) - жер, әлем (земля, вселенная) дегендерді білдіреді.

Осыларды көрсете келіп Ш.Ш.Сарыбаев біздегі телегей монғолдың delekei дегенімен туыстас сөз деп қорытады[2].

Джек Лондонның «Всеобщий поход» деген әңгімесі казак тіліне жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде «Теңсіз телегей аттаныс» болып аударылды. Бұл арада, телегей сөзі «Өзіне

[1] *Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 203-бет.*
[2] *Ш.Сарыбаевтың жоғарыда көрсетілген мақаласында.*

теңі жоқ - айдай әлем аттанысы» мәнінде алынған.

Некен-саяқтың алғашқы некені монгол сөзі сияқты, өйткені монгол тілінде нәг-ән (бір жалғыз) деген бар. Қазақта: «Саяқ жүрсең, таяқ жейсің» дейді. Сонда некен мен саяк дегендер - екеуі бір мағына береді.

Заты, қос сөздердің екіншісі түсініксіз сыңары да сол мәніндегі бөгде тіл сөзі болуы кәдік. Бұған: бала-шаға тіркесіндегі шаға, шақа дегеннің бала, балапан мәнінде екені даусыз. Ұлан-байтақтың да біріншісі монғолдың олоны (много д.м.) болса керек.

«Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге» деп келетін тіркестегі түмен монғолдың он мың дегені екен. С.Е.Маловтың айтуынша, бұл түмен ескі ұйғыр тілінде де он мың мәнісінде айтылыпты, онда «tuman» (түмен) - он мың деп келтірген[1]. Коне монгол тілінде грамматикалық родтың болғанын Б.Я.Владимирцов, Г.Д.Санжеев тәрізді[2] монғолтанушы ғалымдардың бәрі де көрсеткен-ді. Монғол жұрнағы (джин) мен «гуй» аналық текті «женский» родты білдіреді. Мысалы: құнажын, дөнежін, сондай-ақ құдағи (әйел) дегендерді алайық. Монғолда гуннан -гунаджін; дунен - дүнжен: худа - худагуй тәрізденіп, алдыңғысы ерлер (муж.род.), соңғысы аналық (жен. род) текті білдіреді.

Қазақ тіліндегі - шы, -ші жұрнағы мен монғолша - ч формалары. Бұған қазақтан: санитаршы, аңшы, сорушы, емші, тракторшы, монғолдан: санитарч, анч, сорогч, емч, тракторч т.б., қазақ пен қалмақтан: елші-элч, тонаушы-тонач т.б. мысалдар келтіруге болады.

Қазақ пен монғол тілдеріндегі етістіктердің де ұқсастығын (туыстығын) Г.Рамстедт кезінде айтып, фактілер келтірген:

Қазақша	Монғолша	Орысша
аулау	авлах	охотиться
ажырау	ажрах	расставаться
аршу	арчих	чистить, очищать вычищать

[1] *С.Е.Малов. Памятники дренетюркской письменности. М. – Л., 1951, с. 435.*
[2] *Б.Я.Владимирцов. Следы грамматического рода в монгольском языке. Доклады Российской акад. Наук. Л., 1925, с. 31-34; Г.Д.Санжеев.Следы грамматического рода в монгольском языке. «Вопросы языкознания». 1956, №5, с. 73-74.*

арсию	арсайх	торчать во все стороны разветвляться
асырау	асрах	кормить, держать на попечений
болу	болох	становиться, делаться
бүркеу	бурхэх	кем, чем-либо покрываться накрывать
быржию	биржийх	быть неровным, шероховатым, шершавым байлам
	баглаа	связка, пачка, кипа, пучок (от глаг. байлау связать)
дөңгелеу	дөңгөлох	(катиться, надевать шейную колодку)
еңкею	енхийх	(нагнуться становиться наклониться, долговязым, худеть, хилеть
жалпаю	жалбийх	сплющиваться
жымию	жимийх	(улыбаться, сжимать, поджимать губы)
жарату	зарах	расходовать
жалғау	залгаа	соединение, связь, сцепление, место соединения
ысқыру	исгэрэх	свистеть
мақтау	магтах	хвалить, славить
майырылу	майрах	притупляться
өсу	өсөх	расти, подрастать, развиваться. Увеличиваться
сақтау	сахих	охранять, береч, втягивать
сору	сорох	вытягивать в себя, сосать, тянуть, высасывать.
Сұрау	сурах	спрашивать, наводить, справки,осведомляться
Сергу	сэргех	воспрянуть, оживляться, пробуждаться
Сабау	савах	стучать, бить,
Сауу	саах	доить
Қақалу	хахах	подавиться
Салғыласу	салгалах	(спорт, дрожать, торговаться, трястись)
тұңу	тунах	осаждаться, оседать, отстаиваться, становиться прозрачной
(о воде) толеу	толех	платить, оплачивать

тонау	тонох	грабить, ограбить
тарау	тарах	расходиться, разъезжаться, рассеиваться, распускаться
кекіру	хэхрах	отрыгивать
құрау	хурах	собирать, складывать, составлять
қуыру	хуурах	жарить, поджаривать
шошу	цогих	пугаться, вздрагивать от испуга
жүдеу (жадау)	зудэх (зжадах)	изнуряться, истощаться, худеть
таяқтау	таягдх	бить тростью, посохом, костылем
кадау	хадах	прибивать, приколачивать, вбивать
қону	хонох	ночевать, проводить ночь
үрку	ургэх (ургэ)	шарахаться, бросаться в сторону от испуга (о животных)
қарау	харих	видеть, смотреть, глазеть

Қазақтың : -лық, -лік, -дық, - дік, -тік, -тық жұрнақтарына монғолдың -лаг, -лиг жұрнактары дәл келеді.

Мысалы:

Қазақша	Монғолша
Батырлық	батарлаг
Байлық	баялаг
Жарлық	зарлиг

Қазақша -лы, -лі болатын форма монғолша - лиг: төбелі доболиг.

Қазақша	Монғолша	Орысша
Кір	хир	грязь
Тарлан	торлон	сивая
Ала	алаг	пестрый
Көк, жасыл	кэх	зеленый, синий
Тегіс	тэгш	ровный
Күрең	хурэн	темно-рыжая

Аяң	уян	тихий-застенчивый
Қатты	хатуу	твердый, крепкий
Тарлан	тарлан	пестрый, крапчатый
Сары ала	саарал	пепельный
Құла	хул	саврасый
Бурыл	буурал	чалый
Ширақ	чийрэг	сильный, живой, бодрый,
теріс	тэрс	неправильный, ошибочный,

Ішетін ас, киетін киім, ұшқан құс, жүгірген аң, үй ішіндегі аспап-сайман, ата-тек, туған-туысқан, адамның дене мүшелері, даладағы өсімдік, төрт түлік мал - бәрінің де атаулары осы жоғарыда келтірілгендер тәрізді ұқсас болып келеді.

Тіпті күнделік өмірде колданылып жүрген кереге - хереге, тоқым -тохом, дөдеге -тодехе тәрізді сөздер дыбысталуы жағынан мүлде бірдей ғой.

(Қазақ пен монғол елі ежелден бір туысқан ел болу керек. «... Монғол мен түркі түбір субстратының ажырай бастауы кай кез екенін айту қиын. Бірақ бұлардың әрқайсысы өз алдына жеке тілге айнала бастағанына ең кемінде бес мың жылдан астам уақыт өтті деген С.Е.Маловтың пікірін қуаттауға тура келеді»[1], - дейді Ғ.Мұсабаев. Әйтпесе, біздің жыл санауымыздан көп бұрын соғдиандар тілінен келген сөздердің, жұрнақтардың өздері де әлі күнге дейін тегін анық көрсетіп тұрады. Егер ежелден бірге туыспай, бері келе 12 ғасырдан бастап қана қарым-қатынас жасаған болса, мұндай ұқсастыққа жеткендей жағдай туа қоймаса керек. Қонысы бір, ежелден дос, ой-пікіріміздің араласуына үш-төрт жүз жылға созылған орыс халқының тілі де қазақ тіліне сырттай әсер жасағаны болмаса, олар бір-біріне етене кірігіп кете алмайды. Олай болса түркі-монғол тілдері ертеден туыс тіл екенінде дау болмасқа тиіс.

Қорыта айтсақ, осы күнгі Алтай тілдерінің туыстығы жөнінде ғалымдардың пікірі екі бөлінеді. Бәрі де ілгерілі- кейінді тіл материалдарына сүйене отырып, өз көзқарастарын айтады. «Алтай ататілінің» бар екенін, оның атам заманда болғандығын бір ауыздан мойындайды. «Алтай тілдерінін шыққан тегі бір, түп тамыры, туыс тілдер» дегенге саяды. Бұл теорияны жақтайтындар: Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт т.б. Ал екінші бағыттағы - алтай тілдерінің

[1] *Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан, I бөлім. Алматы, 1966, 39-бет.*

типологиялық ұқсастығын, туыс емес, араласудан деп қарайтын ғалымдардың ең ірісі көрнекті поляк ғалымы - В.Л.Котвич (1872-1944).

В.Л.Котвичтің айтуынша: «Көне түркі тілдерінде жазылған ескі ескерткіштер VII-VIII ғасырлардан қалған. Мына тұңғыс (журжен) тілдерінің ескерткіштері XII ғасырлардан қалған», - дейді ол. «Осы күнгі түркі халқының саны отыз миллион, монғолдар үш-ақ миллион», деп келеді де: «Алтай ататілі болды, бірақ туыстығы жағынан емес, топологиялық жағынан»[1], — деп түйген-ді В.Л.Котвич.

«Корей тілінде де монғол, тұңғыс тілдерінің элементтері бар екен, сондықтан Г.И.Рамстедт пен Е.Д.Поливановтар корей тілін де осы Алтай «ата тіліне» қоса салыпты, осыдан барып «Алтай ата тілінің» шеңберін кеңейту үшін кейінгі кейбіреулер жапон мен юкагир тілдерін де осы «ата тілге» теліген болатын, бірақ бұл пікірдің бүгінгі ғалым дүниесінде нақтылы орын тебуі мүмкін емес», - деп үзілді-кесілді тұжырымға келеді осы В.Л.Котвич (аталған еңбектің «Қорытындысында»),

Бүгінгі жапон ғалымдарының біразы өз тілін түркі тілдерімен туыс деп дәлелдеп жүр. Мына екі салада жүріп жатқан ғылыми талас-тартысты көрсете отырып, солардың ішінен алдыңғы айтылған генетикалық туыстық негізді жақтаймыз. Әзірге зерттелген материалдар бізді осыған әкеп тіреді.

Тағы да айтарымыз: монғол тілі мен түркі тілдерінің туыстығын жақтауымызда екі үлкен дәлеліміз бар. Соның бірі: монғол мен түркі халықтарының тарихи өркендеу жолдары, тілі, рухани тіршілігі, тұрмысы, әдет-ғұрпы, тәңірге табыну т.б. ежелгі көшпелі түркі елдерімен бірдей. Бұл мәселелерге үстірт қарау мүмкін емес тәрізді. «Шаман дінінің (тәңірге — аспанға табыну, балгер — тәуіп дінінің басқа да салттары) әдет-ғұрыптары монғолдарға қарағанда қырғызда (қазақта) молырақ сақталған, бірақ бұл монгол діні бері келе мұсылман дінімен астасып - екеуі бір дін болып шыққан. Қазақтар Мұхамметтің құдайына да, сонымен қатар монғолдың «онгонына» да (әруаққа сыйынуына да) бірдей нанған»[2], — Деген болатын Шоқан Уәлиханов.

[1] *W.Kotwiez. «Studia nad jezykami Altaiskimi». Krakow, 1953. Автордың осы еңбегі «Исследование по алтайским языкам» болып орысшаға 1962 жылы ауддарылды. «М., 1962, 351-бетін қараңыз».*

[2] *Ч.Ч.Валиханов. Собр. Соч. В 5-ти т.т. I. Алма-Ата, 1961, с. 710.*

Әрі қарай бұл ойын жалғастырып Шоқан: «монғолдар да солай істеген, отқа (суға) табына отырып, өткен әруақтарын «онгондарын» шақыра отырып, мұсылман періштелеріне де сыйынып, Мұхаммет құдайына да жалбарынған, сөйтіп, бұл екі дін біріне-бірі кедергі де жасамаған»[1], - деп кесіп айтады.

Тап осы ойы аздай-ақ Ш. Уәлиханов: «Жалғыз құдайға сенетін Мұхаммет діні,-із-түзі белгісізжын, пері, шайтандарды да бар деп ұқты, шамандардың рақымсыз рухтарын жоя алмады, мұсылман пері, кәпір пері болады, - деп білді»[2], - дейді.

Ендеше ежелден тілі де, діні де жақын елдердің мұсылман дінін қабылдауы да, танымауы да қандай ұқсас десеңізші!

Монгол мен түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың, бір тектен шығуын тиянақтайтын екінші дәлеліміз мынау. Мысалы, соғдиян мәдениеті, тілі қазақ еліне көптен таныс. Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ ұлыстарымен ежелгі заманда-ақ қоныстас болған. Сөйте тұрып, Иран тілінен ауысқан сөздер, жұрнақ-жалғаулар осы күнгі қазақ тіліне мидай араласып кете қоймаған, олар үндестік заңына толық бағынбайды, жымдасып кетпейді. Аққа қара жапсырғандай оқшау тұрады. Ығы-жығы білінбей араласып кетуіне екі мың жылдан астам мезгіл жеткілікті-ақ қой! Ал, монғол тілі мен қазақ тілінің арасындағы айырмашылық мүлде аз, «құнан, құнажын, дөнен, дөнежін, айғыр» дегендер тағы басқа көптеген сөздер азын-аулақ дыбыстық айырмасы болмаса, бірдей емес пе? Мал өсірушілік, көшіп-қону, соғыс терминдері де пәлендей өзгеріссіз айтылады. Мұндай бірлестік-үндестік Шыңғыс хан шабуылынан кейін араласқан елдерде бола қоюы неғайбіл! Тарих үшін 600-700 жылдай уақыт өте шағын. Монғол мен қазақ (түркі) халықтарының бірлестігі-туыстығы көз жеткісіз көне заманнан Алтайлық «ата тілінен» келе жатыр деуіміз де осы жағдайларға сүйенгендіктен еді.

Мүмкін, кейбір тарихшылар қазақ деген халық XV ғасырда пайда болады, сонда соғдиан дәуірінде қандай қазақ болады деп те таласар. Оларға айтарымыз мынау: ол кезде осы күнгі халық пен ұлт мағынасы болмауы рас. XX гасырда, дәл бүгін ұлы ұлт атанып отырған елдердің қайсысы сол мезгілде тап қазіргі дәрежеде бола қойды екен? Алайда, бүгінгі қазақ

[1] *Аталған кітаптың 470-бетінде: монғолша – онгон, қазақша – әруақ деп көрсеткен Шоқан Уәлиханов.*

[2] *Ш.Уәлиханов. Аталған кітаптың 114-беті.*

халқының сапына кіріп отырған Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Арғын, Найман, Жалайыр т.т. аталатын ұлыс-рулардың болуы бұдан әрі дәлелдеуді қажет етпесе керек. Қазіргі қазақ тіліне соғдиандардың тілдік элементтерін осы ұлыс-рулар әкеліп қоспасына кім кепіл? Бүгін бәріміз де бас қосып, сол ұлыс- рулармен бір тілде сөйлесіп, ұғынысып жүрміз ғой. Осыларды аттап өту өте қиын сияқты.

3. Қазақ тілінің араб тілімен байланысы

Қазақ халқының тілі соңғы аз уақыттың ғана жемісі емес. Бұл тілдің тарихы ежелгі заманнан келе жатыр. Оны біз алдыңғы тарауларда да дәлелдеп өттік. Көз жеткісіз көне дәуірлерде сонау соғдиан тілімен жасасқан қарым-қатысын зерттеп, өзімізше орнықты пікір айтқандай болдық. Содан бері қарай қазақ тілінің ауыс-түйіс жасамаған елі кемде-кем тәрізді.

Әрбір эсер, ықпал әр түрлі бағытта жүретін сияқты. Соның ішінде тарихи қарым-қатынас, оның ішінде діннің әсері де болмақ, соның ең негізгісі тілдің лексикалық қоры мен сөздік құрамында анық көрінеді. Сондықтан басқаларын қоя тұрып, ең әуелі әңгімені тіл қарым-қатысына арнайы тоқталық. Араб тілінің таралу жолдарын тиянақталық.

Ең алғаш язычествода (дінсіздікте) болған, бері келе біраз уақыт ісләм дінін қабылдаған, артынша кейін серіпкен, енді осы күнгі христиан дінінде жүрген шуваштарда да «араб- парсыдан ауысып келген 250 сөз бар, соның үштен екісі арабтікі екен»[1], - дейді М.Р.Федотов. Араб тілінің элементтері қазақ тілінен гөрі өзбекте көп екенін Л.З. Рустемов[2] те айтқан болатын.

Ендеше, араб дініне ерте кіргендерде (өзбек, татарларда) ол тілдің элементтері өте көп, кейінірек кіргендерде (қазақ, қырғыздарда) азырақ, ал біраз уақыт қабылдап, кейін шығып кеткендерде (шуваштарда) одан да аз, ал тіпті араб дініне кірмегендерде (тува, хакас, қызыл ұлыстарында) мүлде жоққа тән (25-ақ сөз).

---

[1] *М.Р.Федотов. Вопросы чувашского языкопознания и литературоведения. «Ученые записки», вып. XXII. Чебексары, 1963.*

[2] *Л.З.Рустемов. Арабско-иранское заимствование. (Автореф. Кан. Дис.). Алма-Ата, 1963.*

Ескерте кететін бір жағдай бар: Мысалы, «VIII-XI ғасырларда Багдад шәһәрінде көптеген түркі ғалымдары болыпты, соның ішінде:

1) Абу Искақ ибн Хасан ибн Қухий әл-Хурайми (VIII ғасырдын аяқ шенінде Самаркандтан шыққан түрік адамы).
2) Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми уә Мәжуси,
3) Абу-Ғаббас әл-Жауһари (Отырар қаласынан).
4) Әбу Насыр әл-Фараби (Отырарлық)
5) Исхақ әл-Фараби (Отырарлық),
6) Абу-Насыр Исмайл ал-Жауһари (Отырарлық),
7) Ахмед ибн Мұхаммед Ферғанауи (Ферғанадан шыққан астроном),
8) Ахмед ибн Абдулла Маруази (Мервтік) т.т.

Тіпті Харун әл-Рашидтің немересі, Мамонның туған баласы Мутасим халифа елу мың түркі әскерін жалдап алған-ды. Сол Мутасимнің бір уәзірі Үтеміш түрік еді»[1], - дейді В.А.Эберман.

Шам шәһәрінің (Дамаск-Дамшық) маңында Желли (Желді), Алп-арсын атты түркі қыстақтары бар екен. Халифа әскерінде түркістандьщ әскерлер көп-ақ еді, - деседі («Сафар-наме»),

Халифа Ибрагим ибн Мәһдидің(775-785 Харун әл-Рашидтің ағасы) түрікше сөйлей алатынын ежелгі ғалым Якут айтқан екен[2].

Сол ерте кезде-ақ Багдадта түрікше сөйлесетіндер жиі кездескен. Сондықтан да тарихи қарым-қатысты, мәдени, әдеби, тіл ықпалы мен ауысуын әңгіме еткенде, осы ауыс- түйістің екі жақты екенін есте тұту қажет болады. Ендеше, араб әсерімен келген сөздердің бәрі өзінікі болмауы да мүмкін. Мысалы, дін (религия); бұл арамей тілінде - дин (религия); элем (мир, вселенная); арамейде - алам (мир, вселенная). Көне грек тілінде - джаһаннам (ад), тамұқ, дозақ (геенна, преисподняя). Қазақта - жаныңды жаһаннамға жіберем деп айтылуы да мүмкін. Дафтар (тетрадь), қазақта - дәптер. Осылардың бәрі басқа тілдерден арабқа кіріп, сонсоң бізге араб діні арқылы келгенін атап көрсетеді Л.З.Рустемов[3]. Қазақта бәдел қажы бар, бұл Меккеге біреудің орнына барып

[1] *В.А.Эберман. Записки коллегии востоковедов, т. У. М., 1930, с. 437-438.*
[2] *«Записки коллегии», т.5. Л., 1930, с. 273 (см. Ст. В.А.Гордлевского «К вопросу о влиянии тюркского языка на арабский»).*
[3] *Л.З.Рустемов. Жоғарыда аталған кандидаттық диссертациясының авторефератында.*

қайтқан кісі. Арабта ол - бадал (замена, заменитель). Парсыда екі сөз бар: боділ - с сердцем, ал биділ оның керісінше - без серце деген. Қазақта: бедел - авторитет деген мағынада. Тап осы сөзді біз кімнен алдық? Арабтан ба, парсыдан ба? — деген сұрақ туады. Біз парсының «боділінен» алған болуымыз керек деп айта аламыз.

Арабта шақшақ (болтать), қазақта шақшақ қылу - шағыстыру, сондай-ақ шақша (насыбай сауыты, мүйізден істеледі), парсыда «Худо харра дид, шахаш нә дад» («Бог осла увидел, не дал рога») деген бар, оның қазақшасы «Құдай есекті көріпті, мүйіз (шақ) бермепті. Осыған қарағанда біздегі «шақша», парсының «шах» (мүйіз) деген сөзінен шығуы ықтимал. Бірақ, осы шақ сөзі көне түркі тілінде де бар екен. Бұған «Құдай есекке шах бермепті» дегендегі «шах» бір дәлел болса, осыған қоса «шақылы қошқар» (мүйізді қошқар). «Шақшам шақша-ақ еді, өзіме жақсы-ақ еді, сиыр мүйізі шақысы еді», - деген даукес шешен Нәудің сөзі де бар. Әрине, сөз ауысуы ежелден екі жақты. Оңтүстік қазақтары тал бұтақтарының кесіндісін шақ (шах) дейді. Мұның да (мүйіз) шах дегенмен тікелей қатысы бар. Осы сөзге кішірейткіш-ша қосылып, қазақтың шақша сөзі жасалған.

Оныншы ғасырда арабтың аты-шулы соқыр ақыны Абул-ль-Әлә-әл-Мағарри үш кітап жазып кеткен. Соның біреуі «Мүлка-с-сабил» екен. «Брошенное на дороге» деген мағынаны білдіреді, яғни «өткен-кеткендер пайдалану үшін өз ойымды өмір жолына сеуіп кеттім»[1] — деген. Ендеше, біздің ойымызша, қазақта айтылатын себіл (жан себіл дегенде) мен әл-Мағарри айтқан сабил-дің де байланысы болуға тиіс.

Арабта кабаб (жаркое), парсыда да кабаб деген бар. Оны (қуырдақ) қазақ кебеп дейді. Осы екі тілдің қайсысынікі екенін үзілді-кесілді айту ауыр. «Мен кебеп болып отырмын» (қуырылып, шыжғырылып отырмын) дегенде де қолданылады.

Қазақ тіліне арабтан келген ай аттары: «сапар, ережеп, рамазан» болса, жұлдыз аттары: амал, сәуір, жауза (зауза) да дейді, саратан, әсет, сүмбіле болмақ, бірақ осылар парсы тілінде де бар, ал түп атасы гректің 12 айлық зодиакаль есебінен шығуы да ғажап емес. Тіл де, әдебиет те өсе береді, сондай-ақ бір тілден екіншісіне көше береді.

[1] *И.Ю.Крачковский. Избр. Соч., II. М.-Л., 1956, с. 184.*

Араб елінің әйел аттары да тілімізге аз ауысқан жоқ. Мысалы: Шамсия, Қамария, Қадиша, Айша, Қайша, Зейнеп, Бәтима, Рәбиға т.б. Бұлардың ешкайсысы да қазақ тілі үшін не дыбысы, не құрылысына карай әйел жынысын арнайы көрсетпейді. Сондай-ақдер бесқолданылатын-hал (положение), руh (дух), hейған (животное) сөздері көптік жалғауымен ahвал, арвah, hейванат болып тұрса да, оларға -лар үстеліп, ахуалдар, аруақтар, айуанаттар (хайуанаттар) болып, көпшенің екі рет келуімен қолдана береміз. Оның бұрынғысын біліп жатқан ешкім жоқ. Өйткені бұлар да (көпше күйінде) бітеудей түбір есепті қабылданған.

Жоғарыда айтылған пікірлерімізге факт есепті арабтан, парсыдан келген біраз сөздерге тоқталалық. Ол сөздердің Орта Азиядан тыс жатқан түркі тілдеріне қалай тарағанын, қалай айтылатынын көрсетіп өтуді де жөн көрдік.

Қазақта - абы (жрец, провидец) деген сөз бар. Арабта

- hафиз (оберегающий, хранящий; лицо, знающее наизусть Коран), татарда - абыз, абзи (дядя), шувашта - апас (жрец на молениях) болып, кейбір дыбыстық өзгеріспен қолданылады.

(Абыз) - шаман діниндегі халықтардың молда, сопы, бақсы сияқты адамдардың лауазымы. Ол «абыз» демек, әуелде шаман діниндегілердің өз молдасына қоятын аты екен», (Абай)... «Қазак тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том) абыз сөзі

- хафез, абид сөздеріне кқтысты дей келіп, оның мағынасын «оқымысты, білгіш, көреген, сәуегей, балгер» деп түсіндіреді. Түрік тілінде hafiz - құранды түгел жатқа білетін адам; абіт

- құдайға құлшылық ететін, құдайға сенетін кісі. Түрік тіліне бұл сөздер араб тілінен ауысқан. Ал, бірақ қазақтағы абыз сөзі, біздіңше, араб тілінен кірмеген, түркі елінің төл сөзі. Абыз (абыс-абуз) сөзі шығыс түркі тілдерінде де бар. Якут тілінде аба, абла, абыс, ап - мағына жағынан бір-біріне өте жақын. Бәріне ортақ түбір - ап. Бұлардың мағынасы: қу, сиқырлы, магия (Пекарскийдің «Якут тілі сөздігін» қараңыз). Қазақ тіліндегі «абызсынып отырғанын көрдің бе?» деген сияқты сөйлемдегі абыз сөзінен әулиелік, сиқырлық мағына байқалады. Көне жазу ескерткіштерінде аб (охота) - аңды алдап торга түсіру, сиқырлы, айлалы тәсіл колдану (С.Е.Малов. Пам. др. письм. монг. и кирг. 89); В.В.Радловтың айтуынша алтай тілдерінде ап - екі жүзділік, алдау (В.В.Радлов «Сөздіктерінде»), сонда абыз сөзінің негізгі түбірі сиқыр, тылсым мәнін білдіретін

аб/ап; ыз аффикс болуы ықтимал (салыстырыңыз: жау-ыз)»[1],- дейді А.Махмұтов. Аба - облавная охота. Бетпақдаладағы бір топ киікті алыстан торлап алып, әскерлер шеңберін тарылта түседі. Шеңбер ішінде көп киік қалады. Сасқан киік тек хан тұрған (аңдуы аз) жерден атып шығады. «Сасқан киік ханның басына секірді» дейтін сөйлем осыдан қалған ба дейміз.

Қазақ халқының алғыр ойлы тұңғыш профессорларының бірі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов абыз сөзін қобыз сөзімен байланыстырып, татар тіліндегі қобыз, абыз, абзи, абза, абыстайларды - қобыз деп түсіндіре келіп, бұл сөздің қ дыбысы көне заманда, рулық қоғам түсында түсірілген деген пікір айтады[2]. Сайып келгенде, арабтың хафизы емес, көне түркі сөзі деп дәлелдейді.

Араб тілінен қазақ тіліне келген сөздер аз емес, баршылық. Біз бұл арада тек өзімізден бұрынғы ғалымдардың тіліне тиек болғанына тоқталдық. Ал «бәрекелді, астапыралда, бісміллә» тәрізді құранның көптеген сөздерін қоспадық. Сонымен қатар қазақ тіліне арабтан кірген: жекешесі - сапар, көпшесі - мүсәпір, жекешесі - назар, көпшесі - ынтызар, жекешесі - ілім, көпшесі - мұғалім т.б. тоқталғанымыз жоқ. Сөйтсе де мына бір екі-үш сөздің қолдану тарихына тоқтала кетелік. Қазақта қағба (Меккедегі мешіт, мұсылмандар соған қарап, намаз оқиды) дейді. Арабта - кааба (главная маусульманская святыня, парсыда - қааба (мечеть со священным камнем в Мекке, которая является «главной святыней мусульман»[3]; марий тілінде - кова, кава дегендер аспан, періште (небо, первый ангел); удмуртта - құдайдың аты «каба пымар» («каба божество» деген магынада). Осындағы пымар - пайғамбар дегеннен де алынуы мүмкін. Өйткені тіл ғалымы Н.И.Ашмариннің айтуынша шуваш тіліндегі пихампар деп қасқырларға әмірін жүргізетін құдайды атайды. Бұл да парсының пайғамбары (пророк) деп түйеді.

Қазақта керемет (чудо, чудесно, превосходно, восхитительно); керемет қуаныш, құдайдың кереметі т.б. Арабта - қарамат (щедрость блогадать; парсыда - карамат (щедрость, великодушие, чудо); татарда - кирмэт; марийде,

---

[1] *«Қазақ тілінің қысқаша этимологичлық сөздігі». Алматы, 1966, 17-18 беттер.*

[2] *Х.Жұбанов. Исследование по казахскому языку. Алма-Ата, 1965, с. 314-315.*

[3] *Саади. Гулистан. М., 1957, с. 306.*

удмурта - керемет; мордвада - керемет (место пребывания злого духа, место где совершили моления духам, языческим богам). Ертеде, X ғасырдың бас кезінде, отқа, суға, хайуанға табынатын заманда, мордва, шуваштардың Кереметь деген сарайы болған. Олардың онда әлі ісләм дінін қабылдамаған дәуірі, 921-922 жылдарда еді. Осыған куә В.Хлебниковтың мына бір өлеңін келтірейік:

Мордвин, арабов проводник,
Сложив оазису моленье,

Здесь стан отдохновенья

Здесь расположим мы свой стан
Вблизи столицы государства:
В Булгаре любят персиян,
Но «кереметь» - само коварство[1].

«Керемет» деген бір сөздің басқа да ұғымда қолданылуы осы мысалдан көрініп тұр. Сөйтіп бұл сөзді мұсылман діниндегі елдер бір бағытта, ал басқалар екінші салада пайдаланған.

Қазақта алтын - золото, бұл сөз барлық түркі тілдерінде бар, арабта тин - грязь, глина; парсыда тин - глина, земля, грязь; орыс тіліндегі тина да осымен түбірлес-ау сірә. Венгерде (мадиярда) тім - глина; осы ал-тын екі сөзден құралған сияқты, соның бірі ал (алый, яркокрасный), екіншісі тын - тина (глина) болса керек-ті. Шувашта там, тан - глина. Осылардан барып бұларда ылтан немесе ылтам (золото) болған. Ең әуелде золотоның өзі орыс тілінде металдың түсін көрсеткен сөз деседі. Ал сөзі қазақта жиі кездеседі.

Ал қызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі?

Осы шумақтағы ал қызыл өте қызыл (яроккрасный) екені ешкімге де шүбә келтірмейді ғой. Сондықтан алтын дегендегі ал сөзі осы болуы ықтимал. Орыс тіліндегі алтынь сөзі де осыдан алыс болмаса керек.

[1] *Г.А.Федоров-Давыдов. Курганов, идолы, монеты. М., 1968, с. 5.*

Қазақта биқасап деген кездеме бар. Ол өзбектерде де шапанның тысы боп қолданылады. «Сокровищница тайн» атты поэмасында касаб деген кездеме аты бар. Бұл жұқа мата. Ал биқасап мұның керісінше - қалың. Сонда алғашқыдағы би (бей) префикс, ол касаб сөзінің алдынан қосылып, биқасаб былайша айтқанда, жұқа емес, қалың кездеме дегеннен барып қалыптасса керек.

Үшінші тарау

АУДАРМА, ОНЫҢ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК РОЛІ

1. Аударманың арнаулы тарихынан

Бір халық пен екінші халық жақындасып араласа бастағанда, өзінде жоқты көрші елден алады. Осы ауысудың таянақты тірегі аударма, өйткені «аударушылар - мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары»[1], - деп А.С.Пушкин тегін айтпаса керек.

Үстіміздегі дәуірдің III ғасырында «Панчатантра» («Бес бәйіт») атты кітап үнді тілінде жазылады. Аты-жөні белгісіз Кашмир өлкесіндегі бір брахман жазыпты-мыс. Оны үш жүз жыл өткеннен кейін, дәлін айтқанда, VI ғасырда иран тіліне дәрігер Барзуя аударды. Екі жүз жылдан соң (VIII ғасырда) «Кәлилә мен Димнә» деген ат қойып, әлгі «Панчатантраны» араб тіліне Әл-Мукаф ұлы Абдулла аударып береді. Қазіргі күнде тұңғыш жазылған түпнұсқа «Панчатантра» да, Барзуяның аудармасы да ұшты-күйлі жоғалып кетіпті, жалғыз- ақ араб тіліндегі Әл-Мукаф ұлы Абдулла аудармасы «Кәлилә мен Димнә» ғана түп нұсқа болып қалды. Шығыс пен Батыс Европаға осы «Кәлила мен Димнә» қанатын кең жайды. Мұны қорек қылмаған мәдениетті ел жоққа тән.

X ғасырдың сом туған ғалымы, дүние жүзіне мәлім Хорезмнің әл-Бируниі осы кітап туралы: «Ғылымның неше алуан саласы Үндістанда екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз көп. Бәрін қамтуға менің, әрине, мұршам келмес, бірақ «Панчатантраны» аударуға өте құштармын...»[2] - деген-ді.

Сол аты-шулы «Панчатантраға» өзінен бұрынғы әйгілі «Махабхарата» дастанының үш тарауы кіреді. Е.Э.Бертельстің айтуынша, бұл үш тарау «Махабхарата» эпосының 12 кітабынан алыныпты. Олай болса, ой-сананың шеңбері, мәдениеттің ұйтқысы «Панчатантрадан» басталмайды да, мұнымен аяқталмайды да. Мәдениет желісі үздіксіз созылады, оның түп қазығы аударылып қағыла берсе керек-ті.

---

[1] *А.С: Собр. Соч., т. У. М., 1887, с. 23 (Түп нұсқасы: «Перевод-чики – суть подставные лошади просвещания» делінген).*

[2] *Alberunis. Ed…, by. E Sachau. London, 1887, p. 76*

«Кәлилә мен Димнәның» парсы тіліндегі аудармасын 1144 жылы Низамидин Әбу-л-Меали Насураллах қайта жазып шығады. Он екінші ғасырдың бас кезінде бұл кітапты араб тілінен еврей тіліне Рабби Иоэль аударады. 1263-1278 жылдар шамасында мұны Иоан Капуанский «Адам өміріне өсиет» деген атпен латын тіліне аударады.

XI ғасырдың аяқ шенінде Симеон Сифұлы «Кәлилә мен Димнәны» араб тілінен грек тіліне аударғанда «Стефанит пен Ихнилат» («Жетіскен жан мен із кескіш») деп атайды. Осы грек тіліндегі нұсқа ежелгі славян тіліне аударуға негіз болады.

1762 жыл Россия академиясының аударушысы Борис Волков: «Үндістан философы Пильпайдың саяси және өсиет мысалдары» - деп, мұны латын тілінен аударып шығады .

«Панчатантраның» негізгі сарыны феодолдық қоғамнан нәр алады, сондықтан XVIII ғасырға дейін түрлі халықтар арасында кең өрістеп орын тебеді.

XVI ғасырда Хусейн Ваиз Кошифи парсы тіліндегі аударманы қайта өңдеп, «Әнуари Су хейли» («Бақыт жұлдызы») деп Үндіге қайта апарады. Содан соң Әбуль-Фазыл әлгі Хусейн Ваиздің нұсқасын тағы өңдеп, «Иори Даниш» («Даналықтың алғашқы тетігі») деп жеңілдетіп береді. Парсы тілінен бірнеше рет түрікшеге аударылады. Академик И.Ю.Крачковскийдің айтуынша, солардың ішінен көбірек таралғаны, әрі ең тәуірі «Хумаюн нама» («Патша кітабы») болса керек. Түрікшесінен өзбек тіліне аударған ташкенттік Исаұлы Фазылулла еді (бұл 1888 жылы Ташкентте литографпен басылады). Татар тіліне арабша нұсқадан аударған Ғабдулғалам Фаизханұлы болады. Бұл Қазан баспасында 1889 жылы жарық көреді. Монғол, малай тілдерінде де «Кәлиләнің...» аудармасы бар, - деседі.

«Кәлилә мен Димнәны» арабша нұсқасынан Европа тіліне 1816 жылы түңғыш рет аударған атақты арабист, француз ғалымы Сильвестр де-Саси болды.

1923 жылы И.П.Кузьмин мен академик И.Ю.Крачковский орыс тіліне әлгі «Кәлиләні...» үшінші рет аударып береді.

Академик И.Ю.Крачковский нұсқасынан қазақша 1962 жылы аударылды[1]. Бұдан бұрын да «Кәлилә мен Димнәның» өзінен (араб тілінен) тікелей аударылған екі нұсқа бар, бірі - Сәкен Ғылмановтікі, екіншісі - Ғұбайдулла Ахметовтікі. Бұл екі қолжазба Қазақ ССР Ғылым академиясының

[1] *«Кәлила мен Димнә», алматы, 1962 (С.Талжанов).*

Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы (Сәкен Ғылманов колжазбасы, №335, Ғұбайдулла Ахметов - №1636).

«Кәлилә мен Димнә» орта ғасыр әдебиетінде жиі кездесетін күрделі тақырып, федолизм дәуірінен тиянақты нәр алған шығарма, сөйте тұрып осы күнге дейін ескірмей, өлмей, тарихтың үдере тартқан көшіне ілесіп, қалмай отыруында үлкен себеп бар. Заманымыздың белгілі ғалымы Е.Э.Бертельстің айтуынша: «Бұл кітап әкімдерінің шағым арызға орынсыз сенбеуін, айыптыларды жазалауға төтенше асықпауын ескертеді»[1], - дейді.

Көне заманда «Өмір айнасы» атанған, ал орта ғасырда Германияда «Князь айнасы» болған кітаптардың қатарына осы «Кәлилә...» да кіреді.

«Ақындардың данышпаны ұлы Гете де өзінің даңқты «Рейнек түлкіге» дейтін шығармасын «Кәлилә мен Димнәға» еліктеп жазған еді, бірақ өнеге айтып, тақпақтай сөйлеуді оның негізгі арқауы етпеген екен. «Кәлилә мен Димнә» - шынында да бүкіл әлемдік әдебиеттің байырғы үлгісі», - дейді Е.Э.Бертельс.

Аударма тарихы алыстан келе жатыр. Дүние жүзінің атақты ғалымдары да бұған ерекше көңіл бөлді. Бір халықтың екінші халықпен қарым-қатынас жасауы, танысуы, өз елінің ой-санасын өркендетудің тиянақты тірегі аударма екенін олар баяғыда-ақ ұққан болатын.

Мысалы, әлемге аян талым, философ, Екінші Ұстаз Әбу- Насыр әл-Фараби (873-950) Шытыстың бірнеше тілін білді, соның ішінде араб тілін өзінің ана тіліндей меңгерді. Грек философтарын зерттеу үшін гректің де тілін әдейілеп үйренді. Осылармен катар ол парсы тілінде өте көркем өлеңдер жазды.

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1037) Ибн Синаның замандасы еді, ол да өз еңбектерін, көбінесе, араб тілінде жазды. Басқа тілдерден араб тіліне аударумен ганатынбады, арабтан парсыта да, тіпті санскрит тіліне де аударды. Аударманың халық арасын қосуға дәнекер болатынын түсінді: «Менің барлық ойым да, жүрегім де тек гылым-білімнің тамырын жаю — осыны өзіме бақыт деп есептеймін... Сондықтан үнді тілінен үнемі аудара бергім келеді,..»[2] - деген екен Бируни.

Осы арада бір айтатын нәрсе, мына иран тілінің, дәлелдеп айтқанда соғдиян тілінің, ауыс-түйісі сауда-саттықта, кәсіби сөздерде ізін мол қалдырған тәрізді де, ал рухани әдеби мұралар кейініректе мына араб діні, араб мәдениеті арқылы келгендей. Заты, араб халқы Батые Европа мен

[1] *Сонда, 10-бет.*
[2] *Абу Рейхан Бируни. Индия. Ташкент, 1963, с. 21.*

классикалық шығыс арасында тұрған байланыс сияқтанады. Мысалы, көне грек-рим дүниесінде болған ұлы ғалымдардың, Индия нақылдарының бәрі де Батыс елдеріне араб аудармасы арқылы, араб тілі арқылы тарағанын бізден бұрын да талайлар дәлелдеп кеткен. Орны келгенде ескерту жөн, Сократ, Афлатон, (Платон), Аристотель тәрізді философтардың, Саллюстий сияқты тарихшылардың, Птоломей сынды географ-философтардың ойлары да араб аудармалары арқылы дүние жүзіне әйгілі болған. Үстіміздегі үшінші ғасырда үнді тілінде жазылған «Панчатантра» да Батыс Европаға және мына Орта Азияға араб аудармасы аркылы тарағандай.

Ең алғаш ірі аудармалардың бірі Абу Ждафәр Мухаммед бин Джарин Табаридің (922 жылы өлген кісі) көп томдық «Табари шежіресі» («Летопись Табари») атты еңбегі еді, 963 жылы оны уәзір Мир Абу Али бин Мухаммед Балами араб тілінен парсы тіліне қысқартып аударған болатын.

XI ғасырда болған белгілі тіл ғалымы Махмуд Қашғари «Девону лугот ат-түрк» деген еңбек жазады, сонда түркі елінің көптеген сөздерін арабшаға аударып берген-ді, сонымен қатар түркі елінің мақал-мәтелдерін де араб тіліне әдемі аударған-ды.

Абулқасым Махмуд бин Умар Замахшари «Фахри Хорезм» («Хорезмнің мақтанышы» — «Гордость Хорезма») аталған еді. Ал Орта Азияда бірінші рет араб-парсы тілдігін «Мұхадиматул адабты» («Введение к изящной словесности») жазды.

«Кәлилә мен Димнә» өзбек (көне өзбек) тіліне XIII ғасырда аударылыпты. Бұл аударманың қолжазбасы Лондон кітапханасында «Индия оффисте» сақтаулы жатыр.

Ертеде, 1720 жылы, парсы тілінен өзбек тіліне Мухаммед Хорезми «Осори имомия Анвори Сухайли таржимаси» деп берді.

«Кәлилә мен Димнә» өзбек тілінен бұдан кейін де бірнеше рет аударылды. Мысалы, 1891 жылы Нияз Мухаммед Хорезми, 1898 жылы Кари Фазулла Алмаи аударып берді, бұл аударма 1898 жылдан 1905 жылға дейін үш рет басылып шықты[1].

[1] Джуманияз Шарипов. Из истории перевода в Узбекистане. Ташкент. 1968, с. 31-32.

Адамзаттың данышпан туған ұлдары: К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Ленин - бәрі де аударма мәселесінің көркеюіне атсалысты. Өзінің «Капитал» тәрізді ұлы еңбегі орыс тіліне аударылған К.Маркс аудармашыны автордың саналы әріптесі дегенге дейін дәріптеген-ді, ағылшын тіліне аударылғанда, осы пікірді Ф.Энгельс те қайталады[1].

Аударма туралы пікір айтумен қатар, олар өздері де аударған-ды. Мысалы, Ф.Энгельстің өзі де А.С.Пушкин жазған «Евгений Онегин» романының бірінші тарауын қара сөзбен неміс тіліне аударғаны мәлім.

Сондай-ақ В.И.Ленин де аудармаға өзі қатысқан-ды. В.И.Ленин ағалы-інілі Веббовтердің «Теория и практика английского тредюнианизма» деген кітабын, Клара Цеткиннің «Международынй социалистический конгресс в Штутгарте» атты еңбегін, К.Каутскийдің мақалаларын және «Коммунистік партияның манифесі» тәрізді зор еңбекті орыс тіліне аударып берген-ді.

Ендеше, осының бәрі аударма тарихының алыстан келе жатқанына және қандай маңызы бар екеніне үлкен айғақ бола алады.

Орыс тілінде Гомердің «Илиадасын» Гиедич аударғанда А.С.Пушкин қатты қуанған, «Бұл сен үшін емес, орыс халқының игілігі», - деп баға берген. Өзі Ювиналды аударуға кіріскен. Иран ақыны Сағдидің сөзін «Бахчасарай фонтаны» атты поэмасына эпиграф етіп алған болатын. «Многие, так же как и я, посещали сей фонтан; но иных уже нет, другие странствуют далече» (Саади), - деп келтірген-ді А.С.Пушкин.

Аудармаға көңіл бөлу бүгін ғана туып отырған жоқ, бұл - ежелден келе жатқан тиянақты дәстүр. Ол ауыспай мәдениет кенересі көтерілмесе керек.

Әлемге әйгілі араб ертегісі «Мың бір түннен», «Панчатантра» сегіз жүз жыл бұрын жазылды. Сондықтан да «Мың бір түнде» айтылатын қыруар әңгімелердің «Бес бәйіттегі» толғаулармен үндесуі де заңды. Жазба әдебиеті шыққаннан кейін аударманың ізі айқын көрінеді. Сонда еңбегін алғаш жазып қалдырған автор бірінші орында тұрады да, кейінгілерн сол үлгіні қуалайтын тәрізденеді. Мәдениеті мешеу елдің мәдениеті жоғары елден үлгі алатыны да ежелден мәлім.

[1] *К.Маркс и Ф.Энгельс. Соч., т. ХУ, ч. I, с. 231.*

Осы жөнінде «Айқап» журналының редакторы, ақын, жазушы-журналист Мұхаметжан Сералин: «Панчатантраны» ибн Махфа (инб әл-Мүкаффа), VIII ғасырда арабша аударды. Оның түп нұсқасы қазір дүние жүзінде жоқ, бірақ араб тарихшысы Табаридің кітабында одан көшірілген сөздер көп»[1], - дейді.

«Абулқасым Туей Фирдоуси (944-1020) 76 жасында өлген. Ол Хорасан уәлаятында, Түс шәһәрінде, «Табиран» бөлімінде туған. Осы ұлы шығармасы «Шахнаме» туралы өзі: «Мен өзімнің жырыммен биік сарай салдым, жел, жаңбыр оған жетпестей, өмірі өшіп кетпестей еттім, өлсем де тірі болармын, ақылы барлар оқырлық жыр жазған кітап қалдырдым ғой»[2], - депті ақын Фирдоуси.

«Шах-намені» 976-998 жылдары бір мың ауыз өлең етіп Дакики шығарған. Осыған 59 мың ауыз өлеңді Фирдоуси қосқан. «Сонда, бұл «Шах-наме» 60 мың бәйт, 120 мың жол өлең болады. Оны 999 жылы түрік ханы Махмұт сұлтан Ғазнауиға сыйлыққа тартқан, өзінің қызына жасау етпек болған, - дейді М.Сералин. Совет заманындағы шығыс елін түбегейлі зерттеген ірі ғалым И.С.Брагинский: «Шах-наме» поэмасы ең алгаш 994 жылы жазылып бітті, ал 999 жылы аяқталды деу қате, бұл қатені Британия музейіндегі Иран әдебиеті қолжазба каталогын жасаған Рье деген кісі жіберіпті, әрі қарай «Фирдоуси жалғыз ұлынан айрылып, мезгілінен ертерек қартайды да, отыз бес жыл жазған осы үлы еңбегінің екінші редакциясын 1010 жылы тамамдады. «Шах-наме» 120 мың жол емес, 100 мың жол өлең. Ақын Фирдоуси 1020-1026 жылдары қайтыс болды, оның сүйегін мұсылман діндарлары «кәпір» (еретик) деп танып, жалпы мазарға қойдырмай, өз бақшасына жерлетіпті», - дейді.

Ақын М.Сералин «Шах-намені» ең әуелі бір мың ауыз өлең (екі мың жол етіп Дакики шығарған) десе И.С.Брагинский: «Шах-наме» бұдан бүрын бес рет шықты дейді. Соның біріншісін: Әбулмуайяда Балхи[3]қара сөзбен жазды, бірақ ауызекі айтылғаны болмаса, оның түп нұсқасы сақталмаған; Екіншісін: Масғұд Марвази өлеңмен жазды (бұдан қалған

---

[1] *Мұхаметжан Сералин. «Айқап», 1914, 145-бет.*

[2] *Фирдоуси. Шах-наме, М., 1957, с. 963-964.*

[3] *Р.Ю.Виппер. История средних веков. М., 1947, с. 133. (Осы тарихшы ғалымның айтуынша Балх – ежелгі Бактра қаласы).*

бірнеше жолдар бар); Үшіншісі: «Мансұр шах-намесі» атанып, 957 жылы қара сөзбен жазылды, мұны редакциялаған Әбумансұр (немесе Сағда ибн Мансұр) әл Мағмари (немесе Муаммари) екен, ал жаздырған Саманид патшасының сановнигі және ірі қолбасшысы Әбумансұр Туси болыпты, сондықтан ол поэма «Мансұр шах-намесі» атаныпты, осы поэмаға арналған «Ескі бет ашар» (Старое предисловие») ғана сақталған. Бұл - тәжік, парсы прозасының көне ескерткіші; төртіншісі: Дакикидің мың ауыз (екі мың жол) өлеңі. Мұны Фирдоуси өз «Шах-намесіне» енгізген; Бесінші - «Шах- намені» Әбу-әли Мухаммад ибн Ахмад Балхи жазыпты (мұны Хорезмнің аты-шулы ғалымы әл-Бируни (Беруни) келтіріпті (біздің ойымызша осы автордың аты Дакики болса керек). Ал Фирдоуси «Шах-намесі» бұлардың біріне де ұқсамайды.

Осы «Шах-наменің» көркемдігін өте жоғары бағалаған Н.Г. Чернышевский «Повесть ішінде повесть» («Повести в повести» деп атаған екен.

Фирдоусидің «Шах-намесі үш бөлімде жазылған: 1) Соның бірінші бөлімінде мифологиялық (ертегілік) жырда біздің дәуірден бұрынғы 223 жылдан бастап, 782 жылға дейінгі көне дүние уақиғалары шертіледі: темірші Кава бастаған халық көтерілісі әдемі суреттеледі, темірші Кава аждаха -Заххак атты патшаға қарсы шығады. «Авестада» («Забур кітабында) әлгі Заххак - Ажи -Дахак атанады. Фирдоуси оны (Заххакты) арабтың жүгенсіз ханзадасы (царевич-узурпатор) деп ұғады.

«Шах-наменің» осы бөлімінде айтылатын бас кейіпкер Үрістем (Рустам) болады; 2) Екінші бөлімінде (батырлар жырында) үстіміздегі дәуірден бұрынғы 782 жылдан бастап, 50-жылға дейінгі мезгіл баяндалады.; 3) Үшінші тарихи бөлімде - үстіміздегі дәуірден 50 жыл бұрынғы, сонан соң біздің замандағы 651-жылға дейінгі мезгіл әңгіме болады[1], - дейді И.С.Брагинский.

Мұхаметжан Сералин келтірген жәйттердің біразын И.С.Брагинский түзетіп отыр. Біз осы кейінгі көрсетілген ғылыми зерттеушінің мәліметтеріне толық қанағаттанамыз.

Махмұт сұлтан Еазнауиға өкпелеп Фирдоуси айтқан екен: «Алпыс мың ауыз өлеңге бір жұтым су берген, заты құлдан не туар», - деп мыскылдапты. Расында Махмұттың әкесі Себкіткин (Субух-тегин) Бұхар әмірі Ахмет пен Исмағұл

[1] *Фирдоуси. Шах-наме, М., 1957, с. 5-11.*

Саманидің құлы болса керек[1]. ... Махмұт сұлтан алпыс мың күміс теңге жіберсе керек, ал екінші рауятта алпыс мың алтын теңді түйеге арттырып жіберіпті, бірақ бұл керуен өліктің үстінен шыққан екен», деседі.

Атақты ориенталист ғалым А.Крымскийдің айтуынша, нәсілі түрік Махмұт Ғазнауи өзі парсы тілін білмегендіктен және, парсы жұртын асыра мақтаған «Шахнамені» ұнатпапты. А.Крымскийдің осы сөзін де И.С.Брагинский келтіріпті, әлгі «Шах-наме» дастанына жазған бет ашарында. Бұл тәрізді ғылыми талас-тартыстың бетін ашу үшін тағы бір куәлік берелік. Низами Арузи (түбі Самарқандтан шыққан, Ауғанстандағы Бамиан өлкесінде) қиыр шетте жүріп, 1156- 1157 жылдарда «Собрание редкостей» («Четыре беседы») деген кітабында айтады: «Махмұт султан фанатик еді. «Шах- наме» сынды поэманы жазғаны үшін ол Фирдоусиге жиырма мың дирхем (күміс ақша салмағы - 3,15 грамм, грекше драхма) жіберіпті. Бұған Фирдоуси қатты ашуланып, моншаға барып сыра ішіпті, калғанын моншашы мен сыра сатушыға үлестіріп кетіпті».

Махмұт сұлтанның қатал екенін жақсы білетін Фирдоуси сол күні түнде Ғазна қаласынан қашып шығып, Герат қаласындағы Азрактың әкесі Исмаил Варрактың дүкеніне барып паналапты.

Сонда алты ай жатады да, Гераттан шығып Тусқа[2] келеді, соңынан Табаристан [3] патшасы Испахабад Шахрийарға «Шах- намені» алып барады. Махмұт сұлтанға арнап жазған келеке (сатира) өлеңін оқиды: «Махмұтқа арнаған осы кітапты енді саған арнаймын, өйткені бұл кітап басынан аяғына дейін сенің ата-бабаңның істеген істерін, соларға байланысты ертегілерді баяндайды», - депті Фирдоуси.

Шахрийар ақынды құрметтей отырып, мынаны айтыпты: «Уа, шеберім! Сенің кітабыңның мән-жәйін дұрыстап жеткізбеген екен, сөйтіп өзіңді даттап, Махмұтты саған қарсы қойған екен. Мұның бәрінен бұрын өзің шиитсің[4] ғой,

---

[1] *Шығыстың көне тарихында «Алып теғин» (Афросияб қой), Субух-теғин деп атақты қолбасшыларды атаған екен.*

[2] *Тус – Орта ғасырдағы Хорасан округі.*

[3] *Табаристан – Каспий (Атырау) теңізінің түстігінде жатқан таулы және орманды өлке, орта ғасырдағы Мазандаранның аты.*

[4] *Шиит (қазақша-шейт) – ислам діні екі бағытқа бөлінеді, соның бірі – суниттер, ал екіншісі – шейттер.*

пайғамбар әулетіне мұқылас берілген жанқың бұл өмірде жолы болмайды, олардың өздерінің де жолы болмаған-ды. Махмұт - менің әміршім. Ана келеке өлеңнің көзін жоғалтайын маған бер, ол үшін мен де саған бірдеңе сыйлармын. Оның үстіне Махмұт та өзіңді шақырып алып құрметтер, осындай кітапты жазып бітірген сенің еңбегің тегін кетпес», -депті.

Екінші күні Шахрийар жүз мың дирхем[1] жіберіпті де: «Бір бәйтіңді (екі жол өлеңіңді) мен бір дирхемге сатып алдым. Ана жүз бәйтіңді де маған бер, сонан соң өз жүрегіңді Махмұтпен табыстыр»[2], - деген екен.

Шахрийар Махмұттың оң көзі, ұлы ходжасы (ұлы уәзірі) болыпты. Бір жылы Махмұт Үндістаннан Ғазнаға қарай қайтып келе жатқанда, бір қорғанға кезігіпті. Бұл мықты қорғанды мекен еткен бүлікші бар екен. Махмұт әлгі бүлікшіге елші жіберіп: «Ертең тарту-таралғыңды алып менің алдыма кел. Сол үшін қымбатты киім киіп қайтасың», - депті.

Екінші күні таңертең елші қайтып келгенде, тарханда отырған Махмұт оң жағында тұрған ұлы ходжадан (Шахрийардан) «Жауабы қандай болар екен?» - деп сұрапты. Сонда ходжа:

«Егер осы жауабы кесірлі-қатал болса,
онда мен алдын ала-ақ айтайыншы,
Менің шоқпарым Афросийабпен қан
майданда кездессін, -

деген екі жол өлеңді айтып жіберіпті. «Өзі жігерді қоздырып, ерлікке шақырады екен, бұл кімнің өлеңі?» — деп Махмұт сұрағанда, Ходжа: «Әлгі сорлы Әбілқасым Фирдоусидің өлеңі ғой, бишара жиырма бес жыл сарылып отырып, осындай кітапты жазып бітірсе де, сол еңбегі үшін ешбір сый-құрмет көрмей барады-ау!» десе керек. Сонда Махмұт: «Өзім де өкініп жүруші едім, сен бүгін есіме жақсы салдың-ау! Осындай ізгі адам менен жапа көрді. Бұған бірдеңе жіберейін, Ғазнаға барған соң тағы ескертіп көрші!» - депті.

Ғазнада отырғанда, ходжа тағы есіне салыпты, сонда Махмұт: «Әбілқасым Фирдоусиге арнап алпыс мың динар сыйлық жіберілсін, өзімнің түйелеріме артып Тус шәһәріне апарсын да. Одан кешірім сұрасын!» - депті.

---

[1] *Дирхем (грекше – драхма) ежелгі сасани заманындағы күміс ақша.*
[2] *Низами Арузи Самарканди. Собрание редкостей или четырые беседді. М., 1963, с. 82.*

Талай жыл ойлаған ойын ходжа (Шахрийар) осылай етіп әдемі орындап шыққан екен. Жүк артып барған керуен аман-сау Табаранға жетіпті. Алайда осы шәһәрге Рубдар қақпасынан (дарбазасынан) кіргенде, дәл сол мезгілде қайтыс болған Фирдоусидің сүйегін Разан қақпасынан шығарып бара жатыр екен[1], - дейді.

Бұл уақиғаға көбірек тоқталуымыздың себебі белгілі ғалым А.Е.Крымскийдің (1871-1941) келте қайырған пікірін анықтау үшін еді. Ашығырақ айтсақ, Махмұттың әкесі Себкіткин (Субухтегин) құл емес тәрізді. Егер ол құл болса, онда «Субухтегин» атанбас еді. Екіншіден: «Махмұт парсы тілін білмегендіктен» деуі дұрыс болмас, асылы «Шах-намені» теріс түсіндірушілер айыпты шығар. Өйткені өзінің (Махмұттың) оң көзі болған Шахрийар да парсы адамы, түбі Яздигард (Жәзит) Шахрийарға (632-651) Сасани патшалығының соңғы әкіміне барып тіреледі.

«Ғазнаның сұлтаны Махмұт (997-1030) парсы әдебиетіне, парсы ғылымына қорған болды. Өз сарайына парсының ғалымдары мен ақындарын жинады. Оларды айтыстырып, жеңіп шыққанына «Ақындардың патшасы» деген атақ беруді ұйғарды. Сонда ақындардың арасынан бірінші орынды Абул Қасым Мансур (лақап аты Фирдоуси «Ұжмақ адамы») алды. «Шах-наме» («Патшалардың кітабы») жырын (эпосын) осы ақын жазды»[2], - дейді тарихшы-ғалым Р.Ю.Виппер.

Шынында, Махмұттың сарай ақындары Унсури мен Фаррух тәрізді иран ақындары болатын, міне солардың Фирдоуси мен Махмұттың арасына от жағып шағыстыруы да болса керек. Бұған қосымша Фирдоуси осы «Шах-наме» поэмасында үнемі Туран елін, Афросийаб патшалығын тұқыртып отырады, қан майдандағы жеңіс ылғи ирандікі болады, бірақ Афросийаб патшалығы - Туран елі 400 жыл бойы отырған орнынан қозғалмайды. «Ұжмақ адамы» атанған ұлы ақын Фирдоуси осы қайшылықтан арыла алмаған екен.

«Шах-наменің» әсері барлық елге тиген. Фирдоусиден кейін «Шах-наме» тәрізді етіп Иран да, Турция да, Азербайжан да, Орта Азияда кітаптар шығарған. Мысалы, Мұхтар Газневидің «Шохрияр-намесі», Ахье Кашанидің «Подшо-намесі», Юсуф Хас Хаджибтің «Кутадгу билик» (кейде «Шоқномаи турки»

[1] *Там же, с. 81-83.*
[2] *Р.Ю. Виппер. История средних веков. М., 1947, с. 133.*

деп атайды) атты еңбегі, Дарвеш Румидтің «Джаһан-намесі», Мұхаммет Салихтың «Шенбани-намесі» - бәрі де осы Фирдоуси үлгісімен жазылған.

Әлішер Навои Фирдоусиді «ғылымның иесі» деп атаған [1]. «Шах-наменің» тәржімесі барлық мұсылман тілдерінде бар, шығыс халкында грузин тілінде шыққан. Араб тіліне оны Албанди Аласафаһуни тағы аударған. Ағылшын тіліне Аткинсон 1836 жылы аударса, неміс тіліне 1838 жылы Ж.Люль аударса, кейінірікте итальян тіліне Пицци аударған. «Бұдан жиырма бес жыл бұрын Ақмешіт (Перовский) шәһәрінде молла Ораз [2] қазақша аударған екен, баспаға шыккан-шықпағанын біле алмадык», - дейді М.Сералин («Айқап») журналында, 1914).

«Шах-наменің» аудармасы барлык елде бар: түріктің ақыны Шухиддин «Шах-наменің» төрт мың бәйтін өлеңмен аударды, ал 1611 жылы тағы қара сөзбен түгел жазып шыкты. Татардың ақыны Әли Әфәнди қара сөзбен жазып берді. Азербайжанда бірінші болып қара сөзбен 1848 жылы проф. Қазам-бек аударды.

1905 жылдан бері қарай азербайжан ақындары Рашид Афанди, Аббас Назир тағы басқалары да «Шах-наменің» үзінділерін аударып бере бастады.

1682 жылы «Шах-намені» өзбек тіліне «Шахномаи Фирдоуси» деп Хомуши аударды, бұл аударманың негізі қара сөзбен жазған Байсұңқаридің нұсқасы еді[3].

Бұл поэманы шығыс тану ғалымы Ф. Рюккерт неміс тіліне, Юлис Моль француз тіліне, Итадо Пинди итальян тіліне аударды, деп ескерте кетеді[4], Ж.Шарипов.

«Шах-намені» 1838 жылы неміс тіліне Рюккерт аударса, 1846—47 жылдары В.А. Жуковский орыс тіліне немісшеден аударған екен.

«Шах-наменің» алғашқы аудармасы орыс тілінде XIX ғасырдың бірінші жартысында шықты, мұны Гудна деген кісі француз тілінен аударды, ол нұсқа «Европа жаршысы» («Вестник Европы») атты журналда: а) Фирдоуси — «Махмұтқа

[1] *Джуманияз Шарипов. Из истории перевода в Узбекистане. Ташкент. 1968, с. 28.*
[2] *Осы Оразға төрт дана етіп аудартқан Лапы деген кісі. Бір данасын өзінің ұзатқан қызына бас жасау етіпті, - деседі.*
[3] *Дж.Шарипов. Аталған кітабының 29-бетінде.*
[4] *Сонда.*

арналған сатира және «Шах-намеден» үзінді («Бижан мен Мәнеж [1] уақиғасы») делініп жарық көрді (сол журналдың 1818 жылғы, №23 санында, 193-196 беттерінде). Тағы сол 1818 жылы «Пантеон иностранной словесности» деген журналдың бірінші бөлімінде, 125-127-беттерінде басылды, бұл үзіндіні «Хосровтың (Хисраудың) баласына айтқан сөзі» деп атады (Фирдоусидің «Шах-намесінен»),

Осыдан кейін ширек ғасыр өтті, орыс тіліне аударушылар Фирдоусиді ұмытты да, Сағди мен Хафиз сынды ақындарды аударуға жұмылды[2].

Тек қана 1844-1847 жылдарда В.А.Жуковский «Шах- наменің» бір бөлімін «ақ өлеңмен» («белый стихом») неміс ақыны Ф.Рюккерттен орыс тіліне еркін аударып берді. Бұл аударманың аты «Рүстем мен Зураб» болды, сонда Ф.Рюккерт «Суһраб» десе, Жуковскийде «Зураб» боп шықты. Мұны В.Эберман зерттеді»[3].

Осы аударманың бет ашарында В.А.Жуковский: «Бұл поэма парсынікі емес. Мұнда айтылатын жақсы уақиғаның бәрі де Ф.Рюккерттікі деуіне қарағанда аудармашы Фирдоусидің данышпан шеберлігін дұрыс бағалай алмаса керек, сондықтан Рюккерттің бұзып атаған атауларын сол қалпынша қабылдаған, сөйтіп Фирдоусидегі Суһраб - Зураб; Гиз (батырдың аты) - Геф; Забул - Бабул болып кете барған, ешбір тілге аударылмайтын Үрістемнің тақымына басқан сәуегей тұлпарын «Рахшты» «Гром» («Нажағай») деп атаған»,[4] — дейді И.С.Брагинский.

Рюккерт пен Жуковский аудармалары өте еркін кеткендіктен Фирдоусидің эпикалық жырының бағыты сақталмаған. Сонда да «Шах-наме» поэмасымен осы аудармалар арқылы танысқан атақты демократ сыншымыз Н.ГЧернышевский өзінің «Повесть ішінде повесть» дейтін романында Фердоусиді: «... главная сила и Мильтона, и Шекспира, и Данте, и Фирдоуси, и всех других первостепенных поэтов состояла в том, что они

---

[1] Бижан – Иран елінің батыры Гивтің туған ұлы. Ал Мәнеж Туран елінің патшасы Афросийабтың «асыл текті», әдемі қызы. Осы екеуінің арасындағы махаббат жарланады.

[2] См. С.Б.Корнеев Персидская поэзия. Материалы и библиографии русских переводов. «Библиография Востока», вып. 10. М.-Л., (1936). 1937, с. 101.

[3] В.Эберман. Арабы и персы в русской поэзии. «Восток». Кн. 3-я М.-Л. 1925, с. 114.

[4] Фирдоуси. Шах-наме. М., 1957, с. 23.

были компиляторы народных преданий»[1], - деп, данышпан ақындармен қатар қояды.

Бері келе 1877 жылы шыққан «Новоперсидская литература» атты М.Зотовтың кітабына да Фирдоуси поэмасынан үзінді кірген-ді- 1905 жылы С.И.Соколов «Шах-намені» толық аударуға кірісті, алайда он-ақ мың жол өлеңін ғана аударып берді.

1934 жылы Фирдоусидің 1000 жылдық мерекесі қарсаңында М.Лозинский мен М.Дьяковтар түп нұсқадан аударып, жаңа еңбектер берді.

1943 жылы «Шах-намені» Ц.Бану аударуға кірісті.

1949 жылы В.Сельвинскийдің аудармалары жарық көрді.

1951 жылы «Тәжік поэзиясының антологиясына» В.Левик, В.Звягинцева, К.Липскеров және М.Петровыхтар аударған үзінділер кірді.

1948 жылы «Шах-намені» ақын С.Липкин де әдемілеп аударған болатын.

1957 жылы шыққан «Шах-наме» өлеңдерінің бір томдығына, әлгі шыққандармен бірге Л.Пеньковскийдің де аудармасы кірген екен.

Осылардың бәрінен бұрын XVII ғасырда орыс халқының ескі әдебиетінің ескерткіші «Сказание о некоем славным богатыре Уруслане Залазоревиче» атты жыр шықты. Орыс оқырмандары «Шах-наме» поэмасының мазмұнымен осы жыр арқылы танысты. Профессор Н.Гудзидің айтуынша бұл әңгіме «Шах-намені» мүлде бұзып, өзінше жырлаған. Бірақ біздің дәуірімізге жетпей қалған, түркі тілінде жазылған нұсқаны мегзейді. Кейін осы повесть XVIII ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейін сан алуан өзгеріске ұшырай келіп, ақырында «Повесть о Еруслане Лазаревиче» атанып, орыс халқының ертегіне айналып кетті[2].

«Шах-наме» поэмасының бас кейіпкері Рустам - мына повесте Уруслан немесе Еруслан: Рустамның әкесі Жальзар, мұнда Лазарь, Кей-Кавус (патша) - Киркоус: Рустамның көріпкел (сәуегей) тұлпары - Рахш Араш болып алынған. Ендеше ұқсастығы күдік тудырмайды. Алайда бұған «Шах-

---

[1] *Аталған кітаптың 23-бетінде.*

[2] *Н.Гудзий. Хрестоматия по древней русской литературе XI-XVII веков. М., 1957, с. 439 (отрывки). Полный текст. См.: Н.С. Тихонравов. Летописи русской литературы и древности, т. II. М., 1859 («Шах-наме». М., 1957, с. 21).*

намеде» жоқ толып жатқан соны уакиғалар, жаңа кейіпкерлер кіреді. Әсіресе, Рустам өзінің туған баласы Зухрабпен соғысып, оны тек өлтіргеннен кейін таниды, ал мұнда Уруслан өз баласын өлтірмей тұрып, оның қолындағы асыл тастан соғылған білезігінен таниды.

Қорыта айтсақ, парсы әдебиетінің ұлы нұсқасы орыс тіліне, не басқа тілдерге де араб тілі немесе түркі тілдері арқылы жайылуы белгілі тәрізді. Оның себебі VIII ғасырда, парсы елін арабтың өз аузына қаратуы рас. Ал ілгеріректе, - VI ғасырда, түркі елінің уәкілдері де үстемдік құрғаны байқалады. М.Сералин «Шах-намені» 1914 жылы қазақ тіліне Жуковскийден аударып берген еді. Бұл аударма сол жылы «Айқап» журналында жарық көрді.[1]

«Қазақ халқына көптен бері таныс ауызша әңгімелер, ертегілер болатын, солардың бәрінде де Рүстем батыр-Рүстем Дастан басты кейіпкер болып жүретін. Осылардың түп негізі Шығыс классигі Фирдоусидің «Шах-наме» атты поэмасынан алынып жырланатын. Мұның жайын туыстас түркі елдері: өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ халықтары бәрі де көбінше қара сөзбен ертегі, аңыз әңгіме етіп баяндайтын.

Осы «Рүстем Дастан» да «Мың бір түн» ертегісі де қазақ аузында «Шах-наме» XV-XVI ғасырлардан бері жүрген тәрізді. Солардың бәрі де, біздің осы күнгі түсінігімізге сай келе бермейді. Тек солардың ізімен айтылатын, сөйтіп қазақ елінің төл малындай болып толғанатын. 1961 жылы жарияланған халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Рүстем Дастан» поэмасы да көне дәстүрімізге саятын.[2] Заты, мұның түп негізі Молла Ораз қолжазбасымен сабақтас болуы ықтимал.

Осыны толық айтып өтуіміздің себебі, араб-парсы әдебиетінің, мәдениетінің бізге бағдарын айқындай түсу болды.

Аударманың практикальщ жағында істелген істер, әлі келешекте істелетін еңбектер адам айтқысыз мол. Бірақ осы күрделі мәселенің бағытын білдіретін теориялық бастамаларды да шола кетелік.

«Аударма теориясын жекелеп жіктеп қарастырғанда,
- дейді Мұхтар Омарханұлы Әуезов, - кейінгі кезде біздің

[1] *«Айқап», 1914, №22-24; 1915, №2-5, 9-сандарында «Рүстем-Зухраб» деген атпен басылды. Ү.Субханбердина. Әдеби мұра. Алматы, 1970, 7-бетін қараңыз.*

[2] *«Рүстем Дастанды» халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов, Фирдоуси «Шах-намесінің» ізімен жырлаған.*

одақ көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі - аударма тіл зерттеу ғылымының ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі - біздіңше, дұрыс бейім аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да, эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясын зерттейтін объекті»[1], - деп қарайды...

Мұхтар ағаның негізгі ойы - аударманы әдебиеттану ғылымына жатқызады. Бірақ аударма қасиеттеріне «интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің идиомалардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше, астарларымен бірге) секілді элементтер жатады...»[2] - дейді тағы М.О. Әуезов. Егер Мұхтар ағаның өзі айтпақшы «синоним, идиома, мақал-мәтел, афоризмдер» аударма саласына кіретін болса, бұлар, әрине, тіл білімінің шеңберінен де шыға алмаса керек-ті. Шынына келсек, әдебиет пен тіл ғылымына, былайша айтқанда бүкіл филологияға ортақ сала - аударма. Оның үстіне аударманың тілдік жағы басым сияқтанады.

1957 жылы Алматыда аудармашылардың бүкіл одақтық бас қосқан мәжілісі өтті. Сонда М.А.Шолоховтың «Тынық Дон» романы жайында, әрине, қазақ тіліне аударылғаны туралы көрнекті сыншы, профессор М.Қ.Қаратаевтың баяндамасы болды. Аудармадағы табыстарымызбен бірге кемістіктерімізді көрсете келіп, баяндамашы аудармалардың теориялық бағыттарына аса назар аударды.[3]

Бір халық екінші халықты аударма арқылы таныды. Сондықтан да, аудармашыға үлкен міндет жүктеледі. Біз көне замандағы Индия елінің өмірін «Рамаяна», «Махабхарата» эпостарының, «Кәлилә мен Димнә» әңгімелерінің аудармалары арқылы білеміз. Греция халқының тіршілігімен «Илиада» мен «Одиссея» жырларының аудармасы таныстырады. Сондай- ақ қазақ елінің өмірін де орыс тіліне аударылған ұлылы-кішілі туындыларымыз арқылы бөгде елдер білетін тәрізді. Мысалы, «Мен бұрын қазақ деген халықты естіп көрмеген

[1] *Мұхтар Әуезов. Көркем аударманың кейбір мәселелері. Алматы 1957, 6-7-беттер..*
[2] *Аталған кітаптың 7-бетінде.*
[3] *Мухамеджан Каратаев. Рожденная Октябрем. (Статьи и очерки о казахской литературе). Алма-Ата, 1968, с. 89-119.*

едім. Жақында ағылшын тілінде Мұхтар Әуезовтің ғажайып кітабын оқып, енді қазақтың кім екенін білдім, тіпті жақсы біліп алдым. Мен қазақ халқының тамаша ақыны, ардагер адамы Абаймен таныстым, оның адал әжесі Зеремен, ақылды анасы Үлжанмен, сүйікті ғашықтары Тоғжанмен, Әйгеріммен, ізгі ержүрек достарымен туысқандай болдым. Бұл геройларды мен мүлде жақсы көріп кеттім, олармен бір түрлі көп жылдар бойы бірге жасасып, қайғысы мен қуанышына ортақ болған тәріздімін. Мен қазір де солардың ортасында жүрген сияқты, сіздің қазақ сахарасының самал желін қазір де жұтқан сияқты сезінем өзімді. Шынында,қазақ халқы дегеніңіз нендей керемет халық еді. Ол туралы «Абай» романында қандай керемет жазылған! Мен сіздің бақытты халқыңызға мықтап сүйсініп, сіздің өзіңізді мен шын жүректен өмірі өлмес шығармаңызбен құттықтаймын» [1] , - депті Африка жеріндегі Камерун елінің жазушысы Бендамен Мадип (1958 жылы Ташкентте өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясында).

Осындай толғауларды тудырып отырған, аударманың қуаты демекпіз. Тағы қайталап айтсақ, тіл мен әдебиеттің ара қатынасы алыстамайтынын байқаймыз. Тіл дегенде біз халық тілін бүтін организм есебінде зерттеуді мақұл көреміз.

Біздің ойымызша аударма екі түрлі салаға бөлінеді, соның біріншісі, бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылған ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түп нұсқаның ұзын-ырғасы беріледі. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталады, бұл - аударманың ауызекі тарау түрі.

Екіншісі, бір елде айтылған пікір сол қалпында дәл жетеді, ой ырғағы жоғалмайды. Алдыңғы әдіс ауызша таралады, ал кейінгі әдіс кешеуілдеп туған әдіс, бұл жазба әдебиетте орын тепкен.

Ендігі әңгімені ауызша да, жазба түрінде де кең таралған мысалдарға қарай аударалық, өйткені мысалдар дүниеге көп жайылған ғой. Олардың тілі келте қайырылады, өткір теңеу, эпитеттермен беріледі. Сондықтан қолдан-қолға, ауыздан- ауызға көшіп, жылдам тарайды.

Мысалдар сөз болғанда, біздің ойымызға ең әуелі Эзоп пен Лұқман Хакім түседі. Бұларды грек елінде «Эзоп мысалдары» деп атаса, араб шығысында «Лұқман Хакім мысалдары» деп атайды.

[1] *М.Қаратаев. Шеберлік шыңында*

Эзоп біздің жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын болыпты, ал Лұқман Хакім атынан айтылып жүрген араб әңгімелерінде ісләм дінінің көзқарастары әсіреленеді. Эзоп пен араб дінінің арасы өте алшақ. Ендеше «бұл қалай?» деген сұрақ туады. Бұл сұраққа Рүстем мырза Әлиев былай жауап береді: «Лұқман дүниеде мың жыл өмір сүрген адам, ол Бауырдың ұлы, ал Бауыр Иовтың баласы екен. Дәуіт пайғамбардың заманына дейін атақты данышпан болып келген. Лұқманның мысалдары да, өзі де Эзопқа ұқсайды. Екеуінің тағдыры да бірдей. Мысалы, Лұқман да, Эзоп та Мысырда (Египетте) құлдықта жүрген. Бұған қосымша Лұқманның баласы Аннам, Эзоптың баласы Аннус. Оның үстіне «есіктен кірмей тұрып қалай шығуыңды ойла (көзде)», дейтін араб мақалы. Лұқман Хакім атынан айтылады. Мұны грек елінде Эзопқа айтқызады. Осы ұқсастыққа қарап, Шығыстың біраз ғалымы: «Лұқман Хакім мұсылман дінін өз ойына үйлестіріп, жасап шығарған ежелгі Эзоп болса керек»[1], - деседі.

Эзоптың «Түлкі мен теке» мысалында: «Бір түлкі байқаусызда шыңырау құдыққа түсіп кетеді, содан шыға алмай дағдарады. Шөліркеген теке сол құдықтың қасына келіп, үңіліп қараса, ішінде түлкі тұр. Сол мезетте: «Су тәтті ме екен?» - деп, ол түлкіден сұрайды. «Ой керемет тәтті»,

- деп мақтайды. «Секіріп түс те өзің келіп, ішіп көрсейші?»,
- дейді қу түлкі. Есуас теке құдыққа қойып кетіп, шөлін қандырады, енді айналып қараса шыға алатын түрі жоқ. Сол арада дағдарған сорлы теке түлкімен ақылдасады, құдықтан шығудың әдісін іздейді. «Мен амалын таптым, екеумізде аман-есен құтыламыз. Сен құдықтың қабырғасына сүйен де, басыңды төмен иіңкіреп тұр. Сонда мен арқаңа қарғып мініп, секіріп далаға шығамын да, сонан соң сені құдықтан суырып алам», - дейді түлкі. Осы ұсынысты теке куана қабылдайды. Түлкі текенің арқасына аттай мініп алып, оның мүйізіне сүйеніп тұрып, өрмелеп құдықтың жиегінен ұстап, секіріп шығады да, қаша жөнеледі. «Сөзін осылай опа қылатын неме екенсің-ау» - деп түлкіні кекетеді теке. Түлкі қайырылып тұра қалып: «Досым-ау, сенің сақалыңа біткен жүндей, басыңда ақыл болса, қалай шығуыңның амалын алдын ала ойламай тұрып, атып ұрып, құдыққа секіріп түспес едің ғой», - дейді.

[1] *Саади Гулистан (пер. С перс. Рустама Алиева. Пер. Сихов. Ан. Старостина). М., 1957, с. 308-309.*

«Ақылды адам істер ісінің мән-жайын алдын ала топшыласын, содан кейін барып, орындауға кіріссін»[1], - дейді Эзоп.

Дәл осы мысалды алты жүз жылдан кейін бірінші ғасырда Римнің мысалшыл ақыны Федр жазған екен. Ол «Түлкі мен теке» атты мысалында:

«Сұм адам пәлеге ұшырағанда, бөтен біреудің пәлеге жолығуы арқылы өзі жөн табуға тырысады. Сондай-ақ, аңдаусызда құдыққа құлап кетіп, соның тік жарынан өрмелеп шыға алмай жатқан түлкіге қаңырағы түтеп, сусаған теке тап болыпты. Жиегіне жақындай келіп, теке: «Қалай суы тәтті ме, ішуге жеткілікті ме екен?» деп сұрапты. «Келе ғой досым, суы өте тәтті, мен рахаттанып іштім, әлі тояттар түрім жоқ», - деп түлкі зұлымдығын ішіне бүгіп, амалын асыра жауап қайырыпты.

Сақалды теке ойланбастан құдыққа қойып кетіпті. Ал түлкі сол заматта оның ұзын мүйізіне қарғып шығыпты да, сорлы текені құдықтың түбіне тастап, өзі атып-ұрып тысқа шығып жүре беріпті»[2], - дейді.

Федрде Эзоп мысалының хикаясы айтылмайды. Тұжырым жасалмайды. Алайда, ой сарыны бір жерден шығады.

Екінші ғасырда өмір сүрген мысалшыл грек ақыны Бабрийдің: «Құз жардың астындағы теке мен түлкі» атты мысалында: «Жаздың ыстық бір күнінде қаталап су ішкісі келген теке құздан секіріп, суы сарқырап ағып жатқан сайға түсіпті. Суын ішіп, шөлі қанып, шөбін жұлып, біраз оттап жүріпті де, енді қайта шыға алмай әлекке түсіпті. Істеген ісіне опық жеп, жәрдем тілеп жалбарыныпты. Текенің зарлап тұрғанын көріп түлкі: «Ақымақ сорлы-ай! Сақалыңа біткен қылдың мөлшеріндей басыңда ақыл болса ғой, сен осы шыңырау құзға түспей түрып, қалай шығудың амалын ойлар едің-ау!» - депті.

«Бір іске беттер алдында оның келешектегі нәтижесін болжау керек»[3], - деп толғайды Бабрий. Ендеше елде күрделі мысал болса, екінші елде келте қайырылатын мәтел түрінде кездеседі.

Сонымен көне Эзоптың осы мысалы Федрге жеткенде мінеліп шығады. Федр өз ойын алдын ала айтады, қысқартып

[1] *Басни Эзопа (пер. Ст. И коммент. М.Л.Гаспарова). М., 1968, с. 66.*
[2] *Федр Бабрий. Басни. М., 1962, с. 42.*
[3] *Сонда, 160-161-беттер.*

тастайды. Пәле-жаладан құтылу, не біреуді орға жығу сұмның ісі екенін әшкерелейді. Қорытқанда, Эзопқа Федрден Бабрий жақын тұр. Ал, осы мысал арабқа келгенде, Лұқман Хакімнің атынан бір ауыз сөз ретінде айтылып, мақал болып тарайды.

Қазақ елінде бұл мысал «Түлкі мен ешкі» болып атанған. Сонда: «Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шыға алмай түрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға кез болып, түлкіні көреді.

-Е, түлкі батыр, не қылып, тұрсың?-депті.

-Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, - депті.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындайын, әрі су ішейін», - деп ойлап, секіріп апанға түсіпті. Сонда түлкі-екең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, ырғып далаға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген осыдан қалыпты[1], - деп толғайды.

Осы арада айта кететін бір уақиға бар, Федрдің ұлты - грек, өзі - Италия жазушысы, еңбегін көне италия тілінде жазған адам, ал Бабрийдің ұлты итальян, өзі грек жазушысы. Екеуі де туған ұлтын дәріптемеген. «Ит пен козы» атты мысалында Федр: «Ешкілердің ішінде бір қозы қақтығып жүр еді. Оған бір төбет кездесіп, «Мұнда сенің шешең жоқ, оны бекер іздеп жүрсің», - дейді де, анадай жерде жайылып жатқан қойларды көрсетеді. Құмарлық әуеніне еріп, жүкті болып, азапқа түскен, сонсоң мезгілі жеткенде мені туып, артынша тастап кеткен ананы іздеп жүргем жоқ, тек менің камым үшін туған баласын ашықтырып, қағажу еткен, емшегін үнемі маған емізіп, сусынымды қандырған ананы ғана іздеймін», - дейді.

«Сонда да туған ана артық қой!» дегенде, «жоқ, олай емес. Менің ақ болып, не қара болып туарымды ол білген де жоқ қой, ал колакпандай марка (кебе) табам деп дәмеленіп жүргенде, шүнәмдей копей қозы тауыпты, қолы жеткен табысы сол ма? Содан бері қарай қасапшының пышағынан қорқып, қалшылдап жүруім де сол анамның маған көрсеткен жақсылығы ма екен? Мені ол өзінің қалауы бойынша тапқан жоқ, ендеше жас нәрестені аяп, өз еркімен келіп рақым көрсеткен, мейірбандығын білдірген анадан, әлгі туған

[1] *«Қазақ ертегілері», 1-том. Алматы, 1957, 208-бет.*

ана артық болар ма? Ата-ана деп, елдің емешесі құруы, тек туғандық емес қой, мейірбандық болар»[1],-дейді Федр. Ендеше қазақ халқының «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деуі де осы оймен сабақтасатын тәрізді. Әрине, казақ мәтелінде бөгде философияның бар екені де анық.

Әрбір дәуір өзінің мақсатын, өз көзқарасына байланысты өсиетін айтады. Мысалдардың алғашқы шығуы үстіміздегі дәуірден 8-6 жүз жыл бұрын грек елінде болыпты. Бұл кезде грек қалаларындағы ақсүйектер мен қара бұқара халық (демос) өзара ашық күреске шықты. Сонда езілген бұқара халық мысал шығарды. Ақсүйектерге айтатын ойын ашық айта алмай, мысалдап, кінәлап, түйреуге бет алды.

2. Мысалдардың шығуы жайында

«Айтарын қаймығып айта алмаған, батылы барып өз сезімін ақтара алмаған құлдық дәуірі еді, сондықтан күлкі-келемежді карғаша етіп, олар (құлдар) осылай мысалдап сөйлеуді ойлап шығарды»[2], - дейді Федр. Соңынан осы Федр пікірін қолдай отырып, заманымыздың жақсы аударушысы және ғалымы М.Л. Гаспаров: «Мысалдардың ауызша айтылу түрі ұзаққа созылмады. Аксүйектер мен кара халық күрескенде, осы арпалыста қара бұкара жеңіп шықты, сондықтан енді кінәлап түйреу қажетсіз болды, мысалдың жауынгер пафосы әлсіреп қалды. V-IV ғасырлардағы философиялық бағыт жаңа идеялық ізденулерді тудырады... Әрине, мысал жойылып кетпеді, бірақ оның айтылатын орны ауысты. Халық жиналысында сөйленбей, мектепке көшті, үлкендерге айтылмай, балаларға айтылатын болды»[3], - дейді.

Бұдан бұрын ауызша айтылған мысалдар енді бері келе жазба әдебиет шығармаларына кіре бастады. Ертеде бұл мысалдарды Гесиод поэмасынан (VIII ғасыр), Архилог ямбаларынан (VII ғасыр) Аристофан (V ғасыр) комедияларынан Геродот тарихынан сопылар мен сократшылардың философиялық сөздерінен ұшыратамыз.

Бірден-бірге көшуді көру үшін. «Өгіз бен бақа» мысалын тексерелікші.

---

1 Федр, бабри. Басни. М., 1962, с. 34.

[2] *Сонда, 25-бет.*

[3] *Сонда, 206-бет*

Эзоптың жинағында бұл мысал «Құрт пен жылан» болып атанды.

«Жолдың жиегінде бір шоқ жеміс өседі екен. Соның түбінде ұйықтап жатқан жыланды көріп, бір кішкене құрт оның ептейсіз ұзындығына қызығыпты. Сондықтан құрттың жылан болғысы келіпті, жанына жата қалып өзін-өзі зорлап созыла беріпті, алайда ол қанша созылып, ұзарса да, жылан бола алмай, жарылып өліпті»[1], - дейді Эзоп.

Эзоп мысалдарын 1888 жылы орысшаға грек тілінен В. Алексеев «Бык и жаба» деп аударған екен. Сонда: «Суатқа барған өгіз бақаның баласын тұяғымен жаншып өлтіріп кетті. Енесі жок еді, сырттан келіп балаларынан: «Інілерің қайда?»

- деп сұрады. « Мама-ау, ол дүние салды. Жаңа осында бір еңгезердей төрт аяқты аң келіп, тұяғымен жаншып, өлтіріп кетті», - деп жауап қайырды балалары.

Сонда бақа зорлана ісіп-кеуіп: - «Қане қараңдаршы, әлгі аңның зорлығы мына мендей бола ма?» - деп сұрағанда, балаларының: - «Қойшы, мама, ашуланып әуреленбеші, оған теңелгенше сен жарылып өлерсің», - деген сөздерін естіді анасы. Әлсіздің күштімен бой теңестіруі қатерлі», - деп түйеді Эзоп.

Осы мысалды Федр бірінші ғасырда «Жарылып кеткен бақа мен бұқа» («Лопнувшая лягушка и бык») деп берді, сонда: «Күштіге еліктеймін деп, әлсіз өзі өледі. Көкорай шалғында жүрген бақа бұқаны көрді де, оның зорлығын күндеді. Борпылдақ қарнын шертитіп, балаларынан: «мына менің жуандығым, семіздігім сендер көрген бұқадан артты ма?»-деп сұрайды. Балалары: «Жоқ», - деп жауап қатады. «Қайсымыз үлкенбіз?»-дейді. «Әрине, бұқа - үлкен»- деседі балалары. Сонда ашуланып, мүлде ісінеді бақа. Шертиіп, үлкеймек болады, алайда бұқаға жете алмай, қарны жарылып өзі өліп кетеді»[2], - дейді. Ал, Бабрий (II ғасырда) «Бұка мен бақа» («Бык и жаба») деп жазады. «Бір күні бұқа су ішкелі суатқа келіп, тұяғымен бақаның баласын таптап кетеді, артынша қыдырып кеткен шешесі келіп: «Әлгі інілерің қайда?»-деп сұрайды.

- «Ойбай-ау, өліп жатыр. Төрт аяқты жуан хайуан келіп тарпып, таптап кетті», - дейді. Сонда бақа қарнын шертитіп ісінеді де: «Әлгі хайуанның жуандығы осындай ма?» - деп,

[1] *Басни Эзопа. М., 1968, с. 136.*
[2] *Федр, Бабрий. Басни, М, 1962, с. 16.*

өзін көрсетеді. Балалары: «Әуреленбай-ақ қойыңыз, сөзімізге сеніңіз, ол хайуанға ұксаймын деп жүргенде, жарылып кетерсіз»[1], - дейді (Бабрий). Екеуінің де мысалдары қысқа, бірақ Федр турасын тік айтады, ал Бабрий сюжеттің жарым- жартысын сөйлестіре отырып апиады. Мұның сөзі жұғымды да, табиғи заңды суреттеледі. Федр: «Осынша зорлығын күндеді», - дегенде күйзеліс дыбысы естіледі, ал Бабрий: «Төрт аяқты бір жуан, зор хайуан»... - деп өзі білмегенсіп, монтана сөйлейді. Федрде бақаның қимылы басталғанда-ақ өрескел-оспадар көрінеді, ал Бабрийдщ ойы мысалдың бірінші бөлімінде дәлелденеді, қайдан келіп, қалай болғаны анық айтылады, оқушыны ұйытады. Федрдің мысалында бақа өліп тынады, ал Бабрийде сюжеттің мүмкіндігінше көркемдігін түгел пайдаланады да, бақаны өлтірмейді. бірақ түспалдап сол өлімге мегзеп қана тоқырайды. Федрдін мысалы қарапайым, күйкі, ал Бабрий мысалының мағынасы бай. Эрине, Бабрий кіргізген толықтырулардың бәрі өзінікі деу де дұрыс болмас, өйткені осы мысалдын түйінін алгаш шешкен ежелгі Эзоп қой. Бұл екі ақынға да сол Эзоп мысалы өзек-үлгі болған. Алайда, бұлар өз талантына сәйкес етіп, Эзоп үлгісін өздеріне лайықтап пайдаланған.

Бері келе XIX ғасырдың аяғында, 1989 жылы біздің Абай Крыловтың оның «Лягушка и вол» атты мысалын[2] аударды. «Бақа мен өгіз» атты мысалында Абай:

Қарасаң тым-ақ көп,
Көре алмас іші тар.
«Несі артық бізден» деп
Салыспақ жұрт та бар.
Су ішкелі бір өгіз,
Барып еді бұлаққа.
Бақалар қорқып тарбақтап,
Қашып шықты ар жаққа.
Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың сен көрсең,
Бақада екен төресі.
Өз-өзінен бір бақа,
Күшенді де бөртінді,
Қарны үлкейіп, қампиып,

[1] *Сонда, 101-102-беттер.*
[2] *И.А.Крылов. Соч. В 2-х т. М., 1956, с. 41.*

«Өгіздей болам» деп ісінді.
Қасындағы жолдасқа,
«Қарашы!»- деді- сен бізге
Қиын ба екен үлкею,
Жеткем жоқ па өгізге?
-Ісіндің, күбіндің
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?
Жетем деп кеп кіжініп
Келгенінше шамасы,
«Үлксйдім» деп ісініп,
Дейді: «Енді бір қарааіы?!»
Қарады да: «Дәнеме
болған жоқ қой, қой!»-деді.
Қызып алған антұрған,
Айтқанына көнбеді.
Ыңқыл қағып тыпырлап,
Күшенді де бөртінді,
Іш жарылып сытырлап,
Мақтанам деп өзі елді.
Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске;
Боларсың бакадай,
Көп түссең егеске[1], -

деп түйеді Абай.

Оқушыларымызға кеңінен жайылған Крылов мысалын әдейі келтірмедік. Әріде Эзоп (біздің дәуірден бұрынғы VI ғасыр). Аристофан «біздің дәуірден бұрынғы V ғасыр, 446- 385 жылдарда болған). Федр (I ғасыр), Бабрий (II ғасыр), «Кәлилә мен Димнә» (III ғасыр), Сағди (XIII ғасыр) т.т. беріде Лафонтан (XVII ғасыр) 1621-1695 жылдарда болған, Крылов (XIX ғасырдың басы) т.б. бар. Сөйтіп біздің Абайға Көбеев пен Өтетілеуовке жеткенше, талай заман өтіп, талай теперішті көріп келген мысалдар, неше алуан саққа жүгіріп, жонылып- жөнделіп, екшелеп, талай кералаң дәуірлердің дәмін татқан тәрізді. Осы арада біз тарихи хронологияны айтып отырмыз. Алайда, осы зор тұлғалар бәрін түгел бірінен бірі алып пайдаланды деуден аулақпыз.

[1] *Абай Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1952, 309-310-беттер.*

Эзоп, Федр, Бабрийлерде «Бұқа» («Бык») делінеді де, И.А. Крылов пен Абайда «Өгіз» («Вол») болады. Себебі көне грек, Рим елдерінде гладиаторлар сахнада бұқалармен соғысатын болған, бұл дәуірді «гладиаторство» деседі. Мысалы, Спартак - гладиатор. Бұлар, көбінесе, құлдардан шыққан, аристократияның көңіл көтеретін ойыншығы есебінде жүрген. Бағы замандағы еркек «бұқалар», бері келе «өгіз» кейпінде берілуінің өзі тегін болмаса керек. Сондықтан, кейінгі И.А.Крылов пен Абай дәуіріндегі шындық «Бұқаның» орнына «өгізді» тудыруы кәдік қой. Отырықшы болып егін салу, жер жырту мезгілінде есер бұқадан гөрі шаруашылыққа көнтерілі өгіздің пайда болуы көзделген заман болса керек-ті. Көне замандарда бұқа образаның тиімділігін осы күндерде табылып, зерттеліп жүрген жартастардағы көне суреттерден де анық байқауға болады. Онда бұқа мен текелер бейнесі өте жиі ұшырайды. Әрине, бұл - тарихи шындық.

Мысалдардың жөн-жосығын зерттеп отырсақ, көп нәрсеге куә болғандаймыз. Айта кетелік, «Емен мен шілікті» Крыловтан Абай да, Көбеев те аударды. Абай варианты келте, ал Көбеевтікі шұбалаңқы. Осы мысалы Эзопта да, Бабрийде де бар. Бұлардың айырмасы мынау: «шілікпен күш таластыру еменнің ойына қайдан келіп түскенін Эзоп баяндамайды, бұл ойдың орашолақ тұрғанын ол абайламайды.

«Емен мен шілік» екеуі күштіліктерін салыстырып дауласты. Дауыл тұрған кезде шілік дір ете түсті, оның екпініне шыдай алмай, жерге басын иді де, аман калды. Емен кеудесін төсеп қасқиып тұрды да, түбірімен қопарыла құлады...»[1] - дейді Эзоп. Ал, Бабрий дауыл қиратқан сынығы өзен бетінде қалқып келе жатқанын суреттей отырып, осы үш қайнаса сорпасы қойылмайтын екі өсімдіктің қалай кездескенін дәлелдеп өтеді. Үшырасуын заңды етіп, оқушыны мойындатады. Түп мағынасы бірдей: «күштімен күреспе», - деп түйеді.

Бабрийдің «Дуб и тростик» («Емен мен шілік») атты мысалын келтіре кетелік: «Таудың төбесінде өсіп тұрған еменді қатты дауыл тұрып, түбірімен қопарады. Адамзаттын бәрінен де жасы үлкен жойдасыз еменді сарқырап аққан өзен қалқытып ала жөнеледі. Осы долданып ағып жатқан өзеннін екі жақ жиегінде маужырап, жайбарақат өсіп тұрған қалын шілік бар екен. Осындай әлсіз және бойы да кішкентай шілік

[1] *Басни Эзопа. М., 1968, с. 84.*

мына жойдасыз жуан ементерді алып ұрған сұрапыл дауылға қарсы тұрып, қалай шыдап қалды екен?- деп, таңырқады емен. Сол арада: Мұнда таңырқарлық түк те жоқ, сен дауылға қарсы тұрып, қасқиып майданға шықтың да, күресіп жығылдың ғой, ал біз болсақ, жеңіл-желпі жел тұрса да, майысып құлай кетеміз. Біздің еншімізге тиген нәрсе - көне беру», - депті шілік.

Мысалдың негізгі ойы: «күштіге қарсы шықпай, көну керек», - дейді Бабрий.

Бабрий ежелгі Эзоптан жеті жүз жыл кейін өмір сүрген. Қашанда өмір озған сайын мәдениет жаңғыра бермек. Сонда Эзоп пен Бабрийдің бір-бірінен ара айырмашылығы өскелең дәуірдің жемісі болса керек.

Майысқаннан шіліктің несі кетті Батыр, мақтан
күйлеме, сен де ғұрлы, -

деп қайырады той Абай. Сонда да Абай Эзоптан аударды дегенге ауыз бармайды.

«Ит пен оның көлеңкесі» Эзопта да, Федрде де, Бабрийде де, «Кәлилә мен Димнәда» да бар. Эзоп пен Федрде өзеннің бетінде жүзіп бара жатқан ит өз көлеңкесін суда көреді, бұл жағдайдың мүмкін емес, екенін байқамайды олар. Себебі, өзі судың ішінде малтып келе жатып, көлеңкесін көру қиын-ақ қой. Ал Бабрий бұған қадағалап зер салады да, итті өзеннің жиегінде жүгіретеді, сонда барып ол өзінің көлеңкесін суда көреді, міне бұл заңды шығады. Кейінгі мысалшыларда «ит көпірдің үстінен жүгіреді». Міне, мұнысы көңілге қонымды- ақ. «Кәлилә мен Димнәда» бір ауыз мәтел болып қана ұшырайды. Қорытындысы: «Әлгі ит судағы көлеңкесін бөгде ит деп ұғады да, оның аузындағы сүйекті тартып жемекке суға қойып кетеді. Сөйтіп өз аузындағысынан да айырылып, судан да түк таппай, құрамай қабады».

«Қасқыр мен қозы» Эзопта да, Федрде де, Бабрийде де, Крыловта да бар. Мысалды әркайсысы өзінше дәлелдейді, алайда қорытуы бір. Бәрінде қасқыр сылтау тауып, қозыны жеп тынады. «Құмырсқа мен шегіртке» Эзопта да, Ромулда да (екеуінде де қара сөзбен беріледі), Бабрийде де, Крыловта да, Абайда да бар. Бәрінің де түйіні:

Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер.

Біз бұларды бәрі бір негізден ауысқан деуден аулақпыз. Ал, шынында, ауысады. Мұндай жағдайда кейбір ауысқан мысалдар өте өзгеріп кетеді. Кейіпкерлері сол елдің өз шындығына сәйкестеледі. Дәлелдеуі де сол елдің өз логикасына бағынады. «Ауру арыстан, түлкі мен бұғы» атты мысал Эзопта да, Бабрийде де бар, ал «Кәлилә мен Димнәда» «Арыстан, түлкі мен есек» болып айтылады. Мұнда «бұғының» орнына «есек» кіреді.

Бұлай болуына әр елдің өзіне таныс жағдайлар әсер етеді. Оқушыны күдіктендірмеу үшін текстің өзін келтірелік. Ежелгі Эзоптың «Ауру арыстан және түлкі мен бұғы» атты мысалында: «Аң патшасы арыстан ауырып, өзінің үңгірінде ұзақ жатып қалыпты. Күндерде бір күн жан қияр досы түлкіге қарап: «Менің құлан таза жазылып, өз аяғымнан жүріп кетуімді қаласаң, бойыңа біткен амал-айлаңды сен аямашы, алдап-арбап орманда жүрген бұғыны осында ертіп алып келші, бірақ байқа, ірісі, ең семізі болсын, соның ішек-қарны мен миын жеуге аңсарым ауып тұр», - депті.

Түлкі жүріп кетіпті, орман ішінде ойнақтап жүрген бұғыны көріпті. Жақындай түсіп, түлкі: «Ассалаумағалайкум! Мен саған жақсы хабар әкелдім. Бәріміздің әміршіміз, мына менің досым арыстан ауырып ана дүниеге аттанғалы жатыр. Аңның ішінен өзімнің орнына кімді патша етіп қалдырсам екен деген ой оның мүлде тынышын кетірді. Қабанды - ақымақ, аюды — еріншек, барысты — рақымсыз, безер, жолбарысты

- мақтаншақ, - деп топшылайды ол. Бойы болса алпамсадай биік, өзі ұзақ өмір сүреді, мүйізінен жылан, шаян әзірейілдей қорқады, ендеше бәрінен де патша болуға тек бұғы лайық-ау,

- деп шешті. Несіне көп әңгімелеп жатайын, ұйғарымы - осы. Таж-тахытқа енді сен иесің. Есті сала осы хабарды тұңғыш рет саған жеткізіп тұрған - мендей досың. Қане, сүйіншісіне не бересің,- дейді түлкі. Мезгіл тығыз-таяң. Арыстанның бар сенері - оң көзі - мен ғой, сарылып күтіп отырған шығар. Маған лұқсат етіп, батаңды берсең, досым енді мен жылдам зытайын. Мендей көпті көрген кемпірдің сөзін жерге тастама, барғың келсе, тіпті бірге жүр, өлерінің алдында жанында болып, кешу алыс», - дейді.

Түлкінің тәтті сөзі бұғыны ақылынан адастырады. Қандай катердің төніп тұрғанын сезбестен, арыстанның үңгіріне ол кіріп барады. Арыстан оны бас салады, бірақ қызу үстінде мүлт кетеді де, тек оның тырнағы бұғының құлағын жырып түседі. Аласұрып, бұғы орманға бет алып, зымырай қашады. Еңбегі еш, тұзы сор түлкі опық жеп, алақанын уқалайды.

Қамыққан арыстан өкіре жылап, зар қағады, аштық пен өкініш жанын жегідей жейді: «Бұғыны алдап-арбап тағы да менің алдыма алып келуге әрекет жасап көрші, мүмкін, екінші ретте жолың болар, түлкім», - деп өтінді ол. «Кетеуі кеткен бір ауыр міндетті жүктеп тұрсыз маған», - дейді түлкі, - сөйтсе де амал бар ма, сіз үшін қызмет істеп көрейін».

Содан соң тәжірибелі тіміскер түлкі «кашқынның» ізіне түсіп, қуа жөнеледі. Келе жатып оны қалай алдаудың әдісін ойлайды. Жолай ұшырасқан бақташылардан «үсті-басы канға боялған бұғыны көргендерің бар ма? - деп сұрау салады. Олар түлкіге таяу түрған орманды нұсқайды. Жаңа ғана келіп, дем алып жатқан бұғыны көреді де, түлкі баса көктеп жетіп барады. Тітіркене жиырылып, ыза кернеген бұғы: «Мені алдауың жетер енді, арамза зұлым! Маған таянушы болма, жақындасаң- ақ жаныңды жәһәннамға жіберем! Сені танымайтын бөгде біреулерді жер соктырарсың, бастарын айналдырып, соларды- ақ патша сайлай бер, тек менен аулақ жүр!...», - дейді. Сонда түлкі: «Қоркақтың қоркағы екенсің-ау, өзің! Біздей достарыңа да сенбейсің бе? Рас, арыстан сенің құлағыңды жырып жіберді, бірақ ол өлерінің алдында осынша ұлан-байтақ патшалықты калай басқарудын мән жәйін үйретіп, өсиетін айтуға оқталып еді, ал сен тіпті колың былай тұрсын, аяғыңның бір ұшын ұсынуды да көпсіндін-ау! Ол саған қатты өкпелеп калды, енді такка қасқырды отырғызбақ. Ай, шіркін-ай, амал бар ма, енді бір нағыз оңбаған патшаға душар болдық-ау! Онан да қойдан коңыр мінез көрсетіп, қолыңды кусырып, асықпай- үсікпей-ақ, тура кіріп барсайшы. Дүниедегі барлық ағаштар мен бұлақтардың атын атап ант ішейін, құдай біледі-ау, сол арыстан саған қастық істемейді. Сен үшін мен де жанымды ортаға салам ғой», - дейді. Қоркақ бұғыны осылайша алдап, аяр түлкі арыстанның алдына екінші рет алып келеді.

Сорлы бұғы үңгірге кіріп барғанда, арыстан оны жарып тастайды да, ішек-қарнын түгел жәукемдеп, сүйегіне дейін қажалап, дымын қоймайды. Түлкі телміріп қарап тұрады.

Бір қалтарыста, арыстанның көзі ауа бергенде, ақтарылып жатқан миын аузына қағып салады, істеген еңбегінің қаруын қайтарады. Бәрін жалап-жұқтап болып, арыстан енді миын іздейді. Сонда анадай алысырақ тұрып түлкі: Оны іздеп әуреге түспей-ақ қойыңыз, бұғыда ми болмайды. Арыстанның үңгіріне екі рет келіп, оның шеңгеліне іліккен хайуанда ми болушы ма еді?!- дейді.

«Тойымсыз шен құмарлық адамды ақылынан адастырады, төніп тұрған қауіп-қатерді де елетпейді»[1], - деп түйеді Эзоп (қолжазба 35-37-бет). Міне осыларды ол бұдан 2500 жыл бұрын айтқан-ды. Екінші ғасырдағы Бабрийдің «Ауру арыстан және түлкі мен бұғы» деген мысалында былай толғанады: «Арыстан ауырды да, басы кеткен жерге, аяғы жетіп, серейіп, таудағы үңгірінде жатып қалды. «Аштан өлсін демесең, маған бұғының миін жегіз. Ол осы маңайда орман ішіндегі жыныс қарағайдың арасында жайылып жүр, ал оны үстайтын менде қуат жоқ. Сен тек бал тіліңді емізіп, алдап әкеліп, менің шеңгеліме бір іліктіріп көрсеңші!»-деп өзінің үзеңгілес досы түлкіге тілегін білдіреді арыстан. Түлкі іздеп барады да, тауып алады. Ормандағы көк орай шалғында бұғы асыр салып жүр екен. Түлкі иіліп сәлем береді де: «Қуанышты хабар әкелдім! Өзің білесің ғой, біз қатар тұрамыз. Менің көршім арыстан қатты ауырып, өлім аузында жатыр. Бүгін таңда мен өліп кетсем, аң патшасы кім болады?» деген қалың ойда отыр ол. Әрине, қабан болмас, ол - ақымақ, аю-жалқау, ал, барыс - қызба, әпербақан. Ер көкірек жолбарыс өмірін менсінбей қиыс жүреді. Сондықтан «әкімдікке бұғы ие болсын, өйткені өзі көрнекті, зор, ұзақ жасайды, мүйіздері де әсем, иір қобызданып тұрады, өгіздің мүйізін оған салыстыруға да келмейді. Айбарынан жорғалаған жылан-шаянның зәре-құты қашады», деп ұйғарды. Көп мылжыңдамай келте қайырсам, аң патшасы - арыстанның мұрагері сен болдың. Жалғыз-ақ өтінішім бар, ертең патша болғанда, осы хабарды елден бұрын жеткізген мен бейбақты есіңе аларсың. Тек сол үшін ғана келдім. Ал енді мен жөніме кетейін. Өйткені арыстанның жанында ақылшы болып істейтін қызметім бар. Ағарған шашыма сенер болсаң, ең дұрысы қазір өзіммен бірге жүргенің ғой, ауырған патшаның көңілін сұрай барсаң. Өлер алдында кім көзге көрінсе, сол ыстық деген, кәделі жол - осы», - дейлі. Мекер түлкінің алдап-арбауынан бұғының

[1] *Басни Эзопа. М., 1968, с. 153-154.*

басы айналады. Төнер пәлені ескермей, арыстан жатқан тауға қарай тура жүгіреді. Төсегінен атып тұрған арыстан шыдай алмай карсы шабады, тырнағымен бұғының құлағын сыдырып түседі. Қорыққан бұғы жан дәрменімен кейін қарай кашып, қалың орман ішіне кіреді де, жоқ болады. Барлық еңбегі еш болып, салы суға кеткен түлкі өкініп, алақанын уқалайды. Өкініш пен аштық екі жақтан жанын жегідей жеген арыстан тістерін қарш-карш шайнап, ыңырана зарлайды. «Тағы бір айла тапшы!»- деп арыстан түлкіні тағы да қолқалайды. Түлкі толғанып тұрады да: «Бұл өте ауыр жүк, сөйтсе де, мұршам келсе, тағы бір көмек берейін», - деп маңғаздана сөйлейді. Иісшіл төбетше тіміскілеп, бұғының ізін кеседі. Неше алуан мекерлікті ойына тоқып, түлкі жүріп келеді, «Үсті-басын қан басқан бұғы бұл арадан өткен жоқ па»,- деп жолай ұшырасқан бақташыларға сұрау салады. Білгендердің бәрі де тура жолды мегзейді. Түлкі бір алаңға келеді, жүгіре-жүгіре ақ көбікке шомған бұғы ағашты көлеңкелеп деміге салқылдап тұр екен.

Қымсынбастан түлкі тұп-тура бұғының алдына жетіп барады. Тұла бойы шіміркеніп, жүрегі аузына тығылады да, ыза кернеген бұғы: «Қайда барсам, қыр соңымнан қалмайсың, ал енді менің алдымда тағы оттауға оқталсаң-ақ өзіңе де жайлы тимес, сақтан түлкім! Сенің бұқпандай қулықтарыңды білмейтіндердің басын қатыр, айланды асырып, соларды патша сайла да, орға шық!» - дей бергенде, сөзін бітіртпей түлкі кие жөнеліп: «Сен осынша су жүрек екеніңді таныттың- ау! Достыққа сенбейтін сорлы екенсің-ау! Арыстанның саған игі өсиетін айтып, ізгі ақыл бергісі келді, сені әбілет басқан ұйқыдан оятпақ үшін әкелік мейірімін көрсетіп, құлағыңа сыбырламақ болды, осындай ұлы патшалықты калай билеп- төстеудің мән-жайын бажайлап айтқанда, сен оның сөзін зер сала тыңдауың керек еді, болар-болмас жақындағанына төзе алмай, оқыс қимылдап тұра қаштың да, сорлы-ай өзіңді- өзің жарақаттадың-ау! Енді мезгілді өткізіп алдық, осындай жеңілтек оспадар қылығыңа, каша жөнелуіңе арыстан қатты қынжылды. Өзінің орнына қасқырды патша қылмаққа ұйғарды. Ой, шіркін-ай, ол патша болып кімді оңдырсын! Алайда амал не?! Осы төнер тауқыметтің бәріне өзің кінәлісің. Тезірек барайықшы, ең құрығанда осы жолы жүрегіңді тоқтатшы, қорқақ қоянша елегізіп, үрікпеші! Ағаштардың сыбдырлаған жапырақтарымен сылдырап аққан бұлақтың суын түгел куәға

тартам, мен саған жақсылық ойлаймын, арыстан да дұшпаның емес, аңдардың патшалығын шын жүректен ол колына тапсырмақ!» - дейді. Құйқылжыта арбап, мекер түлкі аңқау бұғыны тағы ажалға айдайды.

Үңгірге кіріп барған бұғыны арыстан жарып тастап, тойлайды, етін жеп, сүйегін мүжіп, кеміреді де, бұғының шек- қарнына шеңгелін салады. Өз еңбегінің қаруын қайтарғандай түлкі де болар-болмас қорек алады. Бір каға берісте ұрланып барып, бұғының басындағы миын сорып ішіп кояды. Бұғының бар денесін түгел аралап шығады да арыстан уыстап ұстап, қуыс басты искелей бастайды. Миының жоқтығын байыптап түсіне алмайды. Ақиқатты әдемі жасырып, түлкі сөйлейді. «Сіз бекер іздеп жүрсіз, бұғыда ми болған емес. Бір рет құтылып кетіп, арыстаннын аузына қайта келіп өзі араңдаған аңда ми қайдан болмақ?» - дейді (Бабрий, 126-129-6.).

Бабрий Эзоптан тура аударған, бірақ дәлелдеп, өңдеп өлеңмен жазған. Өйткені Бабрий Эзоптан жеті жүз жыл кейін жасаған адам ғой.

Бұдан бір жүз жыл кейін Индияда шыккан (III ғасырда) «Кәлилә мен Димнәда» былай айтылады.

«Баяғыда бір арыстан жыныс ағаштың ішінде тұрып, оның қалдығын қорек етіпті, қасында жүретін бір шибөрі[1] болыпты. Бір мезгілде арыстан қатты ауырыпты. Арып-ашып қалжырағанда, аң аулауға мұршасы келмепті. Сондаға оған шибөрі: Сен мүлде өзгеріп кеттің, өзіңе-өзін ұқсамайсың. Аңдардың сайып қыраны едің ғой, саған не болды? - деп сұрапты. Арыстан: Мұның бәрі өзің көріп тұрған аурудың салдарынан емес пе, бұдан жазылу үшін, есектің құлағы мен жүрегін жеуден баска ешбір ем жоқ, - депті. Шибөрі сонда: Мен білем, бір шұға жасаушы есегіне киім-кешек артып кір жууға келеді. Сол жайылым бізден аса қашық емес. Үстіндегі жүгін түсіріп, көкорай шалғынға жалғыз өзін қоя береді. Мен сол есекті дереу осында алып келейін. Сонан кейін оның жүрегі мен құлаған не істесең де, өзің білесің ғой, - депті.

- Кейінге қалдырмай, осыны тезірек орындай көр, - десе керек.

Шибөрі жүгіріп кетіпті де, есекке барып:

- Мен көріп тұрмын, сонша жүдеу екенсің, арқаң неге жауыр болған? - деп сұрағанда, есек оған:

[1] *Шибөрі – қорқау қасқыр*

- Мұның бәрі ана шұға жасаушы залымның салдарынан. Сол мені жұмысқа көп жегеді, тамақ бермей, шөміштеп қысады, - деп жауап қайтарыпты.

Шибөрі:

- Сен бұған қалай шыдап жүрсің? - дегенде, есек:

- Ал сонда не амал істемекпін? Адамның шеңгелінен қайда қашып құтылмақпын?! - депті. Шибөрі:

- Адамның аяғы баспаған, шөбі шүйгін оңаша орынды көрсетейін мен саған! Онда асыл тұқымнан шыққан, әдемі мәші (ұрғашы) есек тұрады. Ондай сұлуды сен еш уақытта көрген емессің. Оған айғыр керек, - депті. Әңгі (есек) тебірене толықсып:

- Екеуміз де сонда барсақ қайтер еді? Оны былай қойып, тек сенімен достасқым келген күнде де мен бірге кетер едім, - депті. Сөйтіп екеуі арыстанға қарай беттепті. Шибөрі бұрынырақ келіп, хабыр беріпті. Арыстан атып тұрып, есекке қарсы үмтылыпты, бірақ ұстай алмай қалыпты, ол қашып құтылыпты. Сонда шибөрі арыстанға:

- Бүлдірдің-ау, сен! Есекті әдейі жеке тастап кететін едім. Мені сорлатқың келді ме, не тарпа бас салдың. Оны сен ұстай алмасаң, (патшаның) есекті ұстап алуға мұршасы келмесе, онда біз құрыдық қой, - депті. Арыстан ойланыпты. «Егер есекті әдейі қоя бердім десем, онда шибөрі мені ақымаққа балар еді, ал ұстап алуға әлім келмеді десем, онда қуатсыз нашар деп білер еді», деп толғаныпты да:

- Есекті сен екінші рет осында ертіп әкеле алсаң, мен саған сол есек жөнінде өзің қолқалап жүрген бір әңгімемді айтып берер едім, - депті.

- Болған істі есек көзімен көрді, мен енді оған қайыра барсам, онда амал қолданып, алдауым керек болар, - депті де, шүйе бөрі есекке кайта барыпты. Есек мұны көре салып:

- Менде қандай бұйымтайың бар? - деп сұрапты. Сол арада шибөрі:

- Менің саған жақсылық істегім келеді. Қатенің бәрі шексіз құмартудан шықты ғой. Саған тура шапқан, әлгі өзің көрген хайуан есек еді, ол туралы мен саған айтқан болатынмын, ондай көріктіні сен өмірде көрген жоқсың. Құштарлықтың қуаты билеп шыдатпады, саған тұра ұмтылды, енді бір минут

кідіргенде ол сенің мәңгі жар қосағың болатын еді. Қатенің бөрі күшті елтудің салдарынан туады ғой, - депті.

Мәші есек туралы екінші қабат естігенде, әңгі есектің құмартуы құйынша көтеріліп, ол шибөріге еріп жүре беріпті. Келген мезетте арыстан бас салып оны жарып тастапты. Есекті жайғап болыпты да, ол шибөріге қарап:

- Мен дәріні былай қабылдаймын, ең әуелі жуынамын, сонсоң құлақ пен жүректі жеймін, ал қалғанын құдайыға таратам. Мен жуынып болғанша, сен есектің етін күзете тұр, сонсоң өзім қайтып келем,- депті. Арыстан кетісімен шибөрі есектің құлағы мен жүрегін жеуге кірісіпті, сонда арыстан құлақ пен жүректің жоқтығын көрген соң, қалған етін де жемес, құдайыға да таратпас деп сеніпті ол. Арыстан қайыра келіп:

- Есектің жүрегі мен құлағы қайда? - деп жазғырғанда, шибөрі оған:

- Есекте құлақ пен жүректің жоқ екенін сен білмеуші ме ең. Егер ол екеуі бар болса, аман-есен бір құтылғаннан кейін, екінші рет тағы келмес еді ғой, - депті. Арыстан шибөрінің сөзіне шүбәсіз сеніпті»[1], - деп толғайды.

Қазақ елінде «Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі» деген мысал бар. Осы төртеуі жолдас болып, өзі суды, биік таулы жерде мекен қылып жүреді. Арыстан, қасқыр, түлкі уақ аң аулап, жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына жардай болып семіреді. Қыс болып, уақ аң таусылып, арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі ашыға бастайды. Көздеріне түйеден басқа ештеңе көрінбейді. Олар түйені жемек болады. Түйе жолдастығын айтып жылайды. Әбден ашыққан соң үшеуі түйені жемек болып ақылдасады, түйемен сөйлесуге түлкіні жібереді.

Кешке жақын түйе дем алып, шөгіп жатқанда, түлкі қарсы алдында шоқиып отырып солқылдап жылайды.

- Досым, түйе, мына қылышын сүйретіп қыс келе жатыр. Жаздай бірге жүріп, бірімізге-біріміз бауыр басып қалдық қой. Енді қалың қар түскенде сен қорек ететін бұл ант атқан бетпақ шөлде ештеме жоқ. Қарды теуіп, шөп тауып жеуге сенің мұршаң келмейді. Қатты аяздан сақтайтын үстіңде жабуың да жоқ-ау!..

Түйе бірге жылайды:

[1] *«Кәлилә мен Димнә». Алматы, 1962, 185-187-беттер.*

- Енді не істеу керек? - деп дағдарады. Түлкі:

- Мен ақылын таптым, сен өзіңді өзің он екі қойға сат, ендігі жылы әлгі қойлардың жүнінен мен саған жылы жабу сырып қоям, - депті.

Түлкінің осы ұсынысын аңқау түйе қабыл алыпты. Оны арыстан жарып тастапты, ақтарып жатқан ішік-қарнына қарап түлкі сөйлепті:

- Ауылдағы қазақтың ыспадияр (шебер) әйелдері болса, мына ішек-қарындарды қандай әдемілеп аршыр еді-ау, енді патшамыздың өзі болмаса мұны ана өзенге сүйреп апарып тазалауға кімнің әлі келмек? - деп қамығады. Сонда арыстан мақтанып:

- Өзім-ақ көлге апарып, аршып әкелейін, - деп арқасына салып сүйрей жөнелді.

Ашыққан түлкі түйенің миын аузына қағып салады, қасқыр көзін жейді. Арыстан келіп:

- Миды кім жеген? - деп сұрағанда, түлкі:

- Тақсыр, түйеде ми болмайды, егер миы болса, ол өзін-өзі ажалға кимас еді ғой, - депті.

- Дұрыс, ал енді көзі қайда кеткен?-дегенде, қасқыр жалтақтап сөз таба алмай, түлкіге қарапты.

Сонда түлкі:

- Неменеге маған жаутаңдап карайсың? Кеше өзімізбен бірге жүрген досымыз - түйенің көзі жоқ еді деп, арыстекемнің алдында қалай өтірік айта алам? - депті монтаны түлкі.

Қасқыр қаша жөнелгенде, арыстан соңынан қуып, таудан тау асып кетіпті. Осы мезгілде түлкі түйенің етін жердің асына түп-түгел көміп тастапты. Өзі түк білмегенсіп, шоқиып отырыпты. Арыстан арсалақтап, қайта келіп, түйенің жемтігін сұрағанда, түлкі:

- Ойбай-ау, қызық болды, бұлар әлден-ақ қырқысып, төбелесіп жатыр, ендеше маған осылар он екі қойды қайдан тауып бермек? - деді де орнынан ұшып түрегеліп, тайраңтап жүгіре жөнелді[1], - депті.

Италия мен Греция елдерінде аңқау кейіпкер бұғы болса, Индияда сол бұғының міндетін есек атқарады, ал қазақ елінде аңқаулық, алаңғасарлық түйеге жүктеледі.

[1] *«Қазақ ертегілері», I-том. Алматы, 1957, 194-200-беттер.*

Италия мен Грецияда, қазақ халқында қулық-мекерлікті түлкі жасайды, ал Индияда түлкінің орнына сахнаға шүйе бөрі шығады. Негізгі ойлары бір сарында болса да, кейіпкерлері

- бөлек-бөлек.

Әр елдің өз жерінде көріп жүрген жануарлары, өздеріне таныс уақиғалары көрсетіледі.

Мысалдар түрлі жағдайға арналады, неше алуан кәсіп иелерінің оршолақтығын әжуалайды. Тілі өткір, ойы келте қайырылады да, өмір бойы ұмытылмай есте қалады.

«Надан дәрігер» атты мысалында Эзоп былай толғайды: «Өзінің мамандығын (кәсібін) білмейтін бір дәрігер болыпты. Бұрын басқа дәрігерлерде емделіп жүрген бір адамды осы дәрігердің емдеуіне тура келіпті. Бұрынғы дәрігерлері бұған: «Ауруыңыз аса қатерлі емес, сөйтсе де төсекте ұзағырақ жатып қаларсыз», - дескеді екен. Әлгі надан дәрігер келіпті де: «Дүниелік шаруаңыздың бәрін реттеп қойыңыз, қалған өміріңіз осы таңға жетпес», - деп кесіп айтыпты да, шығып кетіпті. Арада біраз уақыт өтіпті. Арып-шаршаған науқас аяғын тәлтіректей басып, таза ауаны жұту үшін тысқа шығыпты. Осы мезетте баяғы надан дәрігер ұшыраса қалыпты.

- Амансың ба, ей?! Ана дүниеде қалай өмір сүріп жатырсың?

- деп сұраса керек. Сонда науқас адам:

- Ақыреттегілер қәусар сусын ішеді екен, ол жерде сондай тыныштық, тіпті қой үстіне боз торғай жұмыртқалайды. Тек осы жуырда Ажал мен Дозақ екеуі бас қосып, ауруларды өлімнің уысына бермейтін дәрігерлер екен, солардың бәрін жапа-тармағай қыру керек, деп үлкен тізім жасады. Сені де сол тізімге жазып қойыпты. Мен қатты қорқып, жан ұшырып аяқтарына жығылдым, жалбарына жыладым, оған дәрігер атағы қатеден тағылған, ол нағыз дәрігер емес, надан адам еді,

- деп, ант-су іштім де, ажал аузынан сені әрең айырып алдым,

- депті.

Осы мысалды мен өз кәсібін жетік бйлмейтін, бос сөзге үйір, білімсіз дәрігерге арнадым. Оқып шығып, солар өнеге алсын дедім»[1], - дейді Эзоп.

Бұдан жеті ғасыр кейін (біздің I ғасырда) Федр «Етікші дәрігер» атты мысал жазды, сонда:

Ақымақ етікші кедейліктің тақсыретін тартыпты да,

Бөтен елде жүріп, жұртты емдеуге кірісіпті.

[1] *1958 жылы шыққан Эзоп мысалдарының 161-беті.*

Ауруды емдейтін дәрі жасап сатыпты.
Аят окып, үшкіріп, даңқын шығарыпты, -

дейді.

Қатты сырқаттанған патша мұны сынамақ ниетіне кірісіпті де, өзінің көзінше бір ыдысқа су құйып, оған жорта дәрі мен уды араластырған болыпты.

-Егер тәуіп (дәрігер) осы қосындыны ішіп салса, соған көп сыйлық берем,-депті.

«Сонда дәрігер көріне келген ажалдан қорқып: «Мен емдеу арқылы даңқа ие болғам жоқ, жұрттың ақымақтығы арқылы ғана атақты болып едім», - деп мойнына алыпты.

Осы арада халқын жиып, патша сөз сөйлепті: «Тірі жан ешуақытта аяқ кимін киіндіруге сенбейтін кісіге, сендер бастарыңды сеніп бересіңдер. Естеріңнен адасқан жоқсыңдар ма, түге?- депті.

Біреудің ақымақтығы арқылы ұятсыздық қоректенеді. Мен бұл әңгімені соларға айтықым келеді[1], - депті Федр.

Үстіміздегі дәуірдің II ғасырында тарих бетіне мысалшы ақын Бабрий шығады, оның «Шалағай дәрігер» деген мысалында мынадай толғау бар.

«Баяғыда бір шалағай дәрігер дүниеде дәурен сүріпті. Бір күні сол дәрігерді бір науқас шақырса керек. Бұдан бұрынғы емдегендерден ол: «Науқасың зілді, бірақ емдеп жазуға болар» дегенді талай естіген екен. Ал мына дәрігер кіріп келіпті де, үмітсіз пішінін байқатып; Мен сені алдап, шындықты жасыра алмаймын. Ең ауыр нәрсе ажал ғой, соған дайындала бер, бір төулік-ақ өмірің қалды, - деп шығып кетіпті де, қайтып оралмапты.

Ауру айығыпты, бірақ өзі әбден бозарып жүдеген екен, аяғын азар басып серуенге шығыпты. Бір күні әлгі дәрігер кезігіп:

- Әй, амансың ба? Ақыреттегі өліктер қалай өмір сүріп жатыр?-деп сұрапты. Сонда науқас адам:

- Кәусар суын ішкендер қам жеуді білмейді. Бірақ күні кеше Кора мен Плутонның өзі[2] дәрігерлерге қатты қаһарланып, ажалдыны өлтірмей, кедергі жасайды дегенді желеу етіп, дәрігерлердің бәрінің де атын атап-атап, қара тізімдеріне

[1] *Федр, Бабрий. Басни. М., 1962, с. 13.*
[2] *Кора мен Плутон – әзәзіл мен ақырет құдайы.*

кіргізіп жатыр екен. Біріншілердің қатарына сені де енгізбек болды, бірақ мен барып аяқтарына жығылып, сәжде еттім де:

- Оны жұрт бекер өсектеп жүр, ол мүлде дәрігер емес, - деп ант ішіп, жалбарындым, сөйтіп сені ажалдан құтқарып алдым»[1], - дейді Бабрий.

Көне Эзоп мысалдары жаңа дәуірде туған Ла-Хонтен, Флориан, Геллерт, Рабнер, Майснер, Абай тағы басқаларда да ұшыраса береді. Мысалы, «Шегіртке (инелік) мен құмырсқа» Ла-Хонтенде, Крыловта, Абай да бар, «Әкесі мен баласы» («Отец с сыном») Флорианда да, Дмитриевте де бар. «Мырза мен бұлбұл» («Мирза и соловей») Флорианда да, Пушкинде де кездеседі; «Тоты» («Попугай») Флорианда да, А. Измайлувта да ұшырайды; «Қарға мен көкек» («Скворец и кукушка») Геллертте де, Хемницерде де бар. Айта берсек ұшы-қиыры жоқ.

3. Мәтел болып кеткен мысалдар

Кейбір мысалдар уақ мәтел болып тарайды. Эзоптың «Күншіл ит пен бұқа» («Завидливая собака и бык») атты мысалында «Шөптің үстінде жатып алып ит өзі де жемейді, бұқаға да бермейді», кейінгі мезгілде Лопе де Вега жазған «Шөптің үстінде жатқан ит» («Собака на сене») дейтін пьесасы осыдан туған болар.

Ой-сананың ауысуы әр түрлі салада жүреді, көбінесе жазба әдебиет арқылы тарайды. Одан әрі ауыздан ауызға да көшеді. Әр ұлттың тілінде жүрген жеке-жеке сөздерден талай-талай ойлардың ауысқанын табамыз.

Мысалы, қазақта «Өзі бір отырған күрез ғой» дейтін сөйлем бар. Осыны айтушы адам «күрездің» төркініне түсінбейді. «Екеуміздің Крез емес екенімізді, сенің үйің патша сарайы еместігін Кирсанов өте жақсы біледі», - дейді И.С. Тургенов («Әкелер мен балалар», 20-бетінде). «Бұл кісі туралы талай ертегілер айтылған дала Крезі ғой» - дейді Д.Н. Мамин-Сибиряк («Астық»). «Біз төсекке Крез боп жатамыз да, ир[2] болып түрегелеміз», - дейді В.Г. Белинский, Н.С. Ашукин мен М.Г. Ашукина құрастырған «Қанатты сөздер» атты кітаптың

[1] *Федр, Бабрий. Басни, с. 119.*

[2] *«Ақын-ир тәрізді кедей еді», дегенде ир А.И.Герценде бар. «Былое и думы», 44-бетінде (Крез – байлықтың белгісі, ир-кедейліктің үлгісі).*

28 бетінде де Крездің аты-жөні, заты кім екендігі айтылады. Ендеше ежелгі Лидия патшасы Крезді немесе Геродот тарихын сахарада көшіп жүрген қазақ елі білді деу қате болар еді. Сондықтан бұл *күрез* біздің елге екі жолмен келуі мүмкін. Біріншіден, он тоғызыншы ғасырдағы орыс әдебиетінен алынады, немесе араб-парсы, тәжік-өзбек тілінен келіп ауысуы да ойға сияды. Бірақ біз көбінесе орыс әдебиетінен келгендігін қолдаймыз, өйткені осы *күрез* деген сөзді оңтүстік қазақтары біле бермейді. Бұл негізінен Орталық Қазақстанда ұшырайды.

«Жалған мен шындық» атты мысал Ромулде кездеседі, атақты татар ақыны Ғабдолла Тоқай былай келтіреді:

«Шын мен жалған («Чын уә ялған»)
Әуелде дүниеде жер жоқ, су ғана болған диләр.
Онда жүзгенләр иміш тек «чын» біләи «ялиан»-диләр.
Бу екі душманға тәңірден берілген бір күймә (кеме)
Бәс отырғанлар күймәгә бірісі қаршы бірсінә.
Көптә юрми «сын» біләи «ялған» шығанлар согыш,
Болмаса дослық, жете біт - соғыштарға бір йок іш.
Күшті қолы біләп «ялған» - «чынны» соққан диді.
«Чын» батып кеткен-ди, шықмасқа жәһәнге-мәңгіге

(1926, 9-бет.)

Осы күні бұл ауызша анекдот болып та көп елге тарап кеткен.

Халық арасына дәнекер болып, бірден бірге ой ауысады, бұл түрлі арнада жүріп жатады. Ұзақ эпос, ертегілер сабақтасады, қысқа мысалдар көшіп-қонып жүреді. Жеке мақал-мәтелдер, тіпті дара сөздер де бір елден екінші елге келіп тұрақтайды.

Қазақ халқының ең алғаш нәр алғаны - шығыс мәдениеті, батыс жұртына, орыс халқына кейінірек жақындап, қоян- қолтық араласқан сиякты. Орыс халқымен араласудың тіліміздегі, әдебиетіміздегі ізі ұшан-теңіз. Орыс мәдениетінің қарым-қатысы өте күшті болған кезеңі XIX ғасырдың орта шені, оның артынша революциядан кейінгі дәуірде болды. Аударма әдебиетінің төл әдебиетке мол әсерін тигізгені де, мәдениетіміздің шеңбері де осы кезде күшейгені белгілі.

Аударма өнері - идеология майданындағы зор құралдардың бірі. Аударма әдебиеті халықтар достығының дәнекері. Осы пікірді дәлелдей алатын тиянақты айғағымыз да бар, ол орыс

халқының тіліне араб әдебиетін аудару жөнінде айтылған болатын. Сонда: «Мың жыл деген тек бір халықтың тіршілігі ғана үшін емес, бүкіл адамзат өмірі үшін де өте көп уақыт, мың жыл бұрын өтіп кеткен ұлы ата-бабасын, олардың келешек үрім-бұтаққа қалай өмір сүрудің жарқын үлгісін көрсетіп, болашаққа жөн сілтеп өткенін ұмытпаған халық - бақытты халық. Өзінің алыс-жақын көрші елдерінде болған ұлы адамдарды біліп отыру одан да бақыттылық. Көбінесе әлгі әр елден шыққан ұлы ата-бабалар өздерінен мың жыл кейін де халықаралық байланыстың дәнекері болып қала береді», - дейді акад. И.Ю. Крачковский.

«Мың жыл бұрын Алеппоның (Хәләб қаласының жанында Сирияда (Шамда) туып, дәурен сүрген Абу-ль-Алә әл- Магарриді қиыр алыста жатқан Россия білген де жоқ еді. Әрине, әл-Магарридың туғанынан елу жыл бұрын Бағдадтан шығып Еділ өзенінің жағасына ибн-Фалданың келуі рас, тіпті кейбір арабтар тек Еділ бойы емес, Киевтік Русь еліне де бұдан бұрын келіп-кетіп жүруі мүмкін. Алайда, олар арқылы орыс елі Магарриді білген жоқ, өйткені Абу-ль-Алəның атағы олардан көп кейін жайылды... 1875-1876 жылдары орыстың екі ғалымы араб хрестоматиясын Петербургте шығарды. Әлемге әйгілі соқыр ақын әл-Магарридың бірталай өлеңдерін соған кіргізді.

«1932 жылы ілгеріде белгісіз болып келген «Періштелерге арналған» (орысша: «Послание об ангелах» - арабша: «Рисаләт ал-малаика» атты) шығармасын Ғылым академиясы Ленинградта жариялады. Бұл еңбек Шығыста Каир шəһəрінде, батыста Лейден қаласында сақталған қолжазбаларға сүйеніп еді. Осы еңбекті баспаға дайындауда Египет (Мысыр) ғалымы, Шамдағы[1] араб академиясының мүшесі Ахмет Теймур патша көп күш сіңірді.

Ленинград баспасын тұңғыш рет жазып құттықтаған әл- Фурейке өлкесінің философы Әмин-әр-Рейхани болды, мұның өзі де әл-Магарриды көп жылдай зерттеп келе жаткан ғалым екен, сол хатында ол былай депті:

«Шығысты зерттеуші ғалым-мырзалар, сіздер өте керемет адамсыздар. Тіпті баяғыда шіріп кеткен сүйекке де жан бітіре алатын, тәңірге жақын тұрған жансыздар!.Мен мынау еңбектен

[1] *Дамаск қаласы Шам деп те аталады, Сирияны да Шам деседі. «Мың бір түнде» Әбдіқадыров Дамшық деп береді.*

Абу-ль-Алә әл-Магарридың өзін көріп отырмын, шіріп қалған еңбектерін сіздердің мың жыл кейін тірілтетіндеріңізді анық білген жанша ол өз заманында былай деп кеткен ғой: «тәңірінің алдында ант ішіп айтсам, менің шығармам өз өмірімнен кейін қалады деп ойлағам жоқ», - депті. Міне енді, сол еңбек әл- Магарридан мың жыл соң тіріліп отыр... Мың жылдан кейін терістіктің ыстық самалы соғып, оның өлген еңбегіне жан кіргізер, орыс тілінің меруерті араласып, ол араб тілінде қайта сөйлер деген ойымызда да жоқ еді-ау! Я, күрметті орыс досым, саған тәңірім тіршілік берсін! «Періштелерге арнаған» шығармам менің алдыңда бас иіп тәжім етеді... Құдайдың сүйікті ұлдары-ау, сіздер енді оны іздеп таппайсыздар ма?»- деп сөзін әрі карай соза түседі Әмин-әр Рейхани.

«Егер тәңірі тағалам ұйғарған болса, сіздер мені тірілткендей етіп, оны да тірілте аласыздар ғой. Осынша ұзақ уақытқа айырылысқан менің «ыбылыстай» досымды тауып әкеліп, менімен табыстырмайсыздар ма?! Сонда өз атымнан да, жолдасымның атынан да, сөйтіп, мүмкін еместі мүмкін еткен» автордың үш «арнаудың» иесі Магарридың атынан да рахмет айтып, мына өткінші өмірді есен-сау өткізулеріңізді тілер едім-ау!»- депті әр-Рейхани. Міне, мына жолдарда жазған Фурейкедегі Магарридің досы, Ленинградтағы Магарридің досын осылай құттықтайды. Орыс пен араб әдебиетін зерттегенде үнемі табыстан табысқа жете беруін, дені сау, бақытты болуын тілейді. Халық арасында туысқандық сезім мен бейбітшіліктің орнауын қалайды»[1], - деп, көлемді ойын келте түйеді И.Ю. Крачковский.

Орыс ғалымдарының осындай пікіріне сүйене отырып, мына қазақ халқының өткен заманда қай елден, қай дәуірде нәр алғанын айтып өттік.

Ерте кездегі ауыс-түйістің шеңбері бүгінгі заманмен салыстырғанда тар еді.

Жағдай қазір мүлде өзгерді, жер бетіндегі көптеген ұсақ ұлттардың соры болып келген шынжыр бұғау отарлау саясаты күйреді. Азия, Африка халықтары күн санап бұрынғы бұғаудан босанып, тәуелсіздікке қолы жетті. Совет елімен туыстық қарым-қатынасқа түсті. Сөйтіп олар совет халықтарын, совет елдері оларды ең әуелі көркем шығармалар аркылы тани бастады. Ендеше, өмір қажетін ашатын, адам арасын қосатын тиянақ-тірек аударма өнері екені аян.

[1] *И.Ю.Крачковский. Изб. Соч., т. 3. М. – Л., 1955, с. 261-263.*

Сондықтан 1954 жылы аударма мәселесі Бүкілодақтық жазушылар съезінде ерекше сөз болады. 1958 жылы түркі тілдес елдердің уәкілдері бас қосып, аудармашылар мәслихаты Алматыда өтті. 1960 жылы октябрь айында аудармашылар кеңесі Москвада тағы болды. 1961 жылы декабрьде көркем аударманың шытырман шырғалаңдары Фрунзеде болтан Одақтық мәслихатта да талқыланды. 1966 жылы февраль - март айларында «Көркем аударма теориясының актуальдық мәселелері» («Актульные проблемы теории художественного перевода») Бүкілодақтық симпозиумда, Москвада қаралды. Бұл симпозиумға Америка, Англия, ГДР, Франция, Югославия, Италия, Финляндия, т.б. шет елдердің уәкілдері қатысты, ойларын ортаға салысып тарасты. 1971 жылдың жазында Бүкіл одақтық үшінші мәжіліс тағы Москвада өтті.

Соңғы жылдарда аударма мәселесіне аса көңіл бөлініп отырғанын осы мәжілістер айқындай түседі. Олай болса, көркем әдебиет идеология майданындағы зор құралдардың бірі, соның ішіндегі елеулісі екені даусыз.

Аударма әдебиеті - төл әдебиеттің егіз туған сыңары, бұлар қатар өседі. Орыс әдебиетінің тарихы да, қазақ әдебиетінің тарихы да осыған айғақ бола алады.

Ілгеріде көршілес отырғандықтан орыс халқы мен қазақ елінің арасында там-тұмдаған жеке-жеке сөздер, қысқа-қысқа әдеби әңгімелер ауысып келеді де, казақ әдебиетінде орыс әдебиетінен аудару салты XIX ғасырдың екінші жартысында күрделене бастады.

Бұл дәуір орыс әдебиетінің прогресшіл бағыттағы ұлы бейнелерді алғаш аудару мезгілі еді. Осы жол-жобаны бастаған Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар болды.

Заманына сай аударманың өсу жолын дәлелдеу үшін жалғыз-ақ мысал келтірелік. Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің «Капитан қызын» 1903 жылы Молда Нияз Бекимов аударды. Осы шығарманың 1936 жылы Қадыр Тайшықов, ал 1949 жылы Әбділда Тәжібаев аударғаны мәлім. Кейінгі аударманың бұрынғы төл әдебиетіміздің мешеу кезіндегі Молда Нияз Бекимов берген үлгіден көш ілгері екені даусыз.

Әрине,орыспен қазақ тілдерінің арасындағы қарым-қатынас бүгін басталған жоқ. Бұл ежелден келе жатқан дәстүр, өйткені, «көне орыс тіліне достакан деген сөз XXII ғасырда ауысты,

бұл түркі тілдерінде (соның ішінде қазақ тілінде) айтылатын достаған - тостуган - достакан - тустаган сияқты сөздерден алынған еді. Бері келе әлгі достакан қысқарып, стакан болып кетті. Қазіргі қазақ-татар тілдеріндегі стакан орыс тілінен келіп кірді, бірақ оның түбірі біздің қазақ-татар тілдерінде бұрын айтылған «достағаннан» шығуы анық» [1], - дейді тіл ғылымының докторы Х.Х. Махмудов. Сондай-ақ, қазақ-татар тілінде айтылатын арқалық, аралас, теңге деген сөздер орыс тіліне архалук, еролаш, деньги болып баяғыда ауысқан-ды. Қазір олар орыстың төл сөзі есепті болып кетті. Осы тәрізді: аул, ақсақал, арық т.б. біздің тілден орыс тіліне Ұлы Октябрь революциясынан кейін де ауысып барғаны анық. Ал орыс тілінен қазақ тіліне мүлде көп сіңіп отыр. Мысалы, орысша: волость, закон, самоварь, вожжи деген сөздер революциядан бұрын да: болыс, зәкүн, самаурын, божы болып жүретін. Қазір мұндай сөздер, ұғымдар тілімізде мүлдем көбейді. Мысалы, колхоз, совхоз, МТС, СССР, комсомол, КПСС тәрізді қысқарған сөздер, ботабай (путевой), гурзабай, легкобой, аптобоз, перме, шопыр тәрізді біріккен, дара сөздер де жер-жердегі қазақтар ертегідей «шеттен келген», «бұралқы қонақ» деп ұқпайды. Өзінің ежелден еншісіне тиген төл малындай көреді. Тілдің шеңбері кеңіп, бұлай баюы аударманың (әсіресе орыс тілінен аударудың) жеңілденуіне бірінші айғақ.

Аударманың сапасы сол елдегі төл әдебиеттің соңына еріп, аударма әдебиеті жедел жүреді. Кейде аударма әдебиет те төл әдебиеттің өсіп-өркендеуіне көмек беріп отырады.

Революцияға дейін қазақ әдебиетіне И.А. Крылов, И.И. Хемницер, И.А. Буниндердің ұсақ-ұсақ мысалдары, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтовтардың қысқа-қысқа үзінді өлеңдері аударылды. Аударушылардың бәрі де шет-пүшпақтап болмаса, түгел бір авторды сарқа аударған жоқ еді, тіпті бір автордың кесек бір шығармасын да бүтіндей аударып бере алмады. Өйткені, ол кезде қазаққа мұсылман дінін уағыздау үшін келген, шала-шарпы түсінілетін иарн, араб, шағатай тілі араласқан шұбар өлең-қиссалар: «Сал-сал», «Заркум», «Қараман-Қатырандар» болмаса, қарапайым халықтың өзіне етене түсінікті, өзіне тән бірде-бір күрделі шығарма болмады. Әлгі айтылған қиссалар әсерін тигізіп, өзіміздің тілге біртабан болса да бейімделіп жазылған «Балғұмбағыр», «Дариға қыз»,

[1] *«Вестник» АН КазССР», 1951, №4, с. 45.*

«Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірәттер» шықты. Осылардан кейінірек келіп «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебектер» басылды.

Алғашқы ояну дәуірінде, ежелден орын тепкен шығыс әдебиетінің әсері арыла қоймады. Бұл әсер Ыбырай, Абайларда да болды. Бері келе прогрессіл өскелең орыс әдебиетінің үлгісін қолданғандар да осылар болды. Бері келе М. Сералиннің «Топ жарған» хикаясы (1900 ж.), «Гүлкашимасы», Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы (44-ақ бет, 1912 ж.), Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы (90-бет, 1913 ж.), Сәкен Сейфуллиннің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың уақ өлеңдері қазақ тілінде жарық көреді.

Төл әдебиетіміздің осындай шағын көлеміне сай Спандияр Көбеевтің«Үлгілі тәржімесі» (аудармасы), Бекет Өтетілеуовтың аударған ұсақ мысалдары, қыска-қысқа өлеңдері жарияланды. Төл әдебиеттің шеңберінен аударма әдебиеті озып кете алмады. Төл әдебиеттің өрістеуі де сол халықтың саяси-экономикалық жағдайына байланысты еді. Қазақ елі ол заманда мал өсіруді күйттеп, шөбі шүйгін, суаты жайлы өңірді қуалап, бір жұртқа он күндей аялдай алмай көшіп-қонып жүрді, аттың жалында, түйенің қомында болды. Сондықтан салалы романдардың тууына бөгет жасаған екінші жағдай осы еді.

Мұндай жәйт орыс халқының әдебиетінде де болғаны мәлім. Мысалы, орыс әдебиеті тарихының атасы Антиох Кантемир «Ғылымды қорлаушыларға» («На хулящих ученье») деген өлеңін 1929 жылы жазды, Михайло Ломоносовтың «Хотинді алған күні» («На взятие Хотина») аты өлеңі 1739 жылы шықты[1]. Осылардың бәрі шағын тақырыпқа жазылған уақ өлеңдер болатын. Өнеге үлгісі жоқ, өз елінде кең тынысты, толыққанды күрделі романдар әлі жазыла қоймаған орыс тіліне Гомер, Шекспир, Сервантес, Ф. Вольтер, Гете, Шиллер, Гейнелер осы айтылған Кантемир, Ломоносовтардан жүз жыл кейін келіп аударылды. Бұлардың аударылуына құнарлы жағдай туды, әдеби толғам, әдеби тіл пайда болды. А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь заманы басталды.

Алайда, сол кезде В.Г. Белинский мақтаған, сахнада Павел П.С. Мочаловтай артист ойнаған, Николай Алексеевич Полевой аударған Шекспирдің «Гамлетін» де орыс жұртшылығы қазір ұмытып кетті, өйткені «Гамлет» одан кейні 30 рет аударылды

[1] *В.Г.Белинский. Собр. Соч., т. II. М., 1948, с. 738.»*

ғой XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап орыс әдебиеті қаулап өсті. Аудармаға көзқарас та, аударманың әдеби-тілдік нормалары да қалыптасып, әрі дәуірге сай құбылып, төл әдебиет сатысына сай өсіп отырады. Сонау А.С. Пушкин заманынан осы күнге дейін «Гамлеттың» отыз қайтара аударылуы, «Фаустың» да сан рет аударылуы осы пікірімізді дәлелдей алады.

«Аудару мен ауыстыру» («перевод и переделка») арасында орыс елінін XVIII ғасырында айырма болтан жоқ. Сол кезде Гомерді Е.И. Костров (1750-1796), Шекспирдің «Гамлетін» А.П. Сумароков (1717-1777), «Юлий Цезарін» Н.М.Карамзин (1766-1826), Шахаризада («Мың бір түн») ертегілерін Филатов аударды. Сол аудармалар арқылы дүниежүзілік ұлы бейнелермен казір танысам деудің өзі қиын. Заман ауысты, аудармаға қойылатын шарт та өзгерді, тіл мен әдебиет те жаңғырды, оның үстіне «Ломоносов пен Державиннен бастап Горький мен Маяковскийге дейін қандай ұзақ уақыт өтті»[1], - дейді П.М. Топер.

Сөйтіп XVIII ғасырда орыс тіліне аударғандар: Кантемир, Сумароков, Богданович, Херасков, Капнист, Карамзин, Радишев, т.б. Аударма XVIII ғасырдың екінші жартысында қауырт шыға бастады. Дәлін айтқанда 1768 жылдан бастап «Собрание, старающееся о переводе иностранных книг на Российский язык» атты жинақ ерекше шығып тұрды. Ол аудармалар XIX ғасырдың өзінде-ақ үмітсіз ұмытылды. Өйткені сахнаға енді Пушкин, Гоголь, Грибоедов, Лермонтов, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Достоевский, Тургенев, Л.Н. Толстой, Писарев, Гончаров, Островский, Салтыков-Щедрин, Чехов, Короленколар шықты. Орыс әдебиеті шарықтап шыңға көтерілді. Бұл мезгілді орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» деп атаса артық болмайды. Көркем аударма да бұрынғы «долбардан» ауысып жаңа арнаға түсті. Көш басшы төл әдебиеті себін тигізді.

Міне, осы із, өз шама-шаркынша, біздің қазақ әдебиетінде де болды. Жоғарыда да көрсеттік, тағы да пысықталық, әдебиеттің көлемі шағын кезінде өз бойына шақтап келте мысал, уақ өлеңдер аударылса, бері келе совет дәуірінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуі», Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш», «Көксерек»

[1] *«Вопросы художественного перевода», М., 1955, с. 46-47.*

әңгімелері, Сәбит Мұқановтың «Сұлушашы», «Адасқандары», Бейімбет Майлиннің «Шұғасы», «Раушан коммунисі», Ілия Жансүгіровтің «Күйі», «Жолдастары», Ғабит Мүсіреповтіі «Тулаған толқындасы», «Көк үйдегі көршілері», «Сабыр Шәріповтың «Қызылжары», «Алты басары», Мәжит Дәулетбаевтың «Қызылжары», Жақан Сыздыковтың «Әл қарттың әңгімесі», «Май көл тамы», Өтебай Тұрманжановтын Әбілда Тәжібаевтың, Асқар Тоқмағамбетовтың, Тайыр Жароковтың өзекті-ойлы өлең-поэмалары т.т. жарық көрді. Осылармен жалғаса көлемді аудармалар да елес берді. Қазақ тіліне 1928 жылы Гогольдің «Үйленуі»; 1931 жылы Шекспирдй «Гамлеті»; 1932 жылы Гогольдің «Өлі жандары»; 1935 жыль Горькийдің «Менің университеттерім»; Достоевскийді «Бишаралары» [1] т.б. басылды. Осы аудармалардың бұрынғы «долбармен» салыстырғанда түпнұсқаға таяулығы, ілкім тәуірлігі бола тұрса да ескі әдеттен, «түсінікті» ету үшіі шұбалаңдатудан, өзінше жорамалдаудан әлі арыла қойғаі жоқ еді. Бері келе, 40-50-ші жылдар карсанында өзіміздің төл әдебиетіміз адымдап алға басты. Мұхтар Әуезовтей, Сәбит Мұқановтай, Ғабит Мүсіреповтей, Ғабиден Мұстафиндей заманымыздың кесек жазушылары, совет дәуіріндегі қазаі классиктері кең тынысты, өткір ойлы, ірі-ірі шығармалар берді «Абай» эпопеясы, «Ботакөз», «Сырдария», «Оянған өлке» «Шығанақ» тәрізді көркем прозамыздың сүбелі туындыларь кесек-кесегімен жарияланды. Поэзия жанрында Ә.Тәжібаев Т.Жароков, Қ.Жұмағалиев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Орманов Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожиндердің көлемді поэмалары өлеңдері әдебиет сахнасына шықты. Бұрын болмаған көрнект үлгілер жасалды. Екінші буындағы М.Қаратаев, Е.Есенжанов Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, Ә.Нұрпейісов, З.Шашкин сынды өнер иелері прозаиктер келіп, үлы додаға араласты. Әдебиет тану ғылымының зерттеушілері, талғампаз сыншылар Б.Кенжебаев М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Б.Шалабаевтар шығып әдебиетке әділ биліктерін айтты. Сөйтіп төл әдебиетіміз өркендеп өсті де, аудармаға үлгі жасалды.

Әдеби ұғым, әдеби талғам туды. Міне бұл жайт аударушыларға көп жеңілдік жасады. Көркем аударманың ержетуіне қолғабысын тигізген үшінші себеп осы.

[1] *«Үйлену» мен «Гамлетті» - М.Дәулетбаев, «Өлі жандарды» - Қ.Тайшықов, «Менің университеттерімді» - М.Қаратаев аударды. Біздің аударуымызбен «Бишаралар» т.б. жарық көрді.*

Бірте-бірте қазақ тілінің грамматикалық нормалары қалыптасты. Тіл ғылымының білімпаздары: Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, А.Қ.Хасенова, Ә.Нұрмақанова т.б. ат салысты. Аударушыларға туған ендігі бір үлкен жеңілдік осы болды.

Тұжыра айтсақ, аударма әдебиетінің маркайып өсуі үшін тиянақтырақ болған бірінші жеңілдік ауысу, аралсу арқылы ортақ сөз, ортақ ұғым көбейді. Екінші төл әдебиетіміз өсті де, аудармаға үлгі жасалды. Үшінші жеңілдік тіліміздің қалыптасуы - тіл ғалымдарының ат салысуы дер едік. Ал енді біздің ойымызша осы үшеуіне қосылатын тағы бір жеңілдік бар тәрізді, ол жеңілдік бөгде елдердің әдебиетіндегі, әсіресе орыс классиктерінің шығармаларындағы кейіпкерлердің қазақ еліне, қазақ ұғымына жат еместігі. Орыс жазушыларында, әсіресе, Гогольде кездесетін бейнелердің мінез-құлқы да, мәдени мешеулігі де қазақ елінде болған шынлыққа жақын тұрады. Мысалы, бекіре балықты жалғыз жейтін жалмауыз, көрінгеннің аяғын басып кететін сәлекет, тірі жанды жақтырмайтын, барлық елді сыртынан ғайбаттап, ылғи өсек айтып отыратын Собакеевич - «Тай сойғанның Итбаевынан» аса алыс емес сияқты. Екі иығынан демін алып, еліріп, танаурап жүретін, төбелесті сатып алатын суайт Ноздрев біздің қазақ елінде кездеспейтін кейіпкер деуге болмас! Абай мысқылдаған ала аяқтардың бәрі де осылардың жақын туыстарындай. Гогольдің өзі айтпақшы: «Мүмкін, олар басқа шапан (кафтан) киіп жүрген болар...» - Сондай-ақ кешегі күні біздің елде Плюшкин, Манилов, Коробочкалар болса, бері келе Хлестаковтар да туды ғой. Өйткені, Бейімбет Майлиннің Талтаңбайы Хлестаковтан кем соға қоймас! Әрине, Анна Каренина образын бере қою қиын, одан біздің қазақ халқына Татьяна бейнесі түсінікті. Өйткені Анна Каренинадай әйелді, біздің ол кездегі окушыларымыз ұғына алмас еді. Сүттей ұйып, он жыл отасқан күйеуін, сегіз жасар баласын тастап, өзі жас, өзі суайт, желбуаз Вронскийдің соңына ерген Аннаны, ақырында, опық жеп, поездың астына түсіп өлген Аннаны, тойып секірген сорақы қылықты - елден шыққан Анна Аркадьевна Каренинаны түсіну оңай емес-ті, себебі, ол образ біздің әдеби өмірімізде қалыптаскан жоқ еді. Біздің Еңлік, Баян, Қамар сұлу, Шұға, Сұлушаштар - Анна мен Татьянаның

арасында тұрғандар. Бұлар Татьянадан ұзап кетпеген, Анна шеніне жетпеген бейнелер.

Онегин, Чацкий, Печорин, Рудиндер тәрізді көп оқыған, заманынан ойы да, бойы да озған «басы артық» (көзге шыққан сүйелдей) адамдар да әдебиетімізде болған жоқ. Олардан гөрі кешегі қазақ халқының шынайы өмірінде көп ұшырайтын кескіндер-Ноздрев, Фомусов, София, Собакевич, Плюшкиндер ғой. Міне, осы жағынан алғанда Гоголь адамдарының кейпі, олардың ой-өрісі бізге өте жақын келе береді. Түсінікті ойды, таныс кескінді суреттеп жеткізу, оны өз жұртшылығына ұғындыру, тұрмыста қалыптаспаған бейнені беруден жеңіл болады.

Жоғарыда көрсетілген жеңілдіктер арқылы аударма әдебиеті жедел өсті. Ежелгі марғау аяңнан мардымды бағытқа ауысты. Бұл әсіресе орыс халқымен тығыз байланысып, коян-қолтық араласқан кезеңде өрге өрледі. Орысшадан қазақшаға бұрынды-соңды аудармаларды шолып өткенде, қазақ елінің әр қилы мәдени сатысына сай, аудармада орын алған үш түрлі әдістің бар екенін байқаймыз.

Біріншісі - еркін аударма, бұл тәсіл түпнұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеуден, оригиналдың өзіне тән ерекшелігін сақтаудан гөрі, аудармашының өзіне тиімділігін көрмеуден туады. Қысқасын айтқанда, еркін аударма әрбір елдің балаң кезінде, мәдени шеңбердің тараң кезінде пайда болады.

Мысалы, 1843 жылы орыс тіліне Фридрих Шиллердің «Вильгельм Телль» атты пьесасын ГФ.Мюллер (1818-1881) аударды [1] . Сол пьесасының рухын, өзіне ерекшелігін бере алмадың, - деп, И.С. Тургенев Мюллерге мынадай пікір айтты: «Жалпы алғанда Мюллер мырза жеңіл тілмен жатық жазады. Бірақ түпнұсқамен салыстырғанда катесінің ұшы-қиыры жоқ... Орта қолды оқырмандар Мюллерді мүдірмей оқып шығады, өйткені бұдан бұрынғы Молчанов, Куражковский, Славин тағы басқаларға қарағанда мұны мақтамауымызға да болмайды, өйткені бұл (Мюллер) грамматиканы, өлең ережесін біледі, бейшара орыс тілін сорлатпайды»,[2] -дейді.

«Жуковскийдің өлеңі өте жеңіл, тап-таза, мөп-мөлдір, мүлде қарапайым, бүлдіршіндей әдемі келеді. Бірақ, ол

[1] *Г.Ф.Мюллер. Вильгельм Телль. М., 1843, с. 146.*
[2] *И.С.Тургенев. Собр. Соч., т. XI. М., 1956, с. 11-13.*

неміс пен ағылшын тілдеріндегі оригиналға тән ерекшелікті жылы жауып қояды да, өзінше соғады, өзіне ыңғайлысын ғана алады. Сондықтан оның аудармасы көңілдегідей болып шықпайды...»[1] деген В.Г. Белинскийдің де пікірі бар.

Аудармадағы екінші әдіс - сөзбе-сөз аудару. Бұл тәсіл, көбінесе, оригиналдың тілін мол түсінгендерде болады, соның әуеніне еріп, құлдық ұрдан шығады. Осыған қосымша ұлы елдің әдеби мұрасын аударғанда, ұзақ елдің уәкілдері жаза басудан қаймығады да, әрбір жеке сөздерін де, тіпті нүктелерін де дәл түсіруді күйттейді. Осының салдарынан барып, аударма сіресіп шығады, істеп отырған еңбектерін аудармашылар да, оқырман жұртшылық та түсінбейтін болады. Мысал келтірелік, 1936 жылы А.С. Пушкиннің 100 жылдық мерекесіне арнап 3 томдық таңдамалы шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. Аудармашылар да, редакциясын басқарғандар да өңшең сауатты адамдар еді. Сонда да болса ол аудармалар ешкімді де канағаттандырмады. Өйткені, біріншіден, бізде аударма тәжірибесі әлі нығайған жоқ еді. Екіншіден, Пушкинді сөзбе- сөз береміз деп «сірестіріп» алдық. Үшіншіден, асығыстық, «науқаншылдық» әсерін тигізді. Төртіншіден, әдеби тіліміздің, әдеби ұғым, талғамның кемтарлығы да себеп болса керек.

С.Я. Маршак В. Шекспирді аударды. Сол аудармаға В. Брестов жазған «Судьба девяностого сонета» атты мақаласында: «... в текст перевода может войти то, что не будучи названным присутствует в оригинале. А то, что прямо названо в тексте подлинника может уйти в подтекст перевода»[2] -дейді. Ендеше оригиналдың подтекстінде жасырын тұрған кейбір соз аудармада тура аталуы да мүмкін екен. Дәл беруге қызу кіріскен кезде асыға қимылдап, біздің аудармашылар мұндай жәтті ол мезгілде еске алмағандай.

Аударманың үшінші тәсілі - балама (адекватный) аударма. Бұл - ең қиын түрі. Мұны екі тілді бірдей білумен қатар, сол шетел оригиналының ішкі сырын сарқа түсінетіндер орындайды. Оның үстіне автордың дыбыс ырғағын, тілі әдемілігін, сөз қолдану мәнерін қалтықсыз, жете ұғынатындар жасайды. Осыған қосымша екі елдің «аударушы ел мен аударылатын елдің) мәдени сатысы бірдей болған мезгілде

[1] *В.Г.Белинский. Полн. Соб. Соч., т. VIII. СПБ. 1907, с. 425; т. 187; т. У, с. 107.*

[2] *«Литературная газета», 1952, 12 сентября.*

ығы-жығы білінбей, тегіс жаттығып кетеді. Төл әдебиеті мен аударма әдебиетінің арасында айырма болмай қалады. Бұған бүгінгі орыс әдебиеті айғақ. Өйткені батыс тілдерден аударылған Бальзак пен Л.Н. Толстой бірдей оқылады. Ендеше бұл ерте араласқан екі елдің мәдениет басқышы қаба-қатарлығын дәлелдейді. Баяғыда, осыдан 123 жыл бұрын (1847) жылы Г.В. Белинский: «По мере наших успехов в сближении с Европою запасы чуждых нам понятий будут все более и более истощаться и новым для нас будет только то, что ново и для самой Европы. Тогда... мы будем уже о том, что и язык русский с течением времени будет все более и более вырабатываться, становитьсы гибче и определеннее»[1], - деген екен.

Ұлы сыншының осы пікірін орыс әдебиеті мүлтіксіз орындап шықты. Біздің ойымызша, тарихи тағдыры бір, өнеге- үлгісі ортақ, саяси-экономикалық жағдайы да бір біркелкі совет дәуіріндегі орыс елі мен қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті теңдесу мезгілі алыс емес тәрізді. Дәл осы арада біз совет дәуіріндегі өсу-өркендеудің жедел жүретінін де ескеріп отырмыз.

Бүгінгі ғалым дүниесінде талас туып жүр. Ол аударма тіл ғылымына жата ма немесе әдебиет зерттеу ғылымына жата ма дегенге саяды. Біздің айтарымыз, аударма екеуіне де жатады, екеуіне де молынан жетеді. Тек қана көркем шығармалардың аудармасына келгенде, мұның әдебиет ауқымына кіретінін ұмытпай керек.

Бөгде елдерден қазақ халқының ауызша аударып алуы, ауысуы әріден келе жатқандай. Иран-араб, монғол, шағатай тілдерінен ауысқан, ауызша айтылатын ертегілер, неше алуан ұсақ мысал-нақылдардың бар екенін ілгеріде толық айтып өтті. Орыс халқының кейбір көрнекті ғалымдары И.Ю.Крачковский, Э.Бертельс тәрізді шағыс тану ғылымын зерттеушілері иран, араб ертегілерінің түп негізі Үндіден (Индиядан) келген деседі. Осы пікірін тиянақтау үшін, олар Кашмир (Индияда) өлкесінде «Панчатантра» III ғасырда жазылды, иран тіліне VI ғасырда, араб тіліне VIII ғасырда аударылды, ал «Мың бір түн» араб елінің XI ғасырдағы ертегісі. Осы ертедегі «Панчатантрада» айтылатын накылдардың бірталайы ұшырасады, - деп түйіндейді.

Қазақ тіліне орыс елінің көркем әдебиетінен аудару тәжірибесі XIX ғасырдың екінші жарымынан басталды. Дәлелін

[1] *В.Г.Белинский. Собр. Соч., т. III, с. 768-770.*

айтсақ, 1879 жылы Ыбырай Алтынсариннің «Киргизская хрестоматиясында» көрінді. Бұл орыс тілінен аудару дәстүрі еді. 1882 жылы орыс классиктерін Абай аударуға кірісті. 1892 жылы Алтынсарин аударған И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі»[1] атты мысалы шықты. 1900 жылы «Інжіл» де («Евангелие» де) аударылыпты. 1903 жылы «Капитан қызын» Молда Нияз Бекимов аударды. 1888 жылдан 1902 жылға дейін «Дала уәлаяты» атты газетінде (орыс, казақ тілінде) басылып тұрады. 1895 жылы 24 декабрьде (№49) И.А.Крыловтың «Аю мен жапан дүзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» деген мысал шықты. Сол 1895 жылы (№22) Г. Ив. Успенскийдің(1843- 1902) «Кім бақытты?» деген әңгімесі шықты. 1898 жылы (№№ 27, 28, 29, 30) Мамин-Сибиряктың «Ақбоз аты» жарық көрді. 1900 жылы Л.Н.Толстойдың «Сурят Кофейнясы» басылды. 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» («Образцовый перевод») белек кітап болып жарияланды, аударған Спандияр Көбеев еді. 1914 жылы Бекет Өтетілеуовтың аударған мысалдары шықты.

1905 жылы «Айқап» («Әй, қап!»(- «Увы») журналына А.П. Чеховтың «Қара қарғасы» («Грач»), «Қазақ» газетіне «Хамелеон» басылды. Крылов, Короленко, Успенский, Л.Н. Толстойлар да сол кезде көрінді.

Аударма әдебиетінің қауырт өскені Ұлы Октябрь революциясынан кейін болды. Революцияның алғашкы жылдарында (1923 жылы) А.С. Пушкиннің «Дубровский» деген повесі өлеңмен аударылды. 1924-1926 жылдарда Л.Н. Толстойдьщ «Хаджи-Мураты», Горькийдің «Сұңкар жыры», Мамин-Сибиряктың «Ақбоз аты» басылды.

1923 жылы Гогольдің «Үйленуі» («Женитьба») атты пьесасы (аударған - Мәжит Дәулетбаев), Г.В. Плехановтың «Көркем өнер мен әлеумет өмірі» атты еңбегі (аударған - Әшім Омаров) шықты. («Жаңа әдебиет» журналында үнемі басылып тұрды), 1931 жылы Шекспирдің «Гамлеті» (аударған -Мәжит Дәулетбаев) басылды. 1932 жылы Гогольдің «Өлі жандары» (аударған-ҚадырТайшықов) жарық көрді. 1935 жылы «Менің университеттерім» (аударған - Мұхамеджан Қаратаев) шықты. Ф.М. Достоевскийдің «Бишаралары» басылды. 1936 жылы «Әдебиет майданы» (қазіргі - «Жұлдыз») журналында И.С. Тургеневтің «Әкелері мен балалары» (аударған - «Ноян». Бұл жазушы Әуелбек Қоңыратбаев еді) басылды. Сол 1936 жылы

[1] *«Дала уәлаяты» газеті, 1982, 19 декабрь.*

«Өлі жандар» түзетіліп, қайта басылды. А.С. Пушкиннің 3 томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарияланды.

Қазақ әдебитінің даму жолдары көбінесе орыс әдебиетінде болып өткен жәйттерге үйлесе беретіндей. Мысалы, Шекспир, Сервантес, Гете, Шиллер, Байрондар орыс әдебиетінде баяғыда-ақ келіп кірген-ді. Шекспирді сол кезде Сатин, Вельтман, Кетчер, Кронеберг, Катков, Бородиндер аударған екен. Шиллерді Мюллер, Гетені Струговщиков, Воронченко[1] т.б. аударған.

Сол қарсаңда В.Г.Белинский: «Осыдан жүз-ақ жыл бұрын біз хат танымаушы едік, ал қазір Ломоносов, Державин, Фонвизин, Карамзин, Крылов, Батюшков, Жуковский, Пушкин, Грибоедов тәрізді орыс халқының рухани мұңын, келелі арманын жоқтатйтын азаматтарымыз туды. Осыдардың атын атап, аузымызды толтырып мақтана алатын болдық... тағы айтайыншы: халық өміріне, оның рухани мүддесіне сай бізде әлі әдебиет жоқ, бірақ осынша қысқа мерзімнің ішінде әдебиетіміз басталып отыр – міне, табысымыз осы, бұл үлкен жетіскендік, келешектегі ұлы үмітіміздің кепілі бола алады, бірақ осының өзі де қазір бізді дәсерсітіп, мастандырмауы керек»[2], -депті.

Осы жағдай біздің әдебиетке де жат емес. Мысалы, «бұдан қырық жыл бұрын, дүниежүзілік әдебиет туындыларын былай қойғанда, орыс әдебиетінің бірде-бір тұтас шығармасы қазақ тіліне аударылған жоқ-ты, ал қазірде жүздеген кітап аударылды. Осы фактінің өзі-ақ орыстың және жер жүзінің мәдениетіне қазақ халқының қолы жеткендігін сипаттайды»[3], - деді белді сыншымыз М.Қаратаев.

Осы екі сыншымыздың екеуіне де қосыла отырып, айтарымыз: тарих үшін «жүз жылдық» аз екені рас, «қырық жыл» одан да аз ғой! Алайда осы қырық, елу жылдық ішінде біздің әдебиетіміз қарыштап өсті. Бұған социалистік заман, революциялық жаңғыру кезеңі үлкен себебін тигізді. Оның үстіне ертеде дұрыс тани алмай келген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар қатарға кіріп, бүгінгі үрім-бұтақтың сүйіп оқитын авторлары болды. Совет дәуірінде

---

[1] Қазақ тіліне «Гамлетті» ең алғаш Мәжит Дәулетбаев осы Воронченкодан аударған. 1931 жылдары қазақта «в, ч» дыбыстары жоқ еді.

[2] В.Г.Белинский. Полн. Собр. Соч., т. I, с. 735-736.

[3] М.Қаратаев. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958, 227-бет.

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсрепов, Ғаббас Тоғжанов, Жақан Сыздықов, Ғабиден Мұстафин, Сапарғали Бегалин, Әбділда Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалмақан Әбдіқадыров, Ғалым Малдыбаев, Шахмет Құсайынов, Жұмабай Орманбаев, Қажым Жұмалиев, Әбу Сәрсенбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қасым Аманжолов, Диқан Әбілов, Мұхамеджан Қаратаев, Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов, Есмағамбет Ысмайлов, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Тахауи Ахтанов, Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов, Қуандық Шаңғытбаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Ілияс Есенберлин т.б. келіп жедел шықты да, өрге басты. Бұлар төл әдебиетіміздің де, аударма әдебиетіміздің де бетке ұстары болды.

Осыған қосылатын аударма әдебиетінің де көрнекті азаматтары бар. Қадыр Тайшықов, Бейсембай Кенжебаев, Қасен Өзденбаев, Ғазиз Оспанов, Қасым Тоғызақов, Ахмет Елшібеков, Ғалым Ахметов, Белгібай Шалабаев, Ысқақ Дүйсембаев, Мұхтар Жанғалин, Әнуар Ипмағамбетов, Ісләм Жарылғапов, Мүсілім Базарбаев, Әбен Сатыбалдиев т.б. Аударушылардың ішінен біз аты-шулы классиктерін қазақша сөйлеткендерді сұрыптап алдық.

Осылардың еңбегі жанды. Дүние жүзілік әдебиеттің классиктері «Мың бір түн», «Шах-наме», Омар Хаям, Сағди, Шекспир, Сервантес, Бальзак, Гюго, Гейне, Тагор, Дефо, мериме, Свифт т.б. қазақша тілге келді. Орыс классиктерінен И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, А.С.Грибоедов, Н.В.Гоголь, В.Г.Белинский, А.Н.Островский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, М.Е.Салтыков-Щедрин, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Г.И.Успенский, МаминСибиряк қазақша жатық сөйледі. Орыс халқның совет жазушыларының А.М.Горький, В.ВМаяковский, А.Фадеев, А.Толстой, М.Шолохов, Н.Островский, А.Твардовский, В.Ажаев, Д.Фурманов, Тренев, Седых, Шторм, Мате-Залка, Соколов, Макаренко, Гайдар, Павленко, Н.Прибой, К.Федин т.б. аударылды. Советтер Одағындағы туысқан ұлттар жазушыларынан (татрдан Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибрагимов, Баширов, өзбек жазушыларынан: М.Айбек, Г.Гулям, А.Қahhар; тәжік жазушысы Садридден Айни; түрікмен жазушысы Б.Кербабаев; қырғыз жазушылары Ш.Айтматов,

Т. Сыдықбеков; латыш жазушысы В. Лацис, Чехословакия, Болгария, Индия, Бирма жазушылары т.б. аударылды. Осынша қысқа мерзімнің ішінде ұшан-теңіз табысқа жеткенімізге біз де мардымсы алмаймыз, өйткені осының бәрі революциялық өршіл қарқынның жемісі деп білеміз.

Ілгерілі, кейінді аудармаларда болған ұлан-асыр табыстарымыз бен кем-кетігімізді біз бұдан бұрын да айтқан едік. Оны оқып, танысқысы келетін адамдар 1962 жылы шыққан «Көркем аударма туралы» (С. Талжанов) атты еңбекті оқып шыгар деп сенеміз. Сонымен қатар Ә. Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» деген кітабында да көп нәрсе қамтылған болатын.

Аударма жөнінде сайып келгенде, тағы бір тілегіміз бар. Бір елдің түп нұсқаларын өз тіліне аударғанда, аударушы өз әдебиетінің, өз тілінің қамын ойлауы - заңды құбылыс. Оларды ұшырайтын ерекшеліктерді бұлжытпай беру аркылы аударма тәлі, әдебиеті байымақ. Осы пікірді 1966 жылы Бүкілодақтық симпозиумда айтып едік. Сол пікірімізді келтіре кетелік: «Сегодня я выступаю в роли защитника русского языка. Нам следует заботиться и о чистоте и об обогащении великого русского языка - языка межнационального общения - своеобразными сравнениями, уподоблениями, до сих пор не существующими в русском обиходе»,[1]- деп едік.

Осыдан кейін бұл пікірді ГДР жазушысы Альфред Курелла қолдады, ол: «... в XVII веке Россия отставала в культурном отношении от Западной Европы, на сегоднящний же день Советская Россия опередила Запад на целую эпоху. Вот эти меняющиеся отношения между различными культурами сильнейшим образом влияют на характер перевода... С. Талжанов ратует прежде всего за второй вид перевода, охарактеризованный Гете в этой связи. Он прав. Поскольку отношения между Россией и Казахстаном достигли такого состояния, что правильнее всего представлять русскому читателю своеобычные элементы казахской литературы во всей их своеобычности и новизне, и это непременно поведет к обогащению русской клуьтуры, к расширению круга ее

[1] *«Актуальные проблемы теории художественного перевода», т. I. М., 1967, с. 111.*

представлений и преобразительных средств литературы»[1] - деп ойын бітірді.

Демек, шет ел тілінен аударғанда оның өз ерекшелігін сақтау арқылы қазақ ұғымын кеңейтетініміз сүттен ақ, айдан анық болады. Сондықтан, «Мен өзімнен гөрі Гомердің пайдасын көбірек ойладым да, әлім келгенше оның өз ойын дәл беруге тырыстым», - деп Н.И.Гнедич (1784-1833) «Илиаданы» аударғанда 1829 жылы соның бет ашарында айтқан екен. Осы әдісті Гнедичтен бұрын, 1786 жылы Шекспирдің «Юлий Цезар» атты пьесасын аударғанда (Н.М. Карамзин (1766-1826) қолданған болатын, сонда: «Мен автордың ойын ешбір жерде өзгертпедім, өйткені бұлай істеуге аударушының еркі жоқ деп білдім»,[2]-дейді.

Осы пікірлердің бірімен бірі ұштасып, бірінен бірі туып жатканын айтпасақ та түсінікті екені даусыз. Оның үстіне орыс әдебиетінде тұңғыш рет Н.М. Карамзиннің айтуы - тегін емес, өйткені ол: «Карамзин создал на Руси образованный литературный язык, и создал потому, что Карамзин был первый на Руси образованный литератор...»[3] - деді В.Г. Белинский.

[1] *Там же. См. Ст. Альфреда Кутелла (ГДР) – Meine Damen und Heggen. Lie be freunde und genossen. М., 1967, стр. 126-127.*

[2] *В.Г. Белинский. Поли. Собр. Сои., т. Ill Спб., 1903, с. 28, 2006-2007.*

[3] *Сонда, 206-2007-беттер.*

КӘЛИЛА
мен
ДИМНӘ

АЛҒЫ СӨЗ

Үстіміздегі заманның алтыншы ғасырында сасани тұқымы билеген Иранның патшалығы тағына Анушерван (531-579ж.ж.) отырды. Сол мезгілдегі ресми деректерге қарағанда, оған «Әділ патша» дегентқұрметті атақ таңылыпты. Бұлай ардақталуы оның басқа патшалардан гөрі елге жаны ашитын мейірімділігінен, ел немесе езілген жұрттың мұң-мұқтажына көңілін көбірек бөлгендігінен емес еді. Бұл жағынан қарағанда өзінен бұрынғы патшалардан мұның ешбір айырмашылығы да болған жоқ, қайта ол Маздак басқарған көтерілісті қанға бояп, топалаң тиеген қойдай қырды. Міне, осы қанды уақиғаға себебін тигізгендіктен Иранда үстемдігін жүргізіп тұрған зороастра дінінің ғұламалары бұған әбден риза болып, қатты сүйсінді, сөйтіп осы беделді атаққа ие қылды.

Дегенмен Анушерван заманына сай игілі іс қалдырған адам; ол ғылым-білімге жол ашты, оның жарлығы бойынша, сол дәуірдің әдеби тілі - пехлеви тіліне, былай айтқанда орталық парсы тіліне, батыстағы көршісі - грек (юнан), шығыстағы шектесі - үнді тілдерінен көп кітаптар аударылды. Грек философтарының кейбір кітаптары, сонымен бірге Үндістан ғалымдарының медицина, математика жөнінде жазған көптеген, еңбектері пехлеви тіліне сол жылдары аударылса керек. Кейінде тараған аңыздарға қарағанда, Үндістанға Бурзое[1] деген жас дәрігер жіберіліпті. Үндістан патшасының қазнасында бөгде адамның көзі түспейтін қаға беріс жерде, ұқыпты сақталған, көптеген нақыл, өсиеттер жазылған кітаптың қолжазбасын алып келу осы Бурзоеге тапсырылса керек.

Түрлі әдіс-айла қолданып, Бурзоенің әлгі кітапқа қолы жетіпті, тіпті оны көшіріп әкеліпті, сөйтіп Иранға келген соң, пехлеви тіліне өзі аударыпты деседі.

Бір кезде араб шапқыншыларының Иран мен Орта Азияда сақталған кітап қорына зор зиянын тигізгені мәлім. Көптеген құнды кітаптар сол қарсаңда отқа өртелді, ал фанатизм шабуылынан аман сақталып қалғандары да талай қырсыққауышырады, көзі жойылып құрып кетті.

Ғылым саласынан пехлеви тілін араб тілі ығыстырды. Көркем әдебиетте дари тілі өріс алды, бұл жаңа парсы тілінің бастапқы

[1] *Бұл ат парсы тілінде осылай айтылады екен, ал аударғанда араб дыбысы сақталып Барзуя болып кеткен.*

түрі еді. Өте ауыр оқылатын пехлеви жазуы Иран халифатының шеткері аймақтарында, әсіресе ескі дінді берік тұтынушылар арасында біраз уақыт қолданылып жүрді, бірақ ислам дінінің тез тарауына байланысты өрісі барған сайын тарыла берді. Пехлеви тіліндегі қолжазбаларды көшіретін жан табылмады, оның тіпті керегі де болмады. Мұсылмандардың қолына түспей аман қалған, иесіз жатқан қолжазбалар енді мезгілдің тегеурініне түсіп жоқ болды. Сасанилар дәуірінде ұшан-теңіз көп жазылған дүниенің болмашы бір жұқанасы ғана, бізге жеткен сияқты, мұның өзін де, көбінесе, Үндістанға қашып барып паналаған зороастра діндарлары сақтап қалыпты, өйткені діни кітаптар болса керек, ал зороастра діндарлары қазіргі күнде парсылар болып аталып кетті.

Бурзоенің пехлеви тіліне аударғаны да біздің заманымызға жеткен жоқ. Алайда біздің бақ-талайымызға қарай арабтар үстемдік еткен дәуірде өз халқының әдеби мұрасын ардақтаушы адам табылған екен. Ол - осы совет оқырмандарына ұсынылып отырған аударманың түп-нұсқасын жазып қалдырған Иран халқының ескі әдеби мұрасын сүюші Әл-Мукафтың ұлы Абдулла болатын. Уммия әулеті жіберген, өзінің қаталдығы мен әділетсіз жауыздығы арқылы әйгілі болған Жүсіп ұлы Хожа деген ұлықтық (75-95/695-714) ж. парсы облысындағы салық (харадж) жинаушысы осы Абдулланың әкесі еді. Әлгі ұлығына есеп өткізгенде ол қателесіп кетіп, ауыр жазаға тартылыпты, сонда қолы сыныпты да, шор болып қисық бітіпті, сондықтан оған Әл-Мукаф (арабша мүгедек) деген атақ, таңылыпты.

Абдулла ер жеткен соң барып мұсылман болған, ал зороастра дінін тұтқан кезде ол Рузбех Дадое баласы болып атанған. Тарихшы Балазури деген кісінің айтуынша Сүлеймен Абдулмәлік ұлының халифалық құрған дәуірінде (96-99/714-718) Абдулла Тигр жағалауындағы Вах Ковад өлкесінде салық жинаушы болып қызмет атқарған. Жас кезінде әкесінің көмегі тиіп ол пехлеви тілін үйренген, ескі қолжазбаларды оқуға қабілеті мол жеткен. Кейінірек заманның талабына сай, араб тілін де жетік білген, тіпті ерекше әдемі жазатын керемет сауатты кісі атанған. Оның қолына Бурзое кітабының қалай түскені бізге мәлім екен, мүмкін, сол кезде пехлевише жазылған кітаптар да аз болмаған шығар, оларды ескілікке әуестенушілер жинап та жүрген болар. Тіпті ислам дінін қабылдағаннан кейін де Абдулланың ұзақ уақытқа дейін бұрынғы зороастралық ежелгі дағдысынан ада-

күде арыла алмауы да анық. Аббас әулетінен екінші рет халифа болған Мансұрдың туыс ағайы Әли ұлы Иса бір күні мұны қонаққа шақырады, өзі сол Исаның басқаруымен кәлима айтып, бір кезде мұсылман дініне енген болатын. Аббас тұқымының талай шонжарлары бас қосқан осы топқа кіріп, ас ішуге отырған кезде Абдулла күбірлеп зороастра дінінің салтымен дастарқанға дұға оқи бастапты. Сонда Иса отырып: «Ислам дініне көшсең де, әлі күнге сенің парсыша міңгірлеп отыруың қалай?» - деп сұрағанда, Абдулла оған: «Бата қылмаған асты мен жей алмаймын», - деп жауап қайырыпты. Осыған қарамастан Иса оны өзіне хатшы етіп алып, қасынан шығармаған екен.

137/754-55 жылдары Мансұрдың жамағайыны Әли ұлы Абдулла (Исаның туған бауыры) Халифаға қарсы көтеріліс ашты. Хорасанның аты шулы қолбасшысы Әбу Мүсілімді қалың әскермен Мансұр оған қарсы аттандырды. Абдулла (754 жылы декабрь айының орта шенінде) хиджрадан[1] (737 жылы) Насибин маңайында титықтап жеңілді де, қашып құтылуға мәжбүр болды. Ол Басрадағы өзінің туған бауыры Исаға барып паналады. Халифаның атынан сол кезде Басраны өзінің үшінші атасы Сүлеймен билеуші еді, оны Мансұр дос көретін, сондықтан бауыры Абдулланы ол қорғап қалуға кірісті. Атайларының өтінішін Мансұр қабыл алды да, Абдулланың жазығын кешірді. Бірақ оның қолынан сенім хат алмақ болды. Осы сенім хатты жазу Әл-Мүкафұлына тапсырылды. Хат барынша әсерлі де әсем жазылсын деген жарлық түсті. Әл-Мүкафұлы осы жарлықты бұлжытпай орындады, сенім хатқа мынадай шарттарды енгізді: «Егер Мансұр өз атасын алдап, оны аңдаусызда сатып кетсе, онда әйелдері өзінен ажыратылсын, барлық мал-мүлкі құрбандыққа шалынсын, құлдарына бостандық берілсін», - делінді. Бұл сөздер Мансұрдың қытығына тиді, ол енді осыны жазған хатшыға өшікті, бірақсыр бермей, ішінен тынды. Хиджрадан 139 жылдан кейінірек рамазан айында (737 ж. ақпанда) Сүлейменді орнынан алып, Мансұр Басраға ұлық етіп, Муавияұлы Михаллабаса баласы Суфьянды тағайындады. Осы Суфъянға бір кезде Әл-Мүкафұлы зәбірін тигізген еді, сондықтан реті келген мезгілде кегін қайтаруға ол ынтық болатын. 142 (730-60) жылы шамасында

[1] *Хиджра – Мұхаммед пайғамбардың Мекеден Мединеге көшкен күні, мұсылмандардың жыл санауы осыдан басталады, бұл христиан заманасынан 617-622 жылдай кейін. (Ауд.).*

Әл-Мүкафұлын ол ислам дінінен ауа жайылған дінсіз (манихейшіл) деп айыптады. Халифа бұған елігіп Әл-Мүкафұлын ауыр азапқа салды, өлім жазасына бұйырды. Ең алдымен қол-аяғын шорт кесіп алып, өзінің көз алдында отқа өртеді, сонсын күл-паршасы шығып сиқы кеткен денесін де өртеп жіберді. Сүлеймен мен Иса аты шулы үлкен ғалымның мынадай жауыздықпен қаза табуына ызаланып, Мансұрға қарсы көтеріліс ашпақ болды, бірақ көп ұзамай Сүлеймен дүние салды да, көтеріліс ұйымдаспай қалды.

Бірақ «Кәлилә мен Димнә» атанып дүние жүзіне мәшһүр болған Бурзоенің кітабын араб тіліне аударудың арқсында Әл- Мүкафұлының даңқы да ұзақ ғасырлар бойы адамзат есінде сақталып келеді. Бурзое аудармасына Үндістандағы қандай қолжазбаның негіз болғанын Хорезмнің атақты ғалымы Әл- Бируни білетін еді. Ол өзінің «Үндістан» атты шығармасында: «Ғылымның неше алуан саласы Үндістанда екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз көп. Бәрін қамтуға менің әрине, мұршам келмес, бірақ «Панчатантраны» («Бес бәйітті») аударуға өте құмармын, оны бізде «Кәлилә мен Димнә» деп атайды. Бұл кітап үнді тілінен парсы тіліне, ал парсы тілінен араб тіліне, көптеген басқа тілдерге де аударылды, алайда толып жатқан өзгерістер енген екен, сол себепті бұл аудармалар да айтарлықтай сенімді емес. Мысалы, Әл-Мүкафұлы Абдулла осы еңбекті орындағанда оған Бурзое туралы бір тарау қосты. Дін жолына әлі де тиянақтай алмаған солқылдақ жандарды адастырып, манихеизмге бейімдеу үшін ол әдейі осылай істеп еді. Ал енді бұл тарауды сол өз жанынан қосса, онда басқа тарауларында да өзгеріс енгізуі мүмкін ғой![1] - деп жазыпты.

Әл-Бирунидің осы айтқан уайымын біздің тексеруімізге мүмкіндік бар. Бақытымызға қарай Бурзое кітабының тағы бір аудармасы сақталған. Бір кезде Марбин қаласындағы монастырьда ескерусіз жатқан Сирия қолжазбасы Мосуль патриархының кітапханасынан табылды, бұл Бурзое кітабының сириялық аудармасы екен, оны Буд деген молда үстіміздегі заманның 5 70 жылы жазып шығыпты. Бұл қолжазба бұрын екі рет басылып жарық көрді, (1876 және 1911 ж.ж.) оған қарағанда Әл-Мүкафұлының Бурзое кітабына кіріспені өз қолынан жазғаны анық және Бурзоенің кіріспесіне де діннің дүдамалдығы жайында бір тарау қосып, Димнәнің сотталуы жөніндегі әңгімені кіргізуі мәлім. «Сопы мен қонақ» атты тарауды да соның қосуы ғажап

[1] *Alberunis India, Editedeby E Sachau London,1887. P. 76.*

емес. Әл-Мүкафұлы осы аудармасын араб тілінде жазылған кітаптардың стиль жағынан ең аяулысы етіп шығаруға тырысты. Сондықтан бұл текст көшіріп жазушыларға, әрине, өте ауыр соқты да, негізгі нұсқа үнемі ауытқып түсе берді. Бір кезде араб әдебиетін өте сүйген Әбу-Фарадж Мұхамет Әби Якуб ұлы әл-Варака деген кісі болыпты. Оның лақап аты ан-Надим екен. Міне, сол адамның бір қызғылықты еңбегі біздің заманымызға келіп жетті. 987-88 жылы ол өзіне мәлім кітаптардың тізімін жасапты, оны «Алъфихрист» (каталог, тізім) деп атапты. Осы тізімде «Кәлилә мен Димнә» туралы былай деп жазыпты. «Кәлиләнің он жеті тарауы бар, кейбіреулер он сегіз тарауы бар деседі, ал мен басы артық, екі тарауы бар қолжазбаны да көрдім», - депті. Бұған қарағанда үстіміздегі заманның X ғасырында да «Кәлилә мен Димнә» тарауларының саны түрліше болған тәрізді.

Шығыс әдебиетін зерттеушілер бұл кітаптың негізі Үндістаннан шыққанын анықтайды. «Панчатантраны» («Бес бәйітті - Бас кітапты») осы замананың 300 жылдарында Кашмирде бір брахман жазды деп жобалайды. Онда ши бөрілер: «Каратака мен Даманака болып атаныпты». Пехлеви әліпбиінде «Р» мен «Л» дыбыстарының белгілері біреу болғандықтан, Әл- Мүкафұлы бұл есімдерді пехлеви жазбасынан (онда дауысты дыбыстар таңбаланбайды екен) «Қалилаг пен Дамнаг» деп оқуы да ғажап емес. Үндістандық түпнұсқада бес-ақ тарау бар. Бурзое үш тарауды әйгілі «Махабхарата» дастанының он екінші кітабынан алып енгізген. Соңғы төрт тарау, осы кезге дейін ескі Үнді әдебиетінен кездеспейді, бірақ мазмұнына қарағанда олардың Үндістаннан шыққаны айқын.

Кітаптың арабша нұсқасындағы өсиет, нақыл арқылы берілген арнауы түрліше мысалдармен безеніп, ете әдемі шықты, сондықтан ол өзіне оқушының көңілін жылдам-ақ аударды. XII ғасырдың бас кезінде-ақрабби Иоэль деген біреу бұл кітапты араб тілінен көне еврей тіліне аударады. Ол кісі бір жақсы қолжазбаға man болған сияқты, дегенмен мұның мазмұнында да қосымша әңгімелер кездесіп отырады. Осы көне еврей тілінен 1263 және 1278 жылдар арасында Иоан Капуанский «Direktorum vilde hu mande» («Адам өміріне өсиет») деген атпен оны латын тіліне аударады. Осы латын тіліндегі нұсқасы бірнеше батыс Европа тілдеріндегі аудармаларға негіз болады.

XI ғасырдың аяқ кезінде Симеон Сифұлы «Кәлилә мен Димнәні» араб тілінен грек тіліне еркін аударып, оны «Стефанит пен

Ихнилат» деп атайды. Ол қателескен екен, өйткені «Кәлилә» деген сөздің «Иклилъ» («сәукеле») деген сөзбен байланысы бар деп ұққан, ал «Димнәні» арабтың «диман» («көштің ізі») деген сөзімен шатастырған. Сөйтіп грек аудармасында «Жетіскен жан мен із кескіш» болып аталып кеткен. Грек аудармасы көне славян тіліне аударуға негіз болды. 1762 жылы «Ғылым Академиясының аударушысы» Борис Волков: «Үндістан философы Пилъпайдың саяси және өсиет мысалдары», - деп мұны латын тілінен аударған еді, бірақ осы кітаптың мазмұнымен Москва Русінің өзінен бұрынырақ таныс екенін ол байқамапты.

«Кәлилә мен Димнәнің» парсы тіліндегі аудармасын 1144 жылы Низамидин Әбу-л-Меали Насураллах жазып шықты, ол мұны Газнави әулетінің ең соңғы патшасы Банрам шахқа арнады, ал бірнеше басқа аудармаларға негіз болған осы аударма еді. Прозамен жазылған шығарманы асқақ әдемі сөздермен безендіру талабы XII ғасырда етек алып жайылды, сондықтан Әбу-л- Меалидің аудармасы ұғымға өте ауыр болды. Ал XVI ғасырда әлгідей асқақ әдемі жазылған мысалдардың өзі де қарапайым күйкі саналды, сөйтіп Ақсақ Темір нәсілінен шыққан сұлтан Хүсейін Байқараның пірі болған Хүсейін Вәиз Кашифи парсы тіліндегі аударманы қайта қарап, оған түрлі поэзиялық мысалдар қосып, бұрынғысынан бетер әдемілеп, әрлендіріп, ауырлата түсті. Бұл өңдеу «Әнуар-и-Сухейли» («Канопжұлдызы»)[1] атанып, ұлы моғол Әкбәр (1556-1605 ж. ж.) тұсында өзінің алғашқы шыққан мекеніне - Үндістанға қайта оралды, бірақ оны өңдеуші Әкбәрдің, уәзірі Әбу-л-Фазыл әлгі Хүсейн Вәйздің өте асқақтата әдемілеп жіберген жерлерін біраз жонып жөнге келтірді, сонымен оның «Ийари Даниш» («Даналықтың алғашқы тетігі») деген кітабы оқуға біраз жеңілдей түсті. Парсы тілінен бірнеше рет түрікшеге аударылды, олардың ішінен көбірек таралғаны әрі ең тәуір жазылғаны «Хумаюн-нама» («Патша кітабы») болды, бұл XVI ғасырда шықты. Түрікшесінен өзбек тіліне аударған ташкенттік Иса ұлы, Фазылулла еді (бұл 1888 жылы литографпен Ташкентте басылды). Татар тіліне арабша нұсқасынан аударған қазандық Ғабдулғаллам Файзханұлы болды, бұл Қазан баспасында 1889 жылы жарық көрді. Моңғол, малай тілдерінде де аудармасы бар.

Бұл кітап бүкіл дүние жүзіндегі мәдениетті халықтарды аралап кетті, Алайда «көшпелі» мағынасы бар кітаптардан

[1] *Канопнемесе Конопус – Киль деген үркердей бір шоқ жұлдыздың ішіндегі «а» жұлдызы, ол Сүмбіледен кейінгі, ең жарық-жұлдыздың бірі. Шығыста оны бақыт жұлдызы деп есептейді.*

мұны ажыратуға болады, өйткені қай кезде, ңай жерде қалай жылжығанын толық аңғара аламыз.

«Кәлилә мен Димнәні» араб нұсқасынан Европа тіліне 1816 жылы тұңғыш рет аударған атақты арабист, француз ғалымы Сильвестр де Саси еді. Де Саси бастырған аударма алты түрлі қолжазбаға сүйенді, сонда да толық сарапқа салынып, мінсіз шықты деуге болмайды. Бейрутта сын көтерерліктей нұсқасын А.Н. Таббара бастырып шығарғанға дейін, де Саси аудармасы әлденеше рет шығыс елдерінде басылып жүрді. Бірақ ол аудармаға негіз болған қолжазбалар да соңғы кезде дүние көрген (1086-1675) жаңа шығармалар еді, сондықтан бұл да тиянақты аударма бола алмады. Ақырында көрнекті арабист Л. Шейхо 749- 1339 жылдары жазылған ерекше құны бар қолжазбаны Ливан монастырынан тауып алып, осыған сүйене отырып (1905 жылы Бейрутта), әдемілеп жазып шығарды. Бұл 1923 жылы қайта қаралып өңделді.

Осы «Кәлилэ мен Димнәні» араб нұсқасынан аударған, шығыс мәдениетін зерттеуші, дарынды жас жігіт И.П. Кузьмин болды, атақты арабист академик И.Ю.Крачковскийдің, кеңесі бойынша ол өз аудармасына негіз етіп профессор Л.Шейхоның бастырған нұсқасын пайдаланды[1]. Төтенше кезіккен сәтсіз жағдайға ұшырап, жас ғалым өз аудармасын бітіре алмай ажал қармағына (1922 жылы 8 майда) ілінді. Осы кітаптың бірінші басылуындағы алғы сөзде И.Ю.Крачковскийдің айтқаны рас еді, И.П.Кузъминнің аудармасы, тіпті бітуге таяп қалған болатын. Аудармашының өзіне қиын соққан сөйлемдер ғана: түпнұсқаны көшірушінің алғы сөзі, Бахнуд кіріспесінің бас жағы, Әл-Мүкафұлы жазған алты сөз, бірінші тараудың біраз жері және кітаптың соңғы қортындысы ғана аударылып біткен жоқ еді. Аударылмай қалғандарын біздің еліміздегі араб тілі мен әдебиетін барынша терең білетін И.Ю. Крачковскийдің өзі аударды, сөйтіп Шейхоның екінші басылуымен (1923 жылы) сәйкестей отырып, аударманың тарауларын қайта өідеп шықты.

---

[1] *«Кәлилә мен Димнәнің» бірінші басылуындағы алғы сөзде И.Ю.Крачковский: «Арабша нұсқасының мәнін толық беру мақсатымен, аудармашылар тек қана Шейхоның қолжазбасына тұрақтамай, басқа да түрлерінен алып, бірсыпыра бөлімдерін толықтырды. Бұған жататындары Бахнудтың кіріспесі, тағы қосымшадағы екі тарау, мысалы: 1) Көгершін мен түлкі және көкқұтан туралы. 2) Тышқан патшасы мен оның уәзірі туралы еді» - деп жазды.*

«Кәлилә мен Димнә» Таяу Шығыстың Орта ғасыр әдебиетінде жиі кездесетін күрделі тақырып, бұл әкімдердің шағым арызға орынсыз сенбеуін, айыптыларды жазалауға олардың тұтқиыл асықпауын ескертеді.

И.Ю. Крачковский айтқандай «Кәлилә мен Димнәдағы» аңдар осы күнгі біздің мысалдарымызда кездесетін белгілі кейіпкерлердің толық бейнесі емес. Бұлардың аттары адамды нұсқап-ақ тұрады, дегенмен, негізінде олар іс атқармайды, - ойланып, толғана береді, онысы өте ұзақ байсалды және барынша өнегелі келеді, ал кітаптың негізгі мақсаты да өнегелі сөздерге тіреледі. Бұл кітап көне заманда «Өмір айнасы» атанған, ал орта ғасырда Германияда «князъ айнасы» («Furstenspiegel») болған кітаптардың қатарына кіреді. Осы кітаптың негізгі сарыны феодалдың қоғамнан нәр алды, сондықтан XVIII ғасырға дейін түрлі халықтар арасында кең өрістеп орын теуіп келді. Ұлы Гете де өзінің даңқты «Рейнек түлкіге» деп аталатын шығармасын «Кәлилә мен Димнәға» еліктеп жазған еді, бірақ сұңқылдатып, өнеге айтып, тақпақтай сөйлеуді оның негізгі арқауы етпеген болатын. «КәлиләменДимнә», шынында, бүкіл әлемдік әдебиеттің байырғы ескерткіші болып қалады. Орыс оқушыларына мұның көне славян аудармасымен және XVIII ғасырда латын тілінен едәуір өңделіп жасалған орысша аудармасымен де танысуға болады. Алайда пехлевилік нұсқасына жақын араб нұсқасының осы дәлме-дәл аудармасы совет оқырмандарының жеке кітапханасынан өз орнын алуға тиісті.

Е.Э. БЕРТЕЛЬС

ҚОЛЖАЗБАНЫ ҚҰРАСТЫРУШЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

МЕЙІРІМДІ, шапағатты Алламның атын аузыма алып айтайыншы! Жарылқасын Аллам, біздің қожамыз Мұхаммедті!

Мәңгі сөнбейтін ақыл-сананың нұрына бөлеп, адамның ғажайып әзіз бейнесін жаратқан, оған береке дарытқан Алланы ардақтаймын мен! Аллам оны айрықша көрікті етіп: иіскеу, есіту, көру, сөйлеу тәрізді төрт түрлі сезім берді, тағы басқа да игі қасиеттерді оның бойына дарытты. Мен бір Алладан басқа күдіреті күшті тәңірі жоқ деп уағыздаймын! Барлық жұрт өз тілдерінде оның атын жатқа біледі, мақтаныш етеді. Мұхаммед - Алланың сүйген құлы, бізге арнап әдейі жіберген елшісі, ғарышқа көтерілуі жарандар арасында өзіне ерекше маңыз береді, оның әзіз басында құпия сыр бар, сондықтан да жұрт оны жан-жағынан жамырай мадақтайды, мен бұған кәміл сенемін, тәубе келтіріп, шүкірлік етемін. Жер де, көк те бәз- баяғы қалпында тұрсын, сөйтіп оның әулетін де, сахабаларын да Аллам бетінен жарылқасын!

Ал мұнан кейінгі айтарым - ей, ізгі бауырым, екеуімізді де Аллам ақиқатқа бастағай! Мына Үндістанның көне замандағы данышпандары аңдар мен құстар және басқа хайуандар тілінде жазып, бізге қалдырып кеткен кітабы осы «Кәлилә мен Димнә» екен. Олар бұған таңдаулы уақиғаларды, барынша мазмұнды өсиеттерді енгізіпті, бұларды ақыл иесі адамдар ғана ұғына алады.

Мұны ұққан жан ұмыта алмайды, жүрегі елжіреп еліге береді, осы кітап оның ақылына дем береді, сонда бұл жақұттан да, маржаннан да көрікті, гүлбақшадан да ғажап ләззатты болып құлпыра түседі.

Бұған дәйім көзіңді салып телміре қара, терең сырын ұғына біл! Егер сен бұған көбірек қадалып үңіле түссең, онда пайда таппай қоймайсың, мазмұнын ұғынасың. Бұл өзі он алты тараудан құралған, оның бастапқысы - Қысырау Анушерванның дәрігер Барзуяны Үндістанға жіберуі, өз алдына бұл да бір тарау болып қосылды, ал екінші тарау - дәрігер Барзуя туралы. Оны

жазған Бузурджмихр [1] болса керек. Бұған жатпаса да ол мұны осы кітаптың бірінші тарауы етіпті.

«Кәлилә мен Димнә» негізгі он төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауы арыстан мен бұқа туралы, екінші тарауы Димнэ ісінің тексерілуі жөнінде, үшінші тарауы әккі көгершін туралы, төртінші тарауы - жапалақ пен құзғын туралы, бесінші тарауы маймыл мен тасбақа туралы, алтыншы тарауы - сопы меп атжалман туралы, жетінші тарауы - Илад, Шадирам және Ирахт жайында, сегізінші тарауы мысық пен егеуқұйрық туралы, тоғызыншы тарауы патша мен фанза құс туралы, оныншы тарауы арыстан мен тақуа шибөрі туралы, он бірінші тарауы жahангез бен зергер, барыс пен маймыл және жылан туралы, он екінші тарауы шahзада мен беделді адамның, саудагердің, диханның балалары туралы, он үшінші тарауы аңшы мен қаншыр және шибөрі туралы, он төртінші тарауы - сопы мен қонақ жайында.

Осы тараулар түгел шықпаса, онда кітаптың толық болмағаны, ал бұл тараулардың үстіне қосылғандары болса, ол орынсыз жамалғандар.

---

[1] *Бузурджмихр – мұсылман әдибиетінде әйгілі, аңыз ретінде айтылатын Қысрау Анушерван патшаның уәзірі екен. «Кәлилә мен Димнәнің» пехлеви нұсқасына алғы сөзді әдемілеп, әрлеп осы Бузурджмихр жазыпты деген де әңгіме бар.*

БАХУНД САХВАН - ҰЛЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ; БҰЛ БІР КЕЗДЕ АШ-ШАХ-УЛЫ ӘЛ-ФАРИСИ ДЕГЕН АТПЕН ӘЙГІЛІ БОЛҒАН КІСІ

МАҚТАП-МАДАҚТАУДЫ бітіргеннен кейін біз енді осы алғы сөзді үнді философы - брahман[1] дінінің басшысы Бейдауаның Үндістан патшасы Дәпшәлімге арнаған, хайуандар мен құстарды сөйлете білген «Кәлилә мен Димнә» кітабын неге жазғанын баяндай кетейік. Біріншіден, кітаптың түпкі мақсатын қара бұқараға түсіндірмеуге, беделін түсірмеуге тырысты, екіншіден, мазмұнын ақымақ жандардың қолжаулығы етуден қызғанды, үшіншіден, мұны тек қана өрісі кең данышпандарға бағыштады, сарқылмас бұлағы мол зор келешекке арнады. Сондықтан бұл кітап философқа ұлан-байтақ өріс, оның ақылына телегей-теңіз табыс, ұнатқан жанға естелік, ізденушіге игілі нысана болмақ. Парсы патшасы Қысрау Анушерван өзінің Барзуядай бас дәрігерін «Кәлилә мен Димнә» дейтін кітапты алып келу үшін үнді еліне қалай жібергенін ескертіп өтелік, ал Үндістанға барғаннан кейін, патшалық қазынада сақтаулы жатқан үнді ғалымдарының басқа кітаптарымен қоса, осы кітапты ұрланып жүріп, түнделетіп көшіруші бір адамды тауып алғанша, Барзуяның қандай амал-айла жасағанын да айта кетелік, солармен бірге ұзыны мен көлденеңі бірдей текше «он үйлік шахматты»[2] ала келгенін де баяндалық.

Осы кітаптың қайдан, қалай шыққаны туралы Әл- Буктеханұлы Бузурджмихрдың алғы сөзді жазған себептеріне де тоқталалық. Мұның ерекше құнды жағын ескерте отырып, қолына түсірген кісінің оны зерттеп, дәйім пайдалы жерін келелі игілігіне жаратуын тілер едім. Міне, сонда ғана ол өзінің бұрын талай аңсап зарыққан заттарының бәрінен де осының лəззатты екенін аңғарады да, сөздерінің терең сырын қарастыруға ынтығады. Егер осылай ете алмаса, бұл кітаптың

---

[1] *Брахмандар немесе (браминдер) ежелгі замандағы үнділердің алғашқы табынған дін иелері, кәдімгі брahманизм болып атанатын діннің жақтаушылары.*

[2] *Шахмат Үндістаннан шыққан, содан кейін ол парсы, араб және Европа елдеріне тараған. Шахмат тақтасындағы текше квадрат саны әр дәуірде бір келкі мөлшерде болмаса керек.*

нысаналы мақсатын ашуға оның ойы жете алмайды. Барзуяның елге келуін, кітапты жария етіп жұрт алдында оқуын және Бузурджмихрдың жеке бір тарауды өзі жазып, оны «Дәрігер Барзуя» деп не себепті атағанын ескертелік. Сол тарауда ол Барзуяның өмірбаянын, туғанынан бастап қалай оқығанын, дінге деген ынтасын, данышпандық ғылым салаларына қалай құлаш сермегенін толық жазды, сөйтіп кітаптың басындағы «Арыстан мен бұқа» туралы тараудың алдына апарып қойды, міне, осының да себебін аша кетелік.

Әли Аш-Шаһ ұлы әл-Фарисидің айтуынша философ Бейдауа «Кәлилә мен Димнә» кітабын Үндістан патшасы Дәпшәлімге арнап жазды, міне, осында үлкен себеп бар еді:

- грек халқының Іскендір Зұлхарнайыны[1] батыс елдерінің патшаларын жайғастырып болды да, енді шығыс патшаларына
- парсы және басқа елдерге қарай бет алды. Жауларына қарсы үдере соғыс ашты, ерегіскендермен тынбай арпалысты, келісімге келген парсы патшаларымен ынтымақтасып бітім жасасты. Себебі бұлар тұңғыш рет кездесіп еді, ал соқтыққан жауын жеңіп, өзіне бағындырғанша Іскендір де тоқтай алмады. Парсылар ыдырай қашты, бет-бетіне жан сауғалап тозып кетті. Содан кейін әскерін ертіп қытай жұртына тартты, жолшыбай Үнді патшасымен ұшырасты, өз дініне кіргізіп, оған өз әмірін жүргізбек болды. Бұл кезде Үндістан патшасы әрі батыл, әрі батыр, жеңімпаз да айлакер Форек деген кісі еді. Зұлхарнайын жауласқалы келе жатыр деген хабарды ести сала ол да соғыстың қамына кірісті. Қан майданда кездесуге дайындалды, батырларын шақырып алып соғыс әрекетіне шынықтырды. Аз уақыттың ішінде-ақ соғысқа қаймықпай баратын пілдерді, шабуыл жасап тарпа бас салуға дайын тұратын жыртқыш аңдарды сұрыптап алды, онымен қатар таңбаланған арнаулы аттар да, сүңгуір сүңгі, өткір алмас қылыш, жалтылдаған найзалар да іріктеліп дайын тұрды.

Үндістандық Форектің бұған қарсы даярланған атты әскерлерінен жер қайысады екен, мұндайды бұрын әріптес болған патшалардың ешқайсысынан ұшыратқан жок еді, таяна келіп осы хабарды естігенде Зұлхарнайын қатты састы, асығыс

[1] *Александр Македонскийдің (біздің заманымыздан 356-323 ж.) араб әдебиетінде, әдетте Іскендір Зұлхарнайын («Қос мүйізді») деп атайды.*

кимылдасам пәлеге қалармын деп сескенді. Бірақ Зұлхарнайын айлакер ку, залым да байыпты, тапқыр, әрі ысылған жырынды адам еді. Түрлі айла-әдіс жасап, тиіп-қашып, сақтана қимылдауға бет түзеді. Әскері жаткан жердің алдыңғы шебінен ор қаздырды да, орнынан козғалмай тып-тыныш жатты да қойды, осы патшаны қалай алдаудың, аңдаусызда қалай бас салудың жоспарын құрды. Жұлдызға қарап болжайтын балгерлерді де шақырып алды: «Үнді патшасына шабуыл жасау үшін қай күннің сәтті екенін, қандай мезгілдің қолайлы болатынын болжаңдар», - деп тапсырды. Олар бұған белсене кірісті. Қай қаланы басып өтсе де ондағы түрлі өнердің даңқты шеберлерін өзімен бірге ала кететін Зұлхарнайынның ежелгі дағдысы еді. Міне, енді ол ойланып-толғанып, қасындағы өнер иелерін шақыртып алды: «Мыстан іші қуыс ат жасаңдар, оның үстіне мыстан жасалған адам бейнесі мініп отыратын болсын, тағы сол мыс ат дөңгелекке қондырылсын, егер оған біреу тиіп кетсе, зырылдай дөңгеленіп жүгіре жөнелсін», - деп өз жобасын айтты. «Осындай мыс аттар жасалып болған соң олардын ішіне мұнай мен күкірт толтырып, мыс адамдарды әскерше киіндіріп, қару-жарақ асындыру керек. Жауға шабуыл жасардың алдында, әскердің орта шенінен алға қарай осыларды жылжытып жіберу мақұл, әркайсысының ішіндегі мұнай мен күкіртке от қойылатын болсын. Сонда пілдер келіп тұмсықтарымен қапсыра ұстайтын болса, өртене қызған мысқа соқтығып, тұмсықтары күйіп кейін қарай тым-тырағай қашатын болады» деп ұйғарды. Ұсталарға осыны істеп тез бітіріңдер деп жарлық етті. Олар барынша тырысып, асығып істеді де, орындап шықты. Жұлдызға қарап бал ашушылардың да белгіленген күні таянып қалды. Зұлхарнайын өзінің елшілерін үнді патшасы Форекке жіберді, - мойынсұнып, құлдық ұрып, бағынуын талап етті. Бірақ Форек патша жауласатынын білдіріп, қасарысып -қарсы шығуға даяр екенін хабарлады.

Патшаның мына шешімін естіген кезде Зұлхарнайын қару- жарағын алып, қаһарланып аттанды. Форек алдыңғы сапқа пілдерін шығарды. Сол уақытта үстінде адам бейнелі қарақшысы бар мыс салт аттыларды бұлар да ілгері жылжытып қоя берді, пілдер тұмсықтарымен қапсыра қармап, арпалыса түсті. Өртене қызған мыс тұмсықтарын қарығанда әлгі пілдер алды-

артына қарамай жөңкіле қашты, үстеріне мінген жауынгерлері жапатармағай жығылды, үріккенде еш нәрсені елемеді, жолай кездескенді басып-жаншып тапап кетті. Осының салдарынан Форек те, оның әскері де бет-бетіне бытырап, бордай тозды, ал Іскендірдің қолы соңынан түре қуып, ауыр апатқа ұшыратты. Осы кезде Іскендір айқайлап: «Уа, Үндістан патшасы! Кел бері, менімен жекпе-жекке шық! Әскеріңе де, өз үй ішіңе де рақым қыл, оларды ажалға айдама! Бақытсыздыққа душар болған әскерді, сын сағатта қатерге ұшырату патшаға лайық емес! Жоқ, олай болмайды, жанын ортаға салып, патша соларды қорғауға тиіс! Әскеріңді таста да, бері кел, жекпе-жекке шық. Қайсымыз жеңсек, міне, сол олжалы болсын», - деді.

Зұлхарнайынның осы сөзін естіген заматта жеңеріне көзі жеткендей Форек қатты қуанды, бұлдыр үміт еріксіз билей жөнелді де, майданға жекпе-жекке аттанды. Іскендір оған қарсыласа шықты, екеуі де аттарын біресе тежеп, біресе арындатып әлденеше сағаттай сайысты, бірақ бірін-бірі оп- оңай түсіре алмады, сөйтіп дамыл алмай арпалыса берді. Бір мезгілде Іскендір ешқандай амал-айла таппай, әбден торығып қажыды да өзінің әскеріне қарап, ышқына айғайлады - нағра тартты, оның дауысынан жер тітіреніп, әскер сілтідей тұнды. Осы айғайды естігенде, өз әскерінің ішінен бір лаң шыққандай көріп, шіміркенген Форек артына жалт қарады. Дәл сол сәтте Зұлхарнайын бар пәрменімен салып кеп жіберді, ол ердің үстінде есі ауып теңселе бастады, тағы бір рет ұрып жібергенде, атынан тулақтай ұшып түсті. Патшаның ажал оғына кезіккенін көрген әскері онымен бірге өлуге бастарын бәйгеге тікті де, Іскендірге жабылды - аянбай соғысты. Ақыр соңында, Іскендір мейірімді болуға серт берді, осы ниетіне қарай тәңірім жарылқап оны жеңіске жеткізді. Бүкіл жұртты өзіне бағындырды да, бір сенімді кісісін патша етіп белгіледі. Өкіметі әбден нығайып, жарлығына жұрт түгел мойынсұнып, бір ауыздан қабылдағанға дейін аялдады да, сонсоң өз орнына сенімді кісісін қалдырып, Үндістаннан аман-есен аттанып, бет алған жағына қарай жүріп кетті.

Әскерін ертіп Үндістаннан ұзаңқырап шығысымен-ақ орнына қойып кеткен адамына үнділер бағынудан бас тартты, сонда:

- Өз ортамыздан, өз ұлысымыздан шықпаған бөгде біреудің бізді билеп, әкімдігін жүргізуі мемлекетіміздің атына да жараспайды, мұны ақ сүйек дегдар туған жандар да, қарапайым адамдар да ұнатпайды. Ол әрдайым бізді кемдікте ұстайды, мұқатумен болады, - деген сылтау айтты. Сөйтіп олар Іскендір қойған адамды орнынан түсіріп, әкімдіктен жұрдай етті де, бұрынғы патшаның бір баласы - Дәпшәлімді патша сайлады.

Әкімдігі орын теуіп, жағдайы әбден нығайған мезгілде бұл патша мүлде көкіп, өзін-өзі орынсыз жоғары көтеріп, тым масаттанып, өте дәсерсіп кетті, төңірегіндегі патшалықтарға күн көрсетуді қойды, үнемі шабуыл жасауды шығарды. Беті қайтпайтын жеңімпаз атанды, сондықтан басқа патшалар да, қол астындағы елдер де қатты сескенетін болды. Әкімшілігі нығайып, күш-қуаты зорайғанын білді де, ол өз жұртына да жүрдім-бардым қарап, орынсыз жазғыратын болды. Зорлық- зомбылығы күн санап күшейе түсті, ол көп уақытқа дейін өзін-өзі осылай ұстады. Сол патшаның тұсында брахмандар арасынан шыққан бір инабатты данышпан, атына заты сай адам болыпты, жұрттың бәрі соның сөзіне тоқтайды екен. Оны философ - Бейдауа деп атаушы еді. Патшаның мынадай әділетсіздігін көріп, қайткенде оны бұл беттен қайтарудың, әділдікке, дұрыс жолға салудың қамын ойлады. Осы игі ниетпен өзінің шәкірттерін жинап алды да: «Менің сендермен не туралы кеңескелі отырғанымды білесіңдер ме?» - деп сұрады. Олар: «Жоқ, білмейміз», - деп жауап қайырды. Сонда Бейдауа: «Ендеше, біліп қойыңдар, мына патшамыз Дәпшәлімнің жұртқа дәйім істейтін қиянаты, жауыздығы, өрескел істері жөнінде көп ойланып, ұзақ толғанудамын. Мұндай жағдайда біз өзімізді мынандай әдетке үйретелік: егер патшалар өрескел іс істесе, оларды жақсылыққа, әділ ниетке баулылық. Ал егер біз бұған ескерусіз селқос қарасақ, онда бұрын өзіміз қауіптенін қашып жүрген пәлеге ұшыраймыз, есуастықтың үйреншікті бойкүйез ауруына тап боламыз, олар бізді өздерінен гөрі ақымаққа санайды да қорашсынатын болады. Өз отанымды тастап ешқайда кеткім келмейді, ендеше халыққа жауыздық көрсетіп, зорлық-зомбылық істейтін патшамызды бетімен қоя беруге ұжданымыз да, даналығымыз да рұқсат етпейді. Бізде онымен күресерлік тілден басқа қару жоқ, бөгде көмекшілерді іздеп

елден безіп бой тасаласақ, онда игілі ісіміз зая кетеді, еңбегіміз еш болады, ал егер біздің өзіне қарсылығымызды, арамза пиғылын ұнатпайтынымызды сезіп қойса, міне, біз үлкен апатқа сонда ұшыраймыз. Қандай әдемі жайда, тату-тәтті өмірде тұрғанымен ит пен арыстанның, жылан мен бұқаның коңсы қонуы қауіпті екенін өздерің де жақсы білесіңдер. Қырсықты нәрседен қашып, сүйкімдіге құмарта ұмтылу үшін басына келген зауалдан, бақытсыздық пәледен ебін тауып құтылуы үшін философтың көбірек ойлануы керек. Менің естуімше баяғыда бір философ өзінің шәкірттеріне былай деп жазыпты:

«Жауыз адаммен қоңсы кону, онымен қарым-қатынас жасау, кемеге мініп теңізді кешкен кісі тәрізді болады, өйткені суға кетпей аман қалған күнде де, корқыныштан ол құтыла алмайды. Егер қатерлі жерге қауіптің қайнар бұлағына біреу өзі барып соқтықса, оны есуас хайуанға балаңыз, өйткені пайдасы тиетінге ұмтылып, зиянды нәрседен қашу, бұл жабайы аңдардың да бойына туа біткен қасиет қой. Хайуандар да пәлеге ұшырайтын қауіпті суатқа өз үйірін айдап апармайды, алдымен кешеуілдеп байқайды, жаратылысына біткен сақтығы көмек береді де қауіпті болса жуымайды», - дегенді айтыпты. Мен сендерге осы туралы ақылдасу үшін жинап отырмын, өйткені маған ең жақын адам сендер, құпия сырымды сақтайтын көмекшім де өздерің ғой. Ойы, пікірі ешкімге үйлеспейтін оқшау жан, қайда барса да апатқа кезігеді, ол өзіне ешқашан жанашыр көмекші таппайды.

Осы жөнінде мынадай нақыл бар:

«Баяғыда бір бозторғай пілдің жүретін жолына ұя салып паналапты да, соған жұмыртқалапты. Сол арада пілдің су ішіп жүретін дағдылы бір суаты бар екен. Бір кезде піл әдетінше суатқа бара жатып, ұядағы жұмыртқаларды басып, жаншып кетіпті. Мынадай бақытсыздықты көріп бозторғай бұл пәленің пілден келгенін сезіпті. Ол ұшып барып пілдің төбесіне қоныпты, сонда жылап отырып: «Уа, патшам! Сен менің жұмыртқамды жарып, балапанымды тапап кеттің, мұның қалай? Мені өте әлсіз көріп, бойыңа теңемей, қорлау үшін осылай істедің бе?» - деп сұрағанда, піл оған: «Расын айтсам, дәл осы жағдай себеп болып еді?» - деп жауап қайырыпты. Бұл сөзден кейін бозторғай әбден түңіліпті де, бір топ құсқа барып, өзінің пілден көрген жапасын шағып зар еңірепті. Олар отырып:

- Біз өңшең әлсіз құстармыз, қолымыздан не келеді, оған қандай амал істей аламыз? - дегенді айтыпты. Осы мезетте бозторғай қара қарғалар мен сауысқандарға барып: «Сендер менімен бірге жүріп оның көзін шоқысаңдар екен, сонан кейін өзім-ақ басқа бір лажын тауып, сазайын тартқызар едім», - депті.

Осыған келісіпті де бірге ұшып барып, пілдің көзін олар жабыла шоқып, мүлде ағызып жіберіпті. Піл енді суатқа да, жайылымға да жол тауып бара алмапты, тек аяқ астынан қана қоректенетін болыпты.

Бозторғай мына жағдайды білгеннен кейін құрбақалар мекендеген қара суға келіпті, пілдің өзіне істеген озбырлығын айтып, мұңын шағыпты. Сонда құрбақалар: «Мына шүкейттей сияғымызбен, орасан дәу пілге қалай қарсы бара аламыз, оны қалай жеңуге болады?» - дегенде, бозторғай: «Сендер маған еріп қапсағай құздың түбіне барыңдар да, бақылдап шулай беріңдер. Піл сендердің дауыстарыңды естігенде, сол жерде су бар деп кәміл сенеді де өңештей ұмтылады. Сөйтіп барып құздан омақаса құлайды», - дегенді айтыпты. Құрбақалар осыған келісіп, құздың түбіне барып, бақылдай шулапты. Бұлардың даусын естігенде, әбден шөліркеп титықтаған піл, шыдай алмай солай қарай жөнеп беріпті де құздан құлап, опат болыпты. Бозторғай қанаттарын жебелей қағып, пілдің төбесіне келіп, калықтап тұрыпты да: «Ей, жауыз зұлым, мені қорлап, күшіңе сеніп, көзіңе шел қаптап еді-ау, сенің! Шынашақтай денеме қарамастан менің мынау істеген айлама қарашы, өзіңнің орасан зор денеңе біткен ақылыңның тапшылығын байқашы, міне, осылар енді саған қалай көрініп тұр екен?» - деп табалапты». Осылай бір толғап өтті де философ:

- Енді әркайсың өз ойларына келген пікірлеріңді айтыңдаршы, - дегенде, шәкірттері бір ауыздан:

- Ей, философ, данышпанға лайық туған, әділ адамсыз! Біздің ішіміздегі ең бірінші айтуға тұрарлық жансыз! Сіздің пікірлеріңізге қарағанда біздің долбарымыз кәдеге асар ма? Сіздің ойыңызбен салыстырғанда біздікі неге арзиды? Суда қолтырауынмен қатар жүзудің қауіпті екенін біз білеміз және оның жатқан жеріне барған жанның өзі кінәлі екені де бізге айқын. Егер біреу жыланның тісіндегі уын алып, өзі дәмін татса,

онда, әрине, айып жыланда емес қой. Кімде-кім арыстанның үңгіріне кірсе, оның шабуылынан бас сауғалай алмайды. Біздің бұл патшаны ешбір бақытсыздық та, басына келген пәле де, ақыл сабасына түсіріп үйрете алмайды. Күткен жағдайында болмай, басқа бір көңіл-күйінде отырған мезгіліне килігіп, ұшыраса қалсаң, оның долы ашуынан, зорлық-зомбылығынан өзің де, біз де жан сауғалап, аман қалмаймыз ғой, - дегенді ескертті.

Сонда Бейдауа: - Тіршілігім куә болсыншы, осы сендер жақсы айттыңдар-ау, өте орынды жауап бердіңдер-ау. Алды- артын болжай білетін саналы адамның өзінен дәрежесі жоғары кісімен де, төмен жанмен де кеңескені жөн. Бір кісінің ақылы жеке мәселені шешуге де жеткіліксіз, ендеше жалпыға ортақ мәселені шешуге келгенде оның тіпті пайдасы да тимейді. Менің Дәпшәлім патшамен кездессем деп шешкенім дұрыс екен. Әлгі айтқан сөздеріңді тыңдап, маған шын дос екендеріңді аңғардым, өздерің туралы да, мен туралы да кауіптенетіндеріңді сездім. Бірақ та мен бір тиянақты жоспар жасадым, патшамен кездесіп сөйлескеннен кейін оның немен тынғанын сендер де естірсіндер. Патшамен сөйлесіп шықты деген хабар жеткен мезетте, өздерің түгел жиналып маған келіңдер, - депті.

Осыдан кейін Бейдауа достарының тарап кетуіне рұқсат етті. Олар орнынан тұрып, тілеуін тілеп бата қылысты. Дәпшәлім патшаға баратын күнді белгіледі, сол күні үстіне брахмандардың кебенегін киіп, ордаға келді. Патшаның дарбаза күзетшісін сұрады, оны біреу соған қарай жөнелтті. Күзетшіге келіп сәлемдескеннен кейін ол өзінің бір іс туралы патшамен кездескісі келетінін, оған игілі кеңес айтпақшы екенін білдірді. Дарбазашы патшаға барып оны қабылдауына рұқсат сұрады. Патшаның қызметтен колы бос күні екен, келуіне рұқсат етті.

Ол патшаның алдына кіріп, иіліп-бүгіліп, басын жерге қойып, сәжде қылды да, орнынан қайта түрегеліп лэм-мим деп тіл қатпастан қалшиып тұрды да қалды. Дәпшәлім патша оның үндемегенін байқап, қалың ойға шомды.

- Бұл философтың мені іздеуінде екі-ақ мақсат болуы мүмкін, соның бірі өз қажеті үшін менен бірдеме алғысы келетін шығар, немесе бір бақытсыздыққа ұшырап, соны жайғастыруға шамасы келмей, көмекші іздеген болар, сонымен, өзінің әлгі

дұшпанын мұқатып, ауыр жазаға кіріптар ету үшін маған келген шығар, - деп топшылады. Соның артынша ол тағы да:

- Жоқ, философтарда мұндай жайт болмаса керек. Өйткені патшалардың әкімшілігі астам болса, данышпандардың ақылы патшалардан анағұрлым басым жатады ғой, данышпандар өздерінің білімі арқасында, патшаға мұқтаж емес, ал қаншама бай болғанымен, данышпандарды патшалар баса-көктеп өте алмайды. Мен ақыл мен ұятты бір-бірінен ажырамас дос деп білемін, егер біреуі жоғалса, екіншісі де табылмайды, бұлар адам арасында ұшырайтын қиыспас екі дос тәрізді; екеуі бір- бірінен ажырай қалса, өмір бойы көңілі қобалжып, сағынысып өтеді. Кімде-кім ғалымдардан ұялмаса, олардың басым екенін мойындап құрметтей білмесе, лайықсыз жағдайлардан құтқарып, қорлыққа душарласқан кезінде қорғамаса, міне, ондай жанды ақылынан айрылған, өмірі зая кеткен есуас деп білу керек. Ал егер данышпандардың құқына әділетсіздік істесе, онда тұп-тура ақымақтар қатарына қосылуы мақұл,

- деп түйді.

Әлдене уақыттан кейін ол басын көтеріп, Бейдауаға қарап:

- Менің байқауымша сен үн қатпай тұрсың, мұқтажыңды білдіріп, тілеген затыңның бетін ашпайсың-ау, сірә! Мен білсем, үндемеуіңде үлкен себеп бар - не бір зор қиянатқа кезігіп, қатты күйзелген шығарсың, немесе ажал азабына душарласқан боларсың. Сенің ұзақ үндемей тұруыңнан мен осыны аңғардым да, өзімше ойға кеттім: «Бейдауа дағдысынан жаңылып, біздің көркімізді көру үшін келген жоқ кой, бір ісі түсті де, ділгерлік қысып, лажсыз келген шығар. Заманымыздың ол ең ардақты адамы ғой, келуінің себебін мен одан сұрамай-ақ қояйыншы! Егер ол бізден басына түскен әділетсіздікке көмек сұрап келсе, онда ең абзалы оған қол ұшын беріп, жылдам көмектесуге, құрмет көрсетіп, бар тілегін орындауға тиіспіз. Егер ол осы дүниедегі тұрмыстың рақатын тілесе, онда мен жарлық беріп, талабын өз калауынша орындатар едім. Ал енді лайықсыз іске патшалардың ұмтылуын, құмартуын тыйғысы келсе, оған бұл үшін қандай жаза беруді ойланып көрейін, бірақ патшаның өзіне тән ісіне қол сұғу үшін, ол әрине, маған келмеген де болар. Ал егер қол астымыздағы елдің ахуалына көңілімді

аударғысы келсе, оны да мен зерттеп байқаймын. Данышпан тек жақсылықты ғана хабарлайды, ал ақымақтың ісі керісінше келеді ғой», - деп ойлап едім. Ал, сөйтіп, мен енді саған сөз берейін. - Ойыңда не бар, айтып өтші! - деді.

Патшаның сөзін тыңдағаннан кейін Бейдауа қорқыныштан мүлде арылды, ұялаған қауіп есінен шығып кетті. Ізет қылып иіліп, тағзым етті де:

— Патшаның өмірі ұзақ болсын, мемлекеті мәңгі бақи баянды болсын, міне, тәңірімнен ең алдымеп осыны тілеймін! Менен кейінгі ғалымдардың аруағы үшін, даналардың мәңгі өшпейтін белгісі есебінде патшам маған осы арада ұлы құрмет көрсетті, өйткені ол маған қалтқысыз бетін бұрды да, шын пейілімен мейірімді назарын аударды. Мені патшаның алдында сөйлетуге итермелеген жағдай мынау еді - мен оған бір жақсы кеңес беруге келдім, бұл кеңес басқаға емес, тек қана жалғыз өзіне айтылады. Патшаның данышпандарға лайық қарым-қатынас жасауын талап етемін, бұл жөнінде мені ешбір кедергі тоқтата алмайды, міне, естіген жұрт осы ниетімді анық білсін. Ал егер ол маған ойымдағыны айтуға рұқсат етсе, мені еркіме жіберсе, онда маған не істеймін десе де ерікті, ал егер менің сөзімді қабылдамаса, онда да мен өз борышымды толық орындадым, арыма дақ түспейді, өсектен аулақпын, - деді.

Сонда патша: — Ей, Бейдауа, сөйлей бер, мен сөзіңді ықыласпен тыңдайын. Айт ойыңдағыны, мен соған татырлықтай сый көрсететін болайын, - деді.

Бейдауа тұрып: - Ей, патшам! Толып жатқан хайуандардан да және дүниеге сыйып жүрген басқа заттардың бәрінен де адамды айырып тұратын төрт-ақ қасиет бар деп ұғамын: соның бірі - даналық, екіншісі — ұстамдылық, үшіншісі — ақыл, төртіншісі - әділдік. Ал ғалымдық, оқымыстылық, ойлап сөйлеушілік - бұлар даналыққа жатады. Зерделілік, төзімділік, әдептілік және ізеттілік - ақылға жатады. Ұялшақтық, игі ниеттілік, өзін тежеп ұстау және өз басын қадір тұту - бұлар ұстамдылыққа жатады. Шыншылдық міндетін орындай білу, жақсы істі істей білу және мейірімділік — әділдікке жатады. Бұл қасиеттер жақсылықтың нысанасы, ал бұған қарсылардың бәрі жамандыққа тән. Егер осылар түгел қамтылып, бәрі бір адамның басында болса, ол адам бұл дүниеден жамандық көрмейді,

жоқтыққа ұшырамайды. Егер осы табыстары оны ракатқа жеткізбеген сэтте де, ол уайымдамайды, ал қолда барынан кейде зиян келсе де ол күйінбейді, қапа болмайды. Даналық

- бұл таусылмас қазына, қанша жұмсасаң да ортаймайды, жоқшылық кесірін тигізе алмайтын қор осы. Даналық өмір бойы тозбайтып үр жаңа киім, ұзак өмірде ләззәті сарқылмайтын рақат. Егер патшаның алдында тұрып сөзге бірінші болып кіріспесем, ол менің ең әуелі одан қорыққаным болар, әрі ізет етіп сыйлағаным шығар. Қарғанып айтайыншы, оның дәрежесі өзінен бұрын өткен патшалар әбден лайық, әсіресе онын дәрежесі өзінен бұрын өткен патшалардың бәрінен басым болса, одан қаймығудың сөкеттігі жоқ.

Данышпандар айтқан екен: «Үн қатпауға тырыс, ол сенің қорғаушың, бос сөзге салынба, өйткені арты өкінумен тынады»,

- деген екен. Баяғы заманда бір патша төрт данышпанды шақырып алыпты да: «Әрқайсың бір-бірден нақыл айтыңдар, олар өнегелі тәрбиенің негізі болсын», - депті. Сонда біріншісі: «Данышпан тіршілігіне ең лайықты қылық үндемеу», - депті, Екіншісі тұрып: «Ең пайдалы іс — өз ақылының шама-шарқын аңғармай тұрып, сөзге кіріспеу», - дегенді айтыпты. Үшіншісі: «Адам үшін ең пайдалы іс — алды-артын ойламай тұрып сөйлемеу», - депті. Төртіншісі: «Адамға ең жайлы нәрсе - тағдырға көндігу», - депті.

Бір кезде Қытай, Үндістан, Парсы және Рум[1] елдерінің патшалары бас қосыпты. Сонда әркайсымыз мәңгі сақталатын, бір-бір ауыз сөз айталық, - десіпті.

Қытай патшасы отырып:

- Мен айтқанымнан гөрі айтпағанымды кері қайтарып алуға еріктімін, - депті.

Үндістан патшасы:

- Мен мынаған таңданамын: біреу бір сөз айтса, ол сөзі сол өзі үшін айтылған күнде де оған пайдасы тимейді, ал оған қарсы айтылса, апатқа ұшыратады, - депті.

Парсы патшасы:

- Мен бір сөз айтсам, - ол өзімді билейді, ал оны айтпасам, оған мен қожамын, - депті.

[1] *Рум – Шығыс Рим империясының, немесе Византияның арабша аты (үстіміздегі дәуірдің ШУ-ХУ ғасырларында осылай аталған).*

Рум патшасы:

- Мен еш уақытта айтпағаныма қынжылған емеспін, бірақ көбінесе айтқаныма өкіндім, - депті. Патшаның үндемегені, пайдасы тимейтін бос мылжыңдықтан анағұрлым артық. Адам көбінесе тілінен табады.

Алайда патшам (тәңірім өміріңді ұзақ етсін) менің мақсатымды алдын ала білмей тұрып-ақ кеңшілік еттің, сөйлеуіме ерік бердің. Сондықтан өз ойымды баяндаудан бұрын айта кетейінші, осының бар жемісі маған емес, патшама арналады, игілігін де тек сол көреді, менің сөзімнен келетін барлық пайдаға да, сый-сияпат, қызық-қызмет, атаң-даңққа да тек сол ғана ие болмақ. Мен өзімнің міндетімді ғана орындаймын. Сөйтіп менің айтарым мынау: «Ей, патшам! Өзіңнен бұрын талай қалаларды салып, талай елді аузына қаратқан, патшалық құрып, қызықты дәурен сүріп өткен әкелеріңнің, құдіреті күшті бабаларыңның мәртебелі орнын басып отырсың. Олар салтанатты сарайлар салдырды, қалың әскер ертіп шеру тартты, таусылмас қор жинады, өмірлері де ұзақ болды. Мінетін аттары да, сауыт-саймандары да мол еді, ғасырлар бойы бақытты әрі қуанышты өмір сүрді. Бірақ даңқты еңбек сіңіруіне бұлары кедергі жасамады, істеген мейірбандығы жұрттан алғыс алуына да көлденең тұрмады, ұлы мемлекетінің алдында сертті міндеттерін орындауға да кедергі болған жоқ. Мәз-мейрам өмір сүріп, құдіретті ісіне елігіп адаспады. Міне, енді жұлдызы оңынан туған, сәттілікке ие болған бақытты патшам, солардың жері де, салдырған қалалары да, барлық байлығы да саған мұра болып қалды, тәңірімнің бұйрығы бойынша патшалыққа да қолың жетті. Байлықты да, әскерді де мұрагерлікпен иелендің, бірақ сен мойныңа алған міндетіңді орындамадың, әкімдік иесі - патшаларға жүктелетін борышты ақтамадың. Олай істемедің, сен шектен астың, халқыңа зәбір көрсеттің, даңдайсып кеттің, қол астыңдағы елден өзіңді тым жоғары санадың, тәртіпсіздік істедің, қиянатыңның шегі жоқ. Ал саған лайықты ең ұнамды іс, аталарыңның жолын қуу еді, өзіңнен бұрын өткен патшалардың ізімен жүру керек еді, олардың саған қалдырған керемет әдемі өнегелі ісіне еліктеу кажет еді, өзіңді масқаралайтын, арыңа салмақ болар сорақы қылықтан тыйылуың жөн еді. Қол астыңдағы жұртыңа көзіңнің

қырын салып, олар үшін мейірімді, әділ заң шығарсаң, ол сенен кейін де сақталып, даңқыңды өршітер еді, ұзақ жылдар бейбітшілік бел алып, әділдік орын тепкен болар еді. Кімде-кім іс басқарғанда мансапқорлыққа елігіп, құрғақ қиялдың соңынан еріп, сергелдеңге түссе, оны есуас деп біліңіз.

Патшалықты баскарғанда әрі мүләйім, әрі момын болса, міне, саналы да, ақылды жан сол. Ойланыңыз, патшам, мына менің айтқандарымды ескеріңіз, біраз ауырлап жүрмеңіз. Мен мұны бас пайдам үшін, не сізден сыйлық алу үшін, немесе басқа бір ілтипат көру мақсатымен айтып отырғам жоқ қой. Олай емес, мен сенің қайғыңа ортақ, шын досың ретінде келіп отырмын», - депті.

Бейдауа сөзін бітіріп, өсиетін тоқтатқанда, патшаның жүрегі қобалжып дір ете түсті, мейлінше жек көріп жауабын дөрекі қайырды. Сонда патша: «Сенің маған айтқан мына сөздеріңді патшалығымдағы ешбір адамның айтуға батылы барады деп ұқпаймын, тек сен ғана белсене кірісіп отырсын. Тиер пайдаң шамалы, күш-куатың шағын, жасың да кіші, сөйте тұрып осы қылықты жасауға жігерің қалай жетті екен? Сенің өктем айтқан осы сөзіңді маған ешкімнің айтуға еркі жок. Мына шектен асқан сөзіңе, жүгенсіз тіліңе мен қатты таңырқап отырмын. Басқаларға тыйым салу үшін сені ауыр жазалаудан басқа еш нәрсені орынды деп білмеймін. Сенің менімен кездескеніңдей, мүмкін, бөгде біреулер де итініп, патшалардың алдына барып, озбыр талап қоюға ұмтылар, міне, сондықтан да сені жазаға тарту оларға үлкен бір өнеге болмақ», - деді.

Осыдан соң патша оны керіп тастауға әмір етті. Бірақ жарлықты орындауға алып жөнелгенде, бұрынғы бұйрығынан айныды да, патша оны кері қайтартты, ақырында қол-аяғын кісендетіп абақтыға қаматты. Осының ізінше патша оның шәкірттерін, тағы басқа төңірегінде жүргендерді іздетті, шапқыншылар жіберді, оларды да түп-түгел түнекке отырғызбақ болды. Олар жан-жаққа қашып, теңіздегі аралдарға барып паналаса керек. Бейдауа түнекте отырғалы бірталай күндер өтті, бірақ патша оған көңілін аудармады да, тірі жаннан сұрамады, басқалардың да сұрастыруға батылы бармады. Бір күні түнде патша ұйытай алмай зарықты. Төңкерілген тұңғиық аспанға көзін тікті, оның шыр көбелек айналуын, жұлдыздардын

қозғалуын ой таразысына салды. Осылай ойға шомып кетті де, аспан туралы бір мәселені шешуге көңілі ауды. Дәл осы арада Бейдауаны есіне алды да, өкіне бастады. Ол өзіне-өзі: «Бұл философқа мен қиястық істедім, оның айтқанына үстірт қарадым. Мені осыған итермелеген тегі, ашудың арыны ғой, ал бұрынғылардың айтуынша: - Патшада ашу болмаска тиіс, өйткені ең жексұрын дұшпан - ашу, себебі ашуланшақ кісіні әрдайым жұрт жексұрын көреді. Сараңдық та болмауға тиіс, неге десеңіз жеткілікті мол тұрмыста оған кешірім жоқ; жанына жан жуытпайтын өтірік те болмасын, мүләйім-момындық та қоңсы қонбасын, әуелі есалаңдық та оның бойына жараспайды. Мен өзімді шексіз адал сүйетін, кінәсіз ақ ниет адаммен кездесіп едім, бірақ оны керісінше қарсы алдым, оған лайығы бұл емес еді. Жоқ, бұл оның тиісті сыбағасы емес қой, өйткенше сөзін толық тыңдап соның ақылын алуым керек еді», - деді.

Іле-шала Бейдауаны шақыртып, кісі жіберді, оны алдына алып келген шақта: «Ей, Бейдауа, сен жуырда маған әңгіме айттың, сонда менің ақылымды кемсітіп, ойымның бағасын төмендетпек болып па едің?» - деп сұрағанда, Бейдауа: «Уа, бақытты патшам! Мен тек сенің көркеюіңе, аузыңа қараған елдің игілігіне, мемлекетіңнің мәңгі өмір сүруіне арнап жөн сілтеуге тырыстым», - деп жауап қайырды.

Патша оған: «Бір сөзін қағажу қалдырмай сол әңгімеңді қайта пысықтап өтші», - деді. Бейдауа сөйлей жөнелді, патша ынтыға тыңдады, төмен қарап көзімен жер шұқыды. Кейін басын көтеріп оған барлай қарады да отыруын өтінді. Соның артынша ол: «Ей, Бейдауа, айтқан сөздерің маған қатты ұнады, жүрегімнің дәл түкпіріне барып ұялады. Берген кеңесіңді тәптіштеп зерттейін де соған орай іс істейін», - деді. Осыдан кейін қол-аяғын шырмаған кісенді ағыттырды да, оған патша киімдерін сыйлыққа тартты.

Сонда тұрып Бейдауа: «Уа, патшам! Айтқанымның бір парасы орындалса да игілігіңе жарар», - деді. Патша: «Сөзің рас, ей, әзіз данышпан! Осы жиылған топтын алдында бар мемлекетімді мен саған тапсырам», - дегенде, Бейдауа: «Уа, патшам! Мені бұл ауыр міндеттен құтқара көр. Мұндай келелі істі сен жоқ жерде мен игере алмаспын», - деп жауап қайырды. Патша тілегін қабылдады да, оны бұл міндеттен босатты.

Бірақ табалдырықтан аттап, ол үйден шығысымен-ақ, патша өзінің кателескенін ұғынды, сөйтіп оны қайта шақыртты. Бейдауа кірген кезде патша оған қарап: «Әлгі міндеттелген істен сені босату жаза басу екен, енді ол ойдан айнымадым, өйткені тек жалғыз сен ғана орындай аласың, өзіңнен баска ешкімнің қолынан келмейді. Енді сен бұл жөнінде қарсыласпа», - деді. Бейдауа да бұған көне кетті.

Сол кездегі патшалардың салты бойынша, біреуге уәзір атағы берілсе, оның басына тәж кигізіп, атқа салт мінгізіп, патша сарайының уәкілдері ортасына алып, қаланы қыдыртады екен. Патша Бейдауаға да осы құрмет көрсетілсін деп бұйырды. Тәж кигізіп, атқа мінгізді де Бейдауаға шаһарды аралатты, кейін ордаға келіп ол әділдік пен шындық бөлмесіне барып жайғасты. Әлсіздерді қолдап, күштілерге қарсы шықты да, озбырларға тыйым салды, сөйтіп әділ заңның негізін орнатты. Мұны естіген шәкірттері жан-жақтан жиналып келіп жатты, ұстаздарының қызмет орнына, патшадан алған сыйлықтарына қатты қуанысты. Бейдауаға көмек беріп, Дәпшәлім патшаны қисынсыз оғаш қылықтан ажыратқаны үшін ұлы тәңірге шүкірлік етіп, алғыс айтты. Осыдан бастап олар сол күнді мейрамдайтын болды, өз елінде ақыр заман болып өліктер тірілгенге дейін осы күн мейрам есебінде орын теуіп, белгіленіп қалды.

Кейін Бейдауаның Дәпшәлім қылығы жөнінде көңілі әбден тынды, ойы еш нәрсеге бөленбеді, сонымен, басшылық етуден артылған уақытын ол көптеген нәзік ойды қамтитын кітаптар жазуға бағыттады. Ал патша Бейдауаның көрсеткен жолымен жүріп, мейлінше мейірімді болды, жұртына әділдік істеді, қол астындағы барлық ел де, ордасында қызмет етушілер де оған жанаса жүруге тырысты. Бейдауа болса, өзінің шәкірттерін жиып алып, ғажайып өсиеттерін айтумен болды. Бір күні ол шәкірттеріне қарап: «Мен патшаға кеткенде сендер іштеріңнен Бейдауаның данышпандығы құрыды, өрісі кең ойы сарқылды- ау дедіңдер, сендердің осыны айтқандарыңа, ешбір күмәнім жоқ. Құрған жоспарымның немен тынғанын енді түсіндіңдер! Ойымның дұрыстығына көздерің де жетті, патшаның мінез- құлқын да алдын ала білмей, құралақан барғаным жок еді, мұны өздерін де ұқтыңдар ғой. Менің естуімше бұрынғыдан қалған сөз бар: «Еліккіш бозбалалар тәрізді патшалар да қызба

келеді. Тек ғалымдар мен ысылған данышпандар ғана оларды жөнге салып, мастанудан айықтыра алады. Өнегелі сөз айтып патшаларды данышпандар тәрбиелеуге міндетті, олардың аумалы-төкпелі оғаш кимылдарына, қыңыр-қисық мінездеріне ұтымды өнеге көрсетіп, сара жолға түсіруі мақұл», - деген ғой. Мен патшалар туралы ғалымдардың айтқанын данышпандарға да міндет деп білемін. Оларды мастықтың ұйқысынан ояту үшін, дәрігерлер тәрізді ең әуелі емдеп, аурудың тәнін сақтау керек, содан кейін барып оның денсаулығын ежелгі қалпына жеткізуге тырысқан жөн. Мен бұл істі ескерусіз қалдырғым келмеді, өйткені ертең өлген соң, мені де, сендерді де бізден соңғылар: «Дәпшәлім патшаның заманында Бейдауа атты философ болыпты, ол патшаны киянат істерден тыя алмапты» деп кінәлайды ғой, міне, мен содан қаймықтым», - депті.

Егер біреу: «Ол өлімнен қорқып еш нәрсе айта алмаған шығар» десе, басқалары оған: «Патшадан және оның төңірегінде жүрген қауымнан қашып кетсе, өзіне сол лайықты болмас па еді», - деп жауап қайырады ғой. Бірақ отанды тастан кету ауыр екен. Мен өмірімді құрбан етуге бел байладым, өйткені менен кейінгі шыққан даналар осы ісімді ақтар деп ұқтым. Не өлу, не ойға алған нысанаға жету үшін - шімірікпестен тайсалмай ажалға тура бардым, ал уақиғаның немен тынғанын қазір өздерің де көріп отырсыңдар ғой. Бір нақыл бар екен, сонда: «Үш нәрсенің көмегі тимесе, мысалы, адам өзі белсене еңбек істемесе, мал-мүлкін ретін тауып жұмсай білмесе немесе өз дініне нұқсан келтірсе, міне, мұндай әйенкес жан жоғары дәрежеге жете алмаса керек. Ендеше, кімде-кім қатерлі іске қасқия кіріспесе, оның көздеген мақсатына жетуі де қиын», - деген екен.

Елге мейірімділік істеп, патша да ұзақ уақыт өмір сүрді, ал Бейдауа істерін меңгеріп, өкіметке басшылық етті.

Кейінірек, мемлекеті нығайған кезде, патша қол астындағы жұртын басқаруды, дүшпандарының ізін аңдап, оларға қарсы аттанып, соғыс ашуды мүлде доғарды да, ата-бабаларына арнап Үндістанның философтары жазған кітаптарға үңілді, өйткені мемлекетті басқару ісін Бейдауаның өзі-ақ игеріп әкетті. Өз атынан жазылған бір кітапты патшалық қазынасында сақтағысы келді, ал мұны Бейдауадан басқа ешкімнің жаза алмайтынын да өзі жақсы білді. Бейдауаны шақыртып алып, екеуі ғана

оңаша әңгімелесті, сонда: «Ей, Бейдауа! Сен Үндістанның әрі данышпаны, әрі философысың. Дананышпандықтың қазынасын жасау жөнінде мен қалың ойға қамалдым, мұндай қазына менен бұрын өткен патшалардың бәрінде де болыпты. Кітап жазбаған біреуін көрмедім, сол кітапта өзінің аты аталып, жүргізген соғыстары мен өмірбаяны түгел жазылады екен, тағы онымен қоймай өзінің де, ордадағы нөкерлерінің де білімдарлығы көрсетіледі екен. Данышпандығын әлемге әйгілеп, солардың біразын патшалардың өзі жазыпты, ал қалғандарын данышпандар жазса керек. Солардың басынан кешкен тағдыр маған келмесіне кім кепіл, атын атап айтсам, ажалға ешкім ара тұра алмайды ғой. Сөйтіп ертең өле кетсем, бұрынғы патшалардың кітаптарында айтылғандай етіп, менің атымды көрсетіп жазған бір кітапты қазынамнан ешкім таба алмайды-ау, кейінгі патшалар оны оқымайды-ау деген зор қаупім бар. Ендеше, мен туралы бір әдемі кітап жазсаң, бар даналығыңды сонда сарқа сөйлесең, халықты калай басқарып, қалай тәрбиелеудің жолын көрсетсең, патшалардың мінез- құлқын ашсаң, кол астындағы жұртын өзіне бағындырып, табындырып меңгерудің жөн-жосығын айтсаң, сонда мен үшін де, кейінгілерге де мемлекеттік мұң-мүдденің талайын жеңілдеткен болар едің, міне, мен сенен осыны қалаймын. Мен туралы тиянақты ескерткіш болып осы кітаптың кейінгі ғасырларға қалуын тілеймін», - деді.

Бейдауа осы сөзді естігенде иіліп тағзым етті де, басын қайта көтеріп: «Ей, бақытты патшам! Бақыт жұлдызың оңыңнан тусын да, бақытсыз жұлдызың батып кетсін! Өмірің ұзақ болсын! Расын айтсақ, патшаның мінез-табиғаты, бойына сіңген мол ақылы оны осы жолға әкеп түсірді, казір құлағым естіп тұрған мына келелі іске беттетіп, оның ой-санасын мейлінше жоғары дәрежеге көтерді де, шарықтатып апарып, шегіне жеткізді. Алла тағалам патшаның бақытын мәңгіге ұзартсын, көңіліне алған ниетін іске асырсын, оны ойдағыдай орындауыма маған да себепкер болсын! Патшам калаған жарлығын берсе, мен бар ақылымды сарп етіп, оны мақсатына жеткізуге ұмтылайын», - деді.

Патша оған карап: «Ей, Бейдауа, сен әрдәйім әйгілі жансың, патшаның жарлығына бағынуың сенің дариядай мол акылыңмен

астасып жатады. Сенің бұл касиетіңді мен баяғыдан білем. Бар жігеріңді салып, күллі күш-қуатыңды жұмсап осы кітапты сенің жазғаныңды ұнатам; сонда салмақты ой да, қызғылықты жеңіл күлкі де, данышпандық пен философия да - бәрі де осының ішінде қамтылсын. Мұны оқыған данышпан ұлы даналықтың түңғиығына шомсын, биязы әзілін шерткенде көкірегін кере күлетін болсын», - дегенде, Бейдауа колын қусырып, басын иді де: «Мен патшаның әмірін қабылдаймын, бірақ оны орындауға аз уақыт мәулет сұраймын», - деп тілегін білдірді. Патша: «Ей, Бейдауа, қанша уақыт керек?» - деп сұрағанда, ол: «Бір жыл керек», - деп жауап берді. Патша: «Ей, Бейдауа, бердім тілегіңді!» - деді. Патшаның тапсыруы бойынша, кітап жазғанда тұрмыстан кажып, алаңдамауы үшін оған мол сыйлық, толық қаражат берілді. Осыдан кейін Бейдауа бірнеше күн кітапты жазуға қалай кірісуді, қай түрде жазуды және қандай ат қоюды ойланды. Ол өзінің шәкірттерін жиып алып: - Патша маған бір іс тапсырды, онда менің даңқым жатыр, сендердің де даңқтарың, әсіресе біздің еліміздің даңқы ғасырларға жетпекші. Мен сендерді соны ақылдасу үшін жиып отырмын. Дәпшәлім патша маған кітап жазу міндетін жүктеді, даналықтың түрлі- түрлі үлгісі осы кітаптан табылмақ, ал әрқайсың өздерің сүйген саладан ұнаткандарыңды жазып әкеліңдер, мен сол жазғандарыңнан сендердің акыл-парасаттарыңның шеңберін, жеткен даналықтарыңның шырқау шыңын ұғынатын болайын, - деді.

Сол кезде олар: «Ей, кемеңгер данышпан, ұшқыр да терең ойлы жан! Даналық пен тазалықты, парасатты ойды саған сыйға тартқан ұлы тәңірінің атын айтып ант берелік, бұл біздің үш ұйыктасақ ойымызға кіріп-шыкпаған нәрсе. Көш басшымыз өзің, ішіміздегі толымды жан да жалғыз сен, бетке ұстар беделіміз де сенсің, біздің берер көмегіміз де өз қолыңда. Біздер, әйтеуір, бұйрығыңды бұлжытпай орындауға тырысамыз», - деп түйді. Осыдан кейін Бейдауа оларға патшаның жаздыратын кітабы туралы және оны жазу жөніндегі өзі тізген тиянақты жоспарын түгел баян етті. Бірак патша тапсырған бір іс туралы әлгі шәкірттерінің еш нәрсе айтуға, ақыл беруге мұршалары келмеді. Бейдауа олардан іздегенін таппады, енді ол мәселенің ой-қырын шолып, шарқ ұрды, ақырында тек қана тегеурінді

терең ой, асқаралы ақыл арқылы осы істің орындалатынын ұғынды. Сонда ол: «Менің аңғаруымша, кеме теңізде жүзгенде оған тек теңізшілердің күші себепкер болады екен, өйткені басқаратын да солар ғой. Бірақ тек бастықтың жеке дара бұйрығымен ғана кеме толқынды тіліп, теңізде жортады. Егер тиелген жүгі мөлшерден асып кетсе, жолаушылары шамадан тыс көп болса, онда кеме сөзсіз қарық болады екен», - деді. Осыдан кейін кітап жазу туралы ол үздіксіз ойланды, ақырында ақыл парасатына өзі күдіксіз сенетін бір шәкіртімен оңаша отырып, жалғыз жазып шықты. Бір жылға жетерліктей азық- түлік пен қағаз, қарындашты күні бұрын молырақ дайындап алып, оңаша үйге барып кірді де, есікті тарс жауып тастады. Сөйтіп Бейдауа кітапты жазуға кірісті. Ол өне бойы айтумен болды, шәкірті жазып алып, қайталап оқып отырды, сонымен кітаптың мазмұны байып, мөлшері белгілі бір шамаға келгенше тынбады. Оны он төрт тарауға бөлді, әркайсысын өз бетінше бөлек-бөлек құрды. Әрбіреуінде сұрау қойылып, оған жауап беріліп отырды, себебі жеке тарауын окығандар толық түсінік алсын деген мақсат көзделіп еді. Мұны ол «Кәлилә мен Димнә» кітабы деп атады. Өзінің негізгі ойын хайуандар мен жабайы аңдар мен құстар тілінде жеткізді, сырт көрінісін құйқылжыта күлтелеп, қарапайым жанды еліктіретіндей етіп жазды, ал ішкі мазмұнын таңдаулы адамдарға өнеге ретінде берді, ондағысы дін жолын тұткан кісінің бұл жалғанда да, ақиретте де мұң-мұңтажын түгел қамтуға тырысуы еді, сонымен қатар, патшаға ізгі қалыппен бағынуды, сонда өз пайдасына ұмтылып, барлық зиянды заттан аулақ жүруді өсиеттеді. Сөйтіп ішкі мазмұнын да, сыртқы түрін де даналық туралы жазылған басқа кітаптарға ұқсатып беріп еді, осының салдарынан хайуандардың сырт кескіні алдандырып еліктіреді де, ал сөздері даналық өнеге өсиет болып шығады.

Бейдауа кітаптын басында достық туралы баяндайды, екі достың қандай болатынын суреттейді, сонсын олардың сүйіспеншілігін көлденең бір қуақы аярдың қалай ажыратқанын келтіреді. Осыдан кейін патшаға берген уәдесі бойынша, егер дана сөзге сөлекет сөз араласса, онда даналық былапыттыққа ауысып, бүлінетінін ол өз аузынан айтып, шәкіртіне қадағалап жаздырып еді.

Қызғылықты жері кездессе, Бейдауа өзіне жазып алып отырды, ал байсалды ауыр жерін ойына тоқып пысықтай түсті. Сонымен кітапта аңдар сөз алып, олардың сөзінде даналық маржандай тізілді. Кітаптың сыртқы көрінісін былай қойып, олар енді мазмұнындағы өсиет пен даналықты, өнегелі сөздерді әрлендіруге көңіл бөлді. Өздеріне әдейі арналып жазылған осы мазмұнды - надандар ұғына алмайды да, аңдардың сөйлескеніне таңырқай қарап, әзілге балайды, қаншалық жатқа білсе де, сөздерінің негізгі мағынасына жете алмайды. Шығарманың түпкі маңызын олар ұқпайды, себебі философтың бірінші тараулары келелі ойы бауырластар арасындағы достықты баяндау еді, достықты нығайта түсетін шаралар туралы сөйледі, пасықтардан сақтандырды, жеке басының пайдасы үшін, жанын үзіп сүйіскен екі достың арасына от жағып, қастастыратын әзәзілдерден аулақ болуды ескертті.

Кітап бітіп, уәделі мерзім жеткенде Дәпшәлім патша Бейдауаға кісі жіберді: «Мезгіл жетті ғой, қалай уәдеңді орындадың ба?» - деп сұратканда, Бейдауа: «Мен патшаның тапсырғанын орындадым. Кітапты алып кел деп ол маған жарлық етсін, мен барғанда барлық зиялылар жиылсын, сөйтіп төрт көзі түгел отырғанда кітапты мен оқып берейін», - деп хабарлады.

Жұмсаған кісісі қайтып келгенде, Дәпшәлім патша шексіз- шетсіз қуанды, бір күнді арнайы белгіледі де, патшалығындағы жұртты түгел жинатты. Кітапты тыңдауға келсін ден Үндістанның түкпір-түкпіріне жар салды. Мезгілді күнге барлық жұрт түгел жиналды, патшаның жарлығы бойынша екі тахыт орнатылды — біреуі өзіне, екіншісі Бейдауаға арналды. Жұрт түгел жиналып болған кезде, Бейдауа таққа көтерілді, үстіне даналар киімін киді, мұны ол үнемі Патшаның алдында киюші еді, онысы қара қылдан тоқылған кебенек болатын. Патшаға жақын барып, иіліп тағзым етті де, бағынышты екенін білдірген күйі басын көтермей тұрып қалды.

Сонда патша: «Ей, Бейдауа! Басыңды көтер. Бүгін жылайтын күн емес, қуанатын күн!» - деді. Кейін кітапты оқи бастағанда, ол әрбір тараудың мазмұны мен мақсаты туралы сұрау қойып отырды. Бейдауа оған әр тараудың міндетін, мақсатын түсіндірді. Патшаның барған сайын қуанышы арта

түсті. Бір мезгілде ол: «Ей, Бейдауа! Сен менің ойымдағыны бұлжытпай орындапсың, атап айтсам тілегенім осы еді. Енді сен қалағаныңды сұра, тілегіңді айт!» - деп бұйырды. Сол арада Бейдауа патшаның бақытты болуын тілеп, шын ниетін білдірді де: «Ей, патшам! Байлыққа келсең, маған оның керегі жоқ, ал басқа киімнің бәрінен мына үстімдегіні ұнатам. Бірақ өзі рұқсат бергеннен кейін патшаға өз мұқтажымды айтпай кету де лайық емес шығар», - деді.

Патша: «Не қажетің бар, қандай керегің болса да орындалады», - дегенде, Бейдауа: «Кітабымды көшіртіп жаздыруыңызды сұраймын, ата-бабаларыңыз өз кітаптарын қалай көшіртсе, сіз де солай көшіртіңіз, барынша ұқыпты түрде сақтатыңыз, өйткені Үндістан жерінен мұны біреу шетке алып кете ме деп қорқамын. Парсылар естісе бұл кітапты ұрламай коймайды, сөйтіп ол ұшты-күйлі жоқ болады. Сонымен бұл кітап даналар үйінен[1] шықпаса екен», - деп тілегін білдірді. Сонсоң патша Бейдауанын шәкірттерін шақырып алып, құрметті киім кигізіп, мол сыйлық берді.

Кейінірек бұл кітаптың хабары Қысрау Анушерван патшаға жетті. Ол ғылым және өсиет кітаптарын өте жақсы көретін еді. Сондықтан осы кітапты алып келуге дәрігер Барзуяны жібергенше, ішкен асы жүрегіне батпады. Ал Барзуя барлық әдіс-айласын қолданып, кітапты үнді елінен ұрлап алып келді де, парсы жұртының кітап қоймасына тапсырды.

[1] *Даналар үйі – Аббас қайымы халифалық еткен дәуірде кітапхананы немесе архивты осылай атайтын еді.*

ҚЫСРАУ АНУШЕРВАН ПАТШАНЫҢ ДӘРІГЕР БАРЗУЯНЫ ҮНДІ ЖҰРТЫНА «КӘЛИЛӘ МЕН ДИМНӘ» КІТАБЫН ТАУЫП АЛЫП КЕЛУГЕ ЖҰМСАҒАНЫ ТУРАЛЫ

БҰЛ ЖӨНІНДЕ Бузурджмихр былай толғайды: Іске кіріспес бұрын айта кетейін: «Аса ардақты шапағатшы ұлы тәңірім мақұлықтарына мейірімі түсіп, түрлі-түрлі етіп жаратыпты, құлдарына рақымы келіп бұл дүниедегі несібесін аямай сыйлапты, ақыреттін азабын шегуден де аман сақтапты», - дейді. Тәңірім берген сыйының ішіндегі ең құндысы асқаралы ақыл екен, өмірдегі барлық нәрсеге қолы жететін күш осы, ол болмаса ешкім де күнделік өмірін тәптіштеп тәртіпке сала алмаса керек, пайдалы затты өзіне икемдеп, бауырына басып, зияндыдан қашып құтыла алмас еді. Ол дүниедегі өмірін көздеп, қу жанын апаттан қорғауға ұмтылатын адам туралы да осыны айтуға болады. Асқаралы ақыл бар игіліктің негізі, әрбір талаптың кілті, ешкімнің онсыз күні жок. Ол тәжірибе мен ғылым арқылы табылады, тас пен ағаштың бойына біткен от тәрізді, ол адамның жасырын табиғаты. Егер көлденең бір зат соғылып жаңғырықпаса, тастың оты көзге шағылыспайды, ал соғылған заматта тұтанып жарық береді де, жалын шашады. Сондай- ақ ақыл да адамның бойында бүркеулі жатады, ол көрінбейді, ғылым мен тәжірибе қуатын дарытқанша бетін ашпайды; орын теуіп, нығайған кезде ол ең алдымен жақсылыққа ұмтылады да, жамандықтың бәрін мансұқ етеді. Парасатты ақыл мен оқымыстылықтан артық еш нәрсе жоқ. Кімде-кімге тәңірім ақыл берсе және білімге ынталанып, өзі талаптанып соны күшейтуге тырысса, бар табыс соның басында болады, бұл жалғанда да, ақыретте де көңіліне алған мұратына жетпей қоймайды.

Әуелден-ақ талайы асып туған патшамыз Анушерванға тәңірімнің өзі мінсіз ақыл мен берекелі бақытты сыбағаға тартқан екен. Ақылын ол біліммен, ізденумен, философия ғылымын үңіле зерттеумен молықтырды, түпкі сырын қазбалап, баршаға айқын нәрседен де шындықты екшеп табу арқылы толықтырды. Бұл жөнінде бұрынғы патшалар жетпеген табысқа жетті. Міне, енді осылай ізденіп, ғылыммен шұғылданып жүргенде, Үндістан елінде бір кітап бар екен, оны

патшалары мен ғалымдары өте бағалап, құпия түрде сақтайды екен деген хабар жетті. Бұл кітап бар білімнің түпкі тамыры, барлық ғылымның шырқау шыңы екен, бар жақсылыққа жөн сілтеуші: ана дүниедегі игілікті іздеушілердің қолына ұстаған кілті, оның азабынан құтылудың құралы екен. Патшалардың бар мүддесін орындайды екен, патшалықты басқаруға да, қызықты дәурен сүруге де көмегін тигізеді екен. «Кәлилә мен Димнә» міне, сол кітаптың аты екен. Осы кітап туралы өзі естіген хабар анықталған кезде, оның ақылға да, білімге де пайдалы екеніне көзі жеткен заматта, патшаның тағаты қалмай мазасы кетті «соны қолыма түсірсем, керемет қасиетін өз көзіммен көрсем» деп аңсай берді. Ол әрі оқымысты, әрі ақылды кісі еді. Сарайындағы қызметкерлеріне жарлық берді: «Бір адам табыңдар, ол өзі тәрбиелі ғалым болсын, парсы тілі мен үнді тілін жетік білсін, ғылымды мейлішне сүйсін, білімін толықтыру үшін, философияны зерттеуге құмар болсын», - деп тапсырды. Осындай кісіні іздеді де, тауып та алды, ақылы кәміл, өзі оқымысты, мамандығы дәрігер, парсы мен үнді тіліне жетік, өте көркем, өзі тиянақты бір жас жігіт екен, соны ертіп әкелді. Оның аты Барзуя еді. Патшаның алдына келгенде, иіліп тағзым етті де, бағынышты ізет көрсетіп, сол орнында тұрып қалды. Патша оған қарап: «Ей, Барзуя, сенің ақылың кәміл екен, өнегелі тәрбиең де бар және білімді іздеп аңсап жүретін жан екенсің, мен осыны естіп сені таңдадым. Маған Үндістанда бір кітап бар деген хабар жетті», - деді. Сонсоң патша кітапты ойлап өзінің күйзелгенін және соны қолына түсіруге ынтызар екенін баяндады. «Осы кітапты іздеу сапарына әзірлен деп бұйырды, бар ақыл-айлаңды, бар өнеріңді сарқа қимылда, сол кітапты ғалымдарына көрсетпей, сақтаулы тұрған жерінен бүтін қалпында, парсы тіліндегісін қымқырып алып кел, сонымен қатар біздің патшалық қазынамызда жоқ басқа кітаптарды да ескере жүр», - деді.

Өзінің қалауынша көп ақша бергізді, егер осыны жұмсап бітірсең патшаның атына хат жазарсың деді, мөлшерден тыс сома болса да бөгелмей жіберетінін ескертті. Сонда патша: «Ғылым саласының бәрін де қомсынбай зертте, осы қазынадағы барлық қор түгел жұмсалса да тартынба, өйткені бұл шығынның орнын ақшамен толтыруға болмайды», - деді. Осыдан кейін оң

сапарын тілеп, жұлдызбен жорамалдаушыларға сәтті күн мен сәтті сағат белгілеуді тапсырды. Жиырма мың динар[1]алып Барзуя аттанып кетті.

Бөтен патшалықтың жеріне кірген соң, Барзуя базарға барып, қалың думанға араласты. Базарда жүріп ол патшаның нөкерлерін, ақ сүйек мырзаларын, ғалымдар мен философтарын сұрастырды. Олардың үйлеріне де бара бастады, жолыққанда құрметпен сәлемдесіп, патшаның жай-жапсарын сұрап білуге тырысты. Өзінің басқа жұрттан екенін, осында ғылым, білім іздеп келгенін айтты, мұратына жету үшін жол көрсетіп, көмектесулерін сұрады. Осы сапарындағы негізгі мақсатын ешкімге білдірмей құпия сақтай жүріп, ол ұзақ уақыт тынбай тәлім-тәртіп алуға кірісті. Бұрын өзі өте жетік білетін ғылым- білімнің салаларын да қайта пысықтады. Ұзақ уақыт жүріп ол өзіне үнділерден көптеген достар тапты, оның ішінде атақты кісілер де, қарапайымдары да, ғалымдар да, тіпті түрлі кәсіпкерлер де бар еді. Бұлардың ішінен әсіресе Адуя деген кісімен өте дос-жар болды. Оған өзінің сырын әйгілей айтып, кеңесетінді шығарды, өйткені ол өте білімді, өнегелі, тәрбиелі адам еді. Одан шын бауырмалдық, адал махаббат тапты. Барлық мәселе жөнінде сонымен кеңесетін болды, бірақ өзін қобалжыта беретін бір түйткіл нәрсені ғана одан жасырды, дәйім бойын тарта сөйледі, сескенбей сырын айтуға жарамды адам екенін анықтап білуге тырысты да, үнемі соған ұдайы сынап қарады. Талаптанып жүрген ісіне пайдасы тиерін, ашқан сырын сыртқа шашпасын анық біліп қанғанша, іздегенін тауып беруге көніп, көмектесуге дайын екеніне әбден көзі жеткенше, оның жан құбылысын зерттеп, үнемі аңдумен жүрді. Оған деген өзінің мейірі күн санап арта түсті. Мұратына жетуге үміттенген күні туғанша, дос-жарларының көңілін өзіне аудару мақсатымен астыртын жүріп, әр түрлі іске қаржыны да молынан жұмсады. Көздеген ойын орындау үшін солармен бірге үлкен тойларға да барды, ішкілігі мол мәжілістерде де болды, бірақ бауыр басып, бас қосып жүрген кісілердің ішінен, әлгі айтылған досынан өзге ешкімге сене алмады. Барзуяның енді нендей қылық жасағысы келгенін, досының да оған қалай жауап бергенін, сол

[1] *Динар – араб жұртында алтын ақшаның жалпы аты, осы арада дәл бағасы белгісіз тәрізді.*

кезде оның ой-өрісін өзі қалай сынап білгенін, сөйтіп ақырында екеуінің достасқанын айтып өтелікші, осының бәрі мына түрде икемделген болатын: Бір күні екеуі оңаша қалған кезде, Барзуя оған қарап:

- Ей, бауырым! Осы кезге дейін сенен жасырып келген құпия сырымды, енді бүге алатын емеспін. Есіңде болсын, әдейі ізденіп келген бір жұмысым бар, сен көріп жүрген менің бойымдағы заттың біреуі де оған ұқсамайды. Бірақ біреудің жүрегіндегі сақтаулы сырын, құпия ойын аңғару үшін ақылды жанға қабақтың қағысы да, қолдың қимылы да жеткілікті айғақ кой, - дегенде, Үндістан адамы оған бетін бұрып:

- Мен өзіңнен бұрын сөйлегенім жоқ, осында не іздеп келгеніңді білсем де, оны өзіңе айтпап едім, ал енді айтайын, сен менен мақсатыңды жасырдың, жұрттың көзін бояп бөгде біреу болып көрінгің келді, алайда шын сырыңды бүге алған жоқсың. Бірақ мен арамыздағы достықтың құрметі үшін сырыңды білмеген болдым,қаншама жасырсаңда көздегенжоспарың маған әйгілі болып еді, оны әлдеқашан-ақ ұккан едім. Сен сөзді өзің бастадың ғой, мен енді тап өзің туралы айтайын, сақтап жүрген сырыңды алдыңа жаяйын, осында келген мақсатыңды талдап берейін. Біздің жұртымызға келгенде, көздің қарашығындай болып қазына жайда сақталатын құнды мүлкімізді ұрлап алып, еліңе тартқалы келдің, сонымен өз патшаңды қуантпақ болдың. Келуің опасыздық, ал достығың алдау еді. Нысаналы мақсатыңа жету үшін сонша төзіп, тиянақты әрекет жасағаныңды көрдім, келгеніңе көп болды, сол ұзақ мезгілдің ішінде құпия сырыңды әшкерелейтін бір ауыз сөз айтпадың, сондықтан ақылыңа, ұстамдылығыңа таңырқадым да, шынайы дос болдым. Бірақ бұрын дәл сендей ақылы зерек, оқымысты, мақсатына жету жолында табаны таймайтын, сырына берік, мінез-құлкы мейлінше адал адамды, сірә, көрмеген де болармын. Қадір- қасиеті мен іс-әрекеті өзімізге белгісіз тап сенің еліңнен басқа, ешбір жұртта, ешбір патшалықта сен тәрізді жан жоқ. Есіңде болсын, адамның ақылы мынадай сегіз түрлі қасиетпен әйгіленеді. Соның біріншісі - өзі биязы, әрі әдепті болу. Екіншісі - өз жүрегін жете танып, соны қадір тұту. Үшіншісі

- патшаға бағына біліп, оның қыбын табуға тырысу. Төртіншісі
- өз сырын берік сақтап, оны шын досына ғана көзін тауып

айта білу. Бесіншісі - патша сарайының алдында әрі әдепті, әрі байыпты болу, сыпайыгершілік сақтай сөйлеу. Алтыншысы - өз сырын да, өзгенің сырын да сақтай білу. Жетіншісі - аузына ие болу, саралап ой тезінен өткізбей сөйлемеу. Сегізіншісі - жиын топтың алдында өзінен арнап сұраса ғана жауап беру, өзінің анық білетін заты жайында ғана сөйлеу, өкінерлік әңгімені айтпау. Осы қасиеттердің бәрі бір адамның басында болса, ол тілеген игілігіне жетеді де үнемі рақатқа батады, пәле-жаладан, залал шегуден сақтанады, міне, осылардың бәрі сенде бар, көзім көріп тұр, бұл мен үшін аян нәрсе. Тек тәңірім өзіңе өмір берсін, достығыңның маған жемісін жегізсін. Осы сегіз касиетті түгел баураған жан талабына жетіп, мұң-мұқтажын толық орындайды, тілегенін беруге татырлық адам осы болады. Бірақ сенің көздеген мақсатың мені түңілдіріп отыр, сондықтан уайымдаймын да қауіптене беремін. Тәңірімнің өзі жар болып аман сақтауын тілеймін, - деді.

Сонда Барзуя мынаны түсінді, үнді адамының ойынша, мұның достығы опасыздық, негізгі мақсатын бүркемелеу екен, бұған себепкер болған нәрсе бірдемені қымқырып, ұрлау болып шығады. Бірақ сонда да өз ойынан кейіншектеп қайтпады, тек қана бауырлас кісілердің біріне-бірі айтатын базынасындай етіп жұмсаң сөйлеп, қарсылығын білдірді, өйткені Барзуя өз ісіне байсалды сеніммен қарады. Сонсоң ол Үндістан адамына бұрылып:

- Мен алдын ала толық етіп түсінік әзірледім, тамырын жайып, бұтақтарып өрбітіп, оған барлық бүршіктерін өндіріп, өркендетіп едім. Ал енді саған оның керегі жоқ екен, сондықтан орындауға ұмтылған ісімнен бас тартпақпын, өйткені сен аз ғана кілтеңнен көп нәрсені ұға қойыпсың. Иланы, тәңірім бетіңнен жарылқасын, саналы ақылың мен өнегелі тәрбиеңді арттыра берсін! Сен мені ауыр сөзден құтқардың, алдымды орап жауабын да өзің бердің, келте қайырдың да міндетімді жеңілдеттің, сенен менің де күткенім осы еді. Мысалы, ұтымды сөз данышпанның құлағына тисе, ал құпия сыр мына ақылды, ұстамды кісінің қолына түссе, онда сол сырды сақтай білген жанның мақсаты мен үміті нығая бермек, жартасты жарып салған сарай тәрізді орнықты болмақ, долдана соққан дауыл да тебіренте алмайтын тау сияқты тығыз тұрмақ, - деді.

Үндістан адамы тұрып:

- Дүниеде махаббаттан артық еш нәрсе жоқ.

Кімде-кімнің жүрегінде махаббат болса, сырын білмей-ақ жақындасуға жарайтын жан сол! Игі өнегенің шырқау шыңы - өзінін сырына берік болу. Егер құпия сыр сенімді, ұстамды кісінің қолына түссе, ол ешкімге паш етпей таза сақтауға міндетті, ал егер оны екі тіл сөйлесе, онда ол үшінші тілге де ауысады, ал үшінші тілге ауысты-ақ, «отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» дегендей бүкіл жұртқа жайылады. Бұлай болса сыр иесінің оны тоқтатуға мұршасы келмейді. Мысалы егер біреу аспандағы ыдыраған бұлтты көріп: «Бұлт ыдырады», десе, онда ешкім өтірік дей алмайды, өйткені өз көзімен көрген әрбір адам, әлгі кісінің айтқанын растайды. Ал менің өз басыма келсең, шынымды айтайын, өзіңмен жақын жүріп, достасқаныма үлкен қуаныштымын, мүлде разымын, ал сенің менен емексіп күтіп жүрген нәрсең - өте құпия іс, ол жасырын күйде қалмайды, лажсыз тарайды, бұкара жұрттың құлағына шалынды дегенше, мен апатқа ұшыраймын, онан ешбір күш айырып қала алмайды, тіпті асқан байлық та арашашы бола алмайды. Біздің патшамыз өте қатал, ызғарлы адам, болмашы қатені де ауыр жазалайды. Ал мына қылмыс жөнінде ол не істемес дейсің? - деген қаупін білдірді.

Сол кезде Барзуя: - Құпия сырды сақтай білген достарды данышпандар мақтайды екен. Әдейі іздеп келген жұмысымды мен өзіңе сеніп, енді ашып айтпақпын, соны сен арқылы орындаймын деген үлкен үмітім де бар. Бұл күрделі іс, мен үшін оның маңызы ете зор. Мен сенің ақылыңа, ізгі ниетіңе, зеректігіңе сенемін. Маған көмектесуге күшің жетеді, қаншалық қауіп тенсе де, сәтін түсіруге жалғыз сенің ғана әлің келеді. Әрине, ешкімге сыр ашпайды деп сен маған сенесің, бірақ патшаны шырғалаған отандастарыңнан қорқасың, олардың сезіп қоюы мүмкін деп қамығасың. Мен мұны ешкім сезбейді деп білемін, өйткені мен кетемін де сен осында қаласың, ал мен мұнда жүргенде, екеуміздің арамызда куәлік берер айғақ жоқ қой, ендеше, мен жүріп кеткеннен кейін сен қауіптен аулақ боласың, сөйтіп бұл сыр жарияланбайды, - деді.

Осыны айтқанда Үндістан адамы көмектесуге шұғыл кірісті, іздеген кітабын әкеп берді. Кітап қолына түскеннен

кейін Барзуя оны ұзақ уақыт зерттен оқыды да, көшіріп жазды. Дамыл алмай шаршап-шалдықты, түн ұйқысын төрт бөлді, күндіз де тынбады, сонымен қатар өз басының қамын жеп те елегізіді. Басқа кітаптардан бұрын осыны көшіріп болған кезде, оның мазмұнын барынша жетік білді. Анушерванға өзінің аса қауіпті жағдайда екендігін білдіріп және міндеттеген ісін толық орындап шыққанын айтып, хат жазды.

Анушерван хатты алып оқыды да, игілі істің орындалғанына қатты қуанды. Бірақ Барзуяның тілегін қабылдап, оған мұрсатана берді, көлденең бір тағдырға ұшырап, әлгі қуанышы баянды болмай қала ма деп қорықты. Барзуяға хат жаздырды, «Еш нәрсеге алаң болмай тез жетсін, өз үмітін патшаның оған деген адал ниетімен демесін. Өзіме уәзір етемін, тез жетуге асықсын, ауыртпалыққа төзе білсін, осының нәтижесінде бұл дүниеде де, ана дүниеде де жақсылыққа бөленіп, жарылқануы мүмкін», - деп хабарлады.

Хатты ол өзінің бір сенімді адамынан жіберді: «Жұрт ағылып жүріп жатқан дағдылы жолмен барма, аузыңа берік бол, жоқ жерде сырыңды ашып қойма, барлық іс тосыннан ойран болып жүрмесін», - деп оған қатты тапсырды.

Әлгі жіберген кісі Барзуяға келіп құпия жағдайда хатты табыс етті. Ол оқып шықты да, жүруге даярланып жолға шықты.

Патшаға Барзуяның келгенін хабарлады, сонда алдыма әкеліңдер деп патша жарлық берді. Барзуяның жүдеп-жадап, арып-ашқанын көріп аяды да: «Ақ ниетті, ардақты құлым, сүйіне бер, сен енді адал еңбегіңнің жемісін жейсің, рақатын көресің. Енді көзіңнің шырымын алып, көңіліңді деме, саған қандай алғыс айтсам да артық емес шектен асқан сый көрсетем. Біз саған ең жоғары, ең құрметті атақ береміз!» - деді.

«Қазір үйіңе барып, жеті күндей демал, бойыңды күт, соңынан өзіме қайта кел!» — деп Барзуяға әмір етті.

Дәл сегізінші күні патша Барзуяны, соған қосып бірсыпыра маңғаздары мен шонжарларын шақыртты. Бәрі басын қосып, төрт көзі түгел отырғанда, Үндістаннан келген кітапты алдыртты. Кітапты ашты да, ішіндегі жазылғанын бәріне түгел оқып берді. Кітаптағы аңдар мен құстарды сөйлетіп айтқан оқымыстылықты, білімділікті, даналықты және керемет

күлкі әжуәні естіп олар қатты қуанды. Барзуя арқылы осыған жеткергені үшін тәңірісіне шүкірлік етті. Арып-ашып осындай кітапты әкеліп сыйға тартқаны үшін мақтап, мадақтады, сүйсінгендіктерін жариялады.

Сонан соң патша барлық алтын, күміс, асыл бұйым сақталатын қазына сарайын аштырды, «соның ішінен именбей барып ұнатқаныңды ал, қанша алсаң да, сенің әкелген сыйыңа арзымайды» дегенді айтты. Барзуя патшаға тағзым етіп, аяғына бас ұрды, пейіліне риза болып:

- Уа, тәңірім! Патшаның беделін арттыра көр, бұл дүниеде теңдесі жок даңқ бер және ол дүниеде де рақымыңды мол көрсетіп жарылқай көр! Уа, ұлы мейірімді, шексіз бақытты патшам! Тәңірім маған сенің мейіріңді сыйға тартты да, бұл жалғандағы жақсылықтың бәрін қажетсіз етті! Маған ақшаның керегі жоқ, бірақ патшаның олжалы болғанына, соның ризалығы үшін Кухистан[1] матасынан тігілген киімді алсам да жетеді, соны киіп патша қақпасының алдында көлбеңдеп жүріп қызмет аткарсам, төбем көкке жеткендей болады, - деді.

Сонсоң ол киімді алып, өз үйіне кетті, ондағы ойы үй ішіне және бір аулада тұратын патша қақпасының алдында қызмет істеушілерге көрсетіп мардамсу еді. Соңынан ол патшаға бетін бұрып:

- Тәңірім патшаны жебей көрсін, оған өшпес беделберсін! Шынында да, егер ақылды, игі өнегелі адамға сый-құрмет көрсетілсе, ол бұған риза болуға тиісті, тіпті ол сыйлықты сіңірген еңбегімнен кейін берсе де бәрібір мен патшаға ризамын, бар ісін алға бастырып, тәңірімнің оған мәңгілік қуаныш пен таусылмас бақыт беруін тілеймін. Тәнірім патшаны ұлы мәртебелі етсін! Енді бір ғана тілегім бар, мен үшін бәрінен де жоғары, бәрінен де үлкен, патшаның ризалығынан кейінгі ең маңызды мұктажым осы еді. Егер патшам менін тілегімді орындағысы келсе, патша үшін ол түкке тұрмайды, ал мен үшін маңызы телегей-теңіз, - деді.

Сонда Қысрау Анушерван:

- Сұрасаң қалағаның беріледі, іздесең бәрі табылады, жоғыңды айтсаң ол орындалады, өзіңе ұлан-асыр құрмет

[1] *Кухистан – Үндістанның орталығындағы өлке.*

көрсетіледі. Істеген ісіңнің бізге бағасы өте зор, тіпті сен патшаның әкімшілігіне қол сұғам десең де біз оған қарсы болмас едік. Не тілесең де именбей айтшы өзің, өте құмартып, сүйсіне сыйлалық, - деді.

Сонда Барзуя:

- Тәңірім патшаның беделін арттырсын, мен үшін жалғыз иемнің өзі сыйлап, оны жарылқай көрсін! Күйзеліп еңбек етіп, қадірімді арттырған мен емес, сол істі маған сеніп тапсырған, сөйтіп осындай дәрежеге жеткізген сол патшамның өзі ғой, мейірімі түсіп, ізгі ниет білдіріп, маған мол сыйлық берді, әбден жарылқады. Енді өзінің құлына соңғы рет мейір көрсетіп, Әл- Бухтекан ұлы Бузурджмихрға мен туралы, менің ісім туралы жарлық берсін, осы кітапқа қосымша бір тарау жаздырсын, ол бұған бар күшін жаратсын, мейлінше көркем тілмен жазсын, кестелі шешендікті аямасын. Бузурджмихр осы тарауды жазып болған соң, сол кітаптың бастапқы тарауларының арасына орналастырсын, сонымен өле-өлгенше және өлгеннен кейін де жұрттың есінде үздіксіз сақталатын етіп, сарқа сөйлесін. Ал егер патшам осыны орындаса, онда мені, менің туғандарымды мәңгілікке, осы дүниеде мына кітаптың беті ашылып окылатын кезге дейін қадір тұтқан болар еді, — деп сөзін аяқтады.

Патша мен зиялылары қатар отырып, Барзуяның сөзін естігенде, оның ақыл-парасатына және бұл дүниеден мәңгі өшпес атақ іздеуіне шексіз қуанысты. Сонда патша Барзуяға беттеп:

- Құп болады, тілегіңді сүйсіне қабылдаймын. Көрсеткен қызметіңе қарағанда, өзіңе аса бағалы көрінгенімен, мына сұрағаның түкке арзымайды ғой, - деді.

Патша кідірместен Бузурджмихрді шақыртып алды да: «Барзуяның адал ниетін, елімізге деген қамқорлығын, біздің қуанышымызды көздеп, игі талабымызды орындап шыққанын, бізге бақыт іздеп қауіпті іске белін бекем буғанын, жан мен тәнін аямай орасан күйзелгенін бәрін де өзің білесің ғой. Соның арқасында әрі дана, әрі өнегелі кітапқа ие болып отырғанымыз да, сол келелі еңбегін бағалап беріп отырған сыбағалы сыйлығымызды алмай, болмашы бірдемені қанағат етіп отырғаны да өзіңе аян. Бұл маған зор бедел, үлкен құрмет! Осыған көмек беріп тілегін орындасаң, сөйтіп маған

да ынтаңды білдіріп, сүйіндірсең. Ендеше, кітаптың басқа тараулары тәрізді етіп Барзуя туралы да бір тарау жазсаң, сонда онын мінсіз қасиеттерін әйгілесең, біз оны өз жұмысымызбен Үндістанға жібергенге дейін, сонау ту баста ол кім еді, ғылым- білімге қаншалық ынтасы бар еді, бұл жөнінде ол қалай өрледі, оның табысы қалай дамыды, сол арқылы тәңірім бізге қандай жақсылықты сыйға тартты, ал Үндістаннан қайтқаннан кейін ол қандай күйге душар болды, міне, осылардың бәрін толық қамтысаң дұрыс болар еді. Мені де, Барзуяны да тағы басқа барлық маған қарасты елді де түгел сүйсіндіріп қуантшы. Менің алдымда да, ғылым білімді қалтқысыз сүйетін сенің алдыңда да, мына Барзуя қадірлі жан. Осыны жазғанда жұмсаған ынтаң мен еңбегің еш болып, бекерге кетпейді, өйткені әр кез осы кітаптың бетін ашқан талым, мына Барзуямен қатар сенің атыңды да есіне алмақ. Мұны басқа тараулардың алдына қой. Әр тарауды өз орнына қойып, кітапты жазып бітірген соң, маған көрсетерсің. Мен сонда барлық аты шулы, шонжар және данышпан адамдарымды жинап алармын, сен оларға оқып бересің, бірақ сол кезде есіңде болсын, оқымыстылығың және мені сүйетіндігің тыңдаушыларға анық көрінгені мақұл, өйткені бұл пиғылың оларға әзір көмескі ғой», - деді.

Патшаның сөзін естігенде, өзін жоғары бағалайтынын ұғынды, сонда Барзуя қолын қусырып, оның аяғына жығылды да: «Ей, патшам! Саған тәңірім мәңгілік қуаныш берсін, жағың түспей жаманшылық көрме, мерейің үстем болсын, бұл дүниеде беделің шексіз-шетсіз арта берсін, ал ақыреттегі жайың бақшасы гүлденген жәннаттың төрінде болсын», - деді.

Бузурджмихр патшаның сарайынан шығып кетгі де, осы тарауды жазуға кірісті. Ең алдымен ата-анасы Барзуяны оқуға бергеннен бастады, оның ғылым жолын қуғанын айтты, сонсоң патшаның Үндістанға жібергеніне дейін әдемілеп суреттеді. Мұршасы келгенше оның ұтымды жақсы жағын көрсетті. Мінез- құлқың бұл дүниенің рақатына елігіп мойнын бұрмайтынын, одан бойын тартатынын, ақыреттің қамын ойлап күйзелетінін дәлелдеді. Өзінің онымен бірінші рет танысқан күнінен бастап жазды. Мінезіндегі, бойындағы бар қасиетін қалдырмай жариялады, шамасы келгенше бәрін де әдемілеп, әрлеп жазды. Еңбектің біткенін және сол тарауды кітаптың алғашкы бетіне

орналастырғанын айтып патшаға хабар берді, дәрігер Барзуя жөніндегі тарау, міне, осы еді.

Сол кезде Анушерван уәзірлерін, игі жақсыларын, ғалымдарын түгел жиып алды. Сонан кейін Бузурджмихрды шақыртты, кітабын да алдыртты, Барзуя да осында еді. Кітап қалың топтың алдында оқылды, патша кітапқа қуанды, сонымен қатар Бузурджмихрдың өте ақылды, асқан білімді адам екенін және оның Барзуяны құрғақ сөздермен орынсыз дәріптемей, адалын айтып, әділ мақтағанын ұнатты. Патша барын аямады, мол ақша, қымбат зат, киім-кешек — бәрін әкеп сыйлыққа тартты, бірақ Бузурджмихр өзі тұстас жандардың алдында насаттанып киетін киімнен өзге еш нәрсе алмады, өйткені ол киім тек патшаға ғана арналып тігілген еді. Барзуя Бузурджмихрға ризалық білдірді, бетінен де, қолынап да сүйді, онан соң адал пейілін аңғартып патшаның жанына барды да: «Ей, патшам! Маған көрсеткен осынша дарқан сый-сияпатың үшін тәңірім сенің бұл жалғанда да, ақыретте де бақ талайыңды асырсын! Мойныма алған міндетімді толық атқарып, бағыныштысы екенімді әйгілеу үшін зор тәңірім маған да көмектессін! Өзіңе бабаларың тәрізді барынша ұзақ өмір берсін! Қуанышың мен денсаулығыңды шалқыған даңқыңмен ұластырсын, бұл әрине, әділ тәңірімнің дербес өз еркінде ғой, Әл-Бухтекан ұлы Бузурджмихрды зор тәңірім өзі жебесін, маған көрсеткен адал қызметі үшін жалғыз ием жарылқай көрсін! Қаншама ұзақ сөйлесем де патшам мен Бузурджмихрға айтар алғысымды қысқа тілім жеткізе алар емес. Тәңірімнің өзі жар болсын, бәрі де бір соның әмірінде ғой. Бастарыңа бейбітшілік орнасын, әумин!» - деді.

ДӘРІГЕР БАРЗУЯ ТУРАЛЫ

ПАРСЫ жұртының бас дәрігері Барзуя әлгі Үндістан кітабын көшіріп әкеліп, аударған кісі ғой, міне, соның айтқан әңгімесі мынау еді. Менің әкем әскер қызметінде жүрді, ал шешем болса ірі маг[1] тұқымынан шыққан еді. Мені тәңірімнің жарылқағаны сол, мен ата-анамның жақсы көрген ардақты ұлы болдым, сондықтан олар мені тәрбиелеуге басқа балаларынан гөрі көбірек көңіл бөлсе керек. Мені жеті жасымда мектепке берді, сауатым ашылғаннан кейін ата-анама алғыс айттым да, ғылымға үңілдім. Ең алдымен дәрігерлік ғылымды игеруге кірістім. Біраз тәлім-тәрбие алған соң пайдасын түсіндім, ғылымның бұл саласын бұрынғыдай да ұнаттым, сүйсініп зерттейтін болдым. Ауруларды емдеп жазуға шамам жеткен мезгілде, сөзім де, ісім де елдің аузына ілікті, атағым жайылып жүре берді. Осы әрекетім жаныма жақты, басқа адамдар мені күндей берді, ал күндеген сайын лепіре түстім, жоғары лауазымға, атақ алуға құштарлана ұмтылдым, сонда мен өкілене қарсы шығып, өз жүрегіммен дауласуға кірістім. Ей, жүрегім, өзіңе кімнің залал істейтінін сен әлі түсінбей жүрсің бе? Құрғақ қиялға өршелене ұмтылудан қалай арыла алмайсың? Оған қолы жеткен жандардың да тапқан пайдасы шамалы, шеккен азабы бастарынан асады, ажырасқанда кеміріп жегідей жейді, жоғалтып алып, айрылып қалған күнде де оның бұрын өзіне кіріптар еткен тауқыметі өте зор болады, ендеше, неге өлгенше өзеурейсің? Ей, жүрегім! Бұл жалғандағы алдамшы мекен-жайға құштарлана қызығудан обыр нәпсіңді тыйсайшы, осы үйдің сыртында (ана дүниеде) не бар екенін сен неге есіңе алмайсың? Зымыраған сұм жалғанның соңынан калмай еліге беретін берекесіз есуастар қауымынан сен неге жерінбейсің? Ал некен- саяк біреулердің уысына бұл дүниеден болмашы бірдеме іліккен күнде де, ол онықі емес қой, өйткені тағат тұтып тұрактамайды, оны иемденетіндер тек су қараңғы соқырлар мен бейқамдар емес пе? Мына бұғаудан босаншы, бар қуатың мен кабілетіңді жұмсап, мұршаң келсе игілікке бетіңді бұршы! Байка өзің, мұны сүрсітіп кідіртпе, кейінге қалдырма, есіңде болсын, азғырғанға тән тез көне кетеді, пасык әрі жиреніште заттың қосындысы түп-

[1] *Маг – ертедегі Иранда зороастра дінінің абыздарын осылай ататйтын.*

түгел осының бойында. Оның құрылысында пайдасы арагідік тиетін төрт қасиет бар, бұлар біріне-бірі мүлде қайшы тұратын арпалысқан қосындылар[1], өмірді бүркей беретіндер де осылар. Өмір дегенің апатқа қарай жөнеп барады, ол бөлшектерден құралған табынатын пұт тәрізді, егер бөлшектері бір-бірінен ажыраса қалса, оларды тұтастыратын бір шеге бар, сол шеге шығып кетсе, онда байланысы үзіліп, бөлшектер ыдырайды. Ей, жүрегім! Жақсы көретін жандарыңның, достарыңның көңілдестігіне елікпе, емешең құрып аңсай да берме! Достықтың сүйініші де бар, сонымен бірге күйініші де, уайымы да мол ғой, ақыры ажырасып тынады. Мысалы, жаңа піскен ыстық асты қотаратын ожау тәрізді ол, ал көнерген соң әлгі ожаудың сынығы отқа өртеледі. Жұрттың бәрі жапатармағай ұмтылып, екілене іздей беретін төрт нәрсенің біреуін таңда!» - деп мен жүрегіме жарлық бердім. Сонда: «Мен секілді білімі бар кісіге ең керегі байлық па, рақат па, қадір-қасиет пе немесе ақыретте жарылқану ма, осылардың қайсысы қолайлы», - деген сұрақ қойдым.

Таңдай да, талғай да білетін дайындығым болды, өйткені дәрігерлік ғылыммен шұғылданып жүрдім, мұны даналар мақтаушы еді, діншіл тақуалар да ұнататын. Осы ғылымның бір кітабында, ең жақсы дәрігер өз мамандығына берілсін, ақыретте жарылқанудан өзге ешбір нәрсеге итініп елікпесін деген екен. Осының салдарынан дәрігерлік ғылымға ынталана кірістім, ана дүниеде жарылқануды арман еттім, бірақ бұл пиғылыма орай құнды каржыны да іздемедім, өйткені мәңгі үзілмес байлыққа ие ететін бағалы жақұтты түкке арзымайтын су моншаққа айырбастаған, сөйтіп зиянға ұшыраған сорлы саудагер тәрізді болмайыншы дедім. Осымен қатар көне заманның бір кітабын оқыдым, сонда дәрігерлік еңбегі үшін бақилық өмірден игілік күткен кісі, осы фәни дүниедегі ырзық несібесінен де құр қалмайды деген екен. Бұған мысал ретінде, егістік жерді баптап, дәнді дақыл еккен диқанның, өзі күтпесе де кейде сол егісінің

[1] Төрт қосынды – көне замандағылардың ұғымы бойынша негізгі төрт элеммент тең келсе организамнің өмір сүруіне жағдай жасайды-мыс, ал олардың біреуі басым болса ауруға шалдықтырады екен. Ол элементтер дейтін: қан мен самарқаулық және өттің екі түрі. Бұл ұғымның әсері осы замандағы темпераментті тексеру ісінде де кездеседі.

арасына түрлі шөптердің де қаулап шығатынын келтірген екен. Сондықтан мен енді кеселділерді емдеп жазуға кірістім, алғыстарын алып ана дүниенің қызығын көруге ұмтылдым, науқас жанның ешқайсысын елеусіз қалдырғаным жоқ, бәрін де емдей бердім, сонда оны құлан-таза айықтыра алам ба, жоқ болмаса күйзелуін ғана толастатам ба, білмеймін, әйтеуір, қалайда толық жазуға тырыстым.

Реті келгенде қона жатып та емдедім, жағдай болмаған кезде, дәрі беріп, оны қалай қолдану керек екенін түсіндіріп бердім. Дәрігерлік көмек көрсеткенде сый дәметіп немесе ақы алғаным жоқ, өзіммен білімі бірдей замандастарымның ішінде менен бай тұратындары да, дәрежесі жоғарылары да болды, міне, мен соларды да күндемедім, денсаулығы орасан күшті, әрі парасаттыларды да жоқты сылтауратып күндеуге дәтім шыдамаушы еді. Ей, жүрегім! Сені үй ішің де, басқа жақындарың да өз пайдаңды іздетіп, дүние табуға, атаққа икемдеп жүрмесін, ол апатқа соқтырады, хош иісті ладан отқа өртенгенде оның аңқыған иісі өзгеріп сала береді, оған бөгде бір иіс пайда болады. Ей, жүрегім! Байлық пен мансап көзіне шел қаптатып жүрмесін, «Семіздікті қой ғана көтереді» дегендей. бұған ердің ері-ақ шыдай алады, өйткені қолы жеткендер оның түкке арзымайтынын анық біледі, ол басқа біткен шаш тақылетті, өскен кезде тарап күтеді де, күзеп тастағаннан кейін оны қорда қоқсыққа лақтырып жіберіп, өзі қаша жөнеледі. Ей жүрегім, шынында, сен дәрігерлік ғылымның қуатына сенсең ауруларды әрдайым емдеп айықтыруға тырыс, бұдан еш уақытта жалтарушы болма! Бұл ғылымның әсерін де, пайдасын да жұрттың көбі біле қоймайды, бірақ біреуді күйзелудеі құткарып, бәз-баяғы қалпына келтіруге тырысатын кісіден сен үлгі ал! Осыдан артық ұлы сый, ізгі атаққа ие болатын кім бар? Егер жеке адамға жәрдем еткені үшін осындай сыйлық берілсе онда толып жатқан жанды ізденіп жүріп дертінен айықтыратын дәрігерге, қалайша сыйлық тартпайды ол? Бұл көпшіліктің саны тек тәңірімнің өзіне ғана аян, олар талай күйзелісті, калың азапты басынан кешіріп, өмірдің ләззаты мен қуанышынан ішіп жеуден, қатын мен баладан үмітін үзіп, әбден түңілгендер ғой міне, соларды уайым-қайғыдан құтқарып, байырғы тіршілігін қайта әкелсе, әрине, мұндай мол игілік үшін сыбаға алу жөн

емес пе? Өзінің ізгі қылығы үшін татырлық сыбаға алам деп үміттенуі әбден дұрыс! Ей, жүрегім! Мына өткінші дүниенің қызығына еліктеп, алдымыздағы өмірдің қамын естен шығарма, болмашыға алданып бағалы бұйымын орынсыз күйдіріп сатқан саудагер тәрізденбе! Ол туралы мынадай әңгіме бар екен: «Қорасы толған сандал ағашы[1] бар біреу көп ойға түсіпті - егер мұны безбендеп өлшеп сатсам, онда ұзақ уақытым босқа кетер депті де, салмағын есептемей-ақ аз ғана ақшаға сатып жіберіпті», - дейді екен.

Өз жүрегіммен осылай айтыса бердім, үғынбасына қоймадым, оны лажсыз мойындатып, амалын тауысып көндірдім. Ол бұрынғы шабытынан қайтып, жақсылықты енді ана дүниеден үміттенді де, бар ынтасымен ауру-сырқауды емдеуге кірісті. Бірақ Үндістанға бармай тұрып та, патшалардан өміріме керекті мол сыйлықтарды алуыма бұл қылығым кедергі жасаған жок, ал қайтып келген соң да жақын жүрген бауырларымнан талай-талай сыбағамды алдым, тіпті сол сыбағаға өзім арзымайтын да тәріздімін.

Осыдан кейін, дәрігерлік ғылымды зерттеу арқылы мынаны аңғардым, дәрісімен емдеп олар жұрттың дертін жоймайды екен, емделген ел тағы басқа дерттен де ада-күде айығып, мүлде құлан таза болып құтыла алмайды екен. Дерті бұрынғысынан күшейіп қайта оралмауына күмәнсіз сенуі де қиын тәрізді. Ал ана дүниеде жағдайдың басқаша екенін, онда ешбір дерттің болмайтынын және қайта жаңғырмайтынын ұғындым. Осыдан кейін дәрігерлікпен шұғылдануды қойып, дінге берілдім.

Осы ойға бойлап кірген кезде діннің бұл ғылымға қандай қатысы барлығы маған көмескі болды, дін туралы ешбір ескертуді де кездестірмедім, діннің ең жақсысы, тиянақтысы мынау деген нұсқау да ешбір жерде айтылмаған екен. Мен ел арасында жүріп көптеген дінді және оның талай салаларын кездестірдім. Бұл діндер ата-бабаларынан қалған мирас екен. Бірсыпыра адамдарды қорқытып, үрейлендіріп, зорлап дінге ендіргендерді де көрдім, ал кейбіреулер осы арқылы дүние құрастырып, түрлі дәрежеге де ие болып жүр екен. Осылардың

[1] *Сандал ағашы – түрлі және дәрі-дәрмек істеуге пайдаланылады, сондықтан орта ғасырдағы сауда ісінде бағасы өте қымбат, өте пайдалы ағаш болған екен.*

бәрі де өз дінін құптап, баска дінді қателесу, адаскандық деп біледі. Жаратушы мен жаратылған жәндіктер жөнінде де, дүниенің жаратыла бастауы мен қашан бітуі туралы да, тағы басқа мәселелер жайында да олардың ұйымында шимай- шатаң қайшылықтар бар, біреуі екіншісін жазғырады, біріне- бірі қарсы шығып дұшпандық жасайды. Сондықтан әрбір дін саласындағы басты-басты ғалымдардан сабақ алуға беттедім, шындықты өтірік-жалғаннан айыру үшін алдымен солардың сөзін талқылап, дәлелдерін толық зерттеуге кірістім, нағыз ақиқат дінді тауып, соған сеніп мойынсұнуды ұйғардым, өзіме танық дінді қабылдағым келмеді, ұкпаған затыма жуымауға тырыстым. Мен нақ осылай істедім. Сұрастырып, іздестіре бердім, бірақ өз дінін мақтайтын, ал басқа дінді даттамайтын тірі жанды таппадым. Дәлелдерінің сыңаржақ екенін, әділдіктің жоқтығын анық білдім. Ақылды адам еріксіз ұйып келісерліктей қонымды дәлел көрсететін біреуін де ұшырата алмадым.

Осы уақиғаны көргенде, ешқайсысының да пікірін қабылдауға дәтім бармады, көзім анық жетпей тұрып осылардың біреуін жақтап шықсам, онда жылдам алданғыш аңқаудың аяғын құшармын деп ұқтым. Ол аңқау туралы мынадай бір әңгіме бар еді: «Баяғыда бір карақшы ұрлыққа аттанады. Түнде жолдастарымен бірге бір байдың үйінің төбесіне шығады. Үй иесі сезіп қойып, ұйқысынан оянады, тамының төбесіне ұрылардың бір арам оймен беймезгіл шыққанын түсінеді, сол арада әйелін оятып оған ақырын ғана сыбырлайды: «Үйдің төбесінде ұрылар жүр, мен ұйқтаған болып жатайын, сен мені оят та даусыңды көтеріңкіреп, олар еститіндей етіп: «Ей, қожам! Айтсайшы маған, сен мына мол дүниені, асыл мүлікті қайдан алып келдің?» деп сұра. Мен мойындамай танған сайын, сен өтінуіңді қойма», - дейді. Әйелі айтқанындай істейді, қоймастан ежіктеп сұрай береді. Ұрылар тыңдай қалысады. Сонда ері: «Ей, қатын, бақ талайыңа қарай бұйырған ырзық несібеңді ішіп-жеп, тыныш жата берсейші, менен еш нәрсе де сұрама, мұны айтуға болмайды, сатан да, маған да кесірі тиюі мүмкін, өйткені біреу-міреудің тыңдап тұрмасына кім кепіл?» - дейді. Әйелі: «Ей, ерім, тартынбай-ақ сөйлеші, мен қарғанып айтайын, екеуміздің сөзімізді тыңдап тұрған осы жақын жерде ешкім жок», - дейді. Ері: Болмадың ғой, ендеше, айтайын.

Мен осы байлықтың, мына асыл мүліктің бәрін тек ұрлықпен жинадым», - дейді.

Әйелі: «Әрі әділ, әрі жұртқа қадірлі бола тұрып, бұған неге бой ұрдың, сенен ешкім күдіктенбейді де, қауіптенбейді ғой, сонда сен қалайша ұрлыққа бардың!» - деп сұрағанда, ері: «Ұрлық-қорлық жөніндегі ғылымның айтуына сүйендім. Менен сезіктеніп, ешкім қауіптенбейді де, өйткені өте нәзік жолмен ымы-жымын білдірмейтін еппен істеледі», - деп жауап қайырады. Сол арада әйелі: «Ол қандай еп? - деп сұрайды. Ері: «Мен жолдастарымды ертіп ұрлыққа ылғи айлы түнде аттанамын. Тонамақ болған үйдің төбесіне шығып, ай сәулесі түсіп тұрған терезесіне таяп барамын да, жеті қайыра мынадай ант ішемін: «Шолем, шолем»[1], — деймін. Сонсоң ай сәулесін құшақтай алып, үйдің ішіне қарай секіремін, бұл кезде менің түскенімді ешкім сезбейді. Ай сәулесін жамылып тік тұра қаламын да, әлгі антты тағы жеті рет қайталаймын, сонда мен алуға жарайтын осы үйдегі ақшадан, дүние-мүліктен біреуі қағажу қалмай түгел жиналады, бәрі де алдыма кеп қаздай тізіледі. Мен ол үйден қалағанымды қалдырмай аламын да, ай сәулесін құшақтап тұрып, дағдылы антымды тағы жеті қайыра пысықтаймын, сөйтіп енді үй төбесіндегі жолдастарыма көтерілемін, алып барған нәрсені соларға арқалатып, кетіп отырамын», - деп әңгімені көйіте жөнеледі.

Мынаны естігенде ұрылар шексіз қуанып:

- Шынында, біз бұл үйден ұрлайтын мал-мүліктен гөрі өте бір құнды нәрсе таптық-ау! Біз сондай пайдалы хабар алдық, оның себі тисе, заты қорқып-үркуден аулақ болармыз, үкіметтен қауіпсіз жүрерміз, сірә, - деседі. Содан кейін ұрылар үй иесі мен әйелі әбден қалың ұйқыға батқанша күзетеді, ұзақ күтеді. Бір кезде ұрлардың бастығы ай сәулесі үй ішіне түсіп тұрған терезеге жуықтап барады да, жеті рет «Шолем, шолем», - дейді, сонсоң үй иесінің айтуы бойынша ай сәулесін құшақтай- мұшақтай төмен сырғанайды. Сонда басы төмен қарай құлдилап құлап кетеді, сол жерде қожайын ұшып тұрып, сойылмен періп жібереді де: - «Сен кімсің?» - деп сұрайды. Сонда ол: «Мен жылдам алданғыш аңқаумын!» - деп жауап береді. «Міне, жылдам сенудің осындай да жемісі болады екен», - дейді.

---

[1] Шолем – көне заманғы еврейлер сөзіне еліктеп айтылған ғой, бұл арабтың «сәлем» (бейбітшілік) деген сөзімен түбірлес.

Апатқа ұшырамауыма әбден көзім жетпей тұрып, бір нәрсеге асығыс сене қоюдан енді ада-күде бас тарттым, сөйтіп дінді тағы зерттеуге кірістім, діндарлардың арасынан шындықты іздеп тапқым келді. Бірақ кімнен сұрасам да сауалыма жауап ала алмадым, олардың дәлелдерінен де менің санамды сендірерліктей ақиқат деп ұйып, соңынан ерерліктей еш нәрсе таба алмадым. Сонда тұрып мен:

- Егер тиянақты білім таба алмасам, онда баяғы өзім көрген аталарымның дінін тұтынуым керек, - деп түйдім. Ал ежелгі аталарымның дініне сеніп, әбден бекіну үшін, өз ұжданымды ақтайтын дәлел іздедім, оны да таба алмай торығып: «Егер осы ойлағаным өзіме тиянақты серік бола алса, онда сиқыршының баласы да баяғы әке жолын қуып сиқыршылық жасар еді де, жұрттың алдында мақтанар еді ғой», - дедім. Бұл да ақылдың ауқымына сыймады. Баяғыда бір адамды тамақ жегенде қомағайлығы үшін кінәлапты, сонда ол: «Менің әкем де, бабаларым да осылай жейтін еді», - деген желеу келтіріпті; міне, мен осыны есіме түсірдім, - деді.

Ата-бабамның дінінде қалуға тиянақты тірек таба алмай, діннің салаларын қайта зерттеуге кірістім, қайта ақтардым, тапқан қорытындымды үңіле тексердім, сөйтіп жүріп, өмірдің қысқарып қалғанын, үміттің тез-ақ үзілетінін сезіп шошып кеттім. Сонда: «Біле алмаймын, өмірмен қоштасатын мезгіл жуықтап қалды ма, немесе менің қолым белгілі бір іске тоқырай алмай, еш нәрсеге батылым жетпей, бірінен екіншісіне ауысып жүріп, бұрынғы өзім күйттеген игілі істен де орынсыз аулақтаған болармын ба, мен тілегіме жеткенше өмірім де бітер ме?» - деген ойға тірелдім.

Мүмкін мен осылай абыржып, әрі адасып жүргенде баяғыда біреудің басына түскен зауал маған да жететін шығар, - деп түйдім, ол адам туралы мынадай әңгіме бар еді: «Сонау көне заманда күйеуі бар әйелмен бір жігіт тамыр болыпты. Қораның ішіндегі құдықтың қасынан үңгір қаздырыпты да, оның аузын дуал сыртындағы жолға дейін создырыпты, сөйтіп үңгірдің ішкі есігіне құлып салыпты. Әйелдің бұл ісі қапылыста күйеуім, не басқа біреу үстімізден түспесін деп істеген сақтығы еді. Күндердің бір күні әлгі кісі осы үйде отырғанда, әйелге күйеуің сыртқы қақпаның алдында тұр деп хабарлайды. Сонда

әйел әлгі кісіге: «Қорадағы құдықтың қасына бар да үңгірге түсіп тез сыртқа шығып кет», - депті. Әлгі кісі құдыққа қарай барса, ол құдық биік тұрса керек, таба алмапты, сонда әйелге қайта келіп: «Мен үңгірді іздеп бардым, бірақ сен айтқан құдықты таппадым», — дейді. Әйел: «Ой, есуас! Құдықтың саған не керегі бар еді! Мен саған құдықты ескерткенде, тек сол арқылы үңгірге жол тапсын деп едім ғой», - дейді. Ол: «Үңгірдің қасында құдық болмаған соң, сен алдап айтқан шығар деп күдіктендім», - дейді. Әйел: «Ей, бақытсыз сорлы- ау! Құтылудың қамын істесейші, мынауың ақымақшылық қой, егеспе енді», - дейді. Ол: «Мен қалай барайын, өзің мені қақпайлап, әбден есімді шығардың ғой!» - дейді.

Осылай күйбеңдеп, салғыласып тұрғанда үй иесі кіріп келеді де, оны ұстап алып, әбден азаптап, сілесін қатыра сабап, діңкелетіп апарып, үкімет орнына тапсырыпты», - деуші еді.

Осындай неше түрлі толқудан, әр алуан адасудан қаймығып, енді дін жөнінде сөйлесуді мүлде доғардым, өз ұжданым дұрыс деп тапқан, дін қағидаларына қайшы келмейтін іске ғана қатысатын болдым. Біреуді ұрып-соғудан, өлтіруден, ызалы әрекеттен, ұрлықтан, қиянат істеуден мен ең әуелі қолымды тыйдым, күнәлі істен тәнімді сақтадым, өтірік айтудан, бөгде біреуге кесірі тиетін қаңқу сөзден тілімді аулақ ұстадым. Болмашы жалған сөзден, қулық-сұмдықтан, балағаттаудан, жала жабудан, өсек айтудан, келеке етуден шет жүрдім. Ешбір адамға жамандық ойламауға беттедім, пайғамбардың уағыздарын[1] мансұқ етпедім, ғарасат күнін де ұмытпадым, ақиретке барғанда жарылқанудың да, жаза тартудың да растығын мойындадым. Күпірлік істейтін адамдардан мейлінше қашық жүрдім, ниеті адал тақуалармен жақындасуға тырыстым. Тақуалылыққа тең келетін достың да, жолдастың да, жоқ екенін ұқтым. Тәңірім қолдап, өзі жебегендей болса, оның пайдасы зор екеніне көзім жетті: ата мен анадан да артық жаны ашыр әрі мейірімді осы тақуалық екен ден таптым, шын досындай болып, келелі кеңес беріп, игілікке баулитынын байқадым; оны қанша жұмсап

[1] *Пайғамбардың уағыздары – Мұхаммед (үстіміздегі дәуірдің 570-632 жылдары) пайғамбар өсиеттеген мұсылман дінінің негіздері. Осы аударылып отырған «Кәлилә мен Димнәнің» кей жерінде ислам дінінің әсері аңғарылады.*

қажетіне жаратсаң да сарқылмайтынын аңғардым, қайта түрлене түлеп, құлпыра түсетініне көзім жетті. Қымқырып, жымқырып зақымын тигізетін әкімнен де, байлықтың кесірінен де, оттан да, қарақшы ұрыдан да, түрлі-түрлі зобалаңнан да оның ешқашан сескеніп, айылын жимайтынын сездім. Өмірдің болмашы ләззатына беріліп тақуалықтан қашқан адам, күшін ұзақ уақыт бекерге жұмсап босқа зиян шеккен саудагер тәрізді ғой. Ол туралы мынандай бір әңгіме болушы еді: «Бір саудагердің жиған-терген асыл тастары көп екен. Соның бәрін тестіру үшін ол бір адамды жалдапты, ақысына жүз динар бермекші болып келісіпті. Жалданған адам саудагердің үйіне кіріп, іске кірісе бергенде, өзінің қасында, бұрышта бір арфа тұр екен. Сонда саудагер: «Сен арфада ойнай білесің бе?» - деп сұрапты. Ол: «Менің өнерім жай білуден гөрі әлдеқайда басым», - деп жауап беріпті. Саудагер: «Олай болса алшы қолыңа арфаны!» - депті. Арфаны қолына ұстағанда-ақ оның өте шебер ойнайтыны әйгіленіпті. Сонымен ол кешке дейін әнге басыпты, нәзік әсерлі неше алуан дыбыстарды саумалап шертіп, саудагерді алдандырыпты, ал әлгі асыл тастар салынған жәшіктің қақпағы ашылған күйі ескерусіз қалыпты. Кешқұрым ол саудагерге қарап:

- Еңбегімнің ақысын төлеңіз, - дегенде, саудагер:
- Сен ақы аларлықтай еш нәрсе істеген жоқсың ғой, - десе керек, сонда ол:
- Мен сенің бұйрығыңды орындадым ғой, - депті. Саудагер сөзден жеңіліп жүз динарды босқа төлепті, ал асыл тастары бәз- баяғы қалпында тесілусіз калыпты, - деуші еді.

Бұл дүниенің қызғылықты ләззатына, жан дүниеңді қоздыратын құмарына үңілген сайын одан көңілім қайтып, мүлде жиренетін болдым. Тәңіріге жалбарынып, тақуалық істеуге бел байладым. Ата-ананың өз баласын тәрбиелегені тәрізді, тақуалықтың да адамды келесі дүниеге даярлайтынын аңғардым. Мәңгі арылмас зұлымдықтан қорғайтын темір сауыт та сол екенін көрдім. Тағы бір аңғарғаным, тақуалық ракаттың бесігі, ол жаннаттың есігі екен.

- Егер тақуа адам үңіліп ойға шомса, оған сәуегейлік бітеді, ол құлазиды да көнгіш бола бастайды, барына қанағат етеді, бұл жалғанның қызығынан кол үзеді, зұлымдықтың

қаупінен арылады, өрескел құштарлықты серпіп тастап, мүлде тазарады да, өз алдына оңаша қалады. Ол уайымнан құтылады, қызғаншақтықты жояды, сөйтіп оны мейірімді махаббат билейді. Дүниенің барлық алдамшы ләззатынан тартынады, ақыл-санасы кемеліне келеді, ол әр істің ақырғы нәтижесіне үңіледі де, өкініштен сақтанады, күнәлі қылық істемейді, сондықтан өзін пәле-жаладан қорғайды екен. Тақуалықтың осындай маңызын ұрып, оған менің де сүйіспеншілігім зорая түсті. Сонымен, сайып келгенде тақуалар тобына кіруді дұрыс көрдім.

Алайда дүние қызығынан баз кешкен тақуалардың тіршілігіне төзе алмаспын деп қорықтым, өйткені жасымнан бойыма сіңген дарқан дағдым кесірін тигізер деп ойладым, дүние қуып талаптанудан безсем, тақуалыққа берілсем, онда ана бір кезде пайдалы екеніне көзім жетіп, арындай ұмтылған игілі әрекетімді, үйренген әдетімді тастап кетермін деп қауіптендім. Аузына сүйек тістеп, өзеннен өтіп бара жатқан ит сияқты болғым келмеді. Өйткені әлгі ит судың ішінен өз көлеңкесін көріп, бөгде ит деп ұғады да, оның сүйегін тартып алмақ болып суға сүңгиді, сонда ит іздеген етіне де жете алмайды, өзінің тістеген сүйегінен де айрылып қалады! Осыдан кейін мен тақуалықтан тайсалдым, өйткені өзімнің тұрлаусыз да шыдамсыз мінезімді білдім, жүрегім дауаламады, сонымен ежелгі қалпыма қайта оралдым.

Кейін өзімнің қауіптенуімді, жан төзе алмайтын тақуалықтың күйзелуі мен күйінішін мына өмірдегі адамның басынан кешіретін ұшан-теңіз азабымен салыстыра кету ойыма келді. Сонда, осы өмірде азаппен ауысып кезектеспейтін ләззаттың, не рақаттың жоқ екені және оның үнемі уайыммен бітетіні маған айқын көрінді. Бұл - дүние ащы су тәрізді: оны ішкен адам тек қаңырығы кеуіп шөлдей береді. Ол иттің аузына түскен сүйек тәрізді, иісін сезеді де ит сүйекті ет іздеп кеміреді, бірақ іздеген еңбегі еш болады, түк нәтиже шықпайды, сүйекке жырғызып құр босқа аузын қанға бояйды. Ол бір жапырақ ет тістеген шәулі тәрізді, аузындағы етін көріп оны басқа құстар талайды, талапайға түсіп, ақырында әбден болдырады, сонда ол енді өз басын қорғайды, етін тастай сала қашып құтылады. Ол түбіне уы бар бал құйған құмыра тәрізді. Жеген адам

алғашында азырақ рақатка батады да, ал түбіне жеткенде у ішіп, ажалға килігеді. Ол ұйқыда жаткан кісінің түсінде көрген куанышы тәрізді, оянып кетсе түк те жок. Ол жарк ете түсіп заматта сөнген нажағай тәрізді, лезде жоқ болады да, әлгі онан қорыққандар баяғы караңғылыққа бөленіп қала береді, ол - жібек құрты тәрізді: оранған жібек жамылғышы қалыңдаған сайын, шығуы қиындай береді.

Осылардың бәрін ойлап-ойлап, тақуалықтың жолына қайта түскім келді, бірак кейін оған қарсы шықтым да: тұрпайы жамандығын көре салып, бұл жалғанды тәрк етіп тақуалыққа жүгіруім де, немесе тақуа тіршіліктің қиындығын сезе қойып, одан ат-тонымды ала қашып бұл жалғанның алдамшы қызығына жармасуым да жөн болмас деп ұқтым. Өмірге көзқарасымды тұрақтата алмай, тиянақты шешімге келе алмай үнемі аласұрып өзгере берсем онда менің ісім мына бір соттың билігіне ұқсайды ғой: ол екі даугердің алдымен біреуін тыңдапты да, соның сөзін дұрыстапты, артынан екіншісін тыңдап, оның да айтқан дәлелін мақұлдапты ғой, - деген ойға тірелдім.

Тақуалық құрудың сұрқай да сырдаң және өте ауыр жағын есіме түсіріп жүрегім түршіккенде: «Бұл жалғанның мәңгі рақатымен салыстырғанда мынау түкке арзымайды екен ғой», - дедім. Бұдан кейін осы жалған дүниедегі жаным аңсаған ләззат- қызықтардың бәрін шолып өтіп: мұнан ащы мұнан зиянды не бар, дәйім маскаралыққа, жамандыққа итереді-ау! - дегенді айттым. Сонсоң тағы да: «Аз уакыттың күйінішін адам қалай аңсамасын, егер оның арты ұзаққа созылған рақатка айналса, ал егер өткінші рақаттың соңы мәңгі азапқа айналса, одан қалай безер болмассың», - деп толғадым. Сонда мен: «Егер біреуге жүз жыл өмір сүресің, бірак әр күні денеңнен жапырақтап ет кесіп алып отырады, оны жамап қояды да қайталай береді, сөйтіп жүз жыл өткенде барлық азаптан ада-күдә құтыласың, мәңгі қуанышқа бөленесің десе, онда әлгі адам сол өткен өмірін салауат бос кеткен мезгіл деп ұғар еді ғой», - дедім.

Адам осы секілді өзгерістердіанасының құрсағына біткеннен бастап, өзінің соңғы күндеріне дейін басынан өткізбей ме? Мысалы, бала жасалатын сұйық дым ананың құрсағына барып, оның бойындағы ылғалмен, қанмен араласады да қоюланып бөге беретінін біз дәрігерлік кітаптардан көреміз. Сонсоң бу аркылы

әлгі ылғал мен қап ашиды да ірімтіктенеді, соңынан ол ұйып қатаяды, кейін өзінің мезгілінде мүшелері белгі береді, егер ер бала болса беті шешесінің арқасына қарайды, әйел бала болса беті шешесінің қарнына қарайды. Қолы бетіне қабысады да, иегі екі тізенің арасына түседі, сол күйінде бір түйіншек тәрізденіп шаранаға оранып жатады. Бала күйзеліп тыныс алады, бүкіл денесі шырмауда болып іштің қалың қапырығында күнелтеді. Оның кіндігі шешесінің кіндігімен жалғасып тұрады, сол арқылы ол шешесінің ішкен асымен қоректеніп сусындайды. Осындай тар жайда, қараңғы түнекте әлгі нәресте өзі туғанша дәурен сүреді. Мезгіл жеткен кезде, бу күшейеді де нәресте қимылдай бастайды, таршылықтың қыспағынан күйзеліп енді басы шығуға бейімделеді, сонда ол аяқ-қолы кескіленіп азапқа түскен адамдай болады. Нәресте жерге түскенде, денесіне ауа таеді, немесе оны қолмен ұстайды, сонда ол терісін сыдырған жандай сезінеді. Осыдан кейін ол ашықса жеуге, шөлдесе ішуге ынтығады, көмекші іздейді, ешкімді таба алмай зар қағады, мұның үстіне қолға көтергенде, төсекке жатқызғанда, жаялыққа орағанда және маймен сылағанда да түрлі азап шегеді. Емшекте жүрген кезінде оны үнемі шалқасынан салып бөлейді, қаншалық азаптанса да қимылдауға оның мұршасы келмейді. Емшек ему дәуірінің сергелдеңінен босанысымен- ақ тәрбиелеу азабына душар болады, бұл кезде де ол түрлі қиыншылықтарды көреді. Онан кейін ауру-сырқау тағы басқа неше алуан күйзелістер басталады. Осыған байланысты дәрі- дәрмек қолданылады, түрлі тыйым салынады. Жасы толып ер жеткен соң семья құру, мал-мүлік жию, бала асырау міндеттері келіп туады. Жаратылысында бойына сіңген дүние қоңыздығы, ашқарақтығы артады, қауіпті іске бой ұрып, құшырланып ізденуге кіріседі, сонда оны ашулану, қан тасу, жалқаяқ шашу, бусану тәрізді төрт жауы келіп қоршайды, міне, осылар әлекке түсіреді; ажалдың уынан, зәрлі жыланнан, жыртқыш аңнан және адамнан қорқу пайда болады, аңызақ желден, аяздан, жауын- шашыннан және дауылдан үрейлену билей жөнеледі.. Егер өмірі ұзақ болса, онда қаужыраған кәріліктің түрлі азабы тағы келеді. Ал енді осылардың бәрінен де ол қаймықпаса, зияны тиер деп ойламаса онда ажалға қарсы барады, бұл дүниемен қоштасуға мәжбүр болады, бала-шағасынан, жақындарынан, сүйген

адамынан, тағы басқа да ардақтыларынан ажырайды, сөйтіп ол ғарасат күнінің ауыр азабынан үрейленуге де соқтытады. Расына келеек мұндай жанды жұрт сөлекет қылыққа, салақ әдетке, күнәлі іске бейімделген адам деп санайды. Өйткені ақыреттің қамын ойламады, сақтық істемеді, бұл дүниеде өзін еліктірген, азғырған алдамшы тірліктен бойын аулақ ұстамады дееді.

Әсіресе мұнын барлығы мынадай жағдайда да орын тебеді. Мысалы, патшаны тәңірім бакытты-ақ етсін, ісінің сәті үнемі түсіп тұрсын, санасы да, талабы да жоғары болсын, іздегеніне жігер көрсетсін, әділ, шыншыл, қайырымды, жуас, игі мінезді, қолы ашық, береген, адамгершілік мәселесіне күйгелек те табанды, қажырлы, ақылды, момын, қырағы, қарасқыш, момақан, жаны ашығыш мейірімді, ер жүректі болсын, адамды тануға да зерек болсын. Адамды бағаласын және оның шығарған ғылымын сүйсін, озбырға қатал қарасын, тайсалмасын, біреудің ықпалына түспесін, қол астындағы елдің тілегін орындауға ниеттенсін, оларды жаманшылықтан корғасын, ал енді осының бәрі орындалған күнде де - бәрі бір істің тетігі түпкі тағдырдан екені бізге айқын көрінеді. Шынында, мына ақиқат адамнан безіп қашып бара жатқан тәрізді. Қимайтын зат жоғалды да, зиянды нәрсе пайда болып өмірге келді, жақсылық солғын тартты, жауыздык көктей құлпырды, алдамшы жалған жымың кағып күлуде, ал ақиқат зар еңіреп кейін шегінді, әділдік төмен түсіп, зорлық-зомбылык жоғары көтерілді, игі қасиет жерге көмілді де, есуастық үстемдік алды, пасықтык сайран салды да, қайырымдылык кыспаққа түсті, күндестік пен көре алмаушылық нығая берді, сый-құрмет тақуалардан безді, енді оны залымдар иемденіп жүр, залымдық оянды да, адалдық ұйқыға кетті, өтірік өркендеп жемістенді де, шындық куара түсті, әділдік бұғып жүр, өтірік дандайсуға беттеді, даналар рақат қуып кетті де, даналыққа үстірт қарады, жәбір шеккендер қарақатталуда, ал жәбірлеушілер өз ісіне насаттануда, төңірегіндегі алысты да, жақынды да жалмап бара жатыр. Қанағат жойылып жоқ болды, зұлымдык өрге шапшыды, жақсылык төмендеп кірерлік қуыс іздеуде. Даңқ-атақ құлдырап төмен түсті, ал арамзалық сыйлы болды, әрі күшті саналды, әкімшілік татымды кісілерден көшіп, шалағайларға ауысты. Міне, осы кезде өмір көңілденіп, менменсіп, тәккапарлана түсті де:

- Мен мейірімділікті жасырып, жауыздыққа жол аштым, - деп көңірсіді.

Міне, бұл дүниенің ісі туралы жаратылыстың асылы, ең ғазизі адам туралы ойланып, толғандым да:

- Заты, адам қаншама асыл-ғазиз болғанымен айналып, үйіріліп зұлымдықтан шықпайды-ау, онан басқа қасиеті жоқ қой, — деп топшыладым. Адамның ақылға ең кендесі де осыларды ұғынады, бірақ саналы іске бой ұрмайды және өзін жаманшылықтан қорғау үшін ешқандай әрекет істемейді. Мен бұған барынша таңданамын, аңғарып қарасам, адамды игі іске жібермей отырған зат мардымсыз да жексұрын, тәтті иіс пен ауызды тұщытатын дәмділік және сипалап сезіну екен, осыларға жетем деп ентелей ұмтылу, аз да болса өз үлесін алу тәрізді. Бірақ ажырасып айрылудың жылдамдығы адам айтқысыз ғой.

Адамның дәл кескінін мына мысалдан келіп таптым. Баяғыда бір азамат қорыққанда қорғану үшін бір құздың ернеуіне келіп паналапты, құздың жиегіндегі бұтаны қармап түсе бастапты да, аяғын бір кертпешке қойып тұрыпты. Жалтақтай қарап, алдындағы бір іннен төрт жыланның басы шығып тұрғанын көріпті. Төмендегі құздың түбіне үңілсе, бір аждаһа оған қарай аузын арандай ашып, айбат шегіп тұр екен. Жоғары қараса екі тышқан, біреуі ақ, біреуі қара, әлгі өзі ұстап тұрған бұтаның тамырын үдере кеміріп жатыр екен. Құтылудың амалын таппай, осылайша дал болып тұрған заматта ол өзіне жуық жерден аздаған балы бар араның ұясын көріпті де, сол балдың дәмін татуға ынтығыпты. Балға көңілі ауып, осы арада ол сақтануды мүлде ұмытып кетіпті. Бұтаның тамырын кеміріп жатқан тышқандар да есінен шығыпты, ал егер бұтаның тамырын олар қырқып жіберсе, аждаһаның аузына түсетінін де ойламапты, осылай көңілі басқаға алаң болып тұрғанда апатқа ұшырапты.

Осы алдамшы, бақытсыз, зұлым, қауіп-қатерге толы өмірді мен әлгі құзға баладым. Төрт жыланды адам шырмауына түскен төрт қосындыға бейнеледім, егер осылардың біреуі өздігінен қоза жөнелсе, онда ашынған зымиян немесе зәрлі у тәрізді болады. Екі тышканды күн мен түнге ұқсаттым, ал олардың бұта тамырын опыра кеміруін күн мен түннің жедел ауысып тұруына, күнелтудің, өмірдің тиянағы қысқаруына баладым. Ал

аждаһа ешбір қашып құтыла алмайтын ажалдың өзі деп білдім. Бал дегенім - құлағымен естіп, қолымен ұстап, иісін біліп, дәмін татуға адамның үнемі ынтыға көксей беретін болмашы тәттілігі еді, осы тәттілік оны еліктіріп өз міндетін ұмыттырады, бетін басқа жаққа аударып жібереді, бұл жалғанның да, ақыреттің де қамын ойланудан қожыратады. Осының бәрін көргеннен кейін мен өз жағдайымды қанағат ететін болдым, шамам келгенше әділдікті ұстадым, әлі де болса өзімді өзім билеуге жететін мезгіл туар деген үміттемін, өзімді дұрыс жөнге саларлық күш- қуат та табармын деп ұқтым. Осыған бекіндім де, Үндістаннан өз жұртыма қарай бет алдым, сөйтіп ол жақтан көптеген кітаптар әкелдім, солардың ішінде осы кітап та бар еді.

ӘЛ-МҰКАФ ҰЛЫНЫҢ ОСЫ КІТАПҚА

ЖАЗҒАН КІРІСПЕСІ

«Кэлилэ мен Димнэні» ең әуелі Үндістан данышпандары жазды, бұған түрлі нақыл өсиеттерді, неше алуан әңгімелерді кіргізді, бағытына сай асыл да әдемі сөздерді керегінше таңдап алуға тырысты. Жер жүзіндегі түрлі тілде сөйлейтін халықтардың даналары әр түрлі әдіс-айла жасап, осы кітаптың ішіндегі нақылдардың түпкі сырын, бар даналығын айқындауға, ұғындыруға тырысады. Өйткені бұл кітапта үлкен айла қолданылған,өте мағыналы,әрікөркем сөздерді аң мен құстардың аузынан айтқызған, ендеше, мұның бір қатар артықшылыры да осы әдісінде болатын. Сөздерді пайдаланудың сара жолы мен соқпақтарын айтушылардың өздері тапқан, сондықтан бұл кітап әрі көңіл ауларлық қызықты, әрі даналықтың жинағы болып шыққан. Данышпандар кітаптың даналығына қызығар болса, адамдар көңіл ашар күлкісіне ғана мәз. Жас өспірім шәкірттер бұл кітапты сүйсініп оқып, оп-оңай жаттап алады. Жас өспірім жандар әуелі не екенін білмей-ақ жаттайды, көкейіне әбден құйып алады, сонсоң осы нақылдар туралы ойлана келіп, өзінің ұлы қазынаға ие болғанын артынан барып түсінеді. Кейінірек ер жетіп жасы ұлғайған кезде, әкесінен қалған асыл мұраға ие болып, еңбек етуден де, ізденуден де босанған адам тәрізденеді. Білімнің негізі өте мол, әсіресе сол негіздердің тараулары да көз жеткізгісіз көп, олардың түбін түсіру мүмкін емес екендігін де ұғынады, сондықтан данышпандар қолданған нақыл ережелерінің молая беруіне ынталана кіріседі. Осы кітаптың қалай құрастырылғаны әрбір адамның есінде болсын, тек қана оқып шығуды ол мақсат етпесін! Кімде-кім шын мағынасында осыны ұға алмаса, оған бұл кітаптың не нәрсеге бағыттап, неден сақтандырып отырғаны да белгісіз болады.

Екілене ынтығып ғылым-білім жинайтын адам, не оқып отырғанын ойлап-толғамай кітапты судыратып оқи беретін жан, мынадай біреудің аяғын құшады. Ғалымдардың айтуынша: баяғыда біреу өтіп бара жатып, қоймаға баратын сүрлеуге кездесіпті. Сол арада қойманы қазуға кірісіп, әлден соң көптеген алтын, күміске тап болыпты. Сонда ол: «Егер осы байлықты үйге өзім таситын болсам, онда сол тасымалға сіңірген еңбегім менің одан көретін рақатымның берекесін қашырады ғой. Ең дұрысы біреуді жалдайын, үйге сол тасып жеткізсін. Бітіргенше осында болып, қалған мүлікті өзім алып барайын, сөйтіп еш нәрсеге көнілім бөлініп, алаңдамайтын болайын. Сонымен аз ғана ақы беріп, өзімді еңбектің ауыртпалығынан да құтқарайын», - депті. Осыдан кейін ол таситын

адамдарды ертіп келіп, әрқайсысына шамасы келгенше алтын-күмісті аркалатыпты да: «Осыны менің үйіме алып барыңдар», - деп тапсырыпты. Тасушылар оны алдап, жер соқтырыпты, аркалаған жүгін алып әркайсысы өз үйіне тартып отырыпты. Қоймадағы дүние түгел сарқылған кезде ол үйіне келсе жіберген алтын, күмістен еш нәрсе жоқ екен, тасығандардың әрқайсысы өз үйіне алып кеткенін сонда бір-ақ сезіпті. Әуреге түсіп құр болдырудан басқа мұның үлесіне еш нәрсе тимепті, өйткені осы істің ақыры немен бітерін ол алдын ала ойлаған жоқ екен.

Сол айтпақшы, кімде-кім осы кітапты оқығанда оның айқын да жасырын мақсаттарын ұғынбаса, онда осындағы өзіне тиісті үлесін иемдене алмақ емес. Егер біреуге бүтін жаңғақ берсе, ол оның қабығын шақпай тұрып ішіндегі дәнін жей алмайды ғой, міне, бұл әңгіме осы тәрізді.

Ондай адам шешендік ғылымын зерттеп білмек болған мына бір кісіге ұқсайды. Достарының бірі оған шешен жазылған, түрлі әлеміш салынған неше алуан құбылыстары бар сарғыш кестені сызып береді. Ол үйіне алып барып саудыратып оқиды, мазмұнына көңіл бөлмейді, негізгі мағынасын ұғынбайды. Бірде ол өңшең тәрбиелі, пайымды ғалымдар бас қосқан жерге келіп, өзінің әлгі кестелі жаңылтпаштан жаттап алған қиқым- сиқымын жеткілікті деп санайды да, солардың қасына отырып, сөзге кіріседі, әбес сөйлеп қояды. Сонда отырғандардың біреуі оған: «Сенің бұл айтқаның мүлде қате ғой, шынында, дұрысы сен айтқанға сәйкес келмейді», - дегенде, ол: «Қалайша мен қателесем, сарғыш кестені оқып шықтым, ол менің үйімде тұр», - деп жауап қайырады. Оның сөзі өзін ұстап береді, надан екендігі, білімнің саясыздығы анықталады.

Ақылды адам бұл кітаптың мазмұнын толық зерттеп шықса, оны пайдаға асыру үшін өзінің білгеніне лайық іс істеу керек, өзіне үлгі етіп алып, сонан ешбір ауытқымағаны жөн. Егер осылай істемесе, онда ол мына кісі тақылетті болады.

Баяғыда бір ұры дуалдан секіріп түсіп, иесі ұйықтап жатқанда, үйіне кіріпті. Ұрының келгенін сезіп ол өзіне-өзі: «Мынаның не істегенін білу үшін, мен үндемей жатайын. Сезгенімді білдіріп шошытпайын, ол әбден ісін бітірген соң, орнымнан ұшып тұрып, әлек салайын», — деп күбірлепті. Сонымен ол шыдап жата беріпті, ұры тіміскілеп қолына ілінгенін түгел жинастырып, ұзақ жүріпті, үй иесі қалғып-мүлгіп жатып, әлден соң шыдай алмай ұйықтап кетіпті. Ұры ойындағысын істеп болып шыға жөнеліпті. Бір мезгілде үй иесі оянып, ұрының көп затты алып кеткенін біліпті. Сонда ол алғаш келген қарсаңда ұрыға қарсы шара қолданбағанына өкініп, өзін-өзі балағаттапты.

Білім тек іс арқылы әйгіленеді. «Білім — ағаш, іс — жеміс» деген сөз бар. Білім иесі өзінің қолда барын пайдалану үшін іске кіріседі, ал егер мұны орындамаса, білгенін іске асыра алмаса, онда білімді адам болып саналмайды. Егер біреу жолдың қауіпті екенін біле тұра, сол жолмен жүрсе, оны ақымақ демеске болмайды. Мүмкін, өзінің көңілімен санаса келіп, басқа қауіп тұрғанын аңғарса, оның зиянын жақсы білгендіктен, әлгі қауіпті жолдан ол қайтқан болар еді. Кімде-кім өзінің құштарлығына құрық берсе, өз бетімен, немесе біреудің ықпалына еріп, керекті істі істемесе, онда әлгі адам пайдалы ас пен зиянды астың арасын ажырата алмай, тағамның жеңілі мен ауырын жақсы біле тұра сақтанбай, оңазалыққа салынып, зиянды асқа бой ұрған ауру адам тәрізді болады.

Егер біреу мақтауға татитын істің артықшылығын біле тұра, ұнамсыз іске ұрынса, оны кешіруге болмайды. Мысалы, екі адам келе жатса, біреуінің екі көзі де сау, ал екіншісінің көзі соқыр болса, бұлар тағдырдың ісімен апанға құлап кетсе, сонда өлім қаупі екеуіне бірдей төнеді. Бірақ көзі бардың соқырға қарағанда жүрт алдында өз кінәсін жуып-шаярлық дәлелі аз, өйткені жүрген жолын аңғаратын оның екі көзі бар, ал анау болса, қайда бара жатқанын сезбейтін соқыр ғой.

Білген адам өзінен бастағаны жөн, алдымен білімін өз пайдасына жұмсасын. Білім тапқандағы оның мақсаты басқаға көмектесу үшін ғана емес қой. Олай етсе өзі бір бұлақ секілді болар еді, өйткені оның суын ел ішеді де, өзіне тиер одан пайда жоқ, немесе істеген өнерінен өзі пайдаланбайтын жібек құртына ұқсар еді. Білімді іздеген кісі алдымен өз басының

қамын күйттеуге тиісті, сонан соң барып білімін басқа адамға үйретуге болады, өйткені бұл дүниенің адамына бөгде біреуден ауыспайтын да қасиеттер бар. Мысалы, өз бойыңда мінің болса, басқаны да кінәлауға жарамайды. Олай етсе өзі соқырдың басқа соқырды сөккеніндей болар еді. Кімде-кім бір нәрсеге талаптанса оның іздеген мақсаты, көздеген нысанасы болсын, соған жеткенше тырыссын да, жеткеннен кейін қанағат тұтып, әрі аспай тоқтай дабілсін! Бұрынғылар айтқан екен: «Мақсатсыз ілгері аттанған жанның сілесі жылдам қатады, сезімі сарқылады. Өзінен бұрын ешкім жетпеген шегі жоқ дүниені орынсыз іздеп өзін-өзі қажытудың қажеті болмаса керек. Ол туралы уайым жеудің де, бұл дүниені ол дүниеден артық санаудың да керегі жоқ тәрізді. Кім-де-кімнің жүрегі алып ұшып әр іске талпынбаса, қолы жетпеген күнде де оның күйініші аз болады»,

- деген екен. Солар тағы бір жерде айтыпты: «Кімге болса да жарасатын екі жақсы қылық бар, олардың бірі - тақуалық, екіншісі - байлық; ал енді ешкімге ұнамайтын екі жаман нәрсе бар, олардың бірі - бөтен кісіні өз әкімшілігіне ортақтастырған патша, ал екіншісі - қойнындағы әйелін бөгде біреумен бөліске салған еркек.

Алдыңғы екеуі от тәрізді, үстіне тастаған отынды түгел өртей береді; соңғы екі касиеттің біреуі от, біреуі су тәрізді; өйткені бұл екеуінің басы бір жерге қосылып, өмірі отаспайды»,

- депті.

Егер біреуді тәңірім жарылқаса данышпанның оған қызғаныш көрсетуі дұрыс емес, өйткені мұндай жарылқанудан ол өзі үміттенбейді ғой. Осы туралы мынадай нақыл бар: «Баяғыда бір адам үстіне киер лыпасы да жок кедей екен, осы жағдай еріксіз билеп ол жақындары мен достарынан көмек сұрауға мәжбүр болыпты, бірақ олардан еш нәрсе артылып, мұның қолына тимепті. Бір күні түнде жатып ол өз үйін тінтіп, тіміскілеп жүрген бір ұрыны көріпті. Сонда ол өзіне-өзі: «Құдай ақы, мен қорқарлықтай осы үйде ештеме жоқ», - депті. Ұры қоймай тінтіп жүріп, ішінде бидайы бар бір ыдысқа қолы тиіпті де, ол тұрып: «Құдай біледі ғой, мен осы күні бойы сіңірген еңбегімді текке жібергім келмейді. Мүмкін, бүгін басқа үйге түсе алмаспын, сондықтан бос кеткенімше осы бидайды ала кетейін», - дегенді айтыпты. Осыдан кейін ол шапанын жайып,

бидайды соған төгуге әзірленіпті. Сонда үй иесі ойланып: «Мен мынаған төзе алмаспын. Ол бидайды алып кетер де, жалаңаштықтың үстіне ішер тамағымнан да айрылармын. Тіпті құдай біледі-ау, тап ажал оғы тура келмесе, осындай ауыртпалық бір адамның басына ешқашан тұтаса төнбеген шығар», - депті. Сол заматта ол қасында тұрған таяқты ала салып, ышқына айқайлап тұра ұмтылыпты. Сонда ұры қашудан басқа лаж таппапты. Ол шапанын тастай жөнеліпті де басын сауғалапты, үй иесі шапанды алып, пайдаға қарық болыпты.

Данышпан жан орынсыз нәрсеге сеніп малданбасын, өз тіршілігінің қамын жегенде еш нәрсені кейінге қалдырмай сақтық істесін. Біреуді тағдыр сүйемелдеп, өзі түк істемесе де ісі оңына келіп жатса, ол бұған да алданбасын. Бұл секілділер өмірде некен-саяқ кездеседі, адамның көпшілігі өзінің жағдайын жақсартуға тырысады, мұратына жету үшін күйзеліп, шаршап- шалдығып еңбек етеді. Өзіне пайдасы тиетін, ұнамды затқа ұмтылады, қу жанын әуреге салатын бақытсыздыққа душар ететін жамандықтан аулақ жүреді, әйтпесе ол нақ мына кептердің кейпін киеді. Мысалы, баяғыда бір кептер балапандарын дүшпандары ұстап алып бауыздайтын жерге ұялайды екен, соған қарамастан ол бұрынғы жеріне келіп, балапанын басып шығара беріпті. Сонда екінші жолы шығарған балапандарын да алып кетіп, бауыздап тастапты.

Ұлық тәңірім әр нәрсеге лайықтап, өзі жетіп жығылатын белгілі бір шек қойыпты деседі. Егер біреу-міреу осы арнаулы шектен асып кетпек болса, оны жазмыштан оза алмаудың сергелдеңі келіп соғады екен. Кімде-кім о дүниенің де, бұ дүниенің де қамын қатар ойласа, онда бұл адамның өмірі екі ұшты болады, бірде өзін жақтаса, ал екіншіде оған қарсы шығады, - деседі. Бұл дүниедегі адам үш нәрсенің қамын жеп, соған бар ниетімен тырысу керек екен, солардың бірі - күнелтудің жағдайы, екіншісі — бөгде адамдар мен өзінің арасындағы қатынасты әдемілеп құра білу, үшіншісі — өзі туралы кейінгі үрім-бұтаққа жақсы үлгі қалдыру деседі. Еңбегі еш болып, өмір бойы ісі оңға баспайтын қасиеттер де бар, солардың бірі жігерсіз тоғышарлық, екіншісі — мешеулік, үшіншісі — естігеннің бәріне бірдей сене берушілік екен. Өйткені өзі шала-шарпы түсінген бірдемені хабарлаушылар өте көп болады, бірақ олар негізін жете ұқпайды да құр бөсе береді ғой.

Ақылды адам өзінің құмартуына да күмәндана қарасын, көрінгеннің сөзін қабылдай бермесін, шимай-шатақ іске кезіккенде ақиқат айқындалып, шындық ашылғанша мүлт баспасын, сол қаталасуын қолдап, қасарысып қалмасын. Егер осылай істесе ол жолынан жазып адасқан жанға ұқсамақ, сонда да болмай жүрісін үдетіп ілгері тарта беретін, сөйтіп мақсатынан алыстай түсетін адамға ұқсамақ. Немесе көзіне бір нәрсе түсіп, соны дамылсыз уқалай беретін адам тәрізді болады, өйткені орынсыз уқалаудың арты насырға шауып, көзі мүлде көрмей қалуы мүмкін ғой. Ақылды адам тағдырдың әзәзілден екеніне дін қойып сенсін, саналы әрекет жасасын, өзі нені қаласа, басқаларға да соны тілесін, өз басының пайдасы үшін біреуге зиян шектірмесін. Кімде-кім осылай істесе, ол татымды адам болады, саудагер мен оның жолдасына кездескен жағдай мұның да басына келуге тиіс.

Өткен заманда бір саудагер мен оның серігі болыпты, екеуі бір дүкенді жалдап алып, сатарман заттарын сонда әкеліп қойыпты. Серігі осы дүкенге жақын тұрады екен, ол әлгі саудагердің бір тай жүгін ұрлауға ниет қылыпты. Өзінше бір қулық жасамақшы болыпты да: «Егер мен түнде келсем, қараңғыда байқамай өзіме тиесілі бір тай жүкті немесе бір буда затты ала жөнелуім мүмкін, онда менің бар еңбегім босқа кетеді ғой», - депті. Осы ниетпен ол үстіндегі шапанын шешіп алып, түнде келіп өзі әкетпек болған бір тай жүктің үстіне жаба салыпты да, үйіне кетіп отырыпты. Осыдан кейін өзінің теңдерін, жүктерін реттеп жинастыру үшін дүкенге саудагер келіп кіріпті де: «Дәуде болса мынау әлгі досымның шапаны ғой, ұмытып кеткен-ау, сірә. Қой, мұны бұл жерге тастамай, ана өз теңдерінің үстіне қойғаным абзал болар. Егер ол менен бұрын келсе өзінің қоярмын деп ойлаған жерінен тапсын», - депті. Сонымен шапанды жолдасына тиесі теңнің үстіне апарып қойыпты да, есікті қайта құлыптап шығып кетіпті. Түн болғанда әлгі серігі бір адамды жүк тасуға жалдап алып, ертіп келіпті де, дүкенге кіріп, теңнің үстінде жатқан шапанды іздеп тауыпты. Соның астында жатқан теңді екеуі жабылып, әрең дегенде дүкеннен шығарыпты. Сонсоң қолдаса көтеріп үйіне жеткізіпті де, өзі әбден болдырып, төсекке құлай кетіпті. Таң атқаннан кейін қараса, алып келгені өзінің теңі екен. Сонда істеген

ісіне ол қатты өкініпті де, дүкенге қарай жөнепті. Саудагердің өзінен бұрын келіп шарқ ұрып, жоғалған теңді іздеп жатқанын дүкеннің сыртында тұрып көріпті. Саудагер өте қапаланып, ышқына айғайлапты: «Бар мүлкін маған сеніп, көзіндей көріп, өзінің орнына тастап кеткенде ұят болды-ау, жолдасыма енді не бетімді айтам! Ендігі менің жағдайым қандай болмақ! Сөз жоқ, ол менен көреді ғой», — депті. Сол арада жолдасы кіріп келіп, мынаның күйзеліп тұрғанын көріпті, жағдайын сұрастырыпты, сонда саудагер: «Саған тиесі теңдердің біреуін мен таба алмай тұрмын, қайда кеткенін білмеймін, бірақ сенің күдіктеніп, менен көріп тұрғаныңа да әбден сенемін. Сондықтан басы артық алым төлеуге де дайынмын», - дегенде, әлгі жолдасы оған қарап: «Бауырым, енді қайғырма, адам істейтін қылықтың ең сұмпайысы опасыздық екен, қулық пен өтірік жақсылыққа апармайды екен, бұларды күйттегендердің әрдайым өзі алданады. Жауыздықтың кесірі әрқашан істеушінің өзіне тиеді, ал мен болсам, сол қулық-сұмдық жасайтын алдағыш айлакердің бірімін», - деп мойындапты. Сонда саудагер: «Бұл қалай болып еді?» ~ деп сұрағанда, әлгі серігі өзінің істегенін бастан-аяқ баяндап өтіпті. Оған саудагер тұрып: «Баяғыда бір саудагер мен ұрының басынан кешірген уақиғасы саған да кездескен екен- ау», - депті. Сонда: «Ол калай болып еді?» - деп сұрапты.

Екіншісі тұрып: «Өткен заманда бір саудагердің үйінде екі ыдысы болыпты, соның біріне бидай, екіншісіне алтын толтырып қояды екен. Бір ұры әлгі саудагерді көп уақыт аңдып жүріпті де, бір күні ол үйінен шығып жұмысына кеткенде, қапысын тауып үйіне кіріпті, сүйтіп бір бұрышқа барып жасырынып, тығылып отырыпты. Алтын толтырған ыдысты алмақ болып іздеп жүргенде, оның қолына бидайы бар ыдыс кездесіпті де, ала жөнеліпті. Ұры қатты киналып, зор бейнетпен ыдысты үйіне азар жеткізіпті де, аузын ашып, ішіндегісін көргенде опық жепті», - деп жауап беріпті. Сонда әлгі қастық істеген серігі тұрып: «Сенің келтірген мысалың аса алыс кеткен жоқ, үйлесіп-ақ жатыр. Мен кінәмді мойныма аламын, бірақ мені осы жамандыққа итермелеген, заты пиғылдың пасықтығы болар-ау!» - депті. Саудагер кейімей-ақ жазығын кешіріпті де, олар бұрынғысынша сенісіп кете барыпты. Екіншісі өзінің істеген зұлымдығына өкініпті, ендігәрі мұндай арам қылықты қайталамауға өзіне-өзі серт беріпті.

Осы кітабымызды оқушы адам сыртқы әшекейін көріп қана алданбай, ішіндегі нақылдардың мазмұнымен бастан-аяқ түгел танысуды мақсат етсін. Әрбір айтылған нақылға, өсиет сөзге көңіл бөліп, тоқтап өткені жөн. Сонда әлгі оқушы әкесінен қалған бай мұраны өзара бөлісіп алған ағайынды үш жігіт тәрізді болмақ. Үлкен екеуі өздеріне тиген еншісін жылдам жұмсап, орынсыз құртыпты, ал ең кішісі осы ағаларының ен дүниені ысырап етіп, қандай халге жеткенін көріпті де қабырғасымен кеңесіп, өзінің жүрегіне жүгініпті, бұлардың мұндай күйге жетуінің негізгі себебін іздеп ойға шомыпты. Сонда өзіне-өзі: «Ей жүрегім, ізденген адам байлыққа жетеді, ол ебін тауып түрлі жолмен дүние құрастырады, тұрмысын тәртіпке салады, жұрт алдында беделін арттырады, қолда барға канағат етеді, керекті мөлшерде жақындарына да қарасады, балаларына жаратады, бауырларына көмектеседі. Кімде-кім бай бола тұрып, оны керегіне орнымен жаратпаса, ол кедейге саналады. Егер ол мал-мүлкін дұрыс пайдаланып, көзін тауып жұмсай білсе, онда мына екі нәрседен де құр алақан қалмайды: дүниенің рақатын да көреді, маңтаныш даңқы да артында қалып ауызға ілінеді. Егер ол қаржысын орнымен, осы біз айтқан жүйеде жұмсамаса, ұзамай-ақ өзінің өкініп, опық жейтінін аңғармай да қалады. Анық шешім осы ақшаны сақтауға тырысу болады, ағаларыма көмектесейін, ол үшін маған да тәңірім өзі көмектесер. Өйткені бұл менің әкемнен қалған дүние ғой, ал менің әкем олардың да әкесі емес пе? Біріншіден алыс-жақынына қарамай туыстарға қарасу керек екен, ал сонда бауырларым туралы қандай дау болмақ», - дейді.

Шығанақтың жағасында отырған бір балықшыға ұқсамау үшін мына кітапты оқыған жан мазмұнына барынша үңілу керек. Бірде әлгі балықшы суды кешіп балық аулап жүріп қабыршақты көріп, оны бір зор бағалы нәрсеге балады. Сонымен ауын суға салып еді, оған балық ілінді, бірақ балықты ол босатып қоя берді, қабыршақты ұстап алмақ болып суға өзі түсіп кетті. Әлгі қабыршақты судан суырып алып шыққанда, өзінің ойлағанындай емес, құр қуыс екенін білді. Сонда ол қолына түскен балықтан айрылып қалғанына қатты өкінді. Келесі күні ауын басқа жерге апарып салды, ауына ұсақ балықтар түссе де, қоймай суырып ала берді. Осы жерде асыл қабыршақты

көрді, бірақ оған енді бұрылып та қарамады, бос қуыс болар деп көңілін аудармады. Дәл осы кезеңде өтіп бара жатқан басқа бір балықшы әлгі қабыршақты қолына алып қараса, іші толған қымбат бағалы інжу екен. Сонда бірінші балықшы осынша асыл қабыршаққа кезінде көңілін бөлмегені үшін қатты уайымдап, өлгенше өкінеді.

Ойлануға мойыны жар бермейтін кем ақылдылардың да ісі осы тәрізді болады, олар бұл кітап жөнінде мүлде қаталасады, бүркеулі жатқан терең мазмұнына жетпей сыртқы көрінісіне ғана көңіл бөліп, үстірт қарайды. Данышпандар айтқан ғой: «Философтың білімін игерген адам оны тастай салып түрлі калжыңға, сықаққа салынса, онда ол мол жеміс беретін баққа ие болып, дәл маусымы жеткенде, барлық жемісі піскен кезде, көбелек қуып, гүл теріп босқа кеткен адам секілді болады. Оның ұқыпсыздығынан әрі көркем, әрі пайдалы ісі рәсуаға айналып, жоққа шығады», - деген ғой. Осы кітап қолына түскен жанның есінде болсын, бұл кітап төрт бөлімнен құралады және төрт мақсат көздейді.

Біріншіден — осы кітапта сөйлей білмейтін аңдарға тіл бітірудегі мақсат, әсіресе әзілге әуес жастардың жылдам оқуына, солардың ниетін тез осыған аударуына икемдеу еді. Хайуандардың қылықтары жөнінде сирек кездесетін қызғылықты әңгімелердің мақсаты да осы болатын.

Екінші мақсат - кітап оқуға патшалардың ниетін аудару еді, өйткені алуан түрлі аңдар қатысқан қызықты уақиғалар олардың жүрегін тербетеді ғой.

Үшінші мақсат - патшаларға да, қарапайым бұқараға да бірдей тартымды болу жағын ескердік. Сонда мұны сатып алушы да көбейеді, әрі ескірмейді, кең жайылып жұртқа түгел тарайды және суретшілер мен көшіріп жазушыларға да пайдасы тиер дедік.

Төртінші мақсат - қанша жырақ болғанымен мұның философтарға да қатысы бар. Міне, аңдар өмірін өзек етіп, дүние таңырқарлық уақиғалар жазғандағы мақсатымыз осы еді.

АРЫСТАН МЕН БҰҚА ТУРАЛЫ

ҮНДІСТАН патшасы Дәпшәлім, философтардың атасы Бейдауаға бұрылып: «Қиыспас екі досты ажыратып, жауластырған әзәзіл туралы нақыл айтшы», - дейді.

Бейдауа сонда: «Егер қиыспас екі достың арасына бір әзәзіл жымысқылап кіре қалса, ол достарды шақ-шақ қылып ажыратпай қоймайды. Бұл туралы мынадай нақыл бар. Баяғыда Дастеба[1] жерінде бір бай саудагер болыпты, оның бірнеше ұлы бар екен. Олар өсіп ер жеткен соң әкесінің жиған-терген дүние- мүлкін орынсыз шашады, ал өздері тырбанып табыс табуға тіпті әрекеттенбейді. Мұндай жөнсіздікке назаланған әке балаларына кейіп, мынадай ақыл айтады: «Балаларым! Бұл дүниеде әр адам үш нәрсеге ынтық болады, ал оған жету үшін ол тағы да төрт шартты орындауға тиіс. Сол ынтықтырушы үш нәрсенің бірі - емін-еркін өмір сүру; екіншісі - жұрттың құрметіне бөлену; үшіншісі - келешекке пайдасы тиетін игі еңбектің жемісін молықтыру. Осы үш нәрсеге жету үшін қосымша төрт шартты орындау керек, соның бірі - дүние-мүлікті адалдан жинау; екіншісі - қолда бар дәулетті ұқыптап ұстап, жақсы күту; үшіншісі - жиған-тергенді күнделікті керекке, үй ішінің, туған- туысқанның қажетіне жарату; мұның пайдасы оған ақиретте тиеді. Ал төртіншісі - қолдан келгенше пәле-жәледен сақ болу. Кімде-кім осы төрт шартты толық орындамаса, яки бірлі- жарымын елеусіз қалдырса, мақсатына жете алмайды. Дүние жинап, оған ие бола алмаған адамның өзі де өмір сүре алмайды, өзгеге де себін тигізбейді. Ал адам байлыққа ие болған күнде оны ұқыптап ұстамаса дәулеті жылдам саркылады да, құр алақан қалады. Егер ақшаны қорландыруға қам істемей аздап та болса жұмсай берсең тірнектеп жинағаныңмен, тез ұшып кететін сүрме[2] сияқты, ол тез сарқылады. Егер ол шалқып байып алып «шық бермес шығайбай» сараңға айналса, дәулетін игілігіне жаратудан қызғанса, ондай жанды түгі жоқ кедей деуге болады, дәулет оған құтаймайды, түрлі реттермен құлдырай береді, ауып кетеді. Осы секілді жағдай қашыртқысы жоқ су

---

[1] Дастеба – осы кезгі Үндістанның Даснабад өлкесі болуы мүмкін.

[2] Сүрме – қасты, кірпікті қарайтатын бояу. Бұл шығыс елдерінде ерте заманнан-ақ дәрі ретінде, косметикалық зат есебінде қолданылады.

бөгетінде кездеседі. Артық суды қашырткы арқылы бұрып жібермеген соң, көбейе келе іркілген су бөгетті бұзып, осал жерінен саңылау тауып шығады. Барлық су босқа ағып кетеді, пайдасы ешкімге тимейді.

Сайып келгенде, балалары саудагер әкесінің айтқанына көніп, айдауына жүреді, шаруасын соның кеңесі бойынша жолға қояды. Ең үлкені саудагерлік істеп Менуд қаласына кетеді. Жолшыбай жылымнан өтеді. Арбаға жеккен екі бұқасы бар еді, біреуі Шатраба, екіншісі Бандаба [1] болатын. Шатраба жылымға батып қалады. Саудагер мен жолдастары жабылып әрең дегенде сүйретіп шығарады. Қажыған бұқа сыртқа шыққан соң әлсіреп жығылады. Саудагер бұқаның қасына бір адам тастайды да, оған бұқаның жанынан ұзап кетуші болма, бірнеше күннен кейін тыңайтып айдап келерсің деп тапсырады.

Бұқаның қасында қалған кісі бір күннен кейін-ақ зерігіп, оны тастап кетеді де, саудагерді қуып жетіп, Шатраба өліп қалды деп естіртеді. Бұқа әлгі жерден шығып, басқа бір шөбі шүйгін, суы мол көгорай шалғынға барып тұрақтайды. Ол ұзамай оңалып, семіріп алады, қоңайған соң жерді тарпып өкіре бастайды, сайды азан-қазан қылып басына көтереді.

Таяу жерде бір арыстан тұрушы еді, ол осы өлкенің патшасы болатын. Қасқыр, шибөрі, түлкі тәрізді толып жатқан жыртқыш аңдар сол арыстанды шырғалап жүруші еді. Арыстан өз айтқаны болмаса басқаның сөзіне көнбейтін өр көкірек еді, бірақ оның ойы терең болмайтын. Бұрын ешбір естіп көрмеген бұқаның мөңірегені құлағына шалынғанда, ол шошып кетеді. Бірақ қорыққанын әскеріне сездірмеу үшін, орнында тапжылмай тұрып қалады. Төңірегінде жүрген аңдардың ішінде екі шибөрі бар еді, біреуінің аты Кәлилә, екіншісінің аты Димнә[2]болатын; екеуі де бірінен бірі өткен жырынды ку еді. Димнә әрнеге үңіле қарайтын, залымдау-ды. Арыстан мұның екеуін де жете білмейтін. Бір күні Димнә тұрып Кәлиләға: «Ей бауырым, мынау арыстан бұрынғысындай қозғалуды қойып, міз бақпай қалшиып қалыпты ғой, мұнысы қалай?» — деп сұрайды.

---

[1] *Бұқалардың аты әр кітата әр түрлі айтылады, заты біреуі – «жақсы жолдас» екіншісі – «көңіл аулағыш» деген санскрит сөздерінен шығуы да ықтимал.*

[2] *Шибөрілердің «панчатантрадағы» аттары «Қаратақа мен Даманака» болып жазылады, мұның мәнісі «Құзғын» мен «Жуасытқыш» деген сөз екен.*

Кәлилә: «Өзіңе қатысы жоқ іске кірісіп нең бар? Біздің жағдайымыз өзіңе аян, қайткенмен патшаның есігінде күнелтіп журміз ғой. Патшаның сөздерін салып, қылықтарын сыртынан сынап, мінеп отыратын, ең болғанда, қоңсысы да емеспіз. Енді үніңді шығарма, сөзіңді доғар, есіңде болсын, кімде-кім өзіне қатынасы жоқ сөзге, не іске кіріссе, ол әлгі бір маймылдың кейпін киеді», - деп жауап қайырды.

Димнә отырып: «Ол қандай уақиға еді?» - деп сұрағанда, Кәлиләнін келтірген нақылы мынау болды: «Баяғыда бір маймыл балташының бөренеге атқа мініп алып, екі сынаны кезек-кезек қағып жарып жатқанын көреді. Сынаны бірінен соң бірін суырып, жылжытып ауыстыра береді, бөренені қуалап жарады. Балташы асығыс жұмыспен бір жаққа кетіп калған мезетте балтаны қолына ала салып өзіне қатысы жоқ іске маймыл да араласады. Бірақ ол бөрененің жарылған жағына бөксесін қойып теріс мінеді де, сынапы кезек-кезек ауыстыра бастайды. Осы кезде сынаның біреуін суырып алғанда, маймылдың жұмыртқасы жарықшаққа қысылып қалады да, ол есінен танып жығылады. Маймыл балташы келгенше осы күйде жатады. Оған бұл азабынан гөрі, балташының аямай сабағаны қатты батады», - деп сөзін түйді.

Димнә: «Келтірген нақылыңды мен ұқтым. Ал, бірақ сенің де есіңде болсын, патшаға жақындасқанның бәрі бірдей қарнын тойдыру үшін ғана жүрген жоқ, қарынды басқа жерден де тойдыруға болады. Шынына келсек, досы сүйініп, дұшпаны күйінетін мәртебеге жетіп бедел тапқысы келеді. Адамның ең пасығы, аузына тістеген қу сүйекке алданған ит тәрізді азды қанағат тұтады, болмашыға мәз болады. Ал дегдар туған адам болмашыны місе тұтып қанағат етпейді, есекті көргенде жұлмалап жатқан жемтігі қоянды тастай беріп, соған ұмтылатын арыстандай әркім өзіне лайық іріге қол созбай тынбайды. Бір жапырақ нан тастағанша, иттің ұзақ уақыт құйрығын бұлғақтата беретінін немесе құрметтеп алдына койған жемді сылап-сипап еркелетпесең, қаншама ашығып тұрса да пілдің жемейтінін сен әлде көрмеп пе едің? Өзіне де, өзгеге де мол жететін дәрежесі бар кісінің, өмірі қысқа болса да даңқы зор, ауызға ілігіп ол ұзақ дәурен сүрмек, ал тапшы өмірдің тақсіретін тартып, өзіне де, достарына да пайдасын тигізе алмайтын жан құлазып оңаша

қалады, қысымшылық көреді, оның өмірі ұзақ болса да көретін қызығы келте болады. Жоқшылықты көп көрген адам бақытсыз деген екен. Асқазанын толтырып, құлқынының қамын жеуден басқа ойлайтыны жоқ жанды төрт аяқты малға балаған жөн ғой», - деп сөзін аяқтады.

Кәлилә: «Мен сенің сөздеріңе түсіндім. Бірақ ойыңды өрістетіп байыптап ұғынсайшы, әркімнің өзіне лайықты жай- күйі, белгілі орны бар ғой. Ал өз қоғамындағы лайықты орнына ие болған жан, соны қанағат тұтып, барына риза болуға тиісті емес пе? Біздің жай-күйімізді мінеп-сөгуге болмайды ғой», - деді.

Димнә: «Адам түрлі-түрлі жағдайда бола береді, қажырлы адам талпынып төменнен жоғарыға қол сермейді, сол таудай талабы арқылы үлкен дәрежеге жетеді: ал кажырсыз ез өзін- өзі жоғары сатыдан құлдилатып төмен түсіреді. Ең төменгі лауазымнан сонау құрметті биік сатыға көтерілу қиын, ал құрметтен жұрдай болып, төмендеп кету, сөйтіп қорлық көру оп-оңай. Мысалы, ауыр тасты жерден көтеріп иыққа шығару қиын, ал оны иығыңнан жерге тастап жіберу оңай ғой, міне, бұ да сол сияқты. Бауырым-ау, өзіміздің әлімізге сай дәрежені біз де іздеп көрелікші, бар қажыр-қайратымызды жұмсап, ұмтылып байқалықшы, сонда дәл осы төменгі сатыда қалып қоймаймыз, өйткені біздің де үлкейіп өсуге мұршамыз келеді», — дегенді айтты.

Кәлилә: «Сонда не істемекке оңталып тұрсың?» - деп сұрады.

Димнә оған: «Менің қазір арыстанға барғым келіп отыр, оның ақылы шамалы ғой, әскерін де, оның хал-жайын да анық түсінбейді, көп нәрселердің байыбына бара бермейді. Мүмкін ретін тауып ақыл берсем оған жақындасармын да, құрметті дәрежеге жетермін», - деп жауап қайырды.

Кәлилә тұрып: «Арыстан істің байыбына бара бермейді дегенді сен не нәрсеге сүйеніп айтып отырсың?» — деп сұрады.

Димнә: «Мұны ақылдың тезіне салып болжап білдім. Ақылды жан өз қожасының сырын кейде айтпай таниды, оның кескініне, түріне қарай сырын ұғынады», - деп жауап берді.

Кәлилә: «Сенің патшаға ешбір жақындығың жоқ, патша қызметін, оның қарым-катынасын, достың ауыс-түйісін

мүлде білмейсің, онымен лебіздесуге парасатың да жетпейді, сонда да сен қай бетіңмен арыстаннан жоғары мәртебе алуға үміттенбексің?» - деп сұрады.

Сонда Димнә: «Күші мол, қайратты адамды ауыр жүк қайыстыра алмайды, ал әлсіз жанды әуреге салады. Ақылдыны жалғыздық азаптамас, аң пейіл әзіз жаннан ешкім сырт айналмас», - дейді.

Кәлилә: «Әкімдердің шапағаты төңірегіндегі игі жақсылардан гөрі, жәмпеңдеп, жақын жүргендерге көбірек тиеді. Әкімдер бұл ретте, ағаштың жақсысына емес, жақын тұрғанына ғана орала кететін жүзім шыбығы тәрізді ғой. Оған еш жақындығың жоқ қой, сонда сен қалайша арыстаннан үлкен дәреже күтпексің?» - деп сұрады.

Сонда Димнә: «Сөзіңнің бәрін түсіндім, дұрыс айтасың. Бірақ бізден бұрын да патшаға жақын жүргендер болыпты, бірақ солардың көбі-ақ зор мәртебеге жете алмапты, ал сырт жүргендерден кейінірек келіп жауықтасқандарының қайсы бірінің зор мәртебеге қолы жетіпті, міне, мен осыны жақсы білем. Мен солардың мансабына жетуге, орындарын алуға тырысамын, сол себепті әрдайым патшаға жуықтай беруге ұмтылам. Патшаның қомсынуына, қорлауына көніп, ызасын іште сақтай білген және халайық алдында тік тұрып бәйек болған жан - патша сарайының мәртебелі мансабынан құр қалмайды деген сөз бар ғой», - деді.

Кәлилә: «Мен түсіндім. Ал жарайды, сені арыстанға жуықтады делік,сонда қандай құлықпен мансап қажетпекшісің?» - деп сұрады.

Сонда Димнә оған: «Егер мен жақындаса алсам, ең әуелі оның мінез-құлқын білуге тырысар едім. Содан кейін нені ұнататынын жете ұғып алып, сөйлескенде өте мүләйім болып, не айтса да бәрін мақұлдап, бетіне ешбір қарсы келмес едім. Өзіме ұнарлық іске көңілі шапса, оның мақтауын да жеткізіп, әрі бұлай беттегенін де құптай түсіп, қуанышын арттырып, көңілдендіре берер едім. Ал егер мен сескенетін бір іске кіріспек болса, оны орындамаған жағдайда өзіне келетін пайда мен кірісті жете түсіндірер едім, момақансып, мәймөңкелей сөйлеп, патшаның алдында жорғалап отырар едім. Менің осындай қылықтарымды арыстан ұнатып, басқадан таппағанын

менен табар еді. Оқымысты, өткір ойлы адам, шынды өтірікке, өтірікті шынға айналдыра алады, сонда оның ісі шебер суретшінің дуалға салған суретіне ұксайды, сол суреттегі бейне сенің көзіңе әлгі дуалдан шығып келе жатқан тәрізді болып көрінеді, басқа біреулерге ол сурет дуалға кіріп бара жатқан секілденеді, ал, шынында, бұлар шығып та, кіріп те бара жаткан жоқ қой, сөйтіп арыстан менің осы қабілетімді және мендегі бар зеректікті түгел аңғарғанда, ол барынша құрметтеп, ол мені өзіне еріксіз жуықтатар еді», - дейді.

Сонда Кәлилә: «Сенің ниетің мүлде ауып кеткен екен, олай болса патшамен достасудан сақтандырғым келеді, өйткені бұл достық - үлкен қатерге итереді. Данышпандардың айтуынша мынадай үш нәрсеге тек есуастар ғана беттейді екен, ал сонда бірен сараны ақаман есен құтылса керек,соның бірі патшамен достасу, екіншісі - дәмін байқау үшін у ішу, үшіншісі - әйелге сырын айту екен. Даналар патшамен достықты көтерілуге әрі қиын, ойы-қыры мол, асқаралы таумен салыстырады, оның ұшар басында жемістер де көп болады, сонымен қатар бұл жолбарыстың, арыстанның, қасқырдың және басқа да жырткыш аңдардың паналайтын ұясы екен деседі. Таудың басына шығу ауыр, ал онда қалып қою мүлде қауіпті болса керек», -деді.

Димнә тұрып: «Сенің суреттеуің дұрыс-ақ, ал бірақ қауіпке қарсы шаппаған адам көздеген мұратына жете алмайды. Егер біреу қорқақтық істеп, үнемі қауіптене берсе, сөйтіп, өзінің қолы жетерлік ісінен де бас тартса, ол ұлы жағдайға не бола алмайды. Үш нәрсені орындап шығу үшін терең ой мен зор тәуекел керек екен, солардың бірі — патшаға қызмет ету, екіншісі

- теңізде сауда жүргізу, үшіншісі - жаумен жағаласу. Даналар айтқан екен «Қажырлы, кайратты адамға екі-ақ жерде болу орынды: не патшаның мейір- шапағатына қарқ болу, немесе тақуалыққа салыну, басқа мекен оған лайық емес», - депті. Тап осы сияқты піл де сәулеттеніп екі орында ғана дәурен сүрсін: бірі құла түзде жүрсін, не патшалар мінетін ер-тоқымының астында болсын», - деді.

Кәлилә сол арада; «Жарайды, тәңірім, сені бетіңнен жарылқасын. Ал мен бұл жөнінде сенімен келісе алмаймын»,

- деп кесіп айтты.

Сонымен Димнә сәлемдесу үшін патшаның алдына барады. Арыстан отырғандардан: - Мынау кім? - деп сұрайды. Олар: «Бұл пәленше ғой, түгеншенің баласы», - дейді. Арыстан:

- Иә, мен мұның әкесін білуші едім, - дейді де өзіне жақынырақ келуге рұқсат етеді. Сөйтіп: - Сен осы уақытқа дейін қайда болдың? - деп сұрақ қойғанда, Димнә: «Мен патша қақпасының алдынан кеткенім жоқ, бірде болмаса бірде оған пайдам тиер деп ойладым. Патшаның ісі өте көп қой, бұрын зер салып, көңілін бөлмеген адамның да кейде пайдаға асуы мүмкін, деп ұқтым. Қаншалықты мансабы төмен болса да иненің жасуындай пайдасы тимейтін жан жоқ шығар. Тіпті жерде жатқан сымтемірден де пайда келеді. Әлгі сымтемір ең құрығанда шіркей шағып қышыған құлақты қасуға жарайды ғой. Пайда мен зиянды ажырата білетін адам хайуанның да қызығын көреді ғой», - деді.

Димнәнің сөзін естігенде арыстан қатты қуанды, ақылды, ниеті адал деп шешті де, өзіне жақын тарта бастады. Сонда ол нөкерлеріне қарап:

-Ақылды да қажырлы адамның дәрежесі белгісіз, тағдырын көлеңке басқан көмескі болады. Соңынан әлгі қажыры мен ақылы бұған ырық бермей қыстығып сыртқа тебеді, әйгіленіп көрінеді, сол кезде өшіруге көнбей өршеленіп жанған оттың жалынындай көзге шалынады, - деді.

Өзі туралы арыстанның жоғары пікірде екенін сезгенде Димнә тұрып: — Уа, патшам! Қол астыңдағы жұртың мен өзіңді қоршаған нөкерлерің саған ойындағысын ашық айтудан сақтанады, именіп білдірмейді, міне, сондықтан үлкеп мансапқа да ие болып жүр. Олар топыраққа көмілген бидайдың немесе арпаның дәні секілді, топырақтың арасында жатқанда оларды ешкім көрмейді, тек өніп-өсіп шыққанда ғана белгілі болады. Әрбір кісінің адал ниетіне, ақыл-парасатына, пайдалылығына, өнегелі ісіне қарай патша оның мансабын өзіне лайықты етіп жоғарылатқаны жөн. Екі нәрсе туралы айтылған мынадай сөз бар: ешкімге, тіпті патшаға да, екі нәрсенің бірін-біріне ауыстыруға болмайды екен, олар — бас киім мен аяққиім. Егер біреу жақұт пен інжуді қорғасынға малса, одан әлгі жақұт пен інжуді қорғасын жеңбейді, бірақ осылай істеген адамды жұрт ақымақ дейді. Осыған сәйкес мынадай да сөз бар: оң қолы мен сол қолын ажырата алмаған адаммен достаспа деседі. Жұрттың ішінен ең пайдалысын іріктеп алатын тек әкімдер болады, қолбасшы әскерін сұрыптайды, ал ғалымдар

мен дін ұламалары - мына діннен немесе оны талқылап уағыздаушылардан өзіне керегін таңдап ала біледі. Үстемдік етушінің жеңілушіден, оқытушының оқушыдан, сөйлеушінің тыңдаушыдан басымдығы, міне, осы үш нәрседе кездесетін артықшылық - ол біріне-бірі ұқсас деседі екен. Көмекшінің көп болуы, егер олар бірінен-бірі оқшауланбаса, іске зиян келтірсе керек. Істің жемісті болуы көмекшінің көптігінен емес, жақсылығына байланысты. Мысалы, жақұт тағынған адам сияқты, ұнатып өзіне керек деп таққан соң қаншама көп болғанымен оның салмағын ауырламайды ғой. Дәл осы тәрізді момақандықпен орындалатын іске, тіпті жеңіп шыққан күнде де өрескел әрекет пайда келтірмейді. Мансабы төмендігіне қарамастан, қажырлы адамды әкімнің елемеуі жөн емес, өйткені бұрын белгісіз адам, кейде ұлы мәртебеге жетіп, қадірі артуы да мүмкін. Бұл шіріген жемтіктен суырып алған тарамыс сияқты болады, оны садаққа да пайдаланады, мықтыларына қарай патшалар да жоғары бағалайды. Ал, тіпті, патшалар мен шонжарлар мінетін ердің де ас, қапталын таспамен бекітеді ғой, - деді. Патшадан жоғары мансап алу үшін Димнә осылайша қам істеді. Арыстан оның әкесін білуші еді, бірақ сол арқылы Димнәнің көтеріле алмайтындығы да жұртқа аян. Сондықтан ол тек өзінің қажыры мен санасына сүйеніп табысқа жетуге белін бекем буды. Сөйтіп, Димнә: «Тек әкесімен таныстығы үшін патша біреуді өзіне жақын тартпайды, бұрын білмеуші едім деп оны сыртқа да теппейді. Бірақ дәрежені ол әркімнің пайдалы қасиетіне қарай береді. Адамға өз денесінен жақын нәрсе жоқ, егер оған бір дерт жабысса, онда сол дертін бөгде біреуден алған дәрімен емдейді. Тышқан үйге қоңсы қонады, бірақ зияны тие бастады-ақ ол қуылады. Қаршыға жапан далада еркімен ұшып жүреді, ал оның пайдалы екенін білген соң, ұстап алып үйретеді де, тіпті патшаның өзі қолына қондырып көтеріп жүреді», - деді.

Димнә сөзін бітіргенде, арыстанның шаттануы бұрынғыдан да арта түсті. Арыстан өзіне лайықты жауап беріп, мақтап өтті де жанында отырғандарға бұрылып: «Сүйкімді мінезі бар жанды орынсыз құдалап, ұнатпау әкімге лайық емес екен, игі касиеті бар адамды сол орасан артық қасиеті үшін зәбірлеуге де болмас, сірә. Ұлық болған кісіге өзінің өткенде істеген қателіктерін

жөндеген тиімді, ал егер біреу болмашыға канағаттанып әкімнің көңілін аулап, ризалығын білдірсе, соны малданып қалу да жөн емес, өйткені адам бұл жөнінде екі түрлі болса керек: егер біреудің негізгі жаратылысында тік мінезі болса, ол жолында жатқан жыланның құйрығын басып өткен жүргіншіге ұксайды, бірақ жылан оны шаққан жоқ, сонда да алданбайды, ерегісіп оны қайта басып өлтіру үшін кері бұрылмайды, өзіне өшіктірмейді, бөгелмей ілгері тарта береді. Ал жаратылысы жұмсақ адам болса, ол суың сандал ағашына ұқсайды, егер оны қаттырақ ысқыласаң қызынып кетіп зиян келтіреді», - деді.

Арыстанмен әбден достасып алған соң Димнә бір күні оңаша отырып: «Менің байқауымша, осы сіз бір орыннан қозғалмай ұзақ уақыт қалшиып тұрып каласыз. Мұның себебі не?» - деп сұрағанда, Арыстан (өзінің қоркынышын Димнәға сездіргісі келмей): - Мұнда бір айрықша себеп жоқ еді, - дей салды.

Екеуі осылай әңгімелесіп тұрған кезде, бұқаның өкіргені естілді. Арыстан сасқалақтап, Димнәға ойындағысын ақтарды. Сонда ол: «Осы естіліп тұрған дауыстың не екеніне көзім жетпей дал болам. Қалайда мынаның денесі даусына сай зор шығар, күші де тұлғасына лайық болар, - деп ойлаймын. Егер осы болжауым дұрыс болса, онда бұл жерде енді тұрудың бізге қажеті жоқ-ау, сірә», - дейді.

Димнә: «Патшаны бұл дауыстан басқа еш нәрсе қауіптендірмей ме екен?» - деп сұрағанда:

Арыстан: «Осыдан басқа еш нәрседен қауіптеніп тұрғаным жоқ», - деп жауап берді.

Димнә: «Осы дауысқа бола орнын тастап кету патшаға лайық емес қой. Мынадай мәтел бар: «Нашар бөгетті су бұзар, ақыл түбіне менмендік жетер, қаңқу өсектен батырлық та зиян шегер, жүрексіздің зәресін жуан дауыс ұшырар», - депті. Енді бір нақылда дауыстың бәрінен бірдей қорқа беруге болмайды деген екен», - деді.

Сонда арыстан: «Ол қандай нақыл еді?» - деп сұрады.

Димнәнің келтірген мысалы мынау болды: Баяғыда бір аш түлкі төбенің басына шықса, сондағы ағаштың түбінде барабан жатыр екен. Жел тұрса ағаштың бұтақтары барабанға соғып, дабыл көтереді. Түлкі осы дабылды естіп сол барабанның

қасына барыпты. Барабанның қалыңдығын көріп; ол: «Әрине, мына қалың дүниенің іші толған ет пен май болу керек», - депті, сөйтіп барабанды бұзбақ боп әуреленіпті. Ақыры, барабанның құр қуыс екенін көргенде ол: «Е, түйсігі аздардың денесі қауқиған зор, даусы жуан келеді деген рас екен ғой», - депті.

Менің саған бұл нақылды айтып тұрған себебім, егер бізді үрейлендірген осы зор дауысқа жақын барсақ, оның сонша қорқынышты емес екенін көрер едік деймін. Ал егер патша мақұлдаса мені сол дауысқа жіберсін, оған барып хабар алып келгенімше, осы орнында күтіп тұрсын, - деді. Арыстан келісім беріп, баруына рұқсат етті.

Димнә бұқа жүрген жаққа қарай жөнеп берді. Ол ұзап кеткеннен кейін арыстан өзінің істеген ісіне опық жеп ойға шомды, Димнәні жұмсап жібергеніне өкінді. Сонда ол өзіне- өзі: - Мен Димәға бекер сендім, өте әбес істедім. Патша қақпасының алдында жүргендердің қайсыбірі жазықсыз жәбірленеді, сөлекет ісі сезіліп кінәлі болады, кейде дүние- қоңыздығы, ашқарақтығы үшін жазғырылады, жоқшылықтың зардабын шегеді, соның қыспағынан әлі арыла алмай жүреді, бұрын қолы жеткен әкімшіліктен де, байлықтан да жұрдай болады, немесе істеп жүрген қызметінен шетке қағылады, яки оны басқа біреу иеленеді, немесе қылмыс істеп, жазадан қорқып жүреді, немесе тіпті жақсылықты сүймейтін жауыз жан болады, не масқаралық іске белшесінен батқан біреу болады, өзіндей кісілерге зақым келтірген адам болады, немесе өзі сияқтылар қатарында сыннан отпей қалып, ерекшелігі артылып, сый-сыяпатты басқа біреу алып кетеді, бұл құр қалады, немесе әкімшілік дәрежесі және игі қасиеті басым кісі мұның қас дұшпаны болады, немесе діншілдігіне, құмарпаздығына қарап сенім көрсетуге арзымайтын да жан болады, немесе пайдалы нәрсе үнемі зиянына шешілетін де кісі болады немесе кейде патшаның дұшпандарына қолжаулық болып жүретін де кісі болады, міне осы секілді адамдарға патшаның сенуі дұрыс емес, арты асқынатын асығыстық жасауға да болмас еді. Димнә - әрі зымиян, әрі қу, оның үстіне шетқақпай қалып, қағажу көрген жан. Мүмкін, сондықтан ол қастандық ойлап, мені азап пен қайғыға салып жүрмесе жарар еді. Мүмкін, мына өкірген хайуанат менен гөрі күштірек шығар, менен әкімшілігі де басым

болар, ол соның осындай артықшылығына елігіп, оған қосылып маған қарсы шығып, менің осал жағымды айтып қоймаса игі еді, - деп толғанды.

Осы туралы арыстан тынбай ойланып, мазасы кетіп, ілгерілі-кейінді теңселе берді, бір отырды, бір тұрды, тіпті Димнә жақындап келгенше, жолға үздіге үңіліп қараумен болды. Оның жалғыз келе жатқанына көзі жеткенде ғана арыстан қобалжыған жүрегін басты, мынау әлденеден сезіктеніп орнынан кетіп қалған ба деген Димнәнің ойына күдік келмеуі үшін, өзінің орнына қайта келіп тұрды.

Арыстан қасына келген Димнәға бетін бұрып: - Сен не тындырдың? -деп сұрады, сонда Димнә: «Мен әлгі өзіңіз естіген зор дауыстың иесі бұқаны көрдім», - деді. Арыстан: «Оның күші қандай екен?» - деп сұрады. Димнә: «Оның күш-қуаты жоқ екен. Мен жақындап барып терезесі тең кісіше сөйлестім, ол маған ешнәрсе істей алған жоқ», - деді. Арыстан: «Сен бұған алданба, оның әлсіздігінен осылай болды деп жорамалдама; әдетте күшті дауыл жіңішке шөпті сындырмайды, ал жуан ағаштарды опырып, биік корғандарды құлатады. Сол сияқты алыптар өз теңдесімен ғана арпалысады», - деді. Димнә: «Патшам, мұнан кауіптенбесе де болады, жүрегі кобалжитындай мұнда ештеңе жоқ. Егер патшам дұрыс ден тапса, мен оны ертіп келер едім, сонымен ол айтқаныңыздан шықпайтын, сізге басыбайлы құл болар еді, бұл менің қолымнан келеді», - деді.

Арыстан мына сөзге қуанып кетті де: «Бара ғой, менің де тілегім сол!» - деді.

Димнә бұқаға барып, қорықпай-үрікпей сөйледі: - Мені сатан арыстан жіберді, егер оған өз еркіңмен тез бара қойсаң, онда сенің бұрын кездескің келмей қырындап жүргеніңді ол кешіретін болды. Алда-жалда сен келісім бермесең, онда маған тез келіп хабарлауды бұйырды, - деді.

Бұқа сонда: «Сені маған жіберген арыстан дегенің кім, оның өзі қайда тұрады?» - деп сұрады.

Димнә: «Ол аңдардың патшасы, жыртқыш аңдардан жасақтаған әскерімен бірге пәлен жерде тұрады», - деді.

Бұқа арыстанның және жыртқыштардың кім екенін естігенде қорқып кетті де Димнәға қарап: «Егер сен менің қауіпсіз болуыма сенім берсең, өзіңмен бірге еріп барайын», - деді. Димнә қауіпсіз болуына кепілдік айтып, сенім берді.

Осыдан кейін екеуі бірге ілесіп арыстанға келді. Арыстан әбден байыптап жағдайын сұрастырды да бұқаға қарап: «Сен бұл жаққа қайдан келдің және келуіңе не себеп болды?» - деп сұрады. Бұқа жағдайын бастан-аяқ баян етті.

Арыстан: «Осында болсаң мен сені әрі сыйлап, әрі құрметтеп ұстаймын», — деді. Бұқа ризалық білдіріп, тілеуін тілеп, батасын берді де осында тұрып қалды. Арыстан оны өзіне жақын ұстап, құрмет көрсетті. Сыннан өткізіп, оның саналы әрі ақылды екеніне кәміл сенген соң, құпия жағдайларды да айтып және өзінің жұмысы туралы да екеу ара кеңесетін болды.

Басқа достарынан гөрі бұқаға көңілін көбірек бөлетінін, оңаша отырғанда да, сауық-сайран құрғанда да арыстанның оны қасынан тастамайтынын көріп, Димнәнің көңіліне күшті қызғаныш ұялады. Ол өзінің бауырласы Кәлиләға келіп мұңын шақты. «Уа, бауырым! Бір ғана арыстанның қамын ойлап, өз басыма келетін пайдадан құр алақан қалып, зиянға ұрынғаным, бөтен біреуді ертіп келіп, ақырында соның мәртебесі өзіңнен асып кеткенін көргенде, қалай камықпассың, менің осы есуастығыма, өз түбіме өзімнің жетіп отырғаныма сен де таңырқамайсың ба?» - деді.

Сонда Кәлилә тұрып: «Тәркідүние бір тақуаның басынан кешірген уақиғасын сен де көрген екенсің», - деді.

Димнә: «Ол қандай уақиға еді?» - деп сұрады.

Сондағы Кәлиләнің айтқан нақылы мынау болды. «Баяғыда дүние қызығынан безген бір тақуа патшасынан өте сәнді, әсем киім алыпты. Мұның үстіндегі киімін көргенде, оны тонап алуға бір қарақшының көңілі ауыпты. Қарақшы оған барып: «Мен сенімен достасқалы келдім, өзіңнен оқып, бар біліміңді үйренуге құмармын», - депті. Сөйтіп қарақшы онымен дос болып, тақуаларға лайық іс істей бастапты. Мүлде момақансып, қызметін таптындырмай орындап, сыйлағансып жүріпті де, киімін ұрлап алып жөніне кетіпті. Киімі де, серігі де жоғалып шыққан соң, бұл істің қарақшыдан келгенін түсініпті. Оның жүретін жерлерін түгел тінтіпті, сөйтіп іздей жүріп бір қалаға қарай аттанып кетіпті. Жол-жөнекей ол сүзісіп жатқан екі текенің жанынан өтіпті. Олар аянбай ұзақ сүзісіпті, екеуі де қанға боялыпты, осы кезде бір түлкі тап болып, олардың жерге тамған қанын жалауға кірісіпті. Екі теке аңдаусызда жабыла сүзіп, түлкіні табан аузында сеспей қатырыпты.

Тақуа одан әрі жүре-жүре калаға жетіпті. Қалаға ол кешкұрым кіріпті, дамыл алып түнеп шығатын жай таппапты. Қыдырып келе жатып, теріс жолға түсіп, азып-тозып жүрген бір сайқал әйелдің үйіне кездесіпті де, сонда тоқтапты. Ол әйелдің жәлеп күңі болса керек, соның жәлептігімен ақша тауып, күн көреді екен, бірақ сол күні бір жігітті ғана қатты сүйіп, басқа ешкімді қаламайды. Күңнің бұл қылығынан әлгі әйел зиянға батады, ол үйіне тақуа қонған түні күңнің сүйген жігітін өлтірмекші болыпты. Сөйтіп, күңнің нақсүйеріне күшті шарап ішкізіпті, ол мас болып ұйқтап кетіпті, онымен бірге күңді де ұйқтатыпты. Екеуі бірдей манаурап қалың ұйқыға шомған кезде, үй иесі әйел алдын ала даярлап қойған уды алып келіп, қамыс түтікке құйыпты да мас болып жатқан жігіттің артынан жібермекші болыпты. Түтіктің бір ұшын артына тығып жіберіп, екінші ұшын өзінің аузына салыпты. Дайындалып, енді үрлеп үлгергенше болмай, әлгі адамның артынан жел шығып кетіпті де түтіктегі у әйелдің өңешіне жөнеп беріпті, сонымен ол тіл тартпай өліпті. Міне, осы уақиғаның бәрін тақуа өз көзімен көріпті.

Келесі күні қарақшыны іздеуге тағы кірісіпті. Бүгін енді оны бір етікші үйіне кіргізіпті де, өзі әйеліне қарап: «Мына тақуаны құрметтеп күтерсің. Мені бір досым тойға шақырыпты, сонда барамын», - депті. Сонымен ол үйінен шығып кетіпті. Оның әйелі бөгде біреуді жақсы көреді екен, бұлардың арасына жеңгетай болып, шаштараздың әйелі жүреді екен. Етікшінің жұбайы, шаштараздың әйеліне жаушы жіберіпті, өзінің сүйген досына барып, күйеуінің қонақта жүргенін, түнде кеш қайтатынын, ішіп келетінін айтсын деп тапсырыпты. Ымырт жабыла әлгі адам етікші қақпасының алдына келіп, әйелдің шығуын күтіп отырыпты. Кешкұрым етікші мас болып үйіне келсе, есігінің алдында бөтен біреудің отырғанын көріпті, одан бұрын да өзі сезіктеніп жүреді екен, сондықтан үйіне кірісімен, әйелін өлтіре сабап, үйдің ішіндегі бағанаға таңып тастапты. Үйдегілердің көзі ұйқыға кеткен қарсаңда, шаштараздың әйелі келіп: «Досың - қақпа алдында көптен бері сарылып отыр, ал сен мұнда нені күтіп тұрсың?» - дегенде, етікшінің әйелі: «Егер маған жақсылық істегің келсе, мені шешіп босат та, өзіңді менің орнымма бағанаға таң, сөйтіп, мен досыма барып келгенше тұра тұр», - деп өтініпті.

Шаштараздың әйелі айтқанын екі етпей, дәл осылай істепті. Әйелі келмей-ақ етікші оянып кетіпті де бірнеше рет дауыстап, әйелінің атын атап шақырса керек, бірақ байлаулы тұрған шаштараздың әйелі даусымды танып қояр деп сескеніпті де оған жауап қайырмапты. Ол тағы да әйелінің атын атап дауыстапты, бұл жолы да шаштараздың әйелі үн қатпапты. Ашу қысып ызаланған етікші қолына пышағын алып тура ұмтылыпты, мұрнын кесіп қолына беріпті де: «Мә, мынаны апарып, сүйген жарыңа сыйға тарт!» - депті.

Соңынан етікшінің әйелі үйіне келсе, шаштараздың әйелінің мүгедек сорлы болғанын көріпті. Өз күйеуі әлі ұйқтап жатыр екен. Ол ананы босатып, өзін оның орнына қайта таңыпты. Шаштараздың әйелі ақымақ болып, мұрнын ұстап үйіне барыпты. Тақуа осының бәрін көріп, түгел естіп жатыпты.

Әлден соң етікшінің әйелі даусын қатты шығарып, дұға оқып, тәңірісіне жалбарыныпты, сонда: «Уа, тәңірім! Егер күйеуім мені айыпсыз жазаласа, онда менің мұрнымды қайта қалпына келтіре гөр!» - деп сұраныпты. Сонда оған күйеуі: «Ей, бұл не дегенің, жәдігөй неме?» - деп кекетіпті. Әйелі: «Ей, жауыз, тұр, бері, істеген ісіңді көрші, тәңірімнің маған мейірі түсті, сенің жалаңнан ақтады. Тәңірім, менің мұрнымды баяғы қаз-қалпына келтірді ғой», — деп соғыпты. — Ол орнынан тұрып шам жағып, әйеліне үңіле қараса, мұрны бәз-баяғы қалпында екен. Осы арада ол күнәсін мойнына алып, тәңірісіне жалбарыныпты, әйелінен кешірім сұрап, мейірбандық істе деп өтініпті.

Шаштараздың әйелі неше алуан саққа жүгіртіп, олай да, бұлай да ойланып-толғаныпты. Мұрнына келген зақым туралы өз күйеуінен де, басқа жұрттан да қалай ақталып құтылсам екен, - деумен зарығыпты. Таң атысымен күйеуі ояна салып, әйеліне айқайлапты: «Маған саймандарымды әкеліп берші, осы қаладағы бір атақты адамның бүгін шашын алатын күнім еді», - депті. Әйелі оның көп саймандарының ішінен суырып алып, бір ұстараны ғана ұстата салыпты. Сол кезде шаштараз қатты ашуланып, қараңғыда ұстараны әйеліне қарай лақтырып кеп жіберіпті. Сонда әйелі етбетінен жығылып, ышқына дауыстап: «Мұрным, мұрным», - деп ойбай салыпты. Ол өзінің туған-

туысқандары келгенше, тынбай ойбайлай беріпті, туысқандары оны ертіп алып сотқа барыпты. Сот шаштараздан: «Сен не себептен әйеліңнің мұрнын бүлдірдің?» - деп сұрапты. - Ол ешбір дәлел айта алмапты. Сот қылмысты шаштаразға жаза кесіпті.

Шаштаразды жазалағалы жатқанда, тақуа соттың алдына келіп: «Уа, тақсыр, әділ сот! Саған түсініксіз еш нәрсе қалмасыншы. Менің киімімді ұрлаған қарақшы емес, түлкіні сүзіп өлтірген қос теке емес, салдақы сайқал әйелді жазым еткен у емес және әйелінің мұрнын кесіп бүлдірген мына шаштараз емес, осының баршасын істеген өзіміз екен», - дегенді айтты. Сот одан осы сөздерінің мәнісін сұрады. Сенің әңгімең де тап осылай екен, - деді Кәлилә Димнәға: - Осының бәріне де себепші болған өзіңсің ғой», - деп сөзін бітірді.

Димнә: «Мен бұл нақылды байыппен тыңдадым, шынында да, дәл менің ісіме ұқсайды екен. Ант ішіп айтайыншы, бөгде ешкім емес, мен өзіме өзім зиян шектірдім. Ал енді не істеу керек?» - деп дағдарды.

Кәлилә: «Осы туралы өз ойыңда не бар?» - деп қарсы сұрақ қойды.

Димнә: «Өз басыма келсең, мен бұл кезде бөлек-салақ еш нәрсе іздеп жүргенім жоқ, тек бұрынғы қалпыма қайта оралсам деймін. Ақылды адамның қасиеті керекті затын ұғына біліп, соны орындауға ұмтылу ғой, сонда өткендегі пайдалы, зиянды істерді ой талқысынан өткізу, өзіне бұрын кесірі тиген істен сақтану, пайдалы әсері тиген істің үлгісімен игілікке қарай беттеу, соған ұмтылу; осы кездегі пайдалы, зиянды хал-жайдан өнеге алып, ыдырамай түрып оны тұрақты ету, зиянды әсерінен арылу үшін қадағалап зерттей түсу, келесі өмірде үміттенген пайдалы затқа бет бұру, өзі қаймығатын зиянды нәрседен қорғану, осының бәрін ой елегінен өткізу. Менің бар ойлайтыным өзімнің қолымнан шығып кетіп, оған ауысқан бұрынғы мансабымды өзіме қайтару, осы жөнінде амалын тауып, бұқаға қарсы өсек жүргізіп, шатыстыра түсіп, оны өмірден ажыратудан басқа ешбір қисынын таппадым. Бұл маған жақсы болады, мүмкін арыстанға да бұқадан мен артық болармын. Бұқамен қарым- қатынасы мүлде шектен асып кетті, ақылынан адасып, жақын достарын ол өзіне қарсы қойып алды» - деп көйітті.

Кәлилә: «Мен бұқаның мәртебесі жоғары болғанынан, оның жақсы жағдайға ие болуынан туып тұрған кеселді көре алмадым», - деді.

Димнә: «Арыстан бұқаны тым жақсы көріп кетті, ол тіпті өзінің басқа дос-жарларын елеусіз қалдырып, игілікті үлесінен де айырды ғой. Есіңде болсын, әкімшілікті бүлдіретін алты нәрсе бар: соның бірі - ажырасу, екіншісі - бүлік, үшіншісі - құмарлық, төртіншісі - өрескелдік, бесіншісі - тағдыр, алтыншысы - қызбалық. Ажырасу дегенім мыналар: патша қажырлы, ақылды және сенімді көмекшілерінен, ақылгөйлерінен, әкімдерінен ажырады. Бүлік дегенім кездескен дау-шарға, ұрыс-керіске жұрттың басын шатыстыру; құмарлық дегенім - әйелдерді аңсау, әңгімешілдік, маскүнемдік тағы осы сияқтылар. Өрескелдік
- орынсыз күйіп-пісу, балағаттауға асығу, керексіз жерде жұдырық жұмсауға ұмтылу. Тағдыр дегенім - адамның басына түсетін ауыртпалық - оба, су тасқыны, бедеулік, тағы басқа сол сияқтылар. Қызбалық, дегенім - жуастықтың орнына қатал болу немесе қатал болудың орнына жуастық істеу», - деді.

Кәлилә: «Сен бұқаны қалайша жеңбекшісің, ол сенен әрі күшті, әрі табандырақ қой», - деп салды.

Димнә: «Менің кішкентай екендігіме, әлсіздігіме қарама! Негізінде, істің орындалуы мықтылыққа, күштілікке, әйтпесе әлсіздікке тәуелді емес. Арыстанға неше алуан титімдей әлсіз жандар жанасып жүр. Әлде сен құзғынның жыланға қалай қастық істегенін естімеп пе едің, қулық-сұмдықпен алдау-арбау арқылы оны сорлатпады ма?» - деді.

Кәлилә: «Ол қалай болып еді?» - деп сұрағанда, Димнәнің келтірген нақылы мынау болды: «Баяғыда бір құзғын таудың басындағы ағашқа ұя салыпты, оған жуық жерде жыланның іні бар екен. Жыл сайын, құзғын балапанын шығарғанда, жылан жылжып келіп жеп кететін болған. Жылан осыны әлденеше рет істеген соң, құзғын қыстыға күйзеліп, өзінің досы шибөріге мұңын шағады: «Ойыма алған бір іс туралы сенімен ақылдасқалы келдім. Сен айтқаныма құлақ асып, маған көмектеспес пе екенсің?» - депті. Сонда шибөрі: «Ол не еді?»
- деп сұрағанда, құзғын: «Мен жыланға барып оның көзін ойып алғым келеді», - деп жауап қайырады. Шибөрі:

- Сенің бұл қылығың есуастық. Сен ең әуелі өзің мерт болып апатқа ұшырамай тұрып, жыланды күйретудің амалын іздеуін керек. Сен шаянды өлтіремін деп өзі майып болған көккұтанға ұксап жүрме, - дейді.

Құзғын: «Ол қандай уакиға еді?» - деп сұрады.

Шибөрінің айтқан нақылы мынау болды: «Баяғыда шаянды өлтірмекші болып, бір көккұтан ұясын балығы мол, шөбі қалың шалшыққа салады. Сол жерде ұзақ тұрып өмір сүреді, қартайып аң аулауға жарамай қалады. Сонымен ол аштықтың азабын шегеді де, мұңайып отырып қулық айла іздейді. Шаян оны алыстан көріп, бірте-бірте жуықтап қасына келеді де: «Бұл қалай? Сені қайғы-касірет билеп отыр ғой!» - дейді. Сонда көккұтан: «Мені қайғы-касірет қалай билемесін. Осы уакытқа дейін мен балық аулап күнелтуші едім, күніне бір балық, кейде екі балық ұстап жеп, өмір сүруші едім, оған айтарлықтай балық та азая қоймайтын. Бүгін осында екі балықшы келді, олардың біреуі екіншісіне бұрылып: «Менің байқауымша, мұнда балық көп көрінеді, біраз күн осында болып балық аулайық»,—дегенде, оның жолдасы тұрып: «Алдымызда тағы бір жер бар, мен ол жерді жақсы білемін, онда балық мұнан да көп, ең әуелі сол жерден басталық, онан босанған соң; әбден балығын тауысқанша осында болалық» дегенді айтты. Егер барған жерінен осында қайта оралса, онда бұл шалшықта олар ұстамаған бір де балық қалмайды. Ал, шынында, жағдай осылай болса, онда мен үшін бұл өлім ғой», - дейді.

Балықтардың жиналған жеріне барып шаян осыны хабарлайды. Сонда балықтар көккұтанға келіп, кеңес сұрайды.

«Біз сенен нұсқау алғалы келдік. Кеңесіңді, ақылыңды айт. Ақылға бай дұшпанының да кеңесін елеусіз тастамаған дұрыс, өйткені берген кеңесінің маңызын ол толық ұғынады, сондықтан оған пайдалы ма, зиянды ма бәрібір ойға қонымдысын айтады. Сенің ақылың бар ғой, өзің үшін де, біздің мақсатымызға да сай кеңесіңді айт!» —деді. Көккұтан: «Балықшымен қидаласып, соғысарлықтай менде ешбір сылтау жоқ, ал менің мынадан басқа білетін шарам да жоқ — бір жерде маған мәлім бір қарасу бар, оның суы әрі таза, әрі мол, өзінің төңірегінде қамыс өседі. Егер соған жете алсаңдар, онда өздерің емін-еркін дәурен сүрер едіңдер, әрі жақсы да болар еді».

Сонда балықтар: «Біз ол жерге тек бір сенің ғана көмегіңмен жете аламыз ғой?» - дейді. Көкқұтан: «Біраз күйбең сергелдеңі болар, сонда да мен сендерге көмектесейін, тасып бітіргенімше балықшылар да мені ұстап ала қоймас», - дейді. Сонымен көкқұтан күніне екі балықтан алып кететін болды. Ол әлгі балықтарды бір төбенің басына алып барып жеп жүрді, басқалары бұл туралы еш нәрсе сезбеді. Бірақ бір жолы шаян тұрып оған: «Мен осы жерден қатты қорқам, сен мені де сол қарасуға алып баршы», - деді. - Көкқұтан оны алып ұшып, өзінің балықтарды жеп жүрген жерінен өтіп бара жатқанда, шаян толып жатқан балықтардың сүйегін көрді, бұған айыпты көкқұтан екенін түсінді, өзінің де осындай күйге ұшырайтынына көзі жетті, сонда ол: «Егер ежелден әйгілі дұшпанын осы арада өлтіреді-ау деп жүрген жерінде кездестірсе, екі қолын қусырып көне кету, енжарлық істеу адамгершілікке жатпайды, арпалысқан жөн, қорғану ардақты іс», — деп өзін-өзі қайрады. Осыдан соң шаян қышқаш сирақтарын көкқұтанның мойнына қарай созып, қылқындыра қысты, көкқұтан жерді құшты, шаян онымен бірге құлап жерге түсті. Көкқұтан мерт болды, ал шаян қыбырлай жорғалап отырып, балықтарға жетті де көрген- білгендерін баяндады.

Шибөрі құзғынға бетін бұрып: «Менің бұл нақылды келтіргендегі мақсатым, кейбір әдіс-айланың сол қолданған кісісін апатқа ұшырататынын білдіргім келді. Саған мен бір ақыл айтайын, егер сен соны орындай алсаң, онда жылан мүлдем кетеді де сенің тыныштыққа қолың жетеді», - деді.

Сонда құзғын: «Ол қандай ақыл?» - деп сұрады.

Шибөрі: «Ұшып бара жатып, жерге үңіл, әйелдер ардақтап зейнет үшін тағынатын әшекейлі тана-моншақ таппас па екенсің. Егер тапсаң іліп ал да төмендей қалықтап ұша жөнел, бірақ асықпай айналақтай бер, көзден таса болма. Жұрт ілесе қуып сенің артыңнан қалмайды, сонда сен әлгі әшекейлі тана-моншақты алып бар да жыланның үстіне таста; ілескен ел өздерінің әшекейін ажыратып алады да сені жыланнан құтқарады», - деді. Сонымен құзғын ұшып бара жатып өзінің бөлмесінде әдемі киімін, тана-моншағын шешіп тастап жуынып жатқан әйелді көреді. Соның әдемі алқасын іліп алып жөнеледі де, ел көретіндей етіп, төмендей қалықтап, жай ұшады. Сөйтіп

ол жыланның ініне келеді де алқаны үстіне тастай салады, ілескен адамдар келіп жыланды өлтіріп, алқаны алып қайтады.

Димнә Кәлиләға бұрылып: «Бұл нақылды айтқандағы ойым - күштің шамасы келмейтін мақсатқа қулық арқылы жетудің жөнін саған ұрындырмақ едім», - деді.

Кәлилә: «Егер бұқаның күшіне санасы сай келмесе, онда бірсәрі, ал батырлығының үстіне ол әрі тәжірибелі, әрі ақылды ғой, сонда сен оған не істей аласың?» - деп сұрады.

Димнә: «Шынында, бұка күшті де, тәжірибелі де, бірақ ол алданған, маған катты сенеді, сондықтан мен оны қоян алдап апатқа ұшыратқан арыстанның аяғын құштырамын», - деді.

Кәлилә: «Ол қалай болып еді?» - деп сұрағанда.

Димнәнің айтқан нақылы мынау болды: «Баяғыда, шөбі қалың, суы мол бір аймақта бір арыстан дәурен сүріпті. Ондағы жабайы аңдар су мен жайылымнан тапшылық көрмепті, бірақ осы арада арыстанның тұруы оларды үрейлендіріп, әлгі ен жайылым мен мол судың берекесін кетіріпті. Сонда аңдар өзара ақылдасыпты, жиылып арыстанға келіпті де: «Сен біздің ішімізден бір аңды күні бойы шаршап-шалдығып әрең дегенде ұстайсың ғой. Енді біз мынадай жоба құрдық, одан саған да женілдік келеді. Егер сен бізді кауіпсіз етуге уәде берсең, орынсыз қорқытып үрейлендірмейтін болсаң, онда саған күнделікті түскі асыңа бір аңды жіберіп отыралық», — деді. Арыстан бұл ұсыныcты мақұлдады да, келісім жасады. Бірде кезек қоянға келді, сонда ол: «Егер маған игі ниетте болсаңдар, онда мен мүмкін сендерді де арыстаннан құтқаратын шығармын, ол істің сендерге де зияны тие қоймас», - деді.

Олар: «Сен бізге қандай игі ниетті ұсынып отырсың?» - деп сұрағанда, қоян: «Менімен бірге баратын аңға тапсырыңыздар, ол мені асықтырып шаршатпасын, мүмкін, мен бір іске айналып та қалармын, сонымен арыстанның түскі асы кешігетін де болар», - деп толғады. Олар: «Жарайды, дегенің болсын», - деді. Қоян асықпай жүріп кетті, ол жеткенше дағдылы баратын мезгіл де өтті. Арыстан ашыға бастады, ашуы келіп жатағынан тұрып, ілгерілі-кейінді теңселе берді. Осы кезде қоян көрінді. Арыстан одан: «Сен қайдан келдің, басқа аңдар қайда жүр?» — деп жеделдете сұрады. Қоян: «Мен аңдардан келген арнаулы уәкілмін. Олар менімен бірге саған бір қоянды ертіп жіберіп

еді, жуықтап қалғанымызда, қарсы алдымыздан бір арыстан шыға келіп, оны менен тартып алды да: «Бұл жерде оның аңдарына шейін менің билігімде», — деп соқты. Мен оған: «Мұны патшаның түскі асына арнап аңдар жіберіп еді, оны ашуландырмаңыз», - деп едім, өзіме дүрсе қоя беріп, балағаттап сөкті, ал мен сізге осы жағдайды айтып жеткізу үшін асығып кетіп қалдым», - деді. Сол кезде арыстан терісіне сыймай ызаланып: «Жүр менімен, маған сол арыстанды көрсетші», — деді. Қоян арыстанды суы мөлдір шыңырау құдыққа ертіп келді де: «Міне, арыстанның жатқан жері, ал мен одан қорқамын, мені омырауыңа алсаң біраз батылдау болар едім де, оны саған көрсетер едім, - деді. Арыстан оны омырауына алды, құдыққа жақындаған шамада қоян: «Мынау арыстан, ал анау қоян», - деп суға түскен көлеңкені нұсқады. Арыстан қоянды босатып, соғысуға ыңғайланып, құдықтағы көлеңкеге секіріп түсіп кетті, қу қоян қаша жөнелді», - деді.

Кәлилә: «Егер сен бұқаның көзін құртатын болсаң, одан арыстанға ешбір зиян келмесе, онда өзің біл. Шынында да, бұқаның мына жүрісі саған да, маған да, патшаның тағы басқа әскери қызметкерлеріне де өте зиянды. Бірақ сен бұл ісіңді арыстанды қынжылтатын болсаң, оның үстіне көңілін аулардықтай еш нәрсе қолыңнан келмесе, онда сен опасыздық әрі ұждансыздық істеген боласың», - деді.

Осыдан кейін Димнә бірнеше күндей арыстанның алдына кірмей кетті де, бір күні арыстан оңаша отырған кезде, қабағы түсіп, мүлде мұңайып кіріп келді. Сонда оған арыстан: «Сені көрмегеніме бірнеше күн болып еді, бүгін неге көңілсізсің?»

- деп сұрады.

Димнә: «Бұны сізден жасыра алмаспын!» - деді. Арыстан: «Жақсылық па өзі?» - деп сұрағанда, Димнә: «Жақсылық болса жарар еді!» - деп жауап берді. Арыстан: «Әлде төтеннен бір нәрсе болып қалды ма?» — деп сұрады, Димнә: «Саған да, маған да ұнамайтын бір іс болды», - деді. Арыстан: «Ол қандай іс?»

- деп сұрады. Димнә: «Ол әрі ауыр, әрі қатал әңгіме, мұны тек дербес отырып, оңашада ғана сөйлесуге болады», - деді. Арыстан: «Қазір оңашамыз ғой, қол да бос, ал сен ойыңдағыны баяндашы», - деді.

Димнә: «Тыңдаушы ұнатпайтын әңгімені шертуге айтушының батылы бармайды. Егер ол сөздің арты жақсылыққа

бейімделсе, айтушы жағынан өрескелдеу көрінген күнде де, тыңдап отырған өз қожасына ол сеніп айтады ғой. Егер тыңдаушы дана болса, ауыртпалыққа шыдайды да, әңгімені түгел естуге тырысады, өйткені мұнда тек тыңдаушыға тиетін пайда бар, ал сөйлеушіге ардақты міндетін, адал махаббатын орындаудан басқа түк жоқ. Ей, ақыл-парасаты кәміл патшам! Саған ұнамауы мүмкін, сонда да айтып өтуге, бәрін өзіңе ғана жеткізуге белімді бекем будым. Адалдығым бір өзіңізге аян, оның үстіне сені өз жанымнан да артық көремін, міне, сондықтан да айтуға белсеніп отырмын. Айтқан сөзіме сенбес дегенде маған бір ой келді, бірақ сен екеуміз де аңдар тобына жатамыз, тіршілігіміз де тығыз байланысты, сондықтан айтпа деп өзің өтінгенмен, әрине, маған сенбеуің де мүмкін, ол мен үшін зор қауіп қой, сонда да өз борышымды орындамай жалтаруды мақұл көрмедім. Бұрынғылардан қалған сөз бар: «кімде-кім білген ақылын патшадан, ауруын дәрігерден, жоқшылығын бауырларынан жасырса, ол өзін-өзі алдайды», - деген екен.

Арыстан: «Ол қандай іс?» - деп сұрады.

Димнә: «Маған өте сенімді достың айтуынша, Шатраба сенің әскер басыларыңмен оңашада кездесіп, оларға: «Мен арыстанның ақылын да, күшін де, айла-амалын да сынап көрдім, бірақ осылардың бәрінде де өзімнен олқы екенін аңғардым. Екеуміздің арамызда кешікпей-ақ бір уакиға да шығуы мүмкін», - дегенді айтыпты. Осы сөз маған жеткенде, Шатрабаның опасыз алдамшы, жақсылықты білмейтін жан екенін ұқтым. Сен оған құрмет көрсетіп, еркелетіп ұстадың, ал оның бар ынтасы, сенімен терезесі тең ұлық болу екен, егер, зәуіде, орныңнан тайсаң, онда осы патшалыққа өзі ие болмақ. Ол бұған тырысуын енді қоймаса керек. Бұрынғылар «егер біреудің әкімдігі, дәрежесі, ақылы, байлығы тағы қол жеткісіз зорлығы өзіне барабар екенін патша сезе қалса, онда әлгі адамды орнынан тайдырғаны жөн, ал егер олай істемесе, онда өзі тағынан құламақ», - деген екен. Ей, әділ патшам! Бәрі де өзіңе аян, сен істің де жон-жосығын жақсы білесің, осыған, сірә, ұластырмай кірісетін боларсың деп ойлаймын, ал басталып кетсе, онда мен білмеймін, жөндей алар ма екенсің. Үш түрлі адам бар деседі, соның екеуі саналы, біреуі жарымес болса керек. Саналының біреуі басына іс түскенде ешбір саспай,

сабырсызданбай шарасын іздеуге кіріседі екен, ауыртпалықтан қалай құтылудың жөн-жобасын, айласын ойластырады екен, жүрегі де алып ұшып қабынбаса керек. Бұған қарағанда ана екіншісі басым, ол қырағы, келешекті алдын ала болжайды, болар істің мәнін зор санап, оған қарсы қоярлықтай шара даярлайды, басталып қалғандай көріп, көз алдына елестетеді, аурудың алдын ала емдейді, бақытсыздықты басталмай тұрып тамырымен жұлып тастайды. Ал жарымес болса, оның іске батылдығы жоқ, шешімдері біріне-бірі қайшы келеді, не ойласа да, тоқырап қала береді, әрі әлсіз, әрі енжар сорлы, іс басына түскенде бірақ біледі, қансырай құлап құриды. Бұл әлгі үш балық туралы айтылатын нақылға ұқсайды», - деп жауап қайырды.

Арыстан: «Ол қалай болып еді?» — деп сұрағанда, Димнәнің келтірген мысалы мынау болды: «Баяғыда, бір қарасуды мекендеп үлкен үш балық тұрыпты деседі, ол қарасу йен далада, елсіз байтақ жерде екен. Бірде екі балықшы осы қарасуды жанап өтеді де өзара келіседі, екінші рет осында қайта оралып, ау ала келіп, әлгі өздері көрген үш балықты ұстамақшы болады. Сонда үш балықтың ең ақылды біреуі қорқып мазасызданады. Ол алдын ала сақтық істеп, қарасудан шығатын жылғамен жүзіп отырып, өзенге жетеді де басқа жерге барып орналасады. Екіншісінің ақылы одан гөрі кемдеу еді, ол балықшылар келгенше сақтық істеп үлгере алмайды. Ол: «Мен мезгілін өткізіп алдым, міне, ақыры енді өзіме сор болды», — дейді. Балықшыларды көріп, олардың ниетін таниды, оның үстіне шығар жердің бөгелгенін аңғарады да: «Мен қателестім, ал енді басымды қорғау үшін қандай амал істеу керек? Енді асығып-сасудан келер пайда жоқ. Бірақ әлі де болса күдер үзбе, амал істеуден тоқталма», — дегенді медеу етеді. Осыдан кейін ол өлген балық тәрізденіп, қарнын жоғары қаратып, судың бетінде қалықтайды да қалады. Балықшылар оны шығарып алып, өліп қалған екен деп ұрып, осы қарасудан шығатын жылғаның, ернеуіне апарып қояды. Бір кезде ол жылғаға шоршып түсіп, аман құтылып кетеді. Жарымес балық сасқалақтап ары-бері жорытып жүзіп жүргенде, оны балықшылар ұстап алады. Ей, патшам! Менің ақылым жаманшылықты таянып, төніп тұрғандай көреді, көз алдыма елестейді, сақтық шараларын

істеуге асыкканың жөн. Дертті денеңе дарытпай жұлып таста, бәленің алдын ораған макұл, - дейді.

Арыстан: «Мен сенің нақылыңат үсіндім. Бірақ бұка алдап, маған қастандық істемекші болып жүр дегенге сенгім келмейді, өйткені мен оған мейірбандық көрсеттім, көптеген жақсылық істедім. Ол мені аз да болса қиянат істеді деп айта алмайды, ал оның менен көрмеген жақсылығы жоқ», -деп түйді.

Димнә: - Әңгіме оның ақылында емес, сенің шектен тыс құрметгеуің оған кесірін тигізді, оның ойы тіпті сенің атағыңа ие болуға шейін барды ғой. Арсыздар өз шамасының мөлшеріндегі дәрежеге көтерілгенге дейін ғана тілеулестік білдіреді, пайдалы бола қалады. Дәрежесі өз шамасына жетті-ақ, ол тояттамайды, өтірікпен, опасыздықпен болсын бәрібір, әйтеуір, жоғары мәртебеге көтерілгісі келеді де тұрады. Өрескел арсыздар патшаға қызмет істеп жүріп тек өлмешінің күнінен, не қорыққанынан ғана сүйіспеншілікке бой ұрады, ал оларға патшаның керегі болмаған жағдайда, одан қорықпайтын болса, онда табиғи тұрғысына қайтады, қалпына тартады, бұл жөнінде ол иттің қисық құйрығы сияқты, өзінің бәз-баяғы қалпына келеді. Иттің қисық құйрығын тура болсын деп қайырып таңып қойсаң, түзу түра береді, ал шешсең-ақ болтаны қайтадан имиіп қисаяды да қалады, — деді. — Уа, патшам, есіңде болсын, кімде-кім досының өзіне берген кеңесіне құлақ аспаса, онда оның ақылы мақтауға да арзымайды. Онда ол дәрігердің кеңесін қабылдамай, өзінің ұнатқанын істеген ауруға ұқсайды. Патша алдындағы уәзірдің; міндеті, оның беделін, салтанатын арттыратын бағытқа демеуші болу, патшаны зиянды сөкет іске барудан сақтандыру. Бауырдан да, көмекшілерден де мына жүйелі кеңес беруші адам артық, ал істің ең игісі ақыры қайырлы болуында. Әйелдің ең жақсысы айтқанға жылдам көнеді, ал мақтаудың ең асылы ардақты жанның аузынан шыққаны. Достың ең жақсысы егеспейді, байдың ең жақсысы дүниеқор болмайды. Өзіне қастандық істемек болған достың ертелі-кештісін қайрағанын сезгеннен гөрі жыланды жастық, отты төсек етіп жатқан адамның ұйқысы тәттірек болса керек. Патшалардың ең нашары, істі бастарда мешеу қимылдайды, сезімтал болмайды, ол әсіресе ызалы пілге ұқсайды, еш нәрсеге көңіл бөлмейді, өзіне кездескен жағдайға жөнді мән де бермейді, - деді.

Арыстан: «Сенің сөзің ызғарлы, бірақ адал достың айтқаны қатал болса да орынды ғой. Сенің айтқаныңдай Шатраба жау болса да ол маған зияндық жасай алмайды. Ол шөп жейді, мен ет жеймін, сондықтан ол менің тамағым емес пе? Оны өзге жау деп білмеймін, сол себепті онан қорқудың орны жоқ сияқты. Осыған байланысты онымен арамыздағы қалыптасқан мызғымас достықты, барлық әскерімнің алдында оған көрсеткен құрметті және оған өзім арқылы істелген дәріптеулерді оның ескермеуі де мүмкін емес. Енді оған сенімімді жойып қаталдық істесем, онда есуастық болар еді және өз келісімімді өзім бұзған болып табыламын ғой», - деді.

Димнә: — «Ол менің тамағым» деген бос сөзбен өзіңді өзің алдама! Егер саған бұқаның күші жетпесе, онда ол басқалар арқылы-ақ сенің титығыңа тиеді. Бұрынғының сөзі бар: «Егер үйіңе танымайтын қонақ келсе, сен оның мінезін білмесең, онда өзінді қауіптен аулақпын деп ойлама, соның өзі немесе сол арқылы да пәлеге душар болуың мүмкін», — депті. Осы секілді жағдайды үйіне бүргені қондырған бір бит те басынан кешкен екен, - деді.

Арыстан: — Битке не кезікті екен? — деп сұрағанда.

Димнәнің айтқан нақылы мынау еді; — Баяғыда бір атақты бай адамның төсегіне бит түсіпті деседі, ұйқтап жатқанда байдың қанын сорып, тысырын естіртпей денесінде ептеп жорғалап жүреді екен. Бір күні түнде әлгі бай адамның төсегіндегі битке бүрге келіп қонақтапты, ол қатты шаққандықтан бай оянып кетіпті де, төсекті ақтарыпты. Сонда бүрге секіріп қашып құтылыпты да, битті табан аузында ұстап алып өлтіріпті, - деді.

Бұл нақылды мен бұзық адамның зұлымдығынан сақтанудың қиын екенін дәлелдеу үшін айттым. Егер ол өзі істей алмаса, онда басқа біреу арқылы мақсатын жүзеге асырады.

Сен бұқадан қорықпасаң да мына әскери қызметкерлеріңнің арамдығынан сақтан. Бұқа саған жауыздық істеуге солардың ішінен өзіне керегін үгітіне көндіруі мүмкін ғой. Ал менің білуімше екеуіңнің аранда егес әлі-ақ туады, ол өз ісін басқаға сеніп тапсырмайды.

Арыстан Димнәнің айтқандарына құлақ асты да: «Сен маған енді қандай нұсқау бересің?» - деп сұрады.

Димнә: «Сынған немесе қажалған тісті жұлып тастамаса, ол ауырғанын қоймайды. Жұқпайтын жағымсыз ас құсық боп қайта түседі, ал қас дұшпаннан құтылудан өзге шара жоқ», - деді.

Арыстан: «Сен мені Шатрабамен сөйлеспейтіндей етіп, мүлде билеп бара жатырсың. Сенен өтінішім оған менің ойыма келгендерді айт да, бұл арадан кет деп бұйыр, баратын жерін өзі білсін», - деді.

Бұл Димнәға ұнамады, өйткені егер арыстан бұқамен кездесіп кінәласса, оның өзін ақтап айтқан сөздерін естіп, менің өтірігім ашылып қалады деп ойлады.

Сонда Димнә арыстанға бетін бұрып: - Мен бұқаға барып оның қылмысын айтуды орынсыз деп білемін. Ей, патшам! Өзің ойланшы, сен күдігіңді оған айтпай тұрған кезде, не істеймін десең де, еркің емес пе? Егер оған ойыңды естіртсең, онда саған ойлаған жауыздығын іске асыруға ол асығар деп қорқамын, екіншіден арпалысатын болса, даярланып кіріседі ғой. Ал бұл арадан кеткен күнде де, ол саған қарағанда анағұрлым опасыз емес пе? Бұған қоса айтатыным парасатты патшалар жазығын әйгілемей, жазасын жарияламайды, айыбына қарай - жазасы, құпия жазыққа - жасырын жаза, әйгілі жазыққа - ашық жаза, - деді.

Арыстан: «Егер патша біреуді дәлелсіз, жәй күмәндануға ғана жазаласа, не зәбір көрсетсе, онда ол өзін жазалайды, өзін зәбірлейді ғой», - деді.

Димнә: «Иә, сөйтсе де, ол сенің алдыңа қамсыз отырғанда келіп қалып жүрмесін. Менің шамалауымша, келгенде, оған үңіле қарасаң, оның ниеті бұзық екенін ешкім айтпай-ақ өзің аңғарасың. Оның белгілері мынадай болады: кескіні өзгергенін байкайсың, аяқ-қолының қалтырағанын сезесің, оңды-солды алақтап қарай беретінін аңғарасың, мүйіздері сүзуге оңтайланып тұрғанын көресің», - деді.

Арыстан: «Жарайды, ол келгенде мен сақ болайын, егер әлгі сен айтқан белгілерді сезсем, онда оның ниетінің қара екендігіне күмәнануға болмас», -деді.

Бұқа туралы арыстанның жүрегіне қыбын тауып қаяу түсіргенін ұқты. Шығып бара жатып Димнә арыстанға шүбәсіз сенді, қобалжыған күйі бұдан кейін оның бұқадан қатты

сақтанатынын білді. Артынша енді бұқаға барып арыстанды шағыстыруды ойланды, бірақ осы барғанын бөтен біреуден естіп қояр деп қорықты да арыстанның өз аузынан жұмсағанын естігісі келіп, рұқсат сұрады: «Мен бұқаға барсам қайтер еді, оның не істеп жүргеніне зер салып әңгімелесіп сыр тартар едім, егер одан бір нәрсе сезе қойсам, өзіңе келіп жеткізген болар едім», - деді. Арыстан баруына рұқсат етті.

Димнә бұқаға барғанда, жүдеп-жадап әбден қайғырған жанның кескінін көрсетті. Бұқа оны көре сала сәлем беріп амандасты да: «Кездеспегенімізге бірнеше күн өтті той. Саған қандай жағдай бөгеу болды? Денсаулығың қалай?» - деп сұрағанда Димнә: - «Өз басын билей алмаса, тағдыры біреудің қолында болса, оған тағы тұрақтап сене қоймаса, дәйім қауіптеніп қорқынышта жүрсе, ондай адамда денсаулық бола ма? Сағат сайын жанын шүберекке түйіп, үрейлене берсе онда қандай күй болмақ?» - деді.

Бұқа: «Соншалық саған не болды?» - деп сұрағанда:

Димнә: - Жазмыштан озмыш жоқ. Тағдырмен кім күресе алады? Ұлы дәрежеге жетіп, оған дандайсып, мастанбаған кім бар? Құмартуды күйттеп, апатқа ұшырамаған кім бар? Әйелге жұғысқанда оның тұзағына түспей кеткен кім бар? Біреуге жарамсақсып жүріп, қорлыққа ұшырамаған кім бар? Жаман адамдармен дос болып арын сақтап қалған кім бар? Патшамен дос болғанның ішінен жала жабылмай, өсек ермей кеткен кім бар? Айрылғанда тебірене білмейтін, қасында жүргенде көрсететін опасы да шағын патша, келген қонақты қарсы алып, кеткенін аттандырып отыратын салдақы әйел тәрізді емес пе деп бұрынғылар тауып айтқан ғой, - деді.

Шатраба: «Тыңдап болғаннан кейін әлгі сөздеріңнен сескеніп тұрмын, зады, жүрегінде арыстан туралы әлдеқалай бір күдіктену бар тәрізді-ау!» -деді.

Димнә: - Мен оған сенбеймін, бірақ бұл менің өзім туралы емес. Маған қандай борышты екеніңді өзің білесің, екеуміздің арамыздағы сүйіспеншілік саған мәлім ғой, бір кезде арыстан саған жұмсағанда өзіңе келіп, жанымды ортаға салып, достық міндетімді орындап, еңбегімді сіңіргенім де бір өзіңе аян еді. Ендеше, әлі де мен қажетті істі орындамай отыра алмаймын, саған шұқшия төнген қауіпті біле тұрып айтпауға арым жетпейді, - деді.

Шатраба: «Ол не?» - деп сұрағанда.

Димнә: «Маған бір сенімді досым айтты, арыстан өзінің кейбір жақын жүрген сырластарына, ашыналарына: - Осы бұқаның семіздігіне қатты қызығып жүрмін, ал оның маған енді керегі де шамалы ғой. Пайдаланарлық ешбір реті жоқ, менің ойымша, оны жарып тастап, етін бәріміз жесек мақұл болар еді, - депті. Осы сөздер менің құлағыма тигенде, мен оның опасыздығын, арам ниеттілігін түсіндім де, саған жолығып естігенімді айтып, сенің алдыңда міндетімді орындайын дедім. Басыңды аман сақтаудың шарасына кіріс», - деп кеңес берді.

Шатраба Димнәнің сөзін тыңдап болып, онын әрдайым өзін қорғап, сенім көрсеткенін есіне түсірді, арыстан туралы көңіліне күдік алды да, Димнәнің мына сөздерін шындық деп ұғынды.

Шатраба: - Арыстанның маған опа қылмауы орынды емес екен. Оның өзіне де, немесе әскери қызметкеріне де менің ешбір жазығым жоқ еді, тегі маған өтірік жала жауып шағыстырушы біреу бар шығар. Арыстанның достары нашар адамдар, мына қулық-сұмдық солардың ісі, жоқтан өзгеге оны иландырған да осылар ғой, сірә. Жаман адамның достығы бітпес уайым, қатты қайғыға ұрындырады, игі адамдар туралы да пасық ой тудырады, ал мұның қателігін кейін тек тәжірибе ғана әшкерелеп ашады. Суға шағылысқан жүлдыздың сәулесін көріп, балық екен деп бір үйрек соны ұстамақшы болыпты, мынау да сол үйректің қателесуі тәрізді екен. Бірнеше рет істеген әрекеті босқа кеткен соң, онда балықтың жоқтығына көзі жетіпті. Осыдан кейін сол жердегі бір кішкене жылғада жүзіп жүрген балықты көреді де, бұл да әлгі тәрізді балық емес шығар деп ұстауға да әрекет істемепті, - деді.

Егер арыстанға мен туралы бір жайсыз хабар жеткен болса, онда оңаша мені өзі тексеріп, сынағаны жөн еді. Ал егер мен туралы құлағына ешбір өсек естілмесе, оған қарамастан маған себепсіз қастық ойлауы - түсініксіз бір керемет қой. Сен досыңның көңілін аулап, соның ризалығын тілеп жүрсең, оған ол ешбір қанағаттанбаса, міне бұл танқаларлық жайт! Ал сен оның қыбын тауып, толық риза еттім десең, ол саған мүлде өкпелей берсе, бұл әлгіден де бетер таңқаларлық іс деген әңгіме болушы еді. Өйткені бір себеппен ашуланса, онда

кешірімінен де үміт үзілмейді, ал ашуы ешбір себепсіз шықса, онда үміт кесіледі, оны басылады деп дәметуге болмайды. Арыстанмен екеуміздің арамызда болмашы бірдемеден басқа кайшылыктың барын мен өзім ойлап-ойлап таба алмадым. Қарғанып айтайын, ұлылы-кішілі ұнамсыздау көлденең бір нәрсе болып қалар деп өте қауіптеніп сақтана берсе, ондай жолдаспен тату жүру ұзаққа бармайды. Егер кемеліне келген ақылды кісінің досы болмашы бір қате жасап кінәлі болса, оның айыбын маңызына қарай салмақтап сарапқа салады ғой, қатеден болды ма, жоқ, әдейі істелген қастандық па, соның бәрін зерттеп тексермей ме? Ал, кешіре қойған күнде, соның зияны мен масқаралығы қауіп төндіре ала ма, жоқ па? Кешірерліктей болса жолдасын ол жазғырмауға тиіс. Кейде мен арыстанның некен-саяқ көзқарастарына өзін сүйгендіктен, сақтандыру үшін адал ниетпен қарсы келетінім болушы еді, осынымды жаманшылыққа жорып жүрмесе, басқа еш нәрсе істегенім жоқ. Кейде ол «болмайды» дегенге мен, «болады» деуші едім, ал ол «болады» дегенде, мен «болмайды» деуші едім, әлде осыны да өрескел қарсыласқандық деп топшылады ма екен? Бұл сөздерде тұрған қандай сөкеттік бар? Игілікке жеткізетін пайдасы тиер сөз болмаса, мен ешуақытта оған әскері алдында қарсыласып сөйлеп көрген емеспін. Әскері алдында немесе шонжарлары, достарымен бірге тұрғанда, мен оған ешбір үн қатпадым, тек оңаша болған кездерде ғана өзімнің қожам есебінде қалтқысыз ашық сөйлесетін едім. Ақыл айтқанда жанашыр адамнан, ауруды емдеу жөнінде дәрігерден, күдікті мәселелер туралы заң мамандарынан жеңілдік дәметкен жан пайдалы шешімге жете алмайды, қайта аурудың дерті асқынады, дін бойынша ол күнәға батады. Егер мұның бәрі осы айтылғандай болмай шықса, онда әкімнің бұл бір еліріп мастануы шығар, ондай кезде әкім біреудің қайғысына қуанады, көрнеу себебі жоқ аңқылдаған адал жанды жақтырмайды. Даналар айтқан екен: теңіздің тұңғиық тереңіне бойлаған жан қатерге кезігеді, ал әкімнің досы бұдан гөрі де қауіпті жағдайда болады, өйткені әлгі әкімге ол қанша әділдік, сүйіспеншілік, адал ниет көрсеткенмен, түбі бір сүрінбей қоймайды, одан енсесін қайта көтеріп, оңалып кете алмайды, ал тіпті көтерілген күнде де апатқа ұшырайды, алысқа бармайды. Егер осылай болып шықпаса, мүмкін, онда менің ажалым мына

игі касиеттерімде шығар. Кейде әдемі ағаштың бүлінуіне өзінің жемісі себеп болады, өйткені қалың жемісті ауырлап бұтақтары иіледі, сонда оны жұлмалап жұрт сындырып құртады. Тауыс деген құстың құлпырған көркі, салтанатты сәні құйрығында, міне, пәлеге де сол душар етеді. Мысалы, кейде ол жоғары ұшып, аңдыған жауынан құтылайын десе, әлгі құйрығы кедергі жасай береді. Кейде жүйрік аттың өз бойындағы қасиеті өзінің түбіне жетеді: оны мініп алып қашағанды кууға пайдаланады, күшін кемітеді, сөйтіп діңкесін құртып өлтіреді. Ақылы кэміл зиялы адам өзінің жақсылық қасиеттерінен жапа шегеді, іші тар жауыздар оны көре алмайды, апатқа ұшыратады, ал игі жақсы адамдардан мына жауыздар анағұрлым көп қой, ендеше, зиялылар жөнінде жабыла өсек таратып, ақыры көзін солар құртып тынады. Егер осының бәрі дәл әлгі айтқандай болмаса, онда бұл тағдырдың өзі жіберген айнымас зауалы шығар. Арыстанды күш-қуатынан айырып торға қамаған тағдыр, әлсізді көтеріп пілдің үстіне мінгізген тағдыр, жыланды арбаушыға сұс беріп, оның аузындағы уын сығып тастап қуыршақша ойнатып қойған тағдыр, мұның күші керемет кой! Бұл тағдыр қуақы сұмды ақылынан ажыратып, әлсізді саналы етеді, күштінің бетін бөгеп, ынжыққа қайрат береді. Жарлыны байытып, байды кедей ететін, жасқаншақты батыр, ал батырды қорқақ ететін де осы тағдыр! Егер тағдырдың бұйрығымен біреудің басына іс түссе, оның немен бітуі де әзелде шешілген екен, - деп түйді.

Димнә: «Арыстанның ойына алғаны, бөтен біреудің ықпалынан туған жоқ, сен айтқандардың ешқайсысы да себепкер болған жоқ, бұл тек қана опасыздықтың, содыр- сойқанның нәтижесі. Опасыз озбырдың тұңғыш сыйы - тәтті, соңы - ащы болады, ол көбінесе өлімді құштыратын удың дәл өзі»,- деді.

Шатраба: «Сөзіңнің дұрыс екеніне ант ішуге бармын! Бәрін де көріп-біліп, дәмін татқан тәріздімін, тіпті өлім аузында тұрғандай сезінем. Ал егер ажалға килікпеген күнде, арыстанмен бірге тұрған өмірде қандай лəззат болмақ? Ол ет жейді, ал менің қорегім шөп қой! Қанағатсыздыққа лағынет жаусын, үміттің үйі күйсін! Жолымнан адастырып, мына түпсіз шыңырауға әкеп киліктірген, міне осы екеуі ғой! Мен құмыршаның мойнына тығылып кептеліп қалған бал арасы тәрізді болдым. Ол хош

иістің дәмін сезіп, ләззатына құмартыпты, сонда құмыршаның аузы жабылмай тұрып, одан қалай шығарын ойламапты, сөйтіп ішіне түсіпті де, қысылып өліпті. Кімде-кім бұл дүниедегі еншісіне тиген несібесін мірсе тұтпай, көл-көсір молшылыққа, ен байлыққа ұмтылса, төніп тұрған қауіпті елемесе, сол адам мына шыбынның кейпін киеді. Баяғыда бір шыбын ағашты, хош иісті шөптерді қанағат етпей, пілдің құлағынан ағатын құлықты көксеп, іздеп барыпты, сол кезде шыбындаған піл оны құлағымен қарып жіберіп өлтірсе керек. Кімде-кім махаббатын орынсыз ысырап етсе немесе бар ынтасын опа бермейтін кісіге жаратса, бұл да сортаңға дән шашкан немесе өлген мәйітке ақыл айтқан адам сияқты болады», - деді.

Димнә: «Бұл сөзді доғар, өз басыңның қамын ойла», - дегенде.

Шатраба: «Арыстанның өлтіргісі келсе, өз басымның қамын ойлағанда мен не бітірмекпін? Мен оның пасық пиғылын, арам ниетін анық білемін! Ол маған жақсылықтан өзге еш нәрсе ойламаған күнде де, екі араға түсіп қулық-сұмдығын асырып, өтірікті судай ағызып шағыстырушылар бар, міне осылар бірігіп өзара келіссе, дегеніне жететінін де жақсы білем, тіпті олар әлсіз, мен күшті болсам да, көзімді жойып жіберуге олардың мұршасы келеді, өйткені шектен шыққан суайт өтірікшілер, ізгі ниетті тақуаны да пәлеге шатуы мүмкін. Мысалы қасқыр мен құзғын және шибөрі үшеуі бірігіп, бір түйені апатқа ұшыратқаны да осыған ұқсас кой», - деді.

Димнә: «Ол уақиға қалай болған екен?» - деп сұрағанда.

Бұқаның айтқан нақылы мынау еді:- Баяғыда бір қалың орманда, жүргіншілер ағылып жатқан жолдың аузында бір арыстан тұрыпты. Қасқыр мен шибөрі және құзғын тәрізді оның үш жолдасы болыпты. Әлгі жолмен кетіп бара жатқан керуендерден бір түйе бөлініп осында қалып қойыпты. Түйе тоғайда жүріп арыстанға кез болыпты. Сонда арыстан: «Қайдан келдің?» - деп сұрағанда, түйе қандай жағдайға кез болғанын бастан-аяқ баяндап өтіпті. Сол мезетте арыстан: «Енді не істегің келеді?» - деп сұрапты. Түйе оған: «Патшамен дос болғым келеді!» - деп жауап беріпті. Арыстан: «Егер сен менімен дос болғың келсе, бола ғой, қауіптенбе, молшылықта және еркіңше жүр», - депті. Сонымен түйе арыстанның қасында мекендеп тұрып қалыпты.

Бір күні арыстан аң аулап жүріп пілге кездеседі. Екеуі аянбай соғысады. Арыстан қайтып келгенде үсті-басы қанға боялып, пілдің азуы тиген жерлерінен қан сорғалап ағып тұрады. Осыдан кейін қасқыр мен шибөрі және құзғын үшеуі қореқсіз қалып аштыққа ұшырайды. Өйткені бұлар арыстанның сарқытын ішіп-жеп күнелтетін еді. Бұлар аштықтан арықтап әбден жүдейді. Арыстан осы жағдайды біліп: -Сендер аштықтан жүдеп-жадап күйзелген көрінесіңдер ғой, - дегенде олар: «- Біздің ойлағанымыз өз басымыздың қамы емес. Біз патшаның басына түскен ауыртпалықты көріп, соған ем боларлықтай ешбір шара таба алмай күйзелудеміз», - дейді.

Арыстан: «Мен сендердің маған деген махаббаттарыңды, достықтарыңды жаксы білемін, сонда да, шамаларың келсе, әр жаққатарап кетіңдер де бір нәрсе тапсаңдар маған алып келіңдер, соны сендер де, мен де тойғанымызша жеп кенелелік», - дейді. Осыдан кейін қаскыр мен шибөрі және құзғын үшеуі арыстаннан аулағырақ барып өзара кеңеседі. «Мына шөп жейтін түйенің осы бізбен қандай байланысы бар? Одан әдет-ғұрпымыз да, дүниеге көзқарасымыз да басқа. Ендеше, арыстанға түйені жеудің керек екенін дәлелдеп сендірелік те, сөйтіп оны түйенің етімен тойындыралық та», дейді. Сонда шибөрі: Сендер арыстанға бұл туралы тіпті ескертуші де болмаңдар, өйткені тимеймін деп түйе мен ол келісім жасасқан болатын», - дейді. Құзғын тұрып: «Сендер осында қалыңдар, арыстанмен сөйлесуді маған тапсырыңдар», - дейді. Сонымен құзғын арыстанға барады. Арыстан оны көргенде: «Сендер бір нәрсе таптыңдар ма?» - деп сұрайды. Құзғын: «Көзі көре алатындар ғана таба алады. Біздің көзіміз аштықтың салдарынан әлдеқашан көруден қалған. Бірақ сонда да біз бір ойға келдік, бәріміз де соған келістік, ал егер сен оған келісім берсең, онда бәріміз де мол асқа жаримыз», - дейді.

Арыстан: «Ол қандай нәрсе?» - деп сұрайды.

Құзғын: «Ол түйе, жегені шөп, біздің арамызда шолжаңдап, бос жүр», - деп жауап қайырады. Сол мезетте арыстан қаһарланып: «Ой, пасық-ай! Айтқан сөзің қате, ақылың кем екен, уәдеге берік болудан, біреуге мейірбандық істеу дегеннен тым аулақсың-ау, сірә! Сенің маған мұндай сөзбен келуіңнің жөні жоқ еді. Менің түйеге тимеймін деп уәде беріп, жасасқан

шартымды білмейтін бе едің? Садақа берген жан сол садақасы қаншалықты мол болғанымен жарылқай алмайды, ал үрейі қашқанды қорғаудан және оның қанын төкпеуден мұның бағасы әлдеқайда зор ғой, сен осыны да білмеуші ме едің? Мен түйені қорғап едім, енді оған екі сөйлеп, опасыздық істей алмаймын», - дейді.

Сонда құзғын: «Мен патшаның айтқан сөзін түсініп-ақ тұрмын. Бірақ бір жан құрбан болса шаңырақты сақтап қалады, бір шаңырақ құрбан болса ұлысты сақтайды, ұлыс құрбан болса қалаларды сақтап қалады, ал басына мұқтаждық төнсе патшаны қала болып қорғайды. Патшаны өзінің шартынан тайдырғым келіп тұрған жоқ. Опасыздықтың ауыртпалығын мойнына артпаймыз, әйтеуір, бір есебін тауып, патшаның міндетіне де нұқсан келтірмей, өзімізге керегін іске асырмақпыз», - деп түйеді. Арыстан осы арада үндемей қалады. Құзғын өзінің жолдастарына ұшып келіп: «Мен арыстанмен сөйлестім, ол пәлендей, түгендей етіп шешті. Алайда түйені өзі жайратуға қарсы, өлтір деп жарлық бергісі келмейді, - сонда не амал істеу керек?» - дейді.

Жолдастары оған: «- Бұл жөнінде біз тек сенің ақыл-айлаң мен тәжірибеңе сенеміз», - дегенді айтады.

Құзғын тұрып: - Тапқан жобам мынау: бәріміз түйемен бас қосып, арыстанның әл-жайын, аштығын, басына түскен күйзелісін және оны қалай да аман сақтап қалуға міндетті екенімізді айта келіп: «Ол бізге дәйім қайырымдылық көрсететін еді, қамқоршымыз болып еді. Егер осы қарсаңда бізден жақсылық көрмесе, оған қатер төнеді де, ол бізді жақсылықты білмейтін жексұрын, опасыздарға балайды ғой. Жүріндер, арыстанға барып, оған біздің борышты екенімізді айталық, бізге көрсеткен мейірбандығын, өзінің дәуірі жүріп тұрғанда асырағанын, міне енді ол біздің көмегімізді керек ететінін сөйлеселік, біз шамамыз келгенше оған жәрдемші болуымыз керек екенін айталық, аз да болса сый көрсеткеніміз мақұл делік, ал егер еш нәрсеге шамамыз келмесе, онда өзімізді соның жолына құрбан етелік», - деп соғалық. Сонан соң әрқайсымыз түрегеліп: - Уа, патшам! Жаным құрбан, мені же, аштан өле көрме! - деп қақсалық. Ал қалғандарымыз оны қорғап қалу үшін дәлелдеп қарсы пікір айталық, сөйтіп арыстан да, біз де

аман қаламыз әрі оның міндетінен де ада-күде құтыламыз»,
- дейді.

Олар осыған келісті, оны түйе де мақұлдады. Бәрі бірігіп арыстанға келгенде бірінші болып құзғын сөйледі, сонда ол: «- Уа, патшам! Саған өмір сүру керек, сенің жолыңа біздің құрбан болғанымыз жөн. Сенің арқаңда ғана өмір сүріп жүрміз, мұнан кейін де осылай болмақ, бізден соңғылар да дәл осылай етер деп үміттенеміз. Егер де сен қаза тапсаң, онда ешкім де аман қалмайды, сен жоқта бізге жақсылық та жоқ, өтінемін, тақсыр, мені жеп өзіңе талшық етші! Егер осылай істесең өзімді бақытты санар едім!» - деді. Сол жерде қасқыр мен түйе және шибөрі үшеуі құзғынға қарап: «Жап аузыңды! Қайдан шыққан немесің? Патша сені жеп қарық болмақ па?» - деп бәрі дүрсе қоя берді. Сонда шибөрі: «Патшам мені жесе тойынады»,
- деп салды. Енді қасқыр мен түйе және құзғын үшеуі: - Ішек-карныңның иісі мұңкиді, етің де сасық. Егер патша сені жесе, сасық иістен шошынып, ауруы ұлғайып, қаза табар деп қорқамыз, - деп қосарланды. Осы кезде қасқыр тұрып: «Менің өтім ондай емес қой! Патшам мені жесін!» - деп қалды. Құзғын мен шибөрі және түйе үшеуі: «Кімде-кім өзін-өзі өлтіргісі келсе, қасқырдың етін сол жесін, оның етін жеген жан иіс тигендей болып ауырмақ», - дегенді айтты. Осы бір кезеңде түйе ойға түсті, егер осылай айтсам, онда мыналар бір есебін тауып, уәж айтып мені де аман сақтап қалатын шығар деп ұқты, сөйтті де түйе: «Уа, патшам, менің етім дәмді, әрі жағымды, патшаны тойындыруға да жетеді», - дегенді айтты. Сол жерде қасқыр мен құзғын және шибөрі үшеуі бірдей: «Сен шын сөйлейсің, ниетің адал, айтқаның да бізге бұрыннан мәлім», - деп түйді. Сонымен барлығы жабылып түйені жайратты да тастады.

- Мен саған арыстан мен оның достары жөнінде осы нақылды айтқан себебім, егер олар өзара келіссе, онда менің түбіме жетпей қоймайды. Арыстанның ойы мен туралы басқа болғанымен, жауыздық, шынында да, солардан келуге тиісті, тіпті арыстан маған жақсылықтан басқа еш нәрсе ойламаған күнде де мен аналардан құтыла алмаймын. Бұрынғылардан қалған сөз бар: - Әкімнің ең жақсысы топты бүркіт төнген өлексеге ұқсамайды, ол жалғыз бүркітті айнала қоршаған жемтіктер сияқты, - деген ғой. Егер арыстанда маған деген

мейірім мен махаббаттан басқа еш нәрсе болмаған күнде де, оны мына даттаушылар қобалжытпай тынбайды, өйткені әлгі даттау қайталанып айтыла берсе, нәзік сезім мен әйенкестіктің орнын зұлымдық пен өрескелдік келіп басады. Сен аңғарған жоқ па едің, су сөзден жұмсақ, ал тас жүректен қатты болады, бірақ егер су ұзақ тамшыласа, қатты тасқа дақ түсірмей қоймайды, - деді.

Димнә: «Сен енді не істемекшісің?» - деп сұрағанда.

Шатраба: «Жекпе-жек сайысудан басқа ештеңе қалған жоқ сияқты. Тәңірісіне үздіксіз жалбарынған жан да, дұға оқып мол садақа беруші де, өзіне тыйым салған тақуа да, - бәрі де мына жазықсыз адамның жанын ортаға салып, өз басын қорғап бір сағаттай болса да арпалысқанындай сыйлыққа не бола алмайды екен. Кімде-кім өзінің жанын қорғап арпалысқанда, жеңсе де, жеңілсе де бәрібір, оның табысы мол, атағы зор екен», - деді.

Димнә: «Мен дәл осылай деп ойламаймын. Шарасы әбден таусылып, лажы құрығанда ғана дұшпанмен арпалысқан жөн. Әзірлігі болмаса арпалысу - есуастық әрі ұшқалақтық. Әсіресе осындай асығыс қимылдаған жанды дұшпаны жеңіп кетсе, тіпті оның барлық дәлелдерін ескергеннің өзінде де, оны ақымаққа балайды. Ал егер оны дұшпаны өлтіріп кетсе, ол күнәға батады да, азабын ақыретте тартады. Айтылған сөз бар: жексұрын, әлсіз және көзге қораш көрінсе де, дұшпаныңды елемей кетіп жүрме, бұл жерде қуақы сұмды сөз етпейміз, өйткені ол қай кезде де дұшпанын еркіне қоймай билеп әкетеді ғой, - деуші еді. Ендеше, өзі күшті әрі батыр арыстан жөнінде не істеу керек. Әлсізді елемеген жан Тытава құс арқылы теңіз Күзетшісіне кезіккен тағдырға ұшырайды», - деді.

Шатраба: «Ол қандай уақиға?» - деп сұрағанда.

Димнәнің айтқан нақылы мынау еді: Тытава атанатын теңіз құсы өзінің мекиенімен бірге теңіздің жағасында тұрыпты. Жұмыртқалайтын уақыты таянған кезде мекиені қоразына: «Маған жұмыртқа салатын мезгіл жетті, сен бір қауіпсіз қағаберістен ыңғайлы орын ізде», - депті. Сонда қоразы: «Ол орын дәл осы жер болсын. Бұл жерден бізге керек тамақ та, су да жақын болады және бұл түс басқа жердің бәрінен де біз үшін қолайлы»,—дегенді айтыпты. Мекиені: «Жарайды, сенің дегенің болсын, бірақ менің бұл жерге сенімім жоқ, егер теңіздің суы

толқыса, біздің балапандарымыз суға кетуі мүмкін», - депті. Қоразы: «Қажырлы күзетшісінен қорқатын теңіз, бізге қарсы осындай есуастыққа барады деп ойламаймын», - депті.

Мекиені: «Сенің осы сөзіңнен өткен есуастық бар ма екен, сірә! Сен ұялмай теңізді қорқытпақшы боласың. Өзіңді өзін білесін ғой, өзін танымауға келгенде адамнан ешкім өтпейді деп, сен тауып айтушы едің. Менің сөзіме құлақ ас, зиян шекпей тұрғанда біз осы арадан кетелік», - депті. Қоразы мекиеннің бұл сөзін елең қылмапты, қаншама айтса да өз дегенінен қайтпапты. Сонда мекиені: «Кімде-кім жолдастарының, достарының айтқанына құлақ аспаса, онда жаны ашыр досының тілін алмаған бақаның аяғын құшады», - депті.

Қоразы: «Ол қандай уақиға?» - деп сұрағанда. Мекиеннің айтқан нақылы мынау болды: - Өткен заманда екі үйрек пен бақа бір бұлақтың жиегінде тұрыпты. Осындай көрші болғандықтан олар достасып жүріпті. Бір кезде әлгі бұлақтың суы тартылып, құрдымға айналыпты. Үйректер судың тартылғанын көріп, бұл арадан кетуге бет алыпты. Олар бақаға қоштасқалы келіпті де: «Қош аман бол, біз кетіп барамыз», - депті. Бақа: «Судың тартылуы, әсіресе, мен бейшараның соры, өйткені сусыз тұра алмаймын ғой. Ал сендер қалаған жерлеріңде өмір сүре аласыңдар, қайда барамын десеңдер де ерік өздеріңде. Мені мына ауыртпалықтан құтқарыңдар, өздеріңмен бірге ала кетіңдер», - деп жалыныпты. Үйректер: «Біз сені мына шартымызды орындасаң ғана өзімізбен бірге алып кете аламыз. Мысалы, жоғарылай ұшып аспанға көтерілгенде, адамдар көріп дауыстаса, сен оларға үн қатушы болма», - депті. Көлбақа үн қатпауға уәде беріпті. Бірақ сендер мені қалай алып барасыңдар деп сұрапты. Олар: «Сен шыбықтың ортасынан тістеп аласың, сол кезде екеуміз екі ұшынан ұстап сені жоғары көтереміз», - депті. Көлбақа осыған келісіпті де, үйректер оны көтеріп жоғарылатып алып ұшыпты. Бұларды жердегі адамдар көріп, бір-біріне айқайлап: «Мына ғажайыпқа қараңыздаршы, көлбақа екі үйректің арасында аспанда ұшып бара жатыр», -деп шулапты. Көлбақа мыналардың таңданған үнін естіп айқайлап жіберіпті: «Иланı тәңірім сендердің көздеріңді көр етсін депті. Аузын осылайша ашуы-ақ мұң екен, көлбақа жерге түсіп, жан тапсырыпты», - деді. Тытава: «Мен сөзіңді

тыңдап, әбден түсіндім, алайда сен теңізден қорықпашы», - депті. Сонымен мекиені осы араға жұмыртқа салыпты. Теңіз Күзетшісі мына Тытава қораздың сөзін естіп, теңіздің суын толқыта көтеріп, балапандарын ұясымен ағызып алып кетіпті, сөйтіп олар көзден ғайып болыпты. Мекиені балапандарының жоғалғанын көріп, қоразына қарап: «Мен алдын ала біліп едім, сенің өзіңді өзің білмейтінің басымызға пәле болып жабысты. Көрдің бе, қандай зауалға тап болдық?» - депті. Қораз Тытава: «Мен алғашында айтып едім енді ақырында да соны тағы айтайын, егер бізге қарсы теңіз есуастық істейтін болса, онда ол менен көресісін көреді», - депті. Ол батырсынып достарына барыпты, теңіз Күзетшісінен көрген қорлығын айтып, мұңын шағыпты. - Сендер менің бауырымсыңдар, туысымсыңдар, жәбірлеушілерімді құдалағанда иек артатын сүйенішім де сендер. Маған көмектесіңдер, ара түсіңдер. Бүгін менің басыма түскен күй ертең сендердің бастарыңа да түсуі мүмкін ғой,- депті. Олар: «Жарайды, біз сенің көмекшің-ақ болайық, бірақ сонда біз теңізге қарсы қандай айла істей алмақпыз?» - депті.

Сонда Тытава: - Жиналыңдар, құстардың бас қосқан жеріне баралық, теңізден көрген зәбірімізді соларға айталық: «Сендер де біз секілді құстарсыңдар, бүгін біздің басымызға түскен ауыртпалық ертең сендердің бастарыңа да түсуі мүмкін» делік. Сөйтіп, қораз Тытава барлық құстарды бір жерге жинапты да, басынан кешкен уақиғасын шертіпті. Сонда құстар: «Біз сенің көмекшіңізбіз, бірақ теңізге қарсы біз не істемекпіз?» - депті. Тытава: «Уа, жиналған құстар! Біздің камқоршымыз Анкаға[1] жалбарыналық, тынбай сиыналық, бар даусымызбен жад етелік, ол бізді аяп теңіз Күзетшісінен кегімізді алып береді», - депті. Бұлардың тілегі қабыл болып, Анка келіпті де: «Бұл неткен жиналыс, мені неге шақырдыңдар?» - деп сұрапты. Олар теңіз Күзетшісінің істеген зорлығын айта келіп: «Сен біздің иемізсің, саған ұлы дәреже берген патшаның теңіз Күзетшісінен күші басым ғой, содан тілене гөр», - деп өтініпті. Анка бұл өтінішті орындапты. Бір кезде теңіз Күзетшісімен соғысқанда Анканы қолдаған патша келіпті. Теңіз Күзетшісі Анкаға ұлы дәреже берген патшамен салыстырғанда өзінің әлсіздігін аңғарыпты, сонымен балапандарды қайтарып беруге асықса керек, - депті.

[1] *Анка – араб ертегілерінде көп кездесетін, аңыз боп кеткен самұрық тәрізді құс.*

Димнә: «Бұл нақылды айтқан себебім мынау, мысалы, қаншама күшті болғанымен, кауіпті іске ешкім де бармауы керек, өйткені ол қаза тапса, онда өз обалы өзіне демек, ал егер жене қалса, онда бұл тағдырдың жазуы дeседі. Ақылды адам соғысуға асықпайды, қулықты қолдануға оңтайлы тұрады, ен алдымен шамасы келерлік зұлымдықты жіңішкелеп іске асырады», - депті.

Бұка: «Мен енді арыстанмен соғыспаймын, онымен ашық та, жасырын да жауласпаймын, оның өз тарапынан маған бір қауіпті әрекет сезбей тұрып, бұрынғы қалыптасқан жақсы қарым-қатынаста боламын», - депті.

Димнәға бұканың әлгі айтқан сөзі «қалыптасқан жақсы қарым-қатынаста боламын» дегені ұнамапты, өйткені жоғарыда айтылғандай, арыстан өзін күдіктендіретін мінездерді бұқадан сезбесе, онда Димнәға сенімсіздік көрсетуі мүмкін ғой, - деп ойлапты. Сондықтан Димнә: «Егер сен кездескеніңде арыстанға зер салып қарай білсең, іздегеніңді сонда табар едің», - депті.

- Бұқа: «Оны қалай білемін?» - дегенде.

Димнә: «Егер арыстан саған қарағанда артқы екі аяғын астына төсеп, шоқиып отырса, кеудесін керіп, құлактарын тігіп, екі көзін телмірте қадап, саған төне қараса, аузы ашылып, құйрығымен жерді сабалай берсе, сені өлтіруге көңілінің кеткенін содан білесің», - депті.

Бұка: «Егер одан осы белгілерді анғарсам, онда ниетінің бұзықтығына, әрине, күмәнданбас едім», - депті.

Осылай арыстанды Шатрабаға қарсы, Шатрабаны арыстанға қарсы үгіттеп болған соң, Димнә енді Кәлилаға қарай жөн тартгы. Келісімен-ақ Кәлилә одан: «Ісіңнің бағыты қалай?» - деп сұрады.

Димнә: «Екеуміздің ойлағанымыздай болып аяқталуға жақын қалды. Егер бір айлакер сұм ажыратуға кіріссе, онда екі бауырдың арасындағы махаббат төзе алмайтынын ұк, оған күмәнің болмасын», - депті.

Осыдан кейін Кәлилә мен Димнә екеуі арыстанға жолығу үшін барса, есігінің алдында Шатрабаны кездестіріпті, ол да сол үйге кірмек екен. Арыстан Шатрабаны көргенде, кеудесін керіп, арткы аяқтарын астына төсеп, шокиып отырыпты да, құлактарып тігіп, тесіле карап, аузын арандай ашып,

құйрығымен жерді сабалай бастапты. Арыстанның оны тарпа бас салғалы отырғанына күмәні қалмаған бұқа, өзіне- өзі сыбырлап: «Әкімге толық сене қоймайтын досты, өне бойы оның ызалы ашуынан, көңіл күйінің құбылуынан, арада жүрген пасық жауыздың өтірік-өсегіне елігіп құйқылжуынан қауіптенген досты, жыланның көршісі деп біл! Ол түнде немесе түскі дем алатын кезінде мекеніне келеді де, жыланның өзін қашан шағарын біле алмай түршігеді немесе суда жүзіп бара жатып, қолтырауын қашан соқтығар екен деп қауіптенген кісі тәрізді болады», - деп, бұқа осыны бір толғап өтті. Бұқа осылай шешті де, егер арыстан шабуылға бет алса, онда арпалыспақшы болып әзірленіп тұрды.

Арыстан бұқаға қауіптене қарағанда, көкірегіне ұялаған арамза пиғыл бел алды. Димнә ескерткен белгілердің кейбіреулерін аңғарды да, бұқаның соғысқалы келгеніне енді күмәнданудан қалды. Бір кезде арыстан бұқаны бас салды, сөйтіп екеуі арпалыса кетті. Олар аянбай соғысты, екеуінен де қан шүмектеп ақты.

Кәлилә арыстанның жараланғанын, бұқаның қанға боялғанын көріп, Димнәға қарады: «Мына салған лаңыңды көрші өзің, ақыры қандай ауыртпалыққа, қандай жексұрын жауыздыққа соқты», - деп күйзелді.

Димнә: «Оның масқаралығы неде? Осыдан қандай жауыздық көріп тұрсың?» - деп сұрағанда.

Кәлилә оған: Арыстанның масқара болуы, бұқаның апатқа ұшырауы, әскерді еліктіріп, патша туралы оларға жүйесіз, берекесіз ой түсіруі мүмкін, міне, осының бәрі сенің тұрпайы қылығыңнан туып отыр, оны сен айлалы қулығым деп ұғасың. Сен білмейсің бе, ең тұрпайы есуастық, досын қажетсіз арпалысқа душар ету ғой, жеңіске жетер жерінде тәуекелге бел байлап арпалысқа кіріспейтін, басына келер пәледен сескеніп, былай да жеңермін деген үмітте болып сәтті мезгілді пайдаланбайтын жан болмайды. Егер сөйлесіп келісіммен тынатын істе уәзірі өз ұлығын соғыска итермелесе, жоққа арандатса, міне, бұл оның тілінен де гөрі зор жауы. Жүректің нашарлығынан тіл ауруға шалдығады, сондай-ақ ерліктің дерті де ақылдың алжасуынан туады. Егер ерлік пен ақыл бірінен- бірі ажырасса, онда арпалысқа кіргенде екіншісі болмай шықса,

біріншінін күні қараң, міне, ақылдың ерліктен артықшылығы да осында ғой. Жалғыз ақылмен де бірталай істі тындыруға болады, бірақ ақылға сүйенбей жалғыз батырлықпен ештеңе ретіне келмейді. Кімде-кім бір қулыққа беттесе, оның немен тынарын өзі білмесе, міне, онда сол адам тап сенің істегеніңді істейді. Мен сенің есалаңдығыңды, өз ақылыңа мастануыңды аңғарушы едім, әрдайым жүріс-тұрысыңа көз салып, айтқан сөздеріңді естіп, одан маған да, өзіңе де келетін зияннан кауіптеніп едім. Данышпан адам бір уақиғаға кіріспей тұрып алдын ала тексеріп зерттей бастайды. Солардың ішінен жүзеге асарына анық көзі жеткенде ғана ұмтылады, ал іске аспайтынынан қауіптеніп аулақ қашады, басын шатпайды. Бастап кірісер қарсаңда ісіңнің бетін әшкерелеп, сені кінәлаудан тоқталдым, өйткені бұл іс туралы сенімен куәсіз, көмекшісіз сөйлесуге болмайтын еді. Мұның үстіне менің сөзім сенің ізгілігіңді зорайтпайтынын, зұлымдықтан бетіңді қайтара алмайтынын сездім. Міне, енді, ақылыңның кемдігіне, қылығыңның қылмысты екеніне кезім жетіп, оның үстіне істің насырға шапқанын көріп, өз басыңның кемістігі туралы ашықтан-ашық айтқалы отырмын. Сен тек сөзіңді әрлейсің де істі былықтыра түсесің, ал осы жөнінде айтылған мынандай сөз бар: оларға - Ұлық үшін ең ауыр зұлымдық дос адамының сөзін әрлеп, істе былапыт болуы, - дейді екен. Арыстанды жел сөзбен адастырдың да түбіне жеттің, өйткені сенің ісің жақсылықпен жанаспайды. Егер игілі іспен ұштаспаса лепірме сөзден жақсылық жок екен. Сондай-ақ тәжірибесіз зерттеуден, мырзалығы жоқ байдан, опасыз достан, ниеті арам тақуадан, шын пейілмен бермеген садақадан, денсаулығы, тыныштығы әрі қуанышы жоқ өмірден де ешбір жақсылық жоқ екен. Аурудың төңірегіне қатарлап жинаған дәрі-дәрмек емес, жақсы дәрігер ғана айықтыруы мүмкін, сол сиякты сенің мына ісіңді ақылды адам ғана жөндей алады.

Есіңде болсын, оқымыстылық ақылды адамның мастануын азайтады да, ақымақтың мастануын арттыра түседі. Дәл сондай- ақ көзі бардың күндіз көрегендігі күшейеді де, жарғанаттың көруі нашарлай түседі, ақылды адамның қолы жетсе мансаптың да, құрметтің де зияны жоқ; қаншалық қатты жел тұрғанымен тауға әсері тимейді ғой, ал азғана жел тұрса теңселіп кететін селеу тәрізді, пасық адам болмашы дәрежеге дандайсып сала

береді. Бір ұлық туралы естігенім есіме түсті, ол былай еді: өзі мейірімді болғанымен уәзірлері жауыз ұлықтың мейірімінен жұртқа тиер пайда жоқ екен. Ондай ұлықты ішінде қолтырауыны бар таза сумей салыстыруға болады, өйткені қаншалықты керек болса да, тіпті жүзу білсе де оған түсуге ешбір адамның дәті шыдамайды. Патшалардың көркі мен сәні олардың мырзалығы мен кайырымдылығында, сен болсаң арыстанның қасында менен басқа әкім болмасын деп тырыстың, бірақ өзінің достарымен бас қосқан ұлық толқып жатқан теңіз тәрізді ғой. Опасыздық арқылы жақын туыс іздеу, екіжүзділікпен табысқа жету, әйел махаббатын өршіту үшін қаталдықты қолдану, өзіне зиян істеу арқылы пайда табуға тырысу, даналықты және үстемдікті күйзелмей сақтық арқылы табуға тырысу - ақымақтық екен. Бірақ осы сөздерден қандай пайда бар, осы өсиеттерден қандай нәтиже шықпақ, мен білем ғой, осының бәрі баяғыда бір адамның нұсқа айтқанына ұқсайды, сонда ол: «Түзелмейтінді түзетем деп әуреленбе, өсиет айтуға арзымайтынды өсиеттеме», - деген екен.

Димнә: «Ол қандай болып еді?» - деп сұрады.

Сонда Кәлиләнің айтқан нақылы мынау болды: - Баяғыда тауда бір топ маймыл тұрыпты. Бір күні түнде ұшып жүрген жылтырауық қоңызды көреді де, оны оттың ұшқыны екен деп шамалайды. Отынды соның үстіне үйіп тұтандырмақшы болып үрлеуге кіріседі. Жуық жерде өсіп тұрған ағаштың басына қонақтаған бір құс, мұның от емес екенін дауыстап айтады. Бірақ оның сөзіне бұлар құлақ аспайды. Әлгі құс түсіндірмек болып қастарына келеді. Сол кезде өтіп бара жатқан бір жолаушы құсқа мойнын бұрып: - Ей, қанатты жануар! Өзі тура тұра алмайтынды түзетемін деп әуреленбе және өсиетті тыңдамайтынға өсиет айтпа. Өзі тура тұрмағанды түзетемін десең өкінішті боласың. Жарылмайтын тасқа семсер сілтемейді, иілмейтін ағашты иіп әуре болмайды. Өзі қисықты түзетем деуші өкінішке ұшырайды, - дейді, алайда әлгі құс бұл адамның сөзіне құлақ аспайды. Ол жылтырауық қоңыздың от емес екенін түсіндірмек болып маймылдардың қасына келеді, сонда бір маймыл оны шап беріп ұстап алады да, мойнын үзіп тастайды.

Сені қанша үйреткен мен сол өсиеттен аз пайдаланатыныңды саған осы мысал көрсетеді. Уа, Димнә! Сен зұлымдық пен

аланғасар - жеңілдіктің душарында жүрсің, ал зұлымдықтың әсері барынша күшті болады. Осы жағдай бір жауыз бен ак көңілдің арасында болған уақиғаға үйлеседі, - деді.

Димнә: «Ол қалай болып еді?» - деп сұрағанда.

Кәлиләнің айтқан нақылы мынау болды:- Баяғыда бір жауыз бен аң көңіл жол үстінен ішінде мың қаралы динары бар әмиян тауып алады. Бұлар серік болып сауда жүргізетін еді. Әрқайсысы өз үйіне кетпекші болады. Қалаға таянып келіп, тапқан динарларын бөліскелі бір жерге барып отырады. Ақ көңіл тұрып залым жауызға: «Жарымын өзің ал да, екінші жарымын маған бер», - дейді. Залым барлық ақшаны ретін тауын өзі алғысы келеді де: «Мұны бөлмейік. Серік болу, тең болу әрқашан адалдық пен тазалықты сүйеді, сен мұнан жұмсауға керегін ғана ал, мен де сондай алайын, қалғанын жасырып тығып қояйық, керек болған кезде екеуміз келіп керегімізше алып тұрамыз», - дейді.

Ақ көңіл: «Жарайды», - деп көнеді. Олар ақшаның біразын бөлісіп алады да, қалғанын бұталары тырбиып өскен үлкен ағаштың түбіне көмеді. Кейін жолдасынан жасырынып келіп, әлгі залым ақшаны алады да, орнын көміп қайта тегістеп кетеді. Арада бірнеше ай өткен соң, аққөңіл залымға келіп: «Жұмсайтын қаражат керек болып қалды, жүр, барып ақшадан көрегінше алайық», - дейді. Олар екеуі бірге ағаштың түбін қазады, бірақ ақшаны таппайды. Сонда залым шашын жұлып, жерді сабалап, бақырып-шақырып: «Еш уақытта бөтен адамға сенуге болмайды екен, қай кезде де бауырыңа да, жолдасыңа да бейкамдық істеу керек емес екен. Осы динарды жасырынып келіп сен алдың»,

- деп жала жабады. Аққөңіл алмағанын айтып қарғанады, бірақ залым онан бетер лепіре түсіп: «Сен алмағанда, енді кім алады? Бізден басқа осы ақшаны тыққанымызды көрген біреу бар ма?»
- дейді.

Осыдан кейін залым аққөңілді ертіп қазыға барады. Өткен уақиғаны оған түгел баяндайды да, динарды осы аққөңіл- алаңғасардан басқа ешкім алған жоқ деп өкіректейді. Сонда қазы: «Осы айтқаныңды дәлелдерлік қолыңда айғағың бар ма?»

- деп сұрағанда, Залым:

- Иә, бар. Менің куәм түбіне ақша көмілген ағаш! - деп жауап береді. Ағашты куәға тартқанына танданып қазы оның

сөзіне сенбейді. Өзін кепілге алатын кісіні іздеттіреді, ал кепілге алушы келген кезде, қазы соған бетін бұрып: «Сен мынаны ертең ертіп кел, сонда әлгі өзі айтқан ағаштың куәлігін біздің алдымызда әйгілесін», - дейді.

Залым үйіне келіп, барлық болған істі әкесіне айтады: «Уә, әке! Менің ағашты куәға тартқаным, онда еске аларлық бір белгі бар екенін байқап едім. Мен бұл ойымды іске асыруда сені медет тұтамын. Егер көнсең барлық ақша бізде қалады, тағы аққөңіл-алаңғасардан да осындай соманы өндіреміз», — дейді. Сонда залымның әкесі: «Сен маған не істе дейсің?» - деп сұрайды. Залым. «Мен әнеукүні ақшаны жасыру үшін бұтағы калың біткен, бір жуан ағашты таңдап алып едім, көлденең жан байқамайтын, сол ағашта бір кісі сыятын қуыс бар еді. Мен осы ағаштың түбіне көмілген ақшаны жасырынып барып ұрладым да, мына аққөңіл-алаңғасарға сен алдың деп пәле салдым. Енді тілегім, сен түнде бар да, сол ағаштың қуысына кіріп отыр, қазы келіп ағаштан куәлік сұрағанда, қуыстан үніңді шығарып: — Ақшаны алаңғасар алған, — деп қақсай бер», - дейді. - Залымның әкесі тұрып: «Ой, сұм балам-ай! Кейде қулық мына жабайы үйректің басынан өткен уақиға тәрізді, сол қулық істеушінің өзін пәлеге кіріптар қылушы еді», - дейді.

Залым: «Ей, әке! Ол қандай әңгіме?» - деп сұрағанда, әкесінің айтқан нақылы мынау болды: — Баяғыда бір үйрек пен жылан көрші тұрыпты. Үйрек балапандарын шығарған заматта, жылан келіп оларды жеп қоя беріпті. Үйрек бұл мекеніне әбден бауыр басыпты, сондықтан тастап кетуге қимайды, ал жыланның мына қылығына да қатты назаланатын болса керек. Үйректің осындай ауыр жағдайға душар болғанын естіп, шаян келіп одап: «Сен неге күйзеліп тұрсың?» - деп сұрапты. Үйрек басынан кешкен жағдайдың бәрін баяндап өтіпті. Сол жерде шаян: «Жыланнан қалай құтылудың амалын айтайын ба?» -депті. Үйрек:

«Ол қандай амал?» — деп сұрағанда, Шаян оған қарсы алдындағы інді нұсқап: «Мынау інді көресің бе? Атжалман осында тұрады, ол жыланның жауы. Балықты молырақ жинап әкел де, жыланның інінен атжалманның ініне дейін шұбалта шашып тастай бер. Атжалман балықтардың бірінен соң бірін жеп кеулей барып, жыланның ініне жетеді де, оның өзін

өлтіреді», - деп ақыл беріпті. Үйрек дәл осы айтқанын істепті. Атжалман жыланның ініне таяна беріп, оны да өлтіріпті. Осыдан кейін атжалман әдеттеніп алып, балықты іздеп осы араға келе беретін болыпты, - сөйтіп жүріп үйректің ұясына кездесіпті де ақырында үйректі де, оның балапандарын да жеп тыныпты,

- деп жауап берді.

- Мен бұл нақылды саған әдейі айттым, өйткені орынсыз қулықтың кейде өзіне тиетін зардабы сенің басқа біреуге істемек болған зәбіріңнен анағұрлым ауыр екенін ашып көрсеткім келді. Сонда залым: «Бұл нақылдың төркінін түгел түсіндім. Бірақ бұдан қорықпа, сенің ойлағаныңнан гөрі бұл көп жеңіл»,

- депті. Сонсоң шал баласына еріп ағашқа келіп, қуысына кіріп отырыпты. Келесі күні қазы мен залым және аңкөңіл- алаңғасар үшеуі ағаштың түбінде бас қосыпты. Қазы: «Сенің берер куәлігің бар ма?» — деп ағаштан сұрапты. Шал ағаштың қуысында отырып: - Иә, бар. Ақшаны алған аққөніл-аланғасар,

- деп тіл қатыпты. Мына жағдайға қазы қатты таңданыпты да, сенгісі келмей, осы ағаштың ішінде біреу отырған жоқ па деген ой келіпті, сөйтіп тұрғанда ағаштың қуысына көзі түсіпті. Әрі- бері үңіліп қараса да еш нәрсе көрінбепті, өйткені шал қуыстың көрінбейтін қалтарысына тығылып қалса керек. Сол арада қазы отын жидырыпты, түтіні ағаштың қуысына кіретіндей етіп от жақтырыпты. Залымның әкесі бір сағаттай төзіп отырыпты да, сонсоң әлсіреп бара жатқанын сезіпті, қысылғанда жұртты көмекке шақырып ышқына айқайлапты. Қазының бұйрығы бойынша қуыстан суырып алса, шал өлуге таянған екен. Сонда қазы залымның жазығын мойнына қойып, ақшаны төлетіпті. Сөйтіп, залым өлген әкесін арқалап қайтыпты, аққөніл- алаңғасар ақшасын алып үйіне кетіпті, - деді.

- Менің бұл нақылды айтқан себебім жала жауып қастық істеушінің, көбінесе өзі алданатынын ескерткім келді. Ей, Димнә! Сен залымсың, өтірікшісің және әулекісің, міне осы үшеуі де өз басыңнан табылады. Аярлығыңның жемісін теріп жеп, мәз болып тұрсың, бірақ мастанба, ешқайда қашып құтыла алмайсың, сендейлердің бәрі де түбі осы тағдырға ұшырайды. Сен екіжүздісің, әрі ылғи екі сөйлейсің. Теңіз суы өзеннің теңізге құйған жерінде ғана тұщы болады, әзәзіл жан бұзуға кіріспесе достың сонда ғана берік болады, бауырлар

арасындағы бауырмалдық та екі сөзді адам кіріспесе ғана ұзақ дәурен сүреді, екі сөзділер жылан тәрізді келеді, өйткені оның да екі тілі бар, ал сенің сөзіңнің әсері де нақ жыланға біткен удың әсеріндей. Тіліңнің уы әсерін тигізе ме деп, мен де үнемі қорқатын едім. Мен данышпандардың мына өсиетін есте тұтамын, - тіпті туған бауырың, жолдасың немесе досың болса да, бұзық адамнан аулақ жүр дейді екен. Арсыз дос жылан тәрізді, иесі оны еркелетіп асырайды, бірақ ол әлгі иесін шағып, қаруын қайырады. Бұрынғылар айтқан екен, ақылды мен ақ пейіл жанның соңына ер, мінезі жаман болса да ажырама, солармен достас, оның жаман қылығынан сақтан да ақылын пайдалан, тіпті ақылы жөндем болмаса да ақ пейілмен достығыңды үзбе, оның ақ пейілін пайдаланып, өз ақылыңды оның пайдалануына мүмкіндік жаса, ал шамаң келгенше пасық есуастан қашып бақ, деген екен! Маған да сенен аулақ жүру керек тәрізді, сенен жақсылық күтуге болмайды, өйткені өзіңе сый-құрмет көрсеткен патшаңа не істеп отырсың? Сен бір саудагер айтқан мына сөзге ұқсайсың: Бір жердегі егеуқұйрық жүз манн[1]темірді жеп қойды десе, сол елдегі пілді қаршыға көтеріп алып қашыпты дегенге қарсы болма! - депті.

Димнә: «Ол қалай болып еді?» - деп сұрағанда.

Кәлиләнің келтірген нақылы мынау болды: «Пәлендей жерде дәулеті шағын бір саудагер тұрыпты деседі. Ол байлық іздеп бөтен жұртқа жүрмекші болыпты. Оның жүз манн темірі бар екен, оны бір танысына сақтай тұр деп табыс етіпті де, өзі сапарға аттаныпты. Біраз уақыт өткеннен кейін қайтып келіп, тапсырып кеткен танысынан темірін сұрапты, сөйтсе бұл жоқта темірді сатып жіберіп, ақшасын өз керегіне жұмсап қойыпты. Сондықтан танысы тұрып, теміріңді үйімнің қасына үйіп қойсам, мына егеуқұйрықтар жеп кетіпті», - деген сылтау айтыпты. Осы арада саудагер: «Ия, солай, темірге дегенде егеуқұйрықтың тісінен өткір зат жоқ екенін мен баяғыда естігем. Құдайға шүкір, әйтеуір, өзің аман қалыпсың, уайымдай қоятын бұл онша үлкен әрекет емес қой», - дей салыпты. Саудагердің мына сөзін естігенде, ол қатты қуанып: «Бүгін біздікіне келіңіз, бірге отырып ішелік», — депті. Саудагер келуге уәде етіпті де,

[1] *Манн – салмақ өлшеуі – екі килограмға жуық, оның мөлшері әр дәуірде әр түрлі болса керек.*

шыға бере жүгіріп жүрген оның жас баласын көріп, қолына көтеріп алып, өз үйіне тартыпты. Баланы жасырып қойыпты да, танысының үйіне қайта келіпті. Ол баласын таба алмай, зар қағып, жылап-еңіреп жүр екен. Сол арада ол саудагерден: «Менің баламды көрмедің бе?» - деп сұрапты. Саудагер: «Қазір осы сенің үйіңе таянған кезімде бір қаршығаның баланы көтеріп алып ұшып бара жатқанын көрдім. Сол, сірә, сенің балаң болмаса игі еді», - депті. Сонда әлгі кісі айқай салып: «Ой, сұмдық-ай! Қаршығаның баланы алып қашқанын кім естіп білген?» - депті. Саудагер жұлып алғандай: «Егеуқұйрығы жүз манн темірді жейтін елде бала тұрмақ пілді де қаршыға алып қашты дегенге сенбеу қиын шығар! Бала дегеніңіз бұйым ба, тәйірі», - депті. Сонда танысы: «Темірді мен жеп едім, рас у жұтқан екем. Енді баламды өзіме қайтар да, теміріңді өзің ал», - депті.

- Мен саған бұл нақылды әдейі келтірдім, сен мынаны есіңе тұт: Өзіңнің жарылқаушың әрі сүйенішің патшаңа осылай істегенде, соңынан баскаларға да осыны істейсің ғой, сондықтан ақылды адам, мейлі кім болса да, ол сенен жақсылық күтпейді. Мен енді түсіндім, сен игі ниеттің адамы емессің. Опасызға көрсеткен махаббат, жауызға істеген жақсылық, тыңдамайтын жанға үйреткен тәлім-тәрбие, сенімсіз-уәдесіз адамға айтқан сыр осының бәрі боска кеткен пайдасыз еңбек екен. Табиғатымның құйкылжып құбыла беруіне күмәнданбаймын, өйткені ащы жеміс өсетін ағашты балмен, не маймен майласаң да оның жемісі ащы күйінде қалмақ. Сенімен достасып жүріп, мен өзімнің игі ақылым мен мінезімнен айрылып қалам ба деп қорқамын, өйткені жақсы адаммен дос болсаң, жақсылыққа кезігесің, ал зұлыммен достасу талай пәлеге ұшыратады ғой. Бұл жағдай жел тәрізді — сасық заттың үстінен өткен жел сасық иісті таратып мүңкітеді, ал егер ол хош иістің үстінен өтсе оны өзімен бірге ала кетеді. Енді осы сөзімнің ауыр салмағы саған жеткен болар. Кем ақылдылар даналарды әрдайым ақымақ деп санайды, арамзалар мейірбан жанды даттайды, ал өзі қисықтар достарының түзулігін сезбейді, - депті.

Кәлиләнің сөзі осыған жеткенде, арыстан бұқаны өлтіріп тынды. Бұқаны өлтіріп ашуын басқан кезде, арыстанға өкініште ой түсті, істегенін ауырлап ол өзіне өзі: бұка әрі ақылды, әрі

жүректі еді ғой. Мүмкін айыпсыз да, жазықсыз да болар, әлде орынсыз жазаладым ба екен? Енді күйінгенмен болған іс қайта қалпына келмес, - депті. Арыстан әрі мұңайып, әрі өкініпті. Димнә арыстанның мына халін көріп, Кәлиләмен сөзін тоқтатып, оған таяу келіпті де:- Уа, патшам, неліктен мұнша мұңайдың? Тәңірім білегіңе күш беріп, дұшпаныңды апатқа ұшыраттың ғой, - депті.

Арыстан: «Мен бұқаның ақылын, ак ниетін ойлап қамығам; оның менімен достығын, ерекше қасиеттерін еске алып толқимын да күйзелемін», - деп мұңын шертеді.

Димнә: «Уа, патшам, оны аяма! Ақылды адам, өзіне залалы тиетін, кауіпті дұшпанын аямайды. Саналы патша кейбір адамды ұнатпай жек көреді, бірақ кейін ұнатпауын қойып, оны ақыл-есінің дұрыстығына қарай өзіне жақындатып әмірші етіп сайлайды.

Мысалы, ауруына шипа боларын көздеп кейде адам өзін күштеп жексұрын, сүйкімсіз дәріні ішеді. Кейде ол біреуді жақсы көріп, құрмет көрсетеді, бірақ кейін онан сескеніп, сақтық істеп, орнынан алып, өзінен аулақтатады. Саусағын жылан шақкан адам, сақтану ретінде, барлық денесіне жайылмау үшін сол саусағын шауып тастайды ғой», - деп соғады.

Арыстан Димнәнің сөзін мақұлдады. Бірақ патша бұқаның ісі жөнінде және осымен қатар Димнәнің ол туралы айтқан өтірік-өсегіне де тексеру жүргізді. Арыстан Димнәнің сүйкімсіз ісін, өтірік жаласын анықтады да қатал жаза қолданып, ұрып өлтірді. Бірін-бірі жақсы көрген екі досқа қиянат жасап, опасыз өтірікшінің айырғаны туралы хикаяның мән-жайы осылай еді.

ДИМНӘ ІСІНІҢ ТЕКСЕРІЛУІ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ ҚАРА БАСЫНЫҢ ҚАМЫН КӨЗДЕП, БАСҚАҒА ҚИЯНАТ ЖАСАМАҚШЫ БОЛҒАН АДАМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІСІНІҢ НЕМЕН ТЫНҒАНЫ ЖАЙЫНДА

ПАТША философқа қарап: «Қаскүнем зәлімнің әзәзілдігі жайлы оның аққа қара жағу арқылы шынды өтірікке айналдырғаны, сөйтіп екі тату-тәтті жанды шақ-шақ қып жауықтырғаны жайлы әңгімеңді тыңдап өттім. Енді хош көрсең, Димнәнің күнәсін арыстанның қалай біліп қойғанын, міне сол үшін оны өлтіргенін және Димнәнің қылмысынан танып, қалай ақталмақ болғанын айт», - деді.

Сонда философ Бейдауа: - Димнәнің уақиғасын баяндайтын кітаптардан біз мынаны кездестірдік: Шатрабаны өлтіргеннен кейін, арыстан оның өзімен достығын, жасасқан шартын есіне түсіріп, асығыстық істегеніне өкінді. Арыстан әскерінің ішінде бір қаблан болушы еді, ол басқа достарының бәрінен де ең құрметтісі әрі қызмет бабында ең жоғары мәртебелісі еді. Басқалардан гөрі арыстан онымен күндіз де, түнде де ұзақ оңаша отырып сұқбат жасайтын. Шатраба өлгеннен кейін уайым-қайғыдан сергу үшін, достарымен түнде ұзақ отырып арыстан әңгімелесуді шығарды. Бір күні түнде осындай бір әңгімеге қаблан да қатысты. Түн ортасы едәуір ауған кезде, ол арыстанның қасынан шығып, үйіне қайтты. Арыстан үйі Кәлилә мен Димнә үйінен онша қашық емес еді. Қаблан да олармен ашына болатын, үйіне апарып от тұтату үшін тамызық ала кеткелі сонда кірді.

Қаблан үйге таянған кезде олардың сөйлесіп отырған даусын естіді де, тыңдай қалды, қыбыр етпестен тұрып олардың сөзін түтел есітті. Оның негізгі ұққаны мынау болды: Димнәнің ісі мен ниетінің жамандығын, күнәсінің ауыр екендігін және опасыздығын Кәлилә бетіне басып отыр екен. Сонда Кәлилә өз айтқанын дәлелдеу үшін бір сөзінде:- Сен арыстан мен бұқаның арасына лаң салдың, бұрынғы қалыптасқан махаббат пен достықты бұздың, оның орнына өшпенділік тудырдың,

жауластырып екеуін ажыраттың, бұл тұрақтылықтың жоқтығы, ұждансыз пасықтығың, дәл осы мінезің өз ісіңе айғақ болып арыстанның көзін ашпақ. Сонымен сен де қысымға түсесің, ал оның нәтижесі ауыр болар да, ащы азап шегерсің. Опасыздық әр кез жұмсақ басталып, дамыған сайын дәмі жақсарады, бірақ жемісі ащы болады, жары тіп-тік, ернеуі тайғақ келеді. Маған сенен аулақтау керек, екеуміздің арамыздағы достық осымен бітсін, өйткені сенің жауыздығың және опасыздығың маған да лаңын тигізіп жүрмесін. Данышпандар айтқан екен: -өз басыңа сенімсіздік тумасын десең күдікті адамнан аулақ жүр, - деп. Міне, мен енді сенімен достықты доғардым, әрі сенімді, әрі адал уәзірімен патшаны жауластырған сенің зұлымдығың бірінен-бірін ажыратты, ендігі жерде мен де сенен аулақ жүрмекпін. Сен ақ істі көлеңкелеп, өтірікпен бүркемеледің, ақырында, жауыздық тудырып, пәлеге душар еттің, айыбы жоқ жазықсызды өлтіріп тындың, - дегенді шертіп өтті.

Димнә: «Болар іс болды, қайта оңалып орнына келмейді. Сен енді мені де, өзіңді де қыспаққа салма, онан да арыстанның жүрегіне түскен қаяуды білтелеуге тырыс, өйткені өзіме де осы ісім жексұрын-ақ, маған мұны істеткен кызғаншақтық пен ашқаратық қой», - деп сөзін түйді.

Қаблан мына сөзді естіген соң ептей аяңдап, аяғын асыға басып арыстанның шешесіне келді. Мына сырды не арыстанға не басқа біреуге ашып-шапшайтын сертті сөзін алды да, уәделесіп болған соң, Кәлиләнің не айтқанын, оған Димнәнің қалай мойындағанын түгел баяндады.

Ертеңгісін анасы арыстанға келсе, ол қайғыға батып, жабығып отыр екен, сонда шешесі: «Уайымдағанмен өткен іс оңалмайды, одан пайда жоқ. Қайғыны да құртып, жаныңды жегідей жейді. Құдайға шүкір, сенің тәжірибең мол, істің түрлі құбылысын, қалтарасын аңғара білесің. Егер қайғырудың іске себі болса, онда бізге де қайғы жүкте, ал қайғы арқылы өткен іс жөнделмейтін шақта, одан аулақ бол да, ұтымды жағын қарастыр. Шатраба туралы өзіңе жеткен хабарды тексертсең, шындық пен өтірікті айыру саған қиын емес қой», - деді.

Арыстан: «Оны мен қалай істеймін?» - деп сұрағанда.

Арыстанның анасы: «Данышпандар айтқан екен: Кімде- кім досы мен қасын ажыратқысы келсе, олар туралы естігенін

ой талқысына салып, өз жүрегімен сырлассын», - деген екен. Өйткені өзің басқаға қандай болсаң, олар да саған сондай көзқараста болады. Адамның өзіне карсы шығатын айғақтың ең күштісі өз жүрегі той, өз жүрегің өзіне қайшы келіп тұр, бұған қарағанда сен бұл іске ұғынбай кіріскен екенсің. Біле-білсең негізгі қатең осы, егер сен бұка туралы өзіңе жеткен хабарды ішіңе сақтап, ашуыңды басып, терең ойлансаң, жүрегіңе жүгінсең, міне сонда оның өтірік екенін әлгі өз жүрегің-ак дәлелдеп берер еді. Өйткені бірінің құпия сырын бірі ашуына келгенде, дүниедегі барлык жүректің қабілеті бірдей. Өзіңнің бұқаға істеген қылығыңды жүрегіңдегі құбылыспен салыстырып байқашы, сонсоң бұқаның қылмысымен жүрегіңнің ол туралы нендей күй шертетінін өлшеп көрші, сонда не болып шығар екен, - деді.

Арыстан: «Бұқа өлгеннен кейін мен көп ойландым, оның бірлі-жарым жазығын тапсам ашуыма орын беретін кінә болар ма екен дедім, жоқ, таба алмадым, қайта ойланған сайын жақсы қасиеттері әйгіленіп, менің сүйіспеншілігім оған арта берді. Мен оның мінезінен ашуымды келтірген дәл осы дерліктей ешбір зұлымдықтың белгісін таппадым, ал оның маған қарсы шығуына татырлык мен де оған ешқандай жамандық істегенім жоқ екен. Бұл іс туралы тергеу жүргізіп анығына жетпекшімін, бұл, әрине, менің қатемді жөндей алмайды, солай болса да, бағытымның оң-терісі әйгіленуін мақұл көрем.

Сен бұл туралы не естідің, білгенің болса айт», - деді.

Арыстанның анасы: «Иә, рас мен еміс-еміс бірдеме естідім, оны нөкерлеріңнің біреуі ешкімге айтпа деп тапсырып еді. Данышпандар айтқан екен: құпия сырды ашпа, тапсырылған затты салақсынбай сақтай біл, — деген екен, осы бір себеп кесе- көлденең тұрмаса, мен саған білгенімді айтқан болар едім, онда сен пайдасыз істен тыйылған болар едің, міне, осы жағдай сенің сақтанатын адамыңды корғап тұр-ау, сірә!» - деді.

Арыстан: «Данышпандардың шешендік сөздері неше алуан, мәнісі әр қилы, жағдайына қарай өзгеріп отырады. Соның бәрін де үнемі жасыра бер демейді. Әр істің өз орны, өз мәні бар. Егер жасыру орынды болса, оны қолдану пайдалы да жақсы ғой, ал егер орнын таппаса, сол жасырудың өзі залал болып шығады да апатқа ұшыратады. Жариялайтын нәрсені

бүгіп қалу, ал жарияламайтын жерде соны жариялау; міне, бұл екеуі де зор зиянға соқтырады, мұндай кезеңде мешеулік көрсеткенді құптауға болмайды. Бұл істі жасырып, үндемей аяқсыз тастауыңа ешбір жол жоқ. Менің топшылауымша, айтқан адам өз міндетінен құтылған тәрізді, бар ауыртпалықты осыдан келер жақсылық, жамандықты саған жүктеген сияқты. Бұл сырды сен жариялауға міндеттісің, егер жарияламасаң ауыр күйзеліске ұшырайсың. Маған сырды түгел ашып айт та, арқалаған жүкті мойныңнан түсір», - деді.

Арыстанның анасы: «Мен сенің айтқаныңа түсіндім, шынында, істің мәні осылай еді. Мен орағытып ұзақ сөйлеуге мәжбүр болдым, өйткені сенің көкірегіңе мұның беріш болып жабысқанын білдім. Менің аңғаруымша, сен әрі батыл, әрі шын пейіліңмен дәл жазықтыны, арамза опасызды жазалап, сазайын әділ тартқызбақсың, сөйтіп, акиқаттың түбіне жетпекші екенсің, бұл ниетіңе кедергі жасауға болмас. Бірақ мынаны айтшы, осы сенде мен туралы күдіктену жоқ па?» - деп сұрады.

Арыстан: «Сенен ешбір қаупім жоқ, ақ ниетіңе күдіктенбеймін де. Алайда, мына құпия сырды әшкерелеуден саған келер зиянды да байқап тұрғам жоқ», - деді.

Арыстанның анасы: «Жоқ, олай емес, маған бұдан келетін үш түрлі зиян бар. Соның бірі - құпия сырын әшкерелегендіктен, соны айтқан кісімен екеуміздің арамыздағы достық жойылады. Екіншісі - сеніп тапсырған сертті бұзамын, үшіншісі - маған бұрын сенген жандар қорқады да бұдан былай сырын айтпайтын болады», - деді.

Арыстан; «Істің мән-жайы дәл өзің айтқандай екені рас. Ендеше, каламаған нәрсеңді сұрамаймын, сонда да ниетіңнің ақтығына ешқандай күмәнім жоқ. Енді сен сырдың иесін де ашпай-ақ қой, оның жасырын айтқанын да әйгілеме, бірақ уақиғаның негізгі мәнін ғана баяндап өтші», - деді.

Арыстанның анасы естігенінің нобайын келте қайырды, өзіне айтушының есімін де атаған жоқ. Қысқаша оның айтқаны мына мазмұнда еді: - Игі адамдардың арасына іріткі салатындар мына өтірікшілер, опасыздар, өсекшілер, залымдар ғой, ұлықтар мен өкімдер, міне, осылардың көзін құртсын. Жұрттың арасына іріткі салушылар алдымен қуылсын, сонымен қатар оларға көмек еткен әкімдер мен іс басындағылар қамтылатын

болсын. Сен Димнәні өлім жазасына кесуге тиістісің, өйткені зиянды істің ең үлкені екі жағдайдан туады, соның бірі - құпия сырды ашу, екіншісі - опасызға сену деген екен. Адал уәзірің, ең әділ көмекшің Шатраба еді, сол екеуіңнің араңа дұшпандықтын ұрығын сепкен. - Ол Димнәнің опасыздығы, сонын өрескел жауыздығы, түпсіз өтірікшілігі еді. Міне, енді құпия сырын анық білдің, жасырын жоспары әйгіленді, бұрын өзіне айтылған бейнесінде танып отырсың. Димнәнің жасырын сыры ашылса, жүрегінің түкпір-түкпіріндегі құпиялары актарылып әшкереленсе, міне сенің әскеріңе де, өзіңе де бейбітшілік орнайды. Істеген жазығы үшін өлім жазасына кес, әскеріңді оның содырынан корғап қал. Түзеліп кеткен күнде де бұл сияқтыларға сенім жок. Уа, патшам! Құрғақ өтінішке елігіп жазықтының күнәсін кешірер болсаң, егер осы жөнінде ойға түссең, есіңде болсын, ең ауыр қылмыс мына ашық та жасырын жүргізген Димнәнің күнәсіне жетпейді, қалай дегенмен бұл өтірік айтты, опасыздық көрсетті, өсек арқылы айыпсыз жанды, көкірегін кір шалмаған, ындыны таза уәзіріңді өзіңе шағыстырды. Сөйтіп, күншілдіктің зардабынан ол міскіннің сенімі жойылды да, патшаның тырнағына ілігіп, қаза тапты, - деді.

Сөзін онан әрі қарай білтелеп анасы тағы сөйледі, күнәкер жанға кешірім жасаудың игілі іс екенін данышпандардың уағыздайтыны да маған мәлім. Бірақ кешіруге қарайтын күнә коғамға түгел зардабын тигізбейді, оны қоғам мүшелерінің кейбір есуастары қылмыс істегенде өзіне дәлел етіп пайдаланбайды, осындай істерде патша да амал қолданады, оның қаупі жұртка тамырын жаймайды, міне, осындай күнәні ғана кешіру игілі іс, бірақ, дәл мынадай қылмысты кешіруге мүлде болмайды, - деді.

Арыстан шешесін үйіне қайырды. Таңертең әскеріне адам жіберіп, басшыларын шақыртып алды. Осыдан кейін анасын шақыртты, ең соңында Димнәні да адам жіберіп алдырды. Жиналып алдына келгенше айыпты екенін сездіріп, арыстан Димнәға қыр көрсетті. Димнә арыстанның сыр бергенін сезіп, өмірден күдер үзіп, өзімен қатар тұрған біреуге сыбырлады: «Осында бәріңіз түгел жыйылып келгендей әлде патшамыз бір уақиғаға ұшырады ма екен?» - деп сұрады. Сонда арыстанның

анасы: «Орасан зор уақиға - сенің тарихың, зұлымдықтың ең күштісі - сенің зұлымдығың, патшаны жек көруің, адал уәзірін өлтіруің, міне, осы сұрқиялығың бас қосуға себеп болды», - деді.

Димнә: «Болған іс туралы бірінші адам артына сөз қалдырды деп мен ойламаймын. Кезінде айтылған мына сөз іске асқан болар. Кімде-кім залалды істен қашса, соның қармағына, көбінесе өзі ілінеді деуші еді. Опасыздықтың әсері илахи, патша мен әскеріне тие көрмесінші! Бұл сөздің жауыз адаммен дос болғандар туралы айтылатынын да білемін, мәселен, істейтін қылықтарын біле тұрса да, зұлыммен дос болған жан оның жауыздығынан сақтанып құтыла алмайды. Сондықтан ондай адаммен қарым-қатынас жасағаннан гөрі, таулы жерде оңашада жалғыз тұруды тақуалар ұнатады екен, олар тәңіріге еңбектенуді мына оның мақұлығына істеген еңбегінен гөрі игі іс деп біледі екен. Өйткені тәңірімнің бір өзі ғана жақсылыққа жақсылықты сый ете алады. Ал егер адамға келетін болсақ, оның ісі түрлі жолмен жүреді, көбінесе онда дұрысырақ болмайды. Біреуге көмек көрсеткісі келген патша әсіресе әділдік істеуге міндетті, өйткені ол бір мұқтаждықтан немесе осы ісінің немен тынарын білмей қорыққандықтан сый көрсетпейді ғой. Патшалардың әділдікті аңсауы олардың ардақты қасиеті. Шын пейілмен айтылған кеңестен артық қандай әдемі қылық бар? Жұрттың бәріне мәлім, осы отырғандар түгел біледі, бұка мен екеуміздің арамызда қастандық тудырар еш нәрсе болған емес. Мен оған жамандық ойламадым, өйткені келер пайда-зиян жоқ еді. Мен патшаға бұка жөнінде өте әділдік білдірдім, сезіп білгенімді ғана айттым, ол менің айтқандарымның дұрыстығын іс жүзінде өзі аңғарды да сақтық істеді. Менің дұшпандарым өңшең мүттайымдар ғой, адалдығымды көре алмайды, сондықтан бәрі бірігіп мені осы бәлеге кездестіріп отыр, енді орға жығып өлтірмекші. Адалдығым үшін әрі өзіне істеген жақсылығым үшін кейін, патша мені өлтірмегеніне қынжылар деген кауіп менде болған жоқ», — деді. Димнәнің сөзін естіген соң арыстан: «Мынаны бұл жерде тұрғызбай сотқа алып барыңдар. Мұның ісіне тергеу жүргізсін, мен ақиқат пен әділдіктің бағытын аңғармай тұрып бұған не жақсы, не жаман деп еш нәрсе айтқым келмейді», - деді.

Димнә патшаға иіліп тағзым етті де: «Уа, патшам! Осы тәрізді іске ынталанып көңіл бөлу, соқырдың көзіне нұр, күнгіртке сәуле, қараңғыға жарық бергенмен тең. Ағаш пен тастың негізінде оттың бар екенін, патшам, сен білесің ғой, егер соны біреу сырттан ұрып шақпаса, тырысып еңбек істемесе, ол от жанып, пайдаға аспас еді. Егер мен кінәлі болсам, соның әшкереленуінен қорқар едім, бірақ мен өзімнің жазығым жоқтығын анық білем де, іс тексерілсе ғана ақтығым анықталар еді деп

үміттенемін. Хош иісті немесе сасық иісті зат та дәл осы тәрізді: күнбе-күн иісін мүңкітіп өзін-өзі әйгілейді. Егер осы іс жөнінде азын-аулақ жазығым болса, сол жаза тартуды патша қақпасының алдында жүріп, телміріп күтпес те едім, баяғыда-ақ бой тасалап қашып кеткен болар едім. Патшам ісімді тексерушілерге тапсырса екен, актығымды анықтайтын айғақ дәлелдерді олар әр күн патшаның өзіне хабарлап тұрса екен, сөйтіп, патшам менің бір ісімді екінші ісіммен салыстырып, өзінің мен туралы пікірін қорытса екен, маған дегенде әділдігі жоқ қаскүнемдердің күдікті айғағына сүйеніп қатеге ұрынбаса екен, міне, менің бар тілегім осы. Шынында да, бұқаның әйгілі қастандығын патша өз көзімен көрді, ал менің патшаға деген сүйіспеншілігім, қамқорлығым әлемге аян ғой, ендеше, мына жаладан арашалауға осының өзі-ақ жететін тәрізді. Орнымның төмендігіне, дәрежемнің шағындығына кім күмәндана алады. Алайда құлдық нәсіліме бағып өзімді өзім сорлатқым келмейді, менен жоғары мансапта тұрғандардың тілегін орындауға бара алмаспын, сірә. Патшаның құлы бола тұрсам да маған оның әділдігінің шарапаты тірлігінде де, өлгенде де тиер деп сенем. Ал егер патшам менің ісімді тексерушіге беретін болса, онда да жүрдім-бардым қарамасын, өзімді ақтап айтатын дәлелдерімді күнбе-күн өзіне жеткізіп тұруды тапсырсын. Егер менің дәлелім әлсіз келіп, өзіме төнген жауыздықты тойтара алмасам, тағдыр мені бақытсыздыққа ұшыратса, патшам ісімді тексермесе, тәптештеп, тергемесе, пәледен қорғамаса, жалақор зұлымдардың сөзіне иланып жазықсыз жазаласа, онда бір құдайдан басқа сүйенішім жоқ, өйткені бұл кайғыны тәңірінің өзі ғана серпілте алады. Даналар айтқан ғой кімде-кім өзіне күдікті нәрсені ақиқат деп тапса, сенуге тұрарлық затты өтірікке баласа, міне бұл адам өз құлын аймалап, құмарын қандырған

әйел секілді болады, соңынан әлгі құл әйелді алдап, масқаралап та кетсе керек», - деді.

Арыстан Димнәға бетін бұрып: «Ол қалай болып еді?»

- деп сұрағанда:

Димнәнің айтқан нақылы мынау болды: - Кашомир атанатын жерде Тасирун[1] деген кала бар екен, онда Хабал атты саудагердің сұлу әйелі болыпты деседі. Сол үйдің касында бір өнерпаз сұлу суретші тұрады екен, ол әлгі саудагердің әйелімен тамыр болыпты. Бір күні суретші келсе, әйел оған: «Сен түнде келген сайын дыбыс бермей, тас лақтырмай, тағы сол сияқты күдіктенуге себеп боларлық белгі көрсетпей үйге кіретін басқа бір амал таба алмайсың ба? Бұл екеумізге де қолайлы болар еді»,

- депті. Сонда суретші тұрып: «Осы туралы менде бір амал бар, оны сен де ұнатасың. Үстіме киетін желеңім бар, оның бір беті айдың нұры тәрізді аппақ, ал екінші беті қап-қара — түннің кою қараңғылығына ұқсайды. Ендеше, соның ақ жағы саған қараңғы түнде, қара жаты ай жарықта белгі болсын. Мен саған осы белгімен келіп жүрейін, сен мені сұрау қоймай-ақ қабылдайтын бол», - депті. Бұлар осылай сөйлеп тұрғанда саудагердің құлы жуық жерде жүр екен, барлық әңгімені түгел естіпті. Біраз уақыт өткеннен кейін әлгі құл суретшінің күніне барыпты, онымен бұрыннан өзінің жақындығы бар екен, қожасының желеңін уақытша сұрапты, бір таныс адамға көрсетіп, қайта әкелмекші болыпты. Күнінен желеңді алып киіпті де, суретші тәрізденіп барып әйелге кездесіпті. Әйел ешбір сезіктенбей, өзінің нақ сүйер досындай көріп, аймалап құмарта қарсы алыпты. Әйелмен ісін бітіргеннен кейін желеңді ол күңге әкеліп беріпті, күң оны орынына іліп қойыпты. Бұл кезде суретші үйінде жоқ екен. Түннің ортасы ауған кезде суретші үйіне келіп желеңді киіпті де, әйелге қарай жөнеліпті. Желеңді көре салып, әйел суретшіге жақындай түсіпті де: «Сенің тез қайтып оралуыңа не себеп болды, ымыртта ғана әжетіңді орындап кетіп едің ғой?» - депті. Суретші мынаны естігенде көңілі суыпты, үйіне қайта келіп, күнін шақырып алып, болған істің мән-жайын қысып сұрапты, ұрарманға келіпті. Қыз қорыққанынан шынын айтыпты. Суретші сонда істеген ісіне өкініпті де желеңді отқа өртепті.

[1] *Қаланың аты, мүлде өзгеріп кеткен, анықтауға ешбір мүмкіндік жоқ.*

Уа, патшам! Бұл нақылды мен әдейі айттым, есіңде болсын, алдамшы қулық - ол жалған, ал жалғанның түбі, соны айтушының өзін масқараға ұшыратпақ. Ей, патшам! Тіміскі бұзықтардың жымысқы тіліне еріп, айыпсыз досыңды өлтіруің дұрыс емес. Өлімнен қорыққанымнан айтып отырғаным жоқ, одан қорыққаныммен құтыла да алмаймын ғой, өмірге келген жанның ешқайсысы да құтылмайды. Егер менің көзімді патшамның шын-ақ жойғысы келсе, жүз жаным болса да, бәрін түгел ризалықпен берер едім. Ал, егер патшам, маған өлім жазасын кескенде тыныштық пен қуанышқа жететін болса, онда да ара тұрмаймын, өйткені бұл жөнінде данышпандар айтқан сөз бар. Кімде-кім қателік істеп күнәлі болса, сөйтіп адал тақуаның орнына өзін өлім жазасына қиса, осы адамның күнәсі кешіріліп ақыреттің азабынан құтылады деген ғой. Зорлық-зомбылық істеуден, қастандық көрсетіп біреуге озбырлық жасаудан, патшаның жанын тәңірім таза жаратқан, ол кесепаттың азғыруына, зұлымның айласына елікпейді, мен бұған сенем. Сонда да болса тексеру, зерттеу ісінде патшам асығыстық істемесе екен. Данышпандар айтқан ғой. Жақсы адамның кеңесін әркім қабылдайды, есалаң жан да жігерл і болса, ақылдының кеңесіне құлақ асады, сөйтіп ол ұлғайған кәріліктің де, тәжірибенің де мұршасы келмейтін бақытсыздықтан аулақ болады, - депті.

Осылайша өзін ақтай сөйлеп тұрған кезде, патша нөкерлерінің бірі Димнәнің сөзін бөліпті,- Уа, патшам! Димнәнің патшаға да ырық бергісі келмей тұр, оның ақылын да қомсынатын түрі бар-ау, сірә. Залымдығы үшін басына төнген қауіпті кейін серіпкісі келеді ғой, - депті.

Димнә: «Ой, опасыз сорлы-ай, өзін-өзі ақтаған, сірә, жазаға тартыла ма екен? Адамға өзінен жақын кім бар? Егер ақталуға өзінің талабы болмаса оған кім жақсылық ойламақшы? Мені өзімнен артық кім сүймек, немесе өзімнен басқа кімді мен жақсы көрмекпін? Даналар айтқан ғой: өзін өзі жаратпаған жан, басқаны онан бетер ұнатпайды, сөйтіп оқшаулана береді, ондай адам өтірікке бейім тұрады, ешкіммен келісе алмайды, - деген гой. Өз айтқаныңды толық түсінбейтінің мынау отырған жұртқа аян болды, оны осы сөздерің әшкереледі, тіпті тиісті корытынды шығара алмайтыныңды да анық көрсетті.

Өшпенділік пен қызғанышты меңгере билей алмағандығың аңғарылды, осы тұрғандардың ешқайсысын жақсы көрмейтінің де әшкереленді. Өзіңе де, өзгеге де жау екеніңді жұрт сөзіңнен байқап қалды. Мұндайлар тек хайуанаттармен ғана ауыл-үй қонуға тиісті. Сен енді патшаға келуші болма, қақпасының алдына жуыма! Өйткені сен күнәкәрліктен де, есуастықтан да ажырай алмайсың», — деді.

Осы сөздер айтылғанда әлгінің үн қатуға мұршасы келмеді, ұялғанынан шығып кетті. Сонда арыстаңның анасы: «Сөйлесіп тұрған кісіңді басынып, оған еркін жауап қайыруың қызық-ау, сенің! Қалай дегеніңмен, ақтала алмайсың, істеген қылмысың рас қой», - деді.

Димнә: «Менің сорыма, сен бір көзіңмен көріп, бір құлағыңмен ғана естіп тұрсың. Егер бұлай болса, барлық зат өзгеріп, тірі жан танымастай болып оңып кетпек, шындықты ашып айтушы да, оны жақтаушы да болмас еді, тек бүйрегі бұра сөйлеу ғана өріс алмақ қой. Кімде-кім патша қақпасының алдында жүрсе, оған өзі кәміл сенсе, сүйенішіндей көрсе, міне, сол адам ақиқатқа сәйкес нәрсені де, тіпті оған қарама-қарсы жәйтті де тартынбай сөйлей алады, ал патша да оған қарсы келмейді, бетін қайтармайды», - деді.

Арыстанның анасы: «Мына орасан зор қылмыс жасаған бақытсыз сорлыға, өтірікші суайтқа қараңыздаршы! Жұрттың көзін алдап, өзін-өзі ақтауын көрмейсің бе?!» - деді.

Димнә: «Сенің суреттеп тұрған адамың мен емес, ол құпия сырды бүге алмай, әшкерелейтін жан: еркек бола түра әйелдің киімін киетін, ал әйел бола тұра еркектің киімін киетін адам; өзі қонаққа келіп отырып, үй иесіне көсемсіп даурығатын жан; патшаның алдында отырып шаршы топта өзінен сұрамаған мәселеге қатысатын адам», - деді.

Арыстанның анасы: «Мүмкін сен өз жауыздығыңды білмейтін де боларсың? Ақталуға дәлелдерің жеткіліксіз-ақ, ендеше, сақтанғаның жөн ғой», - деді.

Димнә: «Зұлымдыққа құныққан жанның ешкімге жақсылық істегісі келмейді, әрі ешкімді пәледен ол қорғамайды», - деді.

Арыстанның анасы: «Ей, опасыз өтірікші! Патша өлімнен құтқара ма деп дәметесің ғой, мына сөзге сондықтан ұрынып тұрсың-ау!» - деді.

Димнә: «Опасыз өтірікшінің қастандығынан дұшпаны құтыла алмайды, қолына күш тисе болғаны, айыбы жоқ жанның да ол түбіне жетеді», - деді.

Арыстанның анасы: «Өшпенділіктен туған арамза опасыздығың әшкереленді, соны көріп отырып, мына сенің накыл, өсиеттеріңді тыңдау өте ауыр екен», - деді.

Димнә: «Қабылданатын болса өсиет айтудың да тек осы арада ғана орны бар», - деді.

Арыстанның анасы: «Ей, опасыз жауыз! Егер ұғатын болсаң, мына жауыздығың сені өсиет айтудан тоқтатар еді ғой», -деді.

Димнә: «Кімде-кім өзіне пайда ойлаған адамды қорғытып үрейлендірсе, дұшпанының қастығын әйгілеген адамға жауықса, міне осы өтірікші!» - деді.

Арыстанның анасы: «Ей, өтірікші! Сен өзіңе лайықты жазадан құтылуыңа сеніп, осынша шалқып сөйлейсің-ау», -деді.

Димнә: «Кімде-кім жақсылыққа жамандық істесе, достыққа қастық істесе, бейбітшілік орнына қорқыныш тудырса, міне өтірікші деп осыны айтады. Ал маған келсең, мен тек берген уәдемді орындадым, жасаған шартымды бұзбадым», - деді.

Арыстанның анасы: «Орындаған уәдең не, жасаған шартың не туралы еді?» - деп сұраганда.

Димнә: «Қожамның өзіне аян, егер мен шын өтірікші болсам, онда сол иемнің алдында босқа лағып, өтірікті көйітуге батылым да бармас еді гой», - деп жауап қайырды.

Өзін әбден ақтап, арашалап қалу үшін айтқан Димнәнің сөздері арыстанды жұмсартып бара жатқанын сезді, сол сөздердің кейбіреуіне ұйып қала ма деген қоркыныш биледі де анасы арыстанға қарап: - Келтірген дәлелдерін тыңдап, оған үндемей қалу, соның айтқанын ақиқатқа балаумен барабар. Бұл туралы бұрынғы данышпандар: - үндемегені - келіскені, - дейді екен, - деп салды. Осыны айтты да, анасы ашуланып шығып кетті.

Димнә жөнінде арыстан бұйрық берді, сөйтіп, оның мойнына құрсау салынды да түрмеге жабылды. Димнәнің ісі тексерілсін деп арыстан жарлық етті. Сол арада арыстанның анасы: - Мен біраздан бері Димнәнің опасыздығы туралы үздіксіз көп әңгіме

естимін. Кейін оның өсекшілдігін, опасыздығын, бос сөзге әуес жалтарымпаз екенін, дәлелдерінің үстірт кететінін білдім, осының бәрін әбден анықтадым. Егер сөйлеуге оған мүмкіндік берсең, ол өтірік дәлелді судай сапырып, сені шатастырады, ал өлім жазасына тезірек кесілсе, онда өзің үшін де, әскерің үшін де бейбітшілік туады. Мүмкіндігі болғанда оны жылдамырақ өлтіруге күдіктенбей, тартынбай кіріс! Әскеріңнің кәрі-жасы Димнәнің өсекшілдігін де, тағы басқа арамза қылықтарын да жақсы біледі. Оның желікпе сөздері күндіз-түні, тіпті бір сәттей де еліктірген емес, ал опасыз қылықтары оның жаратылысындағы зұлымдықтың көрінісі, бұл өз алдында да айқын елес берді ғой. Әсіресе, жазықсыз, ақ көңіл, адал досың, уәзірлердің ішіндегі ең жақсысы Шатрабаға істеген озбырлығы қандай десеңші! Ешкімді күдіктендіре алмайтын әйгілі жауыздықтары туралы хабар маған күн сайын жедел жетіп тұрады. Сен де бұған күмәнданба! Ал егер лепіртіп қоя берсең, әдемілей айтып, бос сөзбен тойдырады, опасыздығы мен жауыздығы әлсіремейді, құлпыра әсерленіп, күшейе түседі. Ол өтірікке әдеттенген, бұл оның тұрақты қасиеті болып алған. Ендеше, онымен егесті доғарып, ауыр кінәсі үшін өлім жазасына кескенде ғана өзің де, әскерің де түгел тыныштық табады, - деді.

Арыстан: «Патшаларға жуық тұратындардың арасында, мансапқа таласу, қызмет дәрежелерін бір-бірінен қызғанып күндеушілік, көре алмаушылық көп болады, әсіресе араларындағы ең ақылдысын, адал ниеттісін күндейді. Димнәнің қызмет орны менің әскерлерімнің, туғандарымның бірсыпырасына ұнамайды, мүмкін, көпшіліктің бірігіп оған қарсы тұруында толып жатқан осы себептердің де некен-саяқ әсері болуға ықтимал. Бұл істе асығыстық істегім келмейді, өйткені Димнәнің қылмысын сипаттайтын қаралаушылардың нақтылы дәлелдері жоқ. Міне, сол болса ғана сенімді дос жазалануға тиісті. Егер мен көңіл күйіме беріліп, асығыстық істесем, тексермей, нақтылы айыбын мойнына қоймай, дүр шеше салсам, онда мен өз басымды да күнәдан арашалай алмаймын ғой. Сен әлгі істің мән-жайын өзіңе жеткізген, адал да, әділ жанның аты-жөнін маған айтшы», - деді.

Арыстанның анасы: «Айтушының тіліне сенімім өте зор, оны сен де шыншыл жанға балайсың. Онымен құпия сырыңды да бөлісесің, ол ақ ниет адал досың - қаблан», - деді.

Арыстан: «Ендеше, абыржыма, аман бол, ешбір қам жеме! Менің бір жобам бар, соны іске асыруым керек», - деді.

Анасының көңілі жай тауып, шығып кетті, арыстан ұйқыға кірісті.

Димнәні қараңғы қапасқа камап денесін құрсаулап тастады. Димнә туралы бұл хабар Кәлиләға жеткенде, ол өткенде болған екеуінің арасындағы бұрынғы достығын, бірге жүрген өмірін, бір-біріне көрсеткен бауырмалдығын есіне түсіріп, жаны ашып, қатты күйзелді. Ол жасырынып барып абактыдағы Димнәға кездесті. Димнәны көргенде оның бақытсыздыққа ұшыраған ауыр күйін мүсіркеп Кәлилә жылады, сонда: - «Сенің мына күйіңде менің насихат айтуым қажет емес тәрізді. Бірақ ескерткенім де орынсыз болмас. Сатан деген айнымас махаббатымды, жағдайыңа карасу жөніндегі міндетімді есіңе салғаным артық та емес шығар. Егер мезгілінде сатан жетерліктей кеңес бермеген болсам, онда осы кезде сенімен бірге менің де жазтырылуым жөн еді, бірақ өзіңе өзің қызығып насаттануың түбіңе жетті, ақыл-санаңды сол билеп әкетті. Мен сатан данышпандардың сөздерін талай рет мысалға да келтірдім: «Қастандық істеген жан мезгілінен бұрын өледі» дегенді де айттым. «Бұрын өледі» деген сөз, тек өмірдің үзілуін мегзеу емес еді, мына сенің жағдайың тәрізді өмір жолында кездескен қиыншылықты айтушы еді. Дәл мына жағдайыңнан өлім әлдеқайда тыныш қой», - дегенді шертіп өтті.

Сонда Димнә: «Сен үнемі тырысып бактың, ақылыңды да, кеңесіңді де сарқа айттың, бірак көре алмай күндеушілік, мансап құмарлық менің саналы ойымды топастыққа ұшыратты да, айтқандарыңды есуастыққа жорытты, бұл жөнінде мен тамаққа тәбеті тартқан ауру адам тәрізді болдым. Ас жесе ауруы асқынатынын, денсаулытына зиян келетінін біле тұра елең кылмай, ол өзінің құмартуына құл болған ғой. Мен өзіме- өзім бақытсыздықтың ұрытын сеуіп жүргенімді білдім, бірақ сепкен дәннің асыққанмен мезгілі жетпей өніп жер бетіне көрінбейтіні мәлім ғой. Менің сепкенімнің мезгілі енді жетті. Бірақ мені әсіресе үрейлендіре беретін бір нәрсе бар, ол екеуміздің арамызда болтан қарым-қатынас қой, соны ескеріп менің қылмысымды саған да таға ма деп қорқамын. Мысалы, менің қылмысымды біліп едім деп мойныңа алсаң, сол кезде

саған да пәле салмай ма, міне осыдан сескенемін. Егер сен басқаша сөйлесең мұны білмеп едім деп тансаң, онда, әрине, қауіптен аулақ боласың, сенің сөзіңе ешкім күдіктене алмайды ғой. Ал енді мендей жан не істеу керек?» - деді.

Кәлилә: «Мен толық түсіндім. Даналар айтқан ғой: асығыс жазаланудың тәнге зардабы ауыр, егер шындықты да, өтірікті де уақытында айта білсең, онда асығыстықтан аулақ болуың мүмкін, деген екен. Менің ойымша мына бақытсыздыққа душар болған жағдайда, саған өзіңнің жауыздығыңды мойындаудан басқа еш нәрсе қалған жоқ, тым болмаса, күнәңді мойныңа алғаның үшін, саған ақыретте жеңілдік болар ма еді, қайтер еді? Енді сен сөзсіз апатқа ұшырайсың, бұл дүниенің азабын тартқаның жетер, тым болмаса ақыретте жеңілдік табатын болсаңшы», - деді.

Димнә: «Сөзің адал да, әділ екен. Мен осы айтқаныңды есімде тұтармын. Бірақ менің есімде өлшеусіз қорқыныш та, шытырман қиындық та бар, сондықтан бірдеңеге өздерінің көзі жетпей тұрып, мен еш нәрсе айта алмаспын», - деді.

Кәлилә мұңайып үйіне қайтты. Ол түрлі ауыртпалықтардың, жауыздықтардын боларын ойлап, тебірене толғанды, осындай неше алуан ой үстінде отырғанда, кенеттен бұлкан-талқан болып іші ауырды да сол түні таңға жақын дүние салды.

Димнә жатқан абақтының бір түкпіріне бір жыртқыш аң қамалған екен. Кәлилә мен Димнәнің әңгімесі басталғанда ол ұйқысынан шошып оянып да, бұлардың өзара сөйлескен сөздерін түгел тыңдапты. Ол естігендерін ешкімге айтпай, құпия сақтап, бүгіп қалыпты.

Ертеңгісін Димнәнің ісі туралы анасы арыстанның есіне салыпты, сонда: «Кімде-кім опасыз жауызды тірі қалдырса, ол адал жанды өлім жазасына кескенмен бірдей. Өйткені опасызды өлімнен құтқарған жан соның серігі болып саналады, ал адал тақуаның өмір сүруіне жағдай жасаған адам, ол соның тақуалық ісінде досы болып есептеледі», - депті.

Димнәнің ісін тез бітір деп арыстан әділ қазы мен қабланға жарлық етіпті. Димнә туралы таныстарының бәрінен жауап алыңдар, қылмысты істері туралы өзінің ақталып айтқан сөздерін, айыбын мойнына алмай жалтара сөйлеген әдістерін, мезгілінде маған баяндап тұрыңдар деп тапсырыпты.

Қаблан мен әділ қазы тексеру ісін жүргізуге кірісіпті. Димнәні әкелуге кісі жіберіпті. Айдап алып келгенде топтың ортасында шоқиып отырыпты. Қаблан бірінші болып сөз сөйлепті, сонда ол: «Ей, жиылған жауынгер тобы! Білесіңдер ме сендер, аң біткеннің әміршісі Шатрабаны өлтіргеннен бері көңілі жарым, зор қайғы тартуда, мұң шегуде. Ол Шатрабаны жазықсыз өлтірдім, бұған Димнәнің өтірігі мен өсегі себеп болды деп біледі. Міне, сондықтан барлық әділ билердің басын қосып, Димнәнің ісіне тексеру жүргіз деп мына қазыға тапсырып отыр. Мұның не жамандығын, не жақсылығын білген жандар мына әділ қазылар мен куәлердің алдында жасырмай айтсын, Димнәнің ісін қарағанда бұлар оны ұмытпай ескеретін болсын. Сөйтіп, кім де болса жек көргендіктен бұрмалауға тырыспасын, орынсыз жазғыруға патшамызды арандатпасын. Өзіне қарсы істеген азғана жазығы үшін жауапқа тарту жазғырушыға мүлде лайық емес», - депті.

Қазы отырып: «Сендер әлгі айтылған сөзді естідіңдер ғой, білгендерің болса жасырмай айтыңдар, сонда мынадай үш жағдайға сүйеніңдер: Біріншіден берген куәліктерің шын болсын, мойнына жүктелген борышына нұқсан келтіретін зор күнәні шағынға баламасын, осындай осал қылықты жасырып жақсы адамды апатқа ұшыратпасын, одан ауыр күнә жоқ. Қателік істеуге итермелеу де, біреу арқылы екінші кісіге өтірік, өсек таңып апатқа киліктіру де ауыр күнә. Егер мұндайды жасырушы оның қылмысынан пәк бола тұра, сол жазықтының ісіне ортақ болудан шет қала алмайды. Екіншіден, біздің қылмыстыны жазалауымыз да тиянақсыз адамдарға сабақ болады, патшалыққа да, елге де игілігін тигізеді. Үшіншіден, егер залымдар елінен қуылса, онда бұқара арасындағы байланыс күшейеді, шындықты сүюшілерді қуанышқа бөлейді, ал сүйінуші адамдар мен жақсылыққа бейім тұрушыларды бақытты етеді. Сендердің әркайсыларың өз білгенін айтсын, сонда ғана соттар әділдік істей алады, бұрмалап үкім шығармайтын болады», - депті.

Сөйлеуші сөзін бітіргенде, отырғандар жым-жырт болды, ешкім сөз сөйлемеді. Өйткені олар Димнәнің ісі туралы ештеңені анық білмеуші еді. Құралақан пікір айтқысы келмеді, олай етсе соттың үкіміне әсерін тигізер де, өлім жазасына кесер деп қорықты. Ешкім сөйлемеген соң Димнә өзі сөз алды

да: «Егер кылмысты болсам, онда менің ісім туралы сөйлемей отырғандарыңа қуанар да едім, бірақ кандай күнәмнің барын сендер білмейсіңдер, аз да болса менің бұдан да хабарым бар еді, ал егер біреудің күнәсін анық білмесе, оны айыптай да алмайды, сонымен ол айыпсыз болып табылып ақталуға тиісті. Бірақ мен туралы пікірлеріңді сендер айтуға міндеттісіңдер, өйткені менің өмір сүруіме, не өлім жазасына бұйырылуыма, сол сөздеріңнің де алыс-жақын ықпалы болуы мүмкін. Кімде- кім менің ісім туралы еш нәрсе білмей тұрып, көмескі болжау айтса, сол орынсыз сөйлегеннің салдарынан, өзі білмейтінді білемін деген дәрігердің кейпін кимек», - депті.

Қазы: - Ол қандай уакиға еді? - деп сұрағанда. Димнәнің айтқан нақылы мынау болды: - Синд[1] еліндегі қалалардың бірінде, инабатты әрі білімді бір дәрігер болыпты, тұтынған дәрілері әсерлі екен, түрлі ауруларды емдеп жазғаны үшін ол еліне де өте қадірлі болса керек. Осы дәрігер дүниеден қайтыс болыпты, кейінгілер оның кітапта жазғандарын көп пайдаланыпты. Бір кезде жарымес біреу дәрігерлік ғылымға жетікпін деген ел ішіне сөз таратыпты. Осы қалада патшаның қызы болыпты, оны патша жиеніне қосыпты. Әлгі қыз жүкті болыпты да, екі қабат әйелдерде кездесетін үйреншікті толғақ ауруы басталыпты. Патша дәрігер іздеттіріпті. Осыдан бірнеше фарсах[2] жерде бір дәрігер тұрады, өзі өте білгіш екен деген патшаға хабар жетіпті. Патшаның жіберген адамы келсе, дәрігердің екі көзі бірдей кәріліктен соқыр болып калыпты. Оған әйелдің дертін тағы оның түрлі белгілерін түсіндірсе керек, сонда ол белгілі рамхаран[3] деген дәріні ішуге косыпты. Патшаның жіберген адамы дәріні істеп беруін сұрапты. Дәрігер өзімнің білгеніме лайық, істей берер едім, бірақ көзім көрмейді, - депті, Сонда элгі дәрігер ғылымына жетікпін дейтін жарымес келіп бұл дәрінің құрамы және оның әсері маған белгілі, мен істей аламын депті. Патша өлген дәрігердің кітабын алдыртып беріп, оны түрлі өсімдіктер үйілген коймаға кіргізіңдер, дәрінің құрамына енетін өсімдікті өзі таңдап алсын деп жарлық етіпті. Қоймаға кіріп, алдына өсімдіктерді жайып койған соң, ол

[1] *Синд – Үндістандағы Инд өзенінің төменгі жағысандағы өлке*
[2] *Фарсах – ұзындық өлшемі, - алты шақырым шамасында.*
[3] *Рамхаран – дәрінің аты, араб және сирия нұсқаларында ғана кездеседі, парсының «замхаран» деп аталатын өсімдігі болуы мүмкін.*

алжасып дұрыс-терісіне көзі жетпей, әйтеуір шамамен болжап теріп алған болыпты. Байқамай бір улы шөпті алып, оны басқа шөптермен араластырыпты да әйелге ішкізіпті. Әйел осыдан кейін бір сағат та өмір сүрмей уланып өліпті. Сонда патша өзінің жасаған дәрісін өзіне ішкізіпті де кешікпей жарымес те өліпті, - деді.

Димнә: «Мен бұл нақылды әдейі келтірдім, өйткені өзі анық білмей, болжап шамамен сөйлеген кісінің ауырмай өлетінін, бақытсыздыққа ұшырайтынын білдіргім келді», - деді.

Сонда патшаның даяшысы (сот бастығы) сөз алып арыстанның шешесін жақтай сөйледі: «Өлім жазасына ең лайықты кісі қалың бұқара халық сұрастырып жатпайды, оны тек дегдарлар ғана біледі, атап айтсаң жауыздық пен опасыздықтың белгілері мына сорлыдан анық көрініп тұр. Мұның түпкі сырын данышпандар терең түсінеді», - деді.

Сонда қазы отырып: «Ол қандай белгілер екен? Бұларды білмейтіндер өте көп қой», - деді.

Патшаның сот басқарушысы қайта сөз алды да: «Данышпандар айтқан болатын: кімде-кімнің сол көзі қысықтау келіп, жыпылықтап тұратын болса, ал мұрны оң жағына қарай қисайыңқырап тұрса, қастары бірінен-бірі қашық жатса, өне бойы жерге сүзе қарап жүретін болса, үздіксіз елеңдеп төңірегіне жалтақтай берсе, бұл тәріздес адам опасыз да, ауыр қылмыс істеуге бейім, ізгі жанға озбырлық жасауға дайын тұрады, - дейді екен, міне осы белгілердің бәрі де Димнәда бар», - дейді.

Іс басқарушы сөзін бітіргенде Димнә өте таңыркады да: Расына келсек, бір уақиға екінші істің айғағы екен. Тәңірімнің кесімі шынында қатесіз, онда зорлық та, өшпенділік те жоқ қой. Егер осы айтқан белгілерің дұрыс болса, сонымен шындықты, әділдікті ажырата алсаң, онда зорланып дәлелдеп жатудың не керегі бар? Жақсы қылыққа ырза болып, алғыс айтудың қажеті қанша, жаманшылық істеуге де ешкім бейім тұрмас еді, өйткені, бойына туа біткен белгіні өзгертуге ешкімнің шамасы келмейді ғой. Жақсы қылық та, жамандық та тек осы белгілерден туатын тәрізді. - Ендеше, осы маған таңып отырған қылмысты мен істеген болсам (тәңірім сақтасын, бұл пәлеге мен жуырмын ба) онда сол істегеніме қанағаттанар да едім. Өйткені мені бұған итермелейтін әлгі аталған белгілер той, онан аулақ жүре

алмауым керек емес пе, тіпті құтылуға шамам да келмес еді. Сенің сот ісін және оның түрлі салаларын аз білуіңнің де бір айғағы осында жатыр. Іс сенің айтқаныңдай болса, онда мені айыптау мақұл емес, өйткені әлгі белгілер өзінің иесімен бірге жаратылады да, онымен бірге туады ғой. Егер сенің айтқаның дұрыс болса, оның неліктен бұлай істегені, жазықтыны қалай айыптау керек екені, қашаннан бері жазық істегені белгілі болар еді. Сенің бұл есуастығыңа, қателесуіңе ешкім шәк келтірмейді. Сен бір нәрсені естігенсің, бірақ оның байыбына бармай, орынсыз қорытынды жасапсың. Осы отырғандардың ішіндегі ең ақылдысы да, қырағысы да мен емеспін бірақ, сенің топшылауың өрескел қате екенін анық білемін, ал сен секілділерді әлгі дәрігер туралы айтқан нақылда бейнелеп те өтіп едім. Егер сен жақсылық та, жауыздық та өзің айтқан белгілерге сай келеді деп қарыса берсең, онда жақсы істегендерді мақтауға да, зұлымдарды жамандауға да жарамайды ғой, ал тап осылай бола қалса, мен бұл істен ақталып тұрмын, өзің де мені ақтау жағында екенсің. Бірақ сен түсінбейсің, ойлауға да мұршаң келмейді екен. Енді есіме түсіп тұр, баяғыда бір адам әйеліне айтыпты: «Есуас-ау, алдымен сен өз кемістігінді көре біл, сонан соң барып басқаны кінәла, - депті, міне бұл жөнінде сен дәл сол кісіге ұқсайсың», - деді.

Сонда Димнәдан: «Ол қандай уақиға екен?» - деп сұрағанда:

Димнәнің айтқан нақылы мынау еді:- Бурхашт[1] деп аталатын қалаға бірде жау кіріп кетіп көп адам майып болыпты, әйелдердің бір қатары тұтқынға алыныпты. Тұтқынға түскендерді бөліскенде екі әйелі бар диқан біреудің үлесіне тиіпті. Әлгі қожасы тұтқындардың киімін тонап алыпты да, ас- сусыз қалдырыпты. Бірде әлгі диқан қожасына еріп, жалаңаш екі әйелін қасына ертіп, отын жинау үшін тауға барыпты. Сонда әйелдердің біреуі жерде жатқан шүберекті алып, жалаңаш денесін бүркепті. Екінші әйел тұрып күйеуіне: «Мынаның жалаңаш келе жатқан сиқын қарашы», - депті. Сонда күйеуі: «Ей, сорлы-ау, алдымен сен өзіңе-өзің қарасаңшы, шүберекпен денеңді қалқалауға болмас па екен? Міне, содан кейін әңгімелесең жарар еді ғой», - депті.

[1] *Мұның орнына кейбір нұсқаларда Барзгин мен Марват қалалары айтылады, бірақ дәл қай қала екені белгісіз.*

- Мына сенің де тәніңнің былғаныш екенін, өрескел әдепсіздігіңді мен жақсы білемін, ал осыларға қарамастан патшаның тамағына жақындайсың, ешбір мін жоқ мұнтаздай адамша оған жақын барып тұрасың, міне, мені осы қылығың өлгенше таңырқатады, өз кемшілігіңді білмейсің, бірақ осында отырған оқымыстыларға сорайып көрініп-ақ тұрады! Осы уақытқа дейін сенің кемістігіңді ашпай келдім, екеуміздің арамыздағы сүйіспеншілік оған үлкен себеп болып еді, оның үстіне дәлелсіз әшкерелеп, жалғыз қалғым келмеді. Ал, енді мені масқаралауға бірінші болып өзің белсене кірістің, қастық істеуге бой ұрдың, мына жауынгерлер алдында мені дәлелсіз айыптадың, сондықтан сенің кемшілігіңді де, жасырып қымтап жүрген бойыңдағы бар нәжісіңді де мен көзге түртіп көрсетуге оқталып тұрмын, бұл күйінде патша былай тұрсын, тіпті одан көп төмен адамға да сенің қызмет етуге қақың жоқ», - деді.

Іс басқарушы: «Ей, сорлы міскін, сен мені қалай маскаралайсың?» - деп сұрады.

Димнә: «Мен сені масқаралағанда бойыңда барды ғана айтамын. Бөксеңнің алапестігін, аяғыңның ластығын, еніңнің ауруын айтып масқаралаймын», - деді.

Осы сөзді естігенде іс басқарушы да, тағы басқа отырғандар да бұл істі талқылауды доғарды. Соттың бұйрығы бойынша Димнәні абақтыға апарып қамады.

Келесі күні бірнеше жолдастарын ертіп, қазы арыстанға келді, Димнәнің берген жауабын жазба түрінде әкеп тапсырды. Арыстан оны алды да, келгендердің бәрін сыртқа шығарып жіберді.

Артынша анасын шақыртып алды да, Димнәнің жауабын өзі оқып берді. Анасы толғанып тұрды да: «Ей, патшам, егер мен қатал сөйлесем, сен ауырлап ашу шақырмағайсың», - деді.

Арыстан: «Мен ашуланбаймын, ойыңа не келсе, соны айт»,

- деді.

Анасы сонда: «Өзіңе келетін зиян мен пайданың арасын ажырата білетін қабілетіңді көре алмай тұрмын. Менің шамамша сен Димнәнің ісін соза берсең, түбінде ол өз басыңа пәле жабады, сол кезде, отырарға орын, тұрарға жер таппай сандаларсың-ау»,

- деді. Сөзін бітіріп орнынан тұрды да ашуланып шығып кетті. Келесі күні қазы бұйрық беріп Димнәні алдырды, даналарымен ақылдасып еді, олар жарытымды еш нәрсе айтпады.

Сонда Димнәға қазы отырып: «Отырғандар үн қатпағанмен бәрі бірдей сені қылмыс істеді деген пікірде. Бұлардың жүрегіне орнаған сенімсіздік тұрғанда саған жақсылық жоқ. Менің ойымша қылмысыңды мойныңа алудан басқа ештеңе қалған жоқ тәрізді, тым болмаса ақыретте жеңілдік болар еді. Сонымен сенің ісіңді қорытуда екі жүйе бар, соның бірі түрлі әдіспен жалтарып өзіңді ақтауға, әрине, сен күштісің, осыны тыңдай беруге де болар еді, ал екіншісі - саған енді айыбыңды мойныңа алып, бұл дүниенің қамын ойламай-ақ, тым болмаса ол дүниеден жеңілдік іздеу дұрыс шығар. Данышпандардың айтуынша: салдарлы өлім сапасыз өмірден артық екен ғой», - деді.

Сол мезгілде Димнә: «Өз топшылауына немесе қарапайым адамның да, дегдар жандардың да пікіріне сүйеніп қазы үкім шығармаса керек. «Пікірін айту ақиқаттан арашалай алмайды»[1] - деген сөзді сен білесің ғой. Сіздер осы күнәні мен істеді деп ойлайсыздар, бірақ мен өзімді сіздерден гөрі артығырақ білемін ғой, бұл жөнінде менің өзіме сенімім жеткілікті де әрі күмәнданбаймын. Алдарыңызда жауыздық істеген кісі мен болып отырмын, біреудің үстінен ғайбаттаған да мен тәріздімін. Ал сонда қалайша жазықсыздан-жазықсыз өзімді өзім айыптап істемеген қылмысты мойныма алып, өлім жазасын қабылдамақпын? Егер осылай істесем, сонда сіздер маған қалай карар едіңіздер? Ойлаңыздаршы, менің өмірім өзім үшін ең қымбатты, ең ардақты нәрсе емес пе? Егер осыны өздеріңнің іштеріңнен маған алыс не жақын жүрген біреуіне істесем де дәл өзіме соны істеуге жүрегім дауалап, батылым бармас еді ғой. Ендеше, бұл сөзден тоқтағаным жөн. Егер адал болсаң, онда сен қателестің, ал егер көкейіңде өтірік алдамшы жатса, онда біле тұра әдейі айтқан өтіріктен сұмырай нәрсе жоқ, әділ қазы өтіріктен де, қулықтан да аулақ болады. Егер бұлай болмаса, есіңде болсын, сенің мына сөздерің әрі үкім, әрі заң, өйткені соттың үкімі де заң ғой. Дұрыс шығарған үкімді әділ адамдар пайдаланады, ал қате шығарған үкімді бұзықтар әділдікке балайды. Саналы жандардың айтқан билігі мен пікірі сені мүлде меңгере билеп кеткен, ал менің ісім олардың пікіріне

[1] *«Пікірін айту ақиқаттан арашалай алмайды» - бұл құраннан келтірілген сөз. Бұл кітапта осы ойдың сарыны некен-асақ кездеседі.*

сай шыкпай отыр, сондықтан бақытсыздығым да дәл осында сияқты. Сен қазыға лайық даналықтан қол үзіп, тосыннан айтылған пікірге сүйеніп іс атқармақшы боласың, ал ол ақиқатка еш үйлеспейді ғой», - деді.

Осылардың барлығын жазып алып, арыстанға апарып тапсырды. Ол әбден танысып болды да, шақырып алып анасына көрсетті. Сонда анасы: «Мен енді шоши бастадым, мына Димнә саған қарсы айла жасап, зұлымдық істеуге кіріспекші екен, сөйтіп саған соққы беріп, ісіңді бүлдірмекші. Менің бұл жолда каупім, бұрынғы өтірік-өсек айтып иландырып, адал досыңды, уәзіріңді өлтіріп сені күнәға батырудан гөрі бұл анағұрлым басым болғалы тұр екен», - деді.

Анасының сөзі арыстанның көкейіне қонды да, ол: «Кәлилә мен Димнәнін сөйлескен сөзі туралы айтушының аузынан өзіңнің естігеніңді маған түгел айтшы. Егер мен Димнәні өлтірсем, қапаланбайын, мені ауыр ойдан арашалайтын сүйенішім сол болсын», - деді.

Анасы: «Ешкімге әшкерелеме деп тапсырған құпия сырды мен әйгілей алмаймын, өйткені бұған данышпандар баяғыда тыйым салғанды. Осыны маған жеткізген жанның өзінен сұранайын, саған айтуыма рұқсат берсін, немесе Димнәға өзі қарсы шығып естіген, білгенін жұрттың алдында айтатын болсын», - деді.

Осыдан кейін анасы арыстанның жанынан шығып кетті де қабланды шақыртып алды. Қабланға мәртебесінің жоғары екендігін және оған арыстанның істеген қамқорлығын, көмегін ескерте келіп, мына сөзді айтты: - Сенің естіген-білгеніңді айтпай, Димнәға куә болудан тайсалатын ретің жоқ, өйткені өтірік жаламен жазықсыз күйген жанға көмектесу сенің міндетің, ғарасат майданы туған күнде де ол сорлының ақталуына жәрдемші болуың жөн ғой, - деді. Сонымен арыстанның анасы қабланның соңына жалықпай түсіп, ақырында Димнәнің жазықты екені туралы Кәлиләдан естіген сөзін толық айтқызып тынды.

Қабланның куәлік беріп сөйлегенінен кейін, абақтыда жатқан жыртқыш аң да Димнәға Кәлилә келіп сөйлескен түні естігенін айтпақшы болып хабарлады: «Менің беретін куәлігім бар, сол үшін мені босатса екен», - деді. Арыстан біреуді

жіберіп оны да алдырды, сонда ол Димнә мен Кәлилә екеуінің сөйлескенін, арыстан мен бұқаның арасына от жақтың деп Кәлиләнің Димнәні сөккенін, айтқан ескертулерін, өтірік пен өсекті судай сапырып, ақырында бұқаны арыстанға өлтірткенін түгел баяндады, бұған Димнә қарсы бола алмай мұқылас мойындады.

Осы жерде арыстан оған беттеп: «Өз құлағыңмен естігеннен кейін, мына Димнәға қарсы куәлік беруден сені тоқтатқан қандай жағдай болды?» - деп сұрағанда.

Ол: «Егер мен бір өзім ғана куәлік берсем, онда менің сөзім іске аспаған да болар еді. Сондықтан пайдасыз сөзді айтқым келмеді. Міне, мені тоқтатқан желеу осы еді», - деді.

Осымен Димнәға қарсы екі куә табылды. Арыстан бұл куәларды Димнәға жіберді, олар оның өз сөзімен айыбын бетіне басып, оны қоярда-қоймай мойындатты. Арыстан жарлық беріп Димнәға ауыр құрсау кигізіп абақтыға қаматты, ол сонда жатып арып-ашып сусап өлді. Міне, Димнәнің ісі осылай аяқталды. Әдепсіздік, көре алмаушылық және өтірік араласқан істің бәрі ақыр аяғында осылай бітпек екен.

ҚҰЗҒЫН МЕН ӘККІ КӨГЕРШІН, ЕГЕУҚҰЙРЫҚ ПЕН ТАСБАҚА ЖӘНЕ АҚБӨКЕН ТУРАЛЫ

ПАТША отырып ғалымнан: - Сүйіскен екі досты бір аяр өсекшінің айырып жібергенін айттың, ол нақылыңды құмарта тыңдадым. Енді сен бірін бірі көрмесе тұра алмайтын, ауыз жаласкан тату достардың қылығын баяндашы, - деді. Сонда данышпан ғалым: «Дүниеде теңдесі жоқ жақсы нәрсе туысқан бауыр ғой, бірінің-бірі ыстығына күйіп, суығына тоңады, қуанса бірге қуанып, қайғырса ортақтасып, жұбата алады. Бұл туралы мынадай нақыл бар, ол құзғын мен әккі көгершін, егеуқұйрық пен тасбақа және ақбөкен жөнінде айтылушы еді», - деді.

Патша: «Ол қалай болды екен?» - деп сұрады. Сонда философ:

- Осы жер бетінде аңшылар жайлайтын бір құсы көп мекен- жай бар екен. Сол жерде жапырағы жайқалған, бұтағы ұйыса біткен, төбесінде құзғынның ұясы бар, бір зәулім бәйтерек өседі екен. Күндердің бір күні ағаштың басында отырып, түсі суық, пиғылы арам бір аңшының өзіне қарай тура келе жатқанын әлгі құзғын көріп қалыпты, оның қолында таяқ, иығында арқалаған торы бар екен. Сонда зәресі ұшкан құзғын: - Бұл адам мұнда тегін келе жатқан жоқ-ау, сірә! Не істер екен, сыртынан бақылап отырайыншы, - депті. Аңшы таянып келіпті де торын құрып, ішіне тарының дәнін сеуіпті, сөйтіп өзі анадай жерге барып бұтаның түбіне жасырына қойыпты. Әлдене уақыттан кейін қасына көп көгершіндерді ертіп, әккі көгершін өзі бастап келіп, тордың үстіне қона қалыпты. Әрине, әккі шіркін дәнді көріпті, бірақ торды аңдамапты, соның арасынша топты көгершін түгелімен торға түсіпті. Құдайы жасап, куанған аңшы бұларға қарай арсалаңдап тұра жүгіргенде, көгершіндер жанын қоярға жер таппапты, құтылудың шарасын ізденіп тыпырласыпты да, біреуі ілгері, біреуі кейін тартып әлек болыпты. Сонда жолдастарына әккі көгершін айтыпты:

- Құтылғыларың келсе біріңді-бірің ұмытпаңдар, әркім өзінен бұрын жолдасының қамын жесіп, біріңе-бірің жәрдем беріңдер, мүмкін, біз сонда тордан құтылып, аман қалармыз, - деген екен.

Әккі көгершіннің айтқанын орындап, бәрі қосыла қимылдапты да торды алып аспанға ұшса керек. - Көгершіндер аса ұзай қоймас, тордан құтыла алмай, біраздан кейін шаршап- шалдығар да жерге қонар, - деп топшылаған аңшы да олардың қыр соңынан қалмай ере беріпті.

Сонда бәйтеректің басында отырған құзғын: «Мен де бұлардың артынан ерейін, аңшы мен көгершіндердің осы уақиғасы немен тынар екен, соны көрейін», - депті. Тап сол мезетте әккі көгершін артына қарап, соңынан қалмай салпақтап, үміттене еріп келе жатқан аңшыны көріпті де, өзінің жолдастарына былай депті: - Менің байқауымша, аңшының бізді ұстап алудан әлі үміті зор. Егер біз жазық жерге қонсақ, одан құтыла алмаймыз, халық қоныстаған тасалы жерлермен ұшайық, сонда ол біздің барар бетімізді біле алмай адасады да өзінен өзі торынып, қайтып кетеді. Көп ел жайлаған, гүлдей жайнаған жер енді алыс емес, онда менің досым егеуқұйрықтың іні бар, оны мен білем, егер біз соған жетсек, ол мына торды тісімен қияды да осы шегіп келе жатқан азаптан біз де құтыламыз, - дегенді айтыпты.

Бұлар әккі көгершіннің сілтеген бетіне қарай ұшады да, аңшы күдерін үзіп өз жайына кетеді. Алайда құзғын қыр соңынан қалмайды, қандай әдіс істеп, тордан қалай құтылғанын көріп, келешекте өзіне осындай жағдай кездессе, соған алдын ала дайындалып құтылудың амалын үйренбек.

Егеуқұйрықтың мекеніне таянған кезде, әккі көгершін осы араға қоныңдар деп әмір беріпті. Талайды басынан кешірген тәжірибелі, өте сұңғыла егеуқұйрық екен, қауіпке қапелімде ұшырамау үшін ол жүздеген інді өз төңірегінен қазып тастапты, жерге түскенде көгершіндердің көргені осы болыпты. Әккі көгершін оның атын атап шақырыпты, аты Изака[1] екен.

- Бұл кім өзі? - деп егеуқұйрық інінде жатып дауыстапты. Сонда: «Мен өзіңнің досың, әккі көгершінмін», - депті. Егеуқұйрық та жүгіре шығып қарсы алыпты. Торда тұрған досын көріп егеуқұйрық: «Сен көреген едің ғой, мұндай пәлеге кім душар етті екен?» - деп сұрапты.

[1] *Изака – егеуқұйрықтың аты, мұны әркім әр тілде әр түрлі атайды, шамалап айтқанда «Панчатантрадағы» - «алтын» дейтін сөз осының аты болу керек.*

Әккі көгершін: - Жазмыштан озу жоқ, жақсылық та, жамандық та өзінің белгілі мерзімінде кездеседі, сен әлі мұны білмеуші ме едің? Мені осы пәлеге ұшыратқан тағдыр, ол маған тарының дәнін көрсетті де, торды көрмейтін суқараңғы соқыр етті ғой, сондықтан жолдастарыммен бірге мен де осы торға түсіп шырмалдым. Тағдырдың әміріне қасқиып қарсы бара алмай, менің осындай пәлеге ұшырауыма таңырқайтын түк те жоқ сияқты, өйткені менен зорлардың талайы-ақ оған қарсы тұра алмаған той. Бар әлемге жарық берген күн мен ай да өз мезгілі жеткенде тұтылады. Түпсіз тереңде жатқан балықтар да қармаққа ілінеді, аспан аясында ұшып жүрген құстар да кей кезде жерге қонуға лажсыз мәжбүр болады. Әлсіз жан өз тілегіне бір жолмен жетеді, ал ақылды адамды, әлгі жол өз тілегіне жеткізбей аулаққа алып кетеді. Міне, осының бәрі жазмыштың тегеуірінді күші, - деді.

Досы оралып қалған тордың түйіншегін егеуқұйрық қажалап қия бастағанда, оған әккі көгершін: «Сен ең әуелі мына тордан менің достарымды құтқар, соларды шырмап тұрған түйіншектерді қи, мені босатуға артынан ораларсың», - депті. Осы сөзді әккі көгершін қайта-қайта пысықтапты, бірақ егеуқұйрық ілтипат етпепті. Қыр соңынан қалмаған соң егеуқұйрық ашуланып: «Өз басыңның қамын, қу жаныңның саясын көздеуге еркің жоқтай-ақ, сен осы бір жаттанды сөзді қақсап қоймадың-ау!» - деп қалыпты.

Әккі көгершін тұрып: «Бұл сөздерім үшін мені сөкпе, досым! Мен осы бір топ көгершіннің басшысымын, сондықтан олардың қалай айтса да маған базнасы өтеді, саған әлгі сөздерді айтуымның негізгі себебі де сол. Сүйіспеншілігін көрсетіп маған жәрдем етті, айтқанымды екі қылмай орындады, өз борышын бұлар ақтады, менің қарызымнан құтылды, құдайтағала енді бізді әрдайым аңшылардың тұзағына душар етпесін! Ал мына өз қаупімді айтайыншы: егер сен, мен оралған тордың түйіншегін қия бастасаң, мені босатып болған соң жалығасың да жалқаулыққа салынып, басқалардың оралған торын қажалауға керенау тартасың той. Ал егер ең әуелі оларды босатсаң, ең ақырында мен қалсам, онда сен қанша шаршасаң да, тіпті жалығып еріксең де мендей досыңды босатып алғанша толастамай қимылдар едің, мен мұны жақсы білем ғой», - депті.

Сонда егеуқұйрық: «Сүйіп соңына ергендердің жүрегіндегі махаббаты мен бауыр басуын өршітіп, ұлғайтатын нәрсе осы қылығың екен-ау!» - десе керек.

Сонымен, егеуқұйрық торды қажалап түте бастапты, бәрін түгел пәледен құтқарыпты. Осыдан кейін өзінің жолдастарын ертіп, әккі көгершін мәз-мәйрам болып мекеніне қайтыпты. Егеуқұйрықтың не істегенін, көгершіндерді қалай босатқанын көргеннен кейін, онымен достасуды құзғын арман етіпті. Көгершіндер ұшыраған уақиғаға менің душар болмасыма кім кепіл, егеуқұйрықтың сүйіп жәрдем етуін тілейтін де күнім туар-ау! - деп толғаныпты.

Ол егеуқұйрықтың ініне жақындап келіпті де, оның атын атап шақырыпты. Егеуқұйрық оған: - Сен кімсің? - деп үн қатыпты.

Сонда: - Мен құзғынмын. Менің саған айтар мынадай бұйымтайым бар. Сенің достарыңа көрсеткен әділдігіңді, адал қылығыңды көрдім, көгершіндерге арнап тәңірінің бағыштаған сыйын да сездім. Сондықтан сенімен достасып, туыс болуға әдейі арнай келіп тұрмын, - депті.

Егеуқұйрық тұрып: - Екеуміздің арамызда дос боларлық ешбір дәнекер жоқ сияқты. Өйткені әрбір ақылды адам өз жолын біліп, сол жөнге қарай ұмтылуы керек қой, буынсыз жерге пышақ салып, жоқты дәметпеуге тиіс, құрғақ жерде кеме іздеп, судың ішінде арбаға мінгісі келетін ақымақ болмауы мақұл емес пе? Мен сенің жемтігіңмін де, сен мені жеуге туғансың, ендеше, екеуміздің арамызда дос боларлық қандай жол бар? - деп сұрақ қойыпты.

Сонда құзғын: «Рас айтасың, сенің маған жемтік екенің даусыз, ал бірақ сені жеп мен қанағат тұтып тояттай алмаймын ғой, онан да сенің өмір сүруің, маған деген мейірлі махаббаттың өз тіршілігімде менің басыма тиянақты бейбітшілік пен баянды бақытты әкеліп орнатпай ма, осыны жақсылап ойланшы өзің. Сенің шын сүйіспендік достығыңды әдейі іздеп келгенде, мені бос қайтаруың өз басыңа лайық емес тәрізді. Әйгілеп паш еткің келмесе де адал мінезің мен әділ қылықтарың маған айдан айқын. Қанша күпия сақтауға тырысса да данышпан өзінің қырағылығын жасыра алмаса керек. Мысалы, жұпарды қаншама тығындап, жасырып ұстасаң да, оның аңқыған иісі

бұрқырап шықпай тұра алмайды ғой. Менімен сүйісіп дос болудан бас тартып, сүйегіңе туа біткен мінезіңді өзгертпеші, жаным!» - депті.

Сонда егеукұйрық: «Жауласудың ең күштісі - жаратылыстың өз негізінен туады. Ал осы жауласу екі түрлі: бірінде жеңіс ауыспалы болады, мысал үшін, піл мен арыстанның жауласуын алалық, бір жерде пілді арыстан өлтіріп кетсе, бір жерде арыстанды піл өлтіреді ғой. Жауласудың екінші түрінде зиян бір-ақ жағына тиеді, мысалы, мына екеуміздің арамыздағы жауласуда мертігетін мен болам. Менің жаулығымнан саған келер зиян жоқ, бірақ сенің дұшпандығың менің түбіме жетеді. Сондықтан жаратылысы жаулардың арасында бітімнің болуы мүмкін емес, егер сол дүпшандықты тудыратын себептің өзі құрымаса, мұндай дұшпандықтың бітуанасы кейінгі үрім- бұтаққа мұра бола алмайды, бұл бітім екінші біреуге көшіп қонбайды. Мысалы, суды қанша қайнатсаң да, үстіне құйып жібергенде, сол ыстық су отты сөндірмей қоймайды. Қанша бітімге келсе де жаратылысынан жаулар, жыланды алақанына салып аялап ұстаушыларға ұқсайды, өйткені ақылды жан залым дұшпанымен достаса алмаса керек», — дегенді айтыпты.

Құзғын: «Сенің сөздеріңді мен түгел түсіндім. Мінсіз мінезің өзіңе сай бітіпті, менің сөздерімнің адал екенін де ұғынып тұрсың. Бірақ сен енді «Біздің дос болуымызға ешбір жол жоқ!» дегенді желеу етіп, екеуміздің арамыздағы қарым- қатынасты қиындата берме! Адал туған данышпан жандар жақсылыққа жетудің жолын іздейді, ауыс-түйіс жасауға ұмтылады. Жақсылардың арасындағы сүйіспеншілік жылдам басталады да, айырылысарда тез суысып, жылдам қожырап кете алмайды. Бұлардың достығы алтын құмыраға ұқсайды, өйткені ол жылдам сынбайды, ал егер сына қалса оның жамалып, бүтінделуі де оңай. Жаман адамдардың сүйіспеншілігі керенау басталады да жылдам суысады, олардың достығы құмнан жасалған құмыра тәрізді, құрттай ақау тисе сынып қалады да еш уақытта бүтінделмейді. Асыл жан асылды бір көргенде-ақ немесе сол танысқан күні-ақ таниды да жанаса кетеді, ал арамза адам қорықпаса немесе бір пайдасы тиер деп ұқпаса, ешкіммен жақындаса алмайды. Сен бекзатсың, мен сенімен достасуға ынтықпын, менімен шын елжіреп бауырласқанша тамақ та

ішпеймін, есігіннің алдынан да кетпеймін», - деп серт беріпті.

- «Сенің туыс-дос болуыңды қабылдадым, - депті егеуқұйрық, себебі мен ешкімнің қажетін өтемей қайырған емеспін. Менің алғашқы сөздерім өзімді-өзім ақтау үшін айтылып еді. Егер сен сертіңді бұзып залымдық істеген күнде де: «алдауға тез көнетін ақымақ егеуқұйрықпен ұшырастым демесін деген ой билеп еді», - депті.

Осы әңгімеден кейін егеуқұйрық інінен шығып, есігінің алдына келіп тоқтай қалыпты. Сонда құзғын сөйлепті:

- Іниңнің аузында сені кім ұстап тұр, бері шығып, менімен қоян-қолтық құшақтасып, достасуға кедергі жасаушы бар ма? Әлде сенің жүрегіңнен күдіктену әлі ажыраған жоқ па? - деп сұрапты.

Сонда егеуқұйрық: «Бұл өмірдің адамдары өз ара достасқанда екі нәрсені дәнекер етеді, соның біреуі жүрегіндегі барын ортаға салады, ал екіншісі қолындағысын ұсынады. Жүрегінде жүргенін дәнекер ететіндер - адал достар, ал қолындағысын ұсынатындар бұлар біріне-бірі кезек жәрдем беріп, пайдасын көздеушілер, олар бірін-бірі жеп олжа табушылар. Дүниелік пайда іздеп, өзінің құлқынын ғана көздеп, ізгі қылық жасайтын жан болады, оған мысал үшін әлгі аңшыны алалық, ол тордың ішіне тарының дәнін төккенде көгершіндердің пайдасын ойлаған жоқ қой, өз қара басының қамын жеді, өз құлқынын ғана көздеді. Жүрегіндегі барын ортаға салу, колдағысын айырбастаудан анағұрлым артық. Сенің арамза ойыңның жоқтығына мен анық сендім, сондықтан дәл сондай адалдықты өзіне арнап қайта ұсынғалы тұрмын. Алайда, інімнен саған қарсы суырылып шықпай тұруымда арамза пиғылым жоқ, бірақ сенің өзіңмен тектес, өзің сияқты достарың бар ғой, мен туралы олар сенше ойламайды. Міне, солардың біреуі мені көре қалса, көзімді жойып жіберер деген қоркыныш билеп тұр», - деп жауап қайырыпты.

Енді құзғын сөйлепті. - Достың жолдасына достық көрсету, оның қас дұшпанына қастық білдіру - бұл, әрине, шын достық белгісі, бірақ сені жек көретін менде дос та, жолдас та жоқ, ал егер сондай біреу-міреу табыла қалса, менің одан айрылып кетуім де оп-оңай болар еді. Егер бір адам райхан гүл ексе, ол өсіп-өнгенде арасына арамшөп шықса, соны әлгі иесі жұлып

тастайды ғой, сонда арам шөппен қосып кейде райхан гүлдің де бір жеріне зақым тигізуі кәдік, - депті.

Осыны естігеннен кейін егеуқұйрық інінен шығып құзғынның қасына барыпты, - екеуі сол жерде қол алысып, құшақтасып дос болыпты да әңгімелерін шертісіпті. Екеуі осылай достасып, тәңірінің қалауынша, осы арада біраз күн бірге тұрыпты.

Күндердің бір күні құзғын егеуқұйрыққа мына сөзді айтыпты:

- Досым, сенің інің жұрт жүретін жолдың аузында екен, солардың біреуі мені таспен ұрып бір күні жазым қыла ма деп қорқамын. Мен бір оңаша орынды білемін, онда менің досым тасбақа тұрады. Ол жердің балығы мол, ішім-жемнен тарықпаймын, бәрі табылады, міне енді сонда барып, қалған өмірімді тасбақамен бірге қаннен-каперсіз бейбіт өткізгім келеді, - депті.

Осы арада егеуқұйрық: «Саған еріп мен де барсам қайтеді? Осы орын маған да онша ұнамайды», - дегенді айтыпты.

Құзғын тұрып: «Бұл орынның саған несі ұнамайды?» - деп сұрағанда, егеуқұйрық оған:

- Сенің тілеген жеріңе өзім бірге барсам, сонда түгел баяндармын, бұл туралы менің саған айтар хикаям толып жатыр, - деп жауап қайырыпты.

Егеуқұйрықты арқасына мінгізіп алып, құзғын аспанға ұшыпты да, өзінің қалаған жеріне барып түсіпті. Бұлар таянып келгенде, егеуқұйрықты арқалаған құзғынды көріп, тасбақа өзінің досын тани алмай шошына қорқыпты да жан дәрмен суға сүңгіп кетіпті. Ал құзғын егеуқұйрықты жерге түсіріпті де, өзі барып ағаштың басына қоныпты, сөйтіп тасбақаның атын атап айғай салыпты. Досының дауысын танып, тасбақа судан шығыпты да, келіп оған сәлемдесе тұрып: - Сен қайдан келдің? - деп сұрапты. Сонда құзғын өзінің басынан кешірген уақиғасын баяндапты, - көгершіндердің соңынан ергенін, егеуқұйрыкпен екеуінің арасында қандай жәйттің болғанын, осы жерге жеткенше өзінің нендей уакиғаға кездескенін - бәрін түгел айтып шығыпты.

Сертінен таймайтын егеуқұйрыктың ақылдылығын естігенде тасбақа қатты таңырқапты, ол егеуқұйрыққа иіліп

сәлем беріпті де: - Бұл жердің несіне қызығып келдіңіз? - деп сұрақ қойыпты.

Сонда құзғын егеуқұйрыққа қарап: «Маған айтуға оқталған уакиғаң, ұзақ әңгімең қайда? Тасбақа сұрап тұрғанда, реті келген болар, міне, сен сол әңгіменді шерт», - депті.

Егеуқұйрық өз әңгімесін былай бастапты: - Мен баяғыда Марот деген шәһәрде қоныс тептім, сондағы тұңғыш мекенім сопының үйі болды. Оның үй-іші, қатын-баласы жоқ еді. Осы сопыға күн сайын біреу бір себет тамақ әкеп беріп тұрды. Сол тамақтан өзі тойғанынша жеп, калғанын себетке қайта салып, үйдің қабырғасына іліп кететін болды. Мен оның үнемі үйден кетуін аңдушы едім, ал сопы шыға бергенде барып себетті бас салып, тамақты тік көтере жеп, қалдығын басқа егеуқұйрықтарға тастап жүрдім. Сопы бірнеше қайтара себетті менің бойым жетпейтін биік жерге іліп те көрді, бірақ менен ол құтыла алмады. Бір күні сопының үйіне бір қонақ келіп қонды. Олар кешкі асты бірге отырып ішті де, сұқбаттаса бастады. Сопы қонағынан: «Қай елден келе жатырсыз, ендігі сапарыңызда қай жерге бармақсыз?» - деп сұрады. Қонағы жер дүниені кезген, көп кереметті басынан кешірген жырымды адам болып шықты. Сопыға ол аралаған мемлекеттерін, көрген-баққан қызықтарын баяндауға кірісті. Осы әңгіме үстінде сопы егеуқұйрықтарды шошытып, алақанын анда-санда шапалақтап қойып отырды. Сонда қонағы ашуланып:

- Мен саған әңгіме айтып отырсам, сен сол әңгімені келемеждеген кісіше алақаныңды шапалақтайсың. Онда әңгіме айт деп өтінудің қажеті не? - деді. Қонағынан кешірім сұрады да, енді сопы сөйлеп кетті. - Сенің сөзіңді тыңдап мен үндемей-ақ отырмын ғой, ал кейде алақанымды шапалақтап, осында еріп жүрген егеуқұйрықтарды үркітемін, олардан менің әбден зықым шықты. Олар жемеген осы үйде адал дәм қалған жоқ, әбден діңкем құрыды, - деді.

Сонда қонақ: - Егеуқұйрық жалғыз ба, жоқ көп пе? - деп сұрады. Сопы оған: - Қайдан жалғыз болсын! Қаптап жүр, бірақ солардың ішінде менің жүйкемді құртқан біреуі бар, оған қарсы мен ешбір айла таба алмай қойдым, - дегенде, қонағы оған қарап: - Мұнда бір хикмат бар екен. Сенің бұл сөзің бір әйелге ерінің айтқан мынадай әңгімесін есіме түсіріп отыр:

«Тазаланып ақталған күнжітті мына әйелдің ақталмаған бітеу күнжітке апарып айырбастауы тегін қылық емес қой» деген еді,

- деді.

Сопы тұрып: - Ол уакиға қалай болды екен? - деп сұрағанда, қонағы мына мысалды баяндап кетті.

- Мен баяғыда пәлен деген қалада тұратын бір адамның үйіне барып қондым. Біз кешкі асты бірге отырып іштік, сонсоң ол маған сол бөлмеге төсек салып берді де, өзі әйелімен бірге жатпақ болып екінші бөлмеге кетті. Екі бөлменің арасында қамыс қабырға бар екен. Түннің ортасы кезінде ері мен әйелінің екеу ара әңгімесі еміс-еміс естілді, мен құлағымды түріп тыңдай қалдым, сонда ері мынаны айтты: - Мен ертең бірге отырып дәм жеуге туыстарымды шақырғым келеді, - деді, әйелі оған: - Өз үй ішіңе де әрең-әрең жететін тапшы дастарқаның бар, басы артық тамағың да жоқ, сен өмірі дүниелікті молырақ жинамаған жансың, қонақты қалай шақырасың? - деді. Осы арада ері оған:

- Өзіміздің ішіп-жегенімізге, қонақты сыйлағанымызға сен тарылма, ол бұйырған ырызық. Кейде ұстай қатқанынан тістей қатып, барын артына сақтайтын сараңдардың қылығы сайып келгенде мына бір қасқырдың қылығына ұқсайды, - деді.

Әйел: - Ол қасқырға не болды екен? - деп сұрағанда, ері оған мына мысалды келтірді: - Бір күні таң сәріден қолына садағы мен жебелі оғын алып бір аңшы аң аулауға шырады. Көп ұзамай-ақ ол бір ақбөкенді атып жығады. Алып соғып оны бауыздайды да, арқасына салып үйіне қайтады. Жол-жөнекей оған бір қабан тап болады, көре салып аңшыға тұра ұмтылады. Сонда аңшы ақбөкенді тастай беріп, қабанды көздеп садақ тартады, жебелі оң өкпесіне тура барып тиеді. Жаралы қабан жан ұшырып азуын аңшыға салады, жарып тастайды, садақ пен жебелі оқ жерге түседі, табан аузында екеуі де сеспей қатады. Осы арадан өтіп бара жатқан аш қасқыр өлген адамды, ақбөкенді, қабанды көреді де, өте бір мол азыққа кезіккенін ұғып, байлыққа кенелгендей қуанып:

- Шамам келгенше бір азын тығып қояйын, сақтықта қорлық жоқ қой, басы артық қор жинамау ақымақ алаңғасардың ісі. Мен осы олжамды үнемдеп, қысып ұстайыншы, сақтанған жөн болар. Ендеше, бүгін мына садақтың иіп байлаған тарамысын жеп қорек қылсам да болады екен, - деп түйеді. Сөйтіп садақтың

тарамысын жеуге оқталады да, тісімен қажалай бастайды. Шиыршықталып байланған тарамыс шарт етіп үзіліп кеткенде, садақтың иілген басы кейін серпіп, қасқырдың қара тұмсығына дөп тиеді, аңдаусызда ажалы жетіп, қасқыр мүрдем кетеді.

- Міне, бұл нақылды мен сені түсіндіру үшін әдейі айттым, өйткені аузынан жырып, артына сақтаудың түбі осындай жамандыққа апарып соғатыны да болады, - деді.

Әйелі айтты: - Сөзіңнің бәрі рас. Біздің үйде алты-жеті кісіге жететін күріш пен күнжіт бар. Ертең мен тағам даярлаймын, сен өзіңнің сүйген қонағыңды шақыр, - деді. Таңертең әйелі күнжіттің қабығын аршыды да, сөреге жайып күнге кептіруге койды. Сөйтті де еріне бұрылып: - Мына жаюлы тұрған күнжітке ит, құс тимесін, аңдып тұр, - деді де басқа тамақтарын даярлап, жабдықтауға кірісті. Алайда ерінің бейғам отырғанын, иттің келіп күнжітті жей бастағанын әйел анадайдан көрді. Ит жегенін жеп, қалғанын аяғына басып былғады, осыны көзі көрген әлгі әйел нәжістенген күнжітті қонаққа тартқысы келмеді. Осылай ұйғарды да әйел ақталған күнжітті базарға апарып, ақталмаған күнжітке баспа-бас айырбастады. Әйел осыны істегенде мен базарда едім, өз көзіммен көріп, құлағыммен естідім, сонда бір көлденең адам тұрып, мына әйелдің ақталған күнжітті ақталмаған күнжітке баспа-бас айырбастауында, заты, бір себеп бар шығар, - деп еді.

— Енді мына егеуқұйрық туралы мен де сол сөзді қайталар едім, өйткені сенің айтуыңша, себетке шабатын жалғыз сол болса, оның басқа жолдастары тимесе, себетті кайда ілсең де соған әлгі егеуқұйрықтың ғана келуі тегін емес шығар, мұнда бір үлкен себеп болар. Маған бір балта тауып берші, - деді. Ол қонағына балта әкеп берді, мен осы кезде өз інімнен шығып келіп, біреудің інінде жатыр едім, олардың сөздерін түгел естідім. Кімнің қойғанын білмеймін, әйтеуір, менің інімде мың тіллә (динар) салған бір қалта алтын жатушы еді. Мен оны жерге төгіп, біріне бірін соғып асыр салып, ойнаушы едім, алтын тұратын мекен-жайды білетініме мақтанып мардамсушы едім. Қонақ менің інімді қаза-қаза келіп, әлгі ақшаға жетті. Ақшаны қолына ұстап тұрып сопыға мына сөзді айтты:

– Дұрыс, осы егеуқұйрықтың саған шабуыл жасауына, оған сонда жойдасыз қайраттың бітуіне себеп болған мынау екен ғой, өйткені әрбір

жан иесін ақылды да, күшті де ететін осы ақша. Енді өзің көрерсің, бұрынғы батырлығы да, батылдығы да оған қайта оралмайды, осы күнге дейін істеген қылығын қайталауға оның мұршасы мүлде келмейді, - деді. Қонақтың осы сөзін естігеннен кейін мен сандалақтап дел-сал болдым, бұрынғы өзімді өзім көтеріп мақтануым да ақылсыздыққа айналды. Бөтен біреудің ініне барып паналадым, қоңсы болдым, соның ертеңіне-ақ көзім жетті, егеуқұйрықтардың арасында менің беделім түскен екен, олардың сыйлауы да - немқұрайды сияқты. Себетке секіруді бұрын өзім үйретуші едім, енді бүгін мені олар секіртті, бірақ секіруге шамам келмеді, көріне көзге кеміп қалдым, егеуқұйрықтар менен күдер үзіп, теріс айналды: - Тағдырдың сүйікті құлы құрыған екен, жуық арада мұның өзі біреуіміздің мойнымызға мінетін масыл болар, сірә, - деп соқты. Бәрі де мені тастап, жабыла барып жауларыма қосылды. Көрінген жанға мені ғайбаттап, кеміте сөйлейтінді шығарды. Мен сонда мынау ойға тірелдім: жолдас та, туыс та, ағайын да, дос та - бәрі де тек ақшаның барында екен деп білдім. Ақшаң болса батыр да, ақылды да сенсің, жоқ болса, күллі атақтан жұрдай болатыныңды байқадым. Ақшасы жоқ жан мақсатына жете алмайды, оған жетуге ұмтылмайды да, өйткені кедейлік кес-кестеп кедергі жасай береді, мен осыны ұқтым. Тап осы тәрізді жаздыкүнгі жаңбырдың суы жапан далада жерге сіңіп таусылады, ешбір өзенге де, теңізге де барып құймайды, оны жердің өзі сорып алады, өйткені жердің сусынын қандыратын су, сол су аркылы ол өз мақсатына жетеді, көріктеніп гүл-гүл жайнайды.

Кедей туыстың үй іші де, бала-шағасы да, атақ-даңқы да болмайды. Жұрт көзінде ақшасы жоқ жанның ақылы да жоқ, оған бұл дүние де, ақырет те бұйырмайды. Кемтарлықтың шеңгеліне түскен адамнан ең әуелі туыстары безеді, жақындары жек көріп ат-тонын ала қашады. Ал кей кезде өз басының және үй ішінің кажетін, мұң-мүддесін орындау үшін ол шара іздейді, сонда лаж таппай қылмысқа ұшырайды, арынан ажырайды, қор болады, сөйтіп ол екі дүниеден бірдей қол үзеді де мүлде құриды. Бақытсыздықтың бар тетігі кедейлікте; кедейді жұрттың жексұрын көруі де сол. Кедейлік ақыл мен әділеттен де жұрдай етеді, осының зардабынан білімділік те, тәрбиелі қағілездік те

жойылады. Кедейлік өтірік-өсектің, қаңқу сөздің міне шабатын салт аты, ар-ұяттың сарқылатын мекені де сол. Ұяттан айрылған жаннан қуаныш та қашады, ол үнемі жексұрындыққа ұшырайды, ал жексұрындыққа ұшыраған адам жәбірленеді, жәбірленген кісі қайғыға кездеседі, оның ой-санасы кемиді, ақылсыз да, ұмытшақ та сол болады, ақыл-есі, ой-санасы кеміген жанның барлық сөзі өзін орға итереді, пайдасыз болып шығады. Бұрын сеніп жүрген адамдар кедейленген кезде оған енді сенбейді, күдіктене қарайды, бұрын жақсы дегендер енді оның ісін үнемі жамандыққа жориды. Біреу қылмыс істесе осыдан көреді, күдіктенудің, арам пиғылдың бәрі осыған төнеді, - күллі жанның көздейтін қарақшысы осы кедейлік екен. Байларды мақтауға арналған қылық, кедейлерді қарақаттауға жарай береді. Кедей ер жүрек болса, оған алаңғасар-әңгүдік деген атақ таңады, ол мырза болса - сырапқор деседі. Егер ол әдепті болса - оны әйеңкес, әлсіз деп біледі, ол өзін ұстай білсе - оны өр көкірек жарымес деп есептейді. Ол шешен болса - ақымақ мылжың деседі. Кесіп алса қан шықпайтын сараңнан сұрантуға апаратын кедейлік, ал бұдан ажал анағұрлым артық. Егер адал туған адам айдаһардың аузына қолын тығып, өңешіндегі уын суырып алып, сол уды еріксіз өзі жұтып коюға мәжбүр болса, міне осы қылығы пейілі тар сараңнан бірдеме дәметіп сұранудан әлдеқайда жеңіл. Бұрынғылар айтқан екен: - бөтен елде, шет жерде жүрген біреудің басы ауырып, балтыры сыздаса, ол осы аурудан емделе алмаса, өйткені не күндіз, не түнде паналайтын мекені болмаса, оның үстіне өз еліне қайту үміті кесілсе, немесе сол адамды жоқшылық қысып қайыр сұратуға апарса - міне, осы адамның өмірі - өліммен тең, ал өлім оған рақаттың алтын бесігі. Ешкімнің қайыр сұрағысы келмейді: бірақ жоқшылық оның жер-жебіріне жетеді, сол жоқшылық ұрлыққа да, зорлыққа да итереді, ал мына кейінгі қылықтары ана өзі ат- тонын ала қашқан қайыр сұраудан да арам, - деген екен. Тағы бір жерде мынаны айтыпты. Өтірік сөйлеуден мылқау болу артық, зорлықтан алдау артық, ал төңірегіндегі елді жеп, төрт түлігі сай болып рақатқа батудан таза жоқшылық пен кедейлік артық, - депті.

Осыдан кейін менің інімнен қазып алған тілләні қонақ екіге бөліп, тең жартысын сопыға бергенін көрдім. Сопы өз

үлесін дорбаға салды да жастығының астына басты. Сопы жастанып жатқан тілләні қайта әкеліп өз ініме салғым келді, сондағы ойым - кеміген қуаттың біразы қайта орнына түсер, теріс айналған достарым өзіме қайта оралар деп үміттендім, сөйтіп сапарға аттандым, бұл кезде сопы ұйқтап қалған екен. Мен келіп жастығының астын тіміскіледім, сөйтсем, қонақ ояу жатыр екен, оның қолында таяғы бар еді. Ол мені қақбастан беріп кеп жіберді, сасқалақтап қаша жөнелдім де ініме кіріп кеттім.

Басымның ауруы толастаған кезде лепірген көңіл, ашқарақ ой тағы билеп әкетті, ақылымнан адастым, әлгі ой ерікке қоймай итермеледі, тағы шығып сопының қасына бардым, бұл жолы қонақ, мені аңдып жатыр екен, таяғымен салып кеп қалды, сонша қатты ұрды, басым жарылып қан саулап ақты, тәлтіректей дөңбекшіп, сүйретіліп ініме азер жеттім де есімнен танып құладым. Мен қайғы-касіреттің шырмауына түстім, ақшадан біржола көңілім қалды, енді ақшаның атын естісем төбе шашым тік тұратын болды. Соңынан ойлап-ойлап осы дүниедегі адамның бәрі бақытсыздыққа ұшырағанда ашқарақтық пен құлкын құмарлық арқылы ұшырайды екен деп ұқтым, өйткені өмір сүрген жанның жүрегінен ашқарақтық пен құлқын құмарлық өмірі арылмайды, сондықтан ол бақытсыздыққа да, қайғы-касіретке де душар бола береді. Мырзалық пен сараңдықтың арасы жер мен көктей екен, мен осыны сездім, жомарт жанның дүние іздеп қол созуынан гөрі, құлқын құмарлардың сол ақшаның соңына түсіп, алыс сапарға аттануы, неше түрлі шексіз бейнет, ауыр мехнатка ұшырауы әлдеқайда жеңіл-ау, — деп білдім! Дүниеде теңдесі жоқ зор байлық қанағат екен. Мен данышпандардың айтқанын естідім, олар: ақылдан сабыр артық, аяр сопылықтан адал қылық артық, байлықтан қанағат артық. Өзгермейтін тағдырдың ісіне көбінесе көнген артық дейді екен. Солар тағы мынаны айтыпты: «Адамның басына біткен зор байлық қайырымдылық, махаббаттың жоғарғы сатысы — сенім, даналықтың ең алды келешекте болатын іс пен болмайтынды ұға білу, сөйтіп ізгілік пен сабыр көрсетіп қол жетпейтін нәрсеге ұмтылмау», — депті. Осыларды естігеннен кейін мен де қанағат тұтып, барға ырза болдым, сопының үйінен безіп жапан далаға барып мекендедім.

Құзғынмен бірге келген егеуқұйрық енді тасбақаға қарап сөйледі: «Менің бір көгершін досым болды, екеуміз мына құзғыннан бұрын достасып едік. Құзғын маған сол көгершін арқылы кездесті де сенімен достығын айтты, саған барғысы келетінін білдірді. Сонда құзғынмен бірге мен де жөнелдім, жалғыз қалғым келмеді, өйткені бұл дүниеде бауырласыңмен бал жаласып достасып жүргенге не жетсін, одан зор қуаныш жоқ, ал сол достардан суысып кетсең бұдан үлкен қасірет те жоқ екен. Күнделік мұқтажынан құтылып, тараң өмірдің тақсіретін тартпау үшін ақылды жанға басы артық дүниені күйттеудің қажеті жоқ екен. Бұл үшін тек азғана ішіп-жемің, баспанаң болсын, бұған жетуге ұлан-байтақ өлкең мен дарқан жүрегің көмек бере алады, мен осының бәрін басымнан кешкен соң барып білдім. Егер дүниедегі бар байлық бір адамның қолына берілсе, сонда ол азғантай-ақ нәрсемен қанағаттанып, өзінің мұң-мүддесін орындар еді. Ал қалған дүниенің бәріне оның құшағы да жетпес еді. Осы ойға мұқылас ұйыдым да, құзғынға ілесіп жөнеп бердім. Мен сенің сіңлің болайын, сен маған да сондай жанашыр апа бола біл», - деді.

Егеуқұйрық осылай сөзін бітіргенде нәзік үнмен, өткір тілмен тасбақа оған былай жауап қайырды: - Сөзің әдемі екен, жаным, құмарта тыңдадым, бірақ менің байқауымша, сырыңның тетігін сен әлі түгел шертпей отырған сияқтысың, өзіңнің бізге келген сапарыңдағы мақсатыңды да жеткізе айтқан жоқсың, жүрегіңде бір нәрсе түйткіл тұрғандай, оның болмауы керек қой. Ойланшы өзің, әдемі сөзден ештеңе өнбейді, күллі тетік істелетін әрекетте. Мысалы, ауру адам емделудің жолын білсе, бірақ емделмесе, сол ауруды жеңілдетіп тыншыға алмайды ғой, сонда оның білгенінен не пайда? Қабырғаңмен кеңесіп, ұйғарған ойыңды ісіңмен көрсет. Малым аз деп қапаланба, ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды, оны жұрт малсыз да сыйлайды, мысалы арыстан өліп жатса да оның айбатынан ел қорқады, құрмет тұтады. Байлығы қаншама мол болса да, адамгершілігі шамалы жанды халық қадірлемейді, мысалы, алтынмен аптап, күміспен күптеп, мойнына қарғы, аяғына білезік тақсаң да итті жұрт ит деп біледі, жек көреді. Жат жерде жүрмін деп қайғырма, жақсыда жаттық жоқ. Қандай жат елге барса да оның өзіне ақылы жолдас, оған сол жетеді, мысалы, арыстан қай жерде

жүрсе де, қай тарапқа барса да оның күш-қуаты өзінде, соның көмегімен ол өмір сүре алады. Сөйтіп, әділ ізгілікке сиын да, барлық әдіс-айланы қолданып өзіңе-өзің көмек бер, егер осылай әрекет жасасаң әлгі ізгілік сені өзі іздеп табады, не ексең соны орасың, өйткені су ойға қарай ағады, суға үйренген құс үнемі суды көздейді. Бақыт тек қырағылар үшін, ізденгіш, ақылы ширақ жандар үшін жаралған, ал әйеңкес, жалтаң, өзі біреуге сенетін жандардың, жалқаулардың қолы байлыққа кемде-кем- ақ жетеді. Сондай-ақ жас әйел де кәрі шалмен көңіл қосуды - өзіне лайық көрмейді, қосылуға құмартпайды.

Өзіңнің айтуыңша түнде көп ақшаң болыпты да, таң атқанда содан айырылып кедейлікке кездесіпсің, бұған сен қайғырма. Ақша да, басқа байлық та қолдың кіріндей, келерінде жылдам келеді де, кетерінде судай ағады, бұлар аспанға лақтырған доп сияқты, жерге де тез құлайды: Бұрынғылардың айтуынша: - Бұлттың көлеңкесінде, арамзаның достығында, әйелдің махаббатында, жалған мақтауда, мол байлықта баян жоқ, тиянақсыз нәрселер, міне, осылар деген екен. Ақылды жан зор байлыққа сүйінбейді де, тапшы өмірге күйінбейді. Оның бар байлығы - өзінің ақылы мен ізгі еңбегінде. Оның істеген ісі, артына қалдырған өрнек-үлгісі жоғалмайды, істемеген қылық үшін оны жауапқа ешкім тарта алмайды, мұны ол жақсы біледі. Болашақ өмірге бейғамдық жасамау жөн, ақырет үшін де игілі істер істеп кетуі керек. Ажал аңдаусызда аяқ астынан тап болады, оның келер мерзімін ешбір жан білмейді. Менің өсиетіме сен ділгер емессің, өз басыңа не нәрсенін пайдасы барын көріп те тұрсың. Алайда достық ақың бар, сол борышымды өтегім келеді; ендеше, сен біздің, адал сіңліміз бол, әліміз келген жақсылықты біз де сенен аямалық, - деп сөзін бітірді.

Тасбаканың егеуқұйрыққа берген жауабын, көрсеткен сүйкімді қылығын, сұлу сөзін естіп құзғын қатты куанды, көңілдене тұрып мына бір сөзді айтты. Досым сен, егеуқұйрық жөнінде мені шаттыққа бөледің, бақытты еттің, енді өзің де солай қуануға тиіссің; өйткені ағайын-туысы, адал достары үйінен арылмаса, үнемі бірге болып бірін-бірі қуантса, сол үй иесі әлгі дос-жарандарының мұң-мұңтажын орындауда ылғи жел жағына түсіп көсемдік істеп отырса, міне, жойдасыз күшті қуаныш, қасиетті өмір, ізгі даңқ - бәрі де осы адамның

бойында болмақ. Ізгі жан сүрініп кетіп, орға құласа, оған ізгі адам ғана қол үшін беріп, тартып ала алады, сондай-ақ егер піл батпаққа батса, оны тек піл ғана суырын шығармақ. Қаншама мол жақсылық көрсетсе де ақылды адам оны міндет етпейді, ескермейді де; басын бәйгіге тігіп, неше алуан қауіп-қатерге кездессе де бұдан тіпті зиян көрмейді, ол тек жалғанды ақыретке айырбастайды, азды беріп, көпті сатып алады, оның осыған көзі де жетеді. Жұрттың қамын ойлайтын, екіталай кезеңде ел болып көмек тілейтін, халық паналайтын игі жандар болады, міне ең бақытты адамдар осылар, ешкімге шарапаты тимейтін байларды көпшілік байта есептемейді, - деді.

Құзғын осы сөзді айтып тұрған кезде, бұлардың жанына күтпеген жерден бір ақбөкен жүгіріп келді. Құзғын, егеуқұйрық, тасбақа үшеуі де шошып кетті. Тасбақа секіріп суға түсті, егеуқұйрық ініне кіріп жоқ болды, құзғын ұшып барып бәйтеректің басына қонды. Ақбөкен жиекке жақындап барып, азырақ су ішті де, шошынып жан-жағына жалтақ-жалтақ қарады, аңырап тұрып қалды. Ақбөкеннің соңында қуғыншы жоқ па екен, соны байқау үшін құзғын шарықтап аспанға ұшты, қалықтап жүріп айнала атырапқа көз жіберді, бірақ еш нәрсені көре алмады. Содан кейін қайтып келді де: - Ешбір қауіп-қатер жоқ, бері шығыңдар! - деп тасбақаны судан, егеуқұйрықты інінен шығарып алды. Міне, енді бәрі де баяғы орындарына қайта жиналады. Ақбөкеннің суға үңіле қарап, ішпей тұрғанын көрді де тасбақа сөйлей жөнелді: - Шөлдесең іш, қаймықпа, қауіптенбе!- дегенді айтты. Ақбөкеннің еті үйреніп енді бұларға жақындай түсті. Сонда тасбақа сәлем беріп амандасты да:

- Жолың болсын, қай жақтан келе жатырсың? - деп сұрады. Ақбөкен тұрып: - Мен баяғыда осы өңірде болып едім, сонда біреулер мені әуреге салып, қоярда-қоймай қуалаған болатын. Бүгін бір картты көрдім де соны аңшы болар деп қорқып осында қашып келдім, - деді.

Сонда тасбақа: - Сен енді қорықпа, біз ешбір аңшыны бұл жерде көрген емеспіз. Шүйіркелесіп бірге тұралық, өзіңдей көр, сен жайылатын отты жер де осыдан қашық емес, - деді. Ақбөкен солармен достасып бірге тұрып қалды. Бұлардың шілік қосы болушы еді, күн сайын белгілі мерзімінде мекендеріне келіп, бас қосып, өзара масайрасып, әңгіме-дүкен құрып отырушы еді.

Бір күні дағдылы мезгілінде құзғын мен тасбақа егеуқұйрық үшеуі келіп жолығысты, араларында ақбөкен жоқ еді. Олар бір сағаттай күтті, ақбөкен кешіге берді, бір пәлеге ұшыраған шығар деп корықты да, олар құзғынға мына сөзді айтты:

- Ақбөкен осы маңайда жайылып жүрген болар, сен ұшып шығып, көріп қайтшы, - деді. Құзғын шарықтап аспанға ұшты да, аңшының торында ақбөкеннің оралып жатқанын көрді. Ол жылдам қайтып келіп, егеуқұйрық пен тасбақаға осы хабарды жеткізді.

Тасбака мен құзғын егеуқұйрыкка қарап: - Бауырымызға сен ғана жәрдем бересің, бұл жөнінде сенен баска сенеріміз жоқ, - десті. Егеуқұйрық іле-шала жүгіріп акбөкеннің жанына жетіп барды да:

- Сонша қырағы едің-ау, сен бұл пәлеге қалай ұшырадың? - деп сұрады.

Ақбөкен сонда: - Көзге көрінбейтін құпия тағдырдан қырағылық құткара ала ма, одан кашып жан сауғалауға бола ма? - дегенді айтты.

Осы әңгіменің үстінде тасбақа да келіп жетті, ақбөкен оған бұрылды да: - Сен мұнда бекер келдің-ау. Мені шырмаған торды егеуқұйрык тісімен қажалап үзіп жіберсе болғаны, сол арада аңшы келіп қалса да мен жүгіріп жеткізбей кете алам, егеуқұйрыктың паналайтын іні көп, ал құзғын болса ол ұшып кетеді, бірақ сен мешеу қимылдайтын, шабан едің каша алмайсың ғой, сондықтан мен енді сенің қамыңды ойлап аңшыдан қорқып тұрмын, - деді.

Осы арада тасбақа сөйлеп кетті: - Жақсы көрген достан айырылу тіршілік емес. Бауыр мен бауырдың кездесуі ғана қауіп-қатерді жеңілдетіп, басқа келген қайғыны ыдырата алады. Сонда олар біріне-бірі көрген касіреттерін шертісіп, мұң-мүддесін тебірене айтысып, көңілдерін бөліседі, ал достар еріксіз ажырасқанда жүректің оты сөнеді, қуанышы өрескел көрінеді, көзіне шел қаптайды, - деді.

Тасбақа сөзін бітіргенше аңшы да келіп қалды. Алайда егеуқұйрық бұл кезде торды қиып үлгерген екен, ақбөкен қашып құтылды, құзғын ұшып кетті де егеуқұйрық інге кіріп жоқ болды. Торының дал-дал болып, жыртылып жатқанын аңшы көрді де таң қалды, төңірегін сүзе қарағанда, тасбақадан

бөтен ешкімге көзі түспеді. Табан аузында тасбақаны торына орап алып, көтеріп жүре берді.

Ақбөкен, құзғын, егеуқұйрық үшеуі кешікпей-ақ қайта бас қосты, олар аңшыны аңдыды, оның тасбақаны торына орап алып, әкетіп бара жатқанын көрді, қапы қайғырды, сонда егеуқұйрық айпы: - Бір пәледен жаңа ғана құтылып, енді екінші бір одан да зорына кездестік-ау, тіпті ойыңа да сыймайды! Бұрынғының сөзі рас екен ғой:

- Адам алғаш сүрінгенше аяғын шалыс баспайды, ал кедір-бұдыр жерде бір сүрінсе, содан кейін дағдыланады да, тегіс жерде де сүрінуге үнемі бейім тұрады деуші еді. Мені үй ішімнен, мал-мүлкімнен, отанымнан, ел-жұртымнан айырған тағдыр әлі тояттаған жоқ екен, ол енді тіршілігімнің бар тетігі тасбақадан айырды ғой, бұл мақтаныш іздеу үшін, не алыс- беріс жасау үшін болған емес еді, бұл достың әкенің баласына көрсететін мейірбандық махаббатынан да артық еді, мұны тек өлім ғана ұмыттырады. Уа, шіркін, мехнат тарту үшін жаралған қу дүние-ай! Өмір оңғақ қой, ол үнемі өзгеріп, жаңғыра береді, онда тұрақты, тиянақты еш нәрсе жоқ, тап сондай-ақ аспандағы жұлдыздың туысы да, батысы да мәңгі бір қалыпта тұрмайды, туғаны батады да, батқаны қайта туады, ылғи өзгеріп ауыса береді, шығысы - батысқа, батысы - шығыска айналып құбылып тұрады. Бұл қайғы менің басымнан кешкен мехнатты есіме түсіреді, ол жазылып келе жатқан бітеу жара еді, тұтқиыл таяқ тиіп аузы қайта ашылғандай болды, сондықтан енді екі қайғы тоқайласты: жаңадан тиген соққының ауыртуы, ескі жараның аузы ашылып сыздауы бірігіп бас қосты. Кімде-кім бауыр басқан, үнемі бірге жүрген досынан айрылса, оның жүрегінде орын тепкен бітеу жара да дәл осылай сыздайды, - деді.

Құзғын мен ақбөкен сонда егеуқұйрыққа мына сөзді айтты:

- Біздің қасіретіміз де, сенің сөзің де қанша күшті болғанымен, тасбақаға бұлардан келер пайда жоқ. Сондықтан мұның бәрін доғар да, соны босатудың амалын қарастыр, өйткені бұрынғылар айтады екен:

Ерлік - майданда, сенімділік - қарыз алғанда, борышын төлегенде, үй іші мен бала-шаға - пәлеге кездескенде, ал достық

- бақытсыздыққа ұшырағанда танылады деген екен, - деді. Осы арада егеуқұйрық айтты: «Мен мынадай айла таптым. Ақбөкен сен, жүгіріп

аңшының алдына түс, өзінен ұзап кетпе, оққа ұшып жараланған жанша қозғалмай жата қал. Сол кезде жемтікке ұмтылғандай болып құзғын саған қарай құйыла төнсін, мен аңшының ізін бағып, өкшелеп жақындай берейін. Сені көрген соң аңшы садағын да, оғын да, тасбақаны да тастай беріп, саған тұра ұмтылады, олай істейтініне менің иманым кәміл. Аңшы таяна бергенде сен тағы ақсаңдай қаш, бірақ ұзап кетпе, оның ұстап алам деген үмітін үзгізбе. Сен бірнеше рет қолына түсіп қала жазда, біресе алыстатып, біресе жақындатып әбден сілесін қатыр. Аңшы ұзап кетісімен-ақ мен тасбақаны орап тұрған торды кеміріп қиып тастаймын. Сөйтіп, босатып аламыз да бәріміз ескі мекенімізге қайта барамыз», - деді.

Ақбөкен мен құзғын дәл осылай істеді. Екеуі қосыла қимылдады, аңшы күдерін үзіп кері қайтқанша титықтатып әурелей берді, осы кезде тасбақа оралған торды егеуқұйрық дал-дал қылып қиып тастады да бәрі тізе қосып, кері қашып кетті. Аңшы қайыра келіп, қиылып жатқан торын көрді де, ақсақ ақбөкен мен құзғынды есіне түсіріп дал болды: «ақбөкен жемтік тәрізденіп қозғалмай жатады, оған құзғын түйіле түседі, бірақ жемейді», осыны ойлап ол түршіге қорықты: - Бұл, заты, жын-шайтан жайлаған жер болар, - деді де ол еш нәрседен үміт етпей, алды-артына қарамастан қайтып кетті. Осыдан кейін құзғын мен ақбөкен де, тасбақа мен егеуқұйрық та мәз-мейрам болып байырғы мекен жайы - өз күркесіне тартты. Бауырластың өзара көмектесуі жөнінде айтылатын нақыл осы болушы еді, - деп әңгімесін аяқтады Бейдауа.

ЖАПАЛАҚ ПЕН ҚҰЗҒЫН ТУРАЛЫ

ДӘПШӘЛІМ патша Бейдауа философқа айтты: - Өзара сыйласып, бірін-бірі жан үзіп жақсы көрген, біріне-бірі аянбай көмек берген адал туыстар жөнінде сен маған көп әңгіме шерттің ғой; егер енді айтқың келсе, сырт пішіні моп-момақан, бетінен ізгіліктің нышаны көрініп тұратын, бірақ әп-сәтте сырт айналып, айнып, алдап кететін дұшпан туралы сөйлеші.

Сонда философ: «Кімде-кім ежелден бері ұстасып келе жатқан қас дұшпанның алдауына түссе, бір заманда жапалақтардың басынан кешірген ауыртпалығын көреді»,

- деді.

Патша: - Ол қалай болып еді? - деп сұрағанда, философ оған мынау әңгімені шертті.

- Бағзы бір елде, тау қиясында дәу ағаш өседі екен, бұл сол жердегі күллі ағаштардың ішіндегі жапырағы қалыңы, бұтақтысы болыпты. Өз арасынан шыққан патшасы бар мың құзғын осы ағашқа ұялапты. Тап сол тауда тағы да мың жапалақ мекендейді екен, олардың да өз патшасы болады. Бір күні түн ішінде жапалақтың патшасы көріне шабуыл жасапты, жапалақ пен құзғын арасындағы осы жауласу толастамай үдей беріпті. Жапалақ патшасы құзғындарға тұтқиыл төнсе керек, көбін қырғынға ұшыратып, бір талайын жаралап кетіпті. Таңертең құзғын патшасы өз адамдарын жинап алып: - Түндегі уақиғаның сендер үшін де, жапалақтар үшін де не болып біткенін көрдіндер ғой. Халқымыздың қаншасы қырылды, қаншасы жараланды, қанаттары қайрылып, құйрықтары майрылып, тұлымдары түтіліп қалғандары қанша десеңші! Жапалақтарда аяу да, аяну да жоқ, мен сол қылығынан қорқам, оның үстіне бекініс мекендерімізді де жетік біледі, батыл қимылдайды, оны өздерің де байқадыңдар, енді сендерді елеусіз қалдырмаса керек. Сондықтан сақ болыңдар, асығыс албырт қимыл көрсетпеңдер,

- деген нұсқау беріпті.

Солардың ішінде асқан ақылды, өте білгір атағы жайылған бес құзғын болушы еді; басқа құзғындар пәлеге душар болса- ақ соларға паналап, барлық тауқыметті сол бесеуіне апарып артушы еді. Патша да олардың пікірін пайдаланып, үнемі ақылдасып отырушы еді. Сол бесеуінің бірінен патша: -Мынау уақиға жөнінде сен не ойлайсың? - деп сұрағанда.

Құзғын оған: «Менің ойым ежелден келе жатқан белгілі қағида; қаныпезер, қарулы қандас жауға қарсы бармай, қашқақтап бас сауғалаудан өзге ешбір құрал да, айла да жоқ», - деп жауап қайырыпты.

Патша екіншісіне бұрылып: «Ал сенің ойың қалай?» - деп сұрағанда, ол патшаға:

- Мынаның қашу керек деген ақылы бізге жараспайды, менің ойымша, тұңғыш рет басымызға келген бақытсыздыққа шыдай алмай елімізді, отанымызды тастай қашу, мөнтеңдеп дұшпанға қол қусыру - бұл оңбағандық. Онан да күшімізді жинап, жаумен жағаласуға даярланалық. Жанжаққа қарауыл қоялық, олар осы екі арамызда болып жатқан әрекеттерді бақылап тұрсын, дұшпанның келесі шабуылынан, қару-жарағынан алдын ала сақтаналық. Егер дұшпан бізге шабуыл жасай қалса, оны қару-жарақпен қан майданда қарсы алалық та, қай жерде кездессек, сол жерде жанды шүберекке түйіп, аянбай соғысалық. Өзімізге ыңғайлы, тілегімізге сай мезгіл туғанша, өте сақ болалық, сөйтіп жаудың бетін қайтаралық. Ал егер осыны істей алмасақ қашып кетуіміз ғана қалып тұр ғой, бірақ біз осыны істесек қана ұжданымыздың алдында ақтала аламыз, - деп жауап беріпті.

Патша үшінші құзғыннан: «Сенің пікірің қандай?» - деп сұрапты.

Сонда ол: «Әлгі екеуінің де сөзін мен мақұлдай алмаймын. Бірақ сіз мына жау мен біздің арамызда жүретін барлаушыларды, жансыздарды қырағылыққа баулысаңыз екен, жаудың бітіскісі келе ме, жоқ бізден алым алып ырза болғысы келе ме соны олар жіті білсе екен, сөйтіп біз жаудың сыңайын таптындырмай мезгілінде байқап отыралықшы. Егер ұлы қатердің төніп тұрғанына көзіміз жетсе, онда алымын төлеп, пәле-жаладан құтылып, өз отанымызда бейбіт өмір сүруге мен қарсы емеспін. Ал жаудың күші сонша басым болса, патша өзінің де өлетінін, елінің де күйзелетінін, дәл астындағы адамдарының да қырылатынын біліп қорықса, онда өз мемлекетін, халқын ол ақшаның күшімен сақтауға кірісуі керек қой», - деді.

Патша төртінші құзғыннан: - Ал осы бітім туралы сен не ойлайсың? - деп сұрағанда, патшаға қарап ол: «Мен мұны дұрыс пікір деп есептемеймін. Бұл болмайды! Біздің

адамгершілігіміз де, нәсіліміз де артық, өзімізден төмен жаудың алдында жаутандап, абыройымызды құрбан етуден жаман нәрсе бар ма? Одан да отанды тастап, тентіреп айдауда жүру, жетім өмірдің тақсіретін тарту анағұрлым артық. Оның бер жағында, егер дұшпанға біз осылай ұсыныс жасасақ, ол місе тұтып қанағаттанбайды, бұған менің көзім анық жетеді, қайта қомағайлана түседі де мөлшерден тыс нәрсені талап етеді. Бұрынғылар айтқан екен: - Өз мүддеңді орындау үшін, жауыңа бірте-бірте басқыштап жақында, бірақ аса ішіне кіріп кетпе, ол өзіңді тарпа бас салып жүрмесін, әскерің де қару-жарақты болсын, жеңіліп қалып жүрме, деген ғой. Мысалы күннің астына тік орнатқан бағананы алалық: егер сол бағананы азырақ қисайтсаң көлеңкесі ұзара түседі, ал мүлде иіп жіберсең, онда көлеңкесі қысқарып қалады. Сондай-ақ болмашы жақындасуды жауымыз қанағат етпейді, сондықтан қайыспай шыдап, қарсы соғысқа шығуымыз керек, біздің ұйғарым осы болуға тиіс қой»,

- деді.

Патша бесінші құзғынға бұрылып: «Соғысуымыз керек пе, жоқ елімізді тастап қашуымыз керек пе, сен қалай істе дейсің?»

- деп сұрады.

Ол сонда: «Соғысу жөнінде айтсам, әліміз келмейтін жаумен сайысуға болмайды. Бұрынғылар: - кімде-кім өзін, не жауын тани алмаса ол әлі жетпейтін дұшпанымен соғысады да мерт болады, өзін өзі орға итереді деген ғой. Ақылды жан жауының күшін өзінен кем тұтып, қорлай алмайды. Мұны істеген адам алданады, ал алданған жан алдырады. Соғыспай тұрып та жапалақтардан қатты қорқатынбыз, ал мен болсам осы шайқасқа дейін де олардан мүлде сескенетін едім. Қай жағдайда болсын - бәрібір, есі дұрыс ойлы адам жаудан қауіптенбей отыра алмайды. Егер жау жырақта болса, оның қайта соқпасына сенбейді. Егер жау көрінсе, қол-аяғымды байлап, алдына салып айдамайды деген ой онда болмайды, ал егер жау жалғыз кезіксе, оның арамза айласынан аман қаламын деп те ұқпайды. Зерек адам мақсатына соғыссыз жетуге ұмтылады, алайда әділ айла таба алмай тарығады. Соғыста ең әуелі адам шығыны болады, басқа жағдайларда ақша немесе сөз шығыны болып жатады. Сайып келгенде, сенің жапалақтармен соғыспауың мақұл. Әлі келмес әлек болады, күштімен тірескен кісі өзін өзі орға жығады», - деді.

Патша одан: «Сөйтіп, соғыскың келмейді ғой сенің. Ал сонда не ойлап

тұрсың? Не істеу керек?» - деп сұрады. Құзғын патшаға: - Ақылдас, маслихат құр. Данышпандардың айтқан ақылынан патша көп ғибрат алады, олжа табады, сондықтан ақылдасқан, ойласқан патша жеңіске жетеді, ал әскер де, қырғын жорық соғыс та, ұшан-теңіз қару-жарақ та ондай жеңісті еш уақытта қолға әкеп бермейді. Жан-жағынан құйып жатқан өзендер арқылы теңіз суы молаймақ, сондай-ақ алды- артын топшылай білетін сан уәзірлерімен ақылдасу, пікір алысу, толғанысу арқылы патша да нығая бермек. Зерделі адам өзінің де, жауының да қолынан келерін күні бұрын сезеді, ол жауымен соғысатын сәтті мезгілді де, оның ой-өрісін де, арам пиғылын да алдын ала біледі. Болашақ уақиғаны көз алдынан тізбектей өткізіп, ақыл сарабына салады, көмекшілерінің де ой-желісін ілгерірек топшылайды, жұрттың берген ақылын да пайдаланады, қолында бар құрал-сайманын да есептеп отырады. Кімде-кім өзі ақылсыз болса және оның кеңес береРлік татымды уәзірлері де болмаса, тіпті тағдырдың өзі болысып, оған сәт сапарын тілеп тұрса да, бәрібір осы адамның ісі кешікпей-ақ түп-түгел апатқа ұшырайды. Бақ дегенің ақымаққа да, епшіл сараңға да дарымайды, ол тек көреген жанды шырғалайды, асқан ақылды адамдардың ғана басына барып қонады. Уа, тақсыр патшам, атап айтқанда сен дәл сондай ақылды жансың! Сен менімен ақылдастың ғой, ендеше, менің де саған екі салада жауап бергім келіп тұр, соның бірі құпия, екіншісі жария болсын! Ал ең әуелі жариялай айтқалы отырған ойымды білдірейін: мен соғысты қандай жақтамасам, сондай-ақ мына жауды тояттату үшін мәңгі жәбірленіп, құлдық ұрып, оған алым төлеп отыруды да жақтырмаймын. Бекзат туған данышпан жан абыройсыз, арсыз өмір сүргеннен, жауына каская қарсы тұрып өлгенін абзал санайды. Менің ойымша мәселені сарсылтпай жылдам шешуіңіз керек, мұны болмашы іске баламаңыз, көлденең нәрсеге алданбаңыз. Мұндай жағдайда кешігу, не бейғам болу - әлсіздіктің шыңырау шыңы. Ал менің саған жасырын айтатын әңгімеме келсек, ол тек екеуіміздің арамызда ғана калатын құпия сыр болсын. Бұрынғылар айтқан ғой: - Патша ақылымен жеңеді, ол дұрыс билік айту арқылы мақсатына жетеді, құпия сырды сақтай біледі, сөз баққан қырағы елшілер алдында сақ

отырады, сөйтіп істің ақырғы нәтижесін барлаушылар арқылы немесе теңестіре өлшеу, бал ашып болжау арқылы дұрыс билік шығаруға жаттығады. Кімде-кім өз сырын сақтай білсе, содан барып оның екі нәрсеге қолы жетеді, соның бірі беттеген ісі оңына бақса ойындағы арманы орындалады, ал екіншісі

- қателесіп кеткен күнде де өзіне ақау тигізбей, арандамай аман шығады. Құпия сыры бар жанның қауіптенбей сеніп айтатын көмекшісі болу керек, дұрыс билік шығаруға да соның жәрдемі тимек. Оттың өзі май құйғанда ғана маздап жанады ғой, сондай-ақ кеңес алушының ой-санасы өте үздік бола тұрса да, бәрібір оған кеңес берушінің ақыл-ойы қосылса, сонда ол өте күшейіп, күрделене түспек. Ханға қарашысы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдегенде онымен ортақ тіл таба білуі қажет. Егер қожасы қателесе қалса оның сол қатесін әдеппен, ептеп қана сүйкеп өтуі жөн; күңгірттеу мәселенің бетін ашқанда ойлары әбден үйлескенше, кеңес беруші ақылға жеңгізіп, тал шыбықтай бұралып отыруы керек. Егер қарашы осындай бола алмаса, онда кенесін алушы мен дұшпанның арасына түскен себепке айналады, біреуге айдап салу үшін шайтанның басын айналдырып дұға оқытатын жанның таз кепешін киеді, сонда ол дұғаны дұрыс оқи алмай, қараңғы түнекке душар болып, ақырында өзі қолға түскен ғой. Егер құпия сырын жасыра білсе, уәзірлерін талғап тыңдаса, халқына айбарлы болса, беттеген ойын тірі жан білмесе, тап мен тәрізді, ешкімнің ізгі үміті одан үзілмесе, сақ жаудың өзі де қашып құтылмаса, өзі қытымыр тәсілқой болса, ал керек жерінде малды жұмсауға да сараңдық қылмаса, бірақ басы артық ысырапқа бармаса, пайдалы заттың бәрін өз уысында ұстауға тек осы патшаның ғана қабілеті жетеді. Сырдың неше алуан сатысы болады: солардың бірі - біраз адамға айтылады, екіншісін екі-ақ адам біледі, ал үшіншісін талай кісі тыңдайды. Менің ойымша, өз дәрежесіне қарай, осы сырға тек төрт құлақ, екі тіл ғана ортақтаса алады, - деді.

Сонда патша орнынан тұрып, екеуі оңаша кетті де әңгімеге кірісті. Сөз арасында патша оған: - Біз бен мына жапалақтар арасындағы дұшпандық ең алғашында қалай туған, сен соны білесің бе? - деген сұрау қойды, сонда ол: - Білемін, бір құзғынның абайламай айтып салған, жалғыз ауыз сөзінен туған,

- деп жауап берді.

Патша: «Ол қалай болды екен?» - деді.

Сонда құзғын мына нақылды келтірді: «Баяғыда патшасы жоқ бір топ құс болса керек. Бір күні өздеріне патша етіп сайлау ушін бәрі жиналып жапалаққа келіпті. Осылай жиналысып жатқан кезде бір құзғын ұшып барып, кенеттен солардың үстіне қоныпты, осы арада құстардың біреуі тұрып: «Мына құзғынды сіздер әлі танымай тұрсыздар ғой. Игілі істің үстіне келіп калды, мән-жайды айтып, енді осы кісімен де ақылдасалықшы»,-депті. Сөйтіп оны орталарына алып, бәрі бас қосып ақылдаса бастапты. Сонда әлгі құзғын: «Егер құстарға бықпырт келіп тоты, тырна, үйрек, көгершіннің түгел тұқымы құрып, қырылып қалса, сол зәру кездің өзінде де жапалақты патша сайлаудың қажеттігі болмас еді, өйткені көрінісі де күйкі - құстың жексұрыны, қара жүрек - арамза, ақылсыз әңгүдік, алқым ашуы мол, күйгелек, мейірімсіз қатігез құс, оның үстіне мүгедек ауруы бар, күндіз көрмейтін көр соқыр. Ең зор кемшілігі - оның ақылы тапшы, ойы арамза. Байқаңыздар, патша сайламаңыздар, онсыз да бірдеңе етіп күнелтерсіздер. Сіздер қоян сияқты қу болыңыздар, ол айды өзіне патша етіп алып, өз ойынан шығарып сол айдың жарлығын жұртка әйгілеген ғой», - деді.

Топты құс одан: «Ол қандай уакиға екен?» - деп сұрады.

Сонда құзғынның айтқан нақылы мынау болды: «Баяғыда пілдер жайлаған бір өңірде бірнеше жылдай жаңбыр жаумапты. Бұлақтар тартылып, су құрдымға айналып жұтаңшылық басталыпты. Сонда түтігіп, қатты шөліркеген пілдер патшасына келіп жалбарыныпты. Патша суды іздетіп әр жерге елшілер аттандырып, жан-жаққа жаушылар жіберіпті. Солардың біразы сапардан қайтып келіп, біз пәлен жерде суы мол, мөп-мөлдір «Айлы бұлақ» таптық», - деп хабар беріпті. Өзінің пілдерін ертіп патша сол бұлаққа су ішкелі барыпты. Бұл қояндар жайлайтын өлке екен, індеріне, кебектеріне паналаған қояндарды басып-жаншып, пілдер тапап кетіпті. Сонда тірі қалған қояндар түгел жиналып, өздерінің патшасына мына сөзді айтыпты: «Пілдерден көрген жапамызды өзің де біліп отырсың. Олар енді қайта оралғанша, біздің қамымызды жеп, бір амал қолданғайсыз. Әйтпесе, су ішкелі тағы келсе, бізді мүлде құртады ғой», - депті.

Сонда патшасы: - Әрқайсыңа ерік бердім, бұл жөнінде кімнің қандай ойы бар, соны өз алдымда қаймықпай айтсын,

- дегенде, біліміне ақылы сай, еліне де, патшасына да мәлім бір қоян шығып сөйлепті: «Егер патшам қаласа, пілдерге мені жұмсасын, қасыма тағы бір сенімді елшісін қоссын, ол өзінің көрген, білгенін, менің қалай сөйлегенімді, нендей амал істегенімді, патшаға жеткізіп отырсын», - депті.

Патша әлгі қоянға қарап: - өз басым сені тиянақ көрем, ақылыңа бәріміз де ырзамыз, сөздеріңе күдіксіз сенеміз. Пілдерге жалғыз өзің-ақ бар, менің атымнан не тілесең соны айт, өзіңше билеп-төсте, қалағаныңды істе: алайда жіберушінің ақыл-өрісін, күнделік ісін, жай-күйін, жіберілген елшінің саналы ойына сәйкестіріп бағалайды ғой, сен осыны ұмытпа. Мінезің әдепті, сөзің майда болсын, өйткен елшінің сыпайы қылығы жаудың жүрегін елжіретеді, егер елші дөрекі мінез көрсетсе, қаталдыққа ұшырайды, - дегенді айтыпты. Айлы түнді жамылып еркек қоян жүріп кетіпті де, пілдердің мекеніне барып жетіпті. Пілдерге жақын барғысы келмепті, әдейі қастық қылмай-ақ аңдаусызда біреуі басып кетер деп қорқыпты. Сөйтіп, ол төбенің басына шығыпты да айқай салыпты:

- Ей, пілдердің патшасы! Мені саған ай жіберді. Елшіге өлім жоқ, Қанша қатты айтса да, оның сөзін мінемейді, төзіп тыңдайды, - депті.

Патша: «Айдың бізге арнаған қандай жарлығы бар екен?»

- деп сұрағанда, Бирюза[1] былай сөйлеп кетті:

- Ай саған мына сөзді айт деп жұмсады: «Кімде-кім күшіне сеніп, әлсіздерге зорлық істесе, соңынан дағды алып сол қылығын өзінен қуаттыларға да білдірсе, оның сол күші өзінің түбіне жетеді, өзіне сор болады. Хайуанаттар арасында күшіңнің зорлығын сен білесің, мен туралы сені адастырып отырған да осы қылығың. Менің атыммен аталатын бұлағыма бардың, соның суын іштің, пілдеріңнің аяғына бастырып былғадың да лайлап кеттің. Міне сондықтан алдын ала ескертемін, сақтанғаның жөн, ал егер осы қылығыңды тағы қайталасаң, онда көзіңе шелей қаптатып, күліңді көкке ұшырам. Ал енді осы жарлығымда айтылған сөздерге шүбәлансаң онда әлгі бұлағымның жағасына казір өзің кел, мен саған сол арада кездесем деді», - депті.

[1] *Фируз (Бирюза) – қоянның аты, оның қазақша мағынасы «салпаң құлаққа» келеді.*

Пілдердің патшасы Бирюзаның сөзін жүрегіне түйткіл алыпты да, оған еріп бұлаққа қарай жөнеп беріпті: бұлақтың жиегіне келіп үңіле қарап тұрыпты да судың түбінен айдың сәулесін көріпті. Осы мезетте Бирюза оған: «Тұмсығыңа суды толтырып алып шық та бетіңді жу, сонсың айға сәжде етіп, сәлем бер», - депті. Пілдің патшасы тұмсығын тығып жібергенде судың беті толқыпты, сонда ай тітіркеніп дір ете түскендей көріпті. Енді ол Бирюзаға бұрылып: «Патшаға не болды? Сен қалай ойлайсың, тұмсығымды сұға тыққаныма ол әлде қаһарланып тұрған жоқ па екен?» -деп сұрау қойғанда, қоян оған:

- Иә, рас. Сен басыңды иіп, сәлем ет, - дегенді айтыпты. Піл иіліп, бүгіліп айға сәлем етіпті, өзінің қылығына өкінішін білдіріпті, бұдан былай осы бұлаққа не өзінің, не басқа пілдердің ешқайсысы келмейтінін айтып, серт беріпті, - деп сөзін түйіпті.

Құзғын тағы сөйлепті: «Жапалақтардың бұлай тылғандардан басқа да кемшіліктері бар, олар: жауыз, кекшіл, алдағыш сұм. Нағыз жаман патша - алдағыш патша, ал кімде-кім алдағыштың әкімдігіне бағынып, өзін соған билетсе, ол соны - мысықтың өңешіне өз еркімен барып түскен Сифрид құс пен қоянның аяғын құшады», - депті.

Патша: «Ол уақиға қалай болған?» - деп сұрағанда.

Құзғын мына нақылды шертіпті: «Бір туысым - Сифрид құс[1] таудың етегінде менімен көрші тұрады. Мен ұялаған ағаштан оның ұясы алыс емес еді, көрші болғандықтан екеуміз жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Міне, бір күні мен содан айрылып қалдым, қайда кеткенін білмедім, ол ұзақ уақыт көрінбеген соң өлді дедім де қойдым. Оның орнын кейін бір қоян басты, мұның да не істеп жүргенін аңғарғам жоқ. Қоян осы арада біраз тұрды, соңынан Сифрид өз үйіне қайта оралды да, онда тұрған қоянды көріп: «Бұл менің мекенім, сен бұл жерден аулақ кет!» - деді. Қоян оған: «Бұл үй казір менің қолымда, ал сенің одан дәмең бар екен, ізденіп көр. Егер ондай өнерің болса, маған қарсы өзіңе сыбайлас қорғаушыңды іздеп таба ғой», - деп жауап қайырыпты.

Сифрид: - Бұл менің орным және қолымда айғағым да бар, - дегенде, қоян тұрып:

[1] *Бұлбұлдың бір түрі.*

- Ендеше, қазыға барып жүгінуге тура келер, - депті.

Сифрид сонда: - Теңіздің жағасында бір сопы-мысық тұрады, оның мекені осы арадан аса қашық емес. Ертеден кешке шейін құдайға құлшылық қылады, жәндіктің ешқайсысын ренжітпейді, тышқан мұрнын қанатпайды. Ол мәңгі ораза ұстайды, ауыз ашарына тек су ұрттап, шөп жейді. Кел, бүгін түнде соған барайық, мен сенімен бірге кіріп, қазыға жүгінуден қашпаймын, - дегенде, қоян да: - Мақұл! - деп қабыл алыпты. Екеуі бірге жөнелді, мен де солардың соңынан ердім, сопы мысықтың өзін де және бұларға оның қандай төрелік беретінін де көзіммен көргім келді. Мысықтың алдына барды да әрқайсысы өз тарихын баяндады:

Мысық отырып: «Мені кәрілік қоймай қуып жетті, құлағымның мүкісі бар, анық ести алмадым. Берірек таяу келіп, жақын жерден маған естірте айтыңдаршы», - деді. Бұлар әлгі сөздерін қайталады. Сонда мысық: әңгімелеріңді мен енді түсіндім. Істерінді талдаудан бұрын, сендерге бір өсиет айтайын:

«Ақиқаттан басқа еш нәрсеге ұмтылмаңдар. Сот қарсы билік шығарса да, ақиқатты жақтаған жан мақсатына жетпей қоймайды, ал өтірікті күйттеген адам дауласқанда үнемі жеңіліп қалады. Бұл жалғанда жүрген адамдарға артына қалдырған ізгі істерінен басқа ақшасы да, досы да, ешқайсысы да опа бермейді. Ақылды адам өзінде сақталатын затты, немесе пайдалы болып қайта оралатын нәрсені ғана іздеуге тырысқаны жөн, ал осыдан өзгенің бәрін де жек көруге міндетті. Ақша оған топырақ есебінде, ал адуын әйел - әпжылан тәрізді болуға тиіс. Жұртқа ізгілікті ғана тілеп, арамдықты оның басына жуытқысы келмейтін жан, ақылдының дәл өзі, - деді. Осылайша сопы мысық әңгімесін көйіте берді, әлгі екеуі тындай-тыңдай бойы үйреніп жақындай түсті, бір мезетте мысық секіріп барып, екеуін де шеңгелдей қамтып, табан аузында өлтіріп жіберді. Міне, осы жоғарыда мен суреттеп, өткен қылықтарға тағы опасыздық пен қулық қосылса, міне, жапалақ сонда түгел көрінеді. Оны еш уақытта патша сайлаушы болмаңдар, - деп құзғын сөзін түйіпті. Топты құс оның айтқан сөзін қабылдапты да, жапалақты патша етіп сайламапты.

Тап осы арада жапалақ құзғынға жақындай түсіп: «Сен маған зор қиянат істедің. Осы қылығыңды түсіне алмадым, әлде саған мен бір

заманда қастық істеп, енді соның сазайын тартып тұрмын ба? Егер олай болмаса, онда сен де ұмытпа, балтамен кескен ағаш қайта өседі, түзеліп кетеді, семсер кескен ет пен сүйектің жарасы жазылады, бітіп кетеді, ал тілдің жарасы - дауасыз дерт, мәңгі жазылмайды. Денеге кеулей кірген сүйір оқты аздан кейін суырып алуға болады. Сөз де сол оқша шаншылады, бірақ жүрекке барып қадалса оны суырып тастауға болмайды, ол алынбайды. Әрбір жалынның өзіне арнаулы сөндіргіші бар, мысалы отты су сөндіреді, удың уытын дәрі кайтарады, махаббаттың дауасы жақындасу, қайғыны басатын сабыр. Ал өпшенділіктің жалыны өмірі сөнбейді. Ей, құзғындар, өшпенділіктің мәңгі ағашын егіп арамызға орнатып тұрсыңдар», - депті.

Жапалақ осы сөздерін долданып айтып, жәбірленіп шығып кетіпті. Ал құзғын өзінің қызулық істегеніне өкініпті де ішінен: «Сөлекет сөз айттым-ау, өзіме де, еліме де жау көбейттім ғой. Топты құстар тұрғанда мұны айтуға менің қандай ақым бар еді, солардың патшасы жөнінде де менің өте үздіге қам жеуім қате болды. Мүмкін солардың әрқайсысы-ақ менің көргенімді көріп, білгенімді білген шығар, бірақ алдын болжап, келешектегі зиянынан сескеніп, олар айтпаған шығар, өздерін-өздері тоқтатып сабыр еткен болар, сонда менің неге қимам қышыды, елден ала бөтен сонша неге лақтым екен? Өзіне қастап айтқан сөздерімді былай койғанда, елге әйгілеп тұқымын түгел масқаралау, оның жүрегіне дақ түсіріп, өшпес наразылығын, жаулығын қоздыру, міне осыны сөз деп атауға бола ма, жоқ, бұл сез емес, удың дәл өзі! Ақылды адам ойының әділдігіне, сөзінің растығына қанша сенсе де, ол өзінің әлгі ақылына, күш-куатына сүйеніп, кек тудыратын, өшпенділікке ұшырататын жағдайға бармаса керек, өйткені удың бетін қайыратын, басытқысы (дәрісі) бола тұрып, соған сеніп есті жан уды ішпейді ғой. Адамгершілік те ізгі ойлы жандардың ғана еншісіне тиеді. Олардың жанап қана айта салған сөздері қызықты болмаса да, түпкі маңызы тәжірибеде көрінеді, істің нәтижесі аяғында барып анық білінеді, ағытылып тұрған шешен сөз жұртты қанша тамсандырса да, оның сырт бейнесі үздік әдемі болса да, бәрібір ел оны іс біткен кезде тіпті дәріптемеуі де мүмкін. Түбінде опа бермейтін сөздерді сөйлегендігім үшін

айыптымын, ешкіммен ақылдаспай, бірнеше рет толғанып, өлшеп-пішпей осынша күрделі мәселені талқылауға менің батыл кірісуім, әрине, ұшқарылықтан туды. Кімде-кім ақылды достарымен ақылдаспаса, болашақ ісін әлденеше рет тәптіштей зерттеп, ойы-қырын ойламаса, ондай жан ақылының кемдігін әшкерелемей қоймайды екен, мен мұны жақсы білем. Бүгінгі істеген ісіме сай алған сыйым ғой, бұл маған өте ауыр болды, бұлай істеу лайық емес еді-ау!» - депті. Құзғын өзін-өзі осылайша тілдеп-тілдеп, ақыры ұшып кетіпті.

- Өзің сұраған соң айттым, жапалақтар мен құзғындардың арасындағы соғыстың алғашқы себебі, міне осы болған, - деп сөзін аяқтапты.

Патша сонда: - Мен мұны түсіндім. Жапалақтар жөнінде не істеуіміз керек, қалай ойлайсың, ойыңды ашып айтшы, ең басты шарамыз не болмақ, енді сен осыны баяндашы, - деген.

Сонда құзғын сөзін былай бастапты: «Соғысу жөнінде мен өз пікірімді бағана айтып өттім, оны қуаттамайтынымды анық білдірдім. Тек енді бір амал-айла істеп қана жөн табам ба деген үмітім бар. Талай-талай күштерін сарп етіп, құтыла алмай жүрген ауыр жағдайлардан, көбінесе жұрт қулық жасап құтылып, мақсаттарына жеткен ғой, мысалы осындай қулықты үш ұры бір сопыға жасап, оның лағын алдап алып кетсе керек», - депті.

Патша: «Ол уақиға қалай болған?» - деп сұрағанда, мынадай нақыл айтыпты: - Құрбанға шалу үшін бір сопы нән семіз лақ сатып алыпты. Сол лақты жетектеп үйіне қайтып келе жатқанын көреді де, екі-үш сұмырай қулардың оны алдағысы келеді. Солардың біреуі оның қасына жақындай беріп: «Ей, сопы! Мына жетектеп келе жатқаның қандай ит?» - деп сұрайды. Сонсоң екіншісі келіп: — Ей, сопы! Дәуде болса, мына итті сен аңға қоспақсың-ау! - дегенді айтады. Содан кейін үшіншісі таяна беріп: «Сопы киімін киген осы адам, сопы емес-ау, сірә, өйткені сопы итті жетектеп жүрмес еді ғой!» - депті. Сонда сопы тұра қалып: «Мүмкін, сатушы менің көзімді байлап, алдаған шығар!» - депті де лақты тастай салып жүріп беріпті, сонда әлгі ұрылар лақты өзара бөлісіп алып, жайына кетіпті.

- Біз тілеген мақсатымызға алдаумен, айла арқылы жетеміз, мен бұл нақылды тек сол үшін айтып өттім. Жоспарым мынау:

патша маған қапы ашулансын да мен туралы әскеріне жарлық қылсын. Олар мені қанға бояп, өлімші етіп ұрып, соқсын. Қанат, құйрығымды жұлмалап, ағаштың түбіне лақтырып тастасын. Содан кейін мен өз қулығымды орындап шыққанша, патша әскерін ертіп пәлен жерге барып, бой тасалай тұрсын, содан кейінгі әрекетті қалай орындайтынымды өзім білем, - депті.

Олар бәрін осылай істеді, патша құзғындарын ертіп, уәделі жерге барып орын тепті. Жапалақтар түнде ұшып келді де құзғындарды мекендерінен таба алмады, ал ағаштың түбінде жатқан жаралы жалғыз құзғынды байқамады. Сол заматта әлгі құзғын ағаштың түбінде жатып осылар мені көрмей кетіп қалса, онда шеккен азабымның бәрі түгел бекерге шығады-ау деп қорықты. Ол дыбысын ептеп шығарып, ыңырси бастады, жапалақтардың біреуі оны естіп қалды. Құзғынды көрген жапалақтар патшасына хабар берді, жапалақтарын жанына ертіп, құзғындардың қайда екенін сұрап білу үшін, патша енді осыған қарай беттеді. Жақындап келді де: «Өзі кім екен, басқа құзғындар қайда екен, осыны сұрап білші!» - деп патша бір жапалаққа жарлық етті. Сонда құзғын: «Мен бәленшенің баласы, бәленшемін. Ал сенің басқа құзғындар қайда деген сұрауыңа келсем, құпия сырды білерліктей кескінімнің жоқтығын өзің де көріп тұрсың ғой», - дегенді айтыпты.

Жапалақ патшасы: «Мынау құзғын патшасының үзеңгілес уәзірі, соның ақылшысы. Неңдей қылмысы үшін мұндай жазаға кіріптар қылды екен, соны сұраңдаршы», - депті.

Сонда құзғын: «Олар менің пікірімді алаңғасарлық деп есептеді де, сонсоң мені осы жазаға тартты», - депті.

Патша: - Ал, сен қандай алаңғасарлық жасап едің? - деп сұрағанда, құзғын оған: - Сіздермен арада болып өткен уақиғадан кейін патшамыз бізді шақырып алып ақылдасты. — Уа, құзғындарым, қандай ойларың бар, айтыңдар деді. Мән-жайды жақсы білетін мен сөйледім. Менің байқауымша, жапалақтармен соғысуға сіздің мұршаңыз келмейді. Олар жау жүрек және сізден әлдеқайда күштірек. Үйғарымыңыз екі ұдай болуға тиіс, бірінші: бітім сұраңыз да алым төлеңіз: Егер жапалақтар бұған көнсе жақсы болды, ал егер көнбесе, онда мемлекеттің ішіне қарай қашып жан сауғалайсыз. Соғысу жапалақтарға пайдалы да сіздерге қып-қызыл зиян деп, мен құзғындарға ақыл айттым,

егер олар бітімге көнсе, міне, ең игілі іс осы дедім. Айтқанына көніңдер, деп нұскадым және мынадай бір мысал да келтірдім. Ашуы да, оған серік қажырлы қайраты да мол, бет қаратпайтын күшті жауға бағыну керек. Дауыл қатты соққанда шөп ыққа қарай жапырылып жата қалады да, өзін-өзі аман сақтайды ғой, әлде сіздер осыны да көрмедіңіздер ме, - дедім. Бірақ бұл сөздеріме олар көнбеді, қатты ашуланып, соғысуды қуаттап қасарысты да қалды. Маған сенбей күдіктеніп, «Жоқ, бұлай болмайды!» - десті. Айтқан ақылым мен көрсеткен жолымды мансұқ етті де, сонсоң өзімді, міне, осы жазаға кіріптар қылды,

- деп сөзін бітірді.

Жапалақтардың патшасы құзғын хабарлаған әңгімені түгел тыңдап шықты да уәзірлердің біреуіне бұрылып, осы құзғын туралы сенің қандай пікірің бар деп сұрағанда, ол: «Бұл құзғын жөнінде көп ойланудың қажеті жоқ, тақсыр, оны тез өлтіру керек. Оның жалғыз өзі топты құзғынға татиды, мұны өлтірсек біз көп табысқа жетеміз, ақыл-айласынан құтыламыз да қауіптенбейтін боламыз. Бұдан айырылу құзғындарға қатты батады, олардың басына үлкен ауыртпалық түседі. Бұрынғылар айтқан екен: келелі істі жүзеге асыру қолынан келе тұрып, соны қапыда орындай алмаған жан, екінші рет ондай жағдайға кезікпейді,

- арманда кетеді, деген екен. Кімде-кім бір игі істің кезеңді мезгілін күтіп жүрсе, міне, сол кезең туа қалғанда, ол өз ойын орындай алмаса - міне соның жұмысы сәтсіздікке ұшырайды, ол өкінеді, өйткені ондай мезгіл енді қайтып келмейді. Кімде- кім қақтығып қалған жауына жеке кездесіп табан аузында көзін жойып құтылмаса, сол ісіне ол соңынан опық жейді, артынан қайыра дайындалып, іздеп барғанда, енді оны жеңе алмайды, өйткені жау сақтанып үлгереді», - деп жауап қайырды.

Патша екінші уәзіріне қарап: «Бұл құзғын туралы сен не ойлайсың?» -деп сұрады. Сонда ол: «Менің ойымша, мұны өлтірмеген дұрыс. Қарусыз, әлсіз жауға мейірбандық көрсету мақұл, оған кешірім істеп, өзін бос қою жөн. Кімде-кім қорғалап келіп тығылса, аяғыңа жығылса, ол қауіпсіз паналауға тиіс, бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады ғой. Оның үстіне кейде болмашы бірдеменің өзі, жауыңды аяуға себеп болады, рақымыңды түсіреді, мысалы, сондай-ақ әйеліне өзінің күйеуін жақсы көрсетуге бір ұры сеп болыпты, бірақ осы қылығын әлгі ұры байқамапты», - деді.

Патша: «- Бұл қандай уакиға екен?» - деп сұрағанда:

Уәзір мынадай нақыл айтты: - Баяғыда бір бай көпес болыпты, оның тек әйелге сүйкімі жоқ екен. Уылжыған жас, сұлу әйелі болыпты, оны көпес құмарта сүйеді екен, бірақ әйелі жек көріп өзін оған құшақтатпайды да баска тілектерін де орындамайды екен. Әйелінің жан құбылысын көпес біледі екен, бірақ оған деген өз махаббаты күн сайын еселеніп қоза береді екен. Бір күні түнде сол көпестің үйіне ұры кіріпті, осы кезде әйелі ояу, көпес ұйықтап жатыр екен. Ұрыдан қорқып әйелі күйеуіне тығылып, оны аймалай құшактаса керек. Осы ынтыға құшақтаудың салдарынан көпес оянып кетіп: «Мұндай мейірімді махаббат саған қайдан келіп душарласты екен?»

- деп дал болыпты. Сол жерде ұрыны көріп, өзін әйеліне лажсыз құшақтатқан мына қорқудың салдары екенін түсініпті. Сонда көпес оны өз қасына шақырып алып: «Ей, ұры! Менің ақшамнан, дүние-мүлкімнен өзіңе қажет дегеніңді, қалағаныңды қалдырмай әкетуіне рұқсат етем. Мені жақсы көріп, әйелімнің ынтыға құшактауына сенің жәрдемің тиді, үлкен дәнекер болдың», - депті.

Бұдан кейін осы құзғын жайында патша үшінші уәзірінен сұрады. Сонда ол тұрып:

- Бұл құзғынды өлтірмеңіз, мәпелеп күтіңіз, жақсылық істеңіз. Мен осыны мақұлдаймын. Сізбен шын дос болуға ол төтеп береді. Бір дұшпанның екінші дұшпанымен жауласуын ақылды адам ұлы табыс деп есептейді. Екі дұшпан өзара қырқысып, дау-шарға ұрынып жатса, міне, басыңды осы арада қорғайсың, мысалы қарақшы ұры мен шайтан екеуі қидаласып керісіп жатқанда бір сопы жан сауғалап аман қалыпты ғой, бұ да сол сияқты, - деді.

Патша: «Ол қалай болған екен?» - деп сұрады.

Сонда уәзірдің айтқан нақылы мынау болды: - Баяғыда пәленше деген сопы бір адамнан сауын сиыр алып, соны жетелеп үйіне қайтады. Сиырды ұрлау ниетімен қарақшы оның соңынан ереді. Осы мезетте адам кейпіне түскен шайтан қасына келіп қатарласа бергенде, қарақшы одан: - Сен кімсің?

- деп сұрайды. Ол: «Мен шайтанмын, мына сопының сонына еріп барып, жұрт ұйқтаған кезде, оны ұстап алып, буындырып өлтірмекпін», - дейді. Қарақшы сонда: - Мен оның түнде

үйіне түсіп, осы сиырын ұрламақпын, -дегенді айтады. Бұлар осылайша сопының соңынан еріп, бірге аяңдайды да кешке таман оның үйіне жетеді. Сопы өз үйіне сиырын бірге ала кіреді. Сөйтіп кешкі асын ішеді де ұйықтап қалады. Осы арада қарақшы қауіпке кіреді, егер мен сиырды алмай тұрып, ең әуелі мына шайтан сопының өзін ала қашса, онда сопы ышқынып айғай салар да оның дауысына халық жиналар, сөйтіп мен сиырды ұрлай алмай бос қалармын, - деп ойлайды да шайтанға айтады: - Мен сиырды алып шыққанша сен кіріре тұр, артынан сопыға өз білгеніңді істерсің, - дейді. Енді шайтан қауіптенеді, егер қарақшы бұрын бастаса, оның қылығын көлденең біреу көріп қойса, сопыны оятар да, мен оны бас салып ұстай алмай қалармын, - деп қорқады да ол қарақшыға айтады: - Сен кіріре тұр, мен ең әуелі сопыны алып шығайын, сонсоң мейлің, сиырды не істесең де өз еркің, - дейді. Екеуі біріне-бірі көнбейді, ерегісе береді. Дау-жанжалы толастамайды, ақыр аяғында қарақшы оған: - Ей, сопы, ұйқыңнан оян! Мына шайтан сені әкеткелі тұр! - деп айғай салады, сонда: - Ей сопы, ұйқыңнан оян. Мына қарақшы сенің сиырыңды ұрлап әкеткелі тұр! - деп шайтан да қышқыра дауыстайды. Осы мезгілде бұлардың даусын естіп көршілерімен бірге сопы да оянады, сөйтіп ол аман қалады. Осылайша әлгі сұмырайлар мақсатына жете алмай бет-бетіне қашып, құр алақан кетеді, - деді.

Үшінші уәзір сөзін бітіргенде, осы құзғынды өлтіру керек деп ақыл берген бірінші уәзір қайта бастап кетті: «Менің байқауымша, мына құзғын сіздерді адастырып отыр, көлгірлік көрсетіп, мәймөңкөлей сөйлеп, алдап отыр. Ақылдың ұйғарымын мансұққа шығарып, сіздер тәуекелге бас байлап, қауіпті бетке түскелі тұрсыздар. Алайда, мұндай ұйғарымға асығыс бармаған жөн болар еді. Сіздердің үйғарып отырған ойларыңыздан беттеріңізді қанша қайтарса да, өз ісін, өзгенің де ісін жетік білетін ақылды жандардың айтқанына құлақ асқандарыңыз мақұл ғой. Өзінің білгеніне сенбей, естігеніне сеніп, алданып қалатын алаңғасар ақымақ болмаңыздар немесе көргенін өтірікке жорып, естігенін шынға балап, қатты алданып, адасқан бір үйшінің кебін киіп жүрмеңіздер», - деді.

Патша: «Ол қалай болған уақиға?» - деп сұрады.

Сонда уәзір мына нақылды баяндай жөнелді:

Баяғыда бір үйшінің нақсүйер әйелі болыпты. Сол әйелмен бөгде бір жігіт жүреді екен. Жақындарының біреуі біліп қойыпты да, осы әңгімені келіп үйшіге айтыпты. Бірақ үйші бұл іске шұғыл нана қоймай, көзін әбден жеткізу үшін бір күні әйеліне келіп:

- Ұлыққа жалданып, біраз ақша тауып қайту үшін көрші ауылға барғалы отырмын, онда бірнеше күн боламын. Сен менің жолыма азық-түлік даярла! - депті. Әйелі қатты қуанып да жолына азық дайындапты. Кешке таман ол әйеліне қарап: «Есігіңді мықтап жап, бірнеше күннен кейін өзім де келем ғой, соған дейін үйді аздырып-тоздырып, жүдетіп алма!» - депті. Сонан кейін ол жүріп кетіпті, есіктен сытылып шыққанша әйелі де көзін жазбай қарап тұрыпты. Соның артынша ол бұрын барып, әйелінің бөлмесіне кіріпті, бөлмеде әйелдің кереуеті тұрады екен, соның астына тығылыпты. Осы кезде әйел өзінің жігітіне кісі жіберіпті. Үйші бір жұмыспен сапар жүріп кетті, онда бірнеше күн болмақ, тез жетсін! - депті. Жігіті келген соң әйел оны ішкізіп, жегізіп, әбден тойғызыпты. Сосын жігіт әйелді алып барып кереуетке жатқызыпты, бұлар ұзақ сұқбаттасыпты, үйші қалғып-мүлгіп жатып, шыдай алмай ұйқтап кетіпті. Осы мезетте оның аяғы созылып, кереуеттің сыртына шығып қалыпты. Әйелі оны көріп қалып, істің жаманға айналғанын сезіпті. Сонда ол жігітіне бұрылып: - Күйеуіңді жақсы көресің бе, жоқ мені жақсы көресің бе деп, сен менен даусыңды көтеріңкіреп сұрашы, — дегенді айтып сыбырлапты. Жігіт әйелдің тілегін орындап, әлгі сұрауды қойғанда, әйел оған: — Ей, сүйіктім-ай! Маған мұндай сұрақ қоюыңа не нәрсе себеп болды екен? Әлде сен білмейсің бе, біз дос іздегенде тек өз қажетімізді қанағаттандыру үшін ғана іздейміз, ал тояттап болғаннан кейін біз еркектердің жақсылық, жаманшылығына, қандай мінез- құлқы, іс-әрекеті барына көңіл аударmaймыз. Біреумен көңіл қосып қажетімізді ашқаннан кейін бізге әлгі жігіт те, күллі еркектің бәрі де бірдей болып қала береді. Ал күйеуге келсең оның жені басқа, ол туысқан бауыр той, ол әке ғой, ендеше, өз күйеуін менсінбейтін, оны өзіне тең санамайтын әйелді құдайдың қарғысы атсын! Мұндай сөзді енді екінші қабат менің сенен естігім де келмейді, — депті. Осы әңгіме құлағына тигенде әйеліне үйшінің жүрегі елжіреп, көңілі босап жылап жіберіпті, оның адал махаббатына алаңсыз сеніп, бәрін кешіріпті. Әйелін

ренжіткісі келмей, таң аппақ атқанша, қасындағы махаббат жары кеткенше, үйші қимылдамастан сол баяғы орнында жата беріпті. Сонсын ол кереуеттің астынан шыға келсе, әйелі ұйқтап жатыр екен. Жаңа ғана оянып кеткен кісіше әйелі бір мезгілде керіліп-созылыпты, ол осыған дейін бас жағында отырып, оның бетіне қонған шыбынды үркітумен болыпты. Үйші енді оянған әйеліне үңіліп: «Ей, жанымның саясы! Түні бойы кірпігің ілінбеді ғой, ұйқташы енді. Сенің нәзік жүрегіңе дақ салғым келмеді, әйтпесе ана жігітпен екеуміздің арамызда асқынған айғай, шиеленіскен дау-шар болатын еді», - депті.

- Мен бұл нақылды саған әдейі айттым, өйткені әйелінен естігенін шынға балап, өз көзімен көргенін өтірікке жорыған осы үйші тәрізді болмауыңды тілеймін. Сөзіне қарап бұл құзғынға сенбеңіздер, естеріңізде болсын, етене жақындай түсіп, қоян- қолтық алыспай жырақта қаптап жүрген қалың жау дұшпандық жасай алмайды, одан зиян келмейді. Мына сұмырай құзғынды көргенге дейін, сіздердің ол туралы айтқан сөздеріңізді естігенге дейін, мен ешқашан құзғындардан мұндай қорыққан емес едім,

- депті.

Алайда жапалақ патшасы да, басқа уәзірлері де оның сөзін елең құрлы көрмеді, патша бұл құзғынды өз сарайыма апарып кіргізіңдер, құрмет көрсетіп, сыйлаңдар деп әмір етті.

Сонда өлтіруді жақтаған уәзір мына сөзді тағы айтты:

- Бұл құзғынды өлтірмеуге беттесеңдер, онда сақ болыңдар, жау деп біліңдер, залымның дүпшандығын бойларыңа дарытып алмаңдар. Құзғын сұм, арамза залым, менің ойымша ол мұнда тек өз пайдасын көздеп, бізге зиян жасау үшін әдейі келіп отыр,

- деді. Бірақ патша оның сөзін елемеді, құзғынды құрметтеп, сыйлай беруден танбады. Құзғын да патшаның алдына барған сайын, өзі білгенінше қайдағы әдемі сөздерді тауып айтып, сықырлап, алдаумен болды, ал баска жапалақтармен де жеке кездесіп сөйлесе кеткенде, сонда сұлу әңгімелерді шертті, осының салдарынан барып олардың мұнымен достығы, сенімі күшейе түсті, күн санап жақындаса, әмпейлесе берді.

Күндердің бір күні осының үйіне жапалақтар жиналды, ішінде мұны өлімге киған уәзір де бар еді, сонда құзғын сөз бастады: — Менің айтқан сертімді патшамызға жеткізіңдер, құзғындар мені қатты жәбірледі, масқаралап жазаға тартты, солардан кегімді алмай жүрегім ешқашан жұбанар емес. Бірақ

ойлап-ойлап оны істеуге күшімнің жетпейтінін де сездім. Мен құзғынмын ғой, патшаның кейбір жақын адамдарынан естуімше, жақтырмаған кісілерін ол отқа өртейді екен, құдайға арнап шалған осындай ірі құрбандығы үшін, ол шын жалбарынып, не тілесе сонысы орындалады екен. Осылай етіп, мені патша отқа өртеген болса, тәңірімнен жапалаққа айналдыра көр деп өтінер едім, сөйтіп жапалақ болып жауымнан кегімді алып, сусынымды қандырар едім, - деді.

Ту баста өлтіру керек деп ақыл берген жапалақ осы арада мынаны айтты: «Сырты сұлу, ындыны арам сенің осы сөздерің иісі аңқыған, түсі әп-әдемі, ішінде у араласқан шарап тәрізді. Егер сені біз отқа үйтсек, сонда сенін жаратылысың, бар нәсілің өзіңмен бірге өртеніп кетеді деп ұғасың ба? Қайта сен өзіңнің бұрынғы негізіңе, дағдылы жаратылысыңа қайта оралмайсың ба? Баяғыда күн мен бұлтқа, жел мен тауға тигісі келген, ең ақырында осылардың бәрін тастап егеуқұйрыққа күйеуге шыққан тышқан тәрізді болмайсың ба?» -деді. Жиылған қауым, ол қандай уақиға еді деп сұрағанда, жапалақтың келтірген накылы мынау болды: - Өткен көне заманда құдайға құлшылығымен жаққан өте тақуа бір сопы болыпты. Бір күні өзеннің жиегінде отырса, тұяғында тұтқан тышқаны бар, бір кезкұйрық соның төбесінен ұшып өтіпті. Шеңгелінен сытылып кетіп, тышқан жерге түскенде сопы қатты аяпты, қолына алып, жеңінің ішіне тығып үйіне апарғысы келіпті. Бірақ үй ішінің тышқанды асырауы қиын ғой, соны ойлап қамығыпты да, осыны қыз балаға айналдыра көр деп құдайдан тілек етіпті. Міне, сонда ол бұлдіршіндей әдемі, қылықты қыз бала бола қалыпты, сопы оны жетектеп үйіне келіпті де әйеліне қарап:

- Мынау менің қызым, өз балаңнан кем көрмей асырап- сақта, - депті. Әйелі де күйеуінің тілін екі етпепті, міне сол қыз енді кәмелетке жеткенде (он екі жасқа толғанда) сопы оған: «Ей, қызым! Сенің күйеуге шығар шағың жетті. Адам болсын, пері болсын, бәрібір қалағаныңа қосайын, сен өзіңе лайық күйеу таңда!» - депті.

Қыз: - Дүниедегі ең күшті, қажымайтын қайсар күйеуге тигім келеді, - дегенде, сопы:

- Мүмкін, сенің күнді күйеу еткің келетін шығар? - дейді де, ол күнге беттеп: — Мынау әдемі қыз, өзімнің туған баламдай.

Менің оны саған қосқым келеді, өйткені ол дүниедегі ең күшті, ең қажымас қайсар жанды іздейді, - деген екен.

Сонда күн: «Олай болса дүниеде менен де күшті бар, соны көрсетейін, қызыңды бұлтқа бер, ол менің жарық сәулемді көлегейлеп, қуатымды әлсіретеді», - деп жауап қайырды. Сопы бұлтқа барып, тағы әлгі сөзін пысықтады. Бұлт оған: - Дүниедегі ең күшті, сарқылмас қуаты бар нәрсе жел, ол қайда айдаса, мен сонда барам, сен қызыңды соған бер, - деп сілтегенде, сопы желге барып әлгі сөздерін қайталады. Жел: - Менен күшті нәрсе тау, оны мен орнынан да тебіренте алмаймын, - дегенде, сопы осы сөздерін барып тауға да айтыпты. Тау оған: - Өзімнен күштіні көрсетейін - ол егеуқұйрық. Мені талқандап күнде қазады одан құтыла алмай қойдым, - дегенді айтты. Енді сопы егеуқұйрыкка барып:

- Мынау қызыма сен үйленбейсің бе? - деп сұрағанда ол: - Менің інім тар, жұдырықтай сияғым мынау, мен қалай үйленбекпін? ~ деп тойтарды. Сонда қыз сопыға: - құдайдың мені тышқанға айналдыруын дұға оқып, жалбарынып сұраңызшы, - деді. Сонда сопы тәңірісіне табынды, қыз табан аузында тышқан кейпіне кірді, сөйтіп, егеуқұйрыққа тиді де ежелгі өз жынысын тапты.

- Міне, сұрқия сиқыршы, бұл нақыл сенің қылығыңа дәл келеді, - деді. Бірақ патша да, басқа жапалақтар да бұл мысалға көңілдерін аудармады, бұрынғы қалпынша оны сыйлап күте берді, олар тек мәпелеп құрметтеуде болды, олармен осылай ауыз жаласқан құзғынның жұлынған қанаттары қайта өсіп, тойынды да әбден семіріп алды. Ол көргісі келгенін көрді де, білгісі келгенін толық білді. Сонсоң жансыз түрде қашып кетіп, құзғындардың патшасына барып айтты: - «Мен арманды ойымды орындадым, соны баяндап сені қуантқалы келдім. Ендігі іс өз қолыңда. Егер батыл қимылдап, қаймықпай іс істесеңіз, онда жапалақ патшасының да, соңына ерген әскерінің де, тұқымы құрымақ, - дегенде, патша оған: - Біз сенің сөзіңді таптындырмай тыңдаймыз. Тек не істеу керек екенін нұсқа! - деп кесіп айтты.

Құзғын сонда: - Жапалақтар пәлен жерде жатыр. Күндіз олар мынадай жерге жиналады. Құрғақ шөмшектің мол жерін де білем. Сол құрғақ отынды әрбір құзғын әлі келгенше тасып, жапалақтардың күндіз жиналатын мекені – қапсағайдың

беткейіне апарып үйсін. Мен сол жерден от тауып алып, ешкімнің көзіне көрінбей ептеп барып, әлгі қапсағайдың арасына үйілген отынның үстіне тастап жіберейін. Осы кезде сендер жәрдем беріңдер, қанаттарыңмен сабалап жел тұрғызыңдар, үйілген шөмшек жанғанша отты үргілей беріңдер. Сонда ұшып шыққан жапалақтар жалынға түсіп өртенеді де, қалғандары түтінге тұншығады, - деді.

Құзғындар осылай істеді, жапалақтарды түгел қырды, сонан кейін өздері аман-есен мекеніне келіп бейбіт өмір сүрді.

Ақырында құзғынның патшасы мына құзғыннан:

- Ізгі жандар залымдармен достаса алмайды ғой, ал сен жапалақтардың ішінде тұруға қалай шыдадың екен? - деп сұраған.

Құзғын: - Рас айтасыз, бірақ ақылды жанға бір өте қиын, өте ауыр жағдай кездессе, сол ауыртпалықтың өз басына, не бар тұқымына зияны тиетінін түсініп қорықса, сонда ол неше алуан қиындыққа көнбек, ақыр аяғында мұратына жету үшін шыдай бермек. Бұл кезде ол қайғы-қасіретті де елемейді, бекзаттығын да ескермейді, белгілі мақсатына жеткенше өзінен төмен жандарға да басын иіп құлдық ұрады, көне береді. Артынан даңқы шыққанда істеген ісінің нәтижесіне, ақылының жемісіне рақаттанады, өзінің шыдамдылығына қатты ырза болады, - деді. Патша тұрып: «Жапалақтардың ақыл парасаты қандай екен, енді сен соны баяндашы», - деген.

Құзғын тағы сөйлеп кетті. Мені өлімге бұйырған бір жапалақтан басқа олардың ішінен ақылдыны таппадым. Жапалақтардың ой-өрісі менен төмен екен, құпия сырымды байқай алмады, ең ақылдысы есептеліп, құзғындардың арасында жоғары лауазымға ие болғанымды да естеріне алмады. Мені қулық істеп, алдап кетер деген қауіп оларда болмады. Менің ішкі арам пиғылымды жете ұғып, өздеріне жаны ашыған әлгі бір саналы жапалақ ойын ашып-ақ айтты, өз жұртын сүйетіндігін білдірді, мұны өлтіру мақұл деп кеңес берді, бірақ ақылдынын өсиетін ақымақтар қабылдамады, ақыл таразысына салмады, келелі пікірді мансұқ етті. Сөйтіп олар өздерінің құпия сырын менен жасырмады, алды-артын абайламады, - деді. Осының артын ала құзғын мына сөзді айтты: «Патша өзінің құпия қылығын, жасырын ісін сезіктенген адамына сездірмеу керек, сондықтан әлгі сезікті жанды патшаның хат-қатынастары

сақталатын сарайларға, күрделі құпия сыры бар мекен жайларға жақындатпау жөн, патшаның ішетін суына да, жуынып, дәрет алатын жеріне де, мінетін атына да, қару-жарағына да, жейтін тағамына да, сусынына да, дәрі-дәрмегіне де, алтын қазынасына да, хош иісті бау-бақшасына да ондай жанды жолатпау мақұл», - деді.

Патша осы арада: - Менің байқауымша жапалақ патшасының түбіне жеткен өзінің менмендігі мен уәзірлерінің ақылсыздығы болар, сірә, - деді.

Құзғын сонда: - Сөзіңіз рас. Бұрынғылар айтқан ғой, менмендікке билетпейтін жан кемде-кем, әйел құмардың рәсуа болмайтыны аз, тамақты мөлшерінен асыра жеп ауырмай қалатын кісі сирек, жартымсыз уәзірлердің тілін алып, пәлеге ұшырамайтын патша некен-саяқ деген екен. Тағы айтыпты: тәкаппар адам ізгі атаққа сусамасын, алдамшы аяр өзіне дос көксемесін, тәрбиесіз жан бекзаттыққа ұмтылмасын, өзі сараң біреуден мейірбандық күтпесін, қомағай, ашқарақ жан күнәсінің кемуін тілемесін, уәзірлері ақылсыз, өзі аңқау патша қулықты күйттеп мемлекетін нығайтуды арман етпесін, - депті.

Патша отырып: - Жапалақтарға жарамсақсып, олардың алдында құлдық ұрып, сен ауыр бейнетті басыңнан кешірдің- ау! - дегенде, құзғын оған: рас солай болды. Бірақ мен бұған шыдағанда, келешекте соның көмегі тиерін білдім. Бұрынғылар айтыпты, арты қайырлы болуына сенген жан, жауын иығына салып арқалап жүруге ауырсынбайды. Пайдасы тиер деп үміттенген адам, құрбақаны арқалауға көнген жылан тәрізді, қорлыққа басын байлап, соған шыдай алады деген екен, - деді.

Патша: «Ол қандай уакиға екен?» - деп сұрады.

Сонда құзғынның айтқан нақылы мынау еді: - Баяғыда бір жылан әбден қартайып тұғырдан түсіпті, аң аулап, тамағын табуға мұршасы келмепті. Бұрын өзі аң аулап талай рет келіп жүрген, құрбақасы көп қарасудың жиегіне бүгін де тамақ іздеп, жорғалап әрең жетіпті. қарасудың жиегіне таман жақындап келіп, қарансуалып жатыпты. Сол кезде бір құрбақа: - Саған не болды? Менің байқауымша, қатты қамығып тұрсың ғой! - дегенде, жылан оған, - Қалай қамықпайын! Өмірімнің көбін құрбақаны аулаумен өткізіп едім, бірақ казір басыма пәле кездесті, оларды аулаудан тыйылдым, құрбақалар бірінен соң бірі тізбектеліп қасыма келіп тұрса да менің енді оларды жұтуға батылым бармас еді, -

деп жауап қайырды. Құрбақа естігенін барып өзінің патшасына жеткізіп, қуантса керек. Патша жыланның қасына келіп: «Бұл уақиғаға сен қалай кезіктің?» - деп сұрағанда, жылан оған: «Мейірімі түсіп, патша өз қолынан бермесе, мен енді құрбақаның ешқайсысын өздігімнен ұстап жұта алмаспын», - депті.

Патша: «Неге олай, себебі не?» - деп сұраған. Жылан оған: - Осыдан бірнеше түн бұрын, ұстап жегім келді де бір құрбақаның қыр соңына түстім, сөйтіп оны бір сопының қараңғы үйіне апарып қуып тықтым. Сол үйде сопының баласы бар екен, мен соның саусағына кезіктім де шағып алдым, оны байқамай құрбақа деп ұғыппын, ол табан аузында өліп кетті. Мен қаша жөнелдім, сопы соңымнан қуып келе жатып мені қарғады, ол әділдікті аяғыңа басып, сен менің баламды жазықсыз өлтірдің, сондықтан қарғаймын сені, егіз-екі оңба, өмір бойы қорлықта өт, бақа патшасының астына мінетін көлігі бол, құрбақаны жеу саған бұйырмасын, егер патшасынын мейірбандығы ұстап өз қолынан бермесе, оларды жеуге сенің мұршаң келмесін, дегенді айтты. Міне, мен осыған мойындадым да саған көлік болу үшін өздігімнен келіп тұрмын, - деп жауап беріпті. Жыланды салт мінуге патша қатты құмартыпты, өйткені бұл өзіне бедел, үлкен даңқ береді деп ойлапты. Сөйтіп ол бірнеше күндей салт мініп жүріпті, сонсоң жылан оған сен білесің ғой, мені қарғыс атты, мейірімің түсіп, бірдеме бермесең, аулап жеуге рұқсат жоқ. Маған қорек ететін бірдемені өзің белгілеші, - деген. Патша: «Менің салт мінетін көлігіме өлмес қорек табылады, осының даусыз растығына тіршілігімді айғақ етіп ант берейін!» - депті. Ол күн сайын екі құрбақаны ұстап алып, жыланға тастаңдар деген жарлық шығарыпты. Жылан осылай өмір сүріпті. Сөйтіп жексұрын жауының алдында кішірею оған зиян етпепті, қайта оның пайдасын көріпті, кішірею оған күн көргіш қорек, жейтін тамақ болыпты.

- Мен де сол жыланша шыдадым, келешектегі ұлы пайдамыз үшін көндім, жаудың қырылуы да, өзіміздің тынышталуымыз да соның жемісі ғой, - депті.

Сонда патша: «Жауды жылдам омақа асыру үшін, долданып оқыс қимылдаудан гөрі, биязы әрекет істеп, алдап, арбау артық екен-ау», - деп қалды. Лаулап жанған от қанша ыстық болса да, ағашқа тисе ол жердің бетінде тұрған бөлшегін ғана

өртей алады, одан әрі бара алмайды, ал су сонша жұмсақ, әрі салқын бола тұрып, жеті қабат жердің астындағы әлгі ағаштың тамырын кеулеп тас-талқан етеді ғой. Бұрынғылардан қалған сөз бар, болмашы үлесін қораш көріп, қомсынуға жарамайтын төрт нәрсе бар, соның біреуі - от, екіншісі - ауру, үшіншісі - жау, төртіншісі - борыш екен, - деді.

Құзғын айтты: «Осының бәріне біз патшаның бақ талайы мен асқаралы ақылы арқылы жетіп отырмыз. Ежелден қалған сөз бар: екі адам бірдей бақытқа ұмтылса, оған қай ерлігі асқаны бұрын жетеді. Ал екеуінің ерлігі бірдей болса, онда алғыр ақылдысы ие болады, егер екеуінің ерлігі де, ақылы да тең түссе, онда көмекшісі көптің жолы болады, ал егер бұл жағынан да тең келсе, онда бақталайы артық жан мақсатына бұрын жетеді. Тағы бір жерде айтыпты: кімде-кім төңірегінде толып жатқан көмекшілері бар, алды-артын абайлап әрекет жасайтын, рақат өмірге сеніп мастанбайтын, ауыртпалық кездескенде әуреге түсіп жасқанбайтын патшамен соғысса, сол адам өз басына пәлені өзі тілеп алады, - депті. Сен тәрізді кісіні сөз етудің де жөні жоқ, өйткені, ей патшам, сен істің жайына машықсың, оңтайлы мезгілді таба білесің, қай жерде күш, қай жерде майда қылық, қай жерде ашу, қай жерде ырзаласу, қай жерде асығу, қай жерде мешеулеу керек екенін алдын ала болжайсың, өз әрекетіңнің; ақыры немен тынарын да, белгілі күнін де ерте өлшеп-пішіп қоясың», - деді.

Патша айтты: «Жоқ, олай емес, осы жақсылыққа біз тек сенің ақылың мен алғыр ойың арқылы жеттік. Самсаған сары қолдан гөрі, көп дұшпанды жеңуге кейде бір адамның ақыл- айласы төтеп бере алады екен. Менің ойымша, ең таңырқайтын іс, ол сенің жапалақтар арасында ұзақ уақыт болып, неше алуан өрескел қылық көріп, дөрекі сөздер есті отырып, ең болмаса сол арада бір сөзіңді жазатайым қате айтпауың», - деді.

Құзғын айтты: «Ей, патшам, мен үнемі сенің үйреткен өсиетіңді тиянақ еттім. Мен жақынмен де, алыспен де достастым, бәріне де биязылық көрсетіп, құрдай жорғаладым, олардың алдына түсіп, айдауына көндім, бабын тауып, байпандай бердім, өйткені дұшпанмен араласып, оған қарсы залымдық істеп, зиян ойлаған жан, өзінің арам пиғылын бағыныштық пен көнгіштік арқылы жүзеге асыруы мақұл», - деген ғой.

Патша сонда: «Саған дұшпаның қарсыласпаса бұл сөзіңді мен дұрыс деп табамын», - деген.

Құзғын оған: - Бұрынғылар айтқан екен: - Алғыр ойлы, саналы адамдармен кеңесе білетін жетік жан - басталар уақиғаның алғашқы кезеңінде көлденең біреуден өзінің көздеген мақсатына қайшы ұнамсыз қылық, көрсе де немесе өрескел сөз естісе де елемеуі керек, өйткені оның бәрі өз пайдасына шешіледі, ақыры қайырлы болып, қуанышпен тынады. Ал істің байыбына көз жібермей, өзінің құмартуына жел беретін адамның кеңесі алғашқы кезде рақатқа бөлеп, жұбатса да, бірақ ақыр соңында қырсықты зиян болып шығады деген екен,

- деді.

Патша айтты: «Менің байқауымша, сен іс білетін құс екенсің, басқа уәзірлерім қадір қасиетсіз, құр мылжың екен. Ия, патшаның достары көбінесе осындай болады ғой. Құдай- тағала бізге көп мейірімін түсірді, бұған дейін біз ұйқының да, тағамның да тәттілігін сезбеуші едік», - деді.

Құзғын айтты: «Ескіден қалған сөз бар. Әбден жазылғанша, ұйқының да, тағамның да тәтті дәмін ауру ажырата алмайды, ақшаға немесе көрнекті лауазымға ұмтылуын патшаның өзі қоздырған тойымсыз сараң да, өз ойы орындалғанша жарғақ құлағы жастыққа тимейді, олардың дәмін сезе алмайды, сондай- ақ жау тиген ел де ертеден кешке дейін қорқа береді, сөйтіп ол дұшпанынан әбден құтылғанша тағам мен ұйқының дәмін білмейді», - депті ғой. Тағы айтыпты: «Ұшқалақ кіді мінезден құтылған жанның - жүрегі жай табады, ауыр жүктен босанса

- адамның арқасы тыныстайды, ал дұшпаннан қауіпсізденген жанның көкірегі кеңіп сала береді», - депті. Дұшпаныңды қырғынға ұшыратқан тәңірім патшаларыңның өмірін ұзақ етсін, қол астындағы еліңе сені мейірімді қылсын, халқың да мемлекетіңе адал қызмет етсін, мен осыны тілеймін. Өйткені патша өз мемлекетіндегі бағынушыларына мейірлі болмаса, онда ол ешкінің мойнына біткен түймеге ұқсайды, оны лақ емшек деп сорады, бірақ еш барқадар таба алмайды, - деді.

Патша: «Әскерінің алдында жапалақ патшасы өзін қалай ұстайды екен?» - деп сұрағанда.

Құзғын оған: «Өте паң, менсінбейтін мүлде ірі, алдамшы аяр екен, түкке тұрғысыз ұсақ және ақылы тайыз екен. Ал уәзірлері мен жолдастары да, тек мені өлтіруге ақыл берген

біреуінен басқасы, түгел өзіне ұксайды екен», - деп жауап қайырды.

Патша сол жерде: «Оның ақылын сен қалай байқадың?» - деп сұрағанда.

Құзғын оған: - Екі сипатынан байқадым. Біріншісі - ол мені өлтіру керек деген билік айтты, ал екіншісі - өзімен есептеспесе де келелі пікірін күлтелемей баяндады. Сонымен бірге оның сөзінде не дөрекілік, не ұрыншақтық жоқ, өте әдепті әрі майда сөйледі, көбінесе ол патшасына тура айтады, бірақ патша оған ашуланбайды; ал кейде басқалардың кемшілігін көрсеткендей болып, тұспалдай сөйлейді, сонда патшаның кемшілігін түйреп өтеді, оған да патша ашу шақыра алмайды. Сөзінің арасында оның мынаны айтқанын да естіп қалдым: «Өз істеріне патша салақ болмауы керек, өйткені қиын жұмысты тек біраз адам ғана адақтап шыға алады, бұған қырағы болу мақұл, себебі мезгілі өтіп кетсе қайтып ол қолға түспейді, өз істеріне патша мұқият болсын, алды-артын абайлап отырсын. Егер даңқты женімпаздың жаулап алған өлкесі көрікті болмаса, қол астындағы елінің жағдайы реттелмесе, үнемі қорқынышта бұғып жүретін маймыл тәрізді, ол да тишығып, дем ала алмайды. Әкімдік күшті де жарылқай да алады, бірақ қолына түскен жан оны сақтай білсін, ықтияттап ұстасын. Бұрынғылардың сөзі бар: қызғалдақтың гүлінен пайда болтан көлеңкедей, әкімдік те баянсыз, сондай-ақ ол ақылды адамның арамза залыммен достығындай оңғақ келеді. Аждаһадан сақтанғандай әкімдіктен де сақтана білу керек, өйткені аждаһа құйын тәрізді, кенеттен келіп соғып өтеді. Жексұрын қоғам тәрізді әкімдік те басқа түскен пәле, үлкен ауыртпалық қой. Әкімдік тұтқиыл келеді де, жыланша шағады, жаңбыр суының бетіндегі көбіктей жылдам жоғалады. Әкімдіктің қайырсыздығы күндестікке ұксайды, ал пайдасы түсте көрген дүние-мүлік тәрізді, бірақ оянғанда түсіңде көргенің орындалмайды, - босқа кетеді. Тәңірі дұшпандарының көзін жойсын, патшамыз олардың үстінде қаздай қалқып, үйректей жүзсін, құдайдың оған берері таусылмасын, оның көмегінен, көз қырын салуынан патшамыз ажырамасын, деген еді», - деді.

МАЙМЫЛ МЕН ТАСБАҚА ТУРАЛЫ

ПАТША философқа айтты: - Жарамсақсып көнген болып, өзінің арам ойын білдірмей жауын жер соқтырған қу жөнінде келтірген осы нақылыңды түгел тыңдадым. Енді сен, егер айтқың келсе, мақсатына ұмтылған жанның, соған қолы жеткен заматта айрылып қалғаны туралы бір мысал келтірші, - деді. Философ әңгімені былай бастады: «Қолыңдағы барды сақтаудан, мақсатқа жету оңай. Кімде-кім бірдемеге ие болса, оны тиісті түрде сақтай алмаса, онда әлгі қолындағысынан ажырайды, мұндай жайт бір тасбақаның басында болыпты, ол маймылдың жүрегін алып жеуге қам қылыпты да, солай істеуіне мүмкіндік туған кезеңде алданып айрылып қалыпты», — деді.

Патша: «Ол қалай болған екен?» - деп сұрады. Философ сонда мына нақылды баяндады; - Баяғыда топты маймылдың ішінде Кардин[1] атты патшасы болса керек. Ол ұзақ өмір сүріп, әбден қартайып алжыған кезде, өзінің туысы бір жас маймыл оған қарсы шығыпты да: - Бұл әбден алжыды, енді патшалықты билеуге оның шамасы келмейді, тұғырдан түсті, - депті. Әскері сол маймылдың пікірін қуаттап, патшалықтан әлгі қартты қуып шығыпты да оның орнына жас біреуін сайлапты.

Қарт маймыл қаңғырып жүріп, теңіз жағасында өскен, бір мәуелі інжір ағашына жетіпті. Ағаштың басына шығып маймыл жемісін жей бастағанда, бір түйірі алақанынан сусып барып, суға түсіпті. Сол судың жеміс түскен жерінде бір тасбақа жүр екен. Жемісті алып ол жеп қойыпты. Жеміс түскен кездегі судың шолпылдағанын естіпті, маймылға ол дыбыс өте ұнапты, сондықтан тағы шолпылдатқысы келіп, ол жемісті бірте-бірте суға лақтыра беріпті, тасбақа оны аузына қағып салып, қылғып жұта беріпті, осы жемісті тек мені асырау үшін маймыл әдейі тастап түр-ау деп ұғыпты. Сөйтіп ол судан шығып, маймылдың қасына келіпті, екеуі сәлемдесіп, бірін-бірі жақсы көрісіп, қол алысып, құшақтасып, дос болыпты. Осылайша бас қосып, бұл екеуі біраз уақыт бірге жүріпті, тасбақа өз үйіне қайтпапты. Тасбақаның әйелі ерінің кешіккенін ойлап, қайғырыпты да, көршісіне барып мұңын шарыпты:

[1] *«Панчатантрада» маймыл Рактамоника атанған, оның мәнісі «Қызыл өңеш» екен.*

- Күйеуім көлденең бір бақытсыздыққа ұшырады ма екен, жүрегім қобалжып, қорқа берем, - депті. Досжар көрші әйел сонда: «Сен қайғырма. Мен хабарын алдым, сенің күйеуің теңіздің жағасындағы бір маймылмен тұрады, оны өзі жақсы көреді. Екеуі тамақты бірге ішіп, бірге жейді, осылайша дәурен сүреді. Сондықтан кешігіп жатыр. Ол сені ұмытса, сен де оны ұмыт, ол сені қандай жексұрын көрсе, сен де оны сондай жексұрын көр. Ал егер маймылдың көзін жоярлық амал таба алатын болсаң, дереу соның қамына кіріс, тек маймыл өлсе ғана күйеуіңе өзің ие боласың», - дегенді айтыпты. Сонда тасбақаның әйелі уайым-қайғыға беріліп тамаққа көңілі шаппайды, сөйтіп ол боп-боз болып әбден жүдейді.

Бір күні тасбақа маймылға:

- Түзде жүргеніме көп уақыт болды, сондықтан енді үйге қайтқым келіп тұр, - депті. Тасбақа үйіне келіп, әл үстінде ауырып жатқан әйелін көреді. Сонда ол:

- О, сүйіктім! Саған не болды? Неге мұнша жүдедің?

- деп сұрағанда, әйелі тіл қатпады. Тасбақа сұрағын тағы қайталағанда, көрші әйел оған:

Әйеліңнің қандай ауыр халде жатқанын өзің де көріп тұрсың ғой! Кеселі күшті, бұдан құтылар ем табылар емес. Дәрісі жоқ, қатты аурудың ақыры тек өліммен бітпек! - деп жауап қайырыпты. Тасбақа емделетін шарасын көрсетші, қайдан болса да іздеп тауып әкелейін дегенде, әлгі көрші әйел:

- Біз тасбақамыз, бұл аурудың мән-жәйін басқалардан жақсы білеміз. Маймылдың жүрегінен өзге бұған ем жоқ, сол жүректі алып жесе ғана ауруы жазылады, - депті.

Тасбақа қабырғасымен кеңесіпті. Бұл өте ауыр жұмыс екен! Досымның жүрегін суырып алмасам, маймылдың жүрегін мен қайдан табам? Бірақ досыма опасыздық істеуім керек пе, жоқ әйелімнен айрылуым керек пе? Қайсысын қаласам да маған кешірім жоқ, деген ойға шомыпты. Сонсоң ол тағы сөйлеп кетіпті. Азға қанағат қылмаған жан ұлы мұратқа жете алмақ емес, ендеше, сонау азға ол көңілін аудармауға міндетті. Әйелдің орны өте зор, бұл жалғанда да, ақыретте де оның пайдасы мен көмегі ұшан-теңіз; ендеше, мен әйелдің өз орнын сақтауға, оны басқадан артық көруге міндеттімін, деп шешіпті.

Осы құпия жоспарын жүрегіне сақтап, ол ертеңіне маймылға қарай сапар шегіпті. Тасбақа үлкен ойға шомыпты

да: - Бауырласқа көмек беруге өте мырза, айнымас досты өлтіру, шынында, ауыр жұмыс екен, мұның артын ойлағанда төбе шашың тік тұрады, - депті. Осылай толғанып ол жүре- жүре маймылдың мекеніне келіп жетіпті де оған сәлем беріпті. Сонда маймыл: «Қандай кедергіге ұшырадың, неге кешіктің, бауырым?» - деп сұрағанда, тасбақа оған: «Саған келуге қанша асықсам да, сенің алдыңда ұяттымын, істеген ізгі қылықтарыңа көрсеткен жақсылықтарына үлкен борыштармын, иненің жасуындай да өтей алатын сияғым жоқ, міне осыдан қаймығып кешіктім. Көрсеткен ізгі жақсылықтарыңды міндет қылып, бірдеме дәметпейтініңді де білем, бірақ соның қарымын қайтаруға міндеттімін деп ұғам. Сен дегдар бекзатсың, бұрын да ешбір пайдасы тимеген, келешекте де ешбір пайдасы тимейтін жандарға да жақсылық істейтін мінезің бар, өз қолыңнан жасаған ізгі қылықты өзім істедім деп дәсерсімейтін, біреуге істеген игілі ісіңді айтып міндетсімейтін мінезін бар, дүниеде осындай мінезі бар жандар болады, сен солар тәріздісің», - депті.

Маймыл айтыпты: «Сен маған бұлай сөйлеме, менен ұялма. Саған мен бойымда бар ең асыл нәрсемді сыйлауым керек, өйткені біздің арамыздағы достық қарым-қатынасты нығайтқан ең әуелі сен болатынсың. Өз елімнен безіп, жапа- жалғыз қаңғырып келіп, саған паналаған қашкын мен емес пе едім? Маған дос та, пана да сен болдың. Тек сен арқылы тәңірім мені қайғы-қасіреттен, тіршіліктің тауқыметінен құтқарды», - депті.

Тасбақа сонда: «Ағайынды жандардың біріне-бірі жақындасуы, өзара сенісуі үш нәрсе арқылы күшеймек: әлі соның біреуі де біздің арамызда болған жоқ, менің соны болдырғым келеді. Мысалы үйімізге келіп, үй іші, бала-шағаны көрісіп, танысуымыз дұрыс, сөйтіп ойнап-күліп бар дәмді бөлісіп ішуіміз мақұл», - депті.

Маймыл: «Достың достан тілейтіні - тек жүрегінің адалдығы. Ал үй іші, ағайын туысын көруде зор мағына тұрған жоқ, өйткені сыбызғышы сыбызғысын тартқанда, өзінің алдында тұрған талай адамдарды, олардың ағайын-туыстарын түгел көреді ғой. Ал дәмдес болуға келсек, көптеген жылқы, қашыр, есектер тамақ ішерде бас қосады ғой. Егер үйді-

үйімізге бару жөніне келсек, онда ұрылар да кейде танымал үйлеріне кіреді ғой. Бірақ алдында отырған кісілерді және олардың ағайын-туыстарын көруі арқылы сыбызғышы мен тыңдаушылар арасында да, танымал адамдардың үйіне түсу арқылы ұры мен үй иесінің арасында да достық байланыс болмаса керек», - депті.

Тасбақа: «Сөзің рас, осыған ант іше алам! Шын достан таза сүйіспеншіліктен өзгені ешкім дәметпейді. Осы жалғанның пайдасын күйттеген жан, бауырластарымен қарым- қатынастарын доғаруы жөн. Бұрынғылар айтқан ғой: шаршатып, немесе зеріктіріп мезі етпеу үшін, бауырларыңа әлі келмес ауыр міндетті артпау жөн деген екен. Бұзау өзінің енесін қайта-қайта көп еме берсе, енесі оны теуіп жібереді, куып тастайды. Мен осыны саған әдейі ескертіп тұрмын, өйткені сенің қайырымды, ақ жаркын мінезің маған белгілі. Ендеше, үйіме жүріп, қонақ болуыңды қалаймын. Мен аралда тұрам, онда балауса жемісі мәуеленіп өскен қалың ағаш бар. Менің тілегімді қабылда, арқама мініп жүр, біздің үйге барайық», - депті.

Жемістерді айтқанда маймыл тамсана ынтығыпты. Тасбақаның өтінішін орындап, маймыл оның арқасына мініпті, сонда тасбақа оны арқалап алып жүзе жөнеліпті. Алайда суға түсісімен өзінің арамза қылығы, өтірікші опасыздығы тасбақаның жүрегіне шық ете түсіпті де ақырын тоқтай қалып ойға шомыпты, сонда өзіне-өзі:

- Менің ойлаған ісім әділетсіздік, опасыздық екен! Әйелдер үшін жауыз қылық жасап, арамдыққа бару дұрыс емес, өйткені оларға сену, оларды тиянақ ету мүлде теріс, әйелдер оған татымайды. Бұрынғылар алтынды отқа салсаң білесің, адалдықты алған қарызын төлеу арқылы, хайуанның күшін үстіне артылған жүк арқылы білесің, ал әйелді еш уақытта біле алмайсың, - депті.

Тасбақаның әрі қарай жүзбей тоқтай қалғанын байқап, маймыл сезіктеніпті де өзіне-өзі мына сөзді айтыпты: Тасбақа, әрине, себепсіз емес, бірдемені күтіп тұр. Кейінті кезде өзі бір түрлі ашуланшақ болып кетті, мұның енді мені жатқа санап, жүрегінің айнымауына кім кепіл? Өзгеруге келгенде лапылдақ жүректен жылдам, одан ыстық нәрсенің дүниеде жоқ екенін мен жақсы білем ғой. Жақын жандарының да, балаларының да,

туыстарының да, тіпті достарының да жасырын қылықтарына ақылды адам бейғам қарамау керек, әрбір сәттегі әрекетін, айтқан сөзін, отырысып, тұрысын - бәрін де мұқият бақылап отыруы мақұл, өйткені осынын бәрі олардың жүрегінде бірдеменің жасырын жатқанын көрсетеді. Осыдан кейін маймыл тасбақаға бұрылып: «Неге тоқтай қалдың, қобалжуыңның себебі не?» - деп сұрапты.

Тасбақа: «Әйелім қатты науқас еді, сен кіріп барғанда үйім көңірсіп тұрмаса, жүрегіңе жақпай калады-ау деп қобалжудамын», - депті.

Маймыл сонда: «Сен қобалжып, қорықпа! Алдын ала уайым жеуден пайда жоқ. Онан да әйеліңді емдейтін дәрі мен дәрігер ізде. Бұрынғылар байлар қолындағы бар дүниесін үш нәрсенін жолына жұмсасын, ақыреттегі өмірдің ұжмағын ойласа қайыр садақаны мол берсін, бұл жалғандағы зор лауазымын келсе, ұлықтарға мол-мол сыйлық тартсын, жүгенсіз жүретін қызық өмірді іздесе әйелдердің жолына сарп етсін деген ғой», - депті.

Тасбақа: «Дәрігерлердің айтуынша, маймылдың жүрегінен өзге оған ем жоқ екен», - депті.

Маймыл осы арада өзіне-өзі: «О, сұмдық-ай! Үлғайған жасыма қарамастан оңазаланған ындынам, мені мынадай шықпас шыңырауға киліктірді-ау! Азды місе тұтар, қанағатшыл жан асықпай, арандамай қауіпсіз, бейбіт те берекелі өмір сүреді, ал ашқарақ адам аласұрып шаршап-шалдығып, үнемі қорқумен өмірін өткізеді - деген сөз рас екен-ау! Басыма түскен мына пәледен енді ақыл-айла тауып құтылуым керек қой», - депті.

Осының артынан ол тасбакаға.

- Досым-ау, мұны бұрын білген болсаң, онда ертерек неге айтпадың, кешігуіңе не себеп болды? Мен жүрегімді өзіммен бірге ала жүретін едім ғой, - депті.

Тасбақа тұрып: - Жүрегің қайда еді сенің? - деп сұрағанда, маймыл:

- Мен оны мекеніме тастап кеттім, - деп жауап қайырыпты.

Тасбақа: «Олай істеуіңе не нәрсе себеп болды?» - деп сұрағанда, ол:

- Біздің маймылдарда мынадай әдет бар: достарымызға қонақ бола барғанда жүрегімізді үйге тастап кетеміз, өйткені

бірімізге-біріміз сеніспеуден, үнемі күдіктенуден, сонда аулақ боламыз. Егер сол жүрегіме сен ділгер болсаң, онда әкеп берейін, депті.

Маймылдың өз жүрегін оп-оңай бере салуға көнгенін естіп, тасбақа қатты қуаныпты да асығып-үсігіп кейін қайтыпты. Тасбақа жиекке жақындай бергенде, маймыл секіріп кетіпті де өрмелеп биік ағаштың басына шығыпты. Тасбақа бір сағаттай күтіпті, алайда маймыл келе қоймапты, сондықтан ол: «Досым- ау, асықсайшы, жүрегіңді алып, тезірек келсейші мұнда! Кешіктірдің ғой мені», - депті.

Маймыл сонда: «Сен мені есекке ұқсатып тұрсың-ау, сірә, баяғыда бір шибөрі есектің жүрегі де, құлағы да болмайды деп арыстанды нандырған екен», - депті.

Тасбақа: - Ол қандай әңгіме деп сұрағанда маймылдың келтірген нақылы мынау болыпты: — Баяғыда бір арыстан жыныс ағаштың ішінде тұрыпты, оның қалдығын қорек етіп, қасында жүретін бір шибөрі болыпты. Бір мезгілде арыстан қатты ауырыпты, арып-ашып қалжырапты да аң аулауға мұршасы келмепті. Сонда оған шибөрі: «Сен мүлде өзгеріп кеттің, өзіңе-өзің ұқсамайсың. Аңдардың сайыпқыраны едің ғой, саған не болды?» - деп сұрапты. Арыстан: «Мұның бәрі өзің көріп тұрған аурудың салдарынан емес пе, бұдан жазылу үшін, есектің құлағы мен жүрегін жеуден басқа ешбір ем жоқ»,
— депті. Шибөрі сонда: — Мен білем, бір шұға жасаушы есегіне киім-кешек артып кір жууға келеді, сол жайылым бізден аса қашық емес. Үстіндегі жүгін түсіріп, көкорай шалғынға жалғыз өзін қоя береді, мен сол есекті дереу осында алып келейін. Сонан кейін оның жүрегі мен құлағын не істесең де өзің білесің ғой, - депті. Арыстан:

- Кейінге қалдырмай осыны тезірек орындай көр, - десе керек.

Шибөрі жүріп кетіпті де есекке барып: - Мен көріп тұрмын, сонша жүдеу екенсің, арқаң неге жауыр болған? - деп сұрағанда, есек оған:

Мұның бәрі ана шұға жасаушы залымның салдарынан, ол мені жұмысқа көп жегеді, тамақ бермей шөміштен қысады,

- деп жауап қайырыпты.

Шибөрі: «Сен бұған қалай шыдап жүрсің?» - дегенде,
есек:

Ал сонда не амал істемекпін? Адамның шеңгелінен қайда қашып құтылмақсың? - депті.

- Адамның аяғы баспаған, шөбі шүйгін оңаша орынды көрсетейін саған. Онда асыл тұқымнан шыққан, әдемі мәші есек тұрады. Ондай сұлуды сен еш уақытта көрген емессің. Оған айғыр керек, - депті. Әңгі есек тебірене толқып:

Екеуміз де сонда барсақ қайтер еді? Оны былай қойып, тек сенімен достасқым келген күнде де мен бірге кетер едім, - депті. Сөйтіп екеуі арыстанға қарай беттепті. Шибөрі бұрынырақ келіп хабар беріпті. Арыстан атып тұрып, есекке қарсы ұмтылыпты, бірақұстай алмай қалыпты, ол қашып құтылыпты. Сонда шибөрі арыстанға: - Бұлдірдің-ау, сен! Есекті әдейі жеке тастап кетіп едім, мені сорлатқың келді ме, неге тарпа бас салдың? Оны сен ұстай алмасаң, менің патшамның есекті ұстап алуға шамасы келмесе, онда біз құрыдық қой, - депті. Арыстан ойланыпты:

- Егер есекті әдейі қоя бердім десем, онда шибөрі мені ақымаққа балар еді, ал егер, ұстап алуға әлім келмеді десем, онда қуатсыз нашар деп білер еді, - деп толғапты да: Есекті сен екінші рет осында ертіп келе алсаң, мен саған сол есек жөнінде өзің қолқалап жүрген әңгімеңді айтып берер едім, - депті. Шибөрі: Болған істі есек көзімен көрді, мен енді оған қайыра барсам, онда амал қолданып, алдауым керек болар, - депті де есекке қайта барыпты. Есек мұны көре салып:

- Менде қандай бұйымтайың бар? - деп сұрапты. Сол арада шибөрі:

- Менің саған жақсылық істегім келеді. Қатенің бәрі шексіз құмартудан шықты ғой. Саған тұра шапқан, әлгі өзің көрген хайуан мәші есек еді, ол туралы мен саған айтқан болатынмын, ондай көріктіні сен өміріңде көрген жоқсың. Құштарлықтың қуаты билеп шыдатпады, саған тұра ұмтылды, егер сен бір сәт кідіргенде сенің мәңгі жарқосағың болар еді. Қатенің бәрі күшті елтудің салдарынан туады ғой, - депті.

Мәші есек туралы екінші қабат естігенде әңгі есектің құмартуы құйынша көтеріліп, ол шибөріге еріп жүре беріпті, келген мезетте арыстан бас салып оны жарып тастапты. Есекті жайтан болыпты да ол шибөріге қарап: - Мен дәріні былай қабылдаймын, ең әуелі жуынам, сонсоң құлақ пен жүректі жеймін, ал қалғанын құдайыға таратам. Мен жуынып болғанша,

сен есектің етін қарай тұр, сонсоң өзім қайтып келем, - депті. Арыстан кетісімен шибөрі есектің құлағы мен жүрегін жеуге кірісіпті, ол сонда арыстан құлақ пен жүректің жоқтығын көрген соң қалған етін де жемес, құдайыға да таратпас деп сеніпті.

Арыстан қайыра келіп: «Есектің жүрегі мен құлағы қайда?
— деп жазғырғанда, шибөрі оған: — есекте құлақ пен жүректің жоқ екенін сен білмеуші ме ең, егер ол екеуі бар болса, аман- есен бір құтылғаннан кейін екінші рет тағы келмес еді ғой», депті. Арыстан шибөрінің сөзіне шүбәсіз сеніпті.

- Мен бұл нақылды әдейі келтірдім, құлағы да, жүрегі де болмайды деп шибөрі айтқан есегің мен емеспін, саған соны түсіндірмек болдым. Қулық жасап, мені алдағың келді, мен де сол өзіңе ұқсап қулық жасадым да қаруын қайтардым, өткен қатемді түзеуге тырыстым, - депті маймыл.

Тасбақа: «Сен нағыз айнымас дос екенсің. Ақылды адам іске шебер, сөзге сараң болады, мен мұны білем. Ол өзінің адасарын сезеді де бір іске белін байламай тұрып, уақиғаның алдын шолуға кіріседі. Сүрініп кетіп омақаса жығылған адам сол жерді таянып қайта тұрады ғой, сондай-ақ әлгі ақылды жан да істеген қатесін өз жігерін жұмсап түзеуге тырысады»,
- депті.

- Бір мақсатқа ұмтылып, соған қолы жеткенде орындап алмаған жан иесі жөнінде айтылатын нақыл осы еді, - депті философ Бейдауа.

СОПЫ МЕН АТЖАЛМАН ТУРАЛЫ

ПАТША философқа: «Мен бұл нақылыңды қызығып тыңдадым. Енді сен мынаны айтшы, мысалы, бір іске кіріскенде алды-артын ойламайтын, мәнісін жете түсінбей, асығыс қимылдайтын адам болады, міне осы жөнінде бір нақыл келтірші», - деді.

Сонда философ Бейдауа: - Ойланбай оқыс қимылдаған жан, жылдам өкінеді. Сопы мен атжалман арасында болған уақиға осының айғағы, - деді.

Патша: «Ол уақиға қалай болыпты?» - деп сұрады. Сонда философ мына әңгімені шертті:

- Баяғыда бір Сопы Журкап[1] деген жерде тұрыпты. Көп уақыт бала көтермей жүрген әйелі бір кезде жүкті болса керек. Сопы бұған ұлан-асыр мәз болып: - Қуана бер, жарым! Ұл табатыныңа кәміл сенемін, көзіміздің ағы мен қарасы да, сүйеніміз де сол болсын! Мен тезірек нәрестені мәпелеп күтетін әйел табайын, таңдап бір әдемі ат қояйын, - деді.

Сонда әйелі: «Ей, құдай қоскан қосағым! Көзің, анық жетпейді ғой, осы сөзді айтарлықтай тиянақты айғағың қайсы? Ұл тапсам да, қыз тапсам да, тіпті кім туса да - бәрібір емес пе, ендеше, үндемей-ақ, тәңірінің жазғанына ырза болсайшы! Өзі білмейтін затты ақылды жан әңгіме етпейді, келешекті болжамайды, алдын ала үміттеніп қалып, соңынан өкінбеу үшін, оны есіне де алмайды, ол өзін арманды ойының иесіндей санамайды ғой. Міндетін түгел орындағандай болып, бейтаныс нәрсені күн ілгері әңгіме ететін жан, өзінің төбесіне май мен бал төккен сопының аяғын құшады», - деді.

Сопы ол қандай уакиға, деп сұрағанда, әйелінің баяндаған нақылы мынау болды: - Баяғыда бір сопы өзіне қорек ету үшін бір көпестен май мен бал және ұн алып тұрады екен. Ішіп-жемінен артылып қалғанын, өзі бұрын дайындап койған құмырасына құя береді. Сөйтіп құмыра лық толса керек. Бір мезгілде май мен балдың базарда нарқы көтеріліп, сонда сопы, мұны ең азы бір тілләға сатам, сонсын оған он ешкі сатып алам. Олар бес айдан кейін лақтайды депті. Сөйтіп ол бес

[1] *Кейбіреулердің топшылауынша бұл жер Журжан болып аталады. Ирандағы бір облыстың аты.*

жылдан кейін төрт жүзден аса ешкі болатынын ерінбей есептеп шығарыпты. Содан кейін: — Төрт ешкіні бір өгізге немесе бір сиырға айырбастасам, жүз қаралы малдың басын құраймын ғой, тұқым тауып алып өгізбен жер жыртсам, егін салсам, сүт пен етке де қарық болам! Осылайша бес жыл өтпей-ақ сиыр мен егіннен ақшаны мол өндірем. Сонда өзіме арнап сәулетті үй салам, жұмыс істейтін құлдарды, киім-кешек, ыдыс-аяқтарды сатып алам, бұл жағын қамтамасыз еткеннен кейін, өзі әдемі және асыл текті әйелге үйленем. Екеуміз қосылғаннан кейін, ол екіқабат болады да бап-балғын; әп-әдемі ұл табады, ол өзі тақуа әрі ізгі болады, оған мен өзіне лайық ат қоям, жақсылап тәрбиелеймін, бар күшімді сол баланың жолына сарп етем. Ал егер ол тіләзар, ақымақ болып шықса, онда мен мына таяқпен төбесінен былай соғам! — депті де қалай ұратынын көрсету үшін таяқты сілтеп кеп жібергенде, ол сарт етіп құмыраға тиіпті. Құмыра күл-талқан болып сыныпты да ішіндегі май мен бал сопының төбесіне төгіліпті. Өстіп оның құрған жоспары мен көксеген арманы судай ағып, бордай тозыпты.

- Мен бұл нақылды әдейі келтірдім, туатын баланың алдында қандай тағдырдың дайын тұрғанын білмейінше, мұндай әңгімеден аулақ болуыңды тілеймін. Тыңдағайсың осы өсиетті, - депті. Сопы әйелінің ақылын қабыл алыпты.

Соңынан әйелі шекесі торсықтай үл тауыпты да әкесі қатты қуаныпты. Күндерде бір күн әйелі еріне: — Мен жуынып, қайтып келгенше баланың қасында отыра тұршы, - депті де өзі шығып кетіпті. Аздан кейін патшаның жіберген кісісі келіп, сопыны ертіп әкетіпті. Үйінде жүрген, өзінің ұлындай көріп асыраған атжалманнан басқа жас баланың жанына тастап кетер жан болмапты. Атжалманды сопы кішкентай нәрестенің қасына қойыпты да өзі патшаға жөнеліпті. Үйінде жыланның іні бар екен, баланы шағу үшін сол інінен жылан жорғалап шыққанда, атжалман оны бас салып шайнап тастапты. Сопы үйіне қайтыпты. Есіктен кіре бергенде өзінің адал қылығын білдіріп, қуанту үшін атжалман алдынан арсалақтап шығыпты. Аузы-басы шиедей қып-қызыл қанға боялған атжалманды көрген кезде сопы есінен айрылыпты да алды-артын ойламастан таяқпен бастан салып кеп жіберіпті, атжалман табан аузында тіл тартпай өліп кетіпті. Үйіне кіріп, аман қалған баласын, өлген

жыланды көріп, болған істің мән-жайын сопы сол мезетте ғана түсініпті. Сонда сопы төбе шашын жұлып, өзін-өзі кеудеден ұрыпты да: - Шіркін-ай, осы баланың тумағаны жақсы еді-ау! Онда мен мұндай жауыздықты, кесепатты қырсықты жасамаған болар едім ғой, - деп сарнай беріпті. Сонсоң әйел келіп, жылап отырған күйеуін көріпті де, - Сен неге жылайсың, жылан мен атжалман неге өліп жатыр? - деп сұрағанда, ол бар уақиғаны түгел баяндапты да:

Міне, асығыстықтың жемісі осылай болды, - депті.

Ойланбай, екшеп, өлшемей іс қылатын адам жөнінде осындай да бір нақыл болушы еді, - деп сөзін бітіріпті Бейдауа.

ИЛАД, ШАДИРАМ ЖӘНЕ ИРАХТ ЖАЙЫНДА

ПАТША Дәпшәлім философ Бейдауаға қарап: «Таянатын тірегі жоқ аланғасар асығыстық туралы толғаған әңгіменді мен өте жақсы ұқтым. Сен маған енді мынаны баяндашы: мемлекетін нығайтып, мекендеген өлкесін сақтау үшін, қол астындағы еліне беделін арттыру үшін патша не істеу керек екен? Оны осы мақсатқа жеткізетін нәрсе ақылдылық па немесе халқының мұң-мүддесін жоқтаудағы батылдық па, тіпті болмаса шексіз шүлен жомарттық па», - деген сұрақ қойыпты.

Сонда философ Бейдауа: «Бұған жету үшін ақыл мен сабыр керек, барлық игілі істің қол жеткісіз шыңы да, тегеурінді тиянағы да осы екеуі болмақ. Ақылды адаммен, жанашыр доспен, ысылған білгір жанмен кеңесіп отыру да осы сапқа кірмек. Сабыр түбі сары алтын, сол арқылы дүйім ел рақатқа батпақ. Мұны әсіресе патшалардың ескергені жөн. Бұдан жақсы, бұдан жемісті еш нәрсе жоқ. Жаны ізгі, саналы да ұғымды және тіл алғыш әйел еркектің ырысы. Ақылдасатын саналы адамы жоқ, үнемі есуастармен бас қосқан ел көсемі, қаншама қаймықпайтын ер жүрек болса да, оның ісі оңалмайды, құрттай нәрсенің өзі оған қиын-қыстау болып көрінеді де тұрады, достарының ессіздігінен, өзінің жете түсіне алмауынан барып, сен оның орынсыз катесін де, әлсіздігін де біле қоясың. Ал енді осы адамға кейде тағдырдың өзі себебін тигізеді, дұрыс бағытқа

да түседі, сәттілікке ұшырап жолы да болып жүреді, бірақ бәрібір, сайып келгенде, оның ісі оңалмайды, ол опық жейді. Ал, енді, керісінше әлгі адамның өз дарыны болса, қасында тағы жақсы уәзірі отырса, тағдыр да көмек етсе, міне сонда ғана ол жауларын да жеңбек, бақталастарды да аяғының астына баспақ, қайғысынан қуанышы үстем болмақ. Біздің естуімізше мұндай уақиға синді патшасы Шадирамның, оның жұбайы Ирахттың, құпия сырды сақтаушы уәзір Иладтың басынан өтсе керек», - деді.

Патша: «Ол қандай уакиға болды екен?» - деп сұрады.

Сонда философтың келтірген нақылы мынау еді:

- Баяғыда өте ізгі, мінезі жұмсақ, әдепті және данышпан, төрт құбыласы түгел, мейлінше діндар Илад деген адам болыпты. Бір күні Шадирам патша өзінің салтанатты сарайында ұйқтап жатып, сегіз түрлі түс көріпті, сонда әрбір түсінен кейін шошып ояна беріпті. Таңертең брахмандарды шақырып алып патша көрген түсін баяндапты да жорыңдар -деп әмір етіпті, әлгі брахмандар тәркі-дүние тақуалар екен. Сол брахмандар: - О, патша ағзам! Осы күнге дейін құлағымыз естімеген таңғажайып кереметті көрген екенсің! Егер осы түсің туралы біздің пікірімізді білгің келсе, онда алты күнге мүрсатана беріңіз, ойланалық, жетінші күні келіп жориық. Сені кауіп- қатерден құтқару қолымыздан келсе, аянбадық, оны біз орындап шығалық[1], - депті.

Патша: «Жарайды, айтқандарыңыз болсын. Өз ойларыңызша нені қажет деп тапсаңыздар, дәл солай істеңіздер», - деген екен.

Жарайды - десіп олар да шығып кетіпті. Соңынан өзара жиналысып әлгі брахмандар ақылдасыпты:

- Біздің он екі мың адамымызды кеше ғана қырып тастап еді ғой. Енді ол түсінен қорыққанын көңірсітіп, бар сырын ақтарып отыр, уысымызға өзі келіп түсті. Оған біз де ауыр сөздер айталық, қатты қорқытып айтқанымызды істетелік, сөйтіп кегімізді алалық. Жанындай жақсы көретін туған-

[1] *Бұл әңгіме – «Кәлилә мен Димнәда» кездесетін негізгі будда дінінен шыққан, брахман дініне көрнеу қарсы жазылған, некен-саяқ әңгімелердің бірі. Осында ұшырайтын кейіпкерлердің есімдері де әр жерде әр түрлі айтылады, біріне бірі ұқсамайды.*

туысқандарыңды, уәзірлеріңді біздің әмірімізге шығарып бер делік. «Біз көп кітапты ақтарып аштық, сонда туыстарыңды дарға асудан өзге сенің басыңа төнген пәленің бетін қайтарар еш нәрсе таппадық», - деп соғалық. Егер ол: «Сендер кімге құрық салып тұрсыңдар?» - десе, біз: «Өзіңнің әйелің Ирахтты, оның туған баласы, өзіңнің мұрагерің Жувейірді, ісіңді басқарушы уәзірің Иладты - өйткені ол залым да ақылды той, сонсоң хатшың және жансыз тілшің Кальді мегзеп отырмыз. Сонан кейін біз қолыңдағы семсеріңді, майданға мініп шығатын шаңқан боз піліңді, оған қоса тағы екі үлкен піліңді, сапарға шыққанда салт мінетін жүйрік атың мен желмаяңды алғымыз келеді. Одан әрі зәкүншік атабектің Кинан Абизунды алмақпыз. Сен олардың қанын қарасуға төк, біз сені сол судың ішіне отырғызамыз. Осы судан сені суырып алатын мезгіліміз жеткенде, біз - брахмандар төрт жақтан түгел жиналамыз да, алдыңа барып дұға оқып үшкіреміз, әулие суымен, хош иісті маймен жуып-шаямыз. Көзіңе көрсетіп алдын ала сақтандырған пәле-жаладан, құдай сені аулақ қылсын деп тілейміз де осының артынан сені өз сарайыңа жөнелтеміз. Осыны өз еркіңмен құмарта ұмтылып, орындап шықсаң, онда баспалап төніп тұрған зор пәледен, үлкен бақытсыздықтан құтыласың, өлген адамдардың орнына солар сиякты басқаларды тауып аласың. Егер сен мұны істемесең, онда белгісіз бір дұшпан сені жақын арада ұстап алып өлтіреді де патшалығынан ажыратады, сөйтіп, мүлде тұқымың құрып кетеді. Міне, біз осыдан қорқып тұрмыз, - делік. Осылай ұйғарып, өзара келіскеннен кейін брахмандар патшаның үйіне кіріп: «Сіздің көрген түсіңіз жөнінде бар ақылымызды сарп еттік, кітаптарымызды аудара қарап, ақтара төңкердік, ақыр аяғында көзімізге шалынғанды өзіңізге жеке отырып айтуға ұйғардық», - депті. Патша тілектерін қабылдап оңаша шығыпты, олар өздерінің құрып алған жоспары бойынша әлгі сөздерін баяндап өтіпті.

Патша: «Шырақтарым-ау, сендердің мына тілектеріңді орындаудан өлгенім артық қой. Өзімнің жанымнан қымбат көретін адамдарды өлтіруге қалай бармақпын, мұндай қылмысты, мұндай күнәні қалай істемекпін! Бәрібір өлімнен қашып құтылу жоқ, патшалық құрып мен де мәңгі отырмаспын. Өз өлімім де, сүйікті адамдарымнан айрылу да - бұл екеуі маған бірдей ауыр», - депті.

Сонда брахмандар: - Ашуланбасаңыз, ашып айталық, пікіріңіз қате. Өз жаныңды есіркемей, мұндай кезеңде басқалардың қамын жеу мақұл емес. Мейлің сен өз басыңды не ірі, не ұсақ деп бағаларсың, онда жұмысымыз жоқ, ал бірақ біздің ойымызша оған ешбір теңдес табылмайды, ешкім орнын баса алмайды, әлде сен осыны да білмейсің бе? Ант ішіп айталық, егер сен біз атаған адамдарды сол өз жаның үшін құрбан етсең, ең жақсы, ең игілі іс осы болады. Сонда ғана өз мемлекетіңді басқарып патшалық құрасың, ісің оңалады. Қу жаныңның қамын көзде, одан басқаны ойлама, бәрін де құрбан ет, өйткені оған тең келетін еш нәрсе жоқ, - депті.

Брахмандардың сөзі қатал екенін, өзі жөнінде жүгенсіз кетіп, ауыр тілек білдіріп отырғанын патша көрген мезетте, орнынан түрегеліпті де сарайына жөнеліпті, етпетінен түсіп, қалың қайғыға ұшырап дөңбекши беріпті: көрнеу келген ажалға қарсы бару керек пе, жоқ брахмандардың тілегін орындап, жақын жандарын өлімге қию керек пе?! - Қалай істеу дұрыс?

- міне ол осыны ойлапты. Патша осылайша толғанып бірнеше күн жатыпты. «Патшамыз қайғы-қасіретке ұшырады, оның басына бір ауыртпалық кезікті-ау!» - деген аңыз ел-жұртқа жайылып кетіпті.

Патшаның осы халге ұшырағанын білгенде Илад та ойланып, толғана бастапты. Ол тапқыр да, саналы да, көпті көрген жырынды және өте сұңғыла адам екен. Илад сонда:

- Өзі шақырмай, небір сылтау таппай тұрып, патшаға құр қол кірудің жөні жоқ. Одан да патшамыздың әйелі Ирахтқа барғаным дұрыс болар, мән-жайды содан сұрап білейін, - депті. Ол Ирахтқа келіпті де: - Болмашы іске бет алғанда да патшаның менімен ақылдаспаған кезін көрген емен. Мен оның құпия сырының сақтаушысы едім, басына не кезіксе де ол маған бүкпей айтушы еді. Кейде бір ауыр уакиғаға ұшырай қалса, соған қарсы тұрып, шыдай білуші еді, маған ғана сырын ашып айтушы еді, сонда әлім келгенше сылап-сипап оны мен ғана жұбатушы едім. Брахмандармен оңаша отырғанына міне тура жеті күн болды. Жұрттан оңаша шығып, солармен жасырын сөйлесіп отыр, өзінің құпия сырын айтып қоя ма деп қорқамын, оларды патшаның досы деп мен сенбеймін. Не болды екен, қандай пәлеге кезігіпті, брахмандар не айтыпты, барып сұрашы

сен! Мен баруға сылтау таба алмай отырмын, сондықтан сен бәрін біліп келші, маған хабарын берші. Өтірік-өсекті әдемілеп жеткізіп, біреуге пәле жабуға, патшаны арбап көзіне шөп салуға, оны пасық жолға итеруге, міне осыған ғана- олардың қабілеті жетеді деп есептеймін. Патша шын қаһарына мінсе ол ешкімге көңілін аудармайды, ешкімнен ақыл сұрамайды, еш нәрсені ойламайды да, міне оның үйреншікті мінезі осы ғой. Сол мезетте келелі істің де, болмашы істің де оған бәрібір. Брахмандардың жүрегінде сақтаулы жатқан кешілмейтін кек, кетпейтін ыза бар, сондықтан оған жақсы ақыл айтпайтынына күдіксіз сенем, патшаны құртуға тырысады, пәлеге ұшыратады, егер мұршалары жетіп, меңгере алса оны өлімге де айдайды, - деді.

Ирахт тұрып: «Патша мен екеуміздің арамызда бір жайсыз әңгіме бар еді, ол өз айыбын мойнына алғанша, менің оған барғым келмей тұр», - дегенде.

Илад: «Мұндай күн туғанда кек сақтама. Сенен басқа ешкім оны басып кіре алмайды. «Басыма уайым-қайғы түскенде, соның бәрінен тек Ирахт келгенде ғана айығамын», - деп әлденеше рет айтқанын естіп едім. Сен тезірек барып, әңгіме айтып алдандыршы, осы жабырқаудан құтқаршы, себебін тауып есіркеші, жүрегін жұбатшы», - деді.

Осыны естігеннен кейін Ирахт патшаға қарай бет алды, кіріп барып бас жағына отырды:

- Уа, бақытты да, даңқты да асыл діндар патшам, ахуалың қалай? Брахмандар саған не айтты? Сен қалың кайғыда, қатты уайымда отыр екенсің, оны өзім де көріп тұрмын. Ендігі істейтін әрекетің сені осы уайымнан ажыратып, қуанышқа бөлейтін болса, орындашы соны, тіпті ол істің пайдасы тек біздің көзіміздің жоғалуына байланысты болса да тартынбашы! Егер бізге ренжитін болсаң, сені ырза ете аламыз, жолыңа құрбан болып та қуандыруға көнеміз, - деді ол.

Сонда патша: - Сүйікті қосағым-ай, еш нәрсені сұрамашы менен! Тек жанымның жарасын ұлғайтасың ғой. Мұндай қанды жорық, ұлы қауіпті сенің білуің кажет емес, - деді.

Ирахт тұрып: - Ия, солай ма, сенің берген жауабың, мені оны естуім рас па, көзіңе енді мен солай көріндім бе? Пәлеге душар болған патша, өзінің қайғысына ортақтасып, қамын

жейтін, жаны ашыр достарымен, шын сүйетін адамдарымен ақылдасуы керек қой, сен әлде соны білмейсің бе? Күнәқар жан мейірімнен күдер үзбейді, бірақ қылмысты қылық жасағанына өкінеді ол. Қауіп-қатерге билетуден еш нәрсе өнбейді, оған тек дұшпаның сүйінеді де досың күйінетін болады. Көпті көріп ысылған, тәжірибелі даңғыл адам басына түскен айнымалы тағдырына көне алады, өткінші жақсылыққа да қызбайды, өйткені: өзін сабырға билетеді, - деді.

Патша: «О, сүйікті қосағым! Менен еш нәрсе сұраушы болма! Сенің білгің кеп тұрғаны менің құруым, сенің балаңның, менің толып жатқан сүйікті адамдарымның өлімі ғой. Сендерден айрылсам менде тәтті өмір жоқ, сендерден қалып қандай қызық көрмекпін? Брахмандар сені және достарымды өлтіру керек дегенді айтады. Бұл сұмдық қой, жанымды жегідей жейтін ауыртпалық осы», - деді.

Ирахт: - Ей, патшам, қайғыға ұшыратып, құдай жаныңа жамандық бермесін! Өзімізді жолыңа құрбан етіп, қорғаушы болуға даярмыз. Сенің өмірің мен денсаулығыңа мұның бірі де тең келмейді. Тәңірі тағалам көмек берсін, кейінгі алған әйелдерің мені жоқтатпасын. Бірақ мен өлгеннен кейін де брахмандардың сөзіне сенбегейсің, олармен ақылдаспағайсың, сенімді адамдарыңмен ақылдаспай тұрып, ешкімнің қанын жүктемегейсің. Кісі өлтіру үлкен уақиға, ауыр күнә ғой, өйткені өлген адамды қайта тірілте алмайсың, бұрынғылар айтыпты: егер сен бір тас тауып алып, ол тастың асыл екеніне көзің жетпесе, соның тазалығын айыра білетін кісіге көрсет, олай істемей тұрып, аңдаусызда айрылып қалма деген екен. Брахмандардың да, баска дұшпандардың да мейірін қандырма. Олардың ешқашан саған іші жылымайды, осыны біл! Күні кеше он екі мың адамын дарға астың, сол қылығыңды олар ұмытты деп ойлайсың ба? Ант ішіп айтайын, көрген түсіңді баяндап, құпия сырыңды ашпауың керек еді ғой! Сенің құрып суалуыңды тілейді, жақсы көретін жандарыңның көзін жойғысы келеді, ақылды ғалым, данышпан уәзірлеріңнің тамырына балта шаппақ, майданға шыққанда салт мінетін тұлпарыңды мерт қылмақ, міне, сенің түсіңді олар осылай жорып отыр ғой. Бәрін қойып сен енді Кинан Абизунға бар, түсіңнің жөнін айт та, не істеу керек деп ақыл сұра! Ол даңғыл дана да, сенімді

де адам. Нәсілі брахман бола тұрса да оның мінез-құлқы, адамшылығы күллі елден артық. Ол асқан сопы, заңға да жүйрік. Брахмандардың айтқанын Абизун да айтса, онда өзің ойланарсың, ал егер пікірлері үйлеспей екі дай шықса, үндеуші де болма, асықпай қимылда, - дегенді айтты.

Патша мұны естігенде әйеліне сұқтана қарап ырза болды, атын ерттетіп мінді де, Кинан Абизунға қарай жылдам жөнеп берді. Келіп аттан түсті де, сәлемдескеннен кейін басын төмен салып, кідіріңкіреп тұрып қалды. Сонда Кинан Абизун: «О, патшам, не болды саған? Түсің неге мұнша бұзылып кетті, үлкен қайғыдасың ғой, басыңдағы дулығаң мен тәжің неге көзіме көрінбейді?» - деп сұрады.

Патша оған: - Бір күні түнде сарайда ұйықтап жатсам, төменнен құлағыма сегіз дыбыс келді, әрбір дыбыстан шошып оянып, қайта ұйықтай беріппін. Сөйтіп, сегіз түс көрдім де осыларды брахмандарға баяндадым. Үлкен пәлеге ұшыраймын ба деп қорқам: не майданда соғысып жүріп өлем, немесе патшалығымнан айрылып жұрдай болам дегенді айтты.

Сонда Кинан Абизун: «Бұған уайымдама да қорықпа! Енді сен өлмейсің, қауіптеніп жүрген пәлеге де, бақытсыздыққа да ешқашан ұшырамайсың, патшалығынды да еш пенде ала алмайды. Ал көрген сегіз түсіңе келсек, сен ол түстеріңді маған түгел баяндашы, мен жорып көрейін», - депті.

Көрген түсін патша айтып бітіргенде, Кинап Абизун тұрып: - Сен түсіңде құйрығынан шаншылып, тік тұрған екі қызыл балық көріпсің, оның мәнісі Гамиюн[1] патшасынан елші келеді екен, ол құны төрт мың қадақ алтынға татитын, меруертпен апталып, жақұтпен күптелген екі сауытты әкеліп алдыңызға тартады екен. Аркаңнан ұшып шығып, екі үйрек алдыңа кеп қоныпты, оның мәнісі - дүниеде ешбір адам көрмеген керемет екі атты, Бальх[2] патшасынан біреу әкеліп, саған сыйға тартады екен. Сол аяғыңның үстінде жорғалаған жылан көріпсің, оның мәнісі Сахин патшасынан бір елші саған темірден құйып жасаған, дүниеде адам көрмеген бір қылыш әкеп тартады екен. Түсінде тұла бойың қып-қызыл қанға боялыпты, енді оның да жоруын айтайын: Саған Касирун патшасынан елші келіп, көргенде көз

---

[1] *Патшалардың есімдері әр жерде әр түрлі аталады.*

[2] *Вальх – қаланың аты. Әмудариянның оңтүстігінде жатқан, ежелгі Бактрия өңіріне кіретін облыстың да аты.*

тұнатын, қараңғыны жарық ететін, құлпырып тұрған шекпен әкеп береді екен. Түсіңде суға түсіп шомылыпсың, оның жоруы мынау: Раз пат-шалығынан біреу саған патшаның киімін әкеп тартады екен. Түсіңде сен ақбас таудың төбесінде тұрыпсың, оның мәнісі Кабдур[1]патшасынан бір елші саған алтын тәж әкеліп сыйласа керек. Бір аққұс келіп сенің басыңды тұмсығымен шоқып кетіпті, ол түсіңді мен бүгін жори алмаймын. Ол саған зиян жасамайды, одан ешбір жамандық та көрмейсің, алайда жақсы көретін жандарыңның біріне өкпелеп, көңілің қалуы мүмкін. Осы елшілер мен жаушылар сенің алдыңа бүгіннен санағанда, тура жетінші күні келеді, - депті.

Патша тыңдап болып, Кинан Абизунға басын иіп тәжім етіпті де шығып кетіпті. «Абыздың айтқанын сарапқа салып көрейінші», - депті ол ішінен. Дәл жетінші күні патша өз киімін киіп, құлпыра зейнеттеніп, мәжіліс бөлмесіне келіп отырыпты да игі жақсылары мен әкімдеріне кіруге рұқсат етіпті. Міне, енді Кинан Абизун айтқан сыйлықтар келіп сонда алдына тартылыпты. Елшілер мен жаушыларды, олардың әкелген сыйлықтарын көргенде патшаның қуанышы қойнына сыймапты, сонда ол өзіне-өзі: - Түсімді брахмандарға аңғырт айтып, нысаналы ойын ұқтым, олар да маған өз мақсатын орындатқысы келді. Егер құдай тағаланың мейірімі түсіп, өзі қорғамағанда, Ирахт арқылы ақыл айтқызып, хал-ахуалімді жеңілдетпегенде мен құрып едім, тіршілігім жойылып еді-ау! Сондықтан жанашыр жақын адамның, сенімді достың адал пікірін, үйреткен ақылын әркім-ақ тыңдау керек екен. Ирахттың айтқан пікірін, ұсынған жоспарын қабылдадым да игілікке жеттім, алдын болжайтын қырағы, жақсылықты ғана тілейтін шын достар арқылы мемлекетім де нығайып отыр. Кинан Абизунның да данышпандығы және сөздерінің шындығы маған енді айдан анық болды, - деді. Осыдан кейін патша Жувейірді, Иладты, хатшысы Кальді қасына шақырып алды да:

- Мына сыйлықтарды қазынаға апарып салудың бізге керегі жоқ. Ол дұрыс емес! Уа, достарым, мен үшін өлімге басын байлаған сендер ғой, маған кеңес берген Ирахт қой, соны пайдаланған соң патшалығымның өмірі ұзарып, істелген істің

[1] *Сахин, Касирун, Раз, Кабдур – патшалардың аты, олардың мәнісі әлі толық анықталған жоқ.*

арты қайырлы болып, ұлан-асыр қуанышпен аяқталып отыр, сондықтан осы сыйлықтың бәрін сендерге үлестіріп бермекпін,

- деді.

Илад тұрып: - Өзіміз арқылы болған жақсылыққа біздей құлдардың мардамсуы лайық емес, өйткені патшасының жолына құлдар үнемі құрбандыққа шалынуы қажет. Ал енді мына тартылған сыйлықтарға келсеніз, оған да біздей құлдардың жақын баруы орынсыз ғой. Туған балаңыз, Жувейір, міне бұл сыйлық тек соған ғана лайық, тек соның алғаны мақұл, - деді.

Сонда патша: «Бұл жөнінде біз келелі даққа, зор игілікке жетіп отырмыз, сондықтан, ей, Илад, сен қымсынба, өз үлесіңді ал да көсегеңді көгерт, мейіріңді қандыр», - деді.

Илад: «Патшаның-ақ дегені болсын, сөйтсе де ол өз қалағанын алдымен алсын. Патшам осы тілегімді орындасын»,

- деді. Сонда патша шаңкан боз пілді алды да, Жувейірге екі аттың бірін берді. Асыл темірден құйылған қылышты Иладқа сыйлады, екінші атты хатшы Кальге берді, ал патшалар киіп шығатын зейнетті киімді Кинан Абизунға жіберді. Әйелдерге лайық сыйлықтарға, басқа киімдерге, тәжге келгенде патша Иладқа бұрылып:

- Мыналарды көтеріп соңымнан ер, әйелдерге қарай баралық, - деді. Сонсоң патша Ирахт пен Курканы[1] шақырды. Әйелдері қасына келіп отыра бергенде: - Ей, Илад! Көйлек пен тажды Ирахттың алдына тартшы, қалағанын таңдап алсын, - деді. - Сонда Ирахт тәжді көріп, қызыға қарады, оның әдемілігіне таңыркады, артынша көзінің киығын Иладқа тастады, осы екі сыйлықтың қайсысы артық, соны нұсқауын күтті. Илад көйлекті көрсетті де, ал деп ымдады. Кенеттен бұларға патшаның назары түсіп кетті, ол Иладтың ымдағанын да байқап қалды. Көзінің киығымен Иладтың ымдағанын патша сезіп қойды, осыны аңғарды да Ирахт оның нұскаған көйлегін тастай беріп тәжді қолына алды. Бұдан кейін Илад қырық жыл өмір сүрді, бірдемені ишараттады деп күдіктенбеу үшін ол патшаға кірген сайын Ирахтқа назарын аудармайтын болды. Егер Ирахт пен Илад ақылды болмаса, өлімнен екеуі де қашып құтыла алмас еді.

Бір түнді Ирахтпен, екіншісін Курканамен кезек өткізетін патшаның әдеті болушы еді. Сондай бір кезекті түнінде

[1] *Куркана – патшаның екінші әйелі.*

патша Ирахтқа келді. Ол басына тәжін киіп, палауды алтын табаққа салып патша отырған үйге кіріп келді. Табақты әкеліп патшаның алдына тосты. Тартылған тағамды ол жей бастады. Ирахттың басына киген тәжді көргенінде Курканаңың жүрегіне қызғаныш кірді, сонда ол сыйлыққа алған көйлегін киіп күндей жарқырады. Сөйтіп патшаның жанынан сылаң етіп өте шықты. Осы арада Курканаға патша құмарта қызықты да Ирахтқа бұрылып: - Біздің қазынамызда жоқ, осындай көйлекті тастай беріп, тәжді таңдап алдың-ау сен, ақымақ екенсің, - деді.

Курканаңы мақтап, өзін одан кем тұтқанын естігенде Ирахт терісіне сыймай қатты ашуланды да, қолындағы табақпен патшаны баска періп кеп жіберді. Күріш патшаның басына төгіліп, тұла бойына түгел шашырады, осы қылық Кинан Абизун жорымай кеткен түстің тиянақты белгісі тәрізді болды. Патша сол мезетте Иладты шақырып алды да:

- Ей, Илад! Дүниені билеген патшаны қомсынып, мынау әйелдің істеп тұрған бейбастық қылығын көрмейсің бе? Апар да оның басын кес, рақым етуші болма! - деді.

Ирахтты ертіп Илад патшаның үйінен шықты да өз қабырғасымен кеңесті: - Патшаның ашуы басылғанша Ирахтты өлтірмей кідіре тұрайын! Ізгі санасы мен ақыл-парасатын алсақ, әйелдердің арасында бұған тең келері жоқ, патша әйелдерінің ішіндегі ең қылықтысы да, данышпаны да осы Ирахт. Бұдан ажырағанына өзі де көп шыдай алмас. Осының игі көмегімен көп адам ажалдан құтылды, ол ізгі істер жасады, біз де әлі одан талай нәрсені үміт етеміз. Біраздан кейін: «Өлтірмей кідіре тұруға әлің келмеді-ау!» деп патшаның мені жазғырмасына да көзім жетпейді ғой. Оның қандай ойы бар екенін білмей тұрып, мен Ирахтты өлтірмейін. Егер Ирахттың өлгеніне өкініп, уайым жесе, сонда мен оған тірі алып барайын, сөйтіп үш түрлі келелі істі орындап шығайын. Соның бірі - Ирахтты ажалдан құтқару, екіншісі - патшаның уайым-қайғысын жұбату, үшіншісі - осы қылық арқылы өзімнің атағымды жұртқа жаю болсыл. Ал егер патша оны елең қылып есіне алмаса, жарлығын сонда ғана орындайын, - деді. Илад оны ертіп жасырынып үйіне келді де, патшаның әйелдерін басқарып жүретін екі малайға тапсырды, істің немен тынарына көзі жеткенше, Ирахтты мәпелеп күтуді, құпия ұстауды өз үй ішіне де қадағалап айтты. Сонсоң қылышын

қанға бояп, қайғыра қамығып, патшаның алдына келді де: Ирахт жөніндегі бұйрығыңды орындадым, - деді.

Кешікпей-ақ патшаның ашуы толастады. Сонда Ирахттың сұлулығын, терең ақылын, сабырлы көпбістігін, өзіне үлкел пайда тигізгендігін есіне алды да патша енді мол қайғыға килікті. Бірақ тырысып, шыдап бақты. Ирахт жөніндегі жарлығымды рас орындадың ба, жоқ па? - деп Иладтан сұрауға да бата алмады. Иладтың ақылдылығын білгендіктен, Ирахты ол өлтіре қоймаған шығар деп үнемі үміттене берді. Сұңғыла Илад істің жайын түсіне қойды да: - Тәңірі тағалам патшаның басына қайғы салмасын, ол еш нәрсеге уайым жемесін! Уайым- қайғының ешбір пайдасы жоқ! Олар тек денені жегідей жейді де жанды титықтатады. Патша қайғырса, жанындағы адамдар да қасіретке ұшырайды, ал дұшпандары қуанып, табалай түседі. Дұшпанның осы табалауын естігенде, әлгі өз адамдары білімі мен ақылын оларға қарсы көрсетпей тоқтай алмайды. Шыдай тұршы, патшам! Көзің көрмейтін нәрсені көксеп, уайым жемеші! Егер патшам қаласа, мен осыған ұқсас бір уақиғаны шертер едім, - деді.

Патша: - Ал, айтшы енді! - дегенде, Иладтың келтірген нақылы мынау болды: - Баяғыда, біреуі еркек, біреуі ұрғашы екі көгершін ұясын бидай мен арпаға толтырыпты. Бір күні еркегі ұрғашысына айтыпты: «Біз даладан жем тауып жеп жүрміз ғой, ендеше, ұядағы азығымызға әзірше тимелік. Ал ертең қыс түскенде, даладан еш нәрсе табылмаған мезгілде, ұяға жинаған қорымызды сонда бастап жеуге кірісеміз.

Ұрғашысы бұған көніпті де: Ойың дұрыс екен, біз солай істелік, дегенің болсын! - депті. Ұясына әкеліп үйген кезде бидай мен арпа дымқыл екен; бұлар ұя толғанша кептеп тыға беріпті. Содан кейін еркегі бір жаққа кетіпті де, кешігіп көпке дейін келмепті, Жаздың күні екен, сондықтан жел қағып кеуіп кетіпті де, үйілген дән азайып қалыпты. Еркегі сапардан қайтып келіп, үйілген дәннің азайғанын көріпті де: - Ұядағыны жемеуге уәделесіп едік қой, сен неге шыдамай жеп қойдың? - дегенде, ұрғашысы: «Мен бір түйір де дән жегем жоқ!» - деп ант су ішіпті. Еркегі оған сенбей, әйелін шоқып өлтіріпті. Күз түсіп, жауын жауыпты, әлгі дәнге су тиіпті де ісініп, ұя қайта толыпты. Еркегі ұяның лық толғанын көріп, қатты өкініпті де:

- Сені қанша іздесем де, енді қайтып таба алмайтын болсам, онда өмірдің маған керегі не? - деп әйелінің жанына барып жоқтаса керек.

Жазалап жапа шектіруге асығудың кажет емес екенін ақылды жан біледі, әсіресе өзінің жазалағанына еркек - көгершіннің өкінгені тәрізді өкіну каупі төнсе, сонда түсінеді,

- депті. Менің тағы бір естігенім бар, баяғыда бір қап бұршақ арқалаған адам жыныс ағаштың ішіне кіріпті. Қабын жерге қойып, өзі ұйқтап кетіпті. Сол арада өсіп тұрған ағаштың басынан сырғып түсіп, бір маймыл бұршақты алақанын толтыра уыстап алып, ағаштың басына өрмелеп қайта көтеріліпті. Сол кезде бір түйір бұршақ қолынан суысып түсіп кетіпті, маймыл іздей бастапты, бірақ таба алмапты, осылай әуреленіп жүргенде уысындағы барлық бұршағы шашылып бітіпті.

- О, патшам, сенің он алты мың әйелің бар, бірақ солармен алданғың келмейді де енді қайтып қолыңа түспейтінді іздейсің- ау, - депті.

Осыны естіген кезде патша шошып кетіпті, Ирахттың өлгенін сезіп, Иладқа қарап:

- Менің саған берген жарлығымды, аңдамай айтқан бір ауыз сөзімді таптындырмай-ақ орындапсың ғой. Істің мән- жайын тексермей, бір ауыз сөзге жармасыпсың-ау! - депті.

Илад: - Бір сөзді екі айтпайтын, қиғаш-қайшы сөйлемейтін тек жалғыздың өзі ғана.

Патша: - Ол кім екен?

Илад: - Ол құдай, оның сөзі үнемі бір қалыпты, айтқаны айнымайды.

Патша: - Жувейірдің шешесі Ирахтты өлтіргенім үшін менің қайғым өте зор.

Илад: - Дүниеде екі-ақ адам қайғыруға тиіс, соның біреуі күнде күнә жасайтын жан, екіншісі ешкімге ешқашан жақсылық ойламайтын адам, өйткені, қуаныш пен рақат бұл өмірде өте шолақ, ал істеген қылығы үшін жазалануға кіріптар болғанда, оның өкініші өлшеуге келмейтін ұшан-теңіз.

Патша: - Егер Ирахтты тірі көрсем, мен енді ешқашан, еш нәрсеге қайғырмас едім.

Илад: - Екі-ақ адам қайғырмауға тиіс, соның біреуі үнемі ел болып есіркейтін сүйкімді жан, екіншісі еш уақытта күнәға батпайтын адам.

Патша: - Бұрын көргенім болмаса, енді қайтып Ирахтты маған көру жоқ шығар, сірә.

Илад: - Еш уақытта көрмейтін жан да екеу-ақ: соқыр мен есуас. Соқыр аспанды да, жұлдызды да, жерді де көрмейді, ол алыс пен жақынды да, алдындағысы мен арттағысын да ажырата алмайды; сондай-ақ есуас адам да ақылдыны ақымақтан, сұлуды сұмпайыдан, жауызды игі жақсыдан ажырата алмайды, ол көре де білмейді.

Патша: - Егер Ирахтты көрсем, қуанышым қойныма сыймас еді!

Илад: - Көзі бар адам мен ақылды жан, міне осы екеуі ғана көре алады. Жарық дүниені және оның ішіндегі бар нәрсені көзі бар жан көреді, сондай-ақ күнәлі мен күнәсізді ақылды адам ғана ажыратады, ол келешек өмірді де біледі, қай уақытқа дейін өзінің аман-есен жүретіні де оған белгілі, сондықтан ол даңғыл жолмен тура тарта береді.

Патша: - Ирахттың дидарын көріп мен ешқашан тоймаған болар едім дегенде.

Илад: - Тоймайтын екі-ақ адам бар, біреуі дүниені тырнақтап жиып, баюдан басқаны ойламайтын адам, екіншісі - тапқанын түгел жұтып қойып, өзінде жоқты жұрттан тіленетін жан, - депті.

Патша: - Ей, Илад, екеумізге айрылысу керек екен! Сендей адамнан сақтану мақұл ғой, қашқақтап алыс жүрген дұрыс шығар, сірә, - дегенде.

Илад: - Екі-ақ кісіден қашқан жөн, соның біреуі - о дүниеде сопылық та, күнәқар қылық та жоқ дейтін адам, ал екіншісі - өз еншісіне тимеген затқа оңаза көзін жазбайтын адам, оның жаны емінеді де тұрады, ондай адам өтірік-өсектен құлағын да тыя алмайды, біреудің әйеліне құмартуын да қоя алмайды, күнәға соқтыратын ашқарақ қылықтан жүрегін де айныта алмайды. Дозақ отының зәрінен қорқып тәуба қылу, міне осыларға жарасады, - депті.

Патша: - Сенің істеген ісіңнің салдарынан мен құлазып тұл қалдым, — дегенде Илад: — Құлазып тұл қалатын үш-ақ нәрсе, олардың бірі - өзеннің сусыз арнасы тұл, екіншісі - иесіз ел тұл, үшіншісі - күйеусіз қатын тұл. Қолынан не жақсылық, не жаманшылық келмейтін ез адам да осы қатарға кіру керек, - депті.

Патша: - Жауап беруге шеберсің-ау, Илад! - дегенде.

Илад: - Ойдағыдай жауап қайыра алатын үш-ақ адам, соның бірі - өз қазынасынан ел-жұртын жарылқап, сыйлық үлестіретін патша; екіншісі - өзінің нақ сүйері, бекзат туған адамына қыбын тауып қызмет істейтін қылықты әйел, үшіншісі - тәңірінің жазған заңын дұрыс үйретететін ақылды ұстаз, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сен осы жұбатуыңмен-ақ мені қайғыға белшемнен батырдың-ау! -дегенде.

Илад: - Біреудің сырты сұлу, өзі семіз - құр аты болса, бірақ сол аты мініс бермейтін жабы болса, міне сол адам ғана қайғыруға тиіс; көжесінің суы көп, еті аз сондықтан тағамының дәмі жоқ адам қайғыруға міндетті; кімде-кім көптің көзіне түсетін әдемі әйелге үйленсе, оған өзі жаға алмаса, сөйтіп үнемі сол әйелден сөгіс еститін болса, міне, сол адам ғана қайғыруға тиіс, сонымен, сайып келгенде, қайғыратын осы үшеуі! -депті.

Патша: - Ирахтты өлтіруің қате болды ғой, дегенде.

Илад: - Үш-ақ адам орынсыз қате жасайды, соның бірі үстіне ақ киім киіп көрік басатын ұста; екіншісі үнемі сәнденіп, аяғына жаңа етік киіп келіп су кешетін тері илеуші; үшіншісі

- бүлдіршіндей жап-жас сұлу қызға үйленіп, сонсоң өз үйінен безіп, алыс сапарда көп жүретін саудагер, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сен нағыз ауыр жаза тартуға лайықты жан екенсің! -дегенде.

Илад: - Үш-ақ адамды жазалау керек, соның бірі күнәсізге азап тартқызған күнәкар жан; екіншісі шақырылмаған тамаққа өздігінен ұмтылатын сұғанақ адам: үшіншісі - өздерінде жоқ зәру затын достары сұраса, бірақ сол ділгәрліктің мәнісін аңғармаса және сұрап та білгісі келмесе, міне осы адамды жазалау керек, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сені тегі ақымаққа санау дұрыс шығар!

- дегенде.

Илад: - Ақымаққа саналатын үш-ақ адам, соның бірі - бүкіл бала-шағасымен тар үйде тұратын ағаш шебері, өйткені ертеден кешке дейін ағаш сүргілеп үйін жоңқаға толтырады да, аядай үйдің ішінде айналатын жер қалдырмай қояды, екіншісі

- ұстарамен қызмет істейтін, бірақ оны ықтияттап ұстай алмай, адамның денесін жаралайтын дәрігер; үшіншісі - өз үйіне, өз отанына қайтқысы келмей, дұшпандарының арасына барып

қонақтаған жолаушы; себебі ол жат елде жүріп өлсе дүниесіне, бар мұрасына бөтен адамдар не болады, байлығы да солардың қолында қалады, ал сонсоң өзін мүлде ұмытып кетеді, - депті.

Патша: - Менің ашуым басылғанша, сенің күтуің керек еді, - дегенде.

Илад: - Биік таудың басына өрмелеген адам, балық аулаған адам, ауыр іске бет алған жан, міне осы үшеуі ғана күтуге тиісті, - депті.

Патша: - Шіркін-ай, Ирахтты енді бір көрсем-ау, - дегенде.

Илад: - Қолы жетпейтінді арман ететін үш-ақ адам, соның бірі - тақуалықтан жұрдай болған арамза, сөйте тұрып, өлгеннен кейін діндарлардың қатарына кіріп, солар сияқты жарылқануды дәме қылатын жан; екіншісі - өзін-өзі ізгі туған бекзат жанға санайтын сараң; үшіншісі - әділетті аттап халықтың қанын жүктейтін жауыз бұзық, сонда да ақыретте рақатқа батып, жарылқанатын мейірімді, рақымшыл ізгі сопылармен бірге болудан да үмітін үзбейтін адам, - депті.

Патша: - Ирахтты өлтіру арқылы мен өзімді-өзім михнатқа ұшыраттым-ау! — дегенде.

Илад: - Өзін-өзі михнатқа душар ететін үш-ақ адам, соның бірі - сақтанбай құр қол жауға шауып, майданда босқа өлетін жан; екіншісі - баласыз қу бас, не туған туысы жоқ саяқ жүрген бай, сонда да ол тоймайды, жұрттың мүлкіне өте жоғары баға қойып, одан алым түсіріп, олжаға батады, сондықтан ол көлденең көпшіліктің қаңқуына ұшырайды; үшіншісі - өзі жеңілтек, әрі бұзықтыққа бейім тұратын жас әйелге үйленген лақса кәрі шал, өйткені әлгі әйел үнемі оның өлімін тілейді, жас күйеуге шыққысы келеді, сөйтіп әлгі шалдың осы әйел түбіне жетеді, - депті.

Патша: - Ей, Илад, қаймықпай батыл сөйлеп тұруыңа қарағанда, сенің көзіңе мен, сірә, жексұрын-ақ көрініп тұрмын- ау! - дегенде.

Илад: - Қожайынын жексұрын көретін үш-ақ адам, соның бірі - кірісетін жеріне де, кіріспейтін жеріне де килігіп, білетінін де, білмейтінін де сөйлей беретін көке мылжың; екіншісі - ескі кожайынына өзінің жинаған мүлкінен бөліп беріп, көмек көрсетпейтін жаңадан байыған құл; үшіншісі - кожайынына дау

айтып, онымен таласуды жақсы көретін және таласқанда қыр көрсетіп өктемдігін білдіретін тағы сондай бір құл, - депті.

Патша: - Илад, сен мені келемеждеп, күліп тұрсың-ау! Ирахтың өлмегенін тілер едім, - дегенде.

Илад: - Үш нәрсені келемеждеуге болады, кімде-кім: мен қалың қамауды бұздым, қан майданда кескілесіп, талай елді тұтқынға алдым десе, бірақ оның денесінен соғыстың қанды ізі көрінбесе, міне, осы адам келемеждеуге лайық; шариғат заңын жетік біледі, өзі сопы, әрі діндар деген адамның мойны жуан, өзі пасық күнәқардан да семіз болса, міне сол адамның өзі туралы айтқан сөзіне күдіктене қарап, оны да келемеждеуге болады, өйткені тағат қылып, құдайға жалбарынған жан былшиып семірмейді, ол арық болады; сонымен қатар өзі әуелі сумақай бола тұрып, күйеуі бар бөгде әйелге өсек таңатын жез өкшені де келемеждеуге болады, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сен қасарысып көнбейтін қиқарсың- ау! - дегенде.

Илад: - Шайтанмен ерегісіп мылжыңдасқандай, киқарсып көнбейтін үш-ақ адам, соның бірі - жарыместі мәмілеге келтіруге тырысқан, соның сөздерін санатқа алып және өзінің ақымақ ойларын сарапқа салып, онымен ертеден қара кешке дейін ерегісіп сабылатын есуас жан, қазір мұның оған кесірі тимесе де, соңынан өкінеді. Кімде-кім жарым естің ашуын қоздырып, оған шабуыл жасап, оны жәбірлеп қаңқу етуге тырысса, міне сол адам қыңыр қимылдап өзін гана жәбірлейді. Кімде-кім сырын алмаған бөгде біреуге өзінің құпия сырын ашса, келелі істерімен таныстырса, оны өзіндей көріп, мүлде сенсе, бұ да қыңыр, қиқар адам, - депті.

Патша: - Мен өзімді-өзім азапқа салдым-ау! - дегенде.

Илад: - Өздерін азапқа салатын адам да екеу-ақ, соның бірі - артына бұрылмай тек шегіншектей беретін жан. Ол кейде сүрініп кетіп құдыққа құлайды, ал кей кезде шыңырауға шым батып өледі. Екіншісі - «Мен жауынгер жан емеспін» дейді де ешкімнен сақтанбайды, сөйтіп басқаны да адастырады. Жау көрінген кезде ғана қашып құтылуға тырысып, басын тауға да, тасқа да ұрады, - дегіті.

Патша: - Ей, Илад, достығымыз үзілді-ау, сірә! - дегенде.

Илад: - Сүйіспеншілігі жылдам қожырайтындар да үшеу-

ақ, соның бірі - досымен көптен бері кездеспеген, онымен хат жазысуға да, не былай қатыспасуға да мүмкіндігі болмаған адам; екіншісі - біреуді біреу жақсы көріп сыйласа, бірақ мұнысы оның қадір-қасиетіне сай келмесе және ол тиісті түрде осы қылықты қабылдамаса, тек қана келекелеп күле қараса, міне бұлардың да сүйіспеншілігі баянды болмайды; үшіншісі - кедейдің бай достары болса, олар ырзық-несібелі, қуанышты, мәз-мейрам болып тұрса, әлгі кедей байлардан қимас затын сұраса, артынан өзі оның қаруын қайтара алмаса, міне, бұлардың достығы да тез қожырамақ, - депті.

Патша: - Ей, Илад, Ирахтты өлтірген қылығыңнан сенің жеңілтектігің көрініп-ақ қалды-ау!- дегенде.

Илад: - Қылтың-сылтың мінез көрсетіп, жеңілтектігін білдіретін де үш-ақ адам, соның бірі - әділдікті білмейтін, өзімен бәсекелесіп жүрген кісіге дүние-мүлкін сеніп тапсыратын жан. Екіншісі - мен батылмын, мен батырмын, дос табуға, мал-мүлік жинауға өте ептімін, ғимараттар салуға да, келелі істерді орындауға да шебермін деп жұртқа жар салатын, алайда осының бәрін жалған айтатын өзі жарымес және қоян жүрек ақымақ адам. Үшіншісі - қызба құштарлықтан мүлде қол үзіп, сауапқа бататын рухани ізгі жолға түстім деп соғатын, бірақ құдай жолын, шариғаттың заңын сақтамай ылғи әуейіліктің соңында сергелдеңде жүргенін күллі ел білетін кісі, міне, бұ да жеңілтек адам болады, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сен ақылдан адасқан адамсың! - дегенде.

Илад: - Ақылды деуге сыймайтын да үшеу-ақ, соның бірі

- биік жерде отырған етікші, өйткені қолынан не пышағы, ие басқа бір аспабы түсіп кетсе, ылғи соны жерден көтеріп алуға алданып, әуреге түседі де, істеп отырған ісінен қалады; екіншісі -инесіне ұзын жіп сабақтаған тігінші, өйткені сол ұзын жіп ылғи оралып қалып, оның жұмысын тоқтатуға себеп болады; үшіншісі - келген-кеткеннің шашын алғанда жан-жағына алақтай беретін, сөйтіп шаштың сәнін кетіріп сөгіс еститін шаштараз, - депті.

Патша: - Нақылыңды сен күллі елге түсіндіріп, үйреткің келеді, сонымен бірге мені де түсіндіре кетуге тырысасың,

- ғой, - дегенде.

Илад: - Дүниеде үш адам көп білемін деп ойлайды, ал шынында олар да үйренуге міндетті, соның бірі — цимбал мен лютияні[1], дабылды қағып, солардың дыбысын сырнайдың күйіне, не баска бір әннің ырғағына жеткізуге тырысып, әуреленетін жан; екіншісі — бейнеленуінің жалпы нұсқасы тәп- тәуір, бірақ қолданған бояуы нашар суреткер; үшіншісі - ешбір істі үйренуге мұқтаж емеспін, өйткені қандай қол-өнері, қандай жұмыс болса да — бәрін өзім білем деп өзеурейтін адам, бірақ өз сөзінің байыбына бармайтын, атап айтқанда, өзінен жоғары адаммен, не өзінен сәл төмен адаммен қай уақытта қалай сөйлесуді білмейтін жан, - депті.

Патша: - Ирахтты өлтіруің теріс болды-ау! - дегенде.

Илад: - Теріс қылық жасайтындар төртеу, соның бірі - оқыс сөйлейтін, үнемі өтірік айтатын адам; екіншісі - өзінен жоғары кісіге қызмет өткергенде, майданға шыққанда, қарапайым жұмыс істегенде шабан қимылдап, тамақты жылдам ішетін жан; үшіншісі - күнәға батпай тұрып, өз ашуын өлшей алмайтын адам; төртіншісі - күрделі іске қадам басып, сонсын оны аяқтамай тастай салатын патша, - депті.

Патша: - Менің қағидалы әдетіме лайық қызмет істесең, сен Ирахтты өлтірмеген болар едің-ау дегенде.

Илад: — Қағидалы әдетке лайық қызмет істейтіндер де төртеу-ақ, соның бірі - тамақты дәл мерзімінде даярлап әкеліп, дер кезінде мырзасының алдына тартатын адам; екіншісі - өзіне рұқсат етілмеген бөгде әйелдерге көзін салмайтын, еншісіне тиген бір әйелді ғана қанағат ететін жан; үшіншісі — келелі істі бастарда, данышпан адамдарымен ақылдасатын патша; төртіншісі - өз ашуына не болатын адам, - депті.

Патша: - Ей, Илад, осы мен сенен қорқам, - дегенде.

Илад: - Қорықпайтыннан қорқатындар да төртеу-ақ, соның бірі шынашақтай қыштақ ағаштың басына отырып, аспан жерге құлап кетер деп қорқып, бір аяғын жоғары көтереді екен. Сонда: - егерде аспан жерге құлардай болса, аяғымен тіреп тоқтатайын, дейді екен. Екіншісі — егер екі аяғын бірдей басса, жер ойылып кете ме деп қорқып, бір аяғын үнемі көтеріп жүретін тырна; үшіншісі - жерден құм теріп жейтін күрт, ол өмірі тоя жемейді, өйткені жердің құмын тауысып алып, аштан

[1] *Цимбал, лютия – музыкалық аспаптар.*

өлем деген қорқыныш билейді, үнемі қайғырып қамығуда болады. Төртіншісі - жарғанат, бұл да тектен-текке қорқады, өйткені өзінше құстың ішіндегі ең әдемісімін деп ұғады, сондықтан біреу-міреу ұстап алып асырар деп қорқады да, күндіз ұшпайды, - депті.

Патша: - Ирахтты қалай да иесіз тастамай өлтіруге серт беріп пе едің? -дегенде.

Илад: - Иесіз тастамауға серт берерлік төрт-ақ нәрсе бар, соның бірі - мырзасының тақымына басқан, жанына балайтын жүйрік аты; екіншісі - жер жырtканда жегетін өгізі; үшіншісі - күйеуін жанына балап жақсы көретін - адал да ақылды әйелі; төртіншісі - мұқияттап қызметті әділ істейтін, шын сөйлейтін, мырзасынан қоркатын құл, - депті.

Патша: - Осы елдің ішінде Ирахтқа ұқсаған ешбір жанды көрмедім, - дегенде.

Илад: - Ешкімге ұқсамайтын төрт-ақ адам бар, соның бірі неше алуан еркекті көріп-көріп, ақырында бір еркекке тоқтап, қанағаттанған әйел; екіншісі - өмір бойы өтірікке дағдыланып, ақырында шын сөйлеуге бет алған адам; үшіншісі - бұрынғы паң мінезін жұмсартып, дұшпанымен бітімге келген, өркөкірек менмен жан; төртіншісі- өзінің жаратылысын өзгертіп, жақсылыққа беттеген шексіз-шетсіз тәкаппар адам, - депті.

Патша: - Шіркін-ай, осының бәрін бұрын білсемші, ал қазір түк мәні де жоқ, пайдасы да аз! - дегенде.

Илад: - Болар істің мазмұнын үш жағдайда ғана алдын ала түсіну қажет, соның бірі - дұшпанынан өзінің күші де, жауынгерлігі де басым екенін әрбір адам шайқас басталмас бұрын білу керек; екіншісі - кім де кім бір қымбат нәрсені даулап соттасқанда, өзіне сенсе, бірақ ақыл айласы олқы соқса, онда ең әуелі ол әділ билік айтатын қазыны іздесін, сол қазы кішіпейіл және білгіш, ешкімге тартпайтын, пара алмайтын болса даугер мен екі арасына дұрыс кесім шығарады ғой; үшіншісі - егер біреу дегдар адамды конаққа шақырса, онда беретін тамағын тағы баска керек-жарағын алдын ала дайындауға тиіс, сонда ол қонақ келіп қалған мезгілде әуреге түсіп асықпайды, үй ішін де сабылтып әлекке түсірмейді, - депті.

Патша: - Ей, Илад, сен күнәні де, тәубені де түсінбейсің- ау, сірә! - дегенде.

Илад: - Күнә мен тәубе жөнінде толғана алмайтын төрт- ақ адам, соның бірі - өлім аузында жатқан ауру; екіншісі - қожайынынан қорқатын құл; үшіншісі - жаумен бетпе-бет тұрған жан; төртіншісі — жазықсыз жәбірленген, қарғысқа ұшыраған, өзінен жоғарыға басын имейтін сотқар адам, - деді.

Патша: - Ей, Илад, сен рақымсызсың! - дегенде.

Илад: - Төрт адамда рақым жоқ, соның бірі - жазаланып денесіне түгел жара түскен жан; екіншісі - өзін үздік бағалайтын сұмырай; үшіншісі - ұрлыққа үйренген адам; төртіншісі - жылдам ашуланатын, біреудің өтінішін шабан қабылдайтын жан, - деді.

Патша: - Ей, Илад, сірә, саған сенуімізге болмас! - дегенде.

Илад: - Төрт нәрсеге сенбеу қажет, соның бірі - шағатын әпжылан, екіншісі - қауіпті жыртқыш аң, үшіншісі - жауыз күнәқар, төртіншісі - өлім аузындағы тән, - депті.

Патша: - Дегдар адамдарды келекелеп күлу лайық емес қой, дегенде.

Илад: - Әмірші ұлық патшаны, құдайға табынатын сопыны, пасық сиқыршыны, ішмерез және тойымсыз оңаза жанды, міне осы төртеуін келекелеп күлуге болмайды, - деді.

Патша: - Ей, Илад, Ирахттың өлімінен кейін біздің дос болуымыз лайық емес, — дегенде.

Илад: - Күн мен түн, сопы мен дінсіз, жарық пен караңғы, жақсылық пен жаманшылық, міне осы төртеуі бірі мен бірі достаса алмайды, - деді.

Патша: - Ей, Илад, саған ешкім еш уақытта сенбеуі керек, - дегенде.

Илад: - Қараңғыға, өтірікшіге, екі жүзді адамға, пейілі арам зорлықшыға, міне осы төртеуіне сенбеу мақұл, - деді.

Патша: - Ішінде Ирахт жоқ, он алты мың әйелімді көргенде, менің қайғым күшейіп, өршелене түседі, - дегенде.

Илад: - Жалғанда қайғырып, жоқтауға тұрмайтын төрт- ақ жол бар; соның бірі - үйлесе алмай, күйеуіне күнде қарсы келетін әйел; екіншісі - өзінің, жасауын ала қашатын, жеңіл мінезді және әулекі зұлым әйел; үшіншісі - ар-намысынан жұрдай болып, адаскан әйел; төртіншісі - еріне көнбейтін, мінезі қатал, айтқан тілді алмайтын әйел, - депті.

Патша: - Ирахтты және оның ақылын жоқтап уайымдай берем, мұндай ахуал менің басымда бұрын болған емес, - дегенде.

Илад: - Өзі әдепті, нәсілі дегдар әйел; өзі ақыл-ды, мінезі майда, ойы терең және мейірбан, асылтастай кіршіксіз таза, жүрегі адал әйел; мінсіз қылығы бар әйел; тағдырдың өзі жарылқаған жан; ерінің тілін алатын, ырзалығын әйгілеп оған жағып отыра-тын әйел,- міне осындай бес түрлі сипаты бар әйелді жоқтап, уайымдауға болады, - деді.

Патша: - Кімде-кім Ирахтты қолыма тірі әкеп берсе, менен сол адам өзінің калаған дүниесін алар еді, - дегенде.

Илад: - Ақшаны өз жанынан артық көретін бес-ақ адам, соның бірі - жүлде алу үшін майданға шығатын, арпалысқа кіргенде бәйге алудан өзге ойы болмайтын жан; екіншісі - қолы кесілсе де, өлім жазасы төніп тұрса да, соған қарамастан құлыпты бұзып үйге түсетін, жол тосып жолаушыны талайтын кезеп ұры; үшіншісі - байлық іздеп теңізді кезетін саудагер; төртіншісі - тұтқынның күн санап көбеюін көксейтін, солардан олжа тауып күнелтетін абақты күзетшісі; бесіншісі - парақор қазы, - деді.

Патша: - Ей, Илад, Ирахтты өлтірдің де, сен өзіңе қарсы менің өшігуімді нығайта түстің-ау! - дегенде.

Илад: - Төрт түрлі өшпенділік өмірі бітпейді; мысалы: қасқыр мен қозының, мысық пен тышқанның, лашын мен құрдың, құзғын мен жапалақтың арасындағы кикілжің өмірі өшпесе керек, - деді.

Патша: - Ей, Илад, сен өлтірдің де Ирахттың тамаша көркемдігін жойдың-ау! - дегенде.

Илад: - Жеті түрлі адамның қылығынан жұртқа зиян келеді, соның бірі - шариғатқа жетік және тақуа, бірақ өзі туралы аңыз тарап, әйгілі болуынан сескеніп, сол білгенін ешкімге паш етпейтін адам; екіншісі - тартқан сыйының қадірін білмейтін, оспадар өтірікшіге жақсылық көрсететін патша; үшіншісі - құлдарына әділеті жоқ, қатал және мейлінше мейірімсіз мырза; тәріншісі - бұзақы тентек баласына жақсылық істейтін, жауыз қылығын көргенде зекіп тастаудың орнына, жаба тоқып, кешіре беретіп ана; бесіншісі алдамшы опасызды адал деп сенетін адам; алтыншысы өзінің досын мінеуге асығатын жан; жетіншісі

- құдайды да, оған нанатын жақсы кісілерді де сыйламайтын адам, - депті.

Патша: - Ирахты ойлап уайымдағанда ұйқым ашылып кетеді, - деді.

Илад: - Ұйқтай алмайтын да алтау-ақ, соның бірі - талай жанды жазықсыз өлтірген қанды қолдың өткенді ойлап мазасы кетеді, екіншісі - сақтайтын сенімді кісісі жоқ, зор байлықтың иесі; үшіншісі - өзі көксеп жүрген дүние-мүлікке ие болу үшін өтірік жала жауып, біреуді орнынан тайдырған адам; төртіншісі

- өзіне де ауадай қажет ақшаны еріксіз беруге мәжбүр болған жан; бесіншісі-азып-тозып бұзылған әйел; алтыншысы-сүйген досынан ажырасу қаупі төнген адам, - деп жауап қайырды.

Патша: - Ей, Илад, сенің маған көрсетер мейірімің жоқ па? - дегенде.

Илад: - Мейірімсіз жан бесеу-ақ, соның бірі - тілі удай, ызақор патша; екіншісі - ақшаға жалданып өлікті арқалаған адам; үшіншісі - біреуді бас салып талап алу үшін іңір қараңғысын күткен ұры; төртіншісі - жұртты түзу жолдан тайдырып, арамдыққа беттететін азғырушы әзәзіл; бесіншісі

- өзінде жоқты алуға үнемі есі кетіп, емешесі құрып тұратын, міне сол тілегіне жету үшін не өзін, не біреуді мерт қылмай тынбайтын содырлы сотқар адам, - деді.

Патша: - Мен Ирахттың өлімін тілеген жоқ едім-ау! - дегенде.

Илад: - Мынадай жеті нәрсені ешкім тілемесе керек, мысалы, жастық пен көркемдіктен қожырататын кәрілікті ешкім тілемейді, тамырдағы қанды тоқтатып, тәнді жүдететін ауруды кім тілесін, данышпандардың біліміне кесірін тигізетін, оның байсал-байыпты дұрыс билік шығаруына зақым келтіретін алқым ашуды да ешкім тілемейді, ақыл-сананы азайтатын, денсаулықты бұзатын алдын ала қам жеу, міне, мұны да ешбір жан көксемейді; зияны тиетін суықты да тілемейді; бар денені жабырқататын аштық пен шөліркеуді де аңсайтын адам болмаса керек; адамзаттың тұқымын құртатын ажалды да ешкім тілемесе керек, - деп жауап қайырды.

Патша: - Ей, Илад, сен Ирахтты алдаусыратып өлтірдің де түбіне жеттің-ау! - дегенде.

Илад: - Алдау сегіз түрлі болады: әділеті жоқ патшаның әкімдігі алдамшы; біліміне сай қылық жасамайтын

данышпанның сөзі алдамшы; күн мен айды бөліп тастап, жұлдыздарды санап шыққан есепшінің есебі алдамшы; күнәқардың күнәсі алдамшы; қараңғы түндегі ұрлық алдамшы; таласып отырып айтқан әйелдің сөзі алдамшы; әділдік туралы баяндаған брахмандардың әңгімесі алдамшы; жол күзеткен аңшылардың түсі алдамшы, - деді.

Патша: - Ей, Илад, бұдан кейін екеуміз, сірә, істес болмасақ керек, - дегенде.

Илад: - Сегіз адаммен істес болмау мақұл, соның бірі
- орынсыз өрескел ақыл беруші; екіншісі - ешбір іске тұрағы жоқ, адам; үшіншісі өзін үнемі жоғары санайтын өркөкірек жан; төртіншісі - өз пікірін ғана жәуіттейтін өтірікші; бесіншісі
- өзінен ақшаны артық бағалайтын сараң; алтыншысы - өз әліне қарамай ауыр жұмыска кірісетін әлсіз жан; жетіншісі
- міні сорайып көрініп тұратын оспадар адам; сегізіншісі - өз туысымен үнемі таласып, кескілесіп өтетін жан, - деді.

Патша: - Ей, Илад, жарар енді, осы ісім жөнінде сен менің жүрегімдегі күдікті әбден күшейтіп болдың ғой! - дегенде.

Илад: - Адам он түрлі жағдайда танылуға тиіс. Батыл адам майданда танылады; әскери істі жетік білетін шебер жанды соғыс үстіндегі әдіс-айласы танытады; бөгде біреу мен қарым-қатыс жасап, соған көрсеткен биязылығы арқылы қожасы құлын таниды; патша өзінің момындығын, білімін, ақылын ашуы арқылы танытады; көпес өзінің ізгі қылығын сыбайластарына көрсеткен әділдігі арқылы танытады; ал оның сертті сөзіне беріктігін несиелі қарызын мезгілінде төлеу арқылы жұрт түсінеді; туған туыс бірін-бірі жаппай жәбірленген кезде, соны ортақтаса көтеру арқылы таниды; ақылды жанның саналы тапқырлығы ауыр пәлеге кезіккенде ғана байқалады; дарқан адамды мырзалығы, ізгілігі, аямпаздығы арқылы біледі: құлқынын көздеп, күн көргіш тамақ іздеп, қылмысқа бармауы арқылы кедей де өзін-өзі танытады, - деді.

Патша: - Ей, Илад, осынша ашуымды көре тұрып, сен менің алдымда тағы сөйлемексің бе? - дегенде.

Илад: - Үнемі ашулана беретін жеті адам: соның бірі - асығыс қимылдайтын, сіркесі су көтермейтін шыжалақ патша; екіншісі алды-артын байыптай алмайтын, мешеу қимылдайтын патша; үшіншісі - ізгілікке ұмтылмайтын ақылды жан;

төртіншісі - ізгілікті іздейтін жарымес; бесіншісі - пара алуды сүйетін қазы; алтыншысы - біреудің дүниесіне мырза, бірақ өзінікін қызғыштай қоритын сараң адам; жетіншісі - осы сұм дүниеде алғыс алуды көксейтін жүлдеге құмар алаңғасар жан, -деді.

Патша: - Ей, Илад, сен мені де, өзіңді де алдадың-ау! - дегенде.

Илад: Өзін де, өзгені де алдайтын сегіз кісі, соның - жұртқа көп нәрсені үйреткісі келетін, бірақ өз ақылы шарын адам; екіншісі - салмақты да ақылды, бірақ ол ақылын халыққа үйретпейтін тымырсық жан; үшіншісі - өзі иеленуге тиіс емес, колы жетпейтінді көксеген адам; төртіншісі шеннен шыққан тәкаппар, пасық, дінсіз, жаны ашитын ақылды достарымен кеңесудің орнына өзі білермендікке салынатын жан, бесіншісі - өзінде ақыл жоқ, алды-артын бағу бойына бітпеген, сонда да игі жақсылар мен патшаларды шырғалауға тырысатын адам; алтыншысы - өзінен анағұрлым білімдіні тойтарып бет қаратпайтын, оның сілтеген бағытын қабылдамайтын, сөйте тұрып білімді аңсайтын адам; жетіншісі - жүрегіндегі махаббатын сарка білдіріп, тектеусіз сенетін адал қарым-қатынас жасамай тұрып, патшаларға жалбаңдап қыбын табуға ұмтылатын жан; сегізінші - үнемі өтірік айтатын, пасық мінезді көке мылжың, үйретуші ұстазынан үлгілі тәрбие алуға тырыспайтын, міне, осындай үй басқарушысы мен қазынашысы бар патша, - деді.

Осыдан кейін Илад үндемей қалды, патшаның Ирахтты сағынуы күшейе түскенін және оны көруге қатты ынтыққанын ол жете түсінді де: - Көруге сонша сусаған, ынтыға сүйген ғашық жарын патшаға мен қазір-ақ әкеп берер едім, тек қана көп сөздер айтып, көп нәрсеге көндіріп, ұзақ уақыт алдандырғаным үшін мені жазаламай кешірсе екен. Жер бетінде саған тең келетін, сен сиякты патша жоқ, бұрын да болтан емес және ешқашан болмайды да, өйткені сені ашу жеңіп, ізгі ақылыңнан адастыра алмады. Сонымен қатар елеусіз орным, шағын ғана ақылым бар мендей жан сонша өсиет айтқанда, тықыршып мазаң кетіп, қалпыңды бұзбадың, ақыл мен саналы ойың көмек берді, қатты сүйгендіктен нәзік ұғып, дүние әлемнің қамын жедің, ешкіммен ізгі қарым-қатысыңды өзгертпедің, басыңа келген ауыртпалыққа

жұлдызыңның оңынан тумай, солынан тууы себепкер болып кезіккен болмашы уакиға, көңілсіз жағдай еді. Бұл тәңірінің саған өзі арнап жіберген еншісі еді, тағдырдың күн ілгері жазуы болатын-ды, сені ұлы бақытсыздыққа душар етті, сол ауыр халге сен осылай кезігіп едің; бірақ енді торықпа да, қамықпа, істің ақыры қайырлы болғанына қанағат қыл да, жаныңды тишықтырып, осыған жұбана біл! Сенен гөрі жаратылысы басқа жандар болса, өздерін күдіктенуге, менменсуге билетіп, мендей сорлыны өлтірген болар еді, масқаралап, абыройсыз, атақсыз етіп көзін мүлде жояр еді ғой. Патшаға қанша жаны ашыса да, көп нәрсені білетін сұңғыла көреген шебер болса да, бәрібір әлгі адамды орнынан тайдырып, қаңғыртып: қуып жіберер еді. Бірақ осыны істеп, одан құтылған күні, өздері опық жеп, уайымдар еді, алайда сол уайымдаудан ешбір жеміс, ешбір пайда шықпас та еді, тек бақытсыздығын күшейтіп, жабығып, камығуын ұлғайтар еді. Ей, патшам, менің мына күйкі түріме, болмашы сияғыма қарамастан, ізгі табиғатың мен телегей-теңіз ақылыңа билетіп, өзіңді-өзің ұстай білдің, ұзақ айткан әңгімемді шыдап тыңдадың. Сені қалтқысыз сүйгендіктен, қайғыға қимадым, тіліңді алмай осы қылықты істедім, мені жазаға тартуыңа, атып өлтіруіңе өзім сылтау тауып бердім, соның бәрін істеп, міне мен қазір алдыңда отырмын, сонда да сен мені өлімге бұйырмай тұрсың ғой, ендеше сол үшін: патшам, мен саған үлкен алғыс айтам,- деді.

Жувейірдің шешесі Ирахттың тірлігін естігенде патша қатты қуанды да Иладқа карап: - Саған ашуланбай сабыр еттім, өйткені сен мені шексіз жақсы көресің, керек сөзіңді бүкпей шын айтасың, осыны білдім, сенің ізгі ақылыңа сүйендім де Ирахтты өлтірмес деп сендім. Егер Ирахт менің басыма лаң салса, өрескел сөзге барса, ол маған дұшпандық істеу үшін, ие зиян келтіру үшін барған жоқ еді. Мұның бәрі тек қызғанудан туды ғой. Айып менде екенін білдім, ендеше, оның қылығына ашуланбай-ақ көтеруім керек еді. Рас, Ирахт жөніндегі бұйрықты саған орында деп берген жоқ едім, міне соны да сенің түсінетініңді білдім. Бірақ сені өлтірмегенімді мойныма алсам, жазалайды деп қорықтың, сөйтіп патшаны күдіктендіріп көп әуреледің. Алайда ондай қылық жасаудан, ондай ойға барудан, құдай сақтасын, мен аулақпын. Сенің алғыс аларлықтай еңбегің сіңді, бар да Ирахтты ертіп кел, оны өзіме қайырып бер, - деді.

Илад: патшаның үйінен шықты да Ирахтқа барып, салтанатты киіміңді киіп, сәнденіп шық дегенді айтты. Ирахт таптындырмай орындады да, Илад оны патшаның алдына алып келді. Патша әйелін көргенде қатты қуанды да: - Тілегеніңді істе. Бүгіннен былай бетіңнен қақпаспын, тілегіңді түгел орындармын, - деді.

Ирахт сонда: - Тәңірі тағалам ұзағынан сүйіндірсін, патшалығыңның өмірін ұзақ қылсын! Пейіліңді кеңге салып, егер өзің аямаған болсаң, онда бүгін маған істеген ісің жөнінде сен қатты күйзеліп өкінбес пе едің? Ал егер сен еш уақытта мені есіңе алмасаң, онда шынында да, өзіңнің өткен өмірің бойынша өліп кетуге лайық едім. Мені өлтіруден тоқталып, сенің аяуыңа Илад өзінің аянышын еселеді, егер сенің кең пейіліңе сенбесе, сонымен қатар өзі де аямаса, әділдік пен адамгершілік істемесе, онда сенің жарлығың орындалар еді де мен құрып суалған болар едім, - деді.

Патша енді Иладқа бұрылып: - Сен маған сондай жақсылық істедің, ол үшін алғыс айтуым керек шығар және мұндай жақсылықты ешбір патша өзінің құлдарынан бұл жалғанда көрмеген болар. Ирахтты өлтірмей қайта оны өмірге жетектеп әкеліп, өлгенімді тірілтіп, өшкенімді жандырдың, маған қайта сыйладың, ешкім ешқашан маған осындай пейілін көрсеткен емес. Дәл бүгін мен саған шын разымын, - деді.

Илад сонда: - Мен құлыңмын ғой, не айтайын, өзің де көріп отырсың, сайып келгенде өкінішке душар етіп, сергелдең мен уайымға соқтыратын осындай келелі іске беттегенде күні бұрын асықпасаң екен, міне, менің бар тілегім осы. Мен бұл әңгімені козғап отырғам жоқ, мұндай істі жер бетінен іздеп табу да қиын ғой, - деді.

Патша: - Ей, Илад, сен шындықты айттың-ау! Нұсқағаныңның бәрі дұрыс, айтқаныңды түгел қабылдадым, басыма түскен мына бақытсыздық тәрізді ұлы уақиғада осы сиякты етіп сенің тілегіңді орындамасқа, сірә, болар ма екен, осыдан кейін мен үлкенді-кішілі істің қайсысында болсын, сенімен ақылдаспай, алды-артымды әбден зерттемей ешбір қадам жасамаспын-ау! - деп серт берді.

Сонсоң патша баяғы көйлекті Ирахтқа кигізді де, ойнап- күліп әйелдерінің сарайына жөнелді. Осының артынан баяғы

брахмандарды, патшаның үй ішін, туған туыстарын қырғызуға ынтыққан адамдарды өлтіру жөнінде патша Иладпен ақылдасты, олардың біразын қырды, біразын дүние-мүлкінен ажыратты, қалғандарын жер аударды. Мемлекеттің игі жақсылары мен патшаның көңілі тойып, мейірі қанды, олар тәңірісін мактады; оның даңқын аспанға көтерді. Үздік ақылы мен үлкен сақтығы үшін Кинан Абизунға алғыс айтты, өйткені соның шарапаты тиіп патшаның өзі де, оның елден ала бөтен жақсы көретін әйелі де, балалары да, игі уәзірлері де ажалдан аман қалды.

Ізгі сана, асқан ақыл мен білгірлік жөнінде баяндалатын тарау осы еді.

МЫСЫҚ ПЕН ЕГЕУҚҰЙРЫҚ ТУРАЛЫ

ПАТША отырып: - Алды-артын ойламай асығыс қимылдайтын адам жөнінде келтірген нақылыңды мен ұқтым. Енді, егер айтқың келсе, толып жатқан дұшпан бар, олар тұс- тұсынан қамалап жаналқымға келген адамның осы пәледен аман қалу үшін қандай амал іздегенін, дұшпандарының біреуімен достасып, одақ болып, төніп тұрған қатерден қалай құтылғанын, онымен бірге әлгі одақтасына соңынан мүлде сеніп қаруын қайтарғанын айтты. Татуласуы қалай болды екен және сол татулықты қай мезгілде іздеген екен, маған міне, осы туралы бір мысал айтшы, - дегенде.

Философ оған: - Жауласу мен достасу, сүйіспеншілік пен өшпенділік - бұлардың бәрі тұрақтап бір қалыпта тұрмайды. Түрлі-түрлі ауыспалы уақиғалар мен жағдайларға байланысты сүйіспеншілік өштесуге және өштесу сүйіспеншілікке айнала береді. Ақылды адам мұндай жайттың әрбіреуіне лайық шара қолданады, алдын ала тиісті қару дайындайды: егер осыны дұшпаны істесе - ол қасқиып қарсы тұрады, ал егер досынан келсе кешірім де жасай біледі. Дұшпанның көмегі тиеріне көзі жетсе, басына төнген қауіптен құтылып тілеген мақсаты орындаларын білсе, сол дұшпанымен ауыз жаласып, оның жәрдеміне сүйенеді, өйткені бұрынғы жаулығы ақылды адамға осы арада бөгет бола алмайды, онымен ынтымаққа келіп, одақ жасауға мұның тәжірибесі де жетеді. Кімде-кім осыны мезгілінде ұға білсе, жүзеге асырғанда сақтық жасай алса, міне,

сол адам мұратына жетеді. Мысық пен егеуқұйрық арасында болған уақиға осының айғағы, олар өзара ынтымақ құрып, бір бағытта әрекет істепті де үлкен пәледен екеуі де құтылып, аман қалыпты, - деді.

Патша: - Бұл қандай уақиға еді? - деп сұрағанда.

Бейдауа философтың келтірген нақылы мынау болды:

- Баяғыда бір жерде жапырағы төгіле біткен бұйра ағаш өседі екен, соның түбінде Руми деген мысықтың, Каридун[1] атанған егеуқұйрықтың іні болыпты. Бір күні осы ағаштың маңына келіп, аңшылар құс салып, аң аулапты. Әлгі аңшылардың құрған торына Руми түсіп қалыпты. Сақтанып, жан-жағына қарап, аяғын ептеп басып егеуқұйрық та тамақ іздеп шықса керек. Мысықтың торға түскенін көріп егеуқұйрық қатты қуаныпты, бірақ артына қараса өзін аңдып келе жатқан атжалманды көзі шалыпты, ал жоғары қараса ағаштың басында мұны күзетіп отырған жапалақты көріп қалыпты. Егеуқұйрықтың жаны түршігіпті, ол кейін қарай тұра қашса атжалман тап береді, не оңға, не солға қарай беттесе, жапалақ бас салады, ал егер ілгері жүрсе мысыққа килігеді. Сонда ол өзіне-өзі: - Бақытсыздықтың қамауына түсіппін, күллі пәле менің басыма төнген екен-ау! Өз ақыл-айлама сүйенбесем маған басқа жол жоқ қой, сірә. Ешқашан абыржу менде болмасыншы, сасқалақтап жүрегім жарылмасыншы. Ақылды жанның ой-сапасы еш уақытта сарқылмайды, тапқыр тәжірибесі ыдырамайды ғой, өйткені саналы адамның ақыл-ойы түпсіз терең теңізбен тең. Өзі апатқа ұшырағанда оның айласына,ептілігіне бақытсыздық та нұқсан келтіре алмайды, тіпті бір нәрседен үміттеніп соған сенген күнде де ол мастанып, істің маңызын байыптай алмай, дандайсудың шегіне жетпеуі мақұл ғой, - дегенді айтты. Осының артынан ол: - Бұл жерде маған ең лайықтысы мысықпен ынтымақтасу болар. Өйткені ол пәлеге кезікті ғой, ендеше, соны ажалдан арашалайын. Осылай істесем ол менің риясыз адал айтқан сөзімді ұйып та тыңдар-ау! Егер ойымды дұрыс түсінсе, жәрдем өтуімді қаласа, өз пайдасы үшін менімен ынтымаққа келісер де сол арқылы екеуміз де аман қалармыз, - деді.

[1] *Егеуқұйрықтың аты – әр тілде әр түрлі айтылады. Ал, Руми – арабша – грек (юпан) византиялық деген сөз.*

Сонымен мысыққа таяна келіп егеуқұйрық: - халің қалай?
- деп сұрағанда.

Мысық оған: - Несін сұрайсың, менің халім, қыспаққа кездесіп, таршылыққа ұшыраған жанның халі ғой, - деп жауап қайырды.

Егеуқұйрық сол арада: — Ант ішіп айтайын, сенің жапа шегуің мені алғашында қуантып еді, саған келген қыспақ маған кеңшіліктей көрініп еді. Бірақ бүгін осы екеуміз бақытсыздықтың салдарынан жолдас болғалы тұрмыз. Мен тек пәледен сені құтқару аркылы ғана өз басымды сауғалармын деген үміттемін. Саған қарай икемденуіме, міне осы үміт себеп болды. Сөзімде өтірік пен алдаудың жоқ екенін сен қазір-ақ түсінесің. Көріп тұрсың ғой; ана жақта мені атжалман аңдып тұр, ал мына жерде мені жапалактың тарпа бас салғысы келеді. Олар саған да, маған да жау, бірақ осы екеуі де тек сенен қаймығады. Ендеше, қасына барғанда маған қастық істемеші және мына екі жаудан аман құтқаршы, осыған уәденді берші, сонда мен түскен торыңды тісіммен қиып, сені осы ауыр халден азат етейін. Маған сүйенгейсің, айтқан сөзіме қалтқысыз сенгейсің! Жағдайлары бірдей, бірақ жаратылысы басқа- басқа екі жан ғана көлденең біреуге жақсылық көрсетуден аулак тұрады ғой, соның біріншісіне тірі жан сенбейді, ал екіншісі - ешкімге өзі сенбейді. Сөзімнің растығы үшін өз өмірімді саған кепілдікке ұстатам. Сөзіме сен де, айтқанымды қабылда, бірақ мынау істі кейінге қалдырма, өйткені ақылды жан мұндай кезде марғауламайды. Сенің тірі қалуыңа менің жүрегім қандай қуанса, маған да сен сондай қуаншы. Біз қазір кеме мен кемешілер тәріздіміз. Өйткені теңіздің ар жағынан кемешілерді кеме алып келсе, ал кемені жиекке әлгі кемешілер әкеп жеткізеді ғой, сондай-ақ біреуміз көмек көрсетсек, тек сонда ғана екіншіміз аман қаламыз, - деді.

Егеуқұйрықтың сөзін естіген кезде мысық оның шын екенін түсінді де бұған қатты сүйсінді, сөйтіп ол: - Ындының адал, айтқаның шын екен, өзім де байқап тұрмын, тілейтінім осы ынтымақ, өйткені екеуміз де сол арқылы бас амандаймыз. Бұл үшін саған мен өмір бойы риза болам да қалағаныңды сыйлап, қарық қылам, - деді.

Сонда егеуқұйрық: — Ондай болса мен саған таяу барайын, оны атжалман мен жапалақ та көрсін, сөйтіп екеуміздің

ынтымаққа келгенімізді біліп, мақсатына жете алмайтынын ұқсын да аулақ кетсін, сол кезде сен түскен торды мен қия бастайын, - деді.

Егеуқұйрық қасына келіп, тордың жібін қия бастады, бірақ мысық оның мешеу қимылын сезді де: - Түйіншектерді қиғанда сенің үздіге қимылдауыңды көрмей тұрмын ғой. Мұратына жетер-жетпесте-ақ әлгі де ғана мойныңа алған сертті уәдеңці ұмыттың білем, досыңның әжетін ашуды қойдың-ау, сірә! Орындап шығу қолынан келіп тұрса, жолдасының ісін аяқсыз тастау асыл туған пендеге лайық емес тәрізді. Рас, тез түсіндім, жылдам жақсы көрдім, одан сен үлкен пайда таптың, ажалдан құтылдың, осыны өзің де көріп тұрсың ғой, ендеше, арамызда болған бұрынғы жаулықты есіңе алмай-ақ мені ырза қылуың қажет еді. Бір көрсеткен жақсылық бұрынғы талай жаманшылықты ұмыттыру керек еді. Жалған ант ішу мен опасыздың табан аузында жазалануы дұрыс, кешіре көр деп жалынып сұрағанда кешірмеген, міз бақпаған жанның да сазайын тартуы мақұл, - деді.

Егеуқұйрық дәл осы арада: - Достасу екі түрлі, соның бірі - өздігінен құштарланып дос болу да, екіншісі - достыққа амалсыз көну. Екеуі де зияннан қашып, пайдасын іздейді. Ал сонда әлгі достықтың бірінші түріне қай жағдайда болсын күдіксіз сеніп, оған сүйенген дұрыс. Ал екінші түріне бір мезгіл сену керек те, ал басқа жағдайларда одан қауіптену жөн, жұрттың бәрі шіміркеніп, қорқып тұрсын, сол үшін сен оның бір мұқтажын тез орындай қоймай, үнемі кепіл ретінде қылғындырып ұстауың жөн. Әрбір ынтымақтасумен, екеу ара сүйіспеншілік жылдам пайда табуға, көздеген мұратына жетуге ұмтылудан туады. Берген уәдемді мен орындаймын, алайда сенімен ынтымақтасуға еріксіз апарған өз тілегіме жеткенше сақтануым да керек. Әрбір істің өзіне лайық мезгілі болады, ал мезгілсіз істелген іс көңілдегідей болып шықпайды. Сен оралған торды мен дер кезінде қиып бітірем, бірақ өз басымды сақтау үшін кепіл есебінде тек бір түйіншегін қиып жібермей кідіре тұрам. Ол түйіншекті сенің менімен айналысуға мұршаң келмейтін қысылшаң кезде, басыңа екіталай кезең туғанда ғана қиып жіберем, - деді.

Егеуқұйрық айтқанын орындады. Таң белгі бергенде алыстан аңшы көрінді. Сонда: - Сен оралған торды жылдам

қиюға кірісетін мезгіл міне, қазір туды, - дегенді айтты да мысықтың қауіпсініп, күдіктенуіне қарамастан, аңшы келіп үлгергенше тордың жібін егеуқұйрық та түгел қиып бітірді.

Сонсоң мысық өрмелеп ағаштың басына шықты, егеуқұйрық ініне барып тығылды, ал аңшы жыртылып қалған торын алды да олжасыз бос қайтты. Сонда егеуқұйрық інінен шықты да мысықты анадайдан көрді, бірақ таянып қасына барғысы келмеді. Мысық оны айқайлап шақырды:

- Ей, ізгі қорғаушым! Қасыма таяу келуіңе не нәрсе бөгет болып тұр, сенің көрсеткен жақсылығың үшін мен сені жақсылап тұрып сыйламас па едім? Келсейші бері, ағайын доспыз ғой, ажыраспалық та. Кімде-кім өзіне дос тапса, соңынан сол достықты сақтай алмаса, сол адам ағайын туыстықтың қызығын көре алмайды, жемісін жеуден жұрдай болады, туыстарына да одан ешбір пайда тимейді. Қолыңның мініскерлігін көзіммен көрдім, сол шебер қылығынды ұмыта да алмаспын, ендеше, менен де және менің достарымнан да соның қарымжысын қайтарғың келсе, онда ештеңеден қымсынба, менің бар дүние- мүлкім саған сыйлыққа тартылады, осыны да білгейсің, - деді. Мысық ант-су ішті, сөзінің шындығына иландыруға тырысып бақты.

Егеуқұйрық оған мынадай жауап қайырды: - Кей кезде жасырын жаулық достық кейіп киеді. Көріне жауласудан бұл анағұрлым зиянды, кімде-кім мезгілінде осыдан сақтанбаса, ол ызақор пілдің азуына асылған адамның аяғын құшады, өйткені әлгі асылып келе жатқан адамды ұйқы жеңіп, қалғып кеткенде, ол барып пілдің табанына түседі, оны піл тұяғымен тарпып, басып өлтіреді. Пайдасы тиеріне сенген кезде дос деп атайды да, зияны тиерін білген мезгілде қас деп ұғады. Жауынан олжа түсіруді үміттенсе ақылды адам оған достың түрін білдіреді, ал досының зияны тиерін біліп қауіптенсе, оған қарсы жау екенін сездіреді. Сен әлде білмейсің бе, аңның күшіктері анасының соңынан қалмайды, сонда тек сүтін емгісі келеді, ал сүт таусылып суалған кезде шешелерін олар ұмытып та кетеді ғой. Аспандағы бұлт кейде тұтаса қалады да, кейде бөлініп-бөлініп ыдырап кетеді, кейде жаңбыр боп жауады, ал кейде толастай қалады, дәл сондай-ақ ақылды адам да өзінің туыстары мен достарына кейбір жағдайлардың ауысуына

байланысты өз қарым-қатынасын, туыстық сезімін өзгерте де береді: ол кейде өршеленіп лепіре түседі де, кейде томаға- тұйық отырады, кейде сене қалады да, ал кейде қауіптене түседі, бір кезде ырза, бір кезде наразы болады, кейде шыдамдылық көрсетеді де, кей кезде дүниенің бәрін мансұқ етеді. Кейбір мезетте бұрын дәнекер болған достықтың өзі де достардың арасын айырады, бірақ мұндай кезеңде олар бірінен-бірі аса қорықпайды, өйткені қарым-қатынастарының түпкі негізі жауласудан шықпаған ғой. Ал негізінде жаулық жатса, достасуы тек амалсыздықтан еріксіз туса, онда әлгі достықты тудырған сылтау жойылысымен-ақ бәрі де ежелгі қалпына қайта түседі, бұл астына от жағып қайнатқан су сияқты, оттан айырсаң-ақ ол қайта суып кетеді. Бірімізге біріміз сенісіп, үйір болып едік, біздің арамызда адал қарым-қатынас, сүйіспеншілік орнап еді, осының бәрі енді өткеннен кейін сендейлермен жақындасудан күшті дұшпан маған жоқ тәрізді. Екеуміздің ымыраласуымыз басымызға бірдей түскен тауқыметтен туды. Құтылу үшін сен маған, мен саған ділгір болғандай зор қауіп енді жоқ қой, сондықтан ол жойылысымен жауласу қайта орала ма деп қорқам, ал енді әлсіздің күшті дұшпанымен жақын жүруінен, адал жанның залыммен жанасуынан бұл дүниеде жаман нәрсе болмасқа тиіс. Мені жеуден басқа сенде көлденең пиғылдың болуына көзім жетпейді, сондықтан саған сенгім келмейді. Күшті жаудың әлсіз дұшпанына сеніп алдануынан гөрі, күшті жауынан ертерек сақтанып, алданбауға тырысса, сонда әлгі әлсіздің аман қалатынын мен жақсы білем. Ақылды жан басқа амалы құрығанда дұшпанымен лажсыз ынтымақтасады, еріксіз көнеді де сүйіспеншілік пен адал сенімін білдіреді, бірақ тек мүмкіндік туа қалған заматта тезірек алыстауға тырысады.

Нанғыш жанның асығыс әрекеті жылдам оңала қоймайтынын білгейсің; Ынтымаққа келгеннен кейін ақылды жан уәдесін орындайды, бірақ өзі туралы мұндай сертті сөзін біреудің орындауына ол өмірі сенбейді, сондықтан ол әлі келгенше дұшпанынан аулақ жүруге тырысады. Ең ақылға қонатын нәрсе сенің аңшыдан, ал менің сенен жырақ жүруім. Мен сені алыстан жақсы көрейін, мұршаң келсе, сенің де маған солай істеуің мақұл, біздің жақындасуымызға ешбір жол жоқ, - деді.

Дұшпанымен дер кезінде ынтымақтаса біліп, бірақ мүлде құлап кетпей сақтана да алған жан туралы айтылатын тарау осы еді.

ПАТША МЕН ФАНЗА ҚҰС ТУРАЛЫ

ПАТША философқа қарап: «Жан-жағынан жау қамағанда, солардың біреуімен ынтымақтасып, соның жәрдемі тиіп аман қалған адам жөнінде айтқан нақылыңды тыңдап өттім. Енді, егер айтқың келсе, бірінен-бірі сескенген, кектескен жаулар туралы бір уақиғаны баяндашы», - дегенде. Философтың айтқан уақиғасы мынау болды: — Баяғыда Бархамун атты патша дәурен сүріпті. Оның Фанза[1] дейтін құсы болыпты, сол құс сөйлей де, айтқанды ұға да біледі екен, оның бір балапаны болса керек. Құстарды бәйбішенің үйіне орналастырып, осы құстарды мәпелеп күт деп патша әйеліне жарлық беріпті. Әйелі ұл тауыпты, балапан соған үйреніп, екеуі бірге ойнайтын болыпты. Күн сайын Фанза таудың басына ұшып шығып, екі түйір жеміс әкеліп, біреуін өз балапанына, екіншісін шахзадаға беріп асырайды екен. Соның арқасында олардың жылдам буыны бекіп, бұғанасы қатса керек. Патша мұны көргенде, Фанзаның аруағын аспанға көтеріпті. Күндерде бір күн Фанза тағы жеміс теруге кеткенде, балапан шахзаданың бөлмесіне ұшып кіріпті де саңғып жіберіпті. Бала бұған қатты ашуланып, балапанды жерге ұрып, өлтіріп тастапты. Қайтып келгенде, балапанының өліп жатқанын көріп, Фанза қапаланып, қан жұта зарлап:

- Не мойнына міндет артпайтын, не сөзінде тұрмайтын патшаларды қарғыс атсын! Біреуге ісі түсіп мұқтаж болғанда, немесе пайдасы тиерін білгенде ғана ардақтап бағалайтын, басқа уақытта ешбір жанды сүйе де, сыйлай да білмейтін патшалармен достасуға тырысатын адамдарды әбілет бассын! Патшалар осындай адамды жанына алып, құрмет көрсетеді, ал пайдаланып болғаннан кейін сүюі де, туыскандай көріп

[1] *Бархамун – патшаның аты, Фанза – құстың аты, бұл аттар үнемі әр түрлі сақта айтылып отырады, біреулер, әңгіме Үндістан патшасы жөнінде десе, екінші біреулер Кашмир патшасы туралы екен деседі. Сол патшаның аты Браматаран, Брахмадатта тағы да басқаша болып аталып келеді.*

сыйлауы да сарқылып бітеді. Олар жақсылықтың қаруын қайтара білмейді, күнәні өмірі кешірмейді. Олардың барлық ісі - екі жүзділік, көздейтіні жамандық пен даңққұмарлық. Олар зор күнәні жасауға ғана зерек, соның бәрі олардың көзіне болмашы, өте кішкентай нәрсе сияқты көрінеді. Ешкімді аяуды білмейтін оңғақ, опасыз, өзімнің досым, құрдасым және жолдасым, дәмдес болып, бірге ойнап-күлген замандасым, міне бүгін осыдан мен кегімді алмақпын, - депті. Соның артынша ол баланың бетіне қона түсіпті, тұяғын салып жіберіп, көзін ағызыпты да ұшып кетіпті. Осыдан кейін биік таудың басына барып, мұңға батып отырыпты.

Осы хабар патшаға жетіпті. Ол қатты қапаланыпты да, Фанзаны ұстап алып өлтіру үшін амал-айла іздеуге кірісіпті. Фанза қонақтап отырған тауға таяна келіп тұрыпты да, патша оның атын атап шақырыпты:

- Сен қауіптенбе! Кел бері, - депті. Бірақ Фанза үзілді- кесілді көнбейтінін білдіріп: - Ей, патша! Опасызға опасыздық істеледі, сөйтіп қаруы қайтады, егер бұл жалғанда қапылыста жазаланбай кетсе, бәрібір ақыретте сазайын тартады, ол қашып құтыла алмайды, бұл кектесу тұқым қуалайды, үрім-бұтаққа тарайды. Сенің ұлың опасыздық істеді, мен де жазаладым оны, - депті. Патша: - Ант ішіп айтайын, сенімен біз енді қарыздар емеспіз, есеп айырыстық қой. Сен бізден кегіңді алдың, енді бізге де, саған да өш алысудың қажеті жоқ тәрізді. Ендеше, қауіпсінбей-ақ жылы орныңа қайта келсейші, - депті.

Фанза: - Мен саған қайта бара алмаспын, сірә. Ақылды адамдар кектескендердің жақындасуына тыйым салған ғой. Олар айтады екен: «Кегі бар жан саған мейірбандық, майда қылық, әдепті құрмет көрсете берсін, сонда да оған сенуші болма өйткені кетпес кегі, айықпас ашуы бар ызалы жаннан қорқып, жырақ жүрмесең, сақтанбасаң, басыңды сауғалай алмайсың, - деген екен. Тағы бір жерде айтыпты: - Ақылды адам ата-анасын - жаны ашыр досқа есептейді, аға-інісін - таныс жолдасқа, әйелін - жар қосаққа, ұлдарын - атағын шығаратын даңққа, қыздарын келешектегі даугерге, ағайындарын - бір кезде қарсы шығатын жауға, ал өз басын - жеке дара айнымас досына балайды екен, - депті. Міне, сол жеке дара жалғыз өзім қалып, сенің үйіңнен қайғы-қасіретті арқалап аттандым, сол

ауыр жүкті менімен бірігіп ортақ көтерісетін де ешкім жоқ. Осы кеткенім

кеткен, хош аман болыңыз, - депті.

Патша: - Егер сен бізден кегіңді алмаған болсаң, біздің опасыз қылығымыздың қаруын қайтармай тұрып, осыны айтсаң, сонда сөзіңнің бәрі жөн болар еді. Сен күнәсізсің, қылмысты ең әуелі біз жасадық қой, ендеше, бізден қорқуыңа да дәлел жоқ. Қауіпсінбей-ақ қайта келгенің жөн болар, - депті.

Фанза: - Кектескендердің жүрегіне кейде бір ауыртпалық кіреді де кеміріп, жегідей жейді. Ол кезде жүректегі шындықты тіл айтып жеткізе алмайды, ал тілден гөрі екі адамньщ арасындағы айнымас дәнекер жүрек қой. Сенің тіліңе менің жүрегім, ал менің тіліме сенің жүрегің мұқлас мойындап та тұрған жоқ қой, мен осыны жақсы білемін, - деді.

Патша: - Әлде сен білмейсің бе, адамның арасында бірін- бірі жек көретін залымдар көп. Алайда ақылды жан, сол жек көрушілікті қоздыраудан гөрі тұншықтыруға тырыспай ма, - депті.

Фанза: - Әрине, осы айтқаның рас. Алайда осыдан барып, кек алуды көксеген жан қой болсынға салынып, зұлымдық жасауды ұмытып кетті деген ойда ақылды адам бола алмаса керек. Ақылды адам шағыстырған сөзден де, алданудан да қорқады, бірақ толып жатқан жауларынан қасарысып, күш жұмсап кегін ала алмайтын кезде, тағы пілді қолға үйренген піл арқылы ұстап алғандай етіп, оны майда сөзбен, сылап-сипаумен дұзаққа түсіреді ғой, - депті.

Патша: - Өз басын қорғаштап қауіптенген күнде де бекзат жан досын жұртқа тастамайды, туыстарынан ажыраспайды, өзінің қамын жеген күнде де, соны далаға тастап кетпейді. Мұндай әдет нағыз пасық хайуандарда да болады. Иттерді сойып жейтін халықтарды да біз білеміз, үйренген ит осыны көре тұрып та сол адамдардан қарасын үзіп кете алмайды, оған үйреншікті дағдысы тосқауыл жасай береді, - дейді.

Фанза: - Қай жерде болса да кектесуден, көре алмаудан қорыққан жөн. Ал патшалардың жүрегіне сақтаған бұкпантайы әлдеқайда қауіпті де қатерлі, өйткені кек алуды патшалар заңға айналдырады, қаруын қайтаруға ұмтылғанды өзіне үлкен абырой тәрізді мақтаныш көреді. Жек көрушілік толастады деп ақылды жанның алданбауы мақұл. Жүректе жатқан кек,

козғаушысы табылғанша, тұтанатын оттыққа кездесе алмай қағажу жатқан көмір сияқты. Отынды іздеп сусаған от сияқты. Кек те үнемі сылтауды көздейді, ал әлгі сылтауды тапқан кезде жалындап лаулайды, сонда оны су да, сөз де, май да, қулық та, көнгіштік те, жалбарыну да сөндіре алмайды, тек жанның апатқа ұшырауы ғана тоқтатады. Кектескен жан өзінің жаумен бұрынғы қарым-қатынасын жаңғыртуға тырысады, содан өзі пайда түсіруге ұмтылады, пана іздейді. Бірақ мен өте әлсізбін, сенің жүрегіңдегіні жоя алмаймын. Ал егер өзіңнің айтқаныңдай- ақ сен мені жақсы көретін болсаң, сонда да маған ол жасырып тұрғандай сезілер еді, өйткені қанша уақыт достассақ та мен сенен қауіптенуден тыйылмас едім, сені жақсы деп ойламас та едім. Айрылысудан басқа ұйғарым қалған жоқ. Мен саған енді қош бол деймін, - депті.

Патша: - Сен білесің ғой, біреуге біреу пайда да зиян да жасай алмайды, өйткені адамның басына түсетін ұлылы-кішілі ауыртпалықтың бәрі тек қана тағдырдың жазуына байланысты болады. Өмірде жасалатын, туатын нәрсеге адамның ешбір қатынасы жоқ, сондай-ақ олар өмірде болып тұрған нәрсенің жойылуына да, құрып суалуына да қатыспайды. Менің балама істеген қылығыңда сен қанша айыпты болмасаң, сенің балапаныңды өлтіруінде менің баламның да сонша айыбы жоқ сияқты. Мұның бәрі тағдырдың жазуы, ал біз соның қолшоқпары болдық. Тағдырдың өзі жіберген ауыртпалығы үшін сен бізді көре көрмеші, - депті.

Фанза: - Өзің айтқандай-ақ, осының бәрі тағдырдан екені рас. Бірақ реті келсе саналы адамның төніп тұрған қауіп- қатерден сақтанғаны жөн. Ол жазмышқа нанады, сонымен бірге сақтанудан да құралақан отырмайды. Мен білем, сен жүрегіңдегіні айтып тұрған жоқсың. Біздегі жағдай мынадай: балаң менің балапанымды өлтірді, ал мен сенің балаңның көзін ойып алдым, енді сен мені өлтіріп, жанымды алғың келіп тұр, бірақ жан ажалға қарсы тұрады. Бұрынғылар айтыпты: - Кедейлік - бақытсыз, уайым-қайғы - бақытсыз, сүйгенінен айрылу - бақытсыз, ауру - бақытсыз, ажырасу - бақытсыз, бірақ бақытсыздықтың ең зоры - өлім, - депті. Шөлдегеннің шеккен жапасын басынан өткерген адамнан басқа ешкім артық біле алмайды. Өз басымдағы уақиғаларыма қарап, сенің мен туралы

не ойлап тұрғаныңды жақсы аңғарам. Сенімен достасудан мен жақсылық таппаспын. Балаңа істеген менің қылығым сенің ойыңа түскенде, балапаныма істеген балаңның қылығы менің есіме түскенде, екеуміздің де жүрегіміз өртенбей тұра алмас,

- дейді.

Патша: «Көңіліңе алмай, біржола ұмытшы, арам ойдан мүлде арылшы, өткенді ескермеші, кәкір-шүкір сүреңсіз ниеттен ажырай алмаған адамда ешбір жақсылық болмайды»,

- депті.

Фанза: - Аяғына жара шыққан адам ептеп басуға тырыспаса оны ушықтырып алуы даусыз. Көзі ауырған жан желге қарсы жүрсе, оған да зақым келеді. Сондай-ақ кекті адам дұшпанына жақындай бергенде ескі жараның аузы ашылады да ұшыға түседі. Бұл жалғанда өмір сүрген жанның ешқайсысы да қауіп-қатерден сақтанбай қоймайды, болашақ уақиғаны алдын ала болжамай отырмайды, өзінің күшіне, ақыл-айласына сеніп, шын қатерлі нәрседен мезгілінде сақтық жасамай, алданып қалмайды. Кімде-кім күшіне сенсе, ол қатерлі жолға кезігеді, өзінің құрып кетуіне беттейді. Тамақ пен сусынды өлшеп ішіп жемеген жан, әлі жетпейтін жүкті арқалаған адам, кей кезде өзін өзі орға жығады. Өңешінен өтер-өтпесін шамаламай, қомағайланып зор асаған адам қақалады да өліп кетеді. Біреудің әсіре қызыл, алдамшы сөзіне елігіп, сақтанбаған жан да өзіне-өзі қастық жасайды. Тағдырға мұқылас мойын ұсынудың да қажеті жоқ, - өйткені тағдырдың неден құтқарып, неменеге душар ететінін де еш адам білмейді. Тек өзіне ғана сеніп, істейтін ісіне батыл кірісуі, алды-артын байқап отыруы қажет. Күші өзінде тұрғанда ақылды жан ешкімнен қорықпайды, қорқынышка билетпейді, бір айласын тауып аман құтылады. Менің құтылар жолым толып жатыр, қай жаққа барсам да молшылыққа килігем, мен бұған сенем. Кімде-кім бес түрлі сипатқа ие болса, соның көп нәрсеге қолы жетеді, алысы оған жақын болады, жат елі досжар болады, ол өзіне азық та, ағайын да табады, соның бірі — біреуге тілін тигізуден сақтану, екіншісі - ізгі әдептілік, үшіншісі - күдіктендіруден аулақ жүру, төртіншісі - істеген ісін зеректікпен тындыра білу. Ақылды жан өз тіршілігіне қауіп төнген кезде туған туыстан да, баладан да, отаннан да, мал- мүліктен де безеді, өйткені осының бәрінің де орны толатынын

ол біледі, ал өз тіршілігінің орнын басатын затты табам деген үміт онда болмайды. Орнына жұмсалмаған байлық жаман, еркегіне көнбейтін баянар әйел жаман, тіләзәр бала жаман. Дер кезінде көмек бермеген туыс оңбаған; бейбітшілігі жоқ мемлекет оңбаған. Сенімен қатар тұрып өз өмірімді тыныштықта, қауіп- қатерсіз өткізуге менің де көзім жетпейді, - депті. Сөйтіп патшамен қош айтысып Фанза құс ұшып кетіпті.

Кек қайтарысқан және бірінен бірі қауіпсініп қайта жақындаса алмаған жандар туралы айтылатын хикая осы еді.

АРЫСТАН МЕН ТАҚУА ШИБӨРІ ТУРАЛЫ

ПАТША философқа айтты: «Кектескен жаулардың бірінен- бірі сақтануы жөнінде келтірген хикаяңды түсіндім. Енді сен, айтар болсаң, қасына ерген ат-ұлтандарына патшалардың істейтін қарым-қатысы туралы бір мысал келтірші, солардың әуелі жазаға ұшырап, соңынан қайта оралғандарын сөйлеші, сол жазалануы істелген қылмысы үшін бе, жоқ әділетсіздіктің салдарынан туды ма, осыны баяндашы», - деді.

Философ сонда: - Істеген қылмысы үшін немесе әділетсіздіктің салдарынан біреу жазықсыз жапа шексе, жазаға тартылса, міне осы адамға ежелгі қарым-қатысын соңынан қайта жасамаған патшаның өкіметті басқару ісіне нұқсан келеді. Патша әлгі айыпты жанның жағдайын зерттеп, басына түскен пәленің себебін ашуы керек, ол адамнан дәметін пайданың да мөлшерін безбендеуі қажет. Егер патшаға көмегі тиетін адамның бірі болса, оның ақылы мен адалдығына нағыз сенсе, ондай кезде қайта табысуға әрекет істегені жөн. Патшаның күш-қуаты тек көмекшілері мен уәзірлерінде ғой, олардың бар пайдасы сүйіспеншілігі мен жақсылық тілеуінде, ал сүйіспеншілік пен жақсылық тілеуі әділ ақылы мен зор әдептілікке байланысты болады. Патша толып жатқан іскерлер мен қызметкерлерге мұқтаж болады, солардың ішінде, біз жоғарыда көрсеткендей әділ ақылы мен адал тілек тілейтін жан, осы екі сипатты ұштастыра білетін адам кемде-кем кездеседі. Ісі оңға басу үшін міне, мынадай әдіс қолданған жөн: көмекші етіп алатын адамның өзіне қандай жаны ашитынын патша анық білсін және әрқайсысының пайдалылығын, ақылын тағы кемшілігін де

жетік танысын. Өз тәжірибесі арқылы, немесе сенімді адамдары арқылы осының бәрін тиянақты түрде анықтап алсын, сондай- ақ оның істі жүргізу әдісін де жете байқасын, сонда ол әр істің өзіне лайық адамдарын іріктеп жұмсайды, сол адамы әділ де, ер жүрек те, ақылды да болуы керек, сонда бұл іске оның басындағы кемшілігі кесірін тигізе алмайды. Өзінің еншісіне тиген ерлігі іске көмегін тигізбейтін болса немесе оның басына біткен кемшілігі зақым келтірмес деп қауіпсіз тыныш отыруға болмайтын мезгілде, ондай іске әлгі адамды жұмсаудан сақтану дұрыс. Бірақ бұдан кейін де патша өз көмекшілерін бақылаудан қол үзбесін, олардың өзін де, істерін де тексеріп отырсын, сонда ізгі қылықтарының сәтті нәтижесі, ал жаман қылықтарының жексұрын нәтижесі қаға берісте жасырын қалмасын. Әрі қарай да, патша жақсы көмекшілерін сыйлықтан құр қалдырмасын, салақтың салақтығын, олақтың олақтығын өршітпесін, егер патшалар осылай істесе, онда жақсы көмекшілері де ісіне жүрдім-бардым қарайды, залымдыққа беттейді, игілікті іс бұзылады, құруға айналады. Бұл арыстан мен шибөрі жөнінде айтылатын хикаяға ұқсайды, - деді.

Патша: «Ол қалай болған еді?» - деп сұрағанда.

Философтың айтқан хикаясы мынау болды: - Баяғыда бір шибөрі өмір сүрген екен. Ол құдайдан қорқып тағат қылады екен, өз әйелдеріне де, тағы басқа қасқырлар мен түлкілердің ұрғашыларына да қызықпай, нәпсісін тыйып ұстайды екен. Басқалар сияқты жаман қылық жасамапты, ешкімді тарпа бас салмапты, қан төкпепті, ет те жемепті. Бөгде аңдар осы шибөрімен дауға кірісіпті. Сонда олар: «Сенің мінез-құлқыңа, құдайдан қорқып тағат етіп, нәпсіңді тыюыңа біз риза емеспіз, мұның саған ешқандай пайдасы жоқ, оны өзің де білесің; біз тәрізді өмір сүріп, біздің істегенімізді істеп, жолымызбен жүргің келмейді, міне, мұныңа да наразымыз. Қан төгуден, ет жеуден сені тоқтатып тұрған не нәрсе?» - депті.

Сонда шибөрі: «Өзім күнәға батуды тілемесем, сендермен бірге жүруім мені күнә жасауға итермейді, өйткені отырған орын да, бірге жүрген досжар да күнәнің қайнар бұлағы емес, оған тек жүрек пен істейтін әрекет қана себеп болады. Ал егер бұлай болса, мысалы, жақсы орынның иесі ізгі қылық жасап, жаман орында отырған жан жауыз қылық жасайтын болса, онда

сопыны намаз үстінде өлтірген адам күнәға батпаған болар еді де, қан майданда кескілесіп жүріп жауын сақтап қалған жан күнәға батқан болар еді. Өздеріңмен ауыс-түйіс жасап бірге жүрсем де, бірақ жүрегім мен істер ісім сіздерге үйлеспейді ғой, әлде сіздер мұны көрмейсіздер ме, өйткені істеріңнің жемісін мен жақсы білем», - деген екен.

Сопылығымен, ақылды бекзаттығымен даңқы шыққан шибөрі осылай өмір сүріпті. Бұл хабар арыстанға жетіпті, ол осы өңірдегі аңдардың патшасы екен. Нәпсіге беріктігін, бір сөзділігін, әділдігін естігенде ол шибөріні көруге ынтызар болыпты. Шақырта кісі жіберіпті, өзімен жеке сұқбаттасып, әбден сырын алыпты да біраз күннен кейін достасудың қамын істепті.

Сонда ол: - Патшалығым ұлан-байтақ, жұмысым да бастан асады; көмекшілерге мұқтажбын. Сенің ақылың мен нәпсіге беріктігің жөнінде маған хабар жетті, енді өзіңді көріп бұрынғыдан да бетер сүйсініп тұрмын. Келелі істі мойныңа артам, игі жақсыларымның санатына енгізіп орныңды жоғарылатам, үзеңгілес жақын адамдарымның бірі етем, - дегенді айтыпты.

Шибөрі: - Өзінің ісіне жаны ашитын көмекшілерді іріктеп алуға патшалардың еркі бар, бірақ бұған ешкімді зорламауы керек, өйткені еріксіз жегілген жан іске ынталанып кірісе алмайды. Әкімдік көрсететін орынды мен ұнатпаймын, бұл жөнінде тәжірибем жоқ, әкімдік жасау қолымнан келмейді. Аң патшасы сен едің, қол астыңда қырық ру ел бар, солардың ішінде неше алуан күштілері де, қабілетті зеректері де толып жатыр. Міне, сен соларды белгілесең жүктеген міндетіңді екі етпей орындайды, бұған өздері де тоят тауып бақытты болады, қанағаттанады да, - депті.

Арыстан: - Бұл әңгімені доғар. Сені бір орынға белгілемей көңілім көншімейді, - дегенде:

Шибөрі: - Патшамен достаса алатын тек екі-ақ адам, соның бірі - үнемі өз мақсатын көздейтін, қулық-сұмдықпен жан сақтайтын сумақай жылпос; екіншісі — ешкім өзін елемейтін және тірі жан күндемейтін қақтығып қалған бұралқы адам. Ал енді қулық-сұмдықты араластырмай патшамен шын жүректен, адал әрі әділ дос болғысы келген жанның достығы күйреуік келеді, сирек сақталады, өйткені әкімнің досы да, қасы

да бір ауыздан мұны жек көреді, жаулық жасап қарсы шығады. Досы оның орнын күндеп, бәсеке таласады, көре алмайды, сол орын үшін оған дұшпандық істейді; ал осы әкімді патшаның жақсы көруін дұшпаны сезе қалса, о да күндейді, ауқатты тіршілігін көре алмай ызаланады. Бұған қарсы осы екеуі тізе қоскан кезде ол ажалдың аузында тұрады, - депті.

Патша: - Сенің ойлағаныңдай етіп, менің достарым саған қастық қыла алмайды және күндемейді де. Мұндайда мен құтқарам, құрметтеп, жақсылық көрсетіп, әлгі түйткіл уайымыңды жоққа шығаруға тырысам, - дегенде.

Шибөрі: «Егер патшамның маған жақсылық көрсетіп, құрмет істегісі келсе, онда менің осы жапан түзде өмір сүруіме кедергі жасамаса екен шөп жеп, су ішіп-ақ күнелте алам, оған шүбәланбасын. Мен білем ғой, кейбір әкімдер сағат сайын неше алуан ұнамсыз жайтті, қауіп-қатерді басынан кешіреді, мұндай жағдай баска біреудің тұтас өмірінде де ұшырамайды. Аласапыран лаңы көп, қоркынышты пәле-жаласы да арылмайтын тіршіліктен гөрі, уайым-қайғысыз тып-тыныш, жұпыны өмір әлдеқайда артық, - депті.

Арыстан: - Мен сөзіңді түгел тыңдап өттім, қауіпсініп тұрған нәрселеріңнің ешқайсысынан да қорықпай-ақ қой. Маған көмекші боларың даусыз, - дегенде.

Шибөрі: - Егер патшам әлгі тілегімді орындамаса, онда маған мына уәдесін берсе екен: мысалы, менен не жоғары, не төмен тұрған патшаның көп достарының бірі шенімнен қауіптеніп, іші күйіп көре алмаған кезде, менімен бақталасып, өсек айтып, патшаға не өз аузынан, не басқалар арқылы шағыстырған мезгілде, осылайша оны маған айдап салған заматта - ол менің көзімді жоюға асықпаса екен, сол хабарын жан-жақты зерттеп, байыбына әбден көзін жеткізгенше кідірсе екен, ал содан кейін өзінің білгенін істеуіне мен ырзамын. Осы туралы патшаға сенген болсам, онда көмек беруге өзім келер едім, не жүктесе де орындамақпын, бәрін де сүйсіне істеп, құмарта қимылдауға ұмтылып, мені сөгуіне сылтау туғызбауға тырысар едім, - депті.

Сонда арыстан: «Осыны істеуге саған уәде берем», - деді.

Сөйтіп, ол шибөріні қазына-мүлкінің бақылаушысы етіп тағайындады. Өзіне кеңес беретін, пікірін айтатын қымбатты

достарының бәрінен де оны көрнекті орынға қойды, істеген ісіне рақаттанып, жақсы көруі күн санап үдей түсті де оның жай- күйін де, өзінің құрметін де еселеп арттыра берді. Арыстанның көлеңкесін паналаған жақындарына, достарына көмекшілеріне бұл жағдай өте ауыр тиді, олар шибөріні күндеп, аза бойы қаза болып, қастандық жасауға кірісті де, оны арыстанға шағыстырып, көзін жоймақ болды. Осылайша опасыздық істеуге беттеді де, олар арыстанға ұнаған, жақсы көріп жейтін етіне қол салды, оны кейінірек алдырып жеу үшін арыстан етекке апартып қойған еді, міне бұлар сол етті ұрлап алды да шибөрінің үйіне апарып, тірі жан таба алмайтын бір қаға беріс түкпірге жасырып тастай салды. Ертеңіне арыстанның түскі ас жегісі келді, бірақ әлгі ет ұшты-күйлі жоқ болып шықты. Арыстан әкел деп әмір берді, алайда ет табылмай қойды. Шибөрі жоқ еді, ал оған қастық ойлап, өтірік жала жауып жүрген сұрқиялардың төрт көзі түгел болатын. Арыстан етті қоярда-қоймай сұрады, ақырында қатты ашуланды. Аналар біріне-бірі қарады, солардың ішінен біреуі шығып жақсылық ойлайтын хабаршы ретінде сөйледі: - Патшамызға қанша ауыр болса да, өзімізге белгілі нәрсені, пайда-зиянына қарамастан хабарлауға міндеттіміз. Бұл етті шибөрі өз үйіне алып кетіпті, бізге осындай хабар жетті, - деп салды.

Екіншісі тұрып: «Менің ойымша бұл соның ісі сияқты. Алайда қадағалап, зерттеп көріңіз, өйткені бөгде біреудің мінез- құлқын біле қою да қиын ғой», - депті.

Үшінші біреуі: «Ант ішіп, айтайын, біреудің ойын білу оңай емес, алайда іздесеңіз табасыз, оның кем-кетігі, опасыздығы жөнінде естігеніміздің бәрі расқа шықса, сөйлеген сөздің бәрін сонда сарапқа салып, оны сотқа тартуға еркіңіз бар», - деп соқты.

Төртіншісі: «Біреудің зұлымдық ойлағаны өзіне мәлім болса, ол кісі алдануға тиісті емес, өйткені жамандық ойлаған жан жасырынып құтыла алмайды», - дегенді айтты.

Бесінші біреуі: - Кімде-кім әкімге қарсы зұлымдық ойласа, ол қалай аман құтылмақ? Ол қайда жасырынып қалмақ? Патшаның достары зұлымдық ойласа, оның білінбей қалуы қиын, - депті.

Алтыншы біреуі: - Шибөрінің жауыз қылығын маған біреу айтып еді, қазір сіздердің әңгімелеріңізді естіп, сол есіме түсіп тұрғаны, - деп те қойды.

Жетіншісі тұрып: - Тұңғыш рет көргенде-ақ, оный арам пиғылы, қаскүнемдігі маған айқын болды. Мен бірнеше жерде айттым, - менің сол сөзімді естіген кісінің куәлік беруін өтінем, - мен мұны аяр сиқыршы дедім, өзіне жүктелген істі ол, басыма келген пәле, үлкен бақытсыздық, деп бізге түсіндірген болып, моп-момақан кісіше алдаусыратып жүр дегенді айттым, сөйте тұрып осынша зор опасыздық жасау - бұл бір дүние таңырқарлық керемет қой! - деп екіленді.

Сегізінші біреуі: «Егер біз тауып алсақ, осы шын болса, онда бұл тек қана жауыздық емес, бұл патшаның адал көңілін аяққа басып, арамзалық жасап, қаруын қайыру, оның тіршілігіне нұқсан келтіру», - деп даттады.

Тоғызыншысы тұрып: «Сөзіңіз әрі әділ, әрі дұрыс. Сізді жалғаншыға балай алмаймын, алайда патшамыз шибөрінің үйіне біреуді жіберіп, тінту жүргізсе, мұның рас, өтірігі түбегейлі түрде сонда анықталар еді», - дегенді айтты.

Оныншы біреуі: «Оның үйін тінттіретін болсақ, онда асыққан жөн, өйткені барлаушылары мен тыңшылары әр жерде- ақ еріп жүр, сезіп қалуы мүмкін», - деп те көйітті.

Тағы біреуі тұрып: «Мен жақсы білем, егер шибөрі үйін тінтіп, опасыздығын әйгілей қалсақ, қулық-сұмдығын жұмсап ол патшаның басын айналдырады да ақыр соңына патша оған кешірім жасауы да кәдік», - деп пысықтады.

Шибөріге қарсы қойып, патшаның жүрегіне күдіктің уытын жайғанға дейін олар осы тәрізді сөздерді сөйлей беруден толастамады. Арыстан шибөріні шақырып алды да: - Сақтап қой деп тапсырған етімді сен не істедің? - дегенде.

Шибөрі: «Жейтін кезінде патшаның алдына тартарсың деп мен оны табақшыға бергем», - депті.

Патша табақшыны шақыртты, ол аналардың жақтаушысы екен. Патша етті сұрағанда: - Маған шибөрі еш нәрсе берген жоқ, - деп танды.

Сол арада шибөрінің үйін тінттіруге патша сенімді адамдарын жіберді. Олар етті тауып алып, арыстанның алдына әкеп қойды. Сонда бір қасқыр патшаға жақындай түсті, осы іс туралы ол бұған дейін еш нәрсе айтпап еді, оны жұрт өте әділ деп

ұғатын, өзіне тек мәәім нәрсе жөнінде ғана әңгімеге араласатын адал жанның бірі болушы еді. Сол қасқыр арыстанға қарап:

- Шибөрінің опасыздығын анық білгеннен кейін патша оны еш уақытта кешірмеуі керек, ал кешірген болса ешкімнің қылмысын, өрескел опасыздығын бұдан былай патшаға тірі жан айтпайтын болады, - деп түйді.

Арыстан шибөріні сыртқа шығартып жібереді, ол туралы өзі бір белгілі пікірге келгенше артынан бақылап аңди тұрыңдар,

- деп әмір етті.

Осы арада отырғандардың біреуі: «Мен таң қалам, ақылы мен білімі сонша көп арыстанға осы қылық қалайша көмескі көрініп тұр? Осынша опасыздықты, алдап арбауды ол қапай түсінбей тұр?» - деді.

Екінші біреуі: - Күллі уақиғаны түгел білгеннен кейін де шибөрінің ісін арыстанның тағы тексеруге кіріскелі тұрғанын байқаймын, міне бәрінен бұрын мені осы таңырқатады, - деп соқты.

Осыдан кейін өзі келіп кешірім сұрасын деп арыстан шибөріге әлгілердің біреуін жұмсады, бірақ ол жасанды өтірік хат жазғызып алып қайта оралды. Сол кезде арыстан қаһарына мінді де, шибөріні өлім жазасына бұйырды.

Бұл хабар арыстанның шешесіне жетті. Арыстанның асығыс қимылын түсінді де өлтірмей кідіре тұрсын дегенді айтқызып, өлім жазасын орындайтын адамға біреуді салды. Осыдан кейін шешесі ұлына келіп:

- Сен шибөріні қандай қылмысы үшін өлтірмексің? - деп сұрады.

Болған уақиғаны арыстан түгел баяндады.

Сонда шешесі: - Асыққан екенсің, ұлым. Ақылды адам тек асықпай, байсалды ойлаумен өкінуден сақтанады, алды-артын аңдау, әсіресе, патшаларға керек. Әйел - күйеуіне сүйенеді, бала - ата-анасына, шәкірт - ұстазына, патша - әскеріне, әскер - көсеміне, сопы - дініне, халық - патшасына, патша

- қайырымдылығына, қайырымдылық - ақылға сиынады, ал ақыл тыңғылықты байыпқа тиянақтайды. Патшаның ақыл- парасатының шырқау шыңы - өзінің достарын жіті тануында, білім дәрежесіне сай етіп, әркайсысын өз орнына отырғызуында, сонсоң олардың өзара қарым-қатысын қырағылықпен бақылап отыруында. Егер біреу өзінің жолдасын өлімге айдайтын,

қайсар ердің қажырын қайтарып, ізгі жанның көрнекті беделін төмендейтін, залымдардың зұлымдығын бүркейтін жол тапса, ол осыны орындаудан тайсалмайды ғой. Бірақ мұның іске үлкен кесірі тиеді, бастаған іс жылдам күйрейді, лаңға ұшырайды. Мен шибөріні сынадым да таныдым, оның тәртіпті, тәрбиелі, кең пейілді жан екенін анық білдім, өзіңе сенімді көмекші етіп сайлауыңнан да бұрынырақ байқадым. Мен оған үнемі ырза болушы едім, күн санап достасып кеттім, мүлде сеніп жақсы көруге беттедім. Сақтатып қойған жеріңнен табылмады деп бір жапырақ ет үшін оны өлімге бұйырып отырсың. Мүмкін, бұл істі оны күндеп, көре алмай іші күйіп жүрген жолдастары сенің көз алдыңда оған жала жабу үшін әдейі ақылдасып істеген шығар. Есіңде болсын патша өзі істейтін істі бөгде біреуге тапсырса, ал білетін іскер жанға орындататын істі өзі істеуге кіріссе, онда патшаның әлгі ісі апатқа ұшырайды, өзіне-өзі пәле тілеп алады. Патшалар барлық жағдайды түгел зерттеуі керек, көзіне сеніп, көргеніне алданып жүрмесін, достарының бірінен- бірін артылта құрметтеген кезде де адаспасын, мысалы, ең әуелі түсін, дәмін, иісін анық білмей тұрып, шарап сатып алған кісіге ұқсамасын. Егер ол көзжұмбайға кіріссе, онда алдаудан, зиян тартудан аман құтылмайды. Аурудың салдарынан кейбіреудің көзіне қылшық көрінгендей болады, соны шын қылшық екен деп ұғады ол, бірақ бөгде адамдарға көрінетін қылшық болса, әрине, олар мұның көңілін сұрап баяғыда келетінін де біледі, міне, сен осы адам тәрізденіп жүрме. Қолымен ұстап байқаудан бұрын, көргеніне сеніп, қараңғыда жылтырап тұратын жарық қоңызды от деп ұғатын есуасқа да ұқсаушы болма, алайда оның қатесі әлгі жылтырауық қоңызды сипалап көргенде ғана анықталмақ қой.

Бұрын ет жемейтін, сен кей кезде мол астырғанда да содан түк татпай-ақ, бәрін өзіңе және әскеріңе апарып түгел тарататын шибөрі сенің әдейі өзіңе арнап сақтатқан бір жапырақ етіңді ұрламайды, оған дәті шыдамайды ғой, ендеше бұл қылықты байыптай толғап, байсалды тексеріп, әбден түсінуің керек еді. Тексерші осының ісін, өйткені қарғыс атқан, оңбаған адамдар дарқан жүректі, бекзат туған жандарды көре алмайды, қыр соңына түсіп, құлағанша қуады ғой. Шибөрі сыйлауға татитын бекзат туған жан, мүмкін, осы етті оған білдірмей соның үйіне апарып тыққан, осылайша оған қастық қылып жүрген, сенің

достарыңның біреуі шығар. Бір түйір ет сұңқардың тұяғына іліксе, сол кезде талай құстар онымен арпалыса бастайды, ал бір иттің аузынан сүйек көрсе, басқа иттер де абалап, бастарын қосып, одан тартып жеуге тырысады. Егер сен өз достарыңның арасынан шыққан шибөрінің жауларын елең қылғың келмесе, онда өз басыңның қамын ойла, өзіңе зияны тиетін олардың қаскүнем қылығына көнуші болмағайсың. Қарапайым адамдарға, әсіресе әкімдерге жүктелетін зор міндет бар, олар өздеріне жәрдемін тигізіп, көмек беретін жандарды қаншама пейілсіз, берекесіз бола тұрса да ешбір кір жуытпай қадірлеп ұстауы керек. Ал шибөрінің пайдасы саған қашан болса да зор еді ғой: өз басынан гөрі сенің көркеюіңді тіледі, басын бәйгеге тігіп үнемі сені аман сақтауға тырысты, сенің ырзалығың үшін - достарыңа жек көрінішті де болды, орындауға кіріскенде ол тындырмаған ешбір қызмет қалған жоқ; қандай ауыр, қаншама қиын бола тұрса да ол ешбір істен бас тартып қашқан емес, өзіңнен ешбір сырын бүккен де емес еді ғой. Достарыңның осындай қасиеті болса, оларды тек әкеге, туған балаға, туысқанға ғана балау керек, - дегенді айтты.

Арыстанның шешесі осы сөзді айтып тұрған кезде, шибөріге алғаш жала жапқандардың біреуі кіріп келді де арыстанға болған істі ашып айтты. Шибөрінің жазықсыз күйгенін көріп, істің байыбына арыстанның көзі жеткен мезетте, шешесі тұрып оған мынау әңгімені шертті:

- Достарыңның әдепсіздігін, шибөріге қарсы бірігіп жала жабуын білгеннен кейін, сен енді осымен ғана қанағаттанба, өзіңе төнетін қауіп-қатердің көзін жойғанша аялдама, үздіксіз қимылда, одақтасуын ыдыратып бірінен-бірін аулақ ұстауға тырыс, өзіңді ойыншыққа айналдырып жүрмесін, сайып келгенде, өз басыңа қастық істеп, зақым жасауларына үйретіп алма. Оларды бір болмашы ғана әлсіз жандарға санап, дандайсыма, күшіңе сеніп, қапыда қалып жүрме. Әлсіз шөптің басын біріктіріп есіп жіберсең, үзілмейтін мықты арқан шығады, сол арқанмен күшті асау пілді де ұстап алып, қолға үйретуге болады. Шибөрінің орнын өзіне қайырып бер, рас, сен оны артығырақ жазалап жібердің, бірақ сол үшін ол енді жақсылық ойламас деген пікірде болмағаның жөн. Жазықсыз жапа шеккен жандардың алдауынан, қастық жасауынан қорғауға болмайды, оның сүйіспеншілігі мен жақсылық ойлауы қайта жаңғырмас деп күдер үзу дұрыс емес.

Қарым-қатысы қаншама үйлеспесе де әр адамды өзіне лайық орында ұстаған мақұл болады. Олардың кейбіреулерінен суысып бөлінген кезде, бұрынғы ауыс-түйісті қайта жаңғыртудан бастартып, мүлде жырақтай түсу дұрыс, ал екінші біреулерінен ешбір уақытта ажыраспау керек, жолға тастап кетпеген екен. Кімде-кімнің әділетсіздік атағы шықса, мойнына алған міндетіне жүрдім-бардым караса, сертті сөзіне опасыз болса, жақсылыққа жамандың істесе, ізгіліктен аулақ тұрса, өзін өмірі ренжітіп көрмеген туыстарымен де, достарымен де түзу қарым-қатынас жасауға жарамаса, міне осы адамнан суысып айырылған кезде, қайыра араласудан тоқыраған жөн. Ал енді осы қылықтың біреуіне дағдыланбаған жанды, туыстарына аянбай жақсылық көрсететін, қанша ауыр болса да солардың ренжітуіне көне білетін адамды, қандай жағдай туса да біреуді пәледен құтқаруға дайын тұратын, адалдығы басқалардан оқшау көрінетін жанды сыйлаған мақұл, жақын жүруінің пайдасын көріп, ондай адамнан ажырасуға бармау керек, - деді.

Сол арада-ақ арыстан шибөріні шақырып алып, кешірім сұрады да бұрынғы өз орнына қайта белгілейтінін жариялады.

Сонда шибөрі: -Жолдасының қатал және айнымалы мінезін көргенде, соның кейін кезігетін кесірінен қорқып амалсыз көнетін достың болуы да немесе әлгі жолдасы үшін пәлеге бетпе-бет кездескенде де қаймықпай қарысып тұрып қалатын дос табу да зор бақыттылық қой. Алайда патшам рұқсат етсе айта кетейін, оның енді маған сенуіне ешбір жол жоқ сияқты және бұдан былай менен ақыл сұрауы да өзіне жараспаса керек. Кімде-кім ауыр жағдайға, бақытсыздыққа жазықсыз ұшыраса, өзінің орнынан, құрметті шенінен ажыраса, мал-мүлкінен әділетсіз айрылса немесе бұрын жақын жүріп, соңынан себепсіз сыртқа тебілсе, өзі сияқтылардың ішінен сытылып жеке дара жүлде алып жүрсе, соның көз алдында енді баска біреулер жоғарылап, бәйгіні енді солар алып кетсе немесе оңаза қомағайлықпен атағы шыққан жан патшаның пайдасын өзіне зиян деп білсе, ал патшаның зиянын өзіне пайда деп ұқса, міне, солардың бәріне де тиянақтап сенбеуі керек, өйткені мұндай адамның әрқайсысы-ақ патшаның дұшпандарымен кезеңді жерінде бірігіп кетуі мүмкін. Көлденеңнен қарағанда, мен бүгін патшаға дұшпандық жасайтын жанның бірі болып көріндім, сондықтан менің патшаға деген дағдылы

сүйіспеншілігім бұрынғы жаман ойын ыдырата алмайды, оның маған күдіктене қарауына кедергі жасамайды. Менің оған көрсеткен сүйіспеншілігім, жанымның ашуы арам ойдан немесе екі жүзділік істеп, пайда табудан шыққан жок еді. Сонымен бірге мына орныма қызығып, менімен бірдей сый құрметте болудан қорқып, өзім туралы өтірік өсек айтып, дұшпандарымның маған патшаны тағы айдап салмасына да сене алмаймын. Патшаны маған қарсы итермелейтін өтірік-өсектің шынға баланбауына да тиянақтап нана алмаймын. Олар егер осыны орындай алса, онда әлгі даттауды патшаның қабыл алуына, оның бұрынғы жүрегінде жүрген күдіктенуінен үлкен көмекшінің керегі де жоқ қой. Ал егер патша сенетін болса, бұдан былай тіпті шүбәланбаса, сонда да маған онысы құпия тұрады ғой, ендеше достаса жүріп күдіктенуі, арам ойда қалуы, дұшпандарымның даттауына оңай сенетіндігі, мен жөнінде болған асығыс жаза, осының бәрі есіме түскенде еріксіз қорыққан болар едім. Ал, енді, әңгіме мына бетке түссе, мысалы, патша маған, мен оған сенер болсақ, онда қалай достасуымыздың жолын ол өзі қарастырсын, - деді.

Арыстан: - Сенің мінез-құлкыңды, ізгі қылығыңды, өзіңе лайықты орынның нағыз иесі екеніңді көзіммен көріп, енді анық білдім. Ізгі жанның бір жақсы әрекеті оның мың жамандығын ұмыттырады, ал арамза адамның бір жауыз қылығы оның мың қайтара істеген жақсылығын ұмыттырып жібереді. Мен саған сенем, ендеше, сенің ісің жөнінде айқындалған біздің шұғыл қимылымызды бұрынғы істеген жақсылығымыз еріксіз ұмыттырар деп ұғам, біз тағы саған сенудеміз, сен де біздің осы пиғылымызға қалтқысыз наншы! Осылай істесең бақыт пен куаныш өзіңнің басында болады, - деді.

Арыстаннан жапа шегіп, бәрін басынан кешірді де шибөрі іс басқаруға қайта оралды, сөйтін ол өле-өлгенше тағдырдың жазуымен рақатқа бөленіп, бақытты өмір сүріп өтті.

Патшаның уәзірлерін, көмекшілерін, үзеңгілес жақындарын баяндайтын тарау осы еді.

ЖИһАНКЕЗ БЕН ЗЕРГЕР, БАРЫС ПЕН МАЙМЫЛ ЖӘНЕ ЖЫЛАН ТУРАЛЫ

ПАТША философқа: «Үзеңгілес достарымен ажырасып кетіп, кейін қайта оралғанда патшаның бұрынғы қарым-қатысын тағы жаңғыртуы туралы айтқан әңгімеңді құмарта тыңдадым. Патша кімге жақсылық, көрсету керек, кімнің көмегіне сеніп, бел тұтуы жөн, енді сен осыны айтшы», - деді.

Сонда философ: - патшалар да, басқа адамдар да, ниеті түзу жандарға жақсылық көрсетуі керек, алғыс айтуға да, мақтауға да сыятын адамдармен жақын жүруі мақұл, үзеңгілес кісілерінің атағына, лауазымына, байлығына, әділдігіне қарай сыйлап, болмашы кішкентай жандарға, кедейлерге, әлсіз нашарларға көмек көрсетуден бас тартып, оларды сыртқа тебуге жарамайды. Үлкенді де, кішіні де әбден сынап, сынап білуі керек, опасыздық жасау, алғыстың орнына қарғыспен қарымтасын қайыратын екіталай күн туғанда, олардың жақындығы берік пе, жақсы көруі тиянақты ма, осыларды білуі жөн, сөйтіп, өзінің сезінуі, ой-өрісі нені ұйғарса солай істегені дұрыс. Ақылды дәрігер ауруды тек сыртынан көріп қана емдемейді ғой, ол аурудың тамырын ұстайды, дәретін зерттейді, содан кейін барып өзінің білімі жеткенше дәрі белгілейді. Сондай-ақ ақылды адам да сыйласуға тұратын, сертті сөзіне берік, дегдар туған кісілерді тапса немесе осындай касиеті бар хайуандарға кезіксе, олармен жан аяспай достасуы керек, ейткені күндердің бір күні мұқтаж бола қалса, олар әлгі жақсылығының қаруын қайтара алады. Кейде ақылды адам бөгде біреуді сақтандырады да, өзі сақтана алмайды, сөйтіп, ол атжалманды үйіне кіргізіп тәрбиелейді, жыртқыш құсты қолына қондырады, екеуінен де береке таппайды. Бұрынғыдан қалған сөз бар: - адам болсын, хайуан болсын, ақылды кісі олардың үлкен-кішісіне қарап жек көрмесін, бәріне де қамқорлық көрсетсін, бірақ солардың қылығына сәйкес қарым-қатынас жасаған мақұл деген той. Осы туралы бір заманда данышпандардың біреуі айтып кеткен хикая бар, - деді.

Патша: «Ол кандай әңгіме еді?» - деп сұрағанда.

Философтың келтірген мысалы мынау болды:

- Баяғы бір кезде жұрт жиналып бір үңгірге барыпты да, соның жанына аңдар түсетін апан қазған екен. Сол апанға бір зергер мен барыс, жылан мен маймыл төртеуі түсіп кетіпті, алайда әлгі адамға олардың зияны тимепті. Апанның жанынан бір жиһанкез жолаушы өтіп бара жатып, түбінде тұрған төртеуіне көзі түсіпті де қалың ойға шомыпты:

- Мынау адамды дұшпандарынан құткару игілі іс қой, келешек өмірім үшін бұдан сауабы зор қылықты ұшырата алмаспын, сірә, - депті. Сөйтіп: ол әлгі адамды суырып алу үшін апанның түбіне арқан тастапты. Өте оңтайлы жеңілтек маймыл арқанға елден бұрын жабыса түсіпті де, жолаушы оны суырып алыпты. Арқанды екінші рет тастағанда барыс ілігіпті, оны да суырып шығарыпты. Ал үшінші рет тастағанда арқанға жылан оралыпты, оны да жолаушы пәледен құтқарыпты. Жолаушының қылығына алғыс айтыпты да олар:

- Мынау зергерді пәледен құтқарып, апаннан суырып шығара көрме, -деп зар қақсапты. Сонда маймыл тұрып: - Мен Бараджун[1] атты қаланың жанында тұрам, - депті. Барыс: - Мен де сол қаланың төңірегіндегі ну ағаштың ішін мекендеймін, депті. Сонда жылан: - Мен де сол қаланың дуалында күнелтем,

- деген екен. Егер бір кезде сол қалаға келсең немесе жолшыбай жанап өтетін мезгіл туса, сонда бірдемеге зәру бола қалсаң, бізді шақыр, табан астында жетіп келеміз, осы көрсеткен жақсылығың мен достығың үшін қарымын қайтаруға бәйек болып дайын тұрамыз, - дегенді айтыпты.

Соның артынан арқанды тағы тастап, зергерді суырып алыпты, оның опасыздығы туралы маймыл мен барыс және жылан үшеуінің айтқан сөзін жолаушы елең құрлы көрмепті. Зергер де жолаушыға ырзалығын білдіріп, басын иіп тәжім етіпті де: «Сен маған зор жақсылық істедің, мен де соның қарымын қайтаруға міндеттімін. Егер Бараджун қаласына келе қалсаң, мені сұрағайсың, өйткені үйім сонда ғой. Осы керемет игі қылығыңның мүмкін, мен де қарымын қайтарармын»,

- депті. Осылайша айрылысыпты да әрқайсысы өз жөніне кетіпті. Біраз заман өткеннен кейін жиһанкездің бір шаруасы болып сол қалаға қарай сапар шегіпті. Оған маймыл кезігіпті де қол қусырып сәлем беріпті, аймалап аяғын да, колын да

[1] *Бараджун – қаланың аты.*

сүйіпті: «Қолымда ештеңем жоқ еді, сонда да бір сәт күте тұршы, өзіміздің қорегімізден бірдеме әкеп берейін», - деп өтініш етіпті. Маймыл жүгіріп кетіпті, соңынан дәмді жемісін алып жылдам келіпті де әдеппен алдына тартыпты.

Бұдан кейін жолаушы қалаға баражатып барысқа кездесіпті. Ол басын иіп сәлем беріпті де: - Сен үлкен жақсылық, өте зор ізгілік көрсетіп едің. Осы жерде тұра тұршы, мен қазір қайтып келем, - депті. Сөйтіп, кідірместен жүріп кетіп, патшаның қызына барыпты, оны табан аузында өлтіріп, алтын алқасын алып қайта оралыпты, ешкімге көрсетпей әкеліп жолаушыға тапсырыпты.

Сонда жиһанкез жолаушы өзіне-өзі айтыпты: - Хайуандар осынша қылық көрсетіп, мынадай сыйлық жасағанда, егер енді зергерге барсам ол қандай халде болар екен, мүлде шабылады ғой. Егер күтіп сыйлауға шама-шарқы жетпеген күнде мына алқаны өз бағасына сатар да жарымын маған беріп, жарымын өзі алар, - депті.

Сонсың қалаға кіріп, зергердің үйіне түсіпті. Сонда зергер: «Қош келдіңіз, жоғары шығыңыз!» - деп үйіне енгізіпті. Жолаушының қолында тұрған алқаны көре салып, таныпты да ол: «Кідіре тұрыңыз, мен қазір сізге жейтін тағам әкелейін. Үйімдегі бар тамақты сізге лайық деп есептемеймін», - деген сылтау айтыпты.

Сөйтіп, ол патша дарбазасының алдына барып: «Қызыңды өлтіріп алқасын ұрлаған адамды ұстап алдым, менің үйімде қамауда отыр», - деп хабарлапты.

Патша жендеттерін жіберіп, жолаушыны ұстатыпты. Оның қолындағы алқаны көргенде: - Ең әуелі бұған дүре соғылсын, соның артынан қаланы шыр көбелек айналдырып әкеліп, ең ақырында керіп тастасын деген әмір беріпті. Әмір орындалып дүре соғылғаннан кейін, оны жетектеп қаланы шыр айналдырыпты, сонда ол: - «Ой, шіркін-ай, егер маймыл мен жыланның және барыстың айтқан тілін алсам, мұндай бақытсыздыққа душар болмас едім-ау!» - деп зарлай беріпті.

Осы сөздерді естіп жылан інінен шықты. Жиһанкездің халін көргенде қатты уайымдады, сөйтіп оны қалай құтқарудың амалын іздеп, үлкен ойға шомды. Жылан жорғалап барып патша баласының аяғын шақты. Бұл хабар патшаға жеткенде, ол

шаһзаданы емдету үшін ғалымдарын жинап алып дұға оқытты. Олар үшкіріп бақты, бірақ ешбір ем қонбады.

- Патша әділетсіздік көрсетті, жазықсыз жазалады, міне, сол жиһанкез келіп, тамырымды ұстап, бетіме үшкірсе ғана жазылар едім, деген сөзді айтқызғанға дейін олар аспандағы жұлдыздарға да қарады, неше түрлі амал-айла да істеп бақты, еш нәрсе өнбеді.

Осы мезгілде жылан өзінің пері сіңлісіне барды, өткенде болған уақиғаны - Жиһанкездің бір кезде қандай жақсылық көрсеткенін түгел баяндады. Жиһанкезге қатты рақымы түсті де шаһзадаға барып: - Әділетсіз жәбірленген ана жолаушы келіп сені үшкірмесе, дұға оқымаса өмірі жазылмайсың, осы есіңде болсын! - дегенді айтты. Мұның артынан жиһанкезге келіп істің мән-жайын баяндады: «Мен саған осы адамнан аулақ жүр деп айтып бақтым, тілімді алмадың-ау!» - деді де удың зәрін қайтаратын бір тал шөп берді. - Патшаның алдына барған кезде баланы үшкіріп, сонсоң осы шөптің суын жұтқызсаң ол жазылады. Соның артынан патшаға болған уакиғаның адалын түгел айт, құдай жар болса, міне сонда құтыларсың, - деді.

Патша шақырып әкелген тәуіптердің үшкіргені ешбір пайда тигізбеді, осы мезгілде Шаһзада әкесіне қарап:

- Күнәсіз сопы адамды сен ұстап алып, жазаға бұйырып отырсың, ал менің жазылуым тек соның қолында, - деді. Осыны естігенде патша жазалауын тоқтаттырды да сопыны өз үйіне алдырды. Жиһанкез алдына келген кезде патша оған: «Баламды үшкір!» - деп әмір берді. Сонда жиһанкез: - Мен жын-шайтанды шақыра білмеймін, алайда дұға оқып, сиынып көрейін, сол дұғадан жазылар деген үмітім бар, - деді. Патша оған: - Ал, жарайды енді өз мұқтажыңды айтшы, мен сені тек сол үшін шақырттым! - дегенде, жиһанкез басынан кешкен тарихты баяндады, өзінің зергерге, барысқа, жыланға және маймылға көрсеткен жақсылығын шертті, кейінгі үшеуінің тапсырғанын да қалдырмай айтты, ең ақыры осы қалаға келу себебін де сөйлеп өтті. Соның артынша ол: - Ей, құдайым! Сөзімнің шын екенін сен біліп тұрсың ғой, ендеше, шаһзаданы осы науқастан тезірек құтқаршы, денсаулығын қайта орнына келтірші, аурудан айықтыршы! - деп жалбарынды. Бала науқасынан жазылды, құдайтағала оны сауықтырып жіберді.

Жиһанкезге патша мол сыйлық берді, оны өзіне жақын кісі етіп, мәпелеп күтті, зергерді кергізіп тастады, әмір тығыз берілді де табан аузында орындалды.

Ақыр аяғында патшаға қарап философ мына сөзді айтты:

- Зергердің жиһанкезге істеген қылығында, өзін ажалдан құтқарған кісіге оның жамандық істеуінде, ал хайуандардың бұған жақсылық көрсетіп, аман алып қалуында - осының бәрін де саналы жанға ғибрат аларлық көп нәрсе бар, алыс-жақынға, адал-ізгі адамдарға жақсылық көрсету жөнінде ойландыратын талай үлгілер жатыр. Өйткені пайдалы нәрсеге ұмтылу немесе зиянды нәрседен қашу жөніндегі дұрыс ұйғарым да осыған тіреледі, - деді.

ШАҺЗАДА МЕН БЕДЕЛДІ АДАМНЫҢ, САУДАГЕРДІҢ, ДИҚАНШЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

ПАТША отырып: «Алыс-жақынына қарамастан, адал туған жандарға патшалардың жақсылық көрсетуі, соған ұмтылуы жөнінде сөйлеген әлгі әңгімеңді мен жақсы ұғындым. Енді сен ойсыз алаңғасардың жоғарғы орынға, зор құрметке, ұлы даңққа ие болғанда не істейтінін сөйлеші, ал данышпан оқыған адамның бақытсыздыққа, ауыр жағдайға, үлкен пәлеге ұшырағанда қалай кимылдайтынын баяндашы», - дегенде.

Философ оған: - Көзі бар адам көреді, құлағы бар адам естиді, тап сол сияқты білім де тек ақыл арқылы, саналы ой мен алдын ала байыптау арқылы кемеліне келеді. Алайда, тағдыр мен жазмыш осының бәріне үстемдік жасайды, неше саққа жүгіртіп шытырманға ұшыратады, кейде адамға оң сапарын береді де, кейде апатқа душар етеді. Шаһзада жөнінде айтылатын бір мысал бар еді.

- Баяғыда Матун [1] қаласындағы қақпаның алдында отырып, өз мұратына жеткеннен кейін бір шаһзаданың сол қақпаға жазып кеткен сөзін біреу көрсе керек, сонда ол: «Ақылдан да, әдеміліктен де, еңбек пен күш қуаттан да - тағы басқа заттардың бәрінен де тек тағдыр мен жазмыш үстем болады екен», - деп жазып қойыпты.

[1] *Матун – кейбіреулердің болжауынша Мантур болып жазылады, қай жер екені әлі белгісіз.*

Патша: - Бұл қалай болды? - деп сұрағанда.

Философтың баяндаған мысалы мынау еді: - Бір заманда төрт адам бас қосып, өзара дос болыпты. Соның бірі патшаның баласы, екіншісі - беделді адамның баласы, үшіншісі - саудагердің, төртіншісі - диқанның баласы екен. Бәрінің басына жоқшылық төніпті; қиын-қыстау, ауыр мезгіл туыпты, үстеріне киген көйлектен басқа лыпасы да болмапты. Осы сергелдеңде келе жатып, патшаның баласы: «Бұл жалған дүниедегі істің бәрі алдын ала жазылған уақиға», - депті. Сонда саудагердің баласы тұрып: - Ең абзал нәрсе - ақыл дегенді айтыпты. Беделді адамның баласы: - Сіздер нұсқаған заттардың бәрінен де күшті нәрсе көркемдік болар, - десе керек. Сонда диқанның баласы: «Барлық нәрседен еңбек артық», - деп түйіпті.

Олар Матун деген қалаға қарай жүріпті. Таянып келгенде шеткерілеу жерге барып аялдапты да диқанның баласына қарап: - Ал енді сен барып өз еңбегіңмен бізге бір күндік қорек тауып әкеле ғой, - дегенді айтыпты. Ол қалаға барып: - Ертеден кешке дейін тынбай істегенде төрт кісі тоярлық тамақты қандай жұмыс арқылы табуға болар еді? - деп сұрағанда, оған біреу: - Бар нәрседен мұнда отын қымбат, - деп жауап қайырыпты. Қаладан бірнеше фарсах[1] жерде ағаш болушы еді. Ол сонда жүріп кетті, жуан ағаштарды кесіп-кесіп алып келді де жарты дирхем[2] ақшаға сатты. Сонсоң осы ақшаға төрт кісіні тойдырарлықтай азық алды да: «Бір күндік еңбектің бағасы тұп-тура жарты дирхем тұрады екен», - деп қақпаның бетіне жазып кетті. Осыдан кейін ол тапқан-таянған азық-түлігін әкеліп жолдастарына берді, олар ішіп-жеп қорек қылды.

Ертеңіне олар беделді адамның баласына қарап: - Бізге жетерлік бір күндік азықты әдемілігіңді бұлдап, енді сен тауып әкелші, - дегенді айтты. Ол жүріп келе жатты да қалың ойға шомды: «Ешбір іс қолымнан келмейді», - деді. Жолдастарына тамақсыз құр қол қайтып баруға ұялды да, олардан мүлде ажыраспақ болды. Ойланып келе жатып бір ағашқа тірелді. Сол кезде осы қаладағы бір ақсүйектің әйелі қасынан өте шықты. Мұның көркемдігі әйелді қатты таңырқатты, ол қызметкер кәнизегін жіберіп жігітті үйіне шақыртып алдырды. Әйел

---

[1] *Фарсах – ұзындық өлшемі, алты шақырымға пара-пар.*

[2] *Дирхем – күміс ақшаның жалпы аты.*

жарлық беріп оны жуындырды, сонан кейін әлгі жігіт осы әйелмен күні бойы рақатқа батып, құрмет көрді. Кешке жақын әйел оған бес жүз динар - ақшаны сыйлыққа тартты, сонда жігіт: - «Әдеміліктің бір күндік бағасы - бес жүз динар тұрады екен», - деп қақпаға жазды да өзі жолдастарына қайта оралды.

Ертең таңертең олар саудагердің баласына бет бұрып:

- Сауда біліміңді, ақылыңды сарапқа салып, енді сен де бізге бірдеме тауып әкелерсің, - дегенді айтты. Ол жүріп кетті, бірақ көп ұзамай-ақ қалаға таяу жиекке келіп тоқтаған үлкен кемені көрді. Кемеге тиелген жүкті сатып алуға жұрт жинала қалды. Бірақ сауда басшылары заттың бағасын сұрап білді де қалған жұртқа қарап: - Бүгін тараңдар, алушысын таппаса, заттың құнын төмендетер, - дегенді айтты. Осылайша жұрт тарап кетті. Сонда саудагердің баласы жасырынып кемеге келді де, жүз мың динар беріп барлық затты тік көтере өзі сатып алды. Қаланың саудагерлеріне осы хабар жеткенде, олар енді бұған көнді де, жүз мың динар пайдасын беріп сатып алды. Ол ақшаны есептеп шығып, жүкті саудагерлерге тапсырды да өзі жолдастарына қайта оралды. Қала қақпасының жанынап өтіп бара жатып: «Бір күнгі ақылдың бағасы жүз мың динар екен» — деп жазып кетті. Табылған ақшаны пайдаланды.

Төртінші күні таңертең олар шаһзадаға айтты: - Енді сен барып, тағдыр мен жазмыштың көмегіне сиынып бізге бірдеме тауып әкелші, - деді. Шаһзада жөнеп берді, қаланың қақпасына келді де, соның жанындағы бір орындыққа отыра кетті. Осы қаланың патшасы өліпті, одан не бала, не іні, не ағайын туыс қалмапты, міне ол осындай уақиғаға кездесті. Патшаның сүйегін алып өткендер мұның толықсымай, қайғырып-қапаланбай, міз бақпастан отырғанын байқады. Солардың біреуі келіп:

Патшаның өліміне қайғырмай, қақпаның алдында неғып отырсың, өзің кімсің? - деп сұрады. Бұл оған жауап бермеді, сонда мұны балағаттап орнынан қуып жіберді. Бірақ әлгілер өтіп кеткеннен кейін бұл өз орнына отырды. Жұрттың бәрі тараған кезде алғаш орнынан қуалаған кісі тағы көріп қалды да: Әлде мен саған бұл жерде отыруға болмайды демеп пе едім?

- деп тепсінді. Таяна келіп оны үстап алды да зынданға қамады. Патшаны сайлауға жұрт жиналды, кімді қоюды ақылдасты, сонда шаһзаданы зынданға қаматқан әлгі кісі түрегелді де

болған уакиғаны баяндады: - Шетел жіберген тыңшы ма деп қорқам, өзін осында алдырыңдаршы,—дегенді айтты. Оны алып келді, сен кімсің, не істеп жүрсің, біздің жерге қандай себеппен келдің? - деген сұрақтар қойды. Сонда ол: - Мен Курунад[1] патшасы Истахармын. Үлкендігіме қарамастан әкем өлгеннен кейін, патшалықты інім басып қалды. Тіршілігіме қауіп төнді, сондықтан одан қашып шықтым да сіздерге келдім, — деді. Сөздерін жұрт ұйып тыңдады, өйткені шаһзада өз елінде кімдер бар екенін атап айтты, сол арада мақтап-мадақтап бастарына көтерді де осыдан кейін оны патша етіп сайлады, мемлекет ісін қолына тапсырды. Патша етіп сайлаған кісілерін қаланы айналдырып қыдыртатын осы елдің ежелгі әдеті болушы еді. Сөйтіп, олар мұны пілге мінгізіп төңіректі түгел аралату үшін алып жүрді. Қала қақпасынан өте бергенде жолдастары жазып кеткен сөздерге көзі түсті. Сонда ол жарлық берді: «Еңбек те, ақыл да, адамның басына келетін жақсылық пен жаманшылық та — бәрі де тағдырдың қалауымен болады. Тәңірінің маған көрсеткен осы игілі ісі, мына қонған бақыт пен келелі жақсылық бәрі де соның тиянақты айғағы ғой», - деп жаздырды.

Соңынан патша мәжіліс залына кіріп, таққа отырды да өзінің баяғы достарына кісі жіберді. Олар келген кезде патша үлкен сыйлық жасады, мол байлыққа ие қылды. Осының артынша ол мемлекетіндегі ақылды адамдарды, тәжірибелі ысылған көмекшілерін жинап алып: «Тәңірінің өзі арнап жіберген осы игілікті ісі тек қана тағдыр мен жазмыш арқылы келді, мұны менің достарым анық ұқты, — бұрынғы уақиғалардың да тек соның қалауымен болғанын олар ұмытпаса керек. Шынында да, тәңірінің мен үшін дайындап, маған сыйлаған заттарына не әдемілік, не ақылдылық, не еңбек арқылы қолым жеткен жоқ қой. Туған інім өзімді қоркытып, жер аударып, мені тентіреткенде, осындай атаққа қолым жетеді, соған не болам деп сенген жоқпын, оның үстіне осы елдегі тұрғын адамдардың ішінен менен ақылды, мөнен көркемдерін де көрдім, ысылған тәжірибесі де, еңбекке ұмтылуы да әлдеқайда басым жандардың да бар екенін білдім. Бірақ мені тағдыр айдады, сөйтіп жат елге келдім де өкіметке ие болдым, мұның бәрі тәңірге белгілі, ежелден жазулы еді, әйтпесе мен ауыр тіршілікке көнген болатынмын», - деді.

[1] *Курунад – қай жердің аты екені әлі белгісіз.*

Сонда осы елдің бір жиһанкезі орнынан түрегеліп: «Ей, патшам! Сен өте саналы, келелі ойдан туған данышпан сөз айттың-ау! Біз саған жақсылық ойлаймыз, өзіңе түгел сенеміз, айтқаныңды екі етпей қабылдаймыз, сөзіңді дұрыс деп ұғамыз. Тәңірінің ұлы көмегі, үздіксіз рақымы тиген, жалғыздың өзі жарылқаған кемеңгер адам екеніңді де біз білдік. Бұл жалғанда да, ақыретте де орнын тауып, өте қуанышты тұратын тек тәңірісі жарылқаған сендей ғана адам болады, саған осынын бәрін тәңірінің өзі берген еді. Бізге сені патша етіп белгілеп, мемлекеттік ісімізді саған жүктеп, тәңірім біздің де тілегімізді орындады. Бізге осынша рақымы түсіп, осындай құрмет көрсеткені үшін тәңіріге алғыс айтамыз, - деді.

Бұдан кейін екінші жиһанкез орнынан түрегелді. Ол тәңіріні мақтап аспанға көтерді, оның рақымын есіне алып, дәрежесін дәріптеді:

- Ей, патшам! Мен бала күнімде, әлі жиһанкез болмай тұрып, бір адамның қолында жұмыс істедім. Жалған дүниелік өмірден безуге бет алдым да сол кісіден ажырасатын болдым, сонда ол сіңірген еңбегім үшін маған екі динар берді. Осы екі динардың біреуін ғаріп-қасірлерге үлестіріп, екіншісін өз әжетіме жаратпақ болдым. Бірақ осының артынша: «Егер осы динарға бір тірі жанды сатып алып, тәңірінің құрметі үшін қапастан азат еткен болсам, анау ақыретте соның сауабы тиіп, ұлы игілігін көрмес пе едім?» - деген ойға тіреледім. Базарға бардым да, екі көгершінді сатқалы отырған аушыға кездестім. Мен саудаласа бастадым, бірақ екі динардан кемге мүлде бергісі келмеді. Екеуін бір динарға сатып алғым келді, бірақ ол көнбеді. Сонда мен: «Мүмкін бұл екеуі ерлі-зайыпты жұбай шығар немесе ағайынды қарындас болар. Егер біреуін босатсам, екіншісі іш-құса болып өліп қалар», - деп қауіптендім. Белгілі құнын төлеп екеуін де сатып алдым. Бірақ бұларды осы жұрт жайлаған жерге қоя берсем, бұрынғы тар өмірдің тақсіретін тартып әбден арықтаған көгершіндер ғой, құтылып кете алмас деп қорықтым. Сөйтіп көгершіндерді алып ұлан-байтақ ен жайылымға бардым да босатып қоя бердім, олар ұшып шықты да, онша ұзамай бір ағаштың басына барып қонды, мен мекеніме қайта беттедім. Сонда бір көгершін екіншісіне қарап: «Мына жиһанкез бізді пәледе құтқарды ғой, ендеше, біз де

қарымын қайтарып жақсылық істелік», — деді. Содан кейін олар маған келіп: «Сенің бізге көрсеткен қылығың үшін саған алғыс айтып, қарымын қайтарып, татымды сыйлық жасағанымыз жөн. Мынау ағаштың түбінде іші толған динар, бір құмыра жатыр, соны қазып ал», - деді.

Мен ағаштың түбіне бардым, бірақ көгершіндердің тіліне аса нана да қойғам жоқ. Азырақ шұқып көріп едім, құмыраға жеттім, оны суырып алдым да дұға оқып құдайға жалбарындым, көгершіндердің тілеуін тіледім. Осы арада мен оларға қарап:

- Сендер жеті қабат жердің астындағыны білесіңдер, аспанның аясында қалықтайсыңдар, сөйте тұрып мен босатып алған пәлеге қалай ұшырадыңдар? - деген сұрақ қойдым. Сонда олар: «Ей, данышпаным, тағдырдың сұрапылы төнгенде көздің соқыр болатынын сен білмеуші ме едің? Дүниедегінің бәрінен жазмыш өктем, оған килікпеуге ешкімнің күші жетпейді және ешкім қашып құтыла алмайды», - деп жауап қайырды.

Осыдан кейін патшаға бұрылып философ: «Уакиғаны бақылап зерттейтіндердің жете түсінгені жөн ғой, дүниедегі нәрсенің бәрі тағдырдың қалауынша, жазмыштың билеуімен болатынын білсінші, өзіне ұнаған затына ешкім күш жұмсап жете алмайды, тілемеген затынан қашып кете алмайды. Мұның бәрі тәңірінің еркінде, ол өз тілегенін жасап шығарады, уақиғаны өз қалауынша алдын ала белгілейді. Оның алдында жаны бардың бағынып көнгені жөн, жүректің құлдық ұруы мақұл, өйткені құдай осы жолға түсіре білген, оған мұқылас нанған жандар ғана кеңшілік пеп тыныштықта өмірін өткізеді», - деді.

АҢШЫ МЕН ҚАНШЫР ЖӘНЕ ШИБӨРІ ТУРАЛЫ

ФИЛОСОФҚА қарап патша: «һәммәнің бәрі тағдыр мен жазмышқа бағынады деген әңгімеңді тыңдап өттім. Өзі зақым көріп, зиян шеккендіктен, бөгде біреуге де зиянын тигізуден тыйылатын адам болады, өзі бақытсыздыққа ұшырағандықтан басқаға да жәбір көрсетпейтін жан болады, міне, енді, сен осылар жөнінде бір уақиғаны шертші», - деді.

Сонда философ: - Жалпы жұртты апатқа ұшыратын кеселді қылыққа тек ақымақ, ойсыз есуастар ғана ұмтылады; бұл жалғанда да, ақыретте де әлгі уақиғаның немен тынарына олар көз жібермейді, кек алудың ақыр соңында өзіне қайта тиер зиянын да түсіне алмайды, өзі тілеп алған ауыртпалықтың нәтижесін де толық ұқпайды, осы қырсықтың бәрін тілмен айтып жеткізуге де болмайды. Істеген қылмысына жаза тартпай тұрып, кейбіреулер алдын ала қам жасап, айласын асырып құтылып кете алса, басын сағалай білсе, бұларды көріп бағзы біреулер алданады да, тіл жетпейтін, адам айтқысыз ауыр қатерге ұшырайды. Ал кей кезде есуас жанның өзі де біреуден көрген зұлымдығы, шеккен жапасы арқылы үлгі-өнеге үйренеді де, сондай әділетсіздікті, дұшпандықты баскаға істеуден тоқталады, сөйтіп, ол өзінін сабыр етуінен пайда табады.

- Аңшы мен қаншыр және шибөрі жөнінде айтылатын әңгіме осыған ұқсайды, - деді.

Патша: - Ол қандай уақиға еді? - деп сұрағанда. Философ Бейдауаның келтірген нақылы мынау:

- Баяғыда бір қаншыр қопалы жерге өскен жыныс бұтаның ішінде тұрыпты, қасында екі күшігі болыпты. Бір күні аң алауға шығыпты да екі күшігін тастап кетіпті. Осы кезде өтіп бара жатқан бір салт атты аңшы екі күшікке тап болыпты, оларды өлтіріп, терісін сойып алып, қанжығасына байлап жөнеп беріпті.

Енесі қайтып келгенде жан түршіктіріп, жүрегін кеміретін осындай ауыр жағдайға ұшырағанын көріпті, екі көзі қанталап, қатты ашуланып, қамықса керек. Сонда қаншыр ұзақ уакыт дәйек таппай дөңбекшіп, өкіре беріпті. Шибөрі онымен көршілес тұрады екен. Осы қалың қайғының үстінде арыстанның

сарнаған даусын естіп ол: - Саған не болды? Қандай қырсыққа душар болдың? Айтшы маған, баяндашы түгел, қайғыңа ортақ болайын, ауыртпалығыңды бірге көтерісейін! - депті.

Сонда қаншыр: «Менің екі күшігімді осы арадан өтіп бара жатқан бір аңшы өлтіріпті, терісін сойып алып, қанжығасына байлапты да, сүйегін жапан түзге лақтырып тастап кетіпті»,

- деді.

Шибөрі тұрып: «Қайғырма да, айқайлама, сабыр қыл, түсініп тоқташы өзің, сенің баскаға істегеніңдей ешбір ауыр қылық көрсеткен жоқ ол саған, күшіктеріңді жоқтап, ашу шақырып, назаланғаныңмен еш нәрсе таппайсың, біреудің сүйікті жандарына өзіңнің тигізген зақымыңнан бұл аңшының қылығы сорақы емес қой! Сенің қырсығыңа олар да шыдап еді, енді сен де шыдашы! Бұрынғылар айтыпты; - «Біреуді қалай жазаласаң, сені де солай жазаламақ!» - депті. Жазаға тартылу не сыйлыққа бөлену, міне, бұл екеуі істеген істің жемісі болады, бұлар бірде мол, бірде аз болмақ, мысалы диқан өзінің орақ орушыларына егінжайды белгілі мөлшерде бөліп беріп орғызады ғой, бұл да сол сияқты, - деді.

Қаншыр: - Ей, сен осы сөздеріңді түсіндірші, мәнісін ашып айтшы, - деді.

Шибөрі: - Сен қанша жыл өмір сүрдің? - деп сұрағанда.

Қаншыр: - Тура жүз жыл тұрдым, - деп жауап қайырды. Шибөрі: - Қалай тұрдың, нені қорек қылдың? - деп сұрағанда.

Қаншыр: - Хайуандардың етін қорек еттім, - деді.

Шибөрі: - Сол хайуандардың ата-анасы бар ма еді? - деп сұрағанда:

Қаншыр: - Әрине, бар еді, - деп жауап берді.

Сонда шибөрі: - Сенің бүгінгі күніренген айғай-шуыңды, сарнаған дыбысыңды біз сол ата-аналардан неге естімедік? Бұл қалай болды екен? Ендеше, басыңа түскен осы ауыртпалықтың себебін саған мен айтайын, өз қылығыңның ақырына көз жібермегенсің, ойланбай үстірт қарапсың, солардың зияны, сайып келгенде, қайта оралып, өзіңе тиерін жете ұға алмағансың,

- деді.

Қаншыр мына сөзді естіген кезде, осы бақытсыздыққа өзі себеп болғанын түсінді, адасқанын білді, әділетсіздік жасап, қиянат істегеннің бәрі де ақырында сазайын тартатынын, жазаға ұшырайтынын, бұрын

аңғара алмағанын байқады. Сөйтіп, ол аң аулауды доғарып, ет жеуден мүлде безді де жеміс теріп қоректенуге көшті, тағат-ғибадат етіп, құдайға құлшылық қылуға бет алды.

Осыдан кейін жеміспен күнелткен шибөрі, арыстанның жемісті ойсырата жеп, құртып бара жатқанын байқады да:

- Мен биыл ағашқа жеміс өте тапшы өскен шағар деп ойлап едім, бірақ артынан бақсам, бұрын ет жеп жүріп, енді жеміс теруге көшкен сенің кесірің екенін көрдім, құдайдың өзіңе арнап берген тамағыңды тастап, басқаның ырзық несібесіне қол салғанынды байқадым, сөйтіп жемісті азайттың да тіпті өзінді де тапшылыққа ұшыраттың. Ағаштың жемісі де бұрынғыдай өсіпті, тек мұның бәрі сенің кесіріңнен екенін білдім. Ағашты да, жемісті де, оны қорек етіп күнелткен жандарды да түгел қарғыс атты. Жаппай індет тиіп, енді олар жылдам қырылуға қалды, өйткені жеміс теріп жеуге титтей де қақысы, ешбір еркі жоқ, сендей аңдар жемісті енді олардың ауыздарынан жырып әкетіп отыр ғой, - деді.

Осы арада қаншыр жеміс теруден тыйылып, құдайға құлшылық етіп, енді шөп жеуге кірісті.

Шибөрінің айтқанына еріп, қаншыр шөпті қорек етті, құдайға құлшылық қылып, сопы болуға беттеді; күшіктері өліп бақытсыздыққа ұшырағанда ол ең әуелі ет жеуден безіп жеміс теріп кетті, сөйтіп, ол ақылсыздығын білдірді де бөгде жандарға зиянын тигізді, міне мен бұл мысалды саған осы сырларды ашып көрсету үшін келтірдім, - деді.

Осы мезетте патшаға қарап философ: - Әрбір адам өз игілігі үшін бірдемеге беттерде толғануы керек. Бұрынғылардан қалған сөз бар: «Өз басыңа тілемейтін істі, біреуге істеме», - деген ғой. Ақиқат, әділдік міне, осында, ал әділдікке құдай да, халық та ырза, - деп сөзін түйді.

СОПЫ МЕН ҚОНАҚ ЖАЙЫНДА

ПАТША отырып философқа: «Өз басына келген зиянның, тартқан ауыртпалықтың зардабы үшін бөгде біреуге зақым жасаған жан туралы айтқан бұл әңгіменді тыңдап өттім. Енді сен, айтар болсаң, өз басына лайық жарасымды істі тастап, көлденең бірдеңені іздейтін жеңсікшіл адам жөнінде сөйлеші. Ұмтылған ісіне қолы жетер-жетпесте тастай беріп баяғы ескі әдетіне қайта оралатын, бірақ ұмытып қалып оған да мұршасы келмей, ақырында ақырып, есі шығып, далаңдап босқа қалатын адам туралы бір әңгіме шертші», - деді.

Сонда философ мынау әңгімені баяндады: «Баяғыда Карх[1] деген жерде бір сопы адам тұрады екен. Бір күні соның үйіне бір қонақ келіп түсіпті. Сопы жеміс әкелдіріп қонағын сыйлапты, екеуі отырып бірге жепті. Оның артынша қонақ айтса керек: - мынау қандай тәтті жеміс және өзі мүлдем дәмді екен! Менің мекенімде мұндай құрма ағашы жоқ, бірақ мұның орнына басқа жемістер жеткілікті. Мына сияқты тәтті ауыз тұшытатын дәмді жемістері жоқ ел, оның орнына денсаулыққа зияны тиетін, дімкәс жемістерді, дәм-татымы шамалы бірдемелерді жеп те қанағат тұтады ғой», - деді.

Сонда сопы: - Өзінде жоққа ділгер болып аңсай беретін жанды бақытты деп есептеуге де, оны кешіруге де болмайды. Осының салдарынан оңазалық күшейеді, шыдам азаяды, сөйтіп, қамығып назаланудың тақсіретін тартады, қайғы- қасіретке ұшырайды ол. Еншісіне тиген үлесіне қанағат тұтып, қолы жетпеске, әлі келмеске ұмтылудан бас тартқан адам зор бақытқа, үлкен ырысқа ие болады, - дегенде, қонақ оған: «Дұрыс-ақ, айтқаныңның бәрі жөн! Мен қазір сенен жат тілдің дыбысын естідім, ол мені қатты таңырқатты. Өте әдемі тіл екен. Маған соны үйретсейші, өйткені құмартып, шөліркеп тұрмын, үйренгім келеді», - деді. Сонда сопы: «Егер сен өз тіліңді тастап, мына жебірейіл тілінде сөйлей бастасаң, онда құзғын ұшыраған пәлеге сен де кезігер едің-ау!» - деді: Қонағы: - Ол қандай уақиға еді? - деп сұрағанда:

Сопының келтірген нақылы мынау болды: - Бір күні құзғын жорғалап келе жатқан құрды көріпті, оның жүрген

[1] *Бұл атаудың арабша түпнұсқасы әлі анықталғанжоқ: араб географиясының тізімінде Карх – қаланың шеті,төңірегіндегі бір бөлшегі мәнісінде айтылады.*

жүрісі ұнап кетіп, соны үйренуге қызығыпты. Құрша жорғалауға жаттыққысы келіпті, бірақ толық үйрене алмапты. Сол кезде ол өзінің дағдылы жүрісіне қайта оралыпты, бірақ оны да ұмытып қалса керек, сөйтіп құзғын ұмтылғанына жете алмай, өзінің үйреншікті дағдысын да ұмытып, шөре-шөре боп дағдарып, бос қалыпты.

- Міне, мен бұл накылды әдейі келтірдім, өйткені мұршаң келмейтін жебірейіл тілін үйренуге ұмтылсаң, сен ол мақсатыңа да жете алмайсың, өзіңнің дағдылы тіліңді де ұмытасың, сөйтіп шөре-шөреде бос қалып опық жейсің, соны көрсетпек болдым. Бұрынғылар айтыпты: «Ата-бабасы үйренбеген, бойына жараспайтын, үйлесімсіз өрескел нәрсеге ұмтылатын жанды ақымаққа есептеуге болады деген екен», - деді.

Осыдан кейін патшаға қарап философ: - Осы сияқты, тағы басқа осындай жағдайларда жүрген қол астындағыларының қамын ойланған жөн, бұлай істемеген әкімдер бүгінде нағыз бақытсыз жандар, өйткені ырзық несібелі және үйренген орындарын тастап баска қызметке ауысуынан олар да зор зиян шегеді. Төменгі орыннан жоғары дәрежеге ұмтылуы арқылы жұрттың пиғылы бұзылады, патшаға да үлкен кесірі тиеді, үкімет ісі аласапыранға ұшырайды, арамзаның ізгі адаммен жауласуы көбейеді, әрі қарай бәрі осы ізбен жүреді. Патшаға және оның үкіметіне қарсы өре түрегелу қаупі туады, міне бұл сондай бір зор уақиғаға килікпей тынбайды.

«КӘЛИЛӘ МЕН ДИМНӘ» КІТАБЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ПАТША мен философтың әңгімесі, сопы мен қонақ жөніндегі осы тарауға жеткен мезгілде патша үндемей аңырып қалды, сонда философ: «Ей, патшам! Сен мың жыл жасайсың, жеті ықылымды [1] билейтін боласың, тағдыр мен жазмыштың себебі тиіп, кол астындағы халықтың саған көзі тояды, әрбір заттың негізі саған ырзық-несібе болып тартылады, жұртың көл-көсір қуанышта, шаттықта өмір сүреді. Өйткені сен өзіңді- өзің толық билей білесің, ақылың да, ойың да үдере өсті, батырлығың да, жомарттығың да шарасынан асты, сана-сезімің

[1] *Грек пен араб географиясының желісі бойынша жер ұзынынан жетіге бөлінеді, соны грекше климат (ықылым) деп атайды.*

де, сөзің де, бет-алыс бағытың да түзеліп, бір арнаға құйып тұрғандай. Ұйғарымың мүлт кетпейді, сөйлеген сөзің жаза баспайды, іс-әрекетіңде ақау жоқ. Батылдық пен майдалықтың басын бір жерге қостың, жұртың саған сенді, сен оны ақтай алдың, қорқақ немесе тынысы тар жан болып көрінбедің. Мен де істің мән-жайын түгел баяндадым, сұрағандарыңның бәріне де лайықты жауап қайтардым. Сенің мұң-мұқтажыңды орындауға тырысып, бар тапқанымды, түгел ойымды сарқа сөйледім. Ой-сананы үрдіс жұмсап, ақ пейіл мен кең аңылды ізгілікке икемдеген осы пиғылымның қаруын қайырсаң болғаны, өйткені ілгеріде өзім де айттым ғой, сол ақылды қабылдаған жан бақытты, айтқан кеңесін қабылдаушыдан гөрі, сол кеңесті беруші істің ақырына бекем бола алмайды. Білімге үйретушіден гөрі үйренуші жырақ тұрады деу бекер. Осы кітапты оқығанда өз ойын бекем билеп толғанған жан, ақыл сарабына салып ойлаған адам, мезгілі келген заматта тағдырдың көмегімен ұлы дәрежеге жетіп, келелі істі орындауға лайық. Ойланып, толғанып, сол мезгілді күзетіп әуреленбеші, асырып елегізімеші! Ей, патшам, саған құдай тағала өзі жар болсын, бойыңды билетіп, бұзылған ниетіңді жөнге салсын, жаныңды жегідей жейтін қызу мінезіңнен айықтырсын, ақыл мен білімнің, адамгершілік пен жомарттықтың, бекзаттықтың босағасынан аттанып дүние салған әкелеріңнің де, өзіңнің де жаның жәннәтте болсын, алладан рақым көрсін», - деді.

КӨГЕРШІН МЕН ТҮЛКІ ЖӘНЕ КӨККҰТАН ТУРАЛЫ БІР СӨЗ

СОНАУ өткен көне заманда Дәпшәлім патша өзінің ғалымы Бейдауадан сұрайды: «Ей, достым, мен сенің әлгі айтқан мысалдарыңды қалтқысыз қадағалап тыңдадым. Енді сен бөгде біреуге ақыл үйрете білетін, бірақ сол ақылын өз игілігіне жұмсай алмайтын жан туралы бір мысал келтіріп көрші», - дейді.

Сонда ғалым Бейдауа: «Мұндай мысал бар, асыл патшам, ол көгершін мен түлкі және көккұтан туралы», - дейді.

Патша тұрып: — Ол қандай әңгіме екен, — соны айтып көрші, - деп сұрағанда, ғалымның айтқан мысалы мынау еді: — Баяғыда бір көгершін аспанмен тілдескен шынар ағаштың басына ұялапты. Сонша зәулім биік шынардың ұшар басына ұя

салу оған оңай тиді дейсіз бе, өте көп еңбек сіңіріп, өліп-талып әрен бітіріпті. Ұясы әбден даяр болған соң жұмыртқалапты да, балапанын ашып шығарыпты. Балапандары ер жетіп есейе бастаған кезде бір түлкі сол шынардың түбіне келіпті. Ол жұмыртқадан шыққан балапандардың ер жеткен кезін аңдып жүретін қу болса керек. Ағаштың түбінде тұрып, әлгі түлкі: «Мен қазір шынардың басына шығамын, бәріңді түгел қылғып-жұтып қоямын», - деп ақырып, ащы дауыспен айғай салыпты. Түлкінің осы қоқан-лоққысынан зәресі ұшқан сорлы көгершін өз балапандарын сұм түлкінің аузына лақтырыпты.

Күндердің бір күні көгершін екі балапанын ұядан шығарып, мәпелеп отырған заматта, сол шынардың басына келіп көккұтан қоныпты. Қапаланып, қатты ренжіп, елегізіген көгершінді көріпті де:

- Уа, көгершінім, неге сен осынша күйзеліп, қан жұтып отырсың? - деп қонағы сұрағанда, оған көгершін: «Уа, достым, маған сор болған мына бір түлкі ғой, жыл сайын балапандарым ұядан шыққан мезетте, ол осы шынардың түбіне келеді де, жерді тепкілеп, айқай салады. Отыңның басын ойрандаймын, ұяңды тас-талқан етемін, - деп қорқытады. Мен бейбақ жанымды қоярға жер таппаймын. Сасқалактап жүріп ішімнен шыққан шұнақ балапандарымды оның аузына лақтырып, жан сауғалаймын. Сөйтіп дұшпанымнан әрең құтыламын. Иә, достым, бұл түлкі менің басыма келген зауал ғой», - деп мұңын шағыпты. Сонда көккұтан: «Сүйікті көгершінім-ау, егер осы айтқаныңдай-ақ, енді түлкі келе қалса сен оған былай деші: - мен балапандарымды сенің аузыңа өздігімнен тастай алмаспын, сандалмай аулақ жүр, осы тілімді алмасаң мерт боларсың, ал енді өзіңді-өзің аямасаң, онда басыңды бәйгеге тігіп, мына шынардың төбесіне өрмелеп шығып көр! Тағы расын айтайын, егер осылай істей алсаң ғана сен менің балапандарымды жерсің, сонда да аузыңа өзім түсе қоймаспын, ұшып кетермін, деп бір көрші», - депті.

Осы айланы үйретеді де көккұтан ұшып кетеді. Дағдылы мерзімінде түлкі шынардың түбіне келіп тұра қалады да, бұрынғы әдетінше ақырып айқай салады. Көгершін оған көккұтанның үйреткен сөздерін айтады. Сонда қу түлкі әңгіменің төркінін түсініп: «Ей, көгершін, мұны саған кім үйретті?» - деп сұрайды, көгершін кідірместен: «Көккұтан үйретті», - деп жауап қайырады.

Қолынан келер қайраны жоқ түлкі енді көккұтанды іздеп сапар шегеді. Бір өзеннің жағасына қонақтап отырған көккұтанға келіп:

- Уә, көккұтаным сұрағалы келген бұйымтайым бар, егер жел оң жағыңнан соқса, басыңды сен қайда паналатар едің?

- деп сұрақ қояды.

Көккұтан: - Мен басымды сол жағыма қарай бұрар едім,

- дейді.

Түлкі: - Егер жел сол жағыңнан соқса қайтесің?

- Онда басымды оң жағыма бұрып паналатармын, - дейді.

Түлкі: - Ал егер жел жан-жағыңнан, оңды-солды, алды-артыңнан ұйтқып соқса не істер едің?

Көккұтан: - Онда басымды қанатымның астына басар едім, - деп жауап береді.

Түлкі: - Қанатыңның астына басыңды сыйғыза алар ма екенсің? Бұл тіпті мүмкін емес қой деп ұғамын...

Көккұтан: - Әрине, сыйғыза алам, - дейді. Түлкі: - Көзіме көрсетші, сен оны қалай істейсің? Шынында, құстарды құдайдың өзі ардақты етіп жараткан ғой, осының растығына ант ішуге даярмын! Біздің жыл бойы ойлап таба алмайтынымызға сендердің бір сағатта-ақ көздерің жете қояды, біздің жете алмайтын жерімізге сендер лезде жетесіңдер! Желден де, үскірік аяздан да бастарыңды қорғап, қанаттарыңның астына баса аласыңдар! Бәрі қолдарыңнан келеді, сендерге оңай емес нәрсе жоқ-ау, сірә! Көрсетші көзіме, садағаң кетейін, құрметті досым-ау, сен оны қане, қалай істейсің? - дейді. Мекер түлкінің мақтағанына еріп көккұтан өзін-өзі ұмытады да, ол басын апарып қанатының астына тығады. Ақымақ көккұтан домалана қалған кезде, оның күндікке осылай істеуін күтіп тұрған қу түлкі, секіріп барып бас салады да көккұтанның ауыз омыртқасын жұлып жеп жатып: «Уа, сорлы, өзіне-өзі дұшпандық істеген, ақымақ бейшара, көгершінге ақыл-айла үйрете білген өзің едің ғой, ал сол ақылыңды өз басыңа жарата алмадың да, жауыңның тырнағында қаза таптын-ау, сен әңгүдік», - дейді де, көккұтандай жемтігін жеп түлкі жайына кетеді.

ТЫШҚАН ПАТШАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ

УӘЗІРЛЕРІ ТУРАЛЫ

ФИЛОСОФ Бейдауаға қарап Үндістан патшасы: «Мен бұл нақылыңды тыңдап өттім. Алайда сен көрсетші маған, адал ақылшыны адам қалай іздеп табуы керек және соның данышпан ақылынан қандай пайда түсіруге болады, міне осыны білгім келеді», - деді.

Сонда философ: «Адал ақылшыны сұрыптап ала білген және соның тілін екі етпей қабылдаған жан зор пәледен құтылмақ, ақылшының жәрдемі тиіп үлкеп пайда таппақ, мысалы адал уәзірлерімен ақылдасып, тышқан патшасы өзін де, қол астындағы басқа тышқандарды да қиын-қыстау ауыртпалықтан аман алып шығыпты», - деді.

Патша: - Ол қандай уақиға еді? - деп сұрағанда.

Философ: - Баяғыда брахман жерінде, көлденеңі мың фарсах Дуран[1] деген бір аймағы болыпты. Осы аймақтың орталығына Идазинун[2] атты қала салыныпты, сол қаланың төңірегі толған көкорай шалғын екен, тұрғын халқы сауық- сайран жасап, қызық өмір сүреді екен. Осы қалада Михраз[3] деген тышқан болыпты, ол осы төңіректегі және қала ішіндегі барлық тышқандардың патшасы екен. Оның үш уәзірі болыпты, патша әрбір іске беттегенде солармен кеңеседі екен. Біреуінің аты Зузама екен, ол өте ақылды данышпан болыпты, басқалардан оның артықтығын патшаның өзі де мойындайды екен. Екінші уәзірі Шира, ал үшіншісін Богдаз[4]дейді екен. Күндердің бір күні осылар патшаның алдында отырып неше түрлі заттар жайында әңгіме-дүкен құрады. Сөйлесе-сөйлесе келіп олар: «Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан дағдымыз бар - мысықтан қорқып жанды қоярға жер таппаймыз, міне осы үйреншікті аурудан енді құтыла аламыз ба, жоқ па?» - деген мәселеге тіреледі.

---

[1] Дуран – мүмкін, парсының «Дур-аб» - («судан алыс») деген сөзінің өзгерген түрі болар.

[2] Идазинун – «Андар биябан» («жапан түзде») деген парсы сөзінің өңі айналған түрі болса керек.

[3] Михраз – парсы тілінде «Мих-яр» («мейірбан дос») деген мағынада болса керек.

[4] Зузама – парсы тілінде Зудамад – «жылдам келеді», Шира – парсы тілінде Ширах – «арыстанның күшігі», Богдаз – парсы тілінде «құдайберген» болса керек;

Бірінші сөзді патша бастады. Ол айтты: «Данышпандардан естігенім бар: әрбір адам өз үй-ішіне, бала-шағаларына екі түрлі міндет жүктесін және адал ақылшыларды сұрыптап алсын дейді екен. Бірінші міндет бұрын болған істі ойламау жөн, өтіп кеткен, бастан кешкен пайда, зиян жөнінде де ешбір толғанбау керек екен. Екінші міндеті - зиянды нәрсені жоюға тырысып, қолда барын қысып ұстасын дейді екен. Ата-бабамыздың істеп кеткен келелі еңбегі бізге пайдасын тигізді де, әлі күнге рақатта, үнемі бейбітшілікте өмір сүріп келеміз. Біздің басымызда тек жалғыз-ақ мұктажымыз бар, қарғаның айтайыншы, толып жатқан қауіп-қатер, ділгерліктің бәрінен де осы ауыр, бұл біздің мысықтан көретін зиянымыз, шерменделікте шегетін жапамыз ғой. Ата-бабамыздың қолы жете алмай кеткен амал-айланы енді біз қарастырып көрелік, әрине, олар да іздестіріп баққан, бірақ, таба алмаған. Біздің ендігі міндетіміз - мүлт кеткен, бұрын тексерілмеген бір әдіс арқылы осыны жою болады, өйткені үздіксіз игілікте тұрып, ұлан-асыр қызықты өмір сүрсек те, мына қорқыныш тіршілігіміздің дәмін кетіруде, данышпандар айтыпты ғой, — кімде-кім ел-жұртынан, қатын-баласынан айрылып, отанынан қол үзсе, сөйтіп бір түн қонақтап, ұйқтап шығатын мекен таба алмай, қауіп-қатерге ұшырап қаңғырса, міне соның тіршілігі өліммен тең деген ғой», - деді.

Патша сөзін бітірген кезде, Шира мен Багдаз оған мынау әңгімені көйітті:

- Әміршіміз сіз болғандықтан біз бақыттымыз, өйткені өте ысылған, асқан ақылды, мүлтіксіз данышпансыз. Бұрынғылар айтыпты: «Өз ақылы тапшылау құлдың данышпан әміршісі болса, соның игілі істері арқылы құл да мұратына жетіп, мақтанбақ, — депті. Сол айтпақшы, біз де, ізгі басқаруыңызға, дана билігіңізге сиынамыз, осы беттеген мақсатыңызға жетуіңіз үшін тәңірінің мейірлі болуын өтінеміз, не айтсаңыз да құлдық ұрып қабылдауға дайынбыз. Патшаның ұлы атағы мәңгі өшпесін, сонда біздің атымыз да ескерілмек, өйткені патшамыздың бар мақсатын екі етпей орындауға ұмтылмақпыз, әсіресе осы бет алысында патшамыздың бар тілегі жүзеге асқанға дейін біз де мал-жаннан безе қимылдауымыз керек», - депті.

Екі уәзір сөзін аяқтаған мезгілде, патша үшінші уәзіріне шұқшия қарады. Біраз күтіп кідірді де, әңгімеге араласқысы келмей отырғанын байқап, патша ашу шақыра сөйледі: «Әй, сен өзің қалайсың, адамзат қауымындағы бірталай жандар,

әсіресе жырынды да сенімді достары бар патшалар, нені істеу керек, неден бас тарту қажет екенін айтысып, көп нәрсе жөнінде дауласыш, талқылап-ақ жатады ғой! Тіпті біздің беттеп отырған ісіміз шамамыздан тысқары болған күнде де, оны орындауға қамдануымыз саған оғаш көрінсе де, патшаның алдында өз ойыңды ашып айтуың керек еді, жауап беруге мұршасы келмейтін кереңнен де меніреу жан тәрізденуің қалай?» - деді.

Патша соңғы сөзін бітірген заматта үшінші уәзір сөйлей жөнелді: «Осы сәтке дейін сөзге араласпағаным үшін патшам мені кінәламасыншы. Жолдастарымның әдемілеп айтқан сөздерін түгел тыңдағым келді, сондықтан ойларын бөлмей бәрін екшеп шығуға тырыстым, өз шама-шарқымша білгенімді соңырақ айтуға оқталдым», - деді.

Патша: - Ал, өз ойыңды баяндашы! - дегенде. Уәзір: - Менің ойымша өз мұратына қалай жетудің амал-айласын патшам біліп отырған сияқты, соған өзі қатты сенеді де, ал егер ол өзі біле алмай отырса, онда ол туралы ойлаудың да, ұмтылудың да қажеті жоқ қой, өйткені ата-бабамыздан бізге қалған мұра да жоқ, олар да еңбек сіңіріп, талай нәрсеге ұмтылған болар. Мінезді тәңірінің өзі жаратады, еншісіне тиген хайуанаттың табиғатын өзгертіп, бөгде пішінге түсіру ешкімнің қолынан келмейді, патшалардың патшасы да бұған еш қайран жасай алмайды, міне, менің бұдан артық айтарым жоқ, - деді. Патша: «Атадан балаға мұра болып, тұқым қуалау қасиетімен еш нәрсе шектелмейді, өйткені қанша жартымсыз шағын іс болса да, сырттан көмек келмесе, орындалуы мүмкін емес», - деді.

Сонда уәзір: — Патшаның айтканы рас, әңгіме осылай, ендеше, мүмкін емес нәрсені, тұқым қуалаған мұратың қасиетті өзгерту үшін күрес ашуға шама келмейтін болса, онда бұл істі мүлде тастау жөн ғой. Кімде-кім тұқым қуалаған ата кәдесіне қарсы шықса, оған ежелден келе жатқан үйреншікті дағды жылдам көне қоймайды, сөйтіп ол осыны ұғады да, қолын бір- ақ сілтейді. Бірақ кейде өзі әуре-сарсаңға ұшырайды, өйткені бұрынғы дағдысына да ол кері орала алмай шөре-шөреде қалады. Ал кейде көп еңбек сіңіріп қалжырайды да, осындай бір уақиғаға ұшыраған патшаның аяғын құшады, - деді.

Патша: - Ол қандай уақиға? - деп сұрағанда. Уәзір оған: - Баяғыда Ніл өзенінің бойында бір патша дәурен сүріпті, соның мемлекетінде ағашы қалың біткен, жемісі де, бұлақтары да мол бір биік тау бар екен. Осы мемлекеттің тағы аңдары да, басқа

хайуандары да әлгі таудан қорек алады екен. Осы тауда бір саңылау - тесік болыпты, сол тесік аркылы жеті ыңылымнан, дүниенің үш жарым бұрышынан жел келіп, аңырап соғады екен. Әлгі саңылауғатақау жерден өте әдемі үй салыныпты, ондай сұлу үй дүниеде болмапты. Патша да, оның ата-бабалары да осы үйде тұрыпты. Саңылаудан соққан долы жел кейде оларды қырғынға ұшыратады екен, алайда үйдің әдемілігін, жемістің молдығын қимай, ата-мекеніне үйренген дағдысынан аса алмай, олар қоныс аударmапты. Әр уақыт ақыл беріп отыратын патшаның бір уәзірі болыпты. Күндердің бір күні уәзірімен мәжілісте отырып, патша айтыпты: «өзің де білесің ғой, ата-бабамыз сіңірген игілі еңбектің арқасында біздің ырзық-несібеміз өте мол, ісіміз де өз ықтиярымызға бағынады. Қағынған долы жел үдере соқпаса, мынау үй де нағыз ұжмақтың өзінен аумас еді ғой. Біз ізденсек, мына тесікті тығындаудың әдісін табармыз, сөйтіп, құйынша соққан қатты желді тоқтатармыз. Егер біз осыны істей алсақ, осы жел арқылы ата-бабамыз басынан кешірген ауыртпалық пәледен қорқудың да қажеті жоқ, онда біз дүниенің ұжмағына ие боламыз, сонымен қатар атағымыз мәңгіге жайылады», - дегенде уәзір тұрып:

- Саған қызмет істеуге, жарлығыңды жылдам орындайтын құлыңмын ғой, - деп жауап беріпті.

Патша: - Бұл мен айтқан сөзге лайық жауап емес, - дегенде, уәзірі:

- Бұдан артық қазір менде жауап жоқ, өйткені бізден патша анағұрлым данышпан, даңқы жер жарған жырынды да ысылған жан. Бұл жалғанның патшасы ол, бірақ мына көрсетіліп отырған іс, тек қана тәңірінің күші араласса, сонда орындалмақ, бұл адамның қолынан келмейді, өйткені көзге ілікпейтін болмашы жәндік мұндай ұлы іске өздігінен барып, оның сырын аша алмаса керек, бұл ауыр іс, - деді. Сонда уәзірге патша айтты:

- Өзара бәсекелесіп жүріп адамның көретін рақаты жоғарыдан келетіні де рас, бірақ істі ұқыптап істеу, лайықты қылық жасау, бұл адамның өз еркінде, әрине, төңірекпен байланыстың, арақатынастың бәрі де тәңірінің көмегімен болары белгілі ғой. Бірақ осы іс тәңірінің ісі емес, адам істейтін іс. Сен өзіңнің осы туралы ойынды айтсайшы, - деді. Уәзір:

- Менің ойымша істегелі отырған істің патша егжей- тегжейін білуі шарт, бұл жердегі сөзден мән шықпайды. Ал жағдайдың өзі итеріп апарып кездестіретін пайда мен зиянға келеек, оған ешкімнің көзі

жетпейді, оның құпия сырын адам аша алмайды. Сондықтан сенің қадағалап қарауың жөн, өзіне мүйіз іздеп есектің таз кебін киіп жүрмегейсің, - деді. Патша:

- Ол қандай уақиға еді? - деп сұрағанда. Уәзір: - Баяғыда бір адамның есегі болыпты, иесі оны жемге байлап асырапты, сонда есек әбден семіріп, еліре тулап, есіре бастапты. Бір күні иесі оны суарғалы өзенге қарай айдапты, сонда есек ар жақта тұрған мәшіні [1] көріп қатты құмартыпты да ақыра тап беріпті. Иесі оның құмартқанын байқапты, босанып шығып кетер деп қоркыпты да өзеннің жағасындағы бір ағашқа апарып байлапты, сонсоң өзі мәшінің иесіне барып: «Менің есегім зиянын тигізіп жүрер, сен мәшіңці кейін тарт», - депті. Мәші иесі мұның сөзін қабылдапты. Есек жалғыз қалып, ағашты шыр көбелек айналып, үздіксіз ақырып оқырана беріпті. Кенеттен төмен қараса алдында жатқан таяқты көріпті, сонда ол өзіне-өзі сөйлепті:

- Адаммен соғысуға бұл жалғыз таяқ жеткіліксіз, оның үстіне мен сайысқа төселген де жан емеспін, бірақ, дегенмен, қару ұстап көрмегендердің талайын-ақ ұрып-жығып жайратам ғой, ал егер бір таяқпен осыны істей алсам, өзім ойлап жүрген найза қолыма түскенде не болмақ? Шынын айтсам, ол кезде мен жүз салт аттыны оп-оңай-ақ жусатам ғой. Ендеше тезірек найза тауып алуға тырысуым керек; ал егер ата-бабаларымыз осыған еңбегін сіңірген болса, онда мені мына іздену ауыртпалығынан құтқарған болар еді ғой, - депті. Осы мезетте бір адам мүйізі қарағайдай текесін жетектеп суатқа алып келсе керек. Есек текені көріп, оның мөлшерсіз ұзын мүйізін көріп, өзінің арман етіп іздеп жүргенін тапқандай болыпты да сасқалақтап ойлана қалыпты: — Найза мен садағы және баска да қару-жарағы болмаса, бұл теке мынадай мүйізді басына тақпас еді, тегі, өзі сайысуға да даусыз төселген шығар. Егер мен осы жерден қашып құтылсам, сөйтіп, мына текеге барып қосылсам, оған аз- маз еңбегімді сіңірсем, ол маған көп нәрсені үйретер еді. Менің еңбегімді, адал ниетімді көргеннен кейін, өз қару-жарағының біразын сыйлар да, онша сарандық жасай қоймас, - депті.

- Есектің елеңдеп, дәйек тұтпай ойнақтап тұрғанын көргенде теке су іше алмай, оған қадала қарап тұрып қалса керек. Текенің су ішпей тұрғанын көріп, есек өзінше толғаныпты.

- Менің ойымды түсінбесе, оның су ішуіне кедергі жасайтын бөгде себеп жоқ қой. Ол мені көріп қуанып тұр. Осы

[1] *Ұрғашы есекті мәші деп атайды.*

істі ойлауым-ақ мұң, тәңірі тағалам табан аузында маған көмек берді, тек осы ой маған келісімен-ақ тілегімді ол қалтқысыз орындайды. Мұның бәрі тек жасағанның игілі көмегімен жаса- лып тұр. Уа, дариға, егер мен қандай жұлдыздың астында тұрып, қандай бақыт үлесіме тигенін білсем, сөйтіп, осындай ұлы іске қолымның жеткенін ұқсам, сонда не болар еді десеңші! Мен дүние жүзінің кереметімін, - бұған күдіктенуге болмас, - депті.

Су ішпей тұрғанын байқапты да текені жетектеп иесі үйіне қайтыпты. Есек байлаулы тұрған жиектен оның үйі аса қашық емес екен. Теке үйіне қайтып бара жатқанда есек оған мойнын созып, көзін сүзіп қарай беріпті. Үйіне кіріп кеткенше көзін айырмапты, артынан мән-жайды түгел білу үшін кірген үйін белгілеп қалыпты. Есектің иесі де оны өз үйіне алып келіпті, қораға енгізіп, алдына жем тастапты да есігін жауып қойыпты. Текеге қалай жетуді ойлай аласұрған есек жем де жемепті, су да ішпепті, әдіс іздеп елегзи беріпті: - Текеге түнде бару үшін қашып шығуым керек, - депті. Түн болысымен есек иесі ұйқтап қалыпты да, есек іске кірісіпті, есікті бұзып шығыпты да теке кірген үйге жүгіре жөнеліпті. Үйіне жақындап келіп қараса есігі жабық екен. Есіктің саңылауынан сығалапты да, тұсаусыз бос тұрған текені көріпті. Біреу көріп қояр деп қорқыпты да есек сол жерде таң атқанша тұрыпты. Таңертең бір адам текені жетектеп суаруға өзенге әкетіпті. Мойнына ұзын арқанды байлап ол жетектеп тартып алдынан жүріпті. Есек таяна келіп текемен қатарласа жүгіріпті, өз тілінде оған әңгіме айтып келе жатыпты, бірақ есектің тілін теке түсінбепті. Сондықтан теке үрке қашып, мүйіздеп сүзе бастапты. Жетектеген адам текемен сүзісіп жүрген хайуанды білу үшін кейін бұрылып онымен қатар келе жатқан есекті көріп, оны да ала жүргісі келіпті, бірақ соның артынша: - Егер есекті бірге жетектесем, екеуі төбелесіп қалар да мен оларға ие бола алмаспын. Онан да есекті текенің қасынан қуып жібергенім жөн болар, - деп ойлапты. Сөйтіпті де қолындағы таяқпен есекті салып кеп жіберіпті. Есек қашып кетіпті, бірақ әлгі адам ілгері жүре берген кезде есек қайта оралыпты, текемен әңгімелесіп, қатарласа жүгіре беріпті. Теке секіре қашып, оны сүзе бастапты. Жетектеген адам тағы жалт бұрылып, есекті салып жіберіпті, есек қашып кетіпті де соңынан қайта оралыпты, сөйтіп, ол үш рет келіпті, текеге таянған сайын әлгі адам оны ұрып соғумен болыпты. Сонда есек: «Өзімнің

шын сырымды ашып, мейірімді көрсетіп, шүйіркелесіп сөйлесуге кедергі жасап, мені үнемі қуалай берген осы адам ғой», — депті. Сөйтіп, тарпа бас салыпты да, арқасынан қапсыра тістепті, сонша қатты тістесе керек, әлгі адам зорға құтылыпты. Есектің еліріп, өлгенше ызаланғанын көріп ол:

—Егер мен оны жетегіме алсам, онда бір пәлеге ұшырармын, қауіп-қатерге килігермін. Онан да мен бұған ен салайын, соңыра иесіне жолыққанда қаруын қайтаруды талап етейін, - депті. Сонсоң қалтасынан бәкісін суырып алыпты да есектің құлағын кесіп ен салыпты. Есек өз үйіне қайтып келіпті, бірақ құлағын кестіргеннен гөрі иесінен анағұрлым артық таяқ жепті. Есек сонда үлкен ойға шомыпты: «Ата-бабамыз бұл іске басқалардан гөрі бұрынырақ кірісер еді-ау, бірақ олар кейінгі пәлесінен сескенген екен ғой, сөйтіп, қанша азап шексе де шыдап қызмет еткен екен», - деп түйіпті.

Патша: «Мен бұл сөзіңді тыңдап өттім. Бірақ осы істен сен неге қорқасың? Ал егер құдай өзі сақтасын, біз ізденіп отырған ісіміз орындалмаған күнде де сен қорқар ештеңе жоқ қой. Ақыры, насырға шапкан мезгілде де біз одан басымызды сауғалай аламыз ғой», - депті.

Патшаның осы істі орындауға құмартып отырғанын біліпті де уәзір енді қарсыласпапты, сөйтіп ол: «Есігіңді түзет те, жаңғыртып қайта орнат!»—депті. Соңынан патша: «Жұлдыздың пәлені күні жас жігіттердің бірі қалмай біздің сарайға жиналсын, әркайсысы таудан бір құшақ отын ала келсін», - деп жан-жаққа жар салыпты. Жұрт бұл жұмысқа жұмыла кірісіпті. Долданған құйынның саябырлайтын кезін патша алдын ала біледі екен, міне, дәл сол күні отынды алып жұрт жетіп келіпті, сонда патша үңірейген тесікті таспен тығындатып, саңылауды бекіттіріпті, оның алдына биік ықтырма орнаттырыпты. Жұмыс қауырт жүріп, бәрі көңілдегідей бітіпті. Бұрын саңылаудан азынап соғатын өкпек жел мүлде басылыпты да жым-жырт толастай қалыпты. Осы тауда өсетін ағаштар мен түрлі өсімдіктер бір жыл өтпей-ақ құрғап, кеуіп кетіпті, қуаңшылық екі жүз фарсах жерге тарапты, қанатын тіпті одан да әрі кеңге жайыпты. Осы елдегі жыртқыш аңдар мен жан-жануарлар түгел қырылыпты, бұлақтар мен көлдердің суы тартылыпты, өзендер кеуіп кетіпті. Халыққа быкпырт ауруы тиіпті, көп адам қырғын тауыпты. Сол мемлекеттің тұрғын елі бұл пәледен құтыла алмапты. Сол кезде кеудесінде жаны бар тірі қалған халық патша сарайына жиналыпты,

сөйтіп, оның өзін де, уәзірін де, үй-іші, бала- шағасын да түгел қырыпты. Бәрін өлтіріп тауыскан соң, бұлар барып бұрынғы жасалған ықтырмаға қол салыпты, үйілген қортанды бұзып, кіре берісте тығындаған тастарды лақтырып, үйілген отынға от қойыпты, сонда жалын лаулап аспанға шығыпты. От ұйтқып жанған кезде жұрт өз орындарына қарай кейін лықсыпты. Сонсоң көптен бері толастап қалған жел саңылау тапқан мезгілде үдіре соғыпты, отты өршіте жандырып, өзімен бірге ала жөнеліпті де мемлекеттің түкпір-түкпіріне жайыпты. Құйындатқан долы жел екі күн, екі түн тынбай соғыпты, өртенбеген дала да, ауыл да, қорған да, ағаш та, адам да, мал да қалмапты, түгел тып-типыл болыпты, - деді. Сонда тышқан патшасы: «Мен сенің нақылыңды тыңдадым. Бірақ мынадай да сөз бар ғой: кімде-кім бір келелі іске, зор мақсатқа ұмтылса, алайда болмашы бір кеселді кедергіден сескеніп әлгі бетінен бас тартса, ондай адам күтпеген жердей жолы бола қалмаса, ұлы дәрежеге жете алмайды», - деген ғой. Шынында, бұл жалғанда игілі ісі мен атағы шыққан жан, пайдалы нәрсенің ешкайсысын да өзімен бірге ақыретке ала кетпейді, оның басына біткен ұлы сәттілік, зор бақыт сол, істеген ісі ғана артында мәңгі қалады», - деді.

Уәзір: «Ей, патшам, дұрыс айттың-ау!» - деді. Бірақ істелген істің бәрі бірдей пайдалы бола бермейді, оның үстіне данышпандардың да сөзі бар ғой, өзін-өзі пәлеге ұшыратқан кісіні мүсіркеу жараспайды, өз ажалына өзі себеп болтан жан ұжмақтан орын таппайды, - деген екен. Патша: «Дұрыс қой, енді менен сұрасаң, ойымды айтайыншы: сен көмек берген соң, жолымыз болды да біз ұтып шықтық. Енді тек осыны орындауға ғана ұмтылуың керек», - деді.

Осы істі аяқтап шығуға патшаның сусап отырғанын, сол мақсатқа жету үшін дайындалған лайықты құралдардың да әзір екенін уәзір толық түсінді, сонда: - Мен орындауға шамам келетін нәрсе жөнінде ғана ақыл айта аламын. Осы уақытқа дейін сөйлеген сөзімнің бәрі патшаның даналығына, қырағылығына сенуден туып еді. Ал өз басыма келсең, менің білімім шамалы, сондықтан ұсынар жоспарым тек патшаның бақытына қарай жолы болса ғана орындалмақ. Данышпандар да, надандар да айтады екен ғой: - даналар ақымақпен кеңессін, өйткені оның берген ақылы қажетсіз нәрсеге ұрындырады, босқа лағады, сондықтан данышпан жан ол надандыққа билетпейді, айтқан сөзін, көрсеткен жоспарын қабылдамайды,

- депті. Бірақ данышпан адам әр істің жәйін сұрыптап саралайды да тиімдісін таңдап алады, сөйтіп, наданның сөзін де өзінің игілі ісіне пайдаланады. Данышпан екі жағдайда ғана наданмен кеңеседі, соның бірі - егер надан бөгде біреудің сырын ашатын болса, сол наданмен кеңесу арқылы данышпан бөтен адамның сырын біліп алып, сонымен пайдаланатын болса, міне сонда ғана ақылдасу керек, ал екіншісі - егер акымактың бойына біткен дербес табиғаты бұған көмек беретін болса, сонда ақылдасады. Осы жөніндегі менің айтканымның бэрі тек патшаның біліміне, ақылына мұқылас сенгендіктен туды, патшам ашуланбас, сөзімді риясыз қабылдар деуден шықты, - деді.

Патша: - Айтқаныңның бәрі керемет шындық, түгел рас, істің ішкі мазмұны да осы сенің сөзіңе дәл келеді, тек «менің білімім шамалы» - деген жалғыз ауыз сөзіңнен баскасы түгел дұрыс. Ал, менің ойымша, білімім шағын деуің бекер, орасан күшті, телегей-теңіз ақылдысың, әскерімдегі барлық жаннан мен сені артық көрем, - деді.

Патшаның аузынан осы сөзді естігенде уәзірі: «Патшам өзіне өзі сенбейді екен. Мен тәрізді құлы жөнінде мына сөзді айтуы тек қана зор мейірім мен үлкен сүйіспеншілігін көрсетуі болар», - деді.

Осыдан кейін патша үш уәзірімен керісінше ақылдасты, былай айтқанда кішісінен үлкендете сөз салды. Сонда патша ең кіші уәзіріне қарап: «Осы жұмыс туралы сен не айтасың, енді не істеуміз керек?» - деп сұрады.

Кіші уәзірі: - Менің ойымша көбірек етіп коңырау дайындатыңыз, сол коңыраудың әркайсысын мысықтың мойнына тақтырыңыз, сөйтіп, келіп-кетіп жүргенде біз қоңыраудың сылдыраған дыбысын естіп, алдын ала шара қолданып сақтанатын болалық, інімізге кіріп басымызды сағатталық, - деді.

Патша екінші уәзіріне бұрылып: «Мына жолдасыңның жоспары туралы сен не ойлайсың?» - деп сұрағанда, ол:

- Мен оның айтқанын мақұлдай алмаймын. Айталық, біз толып жатқан коңырауды дайындармыз, сонда қан ішкіш сонау дәулерін былай қойғанда, мына кішкентай мысықтың мойнына сол коңыраулардың біреуін апарып, жүрексінбей кім іле алады? Менің ойымша жоспарымыз былай болуы тиісті: біздің көзіміз жоғалса, мысыққа жұрт ділгәр болмайды, сондықтан біз жыл он екі ай бойы осы қаладан кетіп, жапан

түзде өмір сүрелік. Мысықтардың даяр аска ие масыл екенін, тиер пайдасы жоқтығын түсінгенде жұрт оларды үйінен қуып шығады, қырып-жойып, көздерін түгел құртады. Мысықтар бет алдына босып қашады, көбі қырғын табады, біразы түзде жүріп тағыланады, сөйтіп енді қалаға қайта оралмайды. Олар қырылып біткен кезде біз бұрынғыша қалаға қайыра келеміз де, олардың шабуылынан қымсынбай бейбіт өмір сүреміз, — деді.

Патша үшінші уәзіріне қарап: «Жолдасыңның сөздері туралы сенің пікірің қалай?» — деп сұрағанда.

Уәзірі: - Бұл жоспарды мен мақұлдай алмаймын. Егер біз қаладан шығып, жапан түзде бір жыл қаңғырсақ, сол бір жылдың ішінде мысықтардың тұқымы құруы мүмкін емес, ал жапан түзде бұдан да ауыр сергелдеңге, талай азапқа ұшырауымыз мүмкін, өйткені онда жылан да, қосаяқ та, кезкұйрық та бар, олардан көретін жапамыз мына мысықтардан тартатын тақсіреттен әлдеқайда ауыр болар, - деді. Патша оған: «Дұрыс айтасың. Олай болса қане, өз жоспарыңды әкелші!» - деді.

Уәзірі: — Бұл туралы мынадай бір амал бар, бұдан басқа ешбір лаж таба алмай тұрмын. Мысалы патша осы қалада және сыртта жүрген тышқандарды, сарайдағы қызметкерлерін түгел жинасын, солардың әрқайсысына жарлық берсін, бәріміз сыятындай етіп олар індерін кеңітетін болсын, он күнге жететіндей әрбіреуі азық-түлік қорын жинасын. Әлгі іннен сыртқа қарай жеті тесік шығарсын, ал үй иесінің қалы кілеміне, таза бұйымдарына баратын үш аузы болсын. Осыларды жасап болған соң бәріміз жиналып қолында асыраған жалғыз ғана мысығы бар байдың үйіне баралық, оның дүние-мүлкі жиналған қоймасына кіретін шығар ауызға орналасайық, бірақ тамағына да, үй саймандарына да тиюші болмайық, тек қана көйлек- көншегін, кілемдерін бүлдіре басталық, алайда осының бәрін ойсыратпай өлшеп істелік. Дүние-мүлкінің бүлінгенін көргенде үй иесі ойға түседі: «Мына жалғыз мысық көп тышқанды аулай алмас, екіншісін әкелу керек шығар», - деп табады. Осыны істеген кезде біз бұрынғыдан екі есе артық бүлдіруге кіріселік. Сонда қожайын екі мысықтың мұршасы келмейтінін көреді де, енді үшіншісін әкелуге ұйғарады. Бұлай істеген заматта одан жаман өршелене кеміріп, көйлек-көншегін, азық-түлігін опыра бүлдірелік, осыны орындап шықсақ қожайын тағы ойланады да мысықтың санын көбейтуді доғарады. Үйінде жалғыз мысығы бар кезінде қанша бүлінгенін, ал мына үш мысық болған кезде қанша бүлінгенін салыстырады да, мысықтың санына қарай

бүлінудің көбейгенін біліп, бар пәле өзінен екенін ұғады да бойын тежеп, аңыра қалады.

Жағдайдың өзі ыңтиярсыз оны ойға салады, сонда: — Мысықтың санын көбейткен сайын менің дүниемді тышқанның бүлдіруі де ұлғая түсті. Ендеше, бір мысықтың көзін құртып байқайыншы, сонда не болар екен? - деп толғайды. Сөйтіп, ол бір мысықты үйінен қуып шығады, сол кезде біз де дүниесін бүлдіруді саябырлатамыз. Осыны көргенде ол пайда, зиянның қайдан келгенін әбден түсінеді де екінші мысықты қуалайды. Қожайын осыны істегенде үй сайманына зәбірімізді тигізбей, біз де толастаймыз. Осыны байқайды да, ол үшінші мысықты қуып жіберуге мәжбүр болады, сол қарсаңда оның үйінен біз де шығып кетеміз. Кесірдің бәрі мысықтан екенін, олардың бізге деген жаулығынан туғанын, қожайын енді анық біледі де өлтіргенін өлтіріп, тірісін үйден қуып шығады, сөйтіп, олар енді қайтып бұл үйге келмейтін болады. Біз бұл қылықты бір үйге ғана істеп қоймаймыз, жағалай қыдыра жүріп істейміз, мысықтан келетін зиянның өте зор екенін халыққа әбден түсіндіргенше тоқтамаймыз. Осыған көзі жеткенде тек ғана үйдегі мысықты қырып місе тұтпайды, түздегі тағы мысықтарды да қырады, көзге түскенін табан аузында өлтіріп, үргін-сүргінге ұшыратып, қыр соңынан қалмай қудалай береді. Сонымен біз мысықтан ада-күде құтыламыз, қауіптенбейтін боламыз, - деп сөзін бітірді.

Патша уәзірінің айтқанын істеді. Сөйтіп, алты ай өтпей-ақ қырсықтың бәрі мысықтан екенін жұрт түгел түсінді. Оларды қуалап жүріп қырғынға ұшыратты, бірін қалдырмай қаладан айдап шықты, үргін-сүргінге салып, қыр соңынан қалмады, біреудің киім-кешегіне, ішер асына, не кілеміне азырақ зақым келсе-ақ болғаны: «Байқаңдар, қаламаңында мысық жүрмесін!» —дейтін болды. Адамдардың біріне немесе хайуанға ауру жабыса қалса: — Заты, осы қаланың маңынан бір мысық өткен тәрізді- ау! — деуді шығарады. Осындай амал-айла жасап мысықтардың қаупінен құтылды да, тыныштық орнады.

- Ал енді осы сияқты әлсіз, өзі болмашы, көзге қораш жәндік дұшпанынан құтылуға мынау айланы жасап, басын сауғалай алғанда, жан-жануардың ішіндегі ең зейіндісі, дұшпанына қарсы айла құруға ең қабілеттісі адам туралы сен не ойлайсың? - деді.

«КӘЛИЛӘ МЕН ДИМНӘ» ТУРАЛЫ

СОНАУ көне заманда жазылып, ғасырлар бойы халық қазынасына айналып келе жатқан шығармалар некен- саяқ. Міне, соның бірі, бірі де болса бірегейі, осы «Кәлилә мен Димнә» десек қате баспаймыз. Бұл кітаптың алғашқы нұсқасы «Панчатантра» («Бес бәйіт») болып 111 ғасырда, үнді тілінде, Кашмирде жазылыпты. Жазған брахманның аты-жөні белгісіз. Мүмкін, үнді елінің ескіден келе жатқан данышпандығын жинап қорытқан болар. Бір жылдың ішінде осынша мол, мәңгі өлмейтін, дүниежүзілік өмір тәжірибесін әр саладан толғап шығу бір адамның қолынан келе қоюы да оңай емес! Осы «Панчатантраны» алтыншы ғасырда парсы тіліне Барзуя деген дәрігер аударыпты, сегізінші ғасырда Әл-Мукаф ұлы араб тіліне аударады. «Кәлипәні» аудару арқылы оның аты дүние жүзіне жайылады. Айдай әлемге мәлім «Мың бір түннен» сегіз ғасыр бұрын жазылып үш ғасыр бұрын араб тілінде жарық көреді. Біздің болжауымызша мұның түпнұсқасы көне санскрит болса керек, бірақ кесіп-пішіп айта алмаймыз, өйткені зерттеген бұрынғы аты шулы ғалымдар: «Әл- Бируни де, Бузурджмихр де, Захау да, академик Крачковский мен Бертелъс те анықтап мынандай тілде жазылды деген байлам жасамайды, оның үстіне алғашқы «Панчатантра» да, Барзуяның аудармасы да бізге жеткен жоқ. Кейінгі аудармалардың бәрі де араб тіліндегі «Кәлилә мен Димнәні» тірек етеді. «Панчатантрадаты» екі кейіпкер «Каратака мен Даманака» («Құзғын мен Жуасытқыш») араб тілінде «Кәлилә мен Димнә» (екі шибөрі) болып шыққан. Осы араб тілінен көне еврей тіліне, грек тіліне аударылады. 1762 жылы ескі латын тілінен орыс тіліне - мұны Борис Волков аударады, бірақ бұдан бұрын грек тілінен көне славян тіліне аударылған екен. Ал 1923 жылы академик Крачковский мен Кузьмин екеуі қайта аударып, толықтырып бастырған осы еңбек орыс тіліндегі үшінші нұсқа, 1816 жылы француз тіліне Сильвестр де Саси аударыпты. 1888 жылы өзбек тіліне ташкенттік Фазыл-улла Иса аударса,

бұдан бір жыл кейін - 1889 жылы татар тіліне Рабдулғаллам Фаизхан ұлы аударады. «Кәлилә мен Димнә» дүние жүзіндегі мәдениеті дамыған елдің бәріне әйгілі шығарма. Сондай-ақ қазақ тіліне де біз мұны бірінші рет аударып отырғанымыз жоқ.

«Кәлилә мен Димнә» кітабының кейбір тараулары қазақ тілінде бұрын да болды. Мысалы, Жәнәнгер ұлы Шады төре жазған «Бәлгүм бағұр» атты қысаның 22 бетінде мынадай сөз бар.

«Ат қойған «бәһәр дониш» бір кітаптың айтқанын
білдірейін айлап ызхар»[1].

Аударып отырғанын өзі де жасырмайды. Бұл хисса таза қазақ тілінде жазылмаған, мұнда араб, парсы, түрік сөздері аралас кездесіп отырады. Осы тараудың ішіндегі басты кейіпкер - Бәрхаман. Мұны автор қате түсініп отыр, «брахман діниндегі бір адам» деудің орнына оны кейіпкердің аты деп ұққан. Ал бірнеше тілде жазылса да, қазақ аударып отырғаны айқын сезіледі, өйткені әлгі Бәрхаманның әйелін суреттегенде:

«Бар еді бір катыны оның және,
Сұлулық суретіне жоқтұр шама,
Жүзі гүл, шәші сүмбіл, лебізі бұлбұл,
Келмеген ондай әйел бұл жәһәнға», - *депті.*

Осы хиссаның 22-бетінен 46-бетіне дейін «бес қатынның хикаясы» айтылады. Күйеулерін алдаған бес қатынның мекерлігін «бес бәйіт» деп атайды, онысы «Панчатантраға» («Бес кітап-бес әңгіме») мезгеп отырады, оның үстіне осы «Бес бәйітте» ұшырайтын әңгімелердің көбі «Кәлилә мен Димнәда» («Панчатантрада») кездеседі.

1917 жылы Сәкен Сейфуллин «Қалтасында біреудің» деген өлең жазды, оны «Парсы ақыны Шайх-Сағдиден», деп өзі көрсеткен екен. (Ал, Сағди XIII ғасырдың ақыны «Кәлилә

[1] *Бертельс келтірген «Ийари дониш» («Даналықтың алғашқы тетігі») пен мына «Бәһәр дониш» («Данышпандықтың тетігі») екеуі сабақтас шығармалас тәрізді.*

мен Димнәдан» мың жыл кейін туған ғой). Сол өлеңінде Сәкен:

«Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы,
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді лайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге
Жұпардың өзі-ақ білдірер.
Үндемей-ақ төңірекке
Тәтті иісін жайып сіңдірер![1] - *дейді.*

Осыны Сәкеннің Сағдиден алуы даусыз, ал «Кәлилә мен Димнәда» бұл сөзді егеуқұйрыққа құзғын айтады.

Өзбек жазушысы Абдулла Каххар «Қыштақ» әңгімесінде «Үлкендігі шынашақтай қыштақ деген торғайды білесіз бе? Аяғы қылдай... Сол торғай «аспан түсіп кетсе тіреп қалайын» деп ұйқтағанда аяғын көтеріп жатады екен» - дейді. Осынша күрделі повестке өзек болған мына сюжет «Кәлилә мен Димнәда» да бар. Қазақ тілінде аңыз болып тараған ескі әңгімелердің нұсқасы да осы кітапта айтылған екен. Бір кезде Крылов мысалдарының аудармасы шықты, сонда «Көпірден өтіп бара жатқан ит аузындағы еттің көлеңкесін көріп суға түсіп кеткенде еттен де айырылып, Судан да тұк таппағанын» оқыдық. Міне, осы әңгіме «Кәлилә мен Димнәда» кездеседі. Баяғыда, «Айданарлы-Құдайберлі» дейтін нақыл әңгіме болушы еді, сол әңгімеде айданар мен Құдайберлі дос болады, ақырында Құдайберлінің жалғыз баласын айданар жұтып қояды да, Құдайберлі айданардың құйрығын кесіп тастайды. Сонда «балаң есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал құйрығым есіме түскенде мен кешіре алмаспын», - дейді де айдahар досынан ажырайды. Осы уақиға мұнда «Патша мен Фанза құс» болып аталады. Екеуінің мағынасы бірдей. Әрине, «ақыл-ауыс, ырыс-жұғыс» қой, бірақ осыларға сүйеніп тікелей аударма деген шұғыл байламға әзірше келе цою да қиын, зерттей түсуі керек сияқты. Екінші жағынан алсақ, өмір шындығы туғызған кейбір нақылдар, әр елде өзінше шешімін табуы да кәдік емес пе? Ал, бірінен бірі туды деген пікірді қолдасақ, онда

[1] *Сәкен Сейфуллин, 1 том, 1960, 90 бет.*

түп қазығы осы кітап болатыны сөзсіз өйткені бұл үшінші ғасырдың жемісі.

«Кәлилә мен Димнәні» ілгеріректе араб тілінен қазақ тіліне Сәкен Ғылыманов пен Ғұбайдулла Ахметов аударған екен, бұл екі кісінің қолжазбасы (араб әрпінде) қазір Қазақ Ғылым Академиясының кітапханасында сақтаулы. Танысқысы келетін ғалымдар мен әдебиетшілер көруіне болады. (Сәкен Ғылымановтың қолжазбасы № 335, Ғұбайдулла Ахметов -№1636).

Енді бір айтатынымыз: араб тілінен аударылған нұсқа бола тұрып, орыс тілінен неге аударып отырмыз? Міне, бұл сұрауға жауап берелік. Біріншіден — көркемдік жағына көңіл аудармай, олар жолма-жол, сөзбе-сөз аударуға тырысқан тәрізді. Екіншіден —мұсылман дініне үйлеспейтін жерлерін «жоныңқыраған» немесе біржола аттап өткен екен. Үшіншіден - араб тілінен аударылған нұсқа көбінесе Крачковский текстіне сәйкеспейді, ал академик Крачковский «Панчатантраны» зерттеген көп материалдарға сүйеніп, араб тіліндегі «Кәлилә мен Димнәні» түзеткен де, жөндеген де, толықтырған да сияқты. Дін жолына мұқылас бағына қоймаған қазақ жұртшылығына шаманизм де, маздеизм де, брахманизм де, ислам да — бәрібір ғой, сондықтан Крачковский пайдалы болар деген үмітіміз зор.

Аудару үстінде қиындықтар да болмай қойған жоқ. Мысалы, араб тілін жетік білмеуіміз көп ақсатты. Екіншіден, аңдар мен құстардың, хайуандар мен адамдардың, қалалардың түрлі-түрлі аталуы бір талай қиындық туғызды. Сәкен Ғылыманов «Кәлилә мен Димнәні» ен әуелі «екі күзен» деп аударып, артынан «түз иті» деп өзгертіпті. «Шакал» деген сөзді аударып отыр, ал оның аудармасын біз шибөрі деп алдық. Кітапта кездесетін кісі аттарын біз де Крачковский бағытына сүйеніп өзгерттік. Мысалы:

Кабарионды - Кинан Абизун,
Коракнаханы - Куркана,
Хаймонды -Гамион,
Сенжинді - Сахин,

Казопды - Касирун,

Рэнзипді - Раз,

Жувираны - Жувейір - деп алдық.. «Байдаба, Бәйдәбә» деген есімді, біз «Бейдауа» - («дауасыз») деп алдық, осыны дұрыс деп білеміз, өйткені бұл кітапта айтылған аттардың бәрінде де белгілі мағына бар, оның айтқан сөзі қате кетпейді, ол дауасыз, ол орындалмай қалмайды.

Қорыта айтарымыз - екі мың жыл бойы дүниежүзілік мәдениеті дамыған елге үлгі өнеге есебінде таралып кеткен «Кәлилә мен Димнәні» қазақ тілінде шығаруға өте ынталанып кірістік. Бұл жөнінде барымызды кейінгі ұрпақтардың алдына тартып отырмыз. Бұл «Кәлилә мен Димнәнің» орыс тілінде үш аудармасы болса, «Гамлеттің» отыз аудармасы бар. Ендеше, заман ілгерілеп, мәдениет дамыған сайын тіл де, талғам да жаңғыра бермек, олай болса сол түлеп, жанарған өскелең дәуірге сай өз аударушысын күтетін, адам өмірі бар жерде ескірмейтін кітап. «Кәлилә мен Димнә» өзінің тиісті аударушысын сол кезде де табар деп сенеміз.

Аңдар мен құстарды, хайуандарды сөйлете білген «Кәлила мен Димнә» - адамдар туралы тілі ұзақ талай шығармадан озық өмір сүрері анық. Бұл жайында Бертелъстің, Крачковскийдің, Бахнудтің, Бузурджмихрдің айтқандары айғақ бола алды. Орта Азияның X ғасырдағы атақты ғалымы Бируни де өзінің «Үндістан» атты шығармасында: «Ғылымның неше алуан саласы Үндістан елінде екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз көп. Бәрін қамтуға менің, әрине, мұршам келмес, бірақ «Панчатантраны» аударуға өте құмармын...» деп тегін айтпаған шығар. Бұл кітап біздің жаңа өсіп келе жатқан әдебиетімізге үлкен үлгі.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

АУДАРМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КІРІСПЕ 4

Бірінші тарау: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАСҚА КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН ӘДЕБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫСЫ

1. Қазақ әдебиетінің иранмен байланысы 21
2. Қазақ әдебиетінің монғолмен ауыс-түйісі 28
3. Қазақ әдебиетінің арабпен байланысы..... 31

Екінші тарау: ҚАЗАҚТАРДЫҢ БӨГДЕ ХАЛЫҚТАРМЕН ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫСЫ

1. Қазақ пен иран тілдерінің байланысы 53
2. Қазақ пен монғол тілдерінің байланысы..... 70
3. Қазақ тілінің араб тілімен байланысы..... 82

Үшінші тарау: АУДАРМА, ОНЫҢ МӘДЕНИ - ӘЛЕУМЕТТІК РОЛІ

1. Аударманың арнаулы тарихынан 89
2. Мысалдардың шығуы жайында 108
3. Мәтел болып кеткен мысалдар..... 124

Екінші бөлім

КӘЛИЛА мен ДИМНӘ

Е.Э. Бертельстің алғы сөзі 143

Қолжазбаны құрастырушының алғы сөзі 151

Бахунд Сахван ұлының алғы сөзі 153

Дәрігер Барзуя туралы 185

Әл-Мүкаф ұлының осы кітапқа жазған кіріспесі 200

Арыстан мен бұқа туралы 209

Димнә ісінің тексерілуі туралы 255

Құзғын мен әккі көгершін, егеуқұйрық пен тасбақа және ақбөкен туралы277

Жапалақ пен құзғын туралы 296

Маймыл мен тасбақа туралы 321

Сопы мен атжалман туралы 329

Илад, Шадирам мен Ирахт жайында 331

Мысық пен егеуқұйрық туралы 357

Патша мен Фанза-құс туралы 363

Арыстан мен тақуа шибөрі туралы 368

Жиһанкез бен зергер, барыс пен маймыл және жылан 379

Шаһзада мен беделді адамның, саудагердің, диқаншының балалары жайында 383

Аңшы мен қаншыр және шибөрі туралы 389

Сопы мен қонақ жайында 392

«Кәлилә мен Димнә» кітабының қорытындысы 393

Көгершін мен түлкі және көккұтан туралы бір сөз 394

Тышқан патшасы және оның уәзірлері туралы 397

«Кәлилә мен Димнә» туралы 408

Сәйділ ТАЛЖАНОВ
II том

Редакторы *Төлеген Жәкітайұлы*
Техникалық редакторы *Мейірбан Қақшаұлы*
Корректоры *Марал Шәріпбекқызы*

ИБ № 107

Теруге берілген күні 12.04.2008 ж. Басуға қол қойылған күні 18.06.2008 ж. Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$ Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Times New Roman". Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 25. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1824

"Ер-Дәулет" баспасы ЖШС.
Астана қ., 9-мамыр көшесі, 24/36. тел: факс - 38-43-43.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы "Атамұра корпорациясы" ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды. 050002, Алматы қ., Мақатаев к., 41.